


Мерейтойлық
дебиет



Міржақып ДУЛАТОВ

Мазармалары



Міржақып ДУЛАТОВ

Шығармалары

Дюсенов
Серик Атыгаевич

448202




АЛМАТЫ

"АНА ТІЛІ"

БАСПАСЫ ЖШС

2010



УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7

Д 79

*Қазақстан Республикасы Байланыс және
ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
бағдарламасы бойынша
шығарылды.*

*Құрастырып және алғы сөзін жазған
филология ғылымдарының докторы, профессор
Серік НЕГИМОВ.*

Дулатов Міржақып.

Д 79 **Шығармалары** (Өлең-жырлар, әңгімелер, пьеса, көсем-сөздер мен сын-зерттеу мақалалары). — Алматы: “Ана тілі” баспасы, 2010. — 400 бет.

ISBN 978-601-251-037-9

Халқымыздың ұлы перзенті Міржақып Дулатовтың халқына қалдырған шығармашылық мұрасы ұшан-теңіз. Оның қазақ елі мен жері, тіршілігі мен тынысы, тарихы мен тілі, әдебиеті мен мәдениеті, әлеуметі мен этнографиясы, салты мен дәстүрі хақындағы сан-алуан тақырыптағы еңбектері уақыт өткен сайын мән-маңызы арта түсер бағалы дүниелер.

М.Дулатовтың 125 жылдық мерейтойына орай шығарылып отырған бұл жинаққа осынау еңбектердің іріктелген бір шоғыры берілді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

565374


УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7

ISBN 978-601-251-037-9

© Дулатов М., “Шығармалары”, 2010

© “Ана тілі” баспасы, 2010



*Кітапты
құрастыру барысында
ақыл-кеңесін беріп, перзенттік
парызына адалдық көрсеткен
Тұнар Міржақыпқызы Дулатоваға
ризашылығымызды білдіреміз.*



Міржақып Дулатовтың әдеби-ғылыми шығармашылығы

Алғы сөз

Алаш арыстарының ортасында тұлғасы толық, тұрманы түгел, түйғындай түлеп, алтын оттай жайнаған дауылпаз үнді өршіл ақын, жалынды көсемсөзші, сан қырлы сарабдал санаткер, салиқалы қайраткер, әмбебап білімпаз Міржақып Дулатов еді.

1909 жылы “Оян, қазақ!” деп қыранша қанат қағып, сұңқарша саңқылдап қазақ жұртына:

*Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Ер кетті, дін нашарлап, хал һараб¹ боп,
Қазағым, енді жату жарамасты —*

деп, айқын ойшылдық, көрегендік, суреткерлік тегеурінмен дабылдата ұрандатқан-ды. Бұл бір тастүйін толғам-толғаныс Міржақып Дулатовтың өлшеусіз тарихи қызметі, дархандықпен дарыған ақындығының асыл сипаты.

Міржақып Дулатовтың әдеби-ғылыми шығармашылық еңбегі мейлінше кемел, байтақ, телегей. Сан алуан лағыл сырларымен, түйінді тұжырымдарымен, оюлы-ойлы оралымдарымен, рух, тіл, сезім, көңіл байлығымен өзгешеленеді. Ол “Оян, қазақ!” (Уфа, “Шарқ” баспасы, 1909; Орынбор “Уақыт” баспасы, 1911), “Бақытсыз Жамал” (Қазан, Каримовтар баспасы, 1910), “Азамат” (Орынбор, 1913), “Есен

¹ һараб — кұру, күйреу.

құралы” (Орынбор, 1914, 1922), “Терме” (Орынбор, 1915), “Қирағат кітабы” (Орынбор, 1916, 1923), “Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіштері” (Қызылорда, 1926-1927), “Қылмыстық істерді жүргізу заңы” (Орынбор, 1924) дейтін сүбелі, сүйекті шығармаларды туындатты. Алаш ардақтысының буырқанған ойынан, ғұламалық зердесінен, даналық кеудесінен толқындап туған көсемсөздері, әдеби-көркем сындары, зерттемелері “Серке”, “Қазақ”, “Бірлік туы”, “Кедей сөзі”, “Ақжол”, “Ауыл тілі”, “Еңбекші қазақ”, “Ауыл” газеттері мен “Айқап”, “Қызыл Қазақстан” журналдарында жарық көрді.

Кемел ойлы кемеңгер ұлттық рух, мемлекетшілдік — елдік сана, ұлттық тіл, мәдениет, өркениет, ғылым, оқу-ағарту, өнер-білім, ұлт баспасөзі, журналистика, саясат, тұлғатану мәселелеріне қатысты шалқыған сымбатты сара ой-пікірлері тәуелсіздік тұсында өзектілігімен, көкейкестігімен ерекшеленеді. Және де интеллектуалдық мәдениеті, ойлау қабілеті, көркемдік дүниетанымы аса жоғары саңлақ әдеби жанрлардың гүлденіп көркеюіне керемет үлгілі үлес қосты.

Ұлтының өркендеуіне тілеуқор, мақсаткер Міржақып Дулатовтың даңқты “Оян, қазақ!” кітабында ел мен жер тағдыры, замана, қоғам қайшылықтары, рухани сұлулық, оқу-ағарту мәселелері турасындағы шамшырақтай ой-толғаныстар шоғырланып жинақталған. “Оян, қазақтың!” аңдатпасында: “Қой бүйтпелік, һәр халықтың күші һүнер болса, һүнерге Аллатағала қасында һүммәтіміз¹ саясында біз қазақтар да ортақ болсақ керек, соның үшін мұсылманша ғылым оқып, дінімізді танып, надандардың көзін қойып, көңілін ашып, мұнымен ахиреттік файдамызды табалық. Екінші, дүниеімізде қажетті хақыларымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, басқалардан хорлық көрмес үшін, орысша оқып һүнерлі болалық” деп негізгі ізгі ойын байқатады.

Ол “Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі” дейтін толғауында жалындай маздап:

Бой тежеп жүрексіну дұрыс емес,
Шашылған ризықты жүріп татпай —

деп армандайды. “Жиырмасыншы ғасырдың жастарына” алға аршынды қадам басалық, халыққа қамқорлық жасалық, қазақтың бұрынғы билеріндей “өрнек шашалық”, “артықтан тағылым алып”, ғибрат берелік, сөйтіп “қазақты ояталық” деп берекелі кеңес береді.

¹ һүммәт — ынта, талап

*Бас қосып киргизский интеллигент,
Біздерге халықтың қамын ойлау міндет, —*

деп, тастүйін тиянақты құбылнамалық ойын мәлімдейді.

*“Ігуерін халық файдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға...”
атты жырында өткір зейінді ой-парасат иесі:*

*Қазақты төрге сүйреп бір жеткізші,
Дін, дүние жеміс боп табыстарың —*

деп, ұлы дүбір сайыста “азуы алты қарыс айдаһармен” жекпе-жекте “қыран көзді арыстанының”, “қамалға қарсы шапқан қаһарманының” есесін жібермей олжалы, “шабысының қайырлы” болатынына үміттенеді.

Намыстың отына күйіп-жанып, күйініштің улы заһарын жұтынып, заман запыранына жиіркене түншығып, торға шырмалған тотықұстай шырылдап, қазақтың қасіреті, маңдайының соры, жер-суынан, атақонысынан айрылуы “Қазақтың жерлері” атты өлеңінде айшықты сипатталады.

*Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,
Мұжыққа, қош аман бол, барасың ба?
Қасиетті бабамыздың зираты,
Қалды ғой көшесінің арасында.*

*Моншаға зираттың тасын алып,
Ағашын отқа, мұжық, жағасың да.
Таба алмай бір барғанда еш белгісін,
Көзден жас көлдей болып ағасың да.*

“Қазақ қазақ болғалы мекен еткен?” салтанатты атақонысыңнан, ну орман-тоғайыңнан, айдын шалқар көліңнен, шүйгінді өрісіңнен қапияда айрылдың, қанатыңнан қайрылдың дейді.. Ақынның қазақ жері туралы ой-толғаныстары барша шығармашылық мұрасында тереңдей түседі. Көл-көсір көсем сөздерінің басты сарыны, құлақ күйі осы.

Қазақ халқының күрделі тағдыры, рухани күйзелісі, өзекті өртерлік ыза-наласы, нақақтан төгілген көз жасы “Таршылық халіміз хақында аз мінажат”, “Үйренген халықпыз ғой кемшілікке”, “Сайлау хақында”, “Жесір дағуалары¹ хақында” деген жырларында бедерленеді.

¹ дағуа — дау

Міржақып Дулатовтың кең құлашты ақындық серінін, азаматтық тұлғасын, ойшылдық, сыршылдық болмысын, есітіп-төгіліп, жұтынтып жеткізетінін, кесек сөйлейтінін, ішкі қуатын, ішкі сарайын, ерекше мінезді танытатын туындысы — “Насихат ғұмумия”. Міржақыптанушы Жұмағали Ысмағұловтың көрсетуінше, “негізгі ақындық кредосы, азаматтық платформасы баяндалған поэзиялық монологтар”, “нақыл-насихат, ақыл-парасат пайымдары”, “бір ырғақта, бір екпінмен, бір леппен шұбыртпалы бір ұйқаста бәйіт үлгісімен жазылған деуі”, сөйтіп, көркемдік шарттылықтарын нақ-нағымен, тақта-тақтасымен терең түсіндіруі ойландырады, қызықтырады.

Негізінде, мәнді ойлар, ғибратты сөйлемдер, өнегелі толғамдар жеткілікті.

Мысалы:

1. *Һүнәрпаз қара жерге салар қайық,
Жиһаннан алар тағлым қанат жайып.*
2. *Білгеннің жүрген жері бәрі жарық*
3. *Майда бол жігіт болсаң, тал жібектей,
Жақсы емес қатты болу тікенектей.*

Естілердің талай-талай мәслихатында ақылды кеңестерін, аталы сөздерін көкірегіне тоқыған, ұлт тәрбиесі мен көркемдік тәжірибесі келіскен, көмейінен сыр саулаған майталман сөз зергерінің нақылдары заттылығымен, мағыналығымен, сымбаттылығымен өзгешеленеді.

- а) *Қыздырмалы қызыл тіл,
Түбіне жетер — соны біл!
Файдасы жоқ тиындай,
Сөз байлығы дария Ніл.*
- ә) *Тәңірі жаққан шам-шырақ,
Су құйсаң қайтіп сөнеді?
Намыстанып орынсыз,
Абыройын пенде төгеді.*
- б) *Ықылассыз кейбір надандар,
Тасқа егін себеді.
Ақымаққа айтқан насихат
Дәл осымен тең еді.*

“Насихат ғұмумия” толғауында мұсылманшылық, түрікшілдік сарындар көрініс тапқан.

*Әуелі үйренетін бір ғылымың,
Өзіңнің мұсылманша дін ғылымың.*

*Шарттарын исламның кәміл білсең,
Ахиреттік азық берер шын ғылымың.*

Әрі қарай ақынның ойын сабақтастырып жалғастырсақ, шариғат қағидаттарын парыз санау, әндеіп, мақамдап оқу, Құранды құрметтеу, жоғары медреседе білімге қанығу, сонан соң орысша оқу, пайдалы тілді үйрену керек екендігін ыждаһатпен пайымдайды. Сонда “Ғақылы — дария, көзі — өткір, көңіл — шебер” кісілікті, білікті “сырың бір, қырың сегіз” шаһбаз санатына қосыласың дейді. Осынау ой-пікір сарындары “Қазақ халқына діни бір уағыз”, “Мәсжід — медресе хақында”, “Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта” дейтін жыр-толғауларында жалғасады.

Шынтуайттап келгенде, “Оян, қазақ!” — ұлттық поэзия тарихында бірегей құбылыс ретінде қабылдануға лайық. Бұл — өз заманының қайталанбас шарайнасы, ұлт руханиятының алға ұстаған тұтас бір бағыт-бағдары, беломыртқасы. Міржақып Дулатовтың жаңашылдығының бір қыры — ғылыми поэзияның (научная поэзия) үлгісі жасалғандығында. Ғылым, техника, өнер жаңалықтарының, сонымен бірге терминдік атаулардың қолданыс табуы, өзі айтқандай, “ғылыммен хасыл¹ болған нәрселер”. Бұл орайда “һүнерменен хасыл болған нәрселер” дейтін жырында телескоп, телеграф, пароход, автомобиль, телеграмм, телефон, воздушный шар, машина, электрический, граммофон секілді терминдік ұғымдар берілген.

Біз дағы ғылым білсек етпес пе едік,
Ілгері озғандарға жетпес пе едік.
Дін, дүниеміз таршылықтан азат болып,
Һүнерлі халық атанып кетпес пе едік —

деп, үміт отын маздатып, қиял пырағына мінеді.

“Оян, қазақта!” түркі жұртының білімпазы “Исмағил Гаспринскийдің айтқан сөзі” дейтін мақаласында тарихи танымын, ұлттық ой-санасын әйгілейді.

“Сөз ақыры” дейтін түйін сөзінде “заманның кемшілігін айтқан”, “милләтке жаны ашып, ғамын ойлаған” данышпандар Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Крылов, Тургенев, Толстойлармен теңдес “ғажайып хикмәттің кілтін ашқан” шешен-көсемдер, ақындар, Абай, Ахмет, Әбубәкір, Қыпшақбай, Ақмолла, Нұржан, Шөже, Орынбай, Мәшһүр Жүсіптерді атайды.

¹ хасыл — иемдену, дарыту, пайда болған.

Ілімді-білімді Міржақып Дулатов ұлт тарихы мен тағдырындағы түбірлі мәселелердің мәнісін, теңіздей терең сырын түп-тамырынан қозғап-толғап, себеп-салдарын түбегейлі талдап-саралап сөйлейтіндігі таңдай қақтырады. Оның саяси-әлеуметтік көзқарасы, тарихи және діни-түркілік дүниетанымы “Оян, қазақта!” жанартаудай күркіреп, сахара жұртын көшкен таудай жаңғыртса, ал “Азамат”, “Терме” жинақтарында, лирикалық поэзияның әсем үлгілері бар екен. Жалын атқан шандоз ақынның көркемдік шеберлігі, сөз саптау мәдениеті, ойшылдық пен сыршылдық көріністері “Айтыс” (Лермонтовтан), “Таза бұлақ”, “Гүл” (Пушкиннен), “Шағым”, “Сұлу қызға”, “Тағдырдан сұра, қаскүнем” (Абу Фирастан) тәрізді өлеңдерінде жарқын түрде шынайы суреттелген.

“Мың ділдә білімдінің жалғыз сөзі” деп, өзі кестелен бергеніндей, “Шағым” өлеңінің бастамасына жіті үңілейік:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі, —
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!

Бұл балауса балғын қасиетке ие үздік лебіз. Асыл ойдың төресі, заманауи тілектің сәулесі. Көзі жаңа ашылған бұлақтың кейіпін елестеткендей. Жалқы туған Міржақыптың емес, Алаш жұртының мәңгілік ой-мұратының айғағындай, бойтұмарындай, дұға-дауадай қасиетті, киелі сөзіндей өткір қабылданады. Тереңдігі мен бейнелілігі үйлескен “Айтыс” өлеңі аллегориялық мазмұнымен ерекшеленсе, “Таза бұлақ” жыры тағылымдық, өсиеттік, ғұбаттық сипатта өрнектелсе, “Гүл” — символикалық-метафоралық мәнерлілігімен өзгешеленеді. Бірегей жыр мәтіндерінің ішкі семантикалық және көркемдік-бейнелік қырлары мейлінше өлшеусіз.

Ғаламдық деңгейге эпостан эпопеяға шарықтап дамыған қазақ ұлттық прозасының ғажайып жемісі ұлы суреткер М.О.Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясы десек, қазақ романының тарихы М.Дулатовтың “Бақытсыз Жамал” (1910) романынан бастау алды. “Сөз басында” “Мақсаты романның — халық түзетпек” дейді де, Бақытсыз Жамал арудың тағдырын және оның көрген жәбір-жапасын білсін, шариғатта жазылған “Қор етіп әйел халқын аямасын” деген қағиданы мұқият ескерсін, әділеттілікке жүгінсін деген ойларды діттейді.

“Бақытсыз Жамал” романында қазақ тұрмысы, әлеуметтік жайы, отарлау саясатын жүргізушілердің, әпербақандардың әрекеттері, болыс, би, крестьянский начальник, стражник, поштабайлардың бейнесі, төре күтудің машақаттары, болыс

сайлау нанымды суреттеледі. Мысалы, Саумалкөл жағасы. Жанадан қонған Құрман ата ауылы. Бекжан ауылнай үйіне апыл-ғұпыл 1 стражник, 1 поштабай ат басын тіреді. Сөйтсе төре келеді. Дерев 1 ақ үй, 1 қоңыр үй тігіледі. “Сәске кезінде қоңыраулатып пәуескемен төре де көрінді. Алды-артынан етектері далпып, жалпылдап шапқан қазақтармен даярлаған үйге келіп тоқтағанда, мойындарына шынжырлы знак таққан ауылнай, билер неше мәрте шұлғып, қошеметтеп, “Тақсырлап” үйге кіргізді” деп жазады. Әп-сәтте дүрмекке жүз шамалы кісі жиналып, дуылдап гүлдеседі. Қилы-қилы қысыр әңгімелер... Бұл ортада қой аузынан шөп алмайтын Сәрсенбай да бар еді. Оның жамағаты Қалампырдың пұшпағы қанамағандықтан, Жарас молланың үріп ауызға салардай, 14-інен туған айдай Шолпанды, бар малын беріп, кіші жар еткен еді. Міне осы бір топтанып тұрған жұртқа бір жас науша жігіт шауып келіп: “Сүйінші Сәрсекел! Шолпан жеңге аман-есен босанды, тақия тігіп беретін тапты” — дейді. Сәби Жамал атанады. Бір басында сұлулық, ақыл, салтанат тұтас үйлесіп, солқылдап толықсыған Жамал он беске шығады. Сөзге ұста, ақындық, айтқыштық қабілеті, хат жазарлық машығы бар қыз атанады. Оның қобдишасында “Сал-сал”, “Қыз Жібек”, “Зарқұм”, “Қисса уақиға Көр бала”, “Біржан сал мен Сара қыздың айтысқаны”, “Ноғай мен қазақтың айтысы”, “Ақсұлу”, “Айман-Шолпан”, “Бозжігіт”, “Шәкір-Шәкірат”, Ақмолла, Нұржан, Әбубәкір сынды ақындық кітаптары болатын. Өзі зерек, өзі көркем, қиссаларды жатқа заулататын зейіні жүйрік, ақылды ананың тәлімін қабылдаған Жамал қызға қызығушылар көбейеді. Байжан болыстың он жетідегі ұлы — өзі таз, өзі мисыз Жұман бар еді. Болыстың жағымпаз жантықтары Жамалды “таз Жұманға” айттырады.

Ел ішіндегі айтулы мәслихатта “Бұғыбай”, “Мыршалай-Мырыш” дейтін ойындар ойнап, онан жыр-толғауларға ұласады. “Жігіттердің абзалы Ғали” дейтін мәдениетті жігітпен жырмен қағысып, “ләзатты сөздер” сөйлесіп, сонан соң қас-қабақпен түсінісіп, үйірсектенеді. Ғали Жамалға арнаған: “Жақсы қыз баға жетпес бір гауһар тас”, “Жәннәттің пісіп тұрған аламасындай”, “Я, Алла, тура жолға өзің баста!” деген лебізінде шын сүйген жүректің сырын паш еткен-ді.

Абай айтқандай, “тәуекел мен батыр ойды” серік етіп, Ғали Жамалды алып қашады. Ғали он үш күн сырқаттанып, “жаңа гүл шашып келе жатқан бақшадай жанып тұрған жас ғұмыр сөнеді”. Тағдыр жолы шырғалаң жас жесір атастырылған Байжан болыс әулетіне оралады. Отырса опақ,

тұрса сопақ күйге дұшар болады. Есалан Жұман балағаттап кеудесінен тепкілеп күн көрсетпеген соң, ақыл-есін жиып, не де болса ит қорықтан құтылайын деп, Байжанның ерттеулі атына мініп, жөнөп береді. Маңдайының соры бес елі Жаманың тіршілікте татар түз-дәмі таусылып, үдей соққан боранда адасып, үсіп, жапан далада жан тәсілім етеді. Раманның мазмұндық желісі осы.

Токетері, “Бақытсыз Жамал” романының көркемдік сапасы, ішкі құрылымы, полифониялық сипаты көңіл аударарлық. Идея, кейіпкер, характер, композиция, стиль, баяндау, суреттеу тәсілдері жөнінен рет-ретімен көрсетілген, табиғилықпен баяндалған. Өмір, уақыт шындығын шынайы түсінуі, адамдардың психологиясын, мінез-қырын, қимыл-әрекетін, көзқарасын, сөйлеу мәнерін шеберлікпен сомдайды. Жинаққа бұл роман (туынды жеке кітап болып та шықты) енгізілмесе де қысқаша айта кетуді артық санамадық.

Жазушының “Балқия” атты төрт перделі драмалық шығармасында (1922) әйел теңдігі, қыз тағдыры, қалыңмал, ана тілімізде оқитын ұлт мектептері мәселесі сөз болады. Драманың көркемдік шарттылықтары сақталған. Кейіпкерлер сөзі нақты. Оқиғаның дамуында табиғилық бар. Комедия, декламация дейтін терминдік ұғымдарды пайдаланған.

Қазақ әдеби тілінің байлығы, негізгі сөздік қоры, комедия, декламация дейтін терминдік атау-ұғымдар дұрыс пайдаланылған. Қазақтың байырғы тілінде амандасудың “Армаңыз” дейтін түрі бар. Ахметжан мұғалім Құлтасқа осылайша тіл қатады. Сонымен қатар осы ұғымды терең түсіндіру үшін Қобыландының “Жетіп келдім арма деп, алдымда кісі бар ма деп” деген өлеңін мысалға келтіреді. Сондай-ақ мұғалімнің Қасымның: “Жер-суымыздың жақсысын алып жатыр, өзімізді тау-тасқа қуып жатыр” деген пікірінде әлеуметтік мағына, заманауи ащы шындық бар.

Мұны ұлттық драматургияның қалыптасу, даму тарихындағы етек-жеңі жинақы, бірегей туынды деуге болады.

Сөз зергерінің “Ақыл мен ырыс”, “Екі қыздың мұңы”, “Қымбат тай”, “Қызыл қашар”, “Көкең, Сөкең”, “Читаю, писаю”, “Үш құлақ”, “Қуанышты күн”, “Тік бақайлар”, “Сол қыздың атын ұмыттым”, “Ішік қайырлы болсын” деген әңгімелерінде қазақ қызының бас бостандығы, патшалық билік өкілдерінің қазақ жұртына жасаған өктемдігі, алаяқтығы, арамдығы, рақымсыздығы, бір сөзбен қайырғанда, қазақ ауылының тыныс-тіршілігі соншалықты нанымды әрі тартымды суреттеледі.

Әдебиеттің дамуы, кемелденуі, байтақ өріске шығуы, рухани кеңістігінің кеңейіп көркеюі — аудармашылық өнерге де қатысты. Адамзат тарихындағы асыл ойлар қазынасынан сусындау — ұлт руханиятының өркендеуіне жол ашу деген сөз. Ендеше, орыс көркем ойының көшбастары А.С.Пушкиннің мына бір өлеңін аударма тарихы мен теориясының жетік білімдары, майталман тәржімашы Жұмағали Ысмағұловтың пікіріне жүгіне отырып, баяндалық. Ұлы ақынның “Всегда так будет, как бывало” деген бір шумақ өлеңіндегі “Ученых много- умных мало, знакомых тьма — а друга нет” дейтін лебізін: “Ғалым көп, ақылды аз байқасаңыз, Досың жоқ, танысың көп санағанда”, — деп әрі мұнтаздай келісті, әрі мағыналы ғып керемет жатық жеткізген.

Міржақып Дулатовтың суреткерлік қолтаңбасы, ақындық шабыты, көркемдік ойлау жүйесі сүйсіндіреді. “Сұлу қызға” деген өлеңіндегі “Майысқан алтын айдар еркесісін, Ояңған ұйқысынан табиғаттың” дейтін сыр мен суретке тұнған лебізі қандай!

Сондай-ақ “Я, Алла”, “Алашқа”, “Елім-ай” атты өлеңдері ақынның асыл мақсатын, азаматтық тұлғасын, мұсылмандық көзқарасын әйгілейді.

Асылы М.Дулатовтың поэзиялық мұрасы — іргелі, дербес ел болуға, өзгелермен тең болуға, “ғылым шәрбәтінен” ыждаһатпен коректеніп, мінсіз меңгеруге, өнер-білім, ақыл-парасат биігіне қыранша ұмтылуға, “азуды қайрап, бармақты шайнап” жүрген күндер өтті, енді “ғылымды іздер, алысты көздер” уақыт жетті, “халықты тура жолға басталық та” дегенді тәптіштеп ұғындырады. Оның құлашты кең сілтеген ұлан байтақ көсем сөздерінде отарлық езгінің қамытын киген қазақ халқының көрген қорлығы, жер-суының, орман-тоғайының келімсектердің иелігіне көшкені, тасбауырлардың тасшоқпарынан зарлап-боздағаны, ел ішінде жалақорлықтың, паракорлықтың өршігені, мансапқорлықтың, опасыздықтың белең алғаны, тіліміздің, діліміздің, дініміздің нашарлағаны, мүшкіл күйге түскені, сағымдай құбылып, сабындай бұзылған заманның кейпі қанды қыздырарлық, жанды толқытарлық, әлеуметті ұйытарлық, ой-сананы сілкіндірерлік қуатпен жазылған. Бұл ретте “Біздің мақсатымыз”, “Апат төнгелі тұр”, “Государственная Дума һәм қазақ”, “Жер мәселесі”, “Жер аудару”, “Қазақ жайлы”, “Земство не нәрсе?”, “Орынбор, сентябрь 14”, “Біздің істер”, “Алашқа”, “Қайтсек жұрт боламыз?” және т.с.с. жазбаларында қазақ тағдыры терең пайымдалған. Мәселен, “шенеуніктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып алып, ойына не

келсе соны істеді” (“Біздің мақсатымыз” 1907) Және де дінімізге, әдет-ғұрпымызға, діни кітаптарымызға жасаған қиянатын тізбелейді.

Немесе 1906-1907 жылдарда Зайсан жерінде, Алтай тауында болғанда көзімен көргендерін, қазақ-мұжық мәселесін “Орынбор, сентябрь 14” мақаласында былайша баяндайды: “Табанына темір қыздырып басқан. Екі аяғынан жоғары көтеріп асқан. Үрпіне шөп жүгірткен”. “Қазақ жеріне қара ағаштай қаптаған” мұжықтардың “қит етсе жанжал, төбелес, байлап тастау, кейде кісі өлтіру” секілді озбыр әрекеттерін аяусыз әшкерелейді. Өзі де қазақ пақырларды мұжықтардың зомбылығынан құтқаруға көмектескенде қамауға алынады. Олар Міржақыпты қанша қыспаққа алса да ештеңе өндіре алмайтындықтан босатып жібереді.

Жер мен елдің тарихына жетік, болашақты болжағыш, көргіш М.Дулатовтың “Жер мәселесі” (1911) дейтін көсемсөзіндегі мына бір пікірдің жаны бар: “Қазақ жерінің алабы кең болса да, пайдаға жарарлығы аз. Жалғыз Балқаш көлі мен Бетпақтың шөл даласы елу мың шаршы шақырым орын алып жатыр. Бұлардан басқа да таулар, тастар, шөлдер, сорлар аз ба?”. Бір ғасыр бұрын айтылған осынау ұлы уайым әлі күнгеше көкейкесті.

“Қазақ жас бала мысалында. Жас балаға қараушы, билеуші қандай керек болса, қазақтың да сондай билеушісі, көздеушілері даяр тұрады. Бір кісінің тізгіні біреуде болып, еркі болмау қандай кемшілік болса, бір тайпа жұрттың өзі еркі өзінде болмауы онан мың есе жаман” — деп толғанады (“Земство не нәрсе?”, 1913жыл). Патшалық аппараттың өкілдері — ояз, крестьянский начальник, пристав секілді төрелер қазақты емін-еркін билеп-төстейді, дәулет-сәулетінен айырып, құтын қашырады. Ашаршылық апаты, дағдарыс, жантүршігерлік жәйттер “Алашқа” (1918), “Ел күйзелді” (1921) мақалаларында әсерлі баяндалады. “Ырғыз үйезінің қазақтары сарышұнақ тышқанды жеп жатыр. Күздігүні өлген малдардың өлексесін қар астынан қазып алып жатыр” деп сұмдық оқиғаларды күңіреніп айтады. (“Ел күйзелді”, 1921 жыл). Арқаның жалпақ даласындағы бес облыс (Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Бөкейлік) көрешекті көріп, берекесі кеткенін, төбе құйқасы шымырлап отырып жазады.

“Рулы елің қан жұтып тұрғанда, сен май жұтпа!” деп, қыранша саңқылдап, ұран тастайды.

Ұлтының есеюін, көркеюін, бақытты келешегін кесек, берекелі іс-әрекеттерімен, бейнелі, тегеуірінді сес сөзімен,

рухани құлшыныстарымен, теңіздей толқыған толғаныстарымен аңсаған ұлт санаткері Міржақып Дулатовтың абақты ішінде, сот, тергеу, ісінде: “Осылардың бәрін көріп, біліп, сезініп өскен байғұс басым өзімнің тақыл-тұқыл білімді осынау қорланған, намысы тапталған, мүсәпір болған халқыма бағыштап, қол ұшымды беру перзенттік парызым деп санадым” дегенде (1929) артықша қайтпас қайсарлық, өзіндік берік ұстаным, рухани кемелділік, арыстандық мінез бар.

“Ибраһим ибн Құнанбаев” (1908), “Абай” (1914) атты мақалаларында ақынның қазақ әдебиетіндегі орнын, яғни “Қазақ әдебиетінің атасы хәкімінде”, “Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіші — Абай сөзі”, “Қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыз”, “Бірінші ақынымыз” екенін, сонымен бірге ақындық даралығын, интеллектуалдық дархан жаратылысын қадап айтады. Ол “Лермонтовқа іңкәр”, “орыс әдебиетінің гүл шоқтарын өз тілінде сайратқаны”, “сахара қазақтары ішінде жалғыз жұлдыздай” жарқырағаны жарқын түрде аталады. Абайдың шығармашылық тұлғасын байыптағанда “тілі ләзатты, араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып танымы ауқымды еді” деп көрсетеді. Абай поэтикасы, ой өрісінің, парасат-пайымының кеңдігі мен кемелдігі нақты түйінделген “Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп” деген Абайдың гуманизмі жайында: “Адамшылық ой-қиялы өте таза, ұлтжанды, елін-жерін сүйген кісі еді” — дегені тың тұжырым ретінде қабылдауға болады. ХХ ғасыр басында М.Дулатовтың келтірген әдеби-мәдени ой-толғамдары Абайдың шығармашылық өмірбаянын зерделеуде белгілі бір рөл атқарады.

М.Дулатов көсемсөздерінің тақырыптық ауқымы, ойлау өрісі, қиял кеңістігі мейлінше кең. Бұларға тереңдік пен шынайылық, тарихилық пен деректілік тән әрі сөз қолдану шеберлігін айтсаңызшы. Өрі-қыры бірдей білім-ғылыммен мұздай қаруланған табаны жалпақ тарланбоз тіл, мәдениет, ғылым, өркениет сабақтары жайында “Тіл мәселесі”, “Дін және ғылым”, “Ғылым төңкерісі”, “Қазақ тілінің мұңы”, “Сана қайда?”, “Ажалдан құтқарған қызыл тіл”, “Эксперанта тілі”, “Цифр жазуы”, “Қазақ театрының жылдық тойы”, “Мәдениет төңкерісінің міндеттері мен оқытушы”, “Ай астында ешнәрсе басқарылмай тұрмақ емес” (Ничто не ново под луной), “Қазақ жайлы” атты ғылыми-публицистикалық мақалаларында алуан-алуан ойлар өрбітеді. Әлеуметке ой тастайды, жұмылдырады, ұмтылдырады. Әлеумет ісін өзінің міндеті санайды, үлгі-өнеге, өрнек шашады.

Кенес заманының өзінде “қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты” дейді 1926 жылы жарияланған “Қазақ тілінің мұны” мақаласында. Солай болса да ұлт тілінің көсегесі көгермеген-ді. Қайғы-шер кернеген ет жүрегі езіліп: “Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларымның бүлбүлдай сайраған тілі едім. Мәлдір судай таза едім. Жарға сокқан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім?” Мінеки, осы үдеріс тіпті тереңдеп, ХХІ ғасырдың қақпасын өлермендікпен айқара ашты. Сап тыйылар күні бар ма екен деп аласұрасың.

Міржақып Дулатовтың көрсетуінше, “ғылым мен өнер – адам үшін шыққан”, сол себепті басқа жұрттармен үзеңгі қағыстыру, ық теңестіру білім, өнерімен іске асады. Иә, “өз ісімізді өзіміз істемей, өзгеге сенгендік” ұпайымызды түгелдей алмауымыздың басты кілтипаты. “Тіршілік – бәсеке, жарыс. Дүние – бәйге үлестіруші” деген түйінді тұжырымы терең ойға шомдырады.

Жазу ережесі, тәртібі, мәдениеті, тіл тазалығы, баяндап оқытудың мәнісі, дыбыс жүйесі, емле турасындағы өнікті, өркенді ой-толғамдары зейін аудармай қоймайды.

“Ертеден шапса кешке озған, ылдидан шапса төске озған” ойы ұшқыр, тілі ұтқыр, қабылдауы өткір М.Дулатов “Екінші февраль” (1913 жылдың 2 ақпаны “Қазақ” газетінің 1-ші номері шыққан күн), “Айқап” журналы, “Газета “шөп жемес”, “Ұлт матбұғаты”, “Баспасөзіміз не күйде?”, “Баспасөз үмесі”, “Баспасөз қатесіз болсын!”, “Газет тілі оңды болсын” дейтін жарияланымдарында ұлт баспасөзі мен журналистикасының ең бір өзекті мәселелерін айрықша әңгімелейді.

Дархан дарынның тағы бір қыры – тарихшылығы. “Тарих – түзу жөнді үйретуші”, “түзушіліктің кітабы, тіршіліктің жолбасшысы”, “халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс” дейтін даналық меруерттері Алаш санаткерінің тарихи-ғылыми танымын танытады. Оның “Қазақтың тарихы”, “Қазақ-қырғыздың ата, тегі туралы” зерттеулеріндегі ғылыми-теориялық ойлары, тарихи-мәдени деректері бірсыпыра беймәлім жайлардың сырын ұқтыратындай, “ақыл қанағаттанарлық” дәрежеде сараланған. Мысалы, “Алаш” ұғымының төркініне үңілуі қызықты. Әріден бастасақ, Шыңғыс хан дүние-мүлікті, жер-суды төрт ұлына үлестіргенде, Дешті Қыпшақты, Сарыарқаны Жошыға аманаттайды. Жошы ұлысына б рулы ел қарайды. Әрі бұлардың әрқайсысына Шыңғыс хан ұран, таңба, ағаш қос таратыпты. “Сол күнде бүкіл Жошы ұлысының ұраны “Алаш болыпты. Жошы руында алты ру

болғанда “Алты Алаш” болды. “Алаш” деген сөздің алғашқы мағынасы — Отан кісісі (соотечественник) деген сөз болады... Және қазақта “Алаң келе ме, Алаш келе ме” деген бір мәтел сөз бар. Сондағы Алаң — шет елдің кісісі, Алаш — Отан кісісі мағынасында болады.

Сол күнде Жошы ханға “Алаши” деп лақап ат қойылды. Алаши — алаштың басшысы (глава отечества) мағынасында болады. Қазақтың “Алаш алаш болғанда, Алаши хан болғанда” деген ескі сөз сонан қалған”. Бұл бір пайдалы пікір, қария сөз деуге толық хақымыз бар.

Сондай-ақ “Хазірет Сұлтан”, “Хан Абылай”, “Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан”, “Абай”, “Исмағұлбек Гаспринский”, “Григорий Николаевич Потанин”, “Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев”, “Нариманұлы Нариман”, “Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов” сияқты тарихи-ғылыми сипаттағы мұраларында шежірелік, мәдени-тарихи деректер, мәліметтер мол қамтылған.

Халық қызметкері Міржақып Дулатов: “Заман талас-тартысқа айналды. Қара күнін қайғырмай қамсыз жатқан қазақ болмаса, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі де тіршілік жабдығында. Жағаласпай, жармаспай ешкім қатардан орын бермейді. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек” — деп мөлдірете жазады “Оқушыларға жәрдем” ойтолғағында. “Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз — оқу”. “Қазаққа орысша, мұсылманша оқудың екеуі де керек. Біріне артықшылық, біріне кемшілік беру қате” деген салмақты, ардақты пікірі дәуірнамалық мәселені айқын, толық түсінуге көмектеседі.

Елді сәулелендіру, жан-жақты рухани тазалыққа қол жеткізу, имани орта, дұрыстықты қалыптастыру, ізгілік-адамгершілік құндылықтарды өркендету, білімді-білікті, кісілікті, ілтипатты ұрпақ тәрбиелеу — М.Дулатовтың негізгі мұраты, асыл мақсұты. “Қазақтың қарияларының айтып кеткен сөзіне қарағанда — деп жазады, — тіршіліктің қызығы адамзатқа жақсылық қылуменен болып көрінеді”. (“Адамға тіршілік не үшін керек?”).

Халық ісі, ел игілігі, ұлт тағдыры үшін жаралған “пайдалы адамдарға” берген анықтамасы мынадай: “Ақ жүрек таза болса. Жұртты иә сатып, иә алдап кетпейтін болса. Халық үшін ерінбей қызмет етерлік, екі талай жерде жанын қиярлық ер жүректі болса. Саясат ісіне жетік болса. Білімді, шешен, көсем, оқыған болса. Халықтың қалпына, салтына, тұрмысына жете таныс болса”. (“Учредительное собрание”)

Сайыпқырандық болмыс, түйғындық, сұңқарлық мінез, ұйымдастырушылық өнегесі келісті кемел тұлға ел ішіндегі, адам

бойындағы, қарым-қатынастағы берекесіздікті, ішмерездікті, жатыпатарлықты, құбақандықты, арызқойлықты, ұрлық-қарлықты өлтіре шенейді. “Біздің қазақтың оңбай тұрғаны да ар-ұят босағада қалып, өсек, өтірік төрден орын алып, халыққа бапсыз нәрселерді бірін-бірі мактауға қару қылып жұмсаудан” — деуі ащы шындық (“Жер аудару”).

Тағы да толғағы терең, талғамы тұнық мағыналы ойларының мәнісіне үңілейік: “Біреудің көрінеу жауыздығын айтпаудың өзі жауыздық. Біреудің ұрлығын біле тұрып айтпасаң, сен өзін ұрысың. Бір жұрттың тұтынып келе жатқан қалпы-салты теріс болса, оны көрсету — сол жұрттың өз пайдасы. ...Зиянды адамдардың көбеюі арқылы жұрт азады деген көзбен қарау керек” (“Біздің істер”).

Міржақып Дулатовтың таудан үлкен, тастай берік қайырлы, кемел істері, ірілікті, ізгілікті, көсемдікті танытатын мұзжарғыш пікірлері мемлекеттік тұрғыдан ойлаудан туындайды. Сондықтан да оның ой-пікірлер жүйесі мемлекеттің ең басты, ең негізгі құрамдас бөліктері 1) территорияға, 2) ұлттық тілге, 3) ұлт тәуелсіздігіне, 4) дінге, 5) қорғаныс қабілетіне қатысты.

Жинақтап айтқанда, ұлт руханияты тарихында Міржақып Дулатов құбылысы айрықша аталуға, шексіз құрметке лайық. Ол — ақын, прозашы, драмашы, тарихшы, әдебиет пен театр сыншысы, көсемсөзші, журналист, мәдениеттанушы, ағартушы, әлеуметтанушы ретінде ой-парасат кеңістігінде жарқын жұлдыздай жарқырай түспекші.

СЕРІК НЕГИМОВ,

Л.Н.Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы.

ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАР

“Оян, қазақ!”

(1902-1911)

“Азамат”

(1912-1914)

“Терме”

(1913-1915)

Дюсенов
Серик Атыгаевич

Северо-Казахстанская

областная библиотека

2-886 С. МУКАНОВА

г. Петропавловск

565374

“ОЯН, ҚАЗАҚ!”

жинағынан

(1902-1911)

СӨЗ БАСЫ



Дүниеге қатынасып жүрген, оқыған заттарымыз болмаса, біздің ғұмуми¹ қазақ халқы айдалы мәселелерден бихабар еді. Себебі: дария қасында тамшы секілді, оқығандарымыз аздықтан, халқымыз шөһәр ретінше емес, көшпелі һәр жерде бытырап жүргендіктен, заман ахуалынан хабар білерлік оқуға өз тілімізде газет жоқтықтан, татар туғандарымыздың әдеби тілменен жазылған газеттері оқу оқымаған халыққа түсініксіздігінен, дүниеде болып жатқан ғәжәйіп² уә³ ғәрәйіп⁴ айдалана алмай, біздің халық дүние сарайының бір қараңғы түкпірінде ұйықтап, ұмыт қалған секілді болып тұр, чүнки⁵: заманымыз күн сайын түрленіп келеді, мұнан бұрын өткен он бес жылменен бүтінгі халімізді салыстырсаңыз да — аз уақытта көп таршылықта қалған секілдіміз. Әлі де болса бұрынғыдай қозғалмай ғафилдықта⁶ жата берсек, енді аз заманда нешік болашақтыз?

Қой бүйтпелік, һәр халықтың күші һүнер болса, һүнерге Алла тағала қасында һүммәтіміз⁷ саясында біз қазақтар да ортақ болсақ керек, соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып,

¹ ғұмуми — жалпы.

² ғәжәйіп — таңырқарлық.

³ уә — және.

⁴ ғәрәйіп — керемет, таңсап.

⁵ чүнки — өйткені.

⁶ ғафил — білмеу, білімсіз.

⁷ һүммәт — ынта, талап.

дінімізді танып, надандардың көзін қойып, көңілін ашып, мұнымен ахиреттік айдамызды табалық. Екінші, дүниемізде қажетті хақыларымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, басқалардан хорлық көрмес үшін, орысша оқып һүнерлі болалық. Орысша білмегендіктің зарарын¹ білу фарыз дәрежесінде қажет екендігін, міне, мұнан байқаңыз: Россия мемлекетінде жүз қырық миллионнан артығырақ халық бар, һәммәсі жүз тоғыз тілмен сөйлейді, соның ішінде үстін² тіл — орыс тілі, күллі хукімет мекемелеріндегі жұмыстар орыс тілінде болады, закондар һәм солайша.

Һәркім өз қолында барына жомарт болғаны секілді, мен де өз мағлұматымша бейшара халқымызға айда келтірмек әмлһилә³ үшбу⁴ рисәләні⁵ жаздым.

Міржақып Дулатов, 1909.

¹ зарар — зиын, залал.

² үстін — үстем.

³ әмлһилә — тілегімен.

⁴ үшбу — осы.

⁵ рисәлә — шығарма, кітапша.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ ҺӘМ БҮГІНГІ ХАЛІ

Міржақып, неге отырсың қалам тартпай,
Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаппай?
Шаманды қадари хал көрсетсеңші,
Байғұс-ау, оянсаңшы қарап жатпай.

Не айда бір орыннан қозғалмайтын,
Тазармас қара су да жатқан ақпай.
Артықтан тағлым алып, кемге үйретпей,
Жүруің лайық па ғақыл таппай?

Сен неге бой көрсетпей жасқанасың?
Тастаса көзің көрсін халық ұнатпай.
Бұл шақта сөз базары көтеріңкі,
Сынаспай бақытыңды сен де баппай.

Бірде алып, бірде қалып жүрмес пе едің,
Сөзіңді біреу сөгіп, біреу мактай.
Бой тежеп жүрексіну дұрыс емес,
Шашылған ризықты жүріп татпай.

Һүммәт тау кеседі деп мысалда бар,
Жігітке Һүнер¹ қайда зейін артпай.
Талапты жаңа өспірім бағландар
Жүруге лайықты ғой атын ақтай.

Жігіттің несі жігіт босқа жүрген,
Қызметпен айда беріп, халыққа жақпай?
Бәсең бол, әсем болсаң деген жөнмен,
Һүнерін мұхтаждарға жүрсе сатпай.

Жан-фида², малың тәрік³ болсын, жігіт,
Дін, милләт⁴ деген сөзді түр жәһидлай⁵.

¹ Һүнер — өнер.

² фида — құрбан.

³ тәрік — безу.

⁴ милләт — ұлт.

⁵ жәһидлай — ынта.

Мен кепіл сонда жаман болмасына,
Тұрмасам қолыңды әкел, айтқан шартта-ай.

Адасып қараңғыда сорлы қазақ,
Ай тума, күн һәм шықпай, түр таң атпай.
Сөндірмей жанған өртті көрген адам,
Қалайша тұру мүмкін жанға батпай.

* * *

Бір кеңес түсті хиял бастарыма,
Дәфтер хат ғибрат үшін тастарыма.
Хсуса арнап жаздым халық үшін,
Жиыrmасыншы ғасырдың жастарына.

Аз жасап, өмірімде көрдім көп іс,
Ретін шамаладым халықтың тегіс.
Қаралас һәр қайсысы көрінеді,
Бірі артық, біреуі кем дейтін емес.

Қазақтың қай нәсілден тарағанын
Білерсің шежіреден қарағаның.
Бұл жерге соның үшін тоқтамаймын,
Жазайын басқа сөздің жарағанын.

Адамзат неше түрлі жиһан¹ толған,
Һәр дінде, һәр мәзһәпте² және болған.
Соның көбі шәһәрден орын алып,
Сахарада біздің қазақ көшіп-қонған.

Ол заман үш жүз бірге араласқан,
Бағынып еш падишаһқа қарамастан.
Хан шығып өз ішінен халықты билеп,
Билері хукім айтып, өрнек шашқан.

Көшсе де мың шақырым жері жайлы,
Аққан бұлақ, шалғыны көк орайлы.
Тоқты қоздап жүріпті, тай құлындап,
Жер тар болып көрмеді-ау уайымды.

Сол кезде біздің қазақ ала болған,
Көлденең дұшпандары және болған.

¹ жиһан — әлем, дүние жүзі.

² мәзһәп — дін тармағы.

Күштісі нашарларын шауып алып,
Бұрынғыдай болмаған, пәле болған.

Ел шауып, кісі өлтірсе, батыр деген,
Батырлар фәқирлердің¹ хақын жеген.
Біз мұндай бұл уақытта болар ма едік,
Істесе халық файдасын ғақылменен?

Кетіпті фітнәнің² жолы ашылып,
Бірінен дұшмандығын бірі асырып.
Айырылып берекеден қарап жүріп,
Тұрыпты басқаларға құр бас ұрып.

Кетіпті араздасып бір туысқан,
Барымта ұрлық қылып мал қуысқан.
Сыя алмай кең дүниеге таласушы ед,
Таршылық енді көріп сығылысқан.

Мазасы кеткен бірдей іштен, сырттан,
Аз ата көрген қорлық күшті жұрттан.
Екі сұңқар таласса, құзғынға жем,
Берекесін бұл қазақ сөйтіп құртқан.

Сол күнде жауға қарсы қорған құрса,
Құтылып надандықтан ғылым тапса.
Ғайратын бойындағы шетке жұмсап,
Келтірмей жәбіршілік қарындасқа.

Өзді-өзі тату болып тұрған күнде,
Қалар ма еді һәр нәрседен мұндай босқа.
Мінеки, бұл уақытта тұрмыз енді,
Дұшманға таба болып, күлкі досқа.

Жүрмеген кең жайылып ол халінде,
Үнемі тұру қайда хан тағында?
Россия мемлекетіне бағыныпты,
Әбілхайыр төренің хан шағында.

Патша айтқан: “ғаділдікпен билеймін, — деп, —
Дініңе һәм жеріңе тимеймін, — деп, —

¹ фәқир — келей.

² фітнә — сұмдық, қулық.

Оқ атпай, қылыш тартпай бағынған соң,
Қалайша қадірінді білмеймін”, — деп.

Алмасқа уәғдә еткен бізден солдат,
Орнына түндік басы салған рабат¹.
“Қазақ та Россияның бір ұғылы,
Бар болса беремін, — деп, — нендей хәжәт”.

Қазақты ең әуелі билеген хан,
Правитель, десятичный, аға сұлтан.
Қалдырып осылардың һәммәсін де,
Шығып тұр біздің тұста бүгінгі заң.

Қызығып қызарғанға кеткендер көп,
Шен алып, дәрежеге жеткендей боп.
Ойлады өз файдасын халықты сатып,
Қазақты ең керексіз еткендей боп.

Тұманға кірді қалың біздің қазақ,
Арты жар, алды тұйық — бұл не ғажап?!
Адасқан ағайынға басшы болып,
Ішінде жол көрсетер адам аз-ақ.

Бас қосып киргизский интеллигент,
Біздерге халықтың қамын ойлау міндет.
“Культура” деген сөзді на практике,
Етпейміз не себепті осуществлять?

Милләтлар цивилизованный озып кетті,
Оянбай енді жату не следует.
Ұйқысы ғафилдіктің басып кетті,
Қазақты ояталық етіп һүммәт.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ МАҒИШАТЫ¹

Қазақтың қандай еді мағишаты,
Бір күнде көшіп қонған рақаты?
Қайғы жоқ, хасірет жоқ, қыз-бозбала
Түзеген бәсекемен салтанаты.

¹ *мағишат* — тіршілік тұрмыс.

Кетуші ед көшбасшылар ілгері озып,
Жарасып өз форымынша саясаты.
Жарысып жас балалар жүруші еді,
Жаратқан үкі тағып жүйрік аты.

Жайлауға шыға айғыр суытушы еді:
Ыстықтың қалмайды, — деп, — зарараты¹.
Тізіліп көл жағалай қонушы еді,
Жарасып ақ үйлердің қияфаты.

Көкорай шалғындарға бие байлап,
Байлықтың көрінуші еді ғаламаты.
Жан-жануар рақатпен бір жасаушы еді,
Кіргендей бөлмесіне жер жаннаты.

Ішкен мас, жеген тоқ боп жүруші еді,
Түзеліп бозбаланың саяхаты.
Бүлдірген, шие тере кетуші еді,
қыз-келіншек, мырзалардың жамағаты.

Кеңейіп жұрттың фиғылы ол уақытта,
Нашарға тиюші еді шарафаты.
Ұл туып, келін түссе, қыз ұзатып,
Той болып, ат шабушы ед бір ғәдәті.

Бек ғажап марқұмдарға ас беруші ед,
Фаш² болса халық ішінде инафаты³.
Бауыздатып бағланды, құлын сойып,
Ішсе қымыз, келуші еді сөздің шарты.

Кәнеки, осы айтқанның бірі бар ма,
Айтылса сөздің кәміл хақиқаты.
Бұл күнде бұларды ойлап қайғыда жүр,
Бар болған данышпандар фарасаты.

Оқыған пайда берер жастарымыз,
һәр істен болса мәгәр мағлұматы.

¹ зарарат — зиян.

² фаш — белгілі болу.

³ инафат — инбатты, қадір-қасиетті.

Үйренген халықпыз ғой кемшілікке,
Талпынып ұмтылмайтын кеңшілікке.
Осындай білінген соң мінезіміз,
Кімде-кім біздің жұртты елсініп пе?

Россияда жиырма миллион бар мұсылман,
Жері жоқ осылардың бір қосылған.
Мәселен, біздің қазақ бұл уақытта
Тысқары рухани идарадан.

Бола алмай тілек қабыл хафалықта¹,
Көруде жәбіршілік жүрміз һаман.
Қазағым, көрмегенің әлі алдында,
Боларсың көне берсең мұнан жаман.

Босында аяқ-қолың қимылдап қал,
Бір күнде тыпырлауға келмес шамаң.

ҮНЕРМЕНЕН ХАСЫЛ² БОЛҒАН НӨРСЕЛЕР

Һүнердің афзалдығын еттім зікір³,
Мұхтәрәм⁴ оқушылар, жібер пікір.
Ғылыммен хасыл болған нәрселерді
Жазайын баян етіп, тыңдап отыр.

Ат жетпес алты айшылық алыс жолға,
Аз күнде жеткізеді бұл отарба.
Естілмес хабарларды жер шетінен
Аламыз телеграммен я ғәжибә⁵.

Жүргізді автомобиль ат жекпестен,
Әмірі қолда болып теріс кетпестен.
Һүнермен от пен суды көлік қылып,
Алыстан телефонмен жұрт гәпләскен.

¹ *хафа* — уайым, қайғы, реніш.

² *хасыл* — иемдену, дарыту, пайда болған.

³ *зікір* — атап өте, еске салу.

⁴ *мұхтәрәм* — құрметті.

⁵ *я ғәжибә* — таң-тамаша.

Дариямен кара жердей файдаланды,
Бұрынғы қиыншылық жайға қалды.
Балықтай мұхиттарда жүзіп жүріп,
Фамал ғып пароходпен қайда барды?

Дәхидә¹ хәйламенен аспанға ұшты,
Кезінде қажет болса жерге түсті.

Есімін воздушный шар деп қойды,
Халық бұрын көріп пе еді мұндай істі?

Телеграф және шықты сым темірсіз,
Иланып болған іске жұрт сенерсіз.
Үстіңнен жүргенменен көз көрмейді,
Әлбетте, қалайынша сіз білерсіз.

Машина жер астынан жүрді тағы,
Ғажайып мұнысы да хиял дағы.
Не нәрсе өздігінен жаралмайды,
Һүнермен мұны тапқан пенде дағы.

Берденке, бомба, мина, зеңбіректер,
Пистолет, револьвер, браунингтер —
Һәммәсі бұл уақытта болды тамам,
Қылатын жауға қару не керектер.

Машина электрический және келді,
Жарық боп май мен отсыз жана берді.
Түн болса шаһар ішкі күндізгідей,
Әлбетте, бұл әсері ғажап енді.

Сөз сөйлеп, граммофон әнге салар,
Ғажайып аят оқып, дұға қылар.
Бұл сөзге көрмеген жан нанбас еді,
Не керек, халықтың көбі көрген шығар.

Телескоп дейтін нәрсе болды тағы,
Нәрсені көрсетеді алыстағы.
Түймені түйедей ғып зорайтады,
Баяғы мұны тапқан Һүнер дағы.

¹ дәхидә — тағы да.

Россияның завод пен көп фабрикасы,
Табылған соныменен халық файдасы.
Қымбатты арзан қылған сол екеуі,
Нашарға жеңіл келіп пұл бағасы.

Машина және шықты шөп шабатын,
Аз күнде жан қинамай көп шабатын.
Соқа бар егін салған һәм машина,
Секілді көп файданы тең табатын.

Баспахана шықты кітап басатұғын,
Халыққа һүнер, мағариф¹ шашатұғын.
Арқылы газет-журнал һәр тарафтан,
Хабармен халықтың көзін ашатұғын.

һүнермен мәзкүрлерді² адам тапқан,
Жалғыз-ақ біздің қазақ қарап жатқан.
Һеш бірін осы айтқанның істей алмай,
Қатардан кейін қалдық надандықтан.

Біз дағы ғылым білсек етпес пе едік,
Ілгері озғандарға жетпес пе едік.
Дін, дүниеміз таршылықтан азат болып,
һүнерлі халық атанып кетпес пе едік?

САЙЛАУЛАР ХАҚЫНДА

Шыққалы волост сайлау қырық жыл өтті,
Сол сайлау, байқасаңыз, түпке жетті.
Бай болып, мырза атанып, мал біткендер
Таласып волостыққа ақша төкті.

Еліріп біреу шықты: “Би болам”, — деп,
Кейбірі: “Би түсетін үй болам”, — деп.
Желікпей үшіншілер неге тұрсын:
“Қалайша аналардан мен қалам?” — деп.

Еліртер момындарды: “Сен де аттан, — деп, —
Малыңның арқасында бір шаттан”, — деп.

¹ мағариф — білім.

² мәзкүр — аталған.

Қарашы, бұл қырсыққа не қыларсың,
Бейшара әуреленер құр жатқан тек.

“Фәленше ауылнайлыққа ылайық, — деп, —
Ынтымақ не қылса да қылайық”, — деп.
Бір сорды бәйге атындай алып келер,
“Һәммәміз сертте мәхкәм¹ тұрайық”, — деп.

“Бір атадан қалдым, — деп шығар біреу: —
Сіздерменен бірге, — деп, — біздің тілеу”.
Жолын алса, мәз болып ол кетеді,
Бермесе, қамыққандай көңілі жүдеу.

Сайлау басы төреге мың-мың ақша,
“Жанында орыс жоқ па екен онан басқа?”
Стражник пен писірлер сүйінші алады,
Бермей тағы болмайды һәм тілмашқа.

Волост болар мал шашып шығынданып,
Сайлау өтер осылай тынымданып.
Әбден болып алған соң расходын
Бітіреді халықтан жылында алып.

Кедей сорлы шолағын арықтатар,
Түк пайда жоқ, үйіне барып жатар.
“Фәленшемен табақтас болдым мен”, —
Қатынына мақтанып осыны айтар.

Мұнымен мал шашылып, ар кетеді,
Күшті әлсіреп, нашардан хал кетеді.
Өтірікті расқа шығарам деп,
Жалған іске ант беріп жан кетеді.

Нахақтан біріне-бірі бөле салып,
Білмесе ұрлық, білсе егер барымта алып.
Төбелес, жанжал, керіс әңгімеге
Құмар-ақ болып кетті біздің халық.

Тұрады төрелері кекірейіп,
Переводчик онан жаман шекірейіп.
Көп зарар біздің қазақ көрсе дағы
Демейді: “Мұндай істен бекінейік”.

¹ мәхкәм — берік, бекем

Мал шашып, әлектеніп таласады,
“Мен көп, сен азсың”, — деп санасады.
Ес кетіп, өліп-талып волост болып,
Сонан соң халқыменен жарасады.

Үйіне ат-тонымен барып түсіп,
Ризалық айтысар, тағам жесіп.
Мысалы, тоқылдақтың тәубесіндей,
Кетеді бір жылдан соң ұмытысып.

Құл кетті хан орнына таққа мініп,
Жұрт кетті жамандықты жатқа біліп.
Һәкимлер¹ харамидан² болғаннан соң,
Ұры-қары кетпей қайтсін атқа мініп.

Япырмау, дәл осы істен не пайда бар?
Көбейер күн-күн сайын фитінәлар.
Көз көрді, бір парасын құлақ естіп,
Кісі өліп, сотты болып бірі айдалар.

Ағадан іні айырылды, атадан ұл,
Ағайын арзандады, қымбаттап пұл.
Сатылды ғазиз ұждан аз ақшаға,
Ғәләмәті надандықтың емес пе бұл?

Өзіне-өзі халық жаны ашымай,
Мал шашар: “Боламын, — деп, — волостной”.
Жұмсаса қандай жақсы болар еді,
На пользу образования народной.

Беруден көздей жерге көлдей ақша,
Құмары келе жатыр бір басылмай.
Кісідей арақ ішкен әуреленіп,
Япырмау, кеткені ме халық осылай?

Қазағым, бұл ғадетті тасталық та,
Халықты тура жолға басталық та.
Волост, билік, ауылнайлық, выборныйлық,
Қимайтұғын соншама падишаһлық па?

¹ *Һәким* — әкім, білгіш.

² *харамиди* — арам.

ҚАЗАҚ ЖЕРЛЕРІ

Мың жеті жүз отыз бір сәнасында¹:
Біз кірдік Россияның фанасына.
Һүнерсіз бостығымыз көрінген соң,
Қызықпас кім қазақтың баласына?

Жылында мың сегіз жүз алпыс сегіз:
“Қазыналық”, – деді жердің һәммәсін да.
Тарылып жылдан-жылға жер-суымыз,
Мұжықтың кетті бәрі қаласына.

Қадірман халық билеген, ақсақалдар,
Бұл іске фәһім² назар саласың ба?
Темірді қызуында соқпай қалып,
Нәсіліңнің көз жасына қаласың ба?

Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,
Мұжыққа, қош аман бол, барасың ба?
Қасиетті бабамыздың зираты,
Қалды ғой көшесінің арасында.

Моншаға зияраттың тасын алып,
Ағашын отқа, мұжық, жағасың да.
Таба алмай бір барғанда еш белгісін,
Көзден жас көлдей болып ағасың да.

Шалқар көл, аққан бұлақ, жайлы қоныс,
Орман-тоғай кетті ғой, ағашың да.
Ойласам мұның бәрін хияли боп,
Хафадан ішім оттай жанасың да.

Әуелде жерімізбен кіріп едік,
Тұрмақта ғәділдіктің саясында.
Айырылсаң қалған жерден осы күнгі
Топыраққа малды, қазақ, бағасың да.

Адасты ғақылынан қара халық,
Білгіштер, өзің хайлә табасың да.

Қазағым, жерің қайда атамекен,
Қазақ, қазақ болғалы мекен еткен?

¹ сәна — жыл.

² фәһім — ақыл, сана.

Хазірде бөріңізді қуып шығып,
Орныға қала салып “хохол” жеткен.

Шығарған жер өлшеуге землемерлер,
Қала үшін кеткен бізден жақсы жерлер.
Тәтті шөп, тұщы судың бәрі сонда,
Табатын бұған хайлә қайда ерлер?

Зеңгір тау, аққан бұлақ, шалқар көлдер,
Кетті ғой бетегелі биік белдер.
Қысқарып жер кеткен соң өрісіміз,
Қалды ғой жатақ болып қайран елдер.

Ащы су, бізге қалды шөл далалар,
Жақсы жер қалдырмады егін салар.
Қалайша тау мен тасқа баға алады –
Қоралы қой, қосты жылқы байларда бар.

Мінеки, келді мұжық көшкен бұлттай,
Қазақтың қояр емес жерін құртпай.
Келді де, егін салып байып кетті,
Жалқау ма бұлар, тәңірі-ай, біздің жұрттай.

Көрдін ғой бұл уақытта тарылғаның,
Алынбас илтифатқа¹ жалынғаның.
Он бестен кісі басы десятина
Жер берсе, сонда, қазақ, нешік халің?

МӘСЖІД² – МЕДРЕСЕ ХАҚЫНДА

Қазақ жүр мұсылмандық жаласында,
Сайрандап сахараның даласында.
Файда деп күндіз-түні дамылы жоқ,
Ғибадат³ қылмай хаққа шамасында.

Дегенмен: “Мен – мұсылман”, іс бітпейді,
Бұл күнде жұрттың көбі дін күтпейді.
Қазақша киім киіп, сөйлегенмен,
Мойныңнан фарыз, уәжіп⁴ бір түспейді.

¹ *илтифат* – ықылас білдіру, көңіл аудару.

² *мәсжід* – мешіт.

³ *ғибадат* – дін жоралғыларын өтеу.

⁴ *фарыз, уәжіп* – міндет, борыш (діни).

Ортаға жарар еді мешіт салсаң,
Намазды қаза қылмай барып тұрсаң.
Бір ғалым фазыл¹ заттан иман сайлап,
Байларың жәрдем беріп, уақыф² қылсаң.

Дау десе ұмтылатын сорлы қазақ,
Дін десе шалқаятын болды қазақ.
“Мынауың өтірік”, — деп бетке түкір,
Жоқ болса бұл сөзімнің орны, қазақ.

Қазақтың көп жерінде мешіті жоқ,
Жоғына себеп болған миссионер поп.
Екінші, халықтың өзі ықыласты,
Не ғылып исламға ашылсын ход?

Бір адам хуфияттан³ ашса мектеп,
Хакімге көрсетеді біреу қастап.
Көбінің ниет-фиғылы жаман еді,
Әйтеуір, келе жатыр Құдай сақтап.

Күн болды енді көзің ашарыңа,
Байларың жәрдем беріп нашарыңа.
Жасыңда жиһан кезіп, ғылым іздеп,
Надандық қармағынан қашарыңа.

Оңбассың бойда жүрсе бұл мінезің,
Теріс пе насихатым бұл, біл өзің.
“Әйтеуір, ата-бабам мұсылман”, — деп,
Дүрмекті қоятұғын келді кезің.

* * *

Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта,
Салады сәбилерді тек ғазапқа.
Молдекем шарт жүгініп, қаһар етіп,
Босатар күн батқанда әрең шаққа.

Бір бала езу тартып күлер болса,
Қытайша дүре салар сол сағатта.
Үш-төрт жыл оқып шыққан болса мәгәр,
Сонда да ұстармайды жазар хатқа.

¹ фазыл — мейір.

² уақыф — хайыр, сыйлық, тарту

³ хуфияттан — рұқсатсыз, жасырын.

Білмейді уазифасын¹ кейбір молда,
Еліріп “тақсыр” деген құр атаққа.
Кім өледі, кім қояды — тілегі сол
Көбінің байқасаңыз бұл уақытта.

Тәқдим², тәфһин³, тәхрисдә⁴ жұмысы жоқ,
Күштейді әліф-би мен әбжәдқа⁵.
Халыққа қайтіп үлгі шаша алсын,
Мінезі хилаф⁶ болса шарифатқа?

Сыйныфтап⁷ жылға бөлген нәмунә⁸ жоқ,
Һүнәрлі болсын қайдан біздің халық.
Бұ айтқан барлық ғәйіп⁹ моллаларда
Халі емес істеуші де хақиқатта.

“Жылына пәлен сомға жалдадым”, — деп,
Күні-түні балаларын оқытмақта.
Отырса молда сордың қолы босап,
Бір іске ептеп қана жұмсамақта.

Ғылымды ғалымменен құрметтемей,
Әлбетте, мұның бәрі надандықта.
Орыны бала оқытқан таза емес:
Дәріс тыңдар қотыр бұзау, ешкі, лақ та.

Келер ме өздігінен бізді іздеп,
Қол созып ұмтылмаймыз мағрифатқа¹⁰.
Һүнәрлі халықтардан өрнек алып,
Кел, енді бұл ғадетті тасталық та!

¹ уазифа — міндет, борыш.

² тәқдим — ұсыну, арнау.

³ тәфһин — өзара түсінісу.

⁴ тәхрис — ойша табысу.

⁵ әліф би, әбжәд — ескіше әріп атаулары.

⁶ хилаф — кигаш, теріс.

⁷ сыйныф — сынып.

⁸ нәмунә — үлгі, өнеге.

⁹ ғәйіп — айып.

¹⁰ мағрифат — оқу-білім, ағарту.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ДІНИ БІР УАҒЫЗ

Қазаққа дін хақында осы керек,
Мүбәда¹ бұл секілді болса өрнек.
Духовный собраниеге біз қарасак,
Дініміз қуат табар һәм бегірек.

Әр волоста бір указной болсын молла,
Кандидат һәм муәзін тұрсын және.
Сайланып үшбу заттар халық тарафынан,
Емтиханды муфти алсын пәруа².

Русша білмек бұларға шарт болмаса,
Іс етсе шарифаттың фәрмәнінше.
Никах, талақ, мирас, жаназа оқып,
Указной балаларға есім қойса.

Мәгәрде уақыты бола алмаса,
Указной бір молланы уәкил қылса.
Ләкин³ никах, талақ, мирас ісін,
Лайық өзі бітіру дауы болса.

Указной молланың хилаф ісін,
Әлбетте, оязной ахунд тексерсін.
Ахундтан оязной болса хата,
Областной ахунд тексеріп мұны көрсін.

Областной ахундпенен іс бітпесе,
Духовный собраниеге барып кірсін.
Ең шеті ғәділдіктің осы болып,
Һәммә ісі мұсылманның сонда тынсын.

Бір мешіт болсын нешік әр болыста,
Жамағат, расходын өзің ұста.
Және болсын медресе бала оқытуға,
Берсін бұған расходын земство.

Медресеге сайлансын екі молла,
Бірі оқытсын мұсылманша, бірі орысша.

¹ мүбәда — алда-жалда, бола қалса.

² пәруа — қамқорлық, тауқымет.

³ ләкин — бірақ.

Педагогия тәртібімен оқытсандар,
Қазағым, кетер едің сонда алға.

Айтылмыш екі учитель уазифасын,
Һәр дайым земство беріп тұрсын.
Указной һәм кандидат һәм муэзин,
Екі учитель бес жылда бір сайлансын.

Кімде-кім уақыф қылмақ болса мәғәр,
Мәжид пен мәдресеге деп файдасын.
Лазим¹ мұндайларға рұқсат ету,
Указной молла алсын һәм метрикасын.

Бір адам, я бір қауым етсе жәһид,
Шығарып мешіт, медресеге пұл қаражат.
Тыймасын бұрынғыдай “болмайды” деп,
Хүкімет бұларға да берсін рұқсат.

Һәммәсі осы тілек келсе орынға,
Қанун² боп бекітілсе бір форымға.
Риза қазақ халқы болар еді,
Хүкімі шариғаттың тұрса қолда.

Жазылып тәуарихта қалсын аты,
Бұл істің жүрген болса кім жолында.
Дін үшін һәм халық үшін бейнет көрген
Қор болмас жүрсе дағы қай орында.

Болғандай халықтың өзі бейне қасты,
Қылып жүр шариғатты аяқ асты.
Мәселен, біреу сүйіп шариғатты,
Зарарына hükim етсе қайта қашты.

Заманға қарай моллалар наданырақ,
Көбі қара қазақтан жаманырақ.
Білер-білмес оқумен молла болып,
Орынсыз сөзге ұмтылып көбі ұрыншак.

“Білмеймін”, — деп, сірә, бір мойнына алмас,
Халін білмес кейбірі бейшарақ.
“Шала молла дін бұзар” деген мысал,
Тек мұнан тәңірі өзі сақтағай-ақ.

¹ *лазим* — керек, қажет

² *қанун* — заң.

ҮНЕРІН ХАЛЫҚ ФАЙДАСЫНА ЖҰМСАП ЖҮРГЕН ОҚЫҒАНДАРЫМЫЗҒА...

Жау жүрек, қыран көзді арыстаным,
Жан қиып халық үшін қарысқаның.
Қатардан қазақ сорды қалдырмасқа,
Бәйгеде ұлы дүбір жарысқаның.

Шешен тіл, фарасаттың саясында,
Ететін талмай қызмет, данышпаным.
Атқан оқ, сермеген қол хата кетпей,
Түскей-ді табаныңа бар дұшманың.

Не қылса дертке шифа табылад деп,
Европа саяхтарымен танысқаның.
Бір іске ғақылдаспақ болсаңыздар,
Уәғдаға хилаф қылмай табысқаның.

Әуелі Алла, екінші білер халқын
Риясыз көңіліңіздің халыстарын.
Азуы алты қарыс айдаһармен
Кезекті сөз жібермей салысқаның.

Кезінде ғазиз жанды еттің фида,
Халқыңның жібермеске намыстарын.
Көздеген мәселлекке¹ тез ерішіп²,
Хайырлы болғай еді шабыстарың.

Бір залым хиянатпен тоқтатпаса,
Қатардан өздігіңнен қалыспадың.
Фасықтар бой көрсетпей үйде жатыр,
Һүнерге құлаш сермеп алыстадың.

Қамалға қарсы шапқан қаһарманым,
Жәһәләт³ микробларын тауыс бәрін.
Иншалла, халыққа берер үлкен тәһсир⁴,
Жерлерде екіталай дауыстарың.

¹ мәселлекке — мақсат, мұратына.

² ерішу — жету.

³ жәһәләт — надандық.

⁴ тәһсир — әсер.

Өлсең шаһид, ғазысың тірі болсаң,
Қызметке берер ажар құдірет кәрім.
Қазақты төрге сүйреп бір жеткізші,
Дін, дүние жемісі боп табыстарың.

ТАРШЫЛЫҚ ХАЛІМІЗ ХАҚЫНДА АЗ МІНАЖАТ¹

I

Жас орнына көзімізден қан кетіп,
Қолымыздан ата мирас заң кетіп.
Хүкімі шарифаттың емес қолда,
Ғаділдікпен халық билеген хан кетіп.

Аяқ асты болып қазақ қалды ғой,
Құр әншейін рухы қалып, жан кетіп.
Шаһбазлар² басшы болған милләтке
Аяғына қан түсті ғой, мән кетіп.

Кім жазалы өзімізден көрмесек,
Төбемізге шығардық қой дәндетіп.
Сүлік болып қазақ қанын шаққан соң,
Ауызына салмай қайтсін аңдатып.

Әлі де болса ояналық “аллалап”,
Жалыналық жаратқан хаққа пәнде³ етіп.
Мезгілінде қару қылмай қимылдап,
Бұл уақытта тұрмыз енді хал кетіп.

II

Ұйқыда жатыр қазақ көзін ашпай,
Кеттік ғой отқа күйіп, өрттен қашпай.
Һәр халық алға кетіп жатса дағы,
Біздің жұрт шегінеді қадам баспай.

Сахара, сахара деп қалдық надан,
Һүнерлі халықтармен араласпай.
Басқа жұрт алтын, күміс мысалында,
Простой біздің қазақ қара тастай.

¹ *минажат* — жалбарыну дұғасы.

² *шаһбазлар* — сарбаздар.

³ *пәнде* — адам.

Барына һәркім сараң болып кетті —
Бай малын, һүнерпаздар ғылым шашпай.
Қазағым қырық ауызды бола қалар,
Шықса егер файдалы іске біреу бастай.

Иттифақ¹ жүзден бірі етер болса,
Бытырап тоқсан тоғыз кетер тастай.
Хұррият² инсаният³, хаққа ниет⁴
Тұрмайды осы үшін сөзді мәхкәм ұстай.

Бай, мырза, халық билеген ұлығымыз
Файдасыз жемісі жоқ қу ағаштай.

III

“Ah” десе, іштен қайнап шығар жалын,
Халықтың кім түзетер мүшкіл халін?
Далада көшіп қонған сахарауи
Халық еді біздің қазақ баққан малын.

Файдасыз зарарына жұмсаушы еді,
Сарф етіп мал мен мүлік, хәйлә, амалын.
Алданып көзі жетпей қалған жоқ па?
Махұрым сыбағадан жай қаларын.

Бихабар алдағы істен ғафил болып,
Қақпанның білмеуші еді құрылғанын.
Жиырманшы ғасырға қарсы тұрған
Шықпаса шаһбазлар бірлі-жарым.

Талапты һүнер іздеп жастар шығып,
Көңілдің шығармаса хәстәләрін⁵.
Европа ғылымынан өрнек алып,
Қазақтың қуанамыз жанасқанын.

Мақсұтқа муафиқлы⁶ ғылым тауып,
Тұқымын милләтке әкеп шашқай оның.
Тұманда мұнар һауа жол таппаған,
Халықтың жолға салса адасқанын.

¹ *иттифақ* — бірлік, одақ.

² *хуррият* — бостандық.

³ *инсаният* — адамзат.

⁴ *хаққа ниет* — ақтыққа, растыққа.

⁵ *хәстә* — құмар, ынтық.

⁶ *муафиқ* — лайық, сәйкес.

Бихабар мағрифаттан саңырау казак,
Мәз болып жүргеніне сақтап жанын.
Көзінен қан ағызып қойған жоқ па,
Қазақ ұғлы, ұраны — “Алаш” барын!

IV

Қазақтың өз тілінде жоқ матбұғат¹,
Жаһиллік² пен жалқаулық көп, жоқ әһмият³
Дәртке дәрмән табиб⁴ қайдан табылар
Күннен-күнге ауырлады мағишат.

Күн көреміз қайда барып, Алашым?
Білгіштерің хәл мүшкілін қарасын.
Сүйегі жоқ, тіске жұмсақ болған соң,
Һәркім жейді біздің қазақ баласын.

Аз емеспіз, алты миллион халықпыз,
Әлхәмдулиллаһ надандыққа ғарықпыз⁵.
Жайымыз жоқ онан басқа мақтанар,
Сахарада дикарь болып қалыппыз.

Біздің жұрттың зәһрәдей жоқ намысы.
Ғайрылардың⁶ һүнерменен жарысы.
Мағарифлі озып кетіл милләттәр,
Көз жетпейтін арамыздың алысы.

Надандықтың шәрбатына мас болдық,
Зарарға дос, ғайдамызға қас болдық.
Үлкеніміз қадимләкка⁷ жазылып,
Жәдид⁸ деген партияда жас болдық.

Мұнымыз да дұрыс емес ойласақ,
Ғайдасы жоқ халқымызға қоймасақ,
Өзді-өзіміз дұшман болып жүргенде,
Жарар еді басқаға жем болмасақ.

¹ *матбұғат* — баспасөз.

² *жаһиллік* — надандық.

³ *әһмият* — маңыз, мән.

⁴ *табиб* — дәрігер, емші.

⁵ *ғарық* — бату, қарық болу.

⁶ *ғайры* — басқа.

⁷ *қадим* — ескі, көне.

⁸ *жәдид* — жаңаша.

Айтқан сөзді алмайды қазақ тындап,
Тұрмас еді білгіштер сөзін бұлдап.
Халық файдасы деп біреу сөйлесе егер,
Ант етсең де нанбастан тарқар шулап.

Кінәні жұртқа аударып ақсынамыз,
Неш нәрсе көрмегенсіп тапсынамыз.
Ғадетте ісімізде иттифақ жоқ,
Жіберіп ғақыл, назар, халық сынаңыз.

V

Бірлік жоқ, алты ауызды халықпыз ғой,
Қатардан сол себепті қалыппыз ғой.
Ғылым мен мағрифатты керек қылмай,
Надандық шәрбатына қаныппыз ғой.

Көп әлі көргеніңнен көрмегенің,
Алынбас илтифатқа көнбегенің.
У беріп бал орнына қамқорыңыз,
Жау болып шыққан жоқ па ел дегенің?

Көрерсің не болғанын сене берсең,
Һәр түрлі айтқанына көне берсең.
Соқырдай етегінен мықтап ұстап,
Соңынан: “Лөббай!” – деп ере берсең.

Молла болсаң, өсек көп ерген артқа,
Хакім болсаң, күңкіл көп және халықта.
Һүнерлінің дұпшаны көп болады,
Сол себепті шықпайды ісі жарыққа.

Ғылым үйрен, ашылсын көзің, жастар,
Тәрбиеле өзінді-өзің, жастар.
Өзің біліп, һешкімге айтпай қойма,
Білгенінді тезірек халыққа шаш, бар.

Сонда тиер файдаңыз аймағыңа,
Кім оқымас рақмет файдалыға.
Һәр нәрсенің фарқына көзің жетсе,
Алдаушының түспессің қармағына.

Білмегеннің зарарын көп көрдің ғой,
Аз беретін орынға көп бердің ғой.

Өз малыңды дей алмай өзімдікі,
Қорыққан күні біреуге тек бердің ғой.

Сөз асылын таниды фәһимтілар¹,
Ақымаққа айтқаның жайға қалар.
Жұрттың бәрі бірдей деп ойламаймын,
Түсінгендер бұл сөзден айдаланар.

VI

Жұмыс көп біздің жұртта ұнамаған,
Нашар жоқ қорлық көріп жыламаған.
Шортандай шабақ жұтқан жалмауыздар
Тексеріп өз ғайыбын сынамаған.

Аяғын айдалы іске бір баспаған,
Ұмтылған өлімтікке бір аш таған.
Түйені түгіменен жұтса дағы,
Харамнан нәфсі тыйып бір қашпаған.

Һәр істі деп білеміз Құдай қылған,
Жап-жақсы адамдарды бұлай қылған.
Ләкин һәркімге Алла берді ықтияр,
Пәнде өзі тапса керек фиғылынан.

Шықса мәгәр мыңнан біреу білген болып,
Халықтың файдасына жүрген болып.
Қазақтың һиммәт² еткен жан болмады,
Бұларға жәрдем, көмек берген болып.

Милләтке қызмет етер һүнәрпаздар,
Фида етер шыбын жанды шаһбаздар.
“Жүр ғой, — деп, — біздің үшін мұндай болып”, —
Қадірін біле алмады ғақлы аздар.

Мысалы, қара халық үріккен қойдай,
Бақпаса, кетуші ме еді қасқыр тоймай?
Дәрмен жоқ қолдан келер талпынғанмен,
Хафа боп қайғырады бұларды ойлай.

Тәнің бар, мысалында жаның жоқ боп,
Сырт бүтін, жанып тұрған ішін шоқ боп.

¹ фәһим — ес, зерде.

² һиммәт — жомарттық, нарлық

Алмайтын айтқан тілді, сорлы қазақ,
Өз обалың өзіңе болсын, шок, шок!

VII

Бозбала, һүнер-ғылым үйренбедің,
Ел кезіп, өсек айтып сүйрендедің.
Һәрқайсың хал қадарше талаптансаң,
Сендерге мен нахақтан бүйдер ме едім?

Атаңа дәулет бітсе, бұлғақтадың,
Хисапсыз сөздер сөйлеп, ыржақтадың.
Мәз болып “мырза” деген қошеметке,
Буынып мықыныңнан ырғақтадың.

Бояумен сырладыңыз сырттарыңды,
Керіліп сипадыңыз мұрттарыңды.
Қарасам ішінді ашып — дәнеме жоқ,
Не дейін надан демей, жұрт, бәріңді?

Малға кедей болғаның — жетілерсің,
Ғылымға кедей болғаның — өкінерсің.
Хазірде құлағыңа кірмесе де,
Файдасын ақырында бір білерсің.

Тағы бар кедей болса бір мінезі
Бұ дағы өз қырсығын білгізеді.
“Қылды, — деп, — кедей қылса — мені Құдай”, —
Фәтуа мойындамай жүргізеді.

Ерте жатып, кеш тұрып керіледі,
Кәсіп қып, мал табуға ерінеді.
Ертеңгісін ойламай, Құдай ұрған,
Қайғы жоқ, ішпей-жемей семіреді.

Жер жыртып онан дағы егін салса,
Өзіне аз олжа ма жері қалса?
Артығын сатып, қант, шай мен киіміне
Қатын-бала асырарлық жемін алса.

Және қыс мал жейтұғын шөбін шапса,
Онан соң басқа ретпен файда тапса.
Хәрәкәттән бәрәкәт көрінген соң,
Болмай ма ант ұрғанға бәрі де ақша.

Ене ме бұл айтқаным құлағыңа?
Бізге айтқан ғақыл ғой деп ұнады ма?
Хор болып, желге кетсең хайран сөзім,
Өкінбе жетпедім деп мұрадына.

VIII

Дариға, жігіт қайда һүнер тапқан,
Жан қиып, қызмет етіп халыққа жаққан!
Ғайратпен қырық кез жерден су шығарып,
Рахымет, ізгі дұға алса халықтан.

һүнерін халыққа сатып бұлданбаса,
Білгенсіп аз нәрсені сұмданбаса.
Халыққа хақ көңілден айт насихат,
Не хайлә қала берсін тыңдалмаса.

Жігітті топқа салсаң әбден баптап,
Бойында һүнер болса, тұрмас тоқтап.
Жабыдан туған болса мәстек болып,
Жерінде бас көтермей қалар оттап.

Үйренсін балаларың һүнер, ғылым,
Өткізбей ойын ойнап, бекер күнін.
Жатқанға жан жоламас дегендейін.
Көрдің ғой замананың, міне, түрін.

Жыламай жас балаға емшек бермес,
Һәр хәжәт ізденбесең, өзі келмес.
“Алма піс, аузыма түс!” — дегенге,
Халқым-ау, илансаңыз ешкім көнбес.

Патшаға көпдір айтар рижайміз¹ —
Берілсе бәрі тегіс біз ризамыз.
Ғаділдік назаратын² жібермесе,
Жұтаған хайуан кібік³ қырыламыз.

Күн бар ма хиянаттан құтыларға?
Тең ұстап, бізді ұлық тұтынар ма?
Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап,
Зорлықты бұрын көрген ұмытарға.

¹ рижай — өтініш.

² назарат — басқарма.

³ кібік — секілді.

МҮДӘРРИС¹ 3... ӘФӨНДИГЕ ЖАЗҒАН БІР МӘКТҮБІМ²

З... Әфөндия, жолдадым хат,
Көре алмай дидарыңыз біз бұл сағат.
Мақсұдым — жатырқамай жанасуда,
Жанқұмар жақсыларға біздің ғадәт.

Іштегі көп хәстәні шығаруға,
Етпекте болған едік машауарат³.
Сіз болып Исламның хадимінен⁴,
Сахаби⁵ болып тұрсыз, зор мұхаббат.

Ғаламда афзал нәрсе болмас мұнан,
Бір қолда болса мөғәр дәулет, һиммәт.
Ошақтың үш бұтынан тілеуменен
Не уафа⁶ дүниеде еткен хәят⁷.

Заманның баһадыры сіздер болып,
Орнына келгей еді еткен хәйрият⁸.
“Таңдағы — төңіріден” деп біздің қазақ,
Жетті ғой түбімізге сол ғәфиләт⁹.

Қараңғы бір сарайда қамаулымыз,
Есігін кім ашады бұл жәһалат?
Әлбетте, өңгелері сіздің қолда,
Тәуекел, не тоқтау бар? Бар да қират.

Мен дағы тілек шарын салдым сізге,
Һәр іске болғай еді саләхият¹⁰,
Құтқарсақ жаһилліктен қамын ойлап,
Нәсіліміз оқыр бізге рақмет.

Мұбада ешбір пайда ете алмасақ,
Айтпай ма сол уақытта бізге лағынет.

¹ *мудәррис* — сабақ беруші.

² *мәктүб* — хат.

³ *машауарат* — ақыл, кеңес.

⁴ *хадим* — қызметші, малай.

⁵ *сахаб* — бас ие, қожа.

⁶ *уафа* — адалдық.

⁷ *хәят* — өмір.

⁸ *хәйрият* — ізгілік.

⁹ *ғәфиләт* — мешеулік.

¹⁰ *саләхият* — дарын, қабілет.

Олай болса, әфәндім, ұйықтамалық,
Енді оянбай жатуымыз болар ұят.

Хайыр хош, сәләмәт түр ғазизіміз,
Хат жазушы — Мир Яғкуб ибн Дулат.

ЖЕСІР ДАҒУАЛАРЫ¹ ХАҚЫНДА

Дау-жанжал көп қазақтың жұрттарында,
Себеп бар фітнәнің шыққанында.
Әуелден әдеттеніп келе жатқан
Рәсім болған мынау бір ғұрыфларында.

Біздің қазақ халқының бір ғадеті —
Шариғат низамда² жоқ бұл ғадеті.
Фітнәні көбейтуге себеп болып,
Рәсім болып бұзылмай түр ғадеті.

Келе жатыр әуелден ғұрыфтай болып,
Мұнысы ұнамаған хұлықтай болып,
Дау-жанжал арасынан арылмайды,
Берекесіз бұзылған жұрттай болып.

Қатын алу хақында жанжалдары,
Бұл ғадет әуелгіден қалған бәрі.
Көрсеніз бұл күндегі жанның көбі
Болмайды даусыз қатын алғандары.

“Нешік?” десең, себеп бар бұған және —
Бесікте жатар жаңа туған бала.
Бесікте жатқан ұл мен қыз балаға
Ата-анасы болады құда және.

Бала өскенше өтеді қанша заман,
Уақыт қандай болады, барса да аман?
Ақсақ, соқыр, саңырау, таз, сақау, мәжнүн —
Сондай бір зағифлықта қалса тамам.

Жаман мен жақсы қалайша тең болады?
Зағиф адам һәрқашан кем болады.

¹ дағуа — дау.

² низам — тәртіп, заң.

Өскен соң бірін-бірі сүймей тұрса,
Оны нешік қосуға жөн болады?

Бір адамда бес жасар бала болса,
Біреуде бойжеткен қыз және болса.
Осы екі бала қалай лайықты,
Атасы ойламай ма, дана болса?

Балаға бойжеткен қыз тең бола ма?
Айттыру осы қызды жөн бола ма?
Қыз — жиырма жасында, бала — бесте,
Атасының бергені ем бола ма?

Бір адамның қатыны өлген болса,
Өзі алпыс, жетпіс жасқа келген болса.
Айттырып он бес жасар қыз алады,
Атасына малды көп берген болса.

Кетеді осындайлар жөніменен,
Малының жұмысы жоқ көбіменен.
Ұлыққа ғарыз беріп дау қылады,
Өзінің қашып барып теңіменен.

Мұнан кейін жанжалға кіріседі,
Арасында барымта жүріседі.
Мұның көбін халық қосса ықтиярсыз,
Өз ісін тағы артынан біліседі.

Хәләл¹ қатын болады осы қалай,
Келеді көңілінің хошы қалай?
Ол қатынның табылар досы талай,
Осыдан хәләл бала тусын қалай?

“Қуаныш, — ойлар қазақ, — көрейін, — деп, —
Балама жаста қалың берейін”, — деп.
Осылай ойлап қызды айттырады,
Мерекелі қызыққа енейін деп.

Реніш — қуаныштың ақыр соңы,
Һәр адам аңғармайды ғафыл соны.

¹ хәләл — адал.

Бір қатынның байы өліп тұл қалады,
Көреді ағайыны жақын соны.

Әмеңгер деп еріксіз оны алады,
Оның ісі қалайша оңалады?
Шариғатта жоқ жұмыс қайдан шықты?
Тұл қатынды алуға жол табады.

Және біреу бес-алты қатын алар,
Тең ұстамай мойнында хақы қалар.
Бұл жұмыс пайғамбардың сүннәті¹ деп,
Дәлел айтып, оның бір шартын табар.

Алса алсын — көп қатын тең ұстаса,
Әрбірін риза қылып жөн ұстаса.
Гүнаһкәр болмағанда не болады,
Біреуінен біреуін кем ұстаса?

Пайғамбар көп қатынды алуы рас,
Бөрінің ризалығын табуы рас.
Пайғамбардың фиғылы һүммәтіне²,
Әлбетте, сүннәт болып қалуы рас.

Қатынның бәрін бірдей көреді екен,
Һәммәсі риза болып сенеді екен.
Һәр біріне: “Сені артық көремін”, — деп.
Бір алтын білезікті береді екен.

“Сен мұны аналардан жасыр, — дейді, —
Мен сені артық көремін жақсы, — дейді. —
Білезікті көрсетпе өзгесіне,
Сенің көңілің ризалық тапсын”, — дейді.

Бұл сөзге һәрқайсысы нанушы еді,
Соныменен алданып қалушы еді.
“Пайғамбар мені жақсы көреді”, — деп,
Көңілдері ризалық табушы еді.

Бай қазақтар қатынды көп алады,
“Сүннәті пайғамбардың”, — деп алады.
Осындай ғәділдікпен ұстамаса,
Гүнаһкәр боп бекерге неге алады?

¹ сүннәт — мұсылмандық міндеті.

² һүммәт — еруші.

Біреуін бәйбіше деп дәрежелер,
Екіншіні бала үшін және де алар.
Үшіншіні алады қызмет үшін,
Хисабы күң орнына бағаланар.

Төртінші және алады тұл қатынды,
Әмеңгер деп байы өлген бір қатынды.
Пайғамбардың сүннәті осылай ма?
Ықтиярсыз алады бұл қатынды.

“Әмеңгер” деген сөз жоқ шарифатта,
Қазақ өзі тауып жүр оны жатқа.
“Зәру болсаң, ал деген бірден артық”
“Сүннәтім” деп айтқан жоқ тағы халыққа.

Пайғамбардың сүннәті осылар ма?
Сүннәт деп мұны бізге борыш қылар ма?
Байлар тоқал алады қызмет үшін,
Осы да зәрулікке қосылар ма?

Екі адамның көңілі жақын болса,
Көңілі жақындықпен тату болса.
Бұлар құда болады жақын жүріп,
Соңынан өкінер, іс ғафыл болса.

Бұлар болса өз көңілін шамалайды,
Жөніне жас баланың қарамайды.
Қыз жаман боп, ұл бала жақсы болса,
Әлбетте, оны теңдікке және алмайды.

Жаман қыз жақсы қатын бола алмайды,
Ғұмыры таусылғанша оңалмайды.
Ғаділдікпен ұстамай, қорлайды ері,
Өле-өлгенше теңдікке оны алмайды.

Әуелде никахланған¹ жар еді ғой,
О да Құдай жаратқан жан еді ғой.
Қалады бейшараның обальна,
Оның дағы өз теңі бар еді ғой.

Адамның қызығады малына адам,
Адамдығын санайды тағы да адам.

¹ *никах* — неке.

Баланың қор болуын ойламайды,
Қылады өз басының қамын адам.

Біреуге біреу жақын жүрейін деп,
Құда болар сыр жайын білейін деп.
Бір-бірін сүймесе де құда болар,
Сонымен “партияға” кірейін деп.

Бірін-бірі тең көрмей қомсынған жан,
Дұрыс жүрмес қомсынып қосылған жөн.
Махаббаты басқаға аударылып,
Харам бала туады осылардан.

Бір ғұрпымыз тағы бар біздің және
Жөні осылай бұрынғы іздің және.
Кейінгі жас балаға қаратады,
Күйеуі өлсе, бойжеткен қызды және.

Біреу байдың малына қызығады,
“Құда боп қызымды ал”, — деп қыздырады.
Ақырында бұл адам кедей болса,
“Қызымды бермеймін”, — деп бұзылады.

Бір кедей қызын және малға берер,
Қыз риза болмаса, оған не дер?
Қызы жылар көзінің жасын артып,
Алғанын шамасы жоқ қайта төлер.

Асығар ұлға қалың беру үшін,
Құда болар мереке көру үшін.
Біреу мал берейін деп келіп тұрса,
Қыз атасы бөгелсін ненің үшін?

Қуаныш сол — жас баласы мал болады,
Білмейді соңыра қандай хал болады?
Ұл мен қыз бірін-бірі сүймегенде,
Мал берген ұл атасы дал болады.

Онан да қуанышты бұлай көрсе,
Фәтуәлі болып халық бұзбай көнсе.
Оқытса жас баланы ержеткенше,
Дәреже болар еді Құдай берсе.

Татарлар дін қарындас өзімізбен,
Оның ісін көреміз көзімізбен.
Оларда біз секілді дау-жанжал жоқ,
Фәтуәлі болады сөзі бізден.

Ноғай қыз айттыруға асықпайды,
Жас балаға құда боп мал шықпайды.
Кәмелетке жеткенше оқу оқып,
Дәрежесі қазақтан аз шықпайды.

Жас қызға хұтба оқиды молла тағы,
Ризалығын білмейді сонда дағы,
Жанжал болса, “мен никах оқығам” деп,
Куәлігін береді соңыра тағы.

Моллалар олжа алады, аямайды,
Жылаған көз жасына қарамайды.
Олжа алған соң жұмысын бітіреді,
Обал, сауап болғанын санамайды.

Осылары дұрыс па моллалардың?
Жүзінің ыстықтығы олжа малдың.
Дау-жанжал болмағаннан болғаны көп,
Балаға жаста құда болғандардың.

Қалдырса осы айтқанның һәммәларын,
Азайтар еді қазақ бұл жанжалдарын.
Он жеті, он сегізге бала келмей,
Токтатса қыз беріп, мал алғандарын.

Он жеті, он сегізге жасы келсе,
Ұл мен қыз бірін-бірі жақсы көрсе.
Өзінің сүйгеніне бармақ болып,
Атасына сонан мал алсын десе.

Жанжалсыз сонда жұмыс тынар еді,
Шариғат пен низамға ұнар еді.
Мүсәфірдің тыйылып көз жастары,
Халық арасы тыныштықта тұрар еді.

ЖІГІТТЕР

I

Жақсы қыз бозбалаға пар болғандай,
Жігіті душар келсе, жар болғандай.
Теңі емес бір фасыйққа берілсе егер,
Көңілі көтерілмей зар болғандай.

Ғұмыры қызғылықты зайғы болып,
Мысалы, кең дүние тар болғандай.
Жетпейтін төсегіне көп жамандар,
Ол күнде әлдеқандай таң болғандай.

Сатылып кейбір қыздар кете барар,
Бағасы ғәзизәнің¹ мал болғандай.
Қожасып “мал бердім” деп жаман шіркін,
Жайы бар, байқап тұрсаң, паң болғандай.

Бейшара өздігінен жол таба алмай,
Ғазиз бас әуреленіп даң болғандай.
Көрініп ғәриб халі тұр емес пе,
Бір міскін халық ішінде жан болғандай?

Бұзылды фәленшенің қызы десе,
Өзіне көрінеді ар болғандай.
Көлденең ағайындар ұнатпайды,
Халыққа соның үшін лаң болғандай.

Жұрт қалып осылардың обалына,
Секілді алушыға хәл болғандай.
Жиһаннан қорлықпенен өттім ғой деп,
Көзінен аққан жасы қан болғандай.

Келе ме осы ісіміз дұрыстыққа?
Көбіне көрінсе де сән болғандай.
Адамды мал орнына жұмсауымыз,
Бір емес, бар қазаққа тән болғандай.

Сөндіріп ғәділдікті жүр ғой қазақ,
Көңілді жарық етер шам болғандай.

¹ ғәзизә — сүйкімді, сүйікті.

Қай күні бұл хиянат тоқталады?
Бір емес, халық ішінде сан болғандай.

Я шәрғі, я низамға дұрыс емес,
Қазақтың қағидасы заң болғандай.
Бұл сөзім біреуге емес, көпке бірдей,
Қажеті кімге болса сол алғандай.

Мәселен, кісі болса аңғартқаным,
Осы хал өз басында бар болғандай.
Тең болып екі зайып қосылса егер,
Арман не ол уақытта, аһ, дариға-ай!

II

Болсын да ғақылыңа малың серік,
Нүнерлі сегіз қырлы сырың берік.
Дүние аз күн қонақ мысалында,
Болған жақсы емес пе өзінде ерік.

Қадіріңді білмейтін жаман қызға,
Сөз жасытып құр бекер өтінбелік.
Жігітлікке муафық болса егер,
Бой тартып ол уақытта бекінбелік.

Ғұмырында рақатпен өтер жігіт,
Ұнатып бір сұлуды алса көріп.
Жарасып бір-біріңе өзіл сөздер,
Отырса мәхбүбәңіз¹ қасын керіп.

Хайырлы хәләл зайып болып шығып,
Шүбһәсіз көз алартпай жүрсең сеніп.
Жүреді осылайша қосылғандар,
Тән басқа, жаны бірге секілденіп.

Және де құр сұлу деп қарамалық,
Сыр-сыйфатын көрелік көз жіберіп.
Сырты алтын, іші фалыш болып шығып,
Сан соғып, құрбыларым, өкінбелік!

III

“Ойын-күлкі жастықта — гүл, — дейміз ғой, —
Сауық-сайран етелік, жүр”, — дейміз ғой,

¹ мәхбүбәңіз — сүйгеніңіз.

Сыпайы сөз, сынық тіл мүләйімсіп,
Әдеппенен қатты айтпай “сіз” дейміз ғой.

Сұхбат еткен сағатың жылға хисап,
Дүниенің қызығы қыз дейміз ғой.
Сахипжамал болсын деп құрбы ішінде,
Жан фида мал тәрік қып іздейміз ғой.

Мәселен, анау артық тауып кетсе,
Бірімізді-біріміз күндейміз ғой.
Көре алмаслық мүбтәлә¹ көп хафаға
Сүйгеннен айырылып жүрмейміз ғой.

Риядан болса да көзге алдап,
Мысалы, басқаменен күлмейміз ғой.
Алуан-алуан шарты бар жігіттіктің,
Хата қылмай ешбірін күйлейміз ғой.

Токта, бірақ осыдан пайда бар ма?
Хатамызды өзіміз көрмейміз ғой.
Ұзын сөздің қысқасы, құрбыларым,
Нүнер афзал бәрінен, білмейміз ғой.

ЖҰМБАҚ

Һәр түрлі бір түбекті аң жайлаған,
Арыстанды бастық қып хан сайлаған.
Айдаһар, жолбарыстан уәзірі бар,
Батырдың қайратына жан таңғалған.

Дос болған піл мен қасқыр және барып,
Һәр түрлі сый, зияфат ала барып.
Күшті аңның бәрі өзіне қараған соң,
Аузына түскен басқа аң домаланып.

Бұл арыстан мәнзилінде² мекен еткен,
Қанша аңның қаһар етіп қанын төккен.
Болса да қанша ғайып бетке айта алмай,
Күңкілдеп ұсақ аңдар жүрген шеттен.

¹ мүбтәлә — душар.

² мәнзил — тұрақ.

Арыстаннан ұсақ аңдар не көрмеген —
Терісін төсек қылып, етін жеген.
Бетіне қарсы келіп шақылдаса,
Не қалды ол байғұста енді өлмеген?

Осылай қанша заман өткен екен,
Арыстекен ойға алғанын еткен екен.
Бір зауал һәр қамалға деген мысал,
Батырға бір күн зауал жеткен екен.

Азырақ басқа жерде аң бар екен,
Оларда ғаділшілік заң бар екен.
Арыстанның қол астынан аз болса да,
Иттифақлы аңдары, һүнерлі бір хан бар екен.

Бір һүнер бұл ойлаған етейін деп,
Мықты аңның бастығына жетейін деп,
Ғаламға мәшһүр аңның ханы атанып,
Дүниеден сол есіммен өтейін деп.

Арыстан сол ниетпен соғысты бұл,
Шығарды қарап ұрып жоқ істі бұл.
Аз аңдар көп аңдарды жеңіп кетіп,
Жерінен алды арыстанның қонысты бұл.

Бұл аңдар сұрша ғана мақар екен,
Ғайратлы һәм хәйләлі шақар екен.
Арыстанды қарап тұрып масқаралап,
Бұл күнде жазирада жатыр екен.

Көрдін бе арыстекемнің мерт болғанын,
Жеңіліп дұшпанынан дерт болғанын?
“Ісімнен күнә сұмдық болды ма?” — деп,
Зұлымдық қылмасқа енді серт қылғанын.

Отырып бір күн арыстан ой қылыпты,
Халқын жинап: “Тәубе”, — деп той қылыпты.
“Қиянат күшті әлсізге етпесін” деп,
Аңдарға әмір шашып, қойдырыпты.

Тойына шақырмаған жан қалмаған,
Түлкі, қарсақ, құлан, киік, суыр, қоян.

Қасқыр, аю, бұғы, марал, борсық, тышқан —
Хайуанның жыбырлаған бөрі барған.

Арыстанға бұлар айтқан ғариза хал:
“Мекеннен біздің еткен қасқырларды ал,
Жерлерде бұлар жүрген біз жүрмейміз,
Біздерге күн көрсетпес осылар дәл”.

Дұшманы жуас аңның — қасқыр, қабан,
Жолбарыс, айдаһар да фиғылы жаман.
“Тіл тигізіп достарымды сөктіңіз”, — деп,
Арыстан той тарқатып ашуланған.

Жанжалмен тарқаған той болды тағы,
Тағы да жиналысты аң баяғы.
“Қорлыққа өлтірсең де көнбейміз”, — деп,
Үн қосып нашар аңдар ал шулады.

Той тарқатып арыстан шатырлаған,
Көбіне жанжал үшін қаһар қылған.
Үшінші рет жұрттың бәрін қайта жиып,
Бағзы нашар аңдарды шақырмаған.

Арыстанға бұл байғұстар өкпелеген,
“Ұстайсың бізді қорлап шетке”, — деген.
Арыстан айтқан: “Сіздердің керегің жоқ,
Мәжілісті бұзасыңыз текке”, — деген.

Бұлардың қалды сөйтіп көз жасына,
Кім білер қорлық келмей өз басына?
Арыстанның бұл хақында ниеті сол —
Ілгері қадам басып озбасына.

Қылмады арыстан уафа тәубесіне,
Аңдардың тоқтау салмай ғауғасына¹.
Өзі еткен әміріне хилаф келіп,
Сақина тілеп алды сау басына.

Сол аңдар емес дейді әлі тыныш,
Топтанып ақылдасқан күнде жиылыс.
Бұларды өзім барып көрмесем де,
Наныңыз, оқушылар, бекер емес.

¹ ғауға — у-шу, айғай-жанжал.

Ойыңа қалай келсе, солай түсін,
Сыртын көріп құр қойма, аңғар ішін.
“Өңдегім” деп айтуға қаймығамын,
Секілді еді осылай көрген түсім.

НАСИХАТ ҒУМУМИЯ

I

Бұл жазған, замандастар, насихатым,
Емесдүр риядан¹, хақ ниетім.
Көңілі ашық, көзі өткір, інілерім,
Һәр түрлі мүһим² істен пайда алатын.

Базары һүнер-ғылым ашылғанда,
Лайық емес сіздерге құр қалатын.
Жан фида ғылым үшін мал тәрк ет,
Артылсын күн-күн сайын мағрифатың.

Пайда жоқ іс өткен соң бармақ шайнап,
Алып қал осындайда бар хәжәтің.
Алмасаң айтқан тілді, ғазизлерім,
Күн болар өкінішпен зарланатын.

Нанбасаң, өздеріңіз ойлап қара,
Бұл айтқан болмас теріс дәлелетім.
Әлбетте, кеше болсаң қала бердің,
Барларың ұғарсыздар фарасатын.

Біреуден екеу афзал, екеуден үш,
Қосылсын һәммәңіздің иттифақың.
Жүргенмен жеке-жеке іс бітпейді,
Байқасаң, фікір етіп мұның фарқын.

Ішінде темір тордың шынжырлаулы,
Жатқанын көрмеймісің қайран халқың?
Көп қуып, қорқақ едік, батыр қылды,
Біздерге енді не бар аянатын?

¹ *рия* — іш мерез, екіжүзді.

² *мүһим* — маңызды.

Біз сонша сатып алған құл емеспіз,
Һәркімді төбемізге шығаратын.
Болады әбігер заман деген осы,
Байқасаң, Алаш ұғлы азаматым.

II

Шығады асыл — тастан, һүнер — жастан,
Тәрбие тәуір болса әуел бастан.
Мысалы, ғылым таппақ сол секілді
Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан.

Жігітке талаптанған мың рақмет,
Файдасын ғылымының халыққа шашқан.
Жаны ашып нашарларға қызмет етіп,
Салса егер түзу жолға болса адасқан.

Халық үшін жанын қиып шыққан болса,
Хайырлы һәр қадамы болсын басқан.
Көрсетіп тар орында таудай ғайрат,
Құтқарса мұхтаждықтан болса сасқан.

Қазақ қор болар ма еді көп болса егер,
Шаһбазлар осы айтқандай һүнері асқан.
Немене бұл күнгі хал ойлап тұрсақ,
Жақсымыз өз файдасын құр қарасқан.

Азырақ дәулет біткен кісі болса,
“Мен баймын, сен кедей”, — деп мал санасқан.
Болмаса бірлі-жарым талапкерлер,
Бозбала һүнерпазбен жоқ жанасқан.

Һиммәтсіз байларымыз бәрі надан,
Хайыр, ихсан¹, иғанатдан² аулақ қашқан.
“Анау артық, мен кейін қалам ба?” — деп,
Өзді-өзі хәсәдлікпен³ құр таласқан.

Молдалар айдалы іске уағыздамай,
Керексіз ұсақ сөзбен бәхәсласқан⁴.

¹ *ихсан* — жақсылық.

² *иғанат* — жылу, жәрдем.

³ *хәсәдлік* — күншілдік.

⁴ *бәхәс* — бәсеке.

Күзғындай қызыл көрген барар жетіп,
Кісіні көрсе билер бір дауласқан.

Үйінде ғаділдігі ұмыт қалып,
Биекем келуші ме еді пара алмастан?
Уаллаһи, көзім көрді мұның бәрін,
Наныңыз, жалған демей, шын растан.

III

Һүнерпаз қара жерге салар қайық,
Жиһаннан алар тағлым қанат жайып,
Һәр жердің тамашасын көзбен көріп,
Жастықта етер сайран болып ғайып.

Тұрғанда бойда қуат жүрген жақсы,
Аяғың бір күн қылдан кетер тайып.
Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ,
Отырма бір орында құр мұнайып.

Жүргеннен тіпті қарап байдалырақ —
Күнінде үйренсең де жалғыз хәріф¹.
Тамшыдан тама берсе, — болар дария,
Кетпей ме ақырында бір молайып.

Қылжақтап екі ауылдың арасында,
Не пайда жүргеніңнен құр сорайып?
Бай болып Һүнер білсең тіпті жақсы,
Зор қару дәулетінді бұл сақтарлық.

Тым артық кедей болсаң оқығаның,
Білгенге қиын емес кету байып.
Мағлұмсыз мал дәулеті уақытша
Бүгін — бай, ғажап емес, ертең — ғәриб.

Дүниеде кедейлік жоқ Һүнерпазға,
Түседі ләхытқа бірге барып.
Мысалы, надандықтың қараңғы түн,
Білгеннің жүрген жері — бәрі жарық.

Бұларды айту — бізден, істеу — сізден,
Мүбәда іні болса үлгі аларлық.

¹ хәріф — әріп.

Фибрат дүниеден алар болса,
Көрінеу түр кісіге сөз ұғарлық.

Қызына айтып, келінге байқатқандай,
Мағынасы көпке бірдей сөз шығардық.
Түсінер ишараға фәһімлілер,
Түс ашып “сол солай” деп не қылалық?

IV

Майда бол жігіт болсаң, тал жібектей,
Жақсы емес қатты болу тікенектей.
Ғылымың болса дағы ұшан-теңіз,
Файда жоқ өз халқыңа қызмет етпей.

Көрген мен көрмегенде көп фарық бар:
Ашылмас жігіт адам сыннан өтпей.
Лайықсыз ерсілікке арандама —
Һәр істің мазмұнына көзің жетпей.

Фибрат ал, жақсыларға жақын жүріп,
Қаша гөр жамандықтан аулақ шеттей.
Не нәрсе талаптансаң, табылады,
Офа жоқ ер жігітке жафа¹ шекпей.

Мысалы, хәрәкетің сол секілді,
Алмассың егін орып, тұқым сеппей.
Файданды жақсы болсаң, тигіз көпке,
Жатырқап һеш адамды сыртқа теппей.

Кезінде кезең жерден қосылып қал,
Бәйгеге ұлы дүбір өткен көктей.
Мақсұты хасыл болып ойындағы,
Илаһим² ер тілегін мақбұл еткей.

Тәуекел кемесіне мініп шыққан,
Ғылымның талиблары³ нұрын төккей.
Аз біліп, көпке ғашық болғандардың,
Ләззаты таңдайынан жүрген кетпей.

¹ жафа — азап.

² Илаһим — Құдайым.

³ талиб — талапты.

Қанағат, көп білдім деп етпе һүнерге,
Көре бер басқалардың азын кептей.
Жасында қалсаң махрұм сан соғарсың,
Болмайды жаман нәрсе өкініштей.

Шалқайып үйде жатсаң дәнеме жоқ,
Сарф етіп ижтиһатпен¹ малын төкпей.
Таппасаң дертке дауа, ғазизлерім,
Хафасы жұрттың қалың ауыр дерттей.

V

Шәкірттерді өтейінші бір жанап,
Шетке ұстамай сіздерді де бір санап.
Неше түрлі бұл заманда ғылым бар,
Үйренуге пайдалысын қыл талап.

Өзіңнен зор кітаптарды көтеріп,
Мағынасын білмей жүрме құр қарап.
Бірін сөгіп, бір хәлфені мәдахлап,
Көше таптап қыдырып, жүрме тарап.

Ата-анан, ел-жұртың көп үміткер:
“Фәленше жан келеді, — деп, — іске жарап”.
Сол үміткер шырағы сіз болсаңыз,
Үміт босқа шықпасын, ұмтыл бірақ.

Хәрәжәт кем көбінде болса дағы,
Мұхтаждыққа не түрлі оқы шыдап.
Мехнәттан рақат болмай қалмас,
Бір көрерсің файдасын ақыр, шырақ.

Орысша білмек қазаққа бек лазым,
Россияда болған соң біздің тұрақ.
Сусыныңды бар дағы қандырып қал,
Мысалы, ғылым жатқан ағып бұлақ.

Газет-журнал оқы да, мағлұмат ал,
Көз жіберіп һәр іске салып құлақ.
Аршын жұтқан кісідей қақырайма,
Намыстанбай, білгеннен үйрен сұрап.

¹ *ижтиһат* — тырысу, жанталасу.

Көздің жасын құрғатар жігіт қайда?
Таршылықта қазақ тұр біздің жылап.
Жүріп, жастар, араға жақындастыр:
Біздің халық һүнерден жатыр жырақ.

Құрт жайлаған тамырын қу ағаштай,
Бір күн сынып не болдық кетсек құлап?
Кім қызықпас жүрегін бір жалғауға:
“Мені же!” — деп алдында жатсақ сұлап?

VI

Әуелі үйренетін бір ғылымың,
Өзіңнің мұсылманша дін ғылымың.
Шарттарын исламның көміл білсең,
Ахиреттік азық берер шын ғылымың.

Бұйырған, тыйған ісін шариғаттың:
Секілді фарыз, уәжіп мұны ұғуың.
Хат жазып, түркі танып, құран оқып,
Қираәт¹, қағидамен жүргізуің.

Мұғалім аз оқумен бола қалсаң,
Мәзкүрлерді сәбилерге білгізуің.
Мүдәррис үлкен ғалым болғың келсе,
Шаһардағы ғали² медресеге тұр кіруің.

Екінші хажет ғылымың орысша дүр,
Өзіңе бек айдалы тіл білуің.
Қараған мемлекеттің лисаны³ не?
Мұны білсең, сақталар дүниелігің.

Россияның закондары өз тілінде,
Көрдің бе білмегенге зор қиынын?
Әлбетте, һәм русша шығарады,
Һәммә кітап, рисәлә, газеттерін.

Һәр түрлі халыққа деген бұйрықтарын,
Жазбайды біздің тілде бірде-бірін.
Көзіңнің шарасы бар, көңілің соқыр,
Немене білмеген соң көрген күнің?

¹ қираәт — әндетіп оқу.

² ғали — жоғары.

³ лисаны — тілі.

Әуелде біздің қазақ қорқып еді,
Баланың ықтимал деп бұзылуын.
Шоқынып солдат болып кетеді деп,
Қайтерсің білмеген соң іс мазмұнын.

Кеш біліп, кенже қалып көп пайдадан,
Жібергені сол емес пе жер мен суын.
Жол тауып әлде болса данышпандар,
Дұшманның құлатқай-ды тіккен туын.

VII

Кім жақсы халық ішінде — байлар жақсы,
“Кедей жақсы” дегенді іздеп тапшы.
Рас қой — байлық артық екендігі,
Орныменен дәулетті, байлар, шашшы.

“Мал бітсе, соған бітсін!” — деп айталық,
Халыққа жомарттықпен болса басшы.
Не пайда бәхил¹ болып құр жинаса,
Ондай пасық сараңнан алыс қашшы.

Мәз болмай мыңдап жиған малыңызға,
Ұмтылып ғылымға да көзіңді ашшы.
Көре алмай біреуіңнен бірің ассаң,
Өзді-өзің күншілдікпен болма ащы.

Бірінен-бірі тәғлим алмақ үшін,
Бұл күнде жердің жүзі араласты.
Білуге білмегенін құмар болып,
Нәрқайсы өрге ұмтылып жағаласты.

Азы көптен қорқып та қарап тұрмай,
Нүнер, ғайрат, білімін шамаласты.
Бойға сенген биіктер жайға қалып,
Талаптанған нашардың амалы асты.

Ұл, қыз демей баланы оқыт, қазақ,
“Пәлі, — делік, сонда біз, — мынау асты”.
Қазақ ойлар: “Балама қалың берсем,
Оң жағымда отауым сонда ұнасты”.

¹ бәхил — кешіру

Мұны пайда деп білме балаңызға,
Тұсау салып аяққа байлар басты.
Үш бұтынан ошақтың шетке шықпай,
Үйде отырып жасытар гауһар тасты.

Ата малы сенгені болып кетіп,
Жалқаулыққа салыну жарамас-ты.
Тәрбиесіз тоң мойын бай баласы,
Қайтарып жүр әр жерде ыхыласты.

VII

Бір айтпадым, көп айттым керек нүнер,
Бұл айтқанға халықта көп пе көнер?
Бұл заманда, көз салсаң, бір мінез бар:
Дұрыс сөзге табылмас кісі сенер.

Сонда дағы сөйлемей тұра алмас тіл,
Жалғандықты хақиқат ақыр жеңер.
Жатқан зарды ішіннен шығармасаң:
Ойда нең бар? Жұрт сені қайдан білер?

“Жуан қоныш, кең қолтық қазақтар”, — деп,
Құлағынан тұмақтың тартып күлер.
“Өтірік” деп айтуға тағы орын жоқ,
Намыстанып, көргенде көңілім жүдер.

Азын-аулақ болмаса саналылар,
Бозбалалар, көбіңнен үздім күдер.
Мыңнан біреу шыққанда басшы болып,
Жүзден біреу шықса екен соңына ерер.

Һәр тайфадан бір білген болып тұрса,
Сонда жұртқа шүбһәсіз үлгі берер.
Халық файдасын күзетсе осылайша,
Ісімізге, әлбетте, береке енер.

Бұл айтқанның махрұм һәммесінен,
Қалсақ бізді халыққа кім теңгерер?
Қайтіп тұрсын үндемей білген адам —
Ғақылы — дария, көзі — өткір, көңіл — шебер?

Алла жаққан кеудеде оты болса,
Су бүріккенге бөнденің қайтіп сөнер?

Тамшы қаны, қалғанша шыбын жаны,
Шаһбазлар білгенін жұмсап көрер.

Жеті өлім жоқ, біреуден — құтылу жоқ,
Ахыры тәқдир жеткенде бір-ақ өлер.
“Топырақты үйден жаз” деп сұрайтын
Жаны тәтті жақсылар бұған не дер?

IX

Ағайын барды күндеп көре алмайды,
Жоқ болса жомарттық қып бере алмайды.
Кеткені берекенің сол болмаса,
Білмеген білген тілін неге алмайды?

Екі көз бір-біріне дұшман болып,
Болса да қандай жақын сене алмайды.
Ұрысса қатын-бала әлдеқандай,
Үйіне бір-бірінің ене алмайды.

Ғұмыры ит жығыспен бара жатыр,
Белгілеп бірін-бірі жеңе алмайды.
Көлденең ағайындар дәлеләт¹ қып,
“Сіз бүйтіп бұзылмаңыз” дей алмайды.

Бастаса айдалы іске біреу шығып,
Соңынан көмек беріп ере алмайды.
Мал беріп жамандықты сатып алып,
Берсең де жақсылықты тек алмайды.

Арада фітнаның өрті жанса,
Құйса да туфан² суын сөне алмайды.
Әуре боп бірін-бірі жоғалтам деп,
Татулық иттифаққа келе алмайды.

Дау десе жаны құмар бейшараның,
Онымен неш бір нәрсе өне алмайды.
Аударып хақ фиғылын бұзықтыққа,
Жүре алмай түзулікпен оңалмайды.

Береке кәсібінде болмаған соң,
Түзеліп неш шаруасы оралмайды.

¹ дәлеләт — делдалдық, ара ағайыншылық.

² туфан — топан суы.

Біреуі біреуінен артық болса,
Бір-бірін илтифатпен тең алмайды.

Дұшманы сырттан болған жесе дағы,
Онда да тізе қосып кек алмайды.
Жамандап бірін-бірі мұқатса да,
Ешкімнен мұның жөн деп шен алмайды.

Х

“Құл” десең биді — күледі,
“Құл” десең құлды — өледі.
Асыл дегдар¹ заттарды
Мақтанбай әркім біледі.

Іші алтын, сырты мыс
Білмегенсіп жүреді.
Сезікті адам секіріп,
Мадақтап өзін көреді.

Тәңірі жаққан шам-шырақ,
Су құйсаң қайтіп сөнеді?
Намыстанып орынсыз,
Абыройын пенде төгеді.

Пенденің тілі сүйексіз,
Жеңілсе де жеңеді.
Орынсыз іске матассаң,
Жамандық сонан өреді.

Ықылассыз кейбір надандар,
Тасқа егін себеді.
Ақымаққа айтқан насихат
Дәл осымен тең еді.

Пендемін деп жүр мәз болып,
Дүниежүзі кең еді.
Өскен жігіт мұрат боп,
Кімге ғибрат береді.

Алтыныңды мыс етіп,
Бос сөзден не өнеді.

¹ дегдар — текті.

“Аздан тұтын асылды”, —
Данышпандар деп елі.

Жүгенсіз кеткен бас асау,
Айтқанға қайтіп көнеді.
Көңіл — батыр, тіл — қорқақ,
Айтатын сөзім көп еді.

XI

Қыздырмалы қызыл тіл
Түбіңе жетер — соны біл!
Файдасы жоқ тиындай,
Сөз байлығы — дария Ніл.

Күле кіріп, күңірене
Үйіңнен шығар ол құрғыр.
Көз алдында біртүрлі
Шыға беріп шашар сыр.

Тілімді алсаң, жігіттер,
Ондайлардан аулақ жүр!
Жақтай жүр афзал заттарды,
Бейне бір сөзі — ол бұлбұл.

Жарысқа салсаң жаратып,
Озатын мыңнан бұл дүлдүл.
Саяхатшы біз пенде,
Сайрандауға дүния гүл.

Бейхабар жатпа, жас ұлан,
Шығып тұр қазір һәрбір тұр.
Һүнерден алып үлесті,
Халыққа шашсақ болар нұр.

Қатын-бала асырап,
Мал жиғаның былай тұр.
Хайуаннан артық қай жерің,
Надан болып жүрсең құр.

Жақсымен өткен мәжіліс,
Бір сағаты — бейне жыл.
Жаманның сенбе сөзіне,
Тайдырып кетер жіңішке қыл.

Дегенге “доспын” тез нанба:
Сырын біліп, көңіл бүр.
Аяғынды байқап бас,
Кез келмесін қазулы ор.

XII

Шікірейіп, я жігіттер, кетпелік,
Инсанлыққа ерсі жұмыс етпелік.
Қарастырып халық файдасын жабылып,
Көмек беріп мұхтаждарға көптелік.

Файдасы жоқ исафтан¹ бой тартып,
Керексізге бекер малды төкпелік.
Қадари хал біреу шықса талапкер,
Рәд² қылып хәсәдлікпен сөкпелік.

Қайда қалған өткен заман қызығар?
Омыраулап күшке салмай, ептелік.
Әлдеқандай заман болар алдында,
Ғафилдықта бекер шулап өтпелік.

“Мынау керек” деген істен құр қалмай,
Нашар істен шама келсе шеттелік.
Халыққа келсе мұбада бір таршылық,
Мұны, әлбетте, басқа демей, дерт делік.

Сүйекке сіңсе, айда бермес, жамағат,
Жақындатып бойымызға ертпелік.
Тың кезінде қалған жақсы қимылдап,
Тұрса тәуір үнемі бізге ерік беріп.

Кіріспекші болсаңыздар бір іске,
Уәдені бұза бермей ет берік.
“Мынау ісің хата”, — деген кісіні
“Сөкті мені”, — дей көрмеңіз жек көріп.

Басқаларды кемге тұтпа, мырзалар,
Өзінді-өзің әлдеқандай биік көріп.
Екіжүзді бола көрме, асылым,
Сырттан сөгіп, мәдах айтып бет көріп.

¹ исаф — төгіп-шашу.

² рәд қылу — кері қағу.

Ертеңіне қалма ұмытып, шыншылым,
Достарыңа бүгінгі күн серт беріп.
Сырты дос боп жүрген болса, іші жау —
Ондай итке: “Маңайымнан кет”, — делік.

XIII

Ғибрат жаздым жасқа еткен талап,
Қасыңнан ұран салып өттім жанап.
Желікпей, жүйрік болсаң тұра алмассың,
Кермеде арғымақтай тұрған жарап.

Һәр баптан шешен болсаң сөйленерсің,
Бұлбұлдай бақшадағы бейне сайрап.
Күнінде қызғылықты қимылдап қал!
Тіл мен жақ, байланарсың бір күн әлі-ақ.

Һүнерден, бозбалалар, үлес алмай,
Махұрым үйде отырып қалма қарап.
Сен өсіп кәмалатқа жеткеніңше,
Базары бұл ғылымның кетер тарап.

Тарылып дін, дүниеміз бара жатыр,
Япырмау, білген бар ма — мұны ғажап?
Ойламас ертеңгісін не болар деп,
Салынып жалқаулыққа біздің қазақ.

Һәр түрлі кемшілікті ғибрат қып,
Етеді басқа жұрттар бізді мазақ.
“Бекер” деп құр кеудеге сала бермей,
Бізге де лайық қой мойынға алмақ.

Жарысып жұрттың бәрі Һүнерменен,
Болып тұр қалам, сия қару-жарақ.
Білімді — мыңды, білекті — бірді жығар,
Халықтың артуына Һүнер сәбәп.

Тәуфиклы¹, инабатты болсаң, жігіт,
Құрметтер халық сені дәрежелеп.
Уәғдасыз өтірікші болсаң мәгәр,
Бәддұға² оқыр саған һәркім қарап.

¹ *тәуфиклы* — тәрбиелі, көргенді.

² *бәддұға* — қарғыс, теріс бата.

Афзалын мінез-фиғыл, жүріс-тұрыс,
Лайық мұның бәрін алсаң тандап.
Сырың бір, қырың сегіз болсын, құрбым,
Бұл өзі бозбалаға ауыр салмақ.

XIV

Басылсын халыққа тарап бұл книжке,
Жазылған келгенімде жиырма беске.
Кәдірлеп сөз асылын танығандар,
Қолына ала отырсын мәжілісте.

Өзіммен мәсіләктес құрбыларым,
Көтеріп лақабымды алсын еске.
Мағыналы сөзім терең болмаса да,
Бір әсер бермейді деп үміт кеспе.

Міржакып бар сөзімен базар ашты,
Жиылып, һүнерпаздар, кел кеңеске.
Сынына білгіштердің сөзді салып,
Болмайды “ғақыл, совет” бер демеске?

Өзіңді биік ұстап менмен болып,
Лайық па емтихан ғып тергемеске?
Тал түсте қойға қасқыр шауып жатса,
Дұрыс па көре тұрып үндемеске?

Һәр іске өз формынша баға беріп,
Хиянат — теріс, ғаділдік — шын демеске?
Білімсіз топас болсаң мойынға алып,
Бола ма ғайрыларға “біл” демеске?

Іс істе татулықпен басың қосып,
Файда жоқ құр шулаған ерегісте.
Шамаңнан келмес жерге бой көрсетпей,
Бұлданба өз қолыңнан келер іске.

“Фәленше білсін” деген сөзге мәз боп,
Мырзалар, тілімді алсаң елеуреспе!
Жұмысқа абыройсыз қатынаспай,
Бел байлап төуекел қыл жеңер іске.

Һәр іске һүнер, хәйлә керек болар,
Тіл алсаң — омыраулап салма күшке.

Бұл сөзім илтифатсыз босқа қалып,
Түбінде қалып жүрме өкінішке.

XV

Көңілі бозбаланың ашылғандай,
Құмары кәрілердің басылғандай.
Ләззаты көпке бірдей сөз шығардық,
Халыққа пайда беріп шашылғандай.

Һәркімнің қышуына тие сөйлеп,
Мәдахлап дәреженді асырғандай.
Сөзіңмен дұшманды азайт, досты көбейт,
Тасалап ғайыбыңды жасырғандай.

Һүнермен құрбы ішінде көсемдік қыл,
Өзіңе мұхтаж келіп асылғандай.
Артылып достарыңның махаббаты,
Болмасын дұшпандарың басынғандай.

Жақынсып жұртқа тегіс сене берме,
Білдің бе, досың қандай, қасың қандай?
Болмаңыз көрсеқызар көрінгенге,
Байқаңыз: фасық қандай, асыл қандай?

Ененді шыға беріп кетер боқтап,
Көзіңше болса дағы бас ұрғандай.
Хафада жұрттың көбі жүр әуре боп,
Мақсұды көңіліндегі хасыл болмай.

Арыстандар айға шауып мерт болып жүр,
Ғайраты бойға сыймай ашынғандай.
Бұл күнде көбі хор боп жүр емес пе,
Шаһбазлар қалың жауды қашырғандай?

Файда жоқ ірілікте, байқасаңыз,
Көз жібер: олақ қандай, тәсіл қандай?
Фасықтар ер қадірін қайдан білсін,
Көрмейді ой жіберіп нәсіл қандай?

Файдасыз мылжың сөзді һәркім айтар,
Келмейді сөздің нәші асылданбай.
Һәммәсін бұл айтқанның байқамайсың,
Өзіңе-өзін, жігіт, қасың бардай.

XVI

Әфәндім, хата қандай, анық қандай?
Бұл күнде көз жіберсең, халық қандай?
Ілгері басқан аяқ кері кетіп,
Хафада жәрдем таппай тарыққандай.

Арасы — аспан менен жер секілді,
Мысалы, қараңғы мен жарық қандай?
Хиянат ғәділдікпен жанасар ма,
Байқасаң, арасында фәрқ қандай?

Бенденің бірі — күшті, бірі — нашар,
Өлшесен, жоқтықпенен, барлық қандай?
Берер ме қойшы болып қасқыр уафа,
Ізгілік залымдықтан ғаләб¹ болмай?

Жақсы мен жаман кетті араласып,
Фиғылын неш адамның танып болмай.
Өкініш күн өткен соң бермес айда,
Ғылымның шәрбәтынан қанып қалмай.

Тұрғанда тән сәламат неге отырсың,
Жеріңе көңілге алған барып қалмай?
Жармасып жағаласпай дәнеме жоқ,
Тиесілі сыбағанды алып қалмай.

Жұмсайтын һүнер орны кез келгенде,
Зәрәшә² болса дағы салып алмай.
Көз жібер һәр нәрсенің асылына,
Сөзіне алдаушының нанып қалмай.

Жастықта не қылсаң да жарасады,
Қартайып күнің болар жалыққандай.
Қан түссе аяғыңа озар мәстек,
Осындай аманында шауып қалмай.

Бел байлап тәуекелмен жұм көзінді,
Ешкімнен жүрексініп хауыфланбай.
Ғазиллер хафалықта жүр әуре боп,
Неш нәрсе бұл уақытта анықталмай.

¹ ғаләб — жеңіс.

² зәрәшә — түйірдей, кішкентай ғана.

XVII

Болады Торғайский уәләятим,
Тайфам — Арғын, Мадияр — асыл затым.
Бұл сөздің мұхаррирі һәм наширы,
Дулат-оғлы Мир-Яғкуб — өзім атым.

Зәрәшә халыққа ғайда келе ме деп,
Бұл еткен сол ниетпен қызметім.
Қиыстырып қадари хал айттым назым,
Көтеріп оқушының көңіл шатын.

Сөзімді жауып қоймай халыққа тарат,
Тілейтін құрбылардан бір хәжәтім.
Майданға сөзді салып құрдым дүкен,
Һәр істің тәңіріден деп қабуләтін.

Һүнерге жүрмін сусап құмарланып,
Ғылымның аз татқанға ләззатын.
Тағлим, тәртіп үшін жүргендеймін,
Іздеумен жері болса табылатын.

Школға берген еді атам марқұм,
Заманның түрін көріп тарылатын.
“Орыстың тілін біліп, хатын танып,
Біреуте болмасын, — деп, — жалынатын”.

Болғай-ды жайы — жаннат, иман — көміл,
Бихисаб еткей Алла рәхмәтін.
Аз білген ғылымымның саясында,
Милләтке қызмет ету ижтиһадым.

Білдіру білмегенге білгенімді,
Өзімнің деп білемін зор міндетім.
Мен жүрмін жиһан кезіп, халық аралап,
Жүрте күн болар деп жалығатын.

Һәр елді өз көзіммен көрейін деп,
Себеп боп мұталиғам¹ ашылатын.
Үлгілі жақсылардан өрнек алып,
Мақсүдпен арттыруда мағрифатым.

¹ мұталиға — бақыт, ырыс.

Көп пайда аз ғылыммен көрсетпесе,
Көп біліп кім болады Әфлатон?
Пайдасыз ғылымда жоқ ешбір уафа,
Ішуге ащы судай жарамайтын.

Болғайсың таудан аққан тәтті бұлақ,
Ыстықта шөлдегендер жабылатын.
Қысылған мұқтаждарға жәрдем беріп,
Халықтың өзіңе аудар махаббатын.

Қадірің дос-жарларға болсын сондай,
Сыртыңнан көрмегенде сағынатын.
Өскенде нүнер табам деп ойлама,
Нәрнешік күнің осы талпынатын.

Зиһінім² хайыршының дорбасындай,
Қайткенде артылады мағлұматым?
Жастықтан қызғылықты болар заман
Я өліп, я қартайып айырылатын.

¹ *зиһін* — зерде.

ИСМАҒИЛ ГАСПРИНСКИЙДІҢ АЙТҚАН СӨЗІ

“Тәржиман” газетінің мұхәррирі машһүр Исмағил Гаспринский жәнәбләрі біздің қазақ халқына жаны ашып, өзінің газетасының 1909 жылғы 46 нөмірінде төмендегі сөздерді жазған. Кейбір түсінуге ауыр лұғатларын¹ қазақша етіп жаздым.

Гаспринский жәнәбләрі жазады: “Келсе сабан — бітер шобан, жетсе заман — үйіріміз аман”. “Аральскийден Ақмолаға шейін һәм онан да әрі Ташкенттен Алматыға уә Семипалатқа кәдәр², яғни Россиядан қазақ іштеріне Түркістаннан Сібірге шейін теміржолдар салтынуы мізакирә³ етіліп жатыр. Шәһәрде тұратұғын халықтар, хусан саудагерлер һәм үкімет те осылайша болуын ұнатады. Олай болғанда, бес-он жылдың ішінде теміржолдар тартылып, отарбалар, вагондар қазақ даласының басынан кіріп, аяғына шығашықдыр.

Мағлұмат ғой, теміржолдарымен көп сатушы, алушы, жер алу үшін хохолдар селдей ағып келеді. Малдың, жердің, судың бағасы бұл күнгісінен он есе көтерілмек, сауда істері де үлкен өзгерер, ілгергі халдерін ойламаушылар һәләк⁴ болашақ. Не үшін десеніз, бұл күнге шейін қазақ қала салып бір жерде отырмай, һәман мал бағып көшпелікте жүр.

Россиядан үсті-үстіне көшіп келген мұжықтар қазақтың жақсы жерлеріне орнығып, қазақтар шөл далаға шығып қалар.

Жері тарайса, малдың өрісі қысқарар. Өріс қысқарса, күннен-күнге аяқты мал азаяр. Бұлай болғанда — қазақтың әуелі малы кеміп, бастарына зарар болар. Құдай өзі сақтасын! Мұның һәммәсін көре тұрып, ғафил жату адамшылыққа лайық емес; қазақтар атамекен жерлерін, қыстау, егіндіктерін жақсы сақтасын. Бұрынғы көп жерінен айырылып қалғандары өздерінің қазіргі сыбағасына тиген жерлерін тәрбиелеп, ноғай, сарт, орыстарша егін салсын. Неге десеніз, бұл заманда байлық аяқты малда емес, егінде қалды. Бұл өткен қырық-елу жылды көзінен кешірген қазақ бауырларымыз аз фәһім жіберсе, бұл сөзді аңғарар.

¹ лұғат — сөз, сөздік.

² кәдәр — шейін.

³ мізакирә — кеңесіліп.

⁴ һәләк — мерт, жок.

Сөз басында “Келсе сабан — бітер шобан” дегеніміздің мәнісі: бұрынғы уақытта біздің Қырым халқының көбі дәл қазақ секілді мал асырап, көшіп жүреді екен. Араларына орыстар, немістер келіп, қала болып, егін сала бастаған соң, бұлардың малдарының өрісі тарылып, біздің сол мал баққан халқымыз елу жылдың ішінде тамам жойылды десек жарайды. Бұл күнде қабірлерінің де қайда екені мәлімсіз. Бұл күнгі Ставрополь, Екатеринослав, Херсон, Бессарабия губерниялары түгел түрік жерлері еді. Қазірде ол жерде нешбір аулымыз қалған жоқ. Олардың бастарына бір қырғын келген жоқ, мағлұм мал бағатын жер-суынан айырылған соң азып-тозды.

Бізге анық мағлұм, бұл жазған сөзімізді мыңнан бір қазақ оқымас, оқыған болса, бұл күнге шейін мұндай қызғанышты халде қалмас еді. Бинай ғалия, бұл сөзді кім үшін жазамыз? Қазақтан болған молдалар, саудагерлер, мұғалімдер, ғылым жолында жүрген жастарды көздеп һәм көңілде тұтып жазамыз.

Құдайдың әмірімен қазірде Хожа Ахмет Йасауи хазіретлері қабірінен тіріліп шықса, қазақ халқына дін үйретпес еді. “Өздерің де мұсылман екенсіңдер”, — деп, дүлдүліне мініп атып, Қара Еділден Алатауға, Омбыдан Әмударияға шейін қазақ бар жерді аралап: “Тез жұрт салып, шөһәр болыңдар, егін саймандарын алып, жер жыртыңдар”, — деп жар салар еді.

Басында ми, көңілінде сәулесі бар һәр кісіге қадари хал жәһід етіп қазақ халқын оятуға, қала болып егін салуға қызықтыруға міндет. Қазақ ішінде иман болушылар бес уақыт намазды оқытуға қандай қылса, бұл іске де сондай жәһід қылсын. Егер қазақ халқы таршылықтан қырғындық тапса, қабір басындағы тастарға молланың не қажеті бар, намаздың не қажеті бар?

Жоғарыда молдалар, саудагерлер, мұғалімдер деп едік, сөз ақырында қазақтан болған социал-демократтарға бір ауыз сөз айтамын. Европаның пролетариясы үшін қанды жастар төгуіңіз пайдалы, бірақ өз халқыңыз қазаққа артық назар салыңыз, орыстың қара халқы мазлұм¹, күнелтуі ауыр, сонда да — алды ашық. Қазақ халқы алты миллиондық бір ұлы бола тұрып, басқа халыққа қарағанда жәрдемсіз азып-тозып кетер”.

“Мәрхамат”².

¹ мазлұм — тепкі көрген, жәбірленген.

² мәрхамат — қайырымдылық.

СӨЗ АҚЫРЫ

Жақындап келді сөзім тамамына,
Ұсындым сынаушының назарына.
Орынсыз хатам болса көрсетіңіз,
Ғибрат еске түсіп аларыма.

Бұл сөзді жазғаным жоқ ақын болып,
Халық тентек, жалғыз өзім мақұл болып.
Қайғы мен хал мүшкілін білдіргенім,
Ұйқыда жұрт жатқан соң ғафыл болып.

Қазақтың өзім дағы баласымын,
Білемін сол себепті рәсімін.
Хәйламен қақпан құрған жауды көріп,
Теріс пе сізге келіп сыр ашуым?

Мұсанниф¹ һәр халықтан өткен сайрап,
Заманның кемшілігін айтқан зарлап.
Үзілмей данышпандар шығып жатыр,
Милләтке жаны ашып, ғамын ойлап.

Орыста Пушкин, Гоголь, Лермонтов,
Крылов, Тургеневтер кеткен өтіп.
Қартайып бұл уақытта Толстой тұр,
Өзіне мәсіләктес ерлерді ертіп.

Қазақта бұлар теңдес бар ғой шешен,
Халықтан мойны озып болған көсем.
Семейден шықты Ыбырай Құнанбаев,
Сөзінде хата бар ма сынап көрсең?

Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,
Сөзі алтын, мағынасы меруерттей.
Оқыған ғибрат алып жас жігіттер —
Һәммәсі өз халқына қызмет еткей.

Оралдан Әбубәкір молла шықты,
Омбыдан Қыпшақбайдай жорға шықты.
Торғайда Ақмолла мен Нұржан жатыр,
Шөже, Орынбай, Мәшһүр Жүсіп о да шықты.

¹ *мұсанниф* — автор, құрастырушы.

Бұлардың һәрбір сөзі файдаға асқан,
Һүнерін хатқа жазып халыққа шашқан.
Мақтап өлең айтпаған нәрсе алуға
Ғажайып хикмәттің¹ кілтін ашқан.

Бұлардан басқа ақын көп, сөз бұлдаған,
Бергенді мақтап, сараңды жамандаған.
Есімін оның үшін жазбаймын мен,
Болған соң хадимлардан саналмаған.

Һәр баптан білгенімді жаздым сорттап,
Барыма қанағат ет деме жоқтап!
Артуын абыройдың хақтан тілеп,
Етілді сөз мұхтасар², қалам тоқтап.

¹ хикмәт — даналық.

² мұхтасар — қысқартылған.

“АЗАМАТ”

жинағынан

(1912-1914)

АЙТЫС

(Лермонтовтан)

Бір кезде әлдеқалай бір нәсілдес —
Алдында көп таулардың болып кеңес.
Қазыбек, Шат тауымен екеуінің
Бір үлкен арасында шықты егес.

Кәрі Шат деді: “Сақтан, — Қазыбекке: —
Адамға бағынбадың тіпті текке.
Үй салып, түтіндетіп етегіңе
Қиратса ағашың да бармас көпке.

Уатып тас кеуденді темір күрек,
Алтын, жез қазынаңды алар керек.
Жалғыз-ақ бүркіт ұшып, тұман жүрген
Жеріңнен өтер керуен жол ғып сермеп.

Адамзат, Қазыбегім, хайлалы ол,
Бір іске талап етсе табады жол.
Сақтан, дос, аяқ алыс нашар деме,
Халқы көп Күншығыстың қайраты мол”.

“Қорықпаймын Күншығыстан, — деді Қазыбек, —
Ондағы адамзатты білемін бек.
Мінеки, тоғызыншы ғасыр болды,
Ғафлат ұйқысында жатыр құр тек.

Қарашы, грузиннің істеріне,
Көпіртіп тәтті шарап ішкеніне.
Ағаштың саясында сұлап жатып,
Төккенін ұйқылы-ояу үстеріне.

Түтінін бүркылдатып қорқор тартқан,
Сүйеніп орындыққа қолын артқан.
Маржандай жылтыраған чишмә алдында —
Иранды көрмеймісің қалғып жатқан.

Құддыстың етегіне салсаң назар,
Қураған, үнсіз, жансыз шөл дала бар.
Алланың фәрманымен өрт шалғанда,
Сарғайған сәні кетіп, қашқан ажар.

Жайылған онан әрі Нілдің суы,
Көгеріп көтерілген көкке буы,
Жауынгер патшалардың зияраты
Іргесін толқын шайып кеткен нұры.

Жаңылған бәдәуи де аттаныстан
Барымта, батырлықпен мал табысқан.
Әндетіп жұлдыз санап өткен күнмен
Істерін бабалардың еске алысқан.

Не нәрсе болған мүмкін көзбен көрмек,
Тып-тыныш жатыр ұйықтап қылмай еңбек.
Алжыған Күншығысқа оңайлықпен,
Жок, достым, болар қиын мені жеңбек”.

“Мақтанба, — деді қарт Шат, — күнібұрын,
Әуелі байқа ақылмен істің түрін.
Көзің сал Солтүстікке мұнарланған
Бір қатер көрінеді, жарықтығым”.

Бұл хабарды берді хафа Қазыбекке,
Қайғырды өңі қашып, тұрып текке.
Көреді қалың қара қаптаған жау,
Қараса бір мезгілде Солтүстікке.

Дулыға, сауыт киген әскер басы,
Қасында ең сенімді жан жолдасы.
Шұбырған ілек-ілек қалың әскер,
Оралдан Дунай суы бет алысы.

Шаңдатып атты әскер өтіп жатыр,
Ту ұстап, дабыл қаққан өңшең батыр.

Дүние жаңғырыққан тұман басып,
Болғандай бейне қазір заманақыр.

Қаптаған күшті өскер көшкен бұлттай,
Түсінен тұрар емес көрген қорықпай.
Бұлақтай таудан аққан шуылдасып,
Келеді Күншығысқа ол жуықтай.

Ой басып қорқынышты, есі кетіп,
Бұлдырап екі көзі түсті кетіп.
Хафалы ер Қазыбек санап еді:
Есебін біле алмады жаудың жетіп.

Қарады сонда батыр қайғы батып,
Тұқымдас тауларына назар атып.
Түсіріп дәл көзіне киіп бөркін
Қабағын қарс жауып қалды қатып...

ТАЗА БҰЛАҚ

Бар екен таудан аққан таза бұлақ,
Түк ел жоқ маңайында қылған тұрақ.
Жағалай біткен ағаш жапырақты,
Жайқалып күн мен желден тұрған қорғап.

Шілденің тас қыздырған ыстық күні,
Мөп-мөлдір суы салқын, әйбат түрі.
Шыныдай жалтыраған тазалығы
Көрініп айнадай боп жатқан түбі.

Жиһангез үш жолаушы келе жатқан,
Шөлдеген ыстық күнде таңдай қатқан.
Кез болып бақытына әлдеқалай
Су ішіп мейірі қанған сол бұлақтан.

Рақат сусын қанып, жан жайланып,
Қарап тұр аққан суға қайран қалып.
Көреді суағардан жазулы тас,
Жағалап жоғарырақ жүрсе барып.

Үшеуі мұны көріп қалды тоқтай:
“Жапанда жазуы бар неткен тақтай?!”

Жазылған оқып көрсе, сөзі мынау:
“Болсаң бол, ей, жолаушы, бұл бұлақтай!”

Саудагер екен бірі үшеуінің,
Тыңдаңыз сондағы айтқан сөзі мұның:
— Япыр-ай! Бұл жазылған ақыл екен,
Өткізбей ағар бұлақ күні-түні.

Алысқа бармақшы ол тынбай ағып,
Қосылмас өзге бұлақ бұған неғып?
Зорайып ақырында өзен болып,
Суынан пайдаланар тамам халық.

Меніңше, мұнан мұрат, мағына сол:
“Кәсіп қыл, жалқауланбай, талапты бол.
Бұлақтай мақсұдыға сен де жетіп,
Басыңа тигізерсің пайдаңды мол”.

Екінші ғалым екен аса зерек,
Ол айтты басын шайқап, назданып бек:
— Бұл сөздің мағынасы сіз айтқаннан,
Меніңше, болса керек теренірек.

Бұл сөзден ғибрат сол адамзатқа:
“Тегін қыл жақсылықты, пұлға сатпа.
Бұлақтай кез келгенге даяр болып,
Міндетсіз білімді тарат халыққа”.

Жас жігіт жолаушының үшіншісі,
Әдемі көрер көзге көркем кісі.
Токталып еш нәрсе айтпай тұрып еді,
— Не ойлайсың, сөйле, мырза?! — деді өзгесі.

Бұл жігіт берді жауап сонда тұрып:
— Орнында ақпай бұлақ тұрса тұнып,
Шөп-шалам, шаң-топырақ, селеу басып,
Сарқылып қалар еді әлі-ақ құрып.

Жұрт құмар бұлақ таза болғандықтан,
Жазудан мағынам сол менің ұққан:
“Көңіліңді бойыңменен таза сақта,
Пәктікпен артыларсың сонда жұрттан.

Ақ пейіл, таза жүрек, жүзің жарқын,
Секілді мөлдір бұлақ суы салқын.
Болғандай дертке шипа жаны сүйіп,
Шүбәсіз пайдаланар болсын халқын”.

ЖҰТ

Кетер ме көпке шейін Доңыз естен,
Былтырғы қатты боран қыстайғы ескен?!
Жетпіс пен сексендегі қариялар:
“Көрмедік сұрапылды мұндай”, — дескен.

Үскірік, аяз, боран араласқан,
Екі үйдің арасында жан адасқан.
Қабағын түйіп келген қаһарлы жұт
Салды ойнақ сахараға уытын шашқан.

Мұндайда қасқыр қарап қалсын неге?
Қашаннан тісін қайрап жүрген неме.
Көп берді жұтқа көмек бір жағынан,
Демеді: “Қызғаныш қып жұтта жеме!”

Қырылды қосты жылқы сорға түсіп,
Омбы қар, терең сай мен орға түсіп.
Хал кеткен қайыруға жылқышылар,
Жанымен қош айтысты олар да үсіп.

Үстінде ұзын жолдың қалашылар,
(Күн бар ма кедей сордың бағы ашылар).
Токтаусыз күні-түні соққан боран,
Біразын қалған басып қазасы бар.

Балалар боқша аркалап, барын киген,
Сабакқа бармақшы боп шыққан үйден,
Жеткенше аяқ-қолын домбықтырып,
Бетінен тызылдатып аяз сүйген.

Суатқа мал суғара барған малай,
Келеді құлақ-мұрнын о да уқалай.
Кенеттен бір мезгілде боран соғып,
Лағып құба жонға кеткен талай.

Жылқыны Доңыз солай қырып кетті,
Жұмысын бітірді де, жүріп кетті.
Сан байлар жүген ұстап қала беріп,
Сабасын керегеге іліп кетті.

Қайран ел, қандай едің заманыңда,
Күн бұрын сақтанбадың аманыңда.
Алдына жау мен жұттың айдап салып,
Сөйтетін қор болып жұрт қаларыңда.

Жаз туса бейқам едің, қыс жетпестей,
Қызық күн бастан, сірә, неш өтпестей.
“Жаратқан Құдай артық халықпыз”, — деп,
Қолыңнан төрт түлік мал бір кетпестей.

Керді ме енді көзің кеткендігін,
Замана өз жұмысын еткендігін.
Сақтанбай салақ өскен жалқау жұртты,
Көндіріп кедейлікке жеткендігін?

Ақылын жанашырдың алмаушы едің,
Сөзіне, сірә, құлақ салмаушы едің.
Қымызға шекең қызып, тойсаң етке —
Пайдасыз құрғақ дауға талмаушы едің.

Жаз жимай қыс азығын жатушы едің,
Арзанға қымбатынды сатушы едің.
Еңбекпен табар пайдаң болмаған соң,
Борышқа шаш етекпен батушы едің.

“Баланды оқыт” десе қашушы едің,
Малыңды “партияға” шашушы едің.
Алдында дұрыстықтың көзді жұмып,
Аңқылдап теріс іске басушы едің.

Кең қоныс, атамекен кеткен жоқ па?
Орнына “хохол” сұмырай жеткен жоқ па?
Мал болса бар сенгенің — о да азайып,
Заманы көші-қонның өткен жоқ па?

Кәсіпсіз қиын жұрттың күн көруі,
Шаруаның осы кезде кетті түрі.
Жүз жылқы қарға салған қазақтардан,
“Хохол” бай пар өгізді жазғытұры.

Қара жер анамыз ғой бізді тапқан,
Өлгенде тағы қайта қойнын ашқан.
Қол үзіп, сол анадан айырылмасақ,
Өлтірер бізді тіпті қалай аштан?!

ШЕШЕНІҢ БАЛАЛАРЫН СҮЮІ

Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын?
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,
Шешең байғұс дамылсыз жүретұғын.

Кім сендерді, балалар тербететін,
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?
Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.

Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең?
Бетін жуған жасымен сорлы анаң
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін.

Кім сағынар сендерді келгеніңше,
Құлыңдарын көзімен көргеніңше?
Сендер қайтып келсеңдер адам болып,
Неш арманым болмас еді өлгенімше...

АЯҢЫЗДАР ЖЕТІМДІ (*Ғ. Тоқай ізімен*)

Жақсы сізге, балалар,
Қысқы кеште рақат!
Жылы үйде жайланып,
Отырсыздар көңіл шат.

Ызғарлы боран соқса да,
Терезеге тақта-тақ.
Балапандай ұяда
Уайым жоқ сізге нақ.

Бәріне жұрттың жасаған
Бермеген бірақ түгел бақ.

Толып жатыр жалғанда
Жетім-жесір, кем бейбақ.

Біреулердің шешесін
Ерте алған ләхат.
Кейбір балалар айырылған
Атасынан бейуақ.

Осыларды, балалар,
Кез келтірсе сізге хақ.
Бірге туған бауырындай
Еркелетіп бағып-қақ.

ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ

Білесіз дүниежүзі толған халық,
Олардың арасында бар көп парық.
Алты айлық алыс сапар аралары,
Тұрады бір-бірінен хабар алып.

Шашатын сол хабарды газет-журнал
Хал-жайын, шаруаларын түгел жазып.
Жетеді күнбатысқа жұмасында
Оқиға күншығыста болған анық.

Һәр жұрттың күзетшісі — көз-құлағы,
Айнадай оқушыға бөрі жарық.
Болса егер қауіп-қатер, жау менен жұт
Білгізер күнібұрын еске салып.

Болмаса газет-журнал білу қиын,
Көзімен көре алар ма һәркім барып.
Жылында төрт-бес теңге төлеп тұрса,
Кісіден сұрамай-ақ болдың қанық.

Қимасаң аз нәрсені өз пайдаң,
Есігі өнер-білім саған жабық.
Дүниені жүріп көрмей, естіп білмей,
Жатасың ішің пыспай үйде неғып?

“АЙҚАПҚА”

Екі жылды зарменен
Өткізді журнал “Айқабың”.
Алашты тегіс аралап,
“Айқабым”, жайын байқадың.

Оңына жұрттың сүйініп,
Теріске басты шайқадың.
Алабыңа жиылды —
Білгіші һәрбір тайпаның.

Мұң-мұқтажды күзеттің
Көрсетіп өрнек байтағын.
Оқушың отыр құмар боп,
Тағы да бар ма айтарың?

“Айлық жүріс алыс” деп,
Айында екі шыққаның.
“Шабандық ерге намыс” деп,
Өз борышыңды ұққаның.

Жүрек қанын, көз жасын
Қайнаттың қозғап жұрт қамын.
Түзу жолға салам деп,
Адасып теріс ыққанын.

Хақиқатты тура айтып,
Жасқанып, жасып бүкпададың.
Аз пұлменен көп қайрат
Көрсеттің ерлік, сырттаным!

Қазақтан шыққан жүйріктер
Көрсетті көзге шабысын.
Қаламы өткір білімпаз
Шашты алысқа дабысын.

“Алаш!” деп ұран шақырды,
Жұртының жоқтап намысын.
Жарқырап жанған жұлдыздай,
Ұқтырып айқын һәр ісін.

Көңілі жабық, көзі көр
Білсін қайдан мәнісін?
Жолбасшы болған заттарға
Абырой, бақыт дарысын!

Жомарттықта бірінші
Орын алған ел едік.
Үш теңгеден өлмеспіз,
Кел, мырзалар, берелік!

Білгіштердің соңынан
Шұбырып біз де ерелік.
Газеттің сөзі ертегі —
Ерігіп жазған демелік.

Толықсып кеше тұрғанда —
Біз кімдерден кем едік?
Кеміткен — жауыз надандық,
Надандықтан безелік!

Газет-журнал оқысаң,
Көзінді, қазақ, ашасың.
Дүние халін білмесең,
Ілгері қалай басасың?

Игілік жолдан тартынба,
Бекерге де шашасың.
Өнер-білім тістей ме,
Шегініп неге қашасың?

Сарғайып жатқан бір ғаріп
Жіберді жазып батасын.
Халыққа шашып жемісін
Жасасын “Айқап”! Жасасын!!

Я, АЛЛА!

Я, Алла! Ғаламыңды жаратқаның —
Жүзіне махлұқтарды таратқаның,
Өндіріп бір адамнан мұнша халық,
Әлсізді күштілерге қаратқаның.

Мынау — жер, тау менен тас, анау — көгің,
Өлшеусіз, түпсіз шыңырау дария көлің.
Мысқалы мың теңгелік асыл тастар,
Хәстаға шипа болған жерде шөбің.

Тамаша көз жеткісіз тоғайларың,
Жараттың бір секундта оңай бәрін.
Шадлықпен дүниеңнен орын алып,
Көкте құс, суда балық, тоғайда аңың.

Бұлардың бірі — күшті, біреуі — әлсіз,
Күні жоқ бағзысының өтер зарсыз.
Көбіне азу, тұяқ, тырнақ сыйлап,
Қалдырдың тағы кебін бір қарусыз.

Сонда да панан күшті, күдіретім,
Жылатпау нашарларды — өз міндетің.
Қашқан да, қуған дағы барар саған,
Жокты бар, бар нәрсені жоқ ететін.

Келелік енді қайтіп адамзатқа,
Көбісі бұлардың да рақатта.
Өлігі ғаламыңнан орын алып,
Бөлінген неше түрлі мәмлөкатқа.

Тануы және өзінді бірдей емес:
Һәр дінде, қарап тұрсақ, һәр мәзһабда.
Бір сенің барлығыңа шүбһә еткенде,
Баска істен қаталасса, ол ғажап па?

Хан болып, халықты билеп бағызылар,
Көрсетіп әділшілік мінген таққа.
Қан төгіп, бағызылар қаһарлы боп,
Аямай зұлымшылық еткен халыққа.

Ішінен дін үйренген ғалым шығып,
Үндеген хақ деп білген шарифатқа.
Үйреніп дүние ғылымын данышпандар,
Тырысқан шақыруға жұртты жарыққа.

Табылып арасынан жауыздар да,
Жол бөгеп надандықпен тартқан артқа.

Хахлыққа жанын қиған қаһармандар
Күзеткен жұрт пайдасын һәр уақытта.

Қақ жарған қара қылды билер шығып,
Топ жарған шешендер бар осы шақта.
Надандар еш нәрседен хабары жоқ,
Ақылсыз хайуандардан аз парықта.

Байлар да дәулет біткен екі түрлі:
Бірі — сараң, біреуі — жомарттықта.
Мойнына дорба салып жүргендер көп,
Қарны аш, киімі жоқ, тоңып суыққа.

Өмірі біреулердің хибсте өтіп,
Сарғайып жарық көрмей түр ғазапта.
Бәрінен өнер-білім босқа қалып,
Ішінде осы көптің жүр қазақ та.

ГҮЛ (Пушкиннен)

Кітаптың арасында ұмыт қалған
Иіссіз кепкен гүлді көзім шалған.
Токталып біразырақ сонда менің
Мінеки, қиялдарым ойыма алған:

Қайда өстің? Қай уақытта? Қайсы жазда?
Кескен кім? Көгердің сен көп пе, аз ба?
Жақынның яки жаттың қолыменен
Салындың не себептен сен осында?

Қызыққа қосылысып молыққанда,
Айырылған белгісі ме торыққанда?
Оңаша сахарада сайран етіп,
Ағаштың саясында жолыққанда.

Жүр ме екен сол екі жас әлі тірі,
Қайда екен бейшаралар осы күні?
Болмаса кеуіп, семіп қалды ма екен,
Белгісіз мынау гүлдей болып түрі?

ЖОҒАЛҒАН ҚЫЗ

Тұманды қоңыр бір күнде
Жоғалып шықты сұлу қыз.
Қараңғы түн және өтіп,
Таң атып, болды һәм күндіз.

Бұл таңнан бізге не пайда,
Табылған жоқ әлі сұлуымыз.
Бүтін елден бір адам
Көрсейші жоқтан һешбір із!

“Ұрлады ғой өлім”, — деп,
Қайғырып жастар қылды сөз.
Іздесе де жабылып,
Болмады бұған ешкім кез.

Ұрысы мағлұм сөйтсе де,
Тіпті үмітсіз емеспіз.
Іздесе жоқты кім таппас:
Өзі — біреу, ие — жүз.

(Пушкиннен)

Өрқашан болмақ солай, болған жана
Әуелден оқиғалар бұ жалғанда.
Ғалым көп, ақылды аз байқасаңыз,
Досың жоқ, танысың көп санағанда.

(Шиллер — Лермонтовтан)

Бақытты бала
Бесікте еркін өседі.
Ержетсе, қара,
“Дүние тар” деседі.

КӨҢІЛІМЕ

Күлімсіреп сілкін, көңілім, жабықпай,
Шыда көніп ауырлыққа, талықпай.
Еркін ойлап ерігетін күн болар,
Сыр көрсетпей, шық өткелден тарықпай.

Үміт кесіп қамығудан пайда жоқ,
Сендей мұңлы іздесе елден қайда жоқ.
Талпынсаң да сағаты соқпай, сырласым,
Тағдыр соққан шынжырды үзер хайла жоқ.

Кез келгенде кімдер тізе бүкпеген?
Келешектен таудай үміт күтпеген?
Ауырлама, боларсың күлкі құрбыға,
Деп жүрмесін: “Несін тәңір-ай жүктеген?”

ШАҒЫМ

Мен — біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі —
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!

Тамшылап көзден аққан бұл суық жас,
Балқытып қашан ерітер жүректі тас?
Қаламнан жылап аққан қара бояу,
Жазылып қағазға сен, жұртқа қыл паш.

Жүректен қашан шығар қадалған оқ,
Жандырған жанды нахақ сөнер ме шоқ?
Қажыған кам көңілді бір көтерер
Жанымда жаны ашитын адам да жоқ.

Бар кінәм — тамырына балта шаптым,
Көрген соң шыдай алмай қиянаттың.
Білген аяр, білімсіз айтар маған:
“Обал жоқ, қылмысыңнан өзің таптың”.

Қаптап тұр күнбатыстың қара бұлты,
Адасып сәуле көрмей қазақ жұрты.

Әсир боп жол іздеген жортуылшы,
Жол бөгеу жол тосқанның болып ғұрпы.

Алушы аңдушыны алмай қоймас,
Жеріне көңіліне алған бармай қоймас.
Әділдік аста қалған неш күні жоқ —
Ерте ме, кеш пе, бір із салмай қоймас.

МҰҢ

Ғазиз басым құтыла алмай жаладан,
Жаудың қолы босамай тұр жағадан.
Жүректі жаншып, жанға түскен ауыр тас,
Ашу тасып, тамырды қуып тараған.

“Қара құлақ — қасқырдың шамы” дегендей,
“Мынау солай”, — дегенге оғын қадаған.
Лаж бар ма болған соң заман осылай:
Шақ болып тұр сұңқарды құзғын талаған.

Жүйрік қиял дүниені айналып,
Дамыл таппай дәртке дәрмән қараған.
Мұнын шағып қалды “азамат” үміткер,
Түсінер деп көңілінде сәуле бар адам.

АЛТЫНХАННЫҢ ХАТЫ

*Семей оязы, Мұқыр елінің қазағы Алтынхан Кенжеқұл
баласының абақтыда жатып, болыстары Баймұрын
Дутбай ұғылына жазған өкпесі:*

Айтпаса шықсын қайдан көңіл назы,
Хафаның өлшенбесе көп пен азы.
Біреулер ойын-күлкі шаттықта жүр,
Біреулер хасіретте қысы-жазы.

Ғалым да, залым да көп жер жүзінде,
Бұларды тексеруші Алла хақы.
Қандай жан қазулы орды баспай жатыр,
Болса да сағым құған құмай тазы.

Ілініп жапалаққа жем болып тұр,
Кешегі айдын көлдің қу мен қазы.
Заманның заңы өзгерген кезеңінде
Алаштың қор болып жүр өнерпазы.

Сол көптің мен де бірі мұңын шаққан,
Түрмеде тұтқын болып келіп жатқан.
Бар шығар тәңіріге еткен күнәм,
Жоқ шығар Баймұрынға мені жапқан.

Аямай азаматын ұстап беріп,
Шынжырлы мойнындағы жезге сатқан.
Ана жыл әкең Дұтбай не болып еді,
Емес пе санасыздық соны ұмытқан?!

Бес жылға мен секілді кетпес пе еді,
Жұрт болып сұрамаса бас ұлықтан.
Тапсырдым Тобықтының аруағына,
Атадан тумай кеткір, тәңірі атқан!

Жандарал үшінші жыл қылды пәрмен,
Пәрменге қарсы келер бар ма дәрмен?
Бес жылға неш себепсіз жер аударды,
Ел-жұртын көре алмаған екен арман.

“Тағдыр — жел, пенде — қаңбақ” деген осы,
Айырылдым қатын-бала, көрі анамнан.
Атбасар үйезінде һәм сол болыс,
Қозған деп аталады елім барған.

Жамантік Тәжібеков болыстары,
Ырзамын хұрметіне маған қылған.
Хұрметі менен қайтпас, Құдайдан қайтар,
Баймұрын, кет садаға ондайлардан!

Өткен жаз жасырынып елге қайттым,
Кір жуып, кіндік кескен жерге қайттым.
Бір көріп Базархан мен көрі анамды,
Уатып “қайғырмаңыз” дерге қайттым.

Мал шалып, жүрмек болып отыр едім,
Күнінде нақ ұлы құрбан айттың.

Көрсетіп болысымыз қастықпенен,
Сол жерде ұстатқаны лағынеттің.

Мен өзім онсыз да қайтпак кісі,
Ылаж не, абақтының дәмін таттым.
Этаппен Ақмолаға жібермек боп,
Семейдің түрмесінде біраз жаттым.

Намыссыз, жасық шіркін, бол ырза,
Орныма егініңді ек, мені айдаттың!
Халімді аз сөзбенен еттім қысқа,
Емеспін көп жазуға артық ұста.
Дүние, өкінішсіз күнің бар ма?
Кермеге кез боп қалдым қапылыста.

“Аз сөзде көп мағына” деген мақал,
Білгенге бұ да болса жеткен нұсқа.
Алтынхан — Бозанбайдың немересі,
Қараған Семипалат облысына.

АБАҚТЫДА АЙТ КҮНІ

Күзетшілер оятты ерте ақырып,
Шай алуға тұтқындарды шақырып.
Бейшаралар укалай көзін жүгірді,
Тастаған ғой тізесін әбден батырып.

Шуласып жүр, айт құттықтап жиылып,
“Құтылсақ” деп іштерінен сиынып.
“Он екі айда бір келген шәриф айт күнін
Өткізбедік шадлықпен”, — деп күйініп.

Ас қадірін қайдан білсін қарны тоқ?
Бос адамда тұтқын үшін қайғы жоқ.
Қатын-бала, дос-жаранмен мәз болып,
Ойнап-күліп, сұхбатласып құрған топ.

Хафа мен офа екеуі де Алладан,
Мойынсынып міскіннің көбі зарлаған.
Шаттанайын десе дағы айт күні,
Беттерінде қан тамшысы қалмаған.

Асырайды шықпастай қылып шыбын жан,
Сөткесінде екі қадақ қара нан.
Көкшіл сорпа, ширек қадақ жасық ет,
Сорлы тұтқын бәйге атындай жараған.

ҚИЯЛ

Бір жерде көп отырсаң жалғыз өзің,
Көрмесе көңіл ашар жанды көзің.
Кейде ашы, кейде тәтті қиял билеп,
Кететін бар емес пе бір мінезің?

Сенде бар ондай мінез менде жоқ па,
Сарғайған дертсіз ауру елде жоқ па?
Құс — торға, балық — ауға, батыр — жауға,
Желіккен желді аяққа керме жоқ па?!

Қасында жүйрік қиял сонда серік,
Басында әсіресе болмаса ерік.
Қаулаған қалың үміт көзге елестеп,
Біріне ауыр қайғы қаптар келіп.

Еркімен дулығасын ерлер тастап,
Бір жуан бөйтерекке келсе бастап.
Бай жомарт, бәйбіше де сараң емес,
Болыпты сый көрсетпек, қойнын ашпақ.

Теңгеге телміретін еріншектер,
Түспеген желектері келіншектер,
Қайырмай қайын атасын: “Ұялам”, — деп,
Бет басып, сырт айналып, шегіншектер.

Кең өлке келбет кетіп мұнар басқан,
Бір шақта сері жастар құмарласқан.
Көтеріп өкшелерін момын жандар,
Қош айтқан, қол алысқан қия алмастан.

Тағы да көз алдымда — бір жиын-той,
Үй тіккен, ошақ қазған, сойылған қой.
Ат шапқан, палуан түскен, серке тартқан,
Шаттанған, күлімдескен, толқыған ой.

Бұл топта білімсіз де, білген де кеп,
Жан болып жаратылып жүрген де көп.
Көзінен жас ағызып жылағанмен,
Семіріп қара суға күлген де көп.

Мен дағы жылағанның бірі екенмін,
Қайғырып соларды ойлап жүр екенмін.
Аямай қаны бірге қастық қылып,
Шыға алмай бір тұйықта тұр екенмін.

Сүйіскен, сөз беріскен замандастан
Қаншасы хал біліскен, амандасқан?
Сырт берген, қол сілтеген, көбі ұмытқан,
Мен — міскін бұларды ойлап қиял басқан.

ҚАЙТЕР ЕДІҢ?

Үмітпен созған қолыңды тағдыр қақса,
Біліп еткен ісіннен зор мін тапса,
Оң дегенің теріске һаман бастап,
Арбаң сынып, өгізің өліп жатса?

Жан ашыған сөзінді дұшман көріп,
Қоңырайып достарың салқын тартса.
Суық жылан араңнан кесіп өтіп,
Сөнбейтұтын өсектің отын жақса.

Жаның сүйіп барғанда сенен безіп,
Жоқтай болса дұшпаны сенен басқа.
Тіршіліктен көңілің неғып қайтпас,
Еңбегің болса егіндей еккен тасқа.

Адаспаса иесін табар бұл сөз,
Мағынасы шақырып дабыл қақса.
Қайтер едің, жігітім, сырынды айтшы,
Бақытыңа кез болса мұндай һәстә?

ХИБСТАҒЫ¹ ҰРЫНЫҢ МІНАЖАТЫ

Уф, Алла! Бітті қаным, шықты жаным,
Шірір ме бұл хибста ғазиз тәнім?
Таусылып көздің майы, қуат кеміп,
Сиқым бар жан танымас, кетті мәнім.

Мінеки, жиырма бес ай мен жатқалы,
Хибста тұтқын болып дәм татқалы.
Ұшырап жетім-жесір қарғысына,
Ерік кетіп қол-аяқты байлатқалы.

Пәле боп іздеп басқа тапқанымыз:
Жазасын тартып қазір жатқанымыз.
“Фәленше пәлен” деген атқа мәз боп,
Аяғы неге соқты мақтанымыз.

Бит, бүрге, қандалалар қанды сорып,
Қасынып түнде ұйқы жоқ, жанды қорып.
Білмейміз елдегілер неғылып жүр,
Қазіргі осы боп тұр біздің жорық.

Қара нан қыжылдатып, жүрек кесіп,
Жатасың жамбасыңды тақтай тесіп.
Осы екен: “ұрлық түбі — қорлық” — деген,
Япырмай, құтылармыз енді нешік?

Алмайтын мықты неме елдің сөзін,
Тісінді қайра да жат өзіңе-өзің.
Кілтті есік, тас кереге, темірлі әйнек,
Шыға алмай құр жылтырап екі көзің.

Найзалы мылтық, қылыш қолына алып,
Күні-түні күзетшілер тұрған бағып.
Білінсе бір кәдігің бітті саудан,
Бзтырым, құтыларсың бұдан неғып?

Астына жел жетпесті мініп алып,
Күн бұрын мал өрісін біліп алып,

¹ Хибста — тұтқындағы, абактыдағы. (“Айқап” журналының “Қазақ халқының тарихы”, 1995 ж.) Түпнұсқасында *қапастағы* деп жазылған

Жабысып ат жалына ай жарықта
Кететін қолдар мынау іліп алып.

Жануар қысса тақым сезуші еді,
Қайшылап құлақтарын безуші еді.
Өзі тоқ, жетектегі семіз шіркін,
Әреңге қызыл май боп еруші еді.

Кептіріп аттың терін тек тұрмадық,
Байлардан шама келсе көпті ұрладық.
Сүйекке әбден сіңіп алғаннан соң,
“Кедейдің көкшолағы” деп тұрмадық.

Жолдастар қосылушы еді әлдеқайдан,
Демеуші ек: “Мынау – арғын, мынау – найман”.
Шыққанда елден аулақ таң бозарып,
Әндетіп өтуші едік терең сайдан.

Деуші едік ұрлық малды “түнде туған”,
Жігітті “батыр” деуші ек оны қуған.
“Қой!” деген ақыл сөзді құлаққа ілмей,
Көз жасы енді мынау бетті жуған.

Басымнан кінәм асып мұнда түстім,
Ақыры не болғанын көрдім істің.
Босатып бір ат берсе жіберетін,
Көзімнен болыс, билер бір-бір ұштың.

Жаза гөр топырақты елден, Алла!
Тілегін міскіндердің берген, Алла!
Құлыңа екі жаза бере көрме,
Кеше гөр, қылдым тәуба, тәуба, тәуба!

СҰЛУ ҚЫЗҒА

Сұлу қыз, қалың елден сені таптым,
Көрдім де, тамашаңа белден баттым.
Майысқан алтын айдар еркесің,
Оянған ұйқысынан табиғаттың.

Құмардан құр көргенмен шықпайды екен,
Кілті қолға түспей махаббаттың.

Күн шалмас миуанды алмас адам бар ма,
Шағынды күзеттім де, қарап жаттым.

Бола алмай дидар нәсіп қол созғанмен,
Қызығын көре алмадым рақаттың.
Сыланып тоты құстай қыр көрсетіп,
Аққудай биікке ұшып, қанат қақтың.

Жалынын басатұғын жалғыз өзің,
Сөнбестей жүрегіме бір от жақтың.
Болмағы мұрат хасыл және өзіңнен,
Өзіне сырттан балап жүрген заттың.

Дей көрме: “Кінә өзіңнен, обалың жоқ,
Қайғыға шат көңілді неге саттың?”
Сұлуым, қазым да сен, төрем де сен,
Мұнымды қайта айналып саған шақтым.

АРМАНЫМ

Зор арманым — жиһанды жүрмін кезе алмай,
Не бар, не жоқ — дүние халін сезе алмай.
Зейінім — ауыр, қолым — қысқа, жолым — тар,
Іздеген мұрат қолға тиіп тез алмай.

Көзім көріп, айтуға тілім бата алмай,
Ішім қайнап, тағы да шыдап жата алмай.
Мендей міскін бар ма екен хақтың құлында,
Керексіз болған еңбегі еткен ақы алмай.

Мен дос көрсем, мені санап дұшманға,
Айтқанымды алғыза алмай еш жанға.
Қаскүнемнің хайласына көз жетпей,
Білерсің бір-ақ бүйіріңнен қысқанда.

Аяусыз жаным, мен бір құрбан лағың,
Болса алуға, қаным себеп, мұрадың.
Болайын сүйінші: жұлдызы жанып бақыттың,
Сен көркейді деп естісе құлағым.

Азуды қайрап, бармақты шайнап өтті күн,
Ғылымды іздер, алысты көздер жетті күн.

Ақсақал — артқа, жастар тартса салтқа,
Әперер жұртқа кекті кім?!

ҚАЖЫҒАН КӨҢІЛ

Жүйрік қиял дүниені кездіріп,
Туған ел мен өскен жерден бездіріп.
Қиын қиғаш қияларға жетектеп,
Сырын айтпай, жөнін қалай сездіріп?

Ере бердім мен артынан бір есер,
Қарсы келіп еркім бар ма тіресер?
Жел айдаған тұрағы жоқ қанбақтай,
Ағынымды дедім дағы сай кесер.

Сай орнына душар болды терең жар,
Мезгіл жетпей шығу қиын, өзі тар.
Достың саны нөлге қалып азайды,
Бой балқытып кімді ерітер шыққан зар.

Көп құлағы мақтаменен тығулы,
Қасқыр қуып, үріккен қойдай ығулы.
“Құбыжық бар” десе қорыққан баладай,
Сужүрек боп сорлы қазақ бұғулы.

Жалыны ыстық жас ғұмырым шыдатпай,
Теріс істі пәк ұзданым ұнатпай.
Токтай алмай басым тасқа жеткенше,
Қарсы шауып, қайралған өткір болаттай.

Желігуден жел көңілім басылмай,
Білім артып, жемісі жұртқа шашылмай.
Ерте мен кеш тақылдатып қақсам да,
Әуре қылды бақ есігі ашылмай.

Жаудың бетін қажып тұрмыз бұра алмай,
Бұрмақ түгіл, шыдап қарсы тұра алмай.
Күннің көзін қара бұлт жасырып,
Күлімсіреп нұрын шашып шыға алмай...

СЫРЫМ

Құрып жүрміз алдағы істің планын,
Біле алмаймын не нәтиже шығарын.
Малды байлап, басты тігіп бәйгеге,
Мәсілөктің құлы болмақ құмарым.

Білгіштерді жанай жүру әдетім,
Үміт етіп жақсылықтың жұғарын.
Кете алмаймын аса сілтеп еркінсіп,
Мін тағуға, халықтың біліп сынарын.

Күзетуде кірпік қақпай әуремін,
Хақ пен нахақ — қайсысы жеңіп шығарын.
Біздің тілек кім жағында белгілі,
Дұшпан туын сұрау хақтан құларын.

Көздеген оқ, сермеген қылыш болса да,
“Тәуекел” деп қасқайып көзді жұмарым.
Кім үшін тусам, сол үшін өлу — борышым,
Міндет қылып қосқаны маған Құдайдың.

Баста — бақыт, қолда — дәулет, тәнде — жан,
Кім айта алар үнемі кетпей тұрарын.
Мұның бәрін білсең, қазақ баласы,
Халің — хараб, онан да ғажап шыдауың.

ТАҢ

Жарық болды, бозарып, міне, таң атып,
Биік тауға сәулесін тегіс таратып.
Үнсіз тоғай көгере және бастады,
Айнадай суға көлеңке түсіп, тағы атып.

Шілденің күні ыстығымен қыздырып,
Құстар қонды қамысты көлді жаратып.
Дуадақ пақыр шөлден жалғыз қашпайтын,
Қалыңға кеп бекінді аңдар жан атып.

Кімге пайда, кімге зиян атқан таң —
Алмақшымын оқушыға сынатып.

МҰҢ

Сенімсіз басым, пайдасыз жасым арманда,
Жетермісің тілегіңе жалғанда?
Қан тамшылап тұрса да көзден жас ағып,
“Сенікі жөн”, — деп құлаққа ілген жан бар ма?

Елең етер намысқа қызып жігіт аз,
Бұл не ғажап — жұрт керең боп қалған ба?
Мен не болсам, болайын саған садақа,
Сүйікті жұртым, қақпанға түсіп алданба!

Сырты тұнық, іші ылай жауың бар —
Жаны ашитын жақын сол деп малданба.
Жұрттығыңды жоғалтпай әлден, басың қос,
Озу қиын көмбе жерге барғанда.

Бола берме, жазған қазақ, жасқаншақ,
Күнің жетті мұңыңды шағып зарларға.
Ақсақалдар көсемдік қылса, ел бастап,
Ер артынан, жас азамат, арланба!

Шаш өсірген орысша оқып, жас жандар,
Жолды көрсет адасқан елге, паңданба.
Жұрт пайдасы деген жолдан тартынбай,
Дәулетіңмен жәрдем тигіз, байлар да.

Шарифат сатып мал жиғанға салынбай,
Ағарт жұртты, молдекелер, қамдан да.
Сен де қысқарт ақынсымай сөзіңді,
Сырың мағлұм, жат тынышыңа жайлан да.

АЙЫРЫЛУ

Еріксіз айырғанда менен сені,
Тағдырдың қайтпақшы екен қанша кегі?
Мінезін құбылмалы рақымсыз
Басқасы көрсетуден бар ма, тегі?

Тасытып жүрек қанын, көздің жасын,
Сағынтып зарықтырсын, аямасын.

Ләззат қайғымыздан алар қанша?
Жалғыз-ақ біздің тілек — соны аңғарсын.

Жылама, жасынды сұрт көзден, достым,
Басқадан бір мен үшін безген достым.
Себебі айырылудың емес бізден,
Екенін жауыз жазмыш сезген, достым.

Деміндей түнгі желдің аңқып ескен:
“Мен кеттім, жолыққанша сау бол”, — дескен.
Сол сөзің жүрегімнің түкпірінде,
Кеудемде жаным барда шығар ма естен?

Дариға, тірі кетпей, өлі айырылсаң,
Топырақ дұға қылып қолдан салсам.
Жамылып салқын қабір жатқан достың
Үстіне көзім жасы бір-бір тамсаң.

Жүректің қасіретін жаспен жуып,
Келмесін жаным сезіп қайтып жуық.
Рақат рухына тілеп хақтан
Қош айтып кетпес пе едім көңілім суып.

Нұрыңа күллі ғалам шомылғандай,
Жаныңа жан жанаспай қорынғандай.
Жұлдызды жылы кеште айырылысып,
Айтып кет, жүріп кеткен жолың қандай?

“ТЕРМЕ”
жинағынан
(1913-1915)

ТЕРМЕ

Ғақлы кәміл жігіттер,
Заманның көз сал халына.
Халқыңның ойлап файдасын,
Өзің үшін налыма.

Нашарларды жылатып,
Байлардың сатпа малына.
Көз жасына қаларсың,
Қарамасаң зарына.

Баса айтпасам болмайды,
Жүк тартатын нарыма.
Қайратың болса, ал көрсет,
Келді ыңғайлы жағыңа.

Бәйгеге қостым тұлпар деп,
Ұқсап жүрме жабыға.
Алдымен келсең майданда,
Талас жоқ сенің бағыңа.

Көре алмаған дұшпандар,
Ілесе алмас шаңыңа.
Басыңды тік бәйгеге,
Бір халқыңның қамына.

“Алаш!” деп ұран естілсе,
Кім бұрылмас қанына.
Фаһімлер деп айтамын,
Фарасатың барына.

Бұл уақытта кез келдік,
Заманның мұндай тарына.
Асықпасаң көрерсің,
Мұны азсынсаң тағы да.

Хиянаттан бой тартып,
Шық ғаділет жағына.
Мұны істесең шығарсың,
Абыройдың тағына.

ЖАС ҚАЗАҚТАР, ҚАЙДАСЫҢ?

Жатпалық, жастар, жатпалық,
Жасқанба, жолың ашылсын.
Бақшасында халықтың
Бұлбұл боп тілің сайрасын.

Садақа басың, жан пида,
Ең жаманы — айдалсын.
Өр қамалға — бір зауал,
Болып бір заман айналсын.

Кешегі дұшман қаһарлы
Ертең қор боп жай қалсын.
Ұраныңды шығармай,
Жас қазақтар, қайдасың?

* * *

(Абу Фирастан)

Тағдырдан сұра, қаскүнем,
Бар ма екен менің сасқаным?
Алысуға бата алмай,
Жалтақтап, сірә, қашқаным?

Сұрашы, қандай шөлдерден
Тұлпарым менің өтпеген?
Қандай асқар таулардың
Төбесіне жетпеген?

Қайда күшті жауым бар
Жолыма бөгет бола алған?
Жорыққа шықсам мен жалғыз:
Тұлпар мен қылыш қолға алған.

Жүргенім жалғыз тым артық
Арыстандай жортқан құмдарда,
Болғанша жолдас опасыз
Қатын жүрек құлдарға.

ШӘКІРТ

Ай жарық, салқын ауа, күзгі түнде,
Ұйықтаған үлкен шаһар жатыр күйде.
Жалғыз-ақ тырыс шәкірт кітап ұстап,
Есінеп ояу отыр пәтер үйде.

Дегенмен отыр ояу, жалғыз сұлде,
Ұмытқан басқа істің бәрін мүлде.
Әкеткен ой жетелеп, рухын билеп,
Алысқа әлдеқайда жапан түзге.

Ойлайды ол: “Ашсам сырын, тапсам ғылым,
Жұртым-ау, қылсам еңбек, болып құлын...”
Кітапты екі қолдап қысып ұстап,
Иіріп отыр іштен қиял жібін.

Мұқтаждық мейірімсіз жолын бөгеп,
Байлар жоқ мұны көріп берген көмек.
Түгелдеп киім, тамақ, оқу хақын,
Шамасы аз, жеткізе алмай жүрген жүдеп.

Көніп жүр таршылыққа неше жылдай,
Қыс оқып, жаз ақша іздеп, ешбір тынбай.
Шыдаса көп қалған жоқ, мақсұт жақын,
Абырой, денге саулық берсе Құдай.

Я, Алла! Талапкердің бақытын аш,
Ақ жүрек пайдалы іспен атағын шаш.
Ұлтына қаранғыда қамаулы өскен
Жарқырап жарық сәуле болғандай бас.

Мың ділдә білімдінің жалғыз сөзі,
Таңырқап жұрттың бұған тұрған кезі.
Сен болып бақыт таңы нұр түсірсең,
Сыпырылып қайғы бұлты кетер өзі.

Айнымай тұтқан жолың болсын мынау:
Азаттық, ағайындық, теңдік сұрау.
Тайсалмай дұрыстыққа жанды қисаң,
Борышы адамдықтың сонда тұр-ау...

САҒЫНУ

Айт шыныңды, көңілім, қайда барасың?
Қаңғырудан қандай пайда табасың?
Тоқталатын келген жоқ па мезгілің?
Дамыл таппай күні-түні шабасың.

Ойнақтайсың, от басасың, тұрмайсың,
Бір басымның текке аласың мазасын.
Білмеймісің, табалайды дұшманың:
“Алаңғасар алып жүр, — деп, — жазасын”.

Басыл енді, күлкі болма, көңілім,
Жүрегімнің шанши берме жарасын.
Дейді көңілім сонда маған мұңайып:
“Сарыарқаның сағынамын даласын.

Ең болмаса емін-еркін кезейін,
Есіл, Нұра, Еділ, Жайық саласын.
Бой көтеріп, жүріп сайран етейін —
Орал, Алтай, Тянь-Шань тауы арасын.

Қандай күйде жатыр екен көрейін,
Ер қазақтың еркін өскен баласын.
Баяғыдай еркіншілік бар ма екен?
Өз көзімен ерке көңілің қарасын.

Әлде билеп кете ме екен басқалар?
Сезіп қайтсын сорлы досың шамасын.
Хан мен бай, би мен батыр бар ма екен,
Сауық-сайран, ас пен тойы жарасым...

Айғай-кику, найзамды әпер, жауынгер,
Барымташыл мал қуатын рәсім.
Ердің құнын екі ауыз сөз бітіріп,
Тез айырған өтірік пен расын...”

Деді-дағы жылады еңіреп көңілім,
“Қимайсың, — деп, — орыс, ноғай қаласын”.
Мен де егілдім, шыдамадым һәм дедім:
“Ықтиярың — барсаң, жаным, барарсың...”

ЕЛІМ-АЙ

Ем таба алмай дертіңе мен ертеден,
Сол бір қайғың өзегімді өртеген.
Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден,
Еңсең неге түсті мұнша, елім-ай!

Өткен сағым, келер алдың бір мұнар,
Қызылшылсың қызарғанға тым құмар.
“Сақтан” деген сөзді жан жоқ шын ұғар,
Жемге шапқан, қармақ құрса, елім-ай!

Қандай едің, қара кейін қайырылып,
Қандай едің, тұрсың одан айырылып.
Мүтедек боп қос қанатың майырылып,
Өксіп жылап, өгей ұлша, елім-ай!

Мұны құр бос өлең десең, өзің біл.
Жұрт болмаймын, өлем десең, өзің біл.
Не болса да көнем десең, өзің біл,
Босағада жүрген құлша, елім-ай!

Түзелесің қашан, жұртым, оңалып?
Тіл алмасаң, кетпеймісің жоғалып?
Қайтер едің өткен дәурен оралып,
Жылы жүзбен мойнын бүрса, елім-ай!

Сол күніңді көрсем — менің арманым,
Жоқтамас ем өзге тілек қалғанын.
Сүм жүрегім селк етпейді жалғанын,
Бұл мінезін бойда тұрса, елім-ай!

АЛАШҚА

Көк майса бетегелі жерің қайда?
Күмістей толқындаған көлің қайда?
Ың-жың боп жер қайысқан төрт түлікпен
Жөңкіліп, көшіп қонған елің қайда?

Көтерген ақ киізге ханың қайда?
Қиғаш қас, бидай өнді ханым қайда?
Түнерген сыртқа айбынды іргең бүтін,
Бір кезде басқа қонған бағың қайда?

Қақ жарған қара қылды биің қайда?
Ақ орда би түсетін үйің қайда?
Салтанат Сарыарқада құрған, қазақ,
Толықсып жүрген кеше күнің қайда?

Шаң жұтқан текежәуміт атың қайда?
Қалдырмас жауға тастап жақын қайда?
Ұшқыр ат, түзу мылтық, болат найза,
Киінген көк дулыға батыр қайда?

Қамығып қанға толған жүрек қайда?
Бүрк еткен бір ауыздан тілек қайда?
Жаяуға ат, жалаңашқа киім болып,
Қарасқан нашарыңа көмек қайда?

Бермейтін ел намысын ерің қайда?
Сүйенер қысылғанда белің қайда?
Өйткені айтқаны екі болмайтұғын,
Асыл зат артық туған бегің қайда?

Шалдырмас топтан тура шешен қайда?
Ұлықпен ел бастаған көсем қайда?
Қазағым, қазақшылық қалпыңменен
Даңғыл жол сайрап жатқан көшең қайда?

Кемеңгер дұғалы ауыз кәрі қайда?
Дертіңе шипа болар дәрі қайда?
Масайрап кімге сеніп қарысасың,
Жауап бер, осылардың бәрі қайда?

Жауап сол: өткен дәуір қайта келмес,
Қаншама өксігенмен тағдыр көнбес.
Бұл күнгі қарашыл қарт, парашыл би
Өткендер келгенмен де орын бермес.

Сөйткенмен, қазақ көшін оңға бастап,
Жүруді өздігінен тағы білмес.
Мейлің көн, мейлің жыла соңғыларға:
“Қайтсін-ай, қамықты-ау!” — деп көзіне ілмес.

“Ішкен мас, жеген тоқтың” заманы бұл:
Ашыққан, ашынғаның түкке жүрмес.
“Малқұмар, малдың құлы” деген ақын,
Кім қақса “жемтігінен” — соған күндес.

Алашым, айтқанды алсаң, без бұлардан:
Еш нәрсе тәуіп бермес, білгенге ермес.
Қой бағып қасқыр қашан опа қылған,
Көре бер өз бетіңмен күніңді өлмес.

Қайраған қолдан келмес іске әуре боп,
Қорлыққа, тілімді алсаң, болма кездес!

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ӘҢГІМЕЛЕР

(1911-1924)

“БАЛҚИЯ”

ПЬЕСА (1922)

АҚЫЛ МЕН ЫРЫС

Қазақтың толықсып тұрған заманында бір адамға қыдыр дарып, бақ қонып, малы да, бағы да көтеріліп жұрт алдына түседі. Мал да, ақша да көбейіп дәуірлеп тұрғанда — ол “бай” “бақты” да, “ырысты” да атанады. Бір күні ақыл мен ырыс тұрып былайша егеске кіреді:

Ақыл: Бұ байға осынша дәулет, байлық, бақ бәрі де менің арқамда болды, мен болмасам, бұл дәулеттің бірі де болмас еді, — дейді.

Ырыс: Жоқ, мен болмасам, мал мен бақ болмас еді. Мал мен бақ үшін ақылдың керегі жоқ, ырыс болса, өзгесі өзі келе береді, — дейді.

Ақыл: Олай болса, байқасалық, — деп, 13 жылдан бері байдың қолында жүрген қойшыға барып қонады. Ақыл кірген соң, малшы ойға қалады. “Мен баяғыдан бері осы байға қызмет қылып келемін. Маған ақы да, пұл да бермейді, мен сұрағаным да жоқ, неге мен бұлай жүремін, ақы алып өз алдыма іс қылайын”, — деп ойлапты да, кешке келіп байдан ақы сұрайды. Бай: “Алда, бейшара-ай, Құдай мұның есіне бірдеңе салған шығар”, — деп бірнеше жүз сом, бір ат, арба беріп шығарады. Бұл жылда егін салып, әр уақыт суғарып жақсы қарағандықтан мұның егіні көп шығып, берекелі болады. Сол мезгілде маңайындағы бір патшаның әскеріне азық керек болып астық іздеп жүргенде, әлгі жігітке жолығып: “Дос болайық, барлық егінді маған бер”, — деген соң: “Ел алған егін, жер алған тегін” деген еді ғой”, — деп бар егінін береді.

Ақыл кеткен соң баяғы байдың дәулеті азайып, күннен-күнге кейін кетеді. Ырыс ақылға келіп: “Берекенің бәрі сенде екен, сенсіз менің қолымнан түк келмейді, енді бір болайық”, — деп бұ да жігітке қонады. Жігіттің егін берген патшаға қолқа салатын мезгілі жеткенде, патшаның қандай асылдарын сұрау турасында ойға қалады. Боз арғымақты бастатып 150 жылқы сұрауға қарайды. Бастатып 60 түйе сұрау, тағы басқалар турасында көп ойласа да, ақырында ақылына салып: “Қой, бас екеу болмай, мал екеу болмайды” деуші еді”, — дейді де, патшаның қызын сұратып жаушы жібереді. Патша қызын қалыңсыз бермекші болып, күйеуді шақыртып той қылады. Дәл сол уақытта Ақыл мен Ырыс

тағы да ерегеске кіреді. Ақыл: “Қой бағудан басқа өз басының пайдасын білмейтін, бұл жігітке осынша жақсылықты тауып жүрген — мен”. Ырыс: “Жоқ мен”, — дейді. Ырысты тастап Ақыл жігіттен де шығып кетеді.

Патша той етіп, неке оқытып қожа-молданы кәніғып таркатады. Кешке қызды күйеудің қасына жеңгелері әкеліп, кәдесін алып кетеді. Ақылы басынан кеткен жігіт патшаның қызына қалай сөз қосуға, танысуға бата алмай, теріс қараған бойынша қозғалмай жатады. Сонда қыз: “Бұл қалай, менің бір мінезім жақпады ғой”, — деп: “Мырза, неге үндемейсіз? Басыңызда бір қайғы бар ма? Яки менің бір мінезім жақпады ма?” — деп мойнына қолын созғанда, жігіт шынтағымен қағып жіберіп, қыздың екі күрек тісін сындырды. Аузын жосадай қан жуып кетеді. Бұл хабар ауылға таралып, патша да естіп, қатты ашуланып: “Жазықсыз баламды қасына бармай жатып мұндай масқара қылды”, — деп, жігітті байлатып тастайды. Тойда шаттықтың орнына мұндай әбігершілік кіріп, ел-жұрт жаман күйзеледі.

Сол уақытта Ырыс Ақылға барып: “Ақыл, сенің әр ісің дұрыс, тура еді. Егер де осы жігітті байлаудан құтқарып, осы хан қызын алып берсең, бүтін дүниедегі бақыт, байлық жалғыз сенің арқанда болуына сенейін, мұнан соң саған шек келтірмейін”, — дейді. Ақыл бұл сөзді тағы да мақұлдап, жігітке қайта қонады. Сонда жігіт бір жақын жеңгесін шақыртып алып: “Патша мені неге байлатып қойды? “Ханда қырық кісінің ақылы бар” деуші еді, кінәмді мойныма қоймай, бұл қайткені?” — дейді. Бұл сөзді ханға айтқан соң, хан жігітті шақыртып алып: “Неге бүйттің? Кінә, жазасы не?” — деп сұрады. Жігіт: “Тақсыр! Сіз осы балаңызды жас күнінде біреуге асыратуға берген едіңіз, асыраған үйдің бір тазы иті күшіктеп еді. Ес білмеген жас бала жатқан тазының емшегін еміп, күрек тісінде иттің сүтінің уыты қалған еді. Жақсы тілеу, жаңа ниетке кірген уақытта сол арам тісті жоғалтайын деп тісін түсіргенім рас”, — дейді. Жалма-жан хан қызын асыратқан кемпірді шақыртып сұраса, ол уақытта үйінде тазы күшіктегені рас болып шығады.

Сонан соң хан: “Бұл жігіт жұрттан асқан данышпан кемеңгер екен”, — деп, қызын қайтадан беріп, өз орнына патша етеді. Бұдан былай Ырыс Ақылға қарсы сөз айтуды қояды. Ақылсыз Ырыстың қолынан еш нәрсе келмейтінін біледі.

ЕКІ ҚЫЗДЫҢ МҰҢЫ

Нұрила. Көйлегінді бітірдің бе, Ұлбосын?

Ұлбосын. Әдіре қалсын көйлегі.

Нұрила. Жә, неге ашуландың?

Ұлбосын (*біраз үндемей отырып ауыр күрсінді де, моншақтап келіп қалған көз жасын сүртіп*). Сенен жасыратын сырым жоқ. Нұрила, Құдайдың жаратқан мақұлықтарының арасында қыздан сорлы жоқ екен. Екі қатын үстіне малға сатылып мен отырмын. Алпысқа келген шалға баруға сен тұрсың. Зейнет бейшараны сегіздегі балаға атастырып қойды, бір мақаудың тілеуін тілеп Зылиха отыр.

Нұрила. Сабыр ет, Ұлбосын, қыздың сорлы екенін жаңа білдің бе? Обалыңды ата-анаңа арт та, берген жеріне бар, болмаса законше жолыңды тап.

Ұлбосын. Маған кім даяр тұр?

Нұрила. Нұржан ше?

Ұлбосын. Нұржанды жауып қойшы.

Нұрила. Онан неге бездің?

Ұлбосын. Ауыл арасында пысық болғанменен, сондай жігіттің қолынан іс келуші ме еді.

Нұрила. Олай болса, ағаң менен апаңа еш нәрсе айтып көргенің жоқ па?

Ұлбосын. Апамнан ағама айтқызып көріп едім, қызды бала дейтін емес екен ғой... Бетіме де түзу қарамайтын болды.

Нұрила. Енді не ойлайсың?

Ұлбосын. Менің ойым таусылды, екеуіміздің мұңымыз бір, сенің тапқан ғақылың маған да жарайды. Маған қарағанда сен бақыттысың! Өзің өткірсің. Сүлеймен (*Нұриланьң ағасы*) өзі молда, өзі сенің жағыңда, обал мен сауапты айырады. Біздің тұқымда әліпті таяқ деп білетін де жоқ, өңкей қара жүрек.

Нұрила. Байғұс-ау, жалғыз Сүлеймен екеуімізге өлгі ку мүйіздер тізгін бере ме? Сүлейменнің киіміне шейін мінеп, “орыс болып кеттің” деп құлағының етін жейді. Бір Сүлеймен болмаса, менде сенетін кісі жоқ, маған жаны ашитын — ол, жаңа шыққан кітаптар оқытып, аз да болса дүниеге көзімді ашқан — ол... Мен әйелдердің де ерлер секілді тәңірінің тең жаратқан құлы екенін, олардың да ерлердікі секілді кеудесінде соққан жүрегі, көңілінде тілегі, қайнаған қаны, ғазиз жаны бар екенін біле бастадым.

Ұлбосын. Жә, өзің не қылмақшы боласың?

Нұрила. Менің ойлағаным көп. Бұрын өз басымды ғана қайғыратын едім, енді күллі қазақ халқындағы қыз-

катынның басындағы пәлекетті, жәбіршілікті көзім көргеннен бері өзімді ұмытып, уайымым соларға көшті.

Жәбіршіліктен, күнділіктен біз екеуіміз ғана құтылған-менен, көздерінен қанды жас аққан, тұщы етінен ащы таяқ кетпеген сорлы апаларымыз, сіңділеріміз аз ба? Міне, соларға тегіс кеңшілік болса.

Ұ л б о с ы н. Жұртты құтқару біздің қолдан келмес, өзімізге бір хайла табалық та.

Н ұ р и л а. Міне, сенің балалығың, сен оқыған болсаң, бұл сөзді айтпас едің.

Ұ л б о с ы н. Неге, мен оқымадым ба? Хат танымағаным болмаса, “Ағашаяқ” молдадан үш жыл оқыдым, намазымды сонан үйрендім ғой.

Н ұ р и л а. Әй, бейшара, қазақ қызы!

Ұ л б о с ы н. Сен қазақ емей, ноғай қызымысың?

Н ұ р и л а. Тыңда, жаным, әуелі менің айтқалы отырған сөзімді үк.

Ұ л б о с ы н. Айт, айт!

Н ұ р и л а. Бұрынырақ заманда қыз-қатындарды кемге ұстау, оларды мал орнына сату (*қазіргі біздің қазақ секілді*) әр жұртта болған. Бұл кезде ол жұрттардың көбі оқу-өнерге молығып, арасынан білгіштер шығып, кітаптар жазып, дүниеге таратып, әйелдер жержүзіндегі халықтардың жартысы ғана һәм олар халықтың анасы, тәрбиелі ананың балалары да жақсы болып, көргенсіз ананың баласы көргенсіз болатын. Сол себепті, әйелдерді ерлермен бір дәрежеде ұстау керектігін жұртқа түсіндіріп, берірек келген соң әйелдердің өздері де көтеріліп, бастарын қосып, дауыстарын жаңғырықтырып, өздерін жәбіршіліктен қорғап, оқу оқып, ақырында сондай теңдікке жеткен, бұ заманда қатыннан патша болғандар да бар.

Ұ л б о с ы н (*Нұриланьң сөзін бөліп*). Патша қатын жаулық сала ма екен?

Н ұ р и л а (*ашуланып*). Бөлме сөзді, құрғыр, тыңда. (*Тағы да әрі қарай сөйлеп.*) Осы күнде қатыннан патша болғандар бар, қыз-қатыннан доктор болған, адвокат, мұғалима... орындарда болғандар көп. Нендей мәжіліске болса да ерлерімен бірге барып, ерлердің келіспеген істері болса мінеп, еш орында орынсыз жәбіршілік көрмейді. Қазір ноғайлардың да қыз-қатындары бұрынғыдай емес, олар туралы пайдалы кітаптар шығып, газеттерде жазылып тұрады. Қыздар оқитұғын... Мектеп бар, оқытушылар да қыздардан. Сен секілді: “Ағашаяқ” молдадан оқып едім, хат тани алмай қалдым”, — деп тұрмайды. Ноғай қыздарын он алтыға жетпей

күйеуге бермейді. Аталары сүймеген кісілерге берсе де, бұл уақытта қыздары бармайтын болды. Шаһарларда қыздар бұрынғыдай шапан бүркеніп, ат үркітіп жүруді қалдырып келеді. Енді 5—10 жылда олардың ерлерменен тең болмағанда несі қалды! Ал біз болсақ, бесікте жатқан күнімізде сатылып, өскен соң қарсы келуге қорыққан я ұялған болып, ғұмырымыздың ең қымбатты бөлімін қорлықта өткіземіз. Аталарымыздың бұл істері шарифатқа сыя ма, ғаділдікке жанаса ма, ұнай ма? Жоқ, мұның бәрі қиянат! Рақымсыздық! Ғазиз балаларын базарға шығарып сату, ғұмыр бойынша жылату, кәрі шалға, жас балаға, қатын үстіне беру себепті оларды кіріптарлыққа душар қылу.

Ұ л б о с ы н. Ақырын сөйле, Нұрила, ақырын, апам естіп қалмасын.

Н ұ р и л а. Естісін, жалғыз апаң емес, бүтін дүние естісін. Жетер баяғыдан бергі төгілген көз жасы.

Ұ л б о с ы н. Ашуланба, Нұрила, ашуланба! Мен сорлыға ғақылыңды айт. Келмей кеткірдің келетін күні жақындап қалды, енді маған не қыларға керек?

Н ұ р и л а. Бір ғана сен емес, күллі қазақ қыздарына айтатұғын насихатым мынау. Атасының малға сатқан жеріне, егер өзі риза болмаса, басын кессе де бармасын. Ғұмырын қол ұстасып өтсе де, өзінің сүйгенімен кетсін. Бұл іс шарифатқа да теріс емес. “Қызын сатсын” деген шарифат жоқ. Қыздың басына закон көптен ерік берген. Бұларды көре тұрып пайдалана алмаған қыздардың обалы өздеріне. Қызды балам деген аталар жылатпасын, оқуға берсін. Хайуанша сатылатын жерге бармай, өз еркіменен теңін табу, ел ішінде бола бастаса, қыз сатқыш аталардың қателері естеріне түсіп, жас қыз алғыш шалдар мен сұлу тоқалға құмар байлар да малдарын далаға шашудан тоқталар еді. Бейшаралардың көз жастары тыйылар, халық қатарына қосылар, сүйген жарларымен ғұмыр бойы рақат жасар, бастарынан қара тұман серпілер. Шын бақытқа сонда жетер! Мұның бәрі болар, Ұлбосын, болар.

ҚЫМБАТ ТАЙ

Еліміздің ортасында жетіде бір, енді екі болатын базарымыз бар (болатын) еді. Әнеутүнгі аласапыранда дүкеннен қант, шай алып шықсам, біздің Мақаш соғылған, қасында тамыр соқыр Иван бар, торы шолағына мініп, бір тайды қосарға алып, желе жортып бара жатқанын көрдім. Бұл құрғыр неғып Иваншыл

болып кетті, ауылға қайтпай ма екен деп, соңынан: “Мақаш, Мақаш, тоқта!” — деп дауыстап едім, Мақашым маған бір қарады да, Иванға бір нәрсе сыбырлағандай болып, шоқыта жөнелді.

Осынша жасқа келгенше Құдай мұны желіктіріп алды ғой, қорасында тіс шұқитын шөп жоқ. Айналдырған екі сиыры көршінің шөбіне түсіп, мүйізін қақтырып, қансырап жатыр, қатықсыз қара көжеге қамалып қатын-баласы үйінде шулап отыр. “Мұның мұнда бір көтерем тайға дүниенің қазынасын алатындай, Иванның үйінен шықпай сандалып жүргені мынау”, — деп кейіп, артынан ат базарына мен де келдім. Келсем, Мақашты бес-алты орыс ортаға алған. Бетінен майы шыққан, аузы-басын түк қаптаған Алексей тайын саудалап тұр екен.

— Тай сатасың, тамыр?

— Сатам.

— Қанча сұрайсың?

— Жүз сом.

— Тіфу! Кутирдің ба, Макашка! Айтар едім, мас болған, арақ жоқ. Жүз сом сұрайсын, ұят қайда?

— Бізнаком, бұл тай — арғымақ баласы, атасы ұлы дүбірде бәйге алған қара арғымақ. Оны мына Иван да біледі, — деп, Мақаш қоразданып, қамшысымен бүйірін таянып, торы шолақтың мінер жағына таман қисайыңқырап отырды.

— Атасы қара арғымақ! Қара арғымақ болса, мне какое дело, сенікі атасын сатпайды, мынау тұрған жаман баласын сатады.

— Бай, алмасаң да тайымды жамандама, жануарда осы күні сын бар ма, жаздыгүні көрсен, бір жүз түгіл екі жүз берер едің. Онда мақпалдай қара еді, қазір жүні оңып, азып, құбақан болып кетті.

Соқыр Иван Алексейге орысшалап:

— Тай арғымақ тұқым екені рас. Мақаш өтірік сөйлемейтін жігіт, жаздыгүні көргенімде көмірден қара, суреттен сұлу еді, өттен, ақшам жоқ, өзім алар едім.

Тайын Иван мақтаған соң, Мақаш бұрынғыдан да артық көтеріліп:

— Ана жылы осы таймен бір енеден туған арғымақты Обаған байына мың жарымға саттым, — деп мақтанды. Мұнысы әлде өтірік, әлде рас, әйтеуір Алексей нанып:

— Балтай-шалтай не керек, сатар болсаң, тамыр, өлер жерін бір-ақ айт, — деді.

Екеуі бір сағаттай саудаласып, ақырында 50 сомға келісіп, қол қағысты.

Мақаштың ептілігіне сүйсініп, манадан бері қарап тұрған мен де Алексейге:

— Бай, бек арзан алдыңыз, терісін қымбат сатарсыз! — дедім. Қазақшаға шорқақ Алексей бұл сөзіме не түсінсін, тайды жетелеп үйіне тартты.

ҚЫЗЫЛ ҚАШАР

— Жаңа терлеп келемін, күй, қатын! — деп, Шілікбай кесесін домалатып жіберді.

— Терлерсің әлі, ағаң үйі қарыз шайды сұрап жатыр. Балқияны жіберіп бір табақ ұн сұратып едім: “Сендер тіленуді білесіңдер, алғанды беруді білмейсіңдер”, — деп, жақсы жеңген аузына келгенін шатады дейді балаға.

— Мен сол үйден өліп бара жатсаң да нәрсе сұрама дегенім қайда!

— Енді кімнен сұраймыз, жаны ашитын сенің қайбір ағайының толып тұр, — деді Ұмсындық.

Шілікбай жеңілген кісідей үндемеді.

— Жалғыз сиыр суалды, осы үйде дым жоқ, бәрінен балаларға қиын болып барады, соятын болсаң қашарыңды сойып ал, мен саған неше рет айттым: терісін сатарсың, осы үйдің қып-қызыл жалаңашын көрмеймісің, — дейді қатыны.

— Қашар терісіне қарық боласың ғой, сисаның кезі отыз тиын екенін білемісің, — деп, жаңа тершіп, жаны жадыраған Шілікбай кенет өзгеріп кетті. Белбеудің ұшымен терін сүртіп, күрсінді. Кеше суат басында ойлай-ойлай басын даң қылған шаруа кемшілігі түгелімен қайтадан көз алдына келді. Кейігенде Ұмсындыққа орынсыз ашуланатын мінезбен алдындағы кесеге көзі түсіп кетіп:

— Саған тас шыдар ма, әнеутүні әкелген кесені ыстықтай құйып-құйып сопайтып жіберіпсің ғой! — деді.

— Құдай шебер-ау, кесе сопаюшы ма еді, әкелгенде?! — деп Ұмсындық сөзін бітірмеді, тыстан ақырған дауыс естілді.

— Шық, Балқия, дауыстаған кім?!

Балқия жүгіріп шығып, қайта кірді.

— Аға, сені ауылнай шақырып тұр!

Шілікбайдың жүрегі су ете түсті. Бата қылуды да ұмытып, дастарқанды аттай, күпісін жүре кие тысқа шықты.

Ақ сөмкесі мойнында, тымағын алшайта киіп, қамшысымен мықынын таянып, сұлу мұртын ширатып ат үстінде Таймінер ауылнай тұр еді.

— Ассалаумағалайкүм!

— Уағалейкүмассалам!
— Шілеке, мал-жан аман ба?
— Шүкір, шырағым, түсіңіз ауылнай, шай ішіңіз, әлі соғым сойғанымыз жоқ...

— Жок, Алла разы болсын.
— Жол болсын, ауылнай?
— Шілеке, алым...
— Ойбай, шырағым, қолымда неш нәрсе жоқ.
— Ол жайынды орысқа айт, маған ақша дабай!
— Шырағым, жаман күтімді алмасаң, жанымда жарты тиыным жоқ.

— Олай сықақ қылма, ақша болмаса, мал да аламын, биыл мал қымбатын білесің ғой. Бақанас атаң баласында сенен байы жоқ.

— Құдай байлыққа жеткізсін-ау, шырағым, менің малымның саны қағазында сызулы тұрған шығар.

— Он жеті сом төлейтін үй кедей болушы ма еді, Шілеке, шығар ақшаны, тоқтатпа мені!

— Он жеті сом?! — деп Шілікбай шошыса да, ауылнай калжындайтын шығар деп:

— Шырағым, ауылнайжан, мәртебең мұнан да зорайсын, шана жолы түскенше мұрсат бер, шөп-пөп сатайын... Және де айтып қойшы, биыл қанша төлеймін?

— Шілікбай, сен саңыраумысың, он жеті сом, он жеті! — деп ауылнай дауысын шығарыңқырап жіберді. Шілікбайдың құйқа тамыры шымырлады.

— Сиыр малдан ірілі-уақты бес бас, оның да біреуін сойғалы отырмын, жалғыз ат, онан басқа адал қарам жоқтығына, жаным, ант ішейін. Малымыздың санынан адамымыз көп, қолғанатым жоқ, балалар әлі жас. Жүз жылқысы бар Байғабыл былтыр он бес сом тартып еді, маған он жеті сом дегенің не?

— Жұртқа биыл соғыс салығы көп түсті. Өзің раскладта болмап па едің?

— Ер кісі алатын бас салық па?

— Ия.

— Мен ол кезде шөпте едім.

— Ендеше, саған он жеті сом салғызған өзіңнің Байғабылың. “Шілікбай шөпті бәрімізден де көп шабады”, — деп.

— Япырмай, енді не дейін, жұртта Құдай бар ма?! Жоқ, ауылнай, мен төлемеймін, төлеуге шамам келмейді, нашандікке арыз айтамын, қатын-баламды шұбыртып барамын...

— Шілеке, манадан бергің де жетер, маған десең, гүбірнадрға бар, бірақ қазір ақша бер, сен үшін мен патшаның алымын жанымнан төлер жайым жоқ.

- Немді берейін?!
- Малың қайда?
- Малым... Малым...

Ауылнай ашуланып аттан түсті де, қабағын қарс жауып, Шілікбайды балағаттап, қораға қарай жөнелді.

— Мынау мал емей немене? Сен бермесең, мен ала білермін, ұста мына қызыл қашарды! — деп ақырды.

Шілікбай не қыларын білмей тұрып қалды. Манадан тындап тұрған Ұмсындық шыға келіп:

— Ауылнай, қайным, бала-шағаның азығына сойылғалы тұрған жалғыз қашар бұл, аз күнге аузы түкті көфір де қарайды ғой, бір жолға жаман ағанды қыспа! — деді.

— Сендей көкайыл қатынның талайын көргенмін, сөйлемей!

— Бірімізді өлтіріп әкетпесең, қашар берілмейді!

— Ей! Патшаның алымын жинап жүрген ауылнайға қарсылық қылайын деген екенсіңдер, — деп, ауылнай мойнына ізнәгін киіп алып Шілікбайға:

— Пот сот кетейін демесең, ұста қашарды, әкел менің шылбырымды! — деп ақырды.

Ауылнайдың ізнәгі мен түрін көрген соң қатын да үнді қойды, Шілікбай да шыдап тұра алмай, қызыл қашардың мүйізіне шылбырды байлады.

— Әйдә, жетелеп жүр Байғабылдікіне, сол жерден я ақша тауып бер, я қашар сатылады, — деп, қызыл қашарды Шілікбайға жаяу жетелетіп, өзі атқа мініп, артынан айдап жөнелді.

— Үйің күйсін, ауылнай! Бала-шағаң шулап қалсын, ауылнай! — деп, Ұмсындық көзінен жас ағызып еңіреді. Шешесі жылағанын көрген соң қасындағы екі жас бала да жылап жіберді.

Ұмсындық екі баланы жетелеп, ауылнай мен Шілікбайдың соңынан кетті.

КӨКЕҢ, СӨКЕҢ

166-нөмір “Қазақта” мырза Салық Құрбан қажы ұлының Сақари Жабай баласына жазған жауап хатына қарсы аты шулы Сәлім Кашимов 260 жолдық “Менің жайым” атты ұзын мақала жіберіп, “Қазаққа” басуды өтінеді. Басқанда, қаймағын бұзбастан түгел басуын тілейді. Мұны түгел басуға мүмкін емес, қысқартуға Сәлім риза емес. Сондықтан түгел де баспай, қысқартпай да, хатындағы өз сөздерінен алып, оқушыларымызды Сәлімнің жайымен таныстырамыз.

— Сәлім жасынан қазақ халқына қызмет істеуге құмар екен.

— Жасынан матбұғатқа ғашық екен.

— “Айқаптың” атын алашқа Сәлім шығарыпты.

— Сәлімнің атын “Айқап” шығарыпты.

— Қанша ел, қанша жер қыдырып жүргендегі мақсаты — халық үшін ізгі ниетпен “Айқапты” тарату екен.

— Сәлім жүрген жерінде ешкімнен сұрап яки алдап еш нәрсе алмапты.

— Не берсе де жұрт сұраусыз өзі берген екен.

— Кейде қалыңсыз қыз бермекшілер де болыпты.

— Мырза Салықтың жазуынша, Шәуешекте төрт мың халыққа мешітте уағыз сөйлегені, жұрттың көңілі балқып жылағаны һәм қолын сүйіп, көкке көтергені де бекер емес екен.

— Қытай қазағы Таңғыт Үкірдай Сәлімнің насихаты бойынша медресе салмақ болып, ол медресеге мұның өзін басқарушы қылуға ауылына алып барғаны да рас екен.

— Онда жатқанда Сәлімнің өзін көріп, сөзін естіген еркек-әйел: “Періште болмаса, қазақта мұндай ұл тумас”, — деп аңыз қылысқан екен.

— Бір күні сол елдің бір тәуір адамы Сәлімге қызығып, Таңғытқа: “Мынау молдаң өзі келбетті, әйелге сүйкімді көрінеді, бұған бір қыз әпер”, — деген көрінеді.

— Таңғыт мұны мақұлдап, кеше уағызымен Сәлім өзі елжіретіп кеткен Шәуешек ақсақалы Жармұхаметтің қызын сұрап, жаушы болған екен.

— Сәлімнің Қотыркөше қатыны болса да, көңілшектігінен бұлардың көңілін қимай көнген екен.

Сәлім осындай абырой-құрметтің үстінде жүргенде, бағы қайтуға болмашы нәрсе себеп болыпты. Бір күні Сәлім бір орнында коньяк ішіп, жығыла мас болып, аузына не кіріп, не шыққанын білмеptі. Әбден қызып алған соң, өзін құрметтеп жүрген адамдарды бастығы Таңғыт Үкірдай қылып сөгіptі... Бұл арасын Сәлім өзі хатында былай келтіреді:

“Көкең ерікке қойсын ба, Сәкенді сілейтіп салды. Қызып алған Сәкен ерікке қойсын ба, Үкірдаймен ұрсысып кеттім”.

Сәлімнің “Көкең” деп еркелетіп отырғаны — коньяк. “Сәкен” деп сыпайысытып отырғаны өзі екенін, оқушылар, түсінген шығарсыздар.

— Опасыз жұрт!

— Баянсыз бақ!

— Тиянақсыз тағдыр!

Біреудің бақыт жұлдызы батарында досы — дұшпан, жақсылығы — жамандық, шыны — өтірік, пайдасы — зиянға айналады. Мұнда да солай.

Ақ жүрегімен ұлт үшін қызмет етіп, тегін әгенттік қылғаны үшін “Айқап” басқармасы күні кеше суретін басып: “Біздің Сәлімнің атын сатып жүрген алдаушылар, нанбаңдар”, — деп бауырын басып, ертеңіне жұртқа жариялап: “Сәлім Кашимов мұнан кейін біздің әгентіміз емес, оған ақша берген кісіге біз жауапты емеспіз”, — деп, келбетті жүзін қызартып, безіп бір шықты.

“Айқапқа” Сәлім бұрын бір мақтап жазған Шымкент шаһарының оқымысты көпесі Қосай Алтыбаев деген кісі 1913 жыл жаздығүні менің көзімше поштадан жаңа ғана келген “Айқап” нөміріндегі Сәлімнің суретін көргенде, Жұлып алғандай: “Япырмау, мынау былтырғы өтірікшінің дәл өзі ғой!” — деп, өзін мақтаған Сәлімді өтірікші деп бір опасыздық көрсетті.

Туған нағашысынан артық сұраусыз ақша, ат-тон берген жұрт ертеңіне “алдап кетті” деп Сәлімді өсекке бір байлады.

Уағызын тыңдап, телегей-теңіз көз жасын төгіп, мүбәрәк қолынан сүйген Шәуешек мұсылмандарының ақсақалы Жармұхамет кеше қызын қалыңсыз бермек болып, бүгін: “Сәлім үшін қатыным әлі қыз тапқан жоқ”, — дейді.

Насихатын құп көріп, күні кеше медресе ашу үшін ауылына қонаққа апарған, “мұндай ер енді қазақтан туа бермес” деп ауыздарының суы құрыған қытай қазақтары, Сәкеннің Кәкеннен ауырған басын жазытпастан: “Жолың анау!” — деп сауырынан бір-ақ сипады.

Жігіттер, енді тағдырдың опасыздығын қараңдар! Жұрттың бәрі қол сілтегенде, жолдас болып қалса қаларлық жалғыз Кәкесі Сәкесінен соғысты сылтау қылып, о да айырылып отыр. Енді кім қалды?

Ендігі қалған — ертегідегі балықшы шалдың кемпіріндей Қотыркөл жағасындағы баяғы жырық астау!

Шаһмардан Алжанов айтқандай, жұртқа қайтсең жағарсың!?

“ЧИТАЮ, ПИСАЮ”

I

Жаңа байыған жас жігіт Жарылғас Көркімбай баласы урядник Микифордан, бір ат, 30 сом беріп, үш ай орысша оқиды. Сайлауға бір-екі ай қалды дегенде қалаға барып, нашальниктің қатынына “көрімдік” беріп, “орысша үйренген” деген “куәлік” алып қайтты.

Қызылсу еліне неше сайлаудан бері ынтымақпен болыс болып келе жатқан, жұртқа қадірлі, сөзі тыңдаулы

Қалдыбаймен бұл сайлауда да таласушы жоқ. Тек Самалық табы жол алып қалатын ғана түрі бар еді.

“Жарылғас болыстыққа таласады екен” деген қауесет бір күні дүңк ете түсті. Бұл хабарға нанушыдан нанбаушы көп болса да, көп ұзамай растығы білінді. Бірсыпыра жұрт күлісті, бірсыпыра қулар қуанысты, бірсыпыралары “Тышқанды қара басарында мысықтың... тістейді” деген мақалды айтысты. Қалдыбай болыс: “Ит құтырса, иесін қабады” деген, Көркімбай баласы Жарылғас екенін ұмытқан екен, жұрт аман болсын, болыс болғыш мырзаның әуеселесін көрерміз”, — деп елең қылмады.

Жарылғастың ойы кекетуші жұрттың, қызығушы қулардың, кектенуші болыстың ойынан басқа еді. Генерал-губернатордың: “Орысша оқығандар болыс болады” деген жарлығы шыққалы бірнеше жыл болса да, Қызылсу елінде ондай адам жоқтықтан, жұрт сайлаған кісі болып келе жатыр еді. Жарылғас жұртты аударарлық байлығы жоқтығын, елге қадірі шамалылығын һәм Қалдыбайдың да кім екенін білсе де, “көрімдік” кәдеге жарар деген үмітпен қолына қанша ел түссе де, азсынбай тасқа түспек еді.

Сайлау күні жетті.

Нашальник келді.

Ауылнай билердің сайлауы алдыңғы сайлаудан аз өзгеріспен өтіп, болысқа тас салатын кеден келді.

Июльдің орта кезі. Бесін ауып, күннің қайтыңқыраған кезі еді. Көл жағалай қонған қалың ел. Қарақұрым мал, құмырсқадай жыбырлаған жұрт: аттысы атты, жаяуы жаяу, топ-топ, екеу-екеу сөйлескен, күңкілдескен, сыбырласқан, күліскен, әзілдескен, сөйлескен...

Қонғалы төрт-бес күн болмаған, соны жұрттың шаңы шыққан. Бір мезгілде нашальник, оның артынан бір қолтық қағаз көтеріп переводчик шықты. Төрелерге тігілген үйдің алдына жиналған жұрт бөріктерін алды, ауылнай-билер знактарын тағысты. Нашальник тура елубасылар қамалған үйге кірді. Тас салатын қобдиды даярлап, елубасыларға қалай тас салу мәнісін баяндады да, нашальник:

— Жандаралдың жарлығы бар: “Лауазым иесі адамдар, әсіресе болыс орысша білетін адамнан сайлансын” деген, сол себепті сіздер де орысша білетін кісі сайландар, — деді.

Елу басылардан жөн білетін біреуі тұрып:

— Тақсыр! Біздің елде орысша оқыған кісі жоқ, көпшілігі болысымыз жұртқа жағымды, патша, хазіреттеріне де түзу қызмет етіп тұрған Қалдыбай Шоңмұрыновты сайлаймыз, — деді.

Жарылғастың бір ауыл болысы тұрып:

— Тақсыр! Әділдігіңізге бас. Біздің сайлайтын кісіміз орысша хат біледі, оқыған жігіт — Жарылғас Көркімбаев, — дейді.

— Мартынов! Шақыр мұнда болыс пен Жарылғасты, — деп, нашальник стражникті жұмсады. Қалдыбай болыс пен Жарылғас келіп кірді

— Орысша білемісің? — деп нашальник Қалдыбайдан сұрады.

— Төре не айтады? — деп Қалдыбай переводчикке қарады.

— Орысша білемісің? — дейді.

— Жоқ, тақсыр, жасымда үйренбеген тілді, енді қартайғанда қайдан білейін?

— Плохо! — деді нашальник.

— Орысша білемісің? — деп нашальник Жарылғастан сұрады.

Жүрегі лүпілдеп, буыны қалтырап, өңі құбылып тұрған Жарылғас жұлып алғандай:

— Читаю, писаю! — деді.

— Молодец! — деді төре. Елу басыларға: — Орысша білетін мына Көркімбаевты сайлаңдар, — деді.

— Тақсыр, сізге қарсылығымыз жоқ, бірақ жұрттың қалаған адамын сайлаймыз, бір-екі ауыз орыс сөзін поселкенің сиырын бағып жүрген жігіттер де біледі; олар сиыр бағуды білмесе, ел бағуды біле ме? Жарылғастың орысшасы да солардікіндей, — деді елу басылар.

Нашальник азырақ ойланып тұрды да:

— Тастарыңды салыңдар, сайлауды губернатор бекітеді, — деді.

Тас салынды.

Қалдыбайға 24 ақ, 3 кара тас шықты. Жарылғасқа 3 ақ, 24 кара тас шықты. Сайлау тарады. Нашальник қайтты. Жарылғасты жұрт табалады. “Шениме” дескендер де болды.

II

Финуардың бас кезі еді. Бір күні атын сүмектей қылып Жарылғастікіне Микапар урядник келіп түсті. Ол кірместен бұрын: “Орыс келді, орыс келді!” — деп тыста ойнап жүрген балалар жүгіріп кіріп хабар берді. “Бұл не қылған орыс?” — деп, Жарылғас сасып қалды.

— Қатын, жаңа бешпентім қайда? Тақиямды әпер!.. Үйінді сыпыр, сыпыр! Төсек сал!.. — дегенше Микифор кіріп келді.

— Сүйінші, Жарылғас, болыс болдың! — деп, қалтасынан

“обласной ведомостың” бір нөмірін суырып алып, Жарылғасқа ұстата берді.

— Өзің оқышы, Меке, — деп, Жарылғастың қуанғаннан жүрегі соғып, орнында дұрыс отыра алмады.

— “Степное положениенің 70-статьясы бойынша Қызылсу елінен болыстыққа Жарылғас Көркімбаев бекіді”, — дегенді оқыды.

— Ыспасибо, Меке! — деп, Жарылғас Микифордың қолын қысты.

— Микапар закон біледі, Микапарды ұмытпа, Микапардың сүйіншісін мықта, — деп урядник жайнандап күлді.

— Меке, қалағаныңды ал, сенен аярым жоқ, арманыма бір жеттім...

— Байға қанша беріп едің?

— 500 еді, әйтеуір ақтады, — деп Жарылғас күлімдеді. — Іс қолыма қашан тиер екен?

— Енді кешікпейді, приказ шыққан соң, тоқтау жоқ.

— Бәлем, Қалдыбайлардың ызасы өтіп еді, мені мұқатпақшы еді, мұқатар енді...

— Оларды мен саған ендігәрі алдыңнан шықпастай қылып берермін, ерегиссе, бастығы Қалдыбай қылып жер аудартудың амалын Мекефордан сұра деп, — урядник сұқ қолымен өзінің кеудесін шұқыды.

III

Болыс аты Жарылғастыкі болса да, билік — тілмашы Алексейде болды. Жұрт Жарылғасты құрметтемеді, қорықпады. Болысқа ісі түскендердің көбі Алексеймен жақын болды. Осылайша алты-жеті ай өтті.

Бір күні тілмаштың үйіне Бекбосын келді. Бекбосын Қалдыбайлардың ағайыны, Алексей тілмашқа жем түсіріп, айтқанын қылдырып жүрген елінің атқамінер бір адамы еді. “Бекбосын жігіт ұстайды” деген ел арасында өсек те бар еді.

— Алеке, бір өтінішім бар.

— Сөйле.

— Қашқын Омар деп хакімдер іздей беретін Омар маған жақын жігіт еді. Ұзап кетейін десе, белеті жоқ, жақын жерде жүрсе, ұсталатын. Осыған табатын амалың бар ма?

— Мұның амалы — ұстап беру, — деп Алексей күлді.

— Ой, жолың болсын!..

— Мен оған не амал табамын?

— Белет беріп болмас па? — Тілмаш басын шайқады. — Неге?..

— Қашқынға белет беріп біздің басымыз екеу ме?

- Саған одан не зиян бар?
 - Маған зиян болмағанда не пайда бар?
 - Екі жақсы аты бар, біреуін мінерсің...
- Алексей шылымын тартып, ойланып отырды-отырды да:
- Жарайды, сен айтқан соң, болмас... Атты қой, ақша...
 - Сөз жоқ, аттың ақшасын бергізейін...

IV

Борандау күн еді.

Үйез мекемесінің алдыңғы үйінде үсті-басын қар басқан, сақал-мұртына қырау жабысқан екі мұжық, бір қазақ отырды.

Қазақтың бір көзі көкпеңбек ісіп, жұмылып кеткен, басы орамалмен байлаулы, өң жоқ, түс жоқ, төмен қарап, мұнайып отырды.

Уезни нашальник волосной старшинаның пакетін ашқанда, ішінен үш бөлек қағаз шықты:

1) Қызылсу елінің қазағы Омар Төлеков Ефим Тимошоның атын ұрлап жатқанда қолға түсіп, соның үстінен жасалған протокол.

2) Омар Төлековтің белеті.

3) Волостной старшинаның “уезге Төлековті екі кісімен жібердім” деген рапорты.

Уез қағаздарды оқып бола берген кезде, қазақ ішінде көп жүрген стражник кәрі Иван кіріп:

— Алдияр, тақсыр! Бұл ұры — кәдімгі ұстатпай жүрген қашқын — Омар Төлеков, таныдым, — деді.

Он-он бес минут өткен жоқ, концелярияда справка қылынып, кәрі Иванның сөзі расталды.

Омар қашып жүргелі екі жылдан асқан, билеті болыстан алынғалы екі ай болған жоқ. Уез дереу Қызылсу елінің болысы Жарылғасты шақырып, кәрі Иванды таптырды.

V

Болыс болғанына дәл бір жыл дегенде Жарылғас орнынан түскен еді.

Жарылғас кінәның бәрін тілмашқа аударса да, тілмаштың жауабын үйез дәлелдірек тапты. Алексей тілмаштың жауабы:

— Жарылғас орысша біледі, қағаз біткенге өзі қол қойып, мөр басады, мына белеттегі де өз қолы: орысша білетіндігін нашальниктің куәландыруымен областное правление 70-статья бойынша үш таспен-ақ болыстыққа бекіткен. Оларды танымаймын, болыстың бұйрығынан шықпаймын, “жаз” деген соң жаздым...

Мұнан кейін көп ұзамай областное правление Жарылғасты сотқа беруге бұйырғандығы естірілді.

Бұл хабар тиген соң, Жарылғас бұрынғыдан бетер сасып, сотта не деп жауап берерін білмей, күндіз-түні ойға қалды.

— “Орысша білмеймін, тілмаштың маған білдірмей істеген ісі” деп құтыла қалсам, қайтадан болыс болу жоқ. Сотта читаю, писаю десем, “орысша білетіні рас екен” деп жаза мойныма түседі... — деп даң болды.

Ісін адвокатқа бермек болып, Жарылғас мырза қалаға жүруге кам кылды.

Аттанарда, Жарылғастың әкесі Көркімбай қарт баласына батасын беріп айтқаны:

— Тілімді алсаң, балам, шитай-шитаедан да без! Болыстықтан да без! Қалған малыңнан тағы айырылсаң да, қара басыңды қорғап қал! Бұрынғылар айтқан, балам: “Басқа келген пәледен бастан құлақ садаға...”

ҮШ ҚҰЛАҚ

Торғай үйезіне қараған бір болыс ақтаз (*найман*) деген ел бар. Көшіп-қонуы бұрынғы қалыпша, зорлықшыл, тентек ел. Осы елмен қатар көшіп, қатар қонып жүрген, Атбасар үйезіне қараған Ақтаз — Бадана деген ағайын бар. Осы ағайынның бір жігіті мал ұрлатып, сұрау салып, жанындағы айбынды ұры Айдабай балаларына барады. Өзінен төмен атаның баласы мал сұрап, ұры түнетіп, ауылына ат ойнатып келгеніне намыстанып, мал иесінің құлағын кесіп тастайды. Мұның арты болмашы сөз болса да, құлақ құнсыз кетіп, екі жағы келісіп, жігіт құда болып кетеді. Бұл — бір құлақ.

Мына құлақ кесілгеннен кейін арада бір-екі жыл өтеді. Бірақ батырлардың “құлақ кесті құлың” деген сөз ауыздарынан шыға береді. “Қорқақты көп қуса, батыр болады” деген рас екен, ана жылғы мал ұрлаған Айдабай тұқымы Мейрам деген жігіттің құлағын Бадан жағы кесіп алады. Бұл — екінші құлақ.

Құлақ кесу бәсекесінен хабарсыз, соңғы құлағы кесілген елде саудамен жүрген Қасым деген жігіттің құлағын, екінші құлаққа орай қып, Айдабай жағы кесіп, босағаға лақтырған. Міне, үшінші құлақ.

Мұның арты үлкен барымтаға айналып, Баданның 20—30 жылқысы сойылды. Күнде тең елдердің ақсақалдары жиылып, бір-екі рет бас қосса да, дым бітіре алмады.

Бұл күнде екі жақтың шұнақтары құлақтарын қалтасына салып, закон қуысып жатыр.

ҚУАНЫШТЫ КҮН

“Пара алушылардың жазасы артсын һәм пара берушілерге жаза берілсін” деген жаңа закон шықты”.

Газеттерден

Жармұхамет бүгін мекемеден өзінен-өзі күлімсіреп шықты. Жайшылықта құп-қу сұрғылт жігіт бүгін екі бетіне қан жүгірген, көздері жайнаған, күннің әлі қыс екенін де ұмытқандай. Көшеге шыққанда пальтосының түймесі салусыз еді.

Жармұхаметтің бүгінгі қуанышы ғұмырында тапқан абырой-дәрежесімен парапар еді. Бәлкім, онан да артық еді. Ол қызметке ілінгеннен бері абыройы тез көтеріліп кетті. Жұмысты кісілер онан ақыл сұрамай кетпейтін болды. Қазіргі Жармұхамет бұрынғы кедей Токтардың Жармұхаметі емес. Үйіне кірген кісі шыққысыз. Төсеп тастаған қымбат кілемдерге көз сүрінеді. Бұрын қол жетпес көрініп жүргендермен Жармұхамет енді әкей-үкей болып кеткен. Бұрын тұмсығын көкке көтеретін Қаракерей болыстары енді күндіз-түн оның үйінен шықпай карта ойнайтын болған. Сөздің қысқасы, Жармұхаметтің кемеліне жетіп, толықсып тұрған бір шағы еді.

Міне, бүгін сол бақытты Жармұхамет бұрынғыдан он есе бақытты еді. Себебі, бүгінгі қуанышты оқиға болмаса, Жармұхаметтің ғұмыр бойы жеткен дәрежесі, тапқан дәулеті бүгін болмаса ертең халық аузында ертегі болып қалуы ықтимал еді.

Мұнан екі-үш сағат бұрын алдына жұмыспен барғанда, қабағын қарс жауып: “Осылар-ақ мазамды алды ғой”, — дегендей бар айбынын сыртына шығарып отырған Жармұхамет енді жылы шыраймен шыққанына көшеде оны манадан бері күтіп тұрған Берікбол, Малтабар іштерінен қуанып:

— Тақсыр, біз сізді күтіп тұр едік, — деді. Жармұхамет оларға жүре жауап беріп:

— Жұмыстарың болса, үйге келу керек еді. Сендер мекемеде қинайсыңдар, анау қасымда отырған қасқа бастың төбесі тесік, — деді.

— Біз қайдан білейік... енді сізден бір мархамат болар ма екен?

— Ай, білмеймін, істерің жаман көрінеді. Әкімнің назары сендерге өте теріс.

— Біз оны байқадық, көпірдің алды тар көрінеді. Сізден мархамат болмаса?

— Менің айтқанымнан шықпайтыны рас, бірақ...

— Сіздің қолыңыздан келетін болса, біз сіздің бір керегіңізге, иншалла, жарасақ керек.

— Үйге барып сөйлесейік, болыстарың осында жүрген көрінеді, бізді көшеде көрмесін, біздің үйге бара беріңдер, мен қазір келемін, — деп, Жармұхамет екінші көшеге бұрылып кетті.

— Тегі, жолымыз болар, сен байқадың ба, ахлақты көрінеді ғой, — деді Берікбол.

— Ахлақты болмай, шіркінге не көрініпті, сан рет олжа түсіріп едім. Жылқайдар қызы туралы өз қолымнан 300 сом әпердім. Былтырғы өтірік сайлауда сүйіншіге жүз сом, бір ат бердім. Бізге ол Құдай үшін қызмет қылар деймісін, алатынын тағы алар. Әйтеуір іс оңарылатын болсыншы, — деді Малтабар.

— Сонда да қара жүрек жігіт қой, мен осыған сене де бермеймін, осы аналардан аман ба екен?

— Аман шығар. Аман дейтінім, Тоғжан қара жорғасын қайтып алып, аралары ашылып жүрсе керек.

— Қайдан білейін, Терлікбай, Жарбосындардың аяғын күштырып жүрмесе!

— Сен жоқты сөйлейді екенсің. Олардан ол ақырында қанша пайда қылды. Жарбосын төрт жүз сомын қайта даулап алып, өзін орнынан түсіре жаздаған жоқ па?! Санасы болса, екі жақты бірдей қолға алудан батырдың аузы күйген шығар.

— Жарбосын да сабаз, қасқыр-ау, осылардың құлқынына түсіп кеткенді қайта алып жүрген.

— Оның мәнісі бар, оны қайтарып жүрген Сейдіғали ғой... Осылай екеуі сөйлесіп келе жатып Жармұхаметтің үйіне жақындай бергенде, Берікбол Малтабарды түртіп қалып:

— Ойбай, болыстың аты түр ғой! — деді.

— Қой, оныкі емес.

— Не айтады, шанасын қарашы, ана Белгібай торы емес пе?

— Ендеше бұрылып кетелік!

— Енді байқалық, қайтер екен. Әлгі келген соң қанша сөйлесер екен. Мына сарттың дүкеніне кіріп, қарай тұралық.

Жармұхамет бұлардан айырылған соң тура переводчик Әли Жартыбасовқа барған еді.

Бұл қалада Жармұхаметтің бүгінгі қуанышына ортақ болатын жалғыз Әли еді. Жармұхамет есіктен кіре күлімдеп, азырақ ентіге сөйлеп:

— Әй, сен не білдің? Оқыдың ба? — деді.

— Немене?
— Білмесең, сүйінші.
— Немене, немене, айтсайшы құрғыр.
— Жаңа законды оқыдың ба?
— Не қылған жаңа закон?
— Жаңа закон шықты...
— “Жаңа закон” дей береді ғой... Орыстың жаңа законы аз ба еді?

— Керексіз законды не қылайын. Міне, оқымасаң, — деп қалтасынан орысша бір газетті суырып алып, қызыл қарындашпен сызған жерін оқи бастады.

— Мұны қашан оқып шығасың, маған қысқасын түсіндірші!

— Қысқасын түсіндірсем, жаңа закон бойынша, пара берушілерге жаза салынатын болды...

— Сол ма қуанып жүргенің, онан бізге не пайда бар?

— Токта, әуелі түсін.

— Ал, ал, түсіндір!

— Пара берген бұрынғыдай шыға беріп аузына келгенін оттай алмайды. “Пәленшеге сонша беріп едім” деп хакімге арыз қыла алмайды.

— Қойшы.

— Уалла, нанбасаң оқы мынаны!

— Думадан айналсаң болмас па?

— Ой, кеше, бұл законды шығарған дума емес. 87-статья бойынша үкіметтің өзі шығарды.

— Үкіметтен айналсаң болмас па? Бірақ пара берушіге жаза болатын болса, бізге параны кім береді?

— Ой, мисыз, қазақ бермей, алмай тұра ала ма? Бізге керегі сол — ешкімнің айтпағаны ғой. Былтырдан бері менің зықым шыққан жоқ па?

— Айтқандай-ақ, оның енді қалай болар екен?

— Жоқ, ол ештеме болмайды. Мына законнан бұрынғы ғой, сонда да Құдай кезін келтірсе, Жарбосынның әкесін танытармын. Әйтеуір дауласпай жүретін кісі емес, өзі-ақ бір қысылғанда келіп сүйкенер. Сонда бергенін тура Петр Ивановичке апарып тапсырып, өзін сотқа бергізермін.

— Не сөйлеп отырсың, онда өзін ұсталмаймысың?

— Жоқ, әлгі жаңа законда айтқан: “Егер чиновник өзінің алған парасын өзінің төресіне әкеліп тапсырса, жазалы болмайды, беруші сотты болады. Пәлен ай абақтыға қиылады, ақшасы қазынаға кетеді” деген. Мен жорта бір-екеуін алғашқы кезде сөйтемін. Сонда әкімдерге сенімді көрініп, қазақты да жүре шаймаймын ба? Әйтеуір онымен қазақ бермей тұра алмайды.

— Шайтан-ай, ондайға шеберсің-ау!

— Қайтейін, қарап жүріп өлейін бе? Қашаннан бері Сейдіғалидың қорлығы өтті.

— Оның рас, Сейдіғалидың бір сөзі менің де есімнен өлгенше кетер емес. Саған айтқаным да жоқ еді. Былтыр Құрманның тойында екеуміз сөзге келісіп, сонда маған айтқанын естісең...

— Не дейді?

— Сондағы айтқаны: “Сен күні кеше Ермалаевтың самаурынын құйып жүрген Әли едің, енді қазақтың арқасында әбден байып, үй салып алдың”, — деп былшылдады.

— Оған үй салып алса, кім қой деген екен!

— Ол екеумізді көре алмайды. “Байдың малын байғұс қызғанады” деген ғой.

— Осы біз алсақ, қазақтан алған шығармыз, соның несін алдық, соның бізде несі бар?

Жармұхамет кешіккен соң, оны үйінде күтіп отырған болыс пәтеріне қайтты. Мұны көріп тұрған Берікбол мен Малтабар сарттың дүкенінен шықты. Малтабарға Берікбол:

— Мен саған мана айттым ғой, Жармұхаметке біз текке жем боламыз деп. Оның бізден бөлінуі жаман. Мынаның қайдан шыққанын көрдің ғой, біз әлі де болса сол Әлиді айналдырайық, — деді.

— Жарайды, — деді Малтабар.

Әли, Жармұхамет, Әлидің қатыны үшеуі шай ішіп отырған үстіне сәлем беріп Берікбол мен Малтабар кіріп келді. Екеуі Жармұхаметті көрген жерден ұрлығының үстінен иесі түсіп қалғандай сасып, төрге де шыға алмай, шығып та кете алмай, не қыларын біле алмай, тұрды да қалды. Бұлардың жайынан хабарсыз Әли:

— Хош келдіңдер, төрге шығындар, — деп жылпылдай бастады.

Жармұхамет оларға жаман көзімен бір қарап алып, стақанын төңкерді де:

— Хош, мен қайтамын, үйде жұмысым бар еді. Саған соны айтқалы келіп едім, — деп, шығарда екі қазақты көзімен тағы бір атып, жүріп кетті.

ТІК БАҚАЙЛАР

— Болыс, өзіңіз де келіңіз!

— Жок, мені қойыңыз, мұнда бар, “ет аз, күн жаз”, қайта

мына келіндерінің сараңдығынан қатқан-құтқан калыпты, — деді болыс.

Бір табақ сүрді жеті-сегіз кісі айнала отырды.

Сағындық бидің атшысы — жас жігіт, тұтасымен салынған сыңар қазыны көтеріп алып, қолы күйіп бара жатқан соң, тастап жіберді де, ұялғаннан:

— Мынау жануар кер биенікі-ау, — деді.

Сағындық би көзін қысып қалды. Махмұджан мұғалім мырс етіп күліп жіберді.

Болыс естімегенсіп, есік жақта отырған жылқышыға:

— Мә, мынаны аса да, тарт малыңа! — деді.

Қонақтар үн-түн жоқ, етті жеп болып, есік жақтағы бала-шағаларға асатты да, табакты қайтарды. Майлық берілді, ет тураған жігіттер қолдарын жалап:

— Бәйбіше, қолдың майын жеңілткендей бір нәрсе болса, — деді.

— Менің шідерімді әпер! — деді болыс.

Бір жігіт шідерге ұмтылғанша, болыстың тоқалы Ажар сандықтың қабында қыстырулы тұрған бес-алты газетті алып қонақтардың алдына тастай берді. Ет тураған жігіттер қолдарын сүрте бастады.

— Қағаз қолдың майын жақсы алады, — деп, Сағындық би де майлықты тастап, бір газетті ала беріп еді, Махмұджан мұғалім жұлып алғандай:

— Биеке, маған бере тұрыңызшы, мынау менің газетім ғой! — деп бас салды.

— Пай, пай, біздің молда газет десе, өліп тұрады, — деді Сағындық би.

— Жәдид ғой, — деп үйдегілер бірсыпыра күлісті.

— Мынау “Қазақтың” 175-нөмірі, мен мұның алдындағы үш нөмірін әлі алғаным жоқ, — деп ренжіген түспен мұғалім болысқа қарады.

— Молдаеке, сонша іспеттейтін мұнда шарифат сөз бар ма еді? Мұнан бұрын келген үш-төрт қағазды “үлгі пішемін” деп шешей алып кетті, — деді Ажар тоқал.

— Адресімді өзгертпесем болмас, — деп, мұғалім кейіңкіреп басын шайқады.

— Молда! Осы газеттерден құтқарғаныңа менен не аласың? — деп болыс күлді. Мұғалім үндемей газетті оқып отырды. Жұрт қол жуып болған соң, мұғалім:

— Міне, сіздер газетті керексіз дейсіздер, оқып көрсетейін, пайдалы ма, зиянды ма екен, — деді.

— Оқыңыз, оқыңыз, — деді отырғандар.

— Осы бір нөмірдің өзінде қанша керекті сөз жазылған!

Қазақ малының есебін алу туралы сөз бар, осы кездегі қымбатшылық жайынан жазылған. Міне, адвокат Райымжан Марсековтің қазақ қамын ескерткен мақаласы бар, міне, ел ішіндегі партия пәлесінен туған өтірік шағым, хата өлген кісінің атынан жазылған арыз бар...

— Оны жазушы сабаз бір зәконшік қой, — деп мұғалімнің сөзін бөліп жіберді.

— Есеп демекші, есеп жайынан не жазған екен? — деді болыс.

— Май-июнь айларында қазақ малының санағы алынады, соған шығуға талабы бар орысша оқыған жігіттер осы бастан сұранып арыз берсін, — депті.

— Ие, е, ана жылғыдай орысша оқығандар тағы да жұртты әуре-сарсаң қылады десейші, сол жылы мен ауылнай едім, біздің елді сонда қырып кете жаздаған, — деді Сағындық би.

— Бекер шығар, — деп мұғалім нанбағысы келіп еді, үйдегілер тұс-тұсынан ана жылы санаққа шыққан орысша оқыған жігіттердің мінезін айтыса бастады.

— Жәкебайдың торы атын ана бір көзілдірікті бұжыр жігіт айдалаға шауып, көрінеу зарықтырып өлтірді, — деді Сағындық.

— Сонда ұялғаным-ай, Жарықбаев деген бір қатпа қара шімірікпестен, біздің Тобажанға: “Қызың сұлу ма, күйеуге бердің бе?” — деп қарап отыр, — деді біреуі.

— Тобекен момын адам ғой, сөй дегенде аузын бұзып жіберсейші, — деп бір жігіт қызынды.

— Ойбай, ол — ол ма, Дүйсен софыға: “Ұжмақтың қай бөлмесіне кіресің, неше хордың қызын аласың?” — деп бейшараны жаман сықақ қылды, — деді тағы біреу.

— Сабаз, сонда бір жігіт болды-ау, аты кім еді? Тілімнің ұшында тұрғанын қарашы... Исламбек! Исламбек десе, Исламбек еді. Сол жігіт әлгі тік бақай жолдастарына жаман кейіді, ол болмаса, аналар қазақты адам дейтін емес, — деді төменірек отырған біреу.

— “Қазынаның ақшасын шашып, мен мұнда ойнап келдім бе?!” — деп ақыратын шашы ұзын кейкі сары бар еді ғой, со да тентек жігіт еді, — деді Токжан болыс.

— Құрамысқа: “Қызың қатынынан неше жас үлкен?” — дейтін ана бір қырма сақал қыбжақ жігіт пе еді?

— Жаным, ол жолғының несін сұрайсың! Орысша оқығанның бәрі сондай болатын болса, олардан аузы түкті орыс артық, — деді бір үлкен кісі.

— Серкебайдың баласы сол жылы қызық қылған ғой: өз еліне есеп ала барғанда, өз әкесінен: “Атың кім?”, — деп

сұрапты. Әбіш болыс шыдай алмай: “Нұрмаш-ау, саған не болды, өз әкенді танымағаның ба?” — десе, Нұрмаш: “Закон такой”, — деп айтады, — дейді.

Үйде отырғандар ду күлді. Сағындық би Махмұджан мұғалімге:

— Сен неге күлмейсің, орысша оқығандарды, төте оқу жолындағыларды жер-көкке сыйғызбаушы едің ғой? — деді.

Оқығандар ел ішінде мұндай ұнамсыз мінез көрсеткеніне ренжіп, солар үшін ұялып отырған Махмұджан мұғалім өзіне сөз кезегі келген соң:

— Отағасылар! Һәр адамның мінезі Һәртүрлі, көптен жақсы да, жаман да шығады. Бірен-саран тік бақайларға қарап, оқығандардың бәрі солардай деу хата, жаңа Бекен айтты ғой: “Сонда бір жігіт жолдастарының мінезіне жаман кейіп, тоқтау салды”, — деп. Және ол жолдағылар мен қазіргі оқығандарды салыстыруға болмайды, қазіргі оқығандарда ұлт намысы бар, бұрынғылардан фікірлері көп ашық. Егер араларынан бірлі-жарымды теріс мінезділер шыға қалса, естиярлары тоқтау салады. Тіпті болмағандарын мынау газетке жазып, ендігіден әрі жұрт бетіне қарай алмайтын қылуға болады...

— Тірі болсақ, бұл жолғыларды да көрерміз, көп қалған жоқ қой, тек жақсы болсын, қазақ баласын жаман қылып не қыламыз енді, молда, — деп, Сағындық би орнынан тұрды...

— Осы үйден біржола бесін оқып аттаналық, — деп Сағындық би орнынан тұрды...

Жұрттың бәрі дәрет алуға тысқа шығысты.

БІЗДІҢ БОЛЫС ЖАРАЙДЫ

Ойласа не табылмайды: әділдік те, данышпандық та ойдан шығатын нәрсе. Бұ заманда жұрттың көбі болыс болғансып, сүйенгені — закон, күш-қуаты — ізнәк-мөр болып кетті. Сонда да жұрт құралақан емес екен, бүгін мен өзіміздің болыстың кемеңгер билігін естіп көтеріліп қалдым. Алаштың алалығы жоқ, оқушыларым, сендер де естіп көтеріліңдер, зарықтырмай айтайын:

Сарықопа волосында Ақташы, Қараман деген екі ауылнай ел бар. Бұл елдің болысы Ақташы Өтеулі деген кісі. Ақташы Юсуф Нарымбай баласынан Қараман Қоғабай деген жесір алмақ. Юсуф күйеуінен бір жақсы ат алады. Бұл ат кешікпей жоғалады. Юсуф күйеуі Қоғабайдан көреді: “Қараман, атымды тауып бер, болмаса жесіріңді бермеймін”, — дейді. Мұнысы

— ағайыны болысқа арқа сүйегендік пе, әйтеуір осылай тізе көрсетпек болады. Бұған Қараман қаймықпай, 20 жігіт аттанып, қызды алып қашуға келеді. Қыз қолға түспейді. Ақташылар жасырып тастаған екен.

Екі ағайынды бітіруге Өтеулі болыс атқа мінеді. Ақташы, Қараман бас қосып сөйлессе де, тыныса алмайды. Сонда біздің болыс не ойлап тапты деңдер. Дереву өзінің Ақташысынан Молдаш деген бақсыны алдыртады.

— Міне, жұрт, ұрыны қазір таптырамын, ал бақсы, істейтінінді істе! — дейді болыс.

Юсуф пен Молдаш жұрттың алдында әуелі серт қылысады: бақсы ұрыны тапса, қара ала бұзаулы сиырын бермек, егер ұрыны таба алмаса, бақсы Юсуфке күрең байталын бермек.

Бақсы келместен бұрын-ақ болыс отқа төрт кетпенді салып қойған екен (тегі бұрын да мұндай тәжірибелерді болыс басынан өткізсе керек). Бақсы келіп, жынын шақырып, отқа әбден қызарған төрт кетпенге жұртты шақырады. Ақташы — Қараманнан жүз қаралы адам бар екен. Жоғалған аттың басы төрт қараға кесіледі. Бақсы сөйлейді:

— Міне, жұрт, кім қара болса, кетпенге қолы күйеді, ақ болса, аман кетеді!

Жұрт бірінің артынан бірі кетпенді сипап өтіп, кезек Омар Ғабдалрахман баласына келеді. Мұның алдындағылар қолдарын шарпылтса да, қарытса да сыр бермей өтеді: ұры болып, мал тарту оңай ма! Омар Ғабдалрахман баласы кетпенді сипап өтіп, шыдамай қолын шайнап алады. Бақсы Омарды бас салып: “Ұры — мынау!” — деп ұстайды. Мұнан басқа қолы күйгендер, шарпылғандар: 6 ауылдың ыстаршынасы Мұстафа Байсамат баласы, Серікбай шабар, Дүйсеке Көбелек баласы һәм басқалар.

Болыс Омарға шүқшияды:

— Әйдә, батыр, төле малды, ұры болдың!

Омар айтады:

— Жарайды, төлейін, бірақ маған акті жасап, копия бер, “осындай ретпен мал төледін” деп.

— Жарайды, ертең малды әкел, біз акті жасап қоялық, — дейді болыс.

Жұрт тарайды.

Бақсы айтқан сертке жетіп, Юсуфтың қара ала сиырын айдап жөнеледі.

Болыс кешке песірге акті жаз десе, песірі:

— Басың нешеу, осындай іске акті жасауға бола ма екен?! — дейді.

Болыстың салы суға кетеді. Ертеңіне мал алуға нокталы-

жіп байланып Ақташылар келеді. Бір жағынан жауапкер — Қарамандар даяр болады.

— Акті жоқ.

— Акті жоқ болса, мал да жоқ, — дейді Қарамандар. Болыс ұялмаса да қызарғандай болып, не қыларын білмейді. Сонымен жұрт тағы тарайды. Бітім болмай қалады.

Енді біздің болыста не кінә бар? Ұрыны таптыруын таптырды, бірақ шіркін песір орыстығын қылып, біткелі тұрған іске заңды әкеліп кірістіріп, ұрыны босатып жіберді.

Заман азды десек те, данышпандар бар ғой. Жұрттың көбі құр даңғазамең “Һарон Рашид, Һарон Рашид” деп, баяғы Һарон Рашидтің басын ауырта береді. Құдайдың өз маңдайымызға, өз бағымызға берген Һарон Рашидінің қадірін білеміз бе?! Әлгі Омар қарақшы осы күні болыстың үстінен судияға арыз беріп отыр: “Болыс маған сондай-сондай іс қылды, масқаралады, қолымды күйдірді” деп. Бұл жұрт қайтіп оңсын!

ІШІК ҚАЙЫРЛЫ БОЛСЫН!

— Қажыеке, ішік қайырлы болсын!

— Айтсын.

— Қаншаға алдыңыз?

— Сұрама, шырағым, дүниенің өзі күйіп тұр екен ғой, 350 сом... Ұмсындыққа киім-кешек алайын деп едім, оны Мәскеуден алғалы тұрмын.

— Ішігіңіз қымбат емес, мен мынаны 150-ге алдым, — деп Тоқыш үстіндегі пальтосын көрсетті.

— Ой, шырағым-ай! Жұрт жарықтық арқасында бір бүтінденіп қалалық та.

Тоқыш күлімсіреп:

— Сіз әлі жұрт арқасында киініп қалалық деп отырсыз, осындағы газетші кулардың сөзін естідіңіз бе?

— Е, олар не қыл дейді?

— Олар бізді кінәраттап жатыр, “жұрттан көп ақша жинап алып, өз пайдаларына жұмсап жүр, бір тиындық бітірген ісі жоқ”, — дейді.

— Е, ее! Біз біреуден тартып алыппыз ба, жұрт өзі берген соң, шариғат бойынша да бізге халал, газетші-мазетшінің сөзі керек емес, үй басы 2-3 сомнан ел кедей болмас...

— Сонда да, қажыеке, олар Жорықбай ақсақалды ұялтып тастапты...

— Шіркіннің ұялшағын қарашы, “не былшылдайсың, сенің ақшаң емес қой” десе болмап па?

— Жорекең жарықтық жуас кісі ғой, үндемеңгі. Сонда да: “Соншама ақшаны қайда жұмсадыңдар?” — десе, елге не дейсіз? Аналар жұртқа жариялайтын көрінеді.

— Шырағым, Тоқышжан, сен әлі баласың ғой, біз мұндайды көп көргеміз, оның не қысылатыны бар. “Адвокатқа бердік” дерміз, “переводчик, чиновниктерге бердік” дейміз, ретін таппаймыз ба?... — дей бергенде, нөмірге газетте қызмет ететін бір жігіт сәлем беріп кіріп келді.

Қажы әфенді жалма-жан ішіктің үстіне шапанын іле салып, тасбиғын тартқан болып отыра қалды.

СОЛ ҚЫЗДЫҢ АТЫН ҰМЫТТЫМ

Мен 1921 жылы Семей уезінде тергеуші болып қызмет еттім. Күз уақыты еді. Өзіме қараған аудандағы елдерді аралап жүріп, Қызыл Адырға келсем, аудан биі Қ. жолдас сессия құрып жатыр екен. Халық есепсіз көп жиналған: Семей уезінің 7-болысынан, Қарқаралы, Өскемен сықылды өзге уездерден, тіпті Жетісудың Аягөзінен де мал даулап, ақы сұрап келгендер бар екен. Қ. жолдас Семей уезінен қызметке жақсы, ұрыға рақымсыз атанған билердің бірі саналатын. Жұмыстың көптігінен Қ.-ның басы қатып, дамыл көрмей, мезгілімен тамақ ішуге де уақыты болмай, ертеден қара кешке шейін сөйлеумен дауысы да қарлыққан екен.

Жиналысқа тіккен үйдің біріне біз де келіп түстік. Қандай жұмысты қандай адам (тергеуші ме, би ме) қарайтынын білмейтін, өздері неше күндей кезек тимей сарғайған, елдері алыс, сот маңайындағы ауылдарды қону-түстенумен әбден мезі қылып, жексұрын болған даукестер мені көрген соң: “Тағы бір төре келді”, — деп, сыйғаны үйге кіріп, сыймағаны үйдің жабдығынан дауыстап: “Тақсыр жолдас, арызымыз бар, пәлен күннен бері бізге есе тимей жатыр...” — деп, әркім өз басындағы мұңын шаға бастады. Халық соншалық көп, бұл елге біз келе жатқанда жолшыбай “сот арқылы өндіріп алдық” деп талай мал айдап бара жатқандарды көргенбіз. Әлі де болса лек-легімен біреулер келіп жатыр, жұмысы біткендер кетіп жатыр.

Осынша көптің жұмысын “законшілеп” бітіремін деген сот сол ауылда екі жыл жатса да бітетін емес. Ол кезде әлі қылмыс заңдары шықпаған, сот қызметкерлері істің ақ-қарасын “төңкерісшілдік арымен, социалистік сана жолымен ғана” айыратын шақ. Қ. жолдасқа атсалысып көмек көрсетіп, мен сол арада 3-4 күн болғанмын.

Міне, содан бері 4 жыл өтті. Қазіргідей заманда бұл аз уақыт емес. Содан бері талай кемшіліктер түзетілді. Бірақ ұлы мақсатты тілектердің бірі — әйел теңдігі әлі де көңілдегідей жүзеге асқан жоқ. Бұған себеп: елдің сүйегіне сіңген ескі әдеттің әлі күштілігі, әйел табының көзі ашылы: жетпеуі, бостандық қадірін анық білмеуі, ел ішіндегі соттардың салақтығы-олақтығы, тағы-тағылар. Қара басының бостандығын көксеген әйел жігерлі болса, қазақ ішіндегі соттар қатаң, қызметін біліп істеп, жолдан таймайтын болса, әдет-ғұрып қанша күшті болғанымен, жоғалмасқа шарасы жоқ.

“Бостандық” дегеннен есіме түседі: сол жолы бір қыз көрдім.

Осы қыз 7 аудан сотына арыз береді: ата-анасы жастай қалыңмал алып, біреуге атастырып қойғанын, енді бойжеткен соң күйеуі жаман екенін біліп, оны сүймейтіндігін баяндап, басына бостандық сұрайды. Сот қызды шақыртады. Қыздың әке-шешесі, туысқандары, бәрі шұбырып ере келеді. Бәрі қызға жабылады. “Арыз бергенім жоқ, бұрынғы күйеуіме баруға ризамын”, — деп айт деп үйретеді. Әсіресе әкесі қызына өлердегі сөзін айтады, көзінен аққан сорасы сақалын жуады. Шешесі әлпештеп өсіргенін, ақ сүтін емізгенін, дос аз, дұшпан көп, жұрт алдында маскара қылса, “пәленшенің қызы кетті” деген атаққа ұшыратса — екі дүниеде риза еместігін, “ақ батаны бұзса, көсегесі көгермейтінін” айтады. Ағалары біресе зекиді, біресе жалынады. Қысқасы, бәрі жабылып қыздың басын даң қылады. Бәрі де қыздан сот жауап алғанда бірге болады. Ақырында, қыз бейшара әке-шешесін аяп, сот алдында: “Мен арыз бергенім жоқ”, — деп шығады. Қыздың хат білмегендігі үшін арыз жазып, қол қойған — сол қызды алмақ болып жүрген сүйген жігіті Бекіш екен. Енді сот біреудің қызын халық алдында маскара қылғанын тексеріп, айыпкерді жауапқа тарту үшін қаулы жазып, сол арада қолма-қол маған тапсырады.

...Қызды шақырттым. Әке-шешесі, жақындары тағы да шұбырып ере келді. “Қызық” көрушілер іргеден, жабықтан сығалап, тыңдап, бірін-бірі итермелеп, түйе түскендей үйді қиратып барады.

Бойжеткен әдемі зәулім қыз. Басына түлкі тымақ киген, белін буынып алған. Қыздың тымақ кигенін топ ортасында жалғыз әйел болып көзге түспейін деп ұялғаннан істеген ғой деп ойлауға болса да, белін тас қылып буынғаны үйден шыққанда-ақ тәуекелге бел байлап аттанғандығын білдіргендей болып көрінді. Түсі қашқан, көңілін қайғы басқан мұңды

кыз келіп отырғаннан кейін қанша сездірмейін десе де, еріксіз күрсініп жібергендігі байқалып қалды. Шешесі сапты камшыны таянып, сұрланып, ішінен: “Кәне, жүзікара, бірдеме леші”, — дегендей, қолайсыз бір сөз айтса, үстіне қона түскендей болып көзін айырмай қызының қарсысына отырды. Әкесі сот алдындағы жауаптан кейін көңілі жайланғандай, сөйтсе де “сақтықта қорлық жоқ” дегендей, қызының жоғары жағынан орын алды. Халық көп, жұмысы бар да, жоқ та анталап қарап тұр.

Тергеу ашпастан бұрын қызды, тағы қыз танымайтын бөтен елдердің 3-4 адамын алып қалып, бастығы қыздың әке-шешесі қылып, жұрттың бәрін шығардым, үйдің маңайына жақын жолатпайтын қылып қызбен сөйлестім.

— Бостандық сұрап сотқа арыз беріп пе едің? — дегенімде, қыз төмен қарап, бөгеліңкіреп, ақырын:

— Жок, — деді.

— Әке-шешен біреумен құда болып, күйеуге бергені, ол күйеуінді жаратпай бостандық сұрауың рас болса да, енді бүгін сот алдында ата-ананың көңіліне қарап, соларды ренжітпеймін, жұрт алдында төмен қаратпаймын деп қазақшылықпен танып отырған болсаң, енді сенің атыңнан арыз жазып, сен үшін қол қойып отырған жігіт сотқа тартылады, мен қазір оны шақырып жауап аламын, абақтыға жөнелтем. Ол жігіт сүйгенің бола қалса, оны аямайсың ба? Өзгелердің көңіліне қараймын деп, бұрынғы күйеуінді жек көретінің рас болса, өз өмірің қайғыда өтпей ме, шыныңды айт! Қазіргі заман — бостандық заманы, енді бұрынғыдай әйелді ешкім зорлай алмайды. Сүйсең, соған барасың, — деп бірсыпыра сөз сөйледім. Келгеннен төмен қарап үндемей тындап отырған қыз есік жаққа бір қарады да, басын көтеріп алып, тура маған бұрылып:

— Арыз бергенім рас! — деді. Бұл сөзді нып-нығыз қылып, “Басымды біреу кесіп алса да...” — дегендей қажырланып айтты.

Қыздың шынын айтқызғаныма, “сауабына” қалғандай болғаныма мақтанған кісідей мен күліп жібердім.

— Мана сот сұрағанда неге “арыз бермедім” дедің, енді ертең тағы біреуге “арыз бергем жоқ” деп жүрсең қалай болар? — дегенімде.

— Қайтейін, ол кісі сізше сұраған жоқ. — Көзі жаудырап: — Жұрттың бәрі анталап тұрған соң, — деп, қыз да күлімсірегендей болды.

...Мен: “Сырттағы кісілер үйге кірсе де болады”, — дедім.

Баяғы қауым адам таласа-тармаса қайта келді. Шешесі тағы манағыдай қызының алдына қамшысына таянып келді. Шаншыла келіп отырды. Мен енді жұрттың көзінше жауапты қыздан ресми түрде жазып алуға тырыстым.

— Басыңызға бостандық сұрап келдіңіз. Сотқа арыз бергеніңіз рас па?

— Бердім, бергенім рас, — деп, қыз жігерленіп, бастырмалатып екі рет жауап қайырды. Қыздың шешесі қаны қашып, көзі жаудырап, қызын жеп жібере жаздап:

— Алда бетпақ-ай, бетпақ-ай, бетпақ-ай! Не бетімді айтайын, бетпақ-ай! — деп тас-талқан болып, жолында отырған адамдарға сүріне-қабына үйден шыға жөнелді. Күпісінің етегі салбырап, “Құдай төбеден ұрды” дегендей, кебісін киюді де ұмытып, бәйбішенің соңынан ұсқыны қашып, байы шықты.

Сөйтіп, қыз бостандық алды, арманына жетті. Сүйгенімен кетті. Ата-анасын бала қанша жақын көрсе де, қанша сыйласа да, тіршілікте адамның азаттығынан артық еш нәрсе болмайтындығын, ол азаттыққа өзге түгіл, ата-анасы қарсы келсе де, еш нәрсе айырбастамайтындығын осы қыз сол жолы жиналған жұртқа айқын көрсетті. Міне, әлі күнге шейін қараңғылықтан шыға алмай, азаттық қадірін ұға алмай жүрген қазақ әйелдеріне әлі де болса үлгі алуға сол қыз жарайды.

Әттең, сол қыздың атын ұмыттым, қыз-ақ еді!

“БАЛҚИЯ” ПЬЕСА

4 перделік драма

Ойнаушылар:

1. Жарасбай — дәулетті адам, жасы 68-де.
2. Өлмес — оның тоқалы, жасы 33-те.
3. Балқия — Жарасбайдың қызы. Ақылды, ашық ойлы, жасы 19-да.
4. Мұрат — Жарасбайдың ұлы. Мұғалімнен оқып жүрген, жасы 11 -де.
5. Қасым — осы ауылдағы жадит мұғалімі. Пікірлі, халықшыл жігіт, жасы 25-те.
6. Нұрмақ — кедей, есті адам, жасы 44-те.
7. Сағила — Жарасбайдың інісінің қызы, жасы 17-де.
8. Молда — ескі пікірлі, өзімшіл, қиянатты надан, жасы 47-де.
9. Бектұрсын — болыс пен молдаға жарамсақтанып жүретін ақсақал, жасы 57-де.
10. Көпжасар — даукес, пасық адам, жасы 40-та.
11. Болыс—бай, жебір, зорлықшыл адам, жасы 53-те.
12. Тілмаш — болыспен жемтіктес, сұм жігіт, жасы 31-де.
13. Бұзаубақ — болыстың шабары, алаңғасар, жасы 25-те.
14. Қамбар — молданың атшысы, жасы 26-да.
15. Ахметжан — Учитель. Қасымның досы, жасы 24-те.
16. Құлтас — Қасым, Ахметжанмен пікірлес, жасы 22-де.
17. Пристав — болыстан пара алып жүрген тамыры, жасы 32-де.
18. Полицейский — жасы 29-да.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші көрініс

Жарасбайдың үйі бір бөлме. Есігі біреу, терезесі екеу, төрде жүк жиылған, текемет, кілем, көрпе жайылған, есіктен кіргенде оң жақта — қазақы кереует, тұсында ұсталған кілем. Алдында — құрылған шымылдық, жиюлы кереует алдында жерде сырмақ, оның үстінде қаттап төсеген көрпе. Жүктің бір шеті мен кереуеттің арасында жерде тағы бір

төсек. Оның үстінде қызылды-жасылды әйел киімдері ілулі. Бұл төсектің аяқ жағында кішкене сандықша. Сол жағында — самаурын, аққұман, поднос, шыны-аяқтар, бұлардың тұсында — жіпке асулы орамал, дастарқан, жайнамаз. Перде көтерілген кезде үйде жалғыз Балқия көрінеді.

(Тігіп отырған ісін тастай беріп, бір қолымен жағына сүйеніп, мұңды дауыспен.)

Б а л қ и я. Дүниеде қыздай сорлы бар ма екен?! Кім мал берсе, соған кете бергені. Қалыңмалды шығарған қандай көрінде өкіргір екен!.. Ғалияны көрмеймісің. Елудегі шалға қатын үстіне барып, солған гүлдей болып отырғанын. Бейшара Ғалия! Обалың әкеңе, шешенің болсын! “Ақ бата (кекетіп), аруаққа шет боласың” дейтіндері бар. Бата қылғызған біз бе екен?!

Жас басымыздан малға сатпай-ақ қойса, аштан өліп бара ма екен... Батасыз кеткірлер, баталарың бұзылмақ түгіл, тас-талқан болсын... Өмірімше күндікте жүрерім жоқ. *(Алдындағы ісін сыпырып тастап, түрегеліп барып сандықшасынан бір қағаз алып түрегеліп тұрып оқиды.)*

“Сүйіктім Балқия, мені сүйгенің рас болса, енді көп ойланғанды қой. Екі жылдан бергі ойланғаның да жетер. Ата-ананың көңіліне қараймын деп қор болма! “Әлпештеген баламыз еді”, — деп, олар қайбір сенің көз жасыңа қарап отыр! Сырымыз елге жайылып бара жатқан көрінеді, енді ай жарым шамасында сабақ бітіп, балалар тарайды. Сол уақыттан қалмай жұмысты бітіруіміз керек. Арманда кетіп жүрмелік, тез жауап қайтар! Қош, қалқам, Балқия. Қасымың”.

(Хатты алақаны мен жүрегіне басып тұрып, басын шайқап): Жоқ, енді тәуекел! Көп ойлаған құл қаша алмас, не болса да! *(Сырттан дүбір естілді, Балқия есікке жалт қарап, хатын жалма-жанқалтасына тығып жіберіп, ісін тігіп отырған орнына отыра қалады.)*

Екінші көрініс

(Қолында ұршық, шүйкесі бар Өлмес кіріп келіп, өз төсегінің алдына отырады, Балқияға қарап.)

Ө л м е с. Баяғы көйлек пе? Бір көйлекті неше күн тігесің? Жүзікара! Сенің есіл-дертің бозбала ғой.

Б а л қ и я. Қойшы, батыр, мен не қылыппын?!

Ө л м е с. Жарайды монтайсымай-ақ қой. Мен білмейтін шығармын. Әкеңе айтып көзінді жоғалтпасақ, сен осы үйді құртқалы жүрсің.

Балқия (дірілдеген дауыспен). Мен ешкімді құртпаспын... Мені сендер құртқалы жүрсіндер, көрерміз...

Ө л м е с. Қарашы, бетбақ! Тумағандығыңды қыласың ғой.

Б а л қ и я. Сен өгейлігіңді қылмасаң, мен сені жат көрген жерім жоқ, бір жағы анамдай, бір жағы жеңгемдей көрсем де маған жаның ашымайды.

Ө л м е с. Қамығатын ештеңе жоқ. Сенің әкең мен 17 жасымда келгенмін. Сонда сенің әкең 52-де болатын, аруақ сыйлады ба? Бітуі осылай ма? Міне, отырмыз ғой мал-малданып, жан-жанданып.

Б а л қ и я. Мал-жаның бар болсын, теңіңмен қосылып, қысқа өмірді рақатпен өткізбеген соң, тіршіліктің не қызығы бар? Мұнда бөтен адам жоқ. Жетісіп отырғаның Дауқара ма? Көкемнің жамағаты болған соң сенің бүйтіп жүргеніңе қорсынамын, ұялам, бірақ... Сені айыптамаймын! Жассың, бұл күнде балалы-шағалы болдың, орнығып қалдың. Мен болсам, әлі уақыт өткен жоқ. Көре-біле қайтіп бір жарымес – жыңдыға барайын. Әкесінің байлығынан, болыстығынан не пайда, апажан, мені ая! Мақсатыма жетейін.

Жолыма бөгет болма. Қайта қолыңнан келсе, көкемді көндір. (Күрсінеді.) Ағатайым болса көкемнің айтқанына көнбес еді. Мені молдаға оқытпаймын дегенде қандай болып еді. Ақ-қараны танып қалғаным ағатайымның арқасында емес пе еді. Қайран ағатайым... (Бетін басып жылайды.)

Ө л м е с. Сенің айтқаныңның бәрі рас. (Күрсінеді.) Әйелден қор ешкім жоқ. Алланың жазуынан артық іс болмайды, жолыңа мен кесір болмаспын. Бірақ сен мұғаліммен кетсең, болыс бұл үйді шабады ғой. Мен соны уайым қыламын.

Б а л қ и я. Шапса, шапсын... Шапқанда адам алмас, көп болса берген малын алар...

(Сырттан: “Дауқара, Дауқара!!!” – деген Жарасбайдың айқайы естіледі. Балқия мен Өлмес тым-тырыс бола қалады.)

Үшінші көрініс

(Жарасбай кіреді. Өлмес тура келіп Жарасбайдың тымағын, белбеуін алып, керегенің бас жағына қояды.)

Ж а р а с б а й. Тобыңмен отырып үйден шығуды бір білмейсіндер. Осы ауылдың бар малы пішенге жабылып жатыр. Дауқара қайда?

Ө л м е с. Ас үйде ұйықтап жатыр. Түнде күзетке барған...

Ж а р а с б а й. Сол ит күнде күзетке бара ма? Үнемі күндіз ұйықтайды.

Ө л м е с. Бейшараның жаны жоқ па, ұйықтамай қайтсін!

Ж а р а с б а й. Былшылдама, үнемі ара түсесің де отырасың. Алты айына байталдай жабағыны мен соған Құдай үшін беріп отыр ма екем?! Тұр, оят, атаңа нәлет иттің баласын!

(*Өлмес шығып кетеді. Жарасбай төсек алдына отырады.*)

Осылар-ақ мені қартайтып болды. Садағаң кеткірлер, бұрынғылар әулие екен. Пішен 10 күнге де жететін емес. Ертең қоздаған қойға не берер екенбіз? Жұтамасақ жарар еді. Мұрат қайда? Әлі сабақтан келген жоқ па?

Б а л қ и я. Көке, бүгін — күн жұма. Мұрат сабаққа барған жоқ.

Ж а р а с б а й. Ойыны осылсын! Осы біреу мұғалім деген немесі де балаларды әбден бет-бетімен қоя берді. Бұрынғы молдалар ойнаған баланың жонынан қайыс алушы еді. Енді Жәдид дей ме, Мәжит дей ме, балаларды өзі ойнататынды шығарды. Қай жөнді адам болар дейсін. Өлсек, басымызға құран да оқымас. (*Басын шайқап.*) Оқуларының түрі жаман, бәрін бүлдіріп жүрген осындағы Қалжан закончік. Ат басындай алтын тапқан немедей қуанып, Уфадан оқып шыққан керемет мұғалім деп, бір пәлені әкеліп орнатып қойғаны. Онысы пәлденіп, шақырған жаназаға бару жоқ. Не жыны бар екенін білмейсін, пид алудан ат-тонын ала қашады. Садақа берсең: “Мен қайыршы емеспін”, — дейтіні бар. Қашанғы мұны төре қылып жалауына беріп отырамыз.

Төртінші көрініс

(*Басында биік қара бөркі бар, үстінде пәлтесі бар Қасым кіреді.*)

Қ а с ы м. Ассалаумағалайкүм.

Ж а р а с б а й (*жабағын түйін*). Әлікімсалам, жоғары шық, мұғалім. (Қасым төрге шығып отырады.) Амансыз ба, мұғалім?

Қ а с ы м. Шүкір, мал-жаныңыз аман ба? Балқия, сәлеметсіз бе? Жәке, сізде азырақ шаруам болып келдім. Қалаға кісі жібереді екенсіз. Балалардың қалам-қарындашы таусылып барады, соған ақша қосайын деп едім.

Ж а р а с б а й. Менің қалаға баратын кісім жоқ. “Қалаға барам, шөп сатам” деп ерігіп жүрген осындағы Нұрмақ қу. Өзім де шай-пұлға ақша қосайын деп едім. Қазір ол мұнда келуі керек.

Қ а с ы м. Мен ендеше Ахметжанға хат жазайын, сол

дұрыстап алып беріп жіберер. (Қалтасынан қағаз, қарындаш алып хат жазып отырады.)

Бесінші көрініс

(Өлмес, оның артынан Нұрмақ кіреді. Нұрмақ босағадан Жарасбайдың төменгі жағынан отырады.)

Н ұ р м а қ. Бай, ертең таңсәріден жүрем, беретініңізді беріңіз.

Ж а р а с б а й *(Балқияға қарап)*. Балқия, манағы ақшаны әпер. *(Балқия тұрып, кішкене сандықтан әкесіне ақшаны әперіп, орнына отырады.)* Мә! Осыған бір қағаз шай — жақсы шайдан, Баттақтың дүкенінен ал. Қалғанына жеткенінше қант ал. *(Ақшаны Нұрмаққа ұсынады. Нұрмақ тұрып келіп ақшаны қолынан алып, орнына отырады.)*

Қ а с ы м. *(Хат жазып болып, бүктеп Нұрмаққа қарайды.)* Нүреке, мал-жан аман ба? Сізді қалаға барады дегенге мына бір аманат тапсырайын деп едім.

Н ұ р м а қ. Шүкір, қарағым, шүкір! Орындай алсам ауырлығы жоқ қой.

(Қасым түрегеліп барып Нұрмаққа хат пен ақша береді. Қайтып өз орнына отырады.)

Қ а с ы м. Ахметжан учительді білесіз бе?

Н ұ р м а қ. Білем. Ахметжанды білем. Анау үлкен шіркеу жанындағы қазақ балалары оқитын үшкелде тұрушы ма еді?

Қ а с ы м. Дәл өзі. Соған тапсырсаңыз, бәрін өзі орындайды. Қалада қанша айналасыз, тез қайтасыз ба?

Н ұ р м а қ. Ойбай, Құдай, қалада жататын менің не жұмысым бар. Жоқшылығы құрғыр мезгілсіз уақытта амалсыз айдап бара жатқаны емес пе? Ауылнай деген үйі күйгір желіндеп тұрған сиырымды айдап кетіп, соның кесірінен жол бұзылып кетпей, бұзау, торпақтың жеп тұрған аз ғана шөбін сатқалы барам.

Қ а с ы м. Не дейді? Ауылнай сиырынды неге айдайды?

Н ұ р м а қ. Сұрама, қарағым, кедей сорлының қашан көзі ашылған. Биыл маған 17 сом салық салып отыр. Мынау отырған байынмен бірдей тартам. Ірілі-уақты тоғыз-ақ қарам бар, қозы-қой бізде болмайды. Бірінен-бірі кіші шиеттей 5 балам бар. “Құдайдан қорықпай маған не деп 17 сом салдыңдар?” — десем, мынау отырған байымыз ауылнайға сілтейді. Ауылнай байға сілтейді. “5 сомды күні бүгін тауып бере қоймадың” деп ауылнайымыз желіндеп тұрған сиырымды кеше қуып кетті. Жазға шыққанша байдан 5 сом қарыз ала алмай, қалаға бара

жатқаным. Азық-түлігіміз де таусылып, осы күні үйімізде бір уыс үн жоқ. Бәрінен бала-шағаға қиын болып барады.

Қ а с ы м (*басын шайқап*). Жәке, бұларыңыз не? Обал қайда?

Ж а р а с б а й (*қолын сілтеп*). Бұл итке обал жоқ. Өз пайдасын өзі білмейді. Өткен сайлауда азырақ таласымыз болған. Осы күнгі ауылнайымыз Тайлақбаймен біз бірыңғай болып, Самалықтармен ауылнайлыққа таласқанбыз, партия шығарып. Сонда мына қарабасқыр осынша айтсам да болмай Самалық жағына шығып кеткені емес пе?! Соның сазайын енді тартып отырғаны. Бар Самалығыңа! Бай неме ақша да берер, саған азық та берер, қарық қылар.

Қ а с ы м. Міне, қызық! Кімді сайлаймын десе де әркімнің өз еркі емес пе? Соның үшін Нұрмақ секілді бір кедейге 200 қарасы бар, 300-ден артық қойы бар сіздей байлармен бірдей алым тартқызу не деген сұмдық?! Алым әркімнің малының аз-көбіне қарай бөлінуге тиіс емес пе? Мынау қалыптарыңмен кедейді құртпайсындар ма?

Н ұ р м а қ. Қарағым, құрымағанда еш нәрсеміз қалған жоқ. Қайда барып күн көрерімізді білмеймін. “Самалық жағына кеттін” деп бүгін бұлар мұны қылып отыр, ертең бұлардың жағында болсаң, Самалығы келіп тағы шабады. Сөйтіп, екі нардың арасында шыбындай кедей құрымағанда қайтеді? Қаладағы мекемесіне барып арыз айтайын десең, бәрінің аузын алып қойған. “Айда пошол, ауылнайыңа, болысыңа бар” деп кеңселерінен қуып шығады. Кедейге, сірә, атар таң, шығар күн бар ма? Жоқ, осы қалыппен кеткеніміз бе?

Қ а с ы м. Өздерінде де бар, ақылға салып қарасандаршы, елде бай көп пе? Кедей көп пе? Сайлау боларда өңшең кедей бірігіп, жарлы-жақыбайына, қара бұқараға жайлы, зорлық-зомбылық қылмайтын дұрыс адамды сайлауды білмейсіңдер. Байдың малына сатылып бір, көжесіне сатылып екі адасасыңдар. Бір сіз емес, кедей біткеннің көрген күні осы. Бұл қалыппен кете берсеңдер, сендерге таң да атпайды, күн де шықпайды.

Н ұ р м а қ (*басын изеп*). Рас, рас...

Ж а р а с б а й. Мұғалім, осы Нұрмақ сөзге түсінеді деп отырсыз ба? Мұның есі болса менің ақылымды алар еді ғой. Өз пайдасын білмейтін есалаң неме бұл, көрінгенге кедейлігін айтып қара кешке дейін зарлайды да отырады. Бай болсақ — бізге Құдай берді. Бұл итке шыр біткізбей қойған біз бе екен?! 13-ке келген, ержетіп қалған қызы бар. Әнеугүні ақсақ Қарынбайдың қатыны өлген екен. Соған “қызыңды бер” деп құдайдың зарын қылдым. Тіл алмады. Қанша мал алатын еді. Үйінде мұның бір көк айыл қатыны бар. (*Кекемін.*) “Әкесіндей кісіге баламды

аштан өлсем де берерім жоқ”, — деп кергитін көрінеді дейді. Онбаған күн бұ неме қызын төренің баласына берер ме екен?!

Б а л қ и я (*теріс қаран*). Иә, өз қызынды жетістіріп отыр едің. Енді біреудің баласының обалына қал.

Қ а с ы м. Жәке, бұлай деменіз, һәркімнің өз еркі болады. 13-тегі баласын Нұрмақ өзі қатарлы кісіге берсе, түбінде баласының обалы кімге? Сіз 11-дегі Мұратыңызға 40—50-дегі кемпірді алып берсеңіз балаңыз алар ма еді?

Өскенде сізге балаңыз не дер еді?.. Ұл мен қыздың айырмасы жоқ! Ата-аналарына бірдей қымбат, бірдей қадірлі болса керек.

Ұл сүйгенін алсын, қыз сүйгеніне барсын. Жастан құда болу, қалыңмал алу деген қазақтың онбаған “ғұрфы”. Бұл ғұрыфты жоғалту керек. Жастай құда болу себепті бұл күнде неше әйелдер қорлықта, күндікте жүр. Теңіне бармаған неше әйел жолдан тайып жүр.

Ө л м е с (*теріс қаран*). Әй, жүзің құрғыр, Балқия-ай! Айтып қойған екен ғой.

Қ а с ы м. Неше кедей қатын алуға мал таба алмай, өмірі малайлықта жүр. Сіздің Дауқаралар сопылықпен қатын алмай жүр деймісіз...

Ө л м е с. Құдай шебер-ау, бүлдірейін деп келе ме?

Қ а с ы м. Малсыздықтан бойдақ болып жүр. Талай Дауқара сүр бойдақ болып жүргенде, талай байлар үштен қатын алып жүр. Бұл адамшылыққа, әділдікке сыя ма? Ойлап қараңызшы! (*Нұрмақ ұшып түрегеледі, үйдегілердің бәрі Нұрмаққа қарайды.*)

Н ұ р м а қ. Енді мен кетем. Өркенің өссін, мұғалімжан? Сөзің көкейіме қонып кетті. Аштан өлген қазақтың моласын көргенім жоқ. Кедейлікке көндім. Бірақ малға қызығып баламды жылатсам, мұсылман болмайын, жақсы-жаман болса да, өз теңіне берем. Қыздан малды көп алып, мына байлар-ақ байи берсін. Қош-кош, қарағым! (*Есікке қарай сырт айналады.*)

Ш ы м ы л д ы қ.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші көрініс

(Жарасбайдың үй ішінің көрінісі бұрынғыша. Перде көтерілген кезде төр алдында Балқия мен Сағила түрегеліп тұр. Балқияның қолында қағазы.)

Б а л қ и я. Ғалия байғұс сөйтіп арманда болып кете барғаны.

С а ғ и л а. Апам: “Кешікпе, тез қайт”, — деп қалып еді, көп отырып қалдым. Кел, Балқия, біразырақ Ғалияның өлеңін қосылып айтатық.

Б а л қ и я. Жарайды, қай әнге саламыз?

С а ғ и л а. “Заманайға”.

Б а л қ и я. “Елімайға” жақсы келеді.

С а ғ и л а *(күліп)*. Қасымның әні болған соң. *(Балқия күліп, қолындағы қағазымен ойнап бетіне сермейді.)* Жарайды. “Елімайға-ақ” салайық.

Б а л қ и я. Ал.

С а ғ и л а. Кел.

Қызды қор ғып жасаған жаратқаның,
Мал бергеннің аузына қаратқаның.
Сүйгеніме бара алмай арманда боп,
Торға түскен торғайдай алақтадым.

Риза емен, ата-анам, малға саттың,
Қатын үсті кәріні қайдан таптың?
Тең құрбымнан кем қылып сарғайтқандай,
Не жазығым бар еді мен бейбақтың?

Әлпештеген ата-анам емес пе едің,
“Обал болар қалқама” демес пе едің?
Сырттан сауда қылғаның не қылғаның,
Тым болмаса қалай деп кенеспедің?!

Қош аман бол, ел-жұртым, өскен жерім,
Нар жетелеп, жайлауға көшкен жерім.
Мендей сорлы дүниеде жаратпасың,
Бақыпты бол, кейінгі өскендерім!

Б а л қ и я *(күрсінеді)*.

С а ғ и л а. Мен қайтайын.

Б а л қ и я. Отыра тұр, қалқам, асыққаның не? Менімен неше күн бірге жүрермін дейсің.

С а ғ и л а. Апам ұрса береді, “тез кел” деп қақсап қалып еді. Енді қайтайын, қош, қалқам.

Б а л қ и я. Қош, күнім. *(Сағыла шығып кетеді. Балқия бір қолымен жағын таянып, ақырын басып, асықпай жүріп орнына барып отырады.)*

Екінші көрініс

(Жарасбай мен Қасым кіреді. Қасым төрге, Жарасбай төсек алдына отырады.)

Ж а р а с б а й. Сонымен, оны Жұрымбай жаза алмайды дейсің бе?

Қ а с ы м. Жоқ, атаманыз, үшкірген-түшкіргенге ауру жазыла ма? Асқындырмай қалаға апарсын деңіз және де ол өзі — жұқпалы ауру. Біздің қазақ аурудан сақтануды біле ме, бірге жатып, бірге тұрып, бір орамалға қолдарын сүртіп, біріне-бірі аурудың көбін сөйтіп жұқтырады ғой.

Ж а р а с б а й. Жұққаннан дейсіз бе, Құдайдан да.

Қасым *(күліп)*. Ұрлық қылса да Құдайдан дейді қазақ. Өтірік айтса да Құдайдан, кісі өлтірсе де Құдайдан. Әйтеуір үйіп-төгіп арта беретін бір Құдай бар. Сөйтсе де сақтану керек. Өзіңізге белгілі, мәселен: шешек — жұқпалы ауру. Шешектен жылына қанша бала өледі. Ал балаға шешек бір егіп шықса, қайтып ол бала ауырмайды да, ауырмаған соң, ешкімге шешек жұқпайды да, Құдайдан деп ектірмегендердің бәрі баласынан айырылып қалып жүрген жоқ па?

Ж а р а с б а й. Бұл рас енді, ана жылы біздің Мұратжанға бір орыс пелшір егіп еді. Осы күнге дейін иығында таңбасы бар. Құдайға шүкір, әзір аман жүр. *(Балқияға қарап)* Балқия, саған да сол орыс егіп пе еді?

Б а л қ и я. Жоқ, маған Таймінер еккен.

Ж а р а с б а й. Иә, айтқандай, анау сұлу Мұратбайұлы екен ғой.

Үшінші көрініс

Өлмес *(кіреді)*. Тұр. Балқия, кісі келе жатыр. Көрпе сал!

Ж а р а с б а й. Кісің кім?

Ө л м е с. Молда, Балжанның байы, тағы біреу. *(Балқия жүк үстінен таза көрпе алып салады. Қасым қағысып шетірек отырады. Балқия әке-шешесінің көзін ала беріп күлімсіреп)*

Қасымның алдына хат тастайды. Қасым жөткірініп тамағын қырып, хатты жалма-жан төс қалтасына салып жібереді, үйдегілер орын-орнына отырады. Молда, Бектұрсын, Қамбар кіреді. Молданың басында үлкен ақ сәлдесі бар, сыртынан буынған ала шапаны бар. Көзін сүзіп сәлем береді.)

М о л д а. Ас-салаумағалайкүм.

Б е к т ұ р с ы н. Салаумаликүм.

Қ а м б а р. Салаумаликүм.

Ж а р а с б а й. Әликімсалам. *(Ұшып тұрып молданың қолын алып елпілдейді. Молда етігін шешуге отырады. Бектұрсын бір аяғынан, Қамбар бір аяғынан тартады. Қонақтар төрге шығып отырады.)*

М о л д а. Фатиха қылып жіберелік. *(Қолын жайып, аузын күбірлетеді.)*

А... Бай, саламат кәйіптамысыз, мал-шаруаңыз аман ба?

Ж а р а с б а й. Құдайға шүкір, тақсыр, шүкір, қайыр дуаңызда, Құдай деп отырмыз. Өзіңіз де күйлісіз бе?

М о л д а. Әлхамдилла.

Ж а р а с б а й. Мал, басыңыз аман ба?

М о л д а. Әлхамдулла.

Ж а р а с б а й. Келін, балалар...

М о л д а. Әлхамдулла. *(Өлмес пен Балқияға қарап.)* Бәйбіше, саламатсыз ба? Сәлемет пе, шырағым?

Ө л м е с. Ш-ш-ш-шүкір.

Б а л қ и я. Ш-ш-ш-шүкір.

Ж а р а с б а й. Бектұрсын, мал-бас аман ба?

Б е к т ұ р с ы н. Тыныштық па, қора-қопсың аман ба?

Ж а р а с б а й. Тоба деп отырмыз. *(Қамбарға қарап.)* Мал-жаның аман ба?

Қ а м б а р. Ауыл шаруаңыз да күйлі ме?

М о л д а *(Қасымға ала көзімен қарап)*. Жәке, мына жігіт кім?

Ж а р а с б а й. Бү жігіт... Бү жігіт біздің мұғалім.

М о л д а. М... М... М... Мұғалім деңіз, естуім бар. Мұса Бигеевтің шәкірті деңіз. Жәдит деңіз. *(Қасым жымып күледі. Молда омырауынан шеті шығып тұрған тасбиғын алып, аузын жыбырлатып сусылдатып тарта бастайды.)* Бай, бұл ауылға келмегенге бірсыпыра уақыт болды. Ел арасы алыс. Сәлемнің де сәті бар деген рас екен. Халық жарықтық босатпайды. Биыл жыл ауыр, елде өлім-жітім көп.

Ж а р а с б а й. Қатын, тұр, қимылда. Балқия, шайынды даярла. *(Өлмес пен Балқия самаурынды алып шығып кетеді.)* Қош келіпсіз, тақсыр, келгеніңіз жақсы болды.

М о л д а. Мұнда кеше келетін едім, Андағұл қажының анасы опат болған екен, со кісінің намазында болып.

Ж а р а с б а й. О кісі қайтты ма, тие берсін, Аллауакбар. (Бетін сипайды.)

М о л д а. Сол кісінің жаназасын шығарып айналып калдым.

Ж а р а с б а й (күліп). Олжа, тақсыр.

М о л д а. Алыңыз, алыңыз... Сонан кейін сол ауыл зекетіне патиха қылғызып, ол ауыл бір мұсылман ауыл ғой... Кешігіп калдым.

Ж а р а с б а й. Келгеніңіз жақсы болды. Тақсыр, келме-сеңіз өкпелейтін едік. Мұнда да сыбағаңыз даяр. Осында Қалжан мырза мен мынау мұғалім жігіт екеуімен зекет жайынан күнде айтысып, әйтеуір ата піріміз еді ғой деп, сізге сақтап отырамыз.

М о л д а. Пайғамбарымыз Мұхаммет Мұстапа салло Алла тағала исламның хадисі бар, ағузы биллә мин аш шайтан ирражим, бисмиллә иррахман иррахим. Несибу қаниса бәң, юсибука, ирчәдә уалау канә әгәршәндәки, тахтал жибални, тау астында болса да бұрынғылардың айтқан сөзі бар: “Бұйырған ризық тісті жарып кіреді” деген. Байдың зекетіне тар шалбарлар қызыққан екен деп, Алла тағала хазіретлері бізге нәсіп етіп тұрса болар ма...

Б е к т ұ р с ы н. Япырмай, бұрынғылардың сөзі бір жағынан қанжығалысып қалмайды-ау! Шарифат — ағып жатқан бұлақ, бұрынғылардың сөзі жағалай біткен құрақ деген...

Молдекемнің әлгі айтқан шарифаты қазекемнің макалына дәл келуін қарашы.

Ж а р а с б а й. Молдеке, біздің мұғалім зекетті “өзім аламын” демейді. Бірақ: “Молдаға беру дұрыс емес, молдаға бергенше, тіпті зекет бермегенің дұрыс”, — деп соғады. Жас болса пайғамбар жасынан асып кеткен, бала болса — жас, Құдайдың берген азын-аулақ дәулетінен зекет бермей қайтіп отырамыз.

М о л д а. Баракалла! Жәкемнің оқымаса да тоқығаны бар. Ағузы биллә мин аш шайтан ирражим, бисмиллә иррахман иррахим, Халла малы-малды асырау — биллә зекеті. “Зекетсіз мал обал” деген. Зекетті кімге беру деген мәселеге келсек, құрандағы хисиби Аллаға қосады. Хисиби Алладан. Мұрат Алла, яғни мәслән ғұламалар. Ғылымға қарсы болғандар — рбилкүллі кәфир.

Қ а с ы м. “Кәфір” дегенге күйінетін, “мұсылман” дегенге сүйінетін адамың мен емес. Надан қара халық ондай сөздеріңе

елегізетін шығар. “Молданың өкшесі қисық” деген адам көпір болады деулеріңіз табиғи. Онан да жаман сөздерді ойлап таба алмаған соң, амалдарың құрып жүр ғой. Бірақ хазірет, гәп мұсылман, көпірлікте емес.

М о л д а. Енді неде?

Қ а с ы м. Енді неде екенін айтайын. Орыс патшасына қараған жұрттың бәрі де надан. Олардың ішінде, әсіресе біздің қазақ, қырғыз тым қараңғы. Бірлі-жарымды школдар болмаса, ана тілімізде оқитын ұлт мектептеріміз де жоқ. Ол школдар қазақтың тілін, ұлттығын жоғалту мақсатымен ашылып отыр. Хүкімет жұрттан қанша алым алса да, өз ақшамызға бізге мектеп салып бермейді. Сондықтан біз өзіміз тырысып ұлт мектептерімізді көбейтіп, халықтың көзін ашуымыз керек. Халықтан алым жинауға хукімет рұқсат бермейді. Соның үшін әркім өз еркімен мектеп пайдасына жәрдем берген қылып жинауымыз керек. Мұндай ерікті жәрдемге қазақтың жыл сайын беретін зекетін қоссақ, қанша қазына жиналар еді? Халықтың малы текке кетпес еді.

М о л д а. Зекетті біз алсақ текке кете ме екен?

Қ а с ы м. Текке кетеді. Текке кететіні: Молда, қожа “аллаһуакпармен” халықтың малын жинап алып, байығаннан басқаны білмейді. “Сарт байыса — там салады, қазақ байыса — қатын алады” деген мақал бар. Молдалар екіден, үштен қатын алып, халықтың малының арқасында 40—50-дегілері 14—15-тегі жап-жас қыз балалардың обалына қалып жүргендерің бекер ме? Текке кеткен деп біз осыны айтамыз. Оқуға шамасы келмеген кедейдің баласы құлшылықта өмірі өтіп жүр.

М о л д а. Шариғат.

Қ а с ы м. “Шариғат, шариғат” деп халықтың көзін бояудан басқаны білмейсіңдер, онан да зекетті молда алғанда халыққа пайда келе ме, жоқ мектеп пайдасына жұмсалып, елдің көзі ашылған жақсы ма? Соны неге айтпайсыз? Жұрттың малы “милли зекет” деп аталсын, “милли ғашир” деп аталсын, жұрттың өз керегіне, жетім-жесірдің пайдасына жұмсалса күнө бола ма? Я болмаса халық пайдасы үшін зекетті өздеріңіз алмасаңыздар, шариғатта күнәлі болатын жерлеріңіз бар ма? *(Молда үндемей тасбиығын тартып отырады.)*

Б е к т ұ р с ы н. Ғалым алдында өзінді тый деген, сөйтсе де мұғалім сізден рұқсат болса, бір ауыз сөз сұрағалы отырмын. Біз оқымаған надан кісі, “аузыңды ашсаң, нанамын, өтірік айтсаң, зауалың” деген екен бабаларымыз. Біз алдымен молданың шариғатына, Құдайдың сөзі, құран сөзіне құлақ қоямыз. Сізден сұрайын дегенім, жалпы шариғатқа қарсы,

сіз молда көрінсе тістесе кетесіз. Құдайдың бес парызының бірі — намаз оқымайсыз, жаназаға бармайсыз, олай болғанда, жұрттың зекет бергенімен-бермегенімен сіздің не жұмысыңыз бар? Берген уақытта кімге бергенінің қанша керегі бар?

Қ а с ы м. Бұл сұрауыңыз дұрыс. Бұл арасын сізге ашып айтайын. Мен бұл мәселеге шарифат жағынан қарамаймын, саяси жағынан қараймын. Шарифат жағынан қарағанда да мына хазірет секілді жуан молдалардың зекет алуы дұрыс емес. Бірақ мәселенің түйіні онда емес. Әлгінде айттым, хукімет бізге көмек бермейді. Ағаруымызды ойламайды, қайта неғұрлым надан болуымызды тәуір көреді, сондықтан хукіметке сеніп отыруға болмайды. Патша 1905 жылы мәнифест шығарды. Халыққа бостандық, теңдік бердім деді. Ертең күшейген күні бостандығын, теңдігін де қайтарып алады. Біздің қазақтан осы күні Государственный думаға уәкіл кіргізбей отыр. Жер-суымыздың жақсысын алып жатыр, өзімізді тау-тасқа қуып жатыр. Бізде мектеп жоқ. Бізде аурухана жоқ, дәрігер жоқ, қараңғыда қамаулымыз. Хукіметтің бұл әділетсіздігімен біз алысуымыз керек. Халықты оятып, көзін ашып, теңдікке жеткізудің қамын ойлауымыз керек.

Бұл қамдардың ең зоры — өзімізге тілегенше оқу оқиық десек, қазына жоқ, хукімет жәрдем бермейді. Өзімізге жинатпайды. Халықтан өзі жинап алған ақшаға шіркеу сала ма, миссионерлер шығара ма, министрлер, губернаторлардың жалунасына ұстала ма, әйтеуір онан бізге пайда жоқ. Қазақты “жарылқаймын” дегендегісі — осы күнгі школдар, ол школдардың жайын әлгінде айттым.

М о л д а. Бұл дипхәт патшаға да қарсы, патша ағзам хазіретлерінің қанұнына да қарсы.

Ж а р а с б а й (*есінеп, сақалын сипап*). Я, Алла, Құдай, патша, бергеніңе шүкір.

Қ а с ы м. Хазірет, мен сөзімді айтып бітірейін, бөлмеңіз. Қарсы болып мен патшаға бір нәрсе қылғалы отырғаным жоқ. Хукіметтің саясатын баяндап отырмын. Өтірік десеңіз, айтыңыз. Хош, енді зекет мәселесін бітірелік. (*Өлмес есік ашады. Балқия самауыр кіргізеді. Балқия дастарқан жайып, бауырсақ төгеді, қант тастайды, қонақтарға шай жасайды.*)

Біздің қазақ, бәрі болмаса да, дәл шартына келтірмесе де зекет береді. Ол зекетті, әйтеуір беретін болған соң, біз халыққа пайдалы орынға жұмсалса дейміз, зекетті халық өз еркімен берген жәрдем есебінде мектеп пайдасына берсе, онда хукіметтің жұмысы жоқ, білмей де қалады. Халық осыған әдістенсе, жылында қазына жиналып, қанша мектеп ашылар

еді. Бір 10—15 жылда алаш ұранды казак, кыргыз біртүрлі болар еді. Халықтың көзі ашылса, айтқанына көніп, айдауына жүрмес еді. Біз осыны айтсақ, мына хазіреттер “кәпір бола-сың, су түбіне кетесің” дейді. Бұл ақылдарыңызға сыя ма!

Төртінші көрініс

(Екі беті қып-қызыл, ентігіп сырттан Мұрат кіріп келеді, төмен қарап тасбиық тартып отырған молдаға көзі түсіп, таңданып тұрады да, төсекке қарай ақырын жүріп).

М ұ р а т.

Басында — сәлле, аузында — Алла.

Молдаларда не һамал?

Көздерін сүзіп, жүздерін бұзып,

Алдап жұртты жимақ мал...

М о л д а *(басын көтеріп алып Мұратқа қарап, қабағын түйін)*. А, мына дінсіз кәпір жас балаларды бұзған екен ғой. *(Мұрат жүгіріп барып, шешесінің артына жата қалады. Молда басын шайқап)*. Ай-ай, ай...

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші көрініс

(Болыстың кеңсесі, екі терезелі бөлме. Терезе алдында — жазу үстелі, үстінде книге, қағаздар жайылулы. Үш орындық, ортадағы орындықта тілмаш жалаңбас қағаз жазып отыр. Жоғары орындықта болыс отыр. Екі терезенің аралығында, жоғарыда — патша II Николай мен оның қатыны Александра Федоровнаның суреті ілулі тұрады. Киіз, көрпе жаюлы, бөлменің бір жағында — тілмаштың төсегі, кереуеті, оның төменгі жағында — шкаф).

Т і л м а ш. Ертең пошта жүргізбесек болмас, жауап қайтаратын тез бұйрықтар бар. 2-ші учасканың кристьянский начальнигі осымен үш рет қағаз жіберіп отыр. “Төлегенді тапсыр” — деп, оны қайтеміз.

Б о л ы с. Төлеген ит осында бізді паналап жүр ғой. Қайтіп көзін бақырайтып ұстап береміз. “Еліне кеткен” деп қайтара салсаңшы, әнеутүнгі атын саған беріп пе еді?

Т і л м а ш. Жоқ. Ол өзі елге әйгіленіп қалған екен. Ақша

алған едім. Жарайды, оны жоқ деп қайтаралық. Онан соң кассадан былтырғыдай біраз ақша алу керек.

Б о л ы с. Былтыр кімдердің атына алып едің?

Т і л м а ш (*алақанымен маңдайын басып*). А... а... а... Накарбай, Жармен, Талпак, Сасықбай... Тағы кімдер еді... Әйтеуір алты адамның атына алғамыз.

Б о л ы с. Тағы да бір бес-алты адамды жаза сал. Бірақ хат білмейтіндер болсын. Жазу білмегендер үшін өтініш бойынша Жігітбай қол қойған қыла саларсың.

Т і л м а ш. Жігітбайдан Абсатай дұрыс болып жүрмесін?

Б о л ы с. Жоқ, Абсатайдан Жігітбай лайық, онан соң ұмытпай осы жолы арақ алдыр. Әнеутүнгі урадник қайтарда осында соғамын деп кетті ғой.

Т і л м а ш (*күліп*). Бәлем, жаман орыс қандай сасып жүр екен?! Ә, әнеутүні құла жорғаны әкесі Вәсилиден енші басыға алған немедей көшеге салып жүр еді... Оны сізге кім айтты?

Б о л ы с. Мекапар өзі Бұзаубақтан сәлем айтыпты. “Осылай болып тұр, атын сатып алғамын. Басы-қасында Қызылсу елінің болысы мен тілмашы бар деп жауап бердім”, — деп. Сөйтіп соғылған сасқанынан бізді ғуаға салып қойыпты.

Т і л м а ш. Бір күні пәуеске келіп қалады десеңізші... Болыс, әлгі Қоғабай баласын қайтеміз? Менің қыр-соңымнан қалуды қойды. (*Күліп*.) “Тымағың жақсы екен”, — деп едім, түлкі тымағын беріп кетті. “Болысқа айыбым, ат-тоным даяр, ашуын тастасын” деп қыңқылдай береді.

Б о л ы с. Жоқ, ол атаңа лағынеттің қорлығы есімнен кетер емес, өзім теріме сыймай тарылып, Жарасбай аулына барымтаға аттандырарлық жігіт жеткізе алмай: “Жаным жиен, сен де Айтөстің ұлынан тумасаң да, қызынан туған баласы едің ғой, мына жолға барып кел”, — десем, үйінде үш бірдей аты тұрып: “Атым жоқ, шаншуым бар еді, бөлен еді, түген еді” деп панданып бармай қалғаны. Оның екі атын сонан кейін ұстап алдырғамын. Енді оның жөні болар... Бағанағылар неғып жатыр екен?

Т і л м а ш. Үлкен үйде түстеніп жатса керек.

Б о л ы с. Бектұрсын жүрген жер түстенусіз болар деймісің.

Т і л м а ш (*күліп*). Түстену жағына келгенде молдекең де ешкімге есесін жібере қоймас.

Б о л ы с. Молданы қойшы, жұрт үстіндегі кісі ғой. Үлкен үйдің түнеутүнгі өлген баласына бата оқимын деп отырған.

Т і л м а ш. Осы молданың түсімі біздікінен көп-ау деп ойлаймын.

Б о л ы с. Біздікін қойшы, тәңірі, молдаға осы қыстың ішінде жалғыз педиядан қырық-елу қара кірген шығар. Не

кылса да Құдай берген адам. Күні кеше Қырықбайдан бір түйе, бір ат әкеліп отыр.

Т і л м а ш. Қырықбай қайтты ма?

Б о л ы с. Естіген жоқ па едің? Күйдіргі шығып, төрт-ак күн ауырыпты.

Т і л м а ш. Иманы жолдас болсын?! Бейшара жақсы адам еді. *(Бетін сипайды.)*

Б о л ы с. Несін айтасың, қайсар, мықты жігіт еді ғой. “Жебір, бөлен-түген” деп елі жаратпайтын еді. Қазаққа кісі жаға ма? Сырттан бәрімізді де қайбір мақтап жүреді дейсің. Бірақ ол елдің Қырықбайдан артығы жоқ еді.

Т і л м а ш. Енді олардың ауылнайын билейтін кім?

Б о л ы с. Ол елде басты адам қалған жоқ. Жауғашар өлді, Мұсатай өлді. Серікбай қажы болса, ол бір — тірі аруақ, тілін ешкім алмайды. Ендігі бас көтерер — Барлыбай да.

Т і л м а ш. Барлыбайыңыз жаңадан Нұрғазымен құда болған Барлыбай ма?

Б о л ы с. Сөйтіп пе? Мен естігенім жоқ. Оны кім айтты?

Т і л м а ш. Мана Бектұрсын сөйлеп отырды.

Б о л ы с. М... м... м... қыз беретін болып па, қыз алатын болып па?

Т і л м а ш. Қыз береді дейді.

Б о л ы с. Ендеше, мұнда мағына бар екен? “Екеуі құда болады” деген сыбыс менің құлағыма ертеде бір шалынып еді. Оған нанбап едім. Енді қисыны келді. Нұрғазы менің болыстығымнан дәме қылады деген өсек расқа айналып барады. Үшінші ауылнайдың да арасына сыбыр кіріп қалды деп естідім. Сірә, осы бастан қам қылмасақ болмас. “Жау аяған жаралы қалады” деп. Ана жылы Тайсойған сайлауда Сұлтанбекті аяймын деп бір қапыда кетіп едім, енді ойлану керек. Нұрғазының басын шарға түсіруге жарамайтын қылып тастамасақ, ол ит елді бір аударып әкетуге әкетеді. Кешегі жиылыста Бұланбай жағының да нұсқынын жаман көрдім.

Т і л м а ш. Мен олардың құдалығында қулық бар екенін білгенім жоқ. Бектұрсын аңкылдап соғып отырды... Иелікті бар құдалық еді десеңізші.

Б о л ы с. Я біз қуанатын құдалық емес.

Т і л м а ш *(терезеге қарап)*. Кісілер келе жатыр екен.

Екінші көрініс

(Молда, Көпжасар, Бектұрсын, Бузаубақ кіреді. Әуелгі үшеуі төрге шығып отырады, Бузаубақ омырауында “рассильный” деп жазған жезі бар. Тілмаштың қасындағы орындыққа отырады.)

Бектұрсын. Болыс, біз кешігіп қалдық па? Қайттік? Молдекең үлкен үйдің шетінеген баласына бата қылам деген соң сонда барып едік. Айтолқын бәйбіше қазан асып, жібермеді.

Болыс. Зиян жоқ, сіздерді үлкен үйге барды деген соң, өзім де кешігетіндерінді білгенмін... Бике, Нұрғазы мен Барлыбай құда болыпты деген сөзді сіз айтты деді ме?

Бектұрсын. Иә, былтырғы жоғалған түйемнің дерегін білген соң, әнеутүні сол жаққа барып қайтып едім, сонда Байзақ аулы сөз қылып отырды.

Болыс. Бұл құдалықты тілмаш екеуміз бір нәрсеге жорып отырмаймыз.

Бектұрсын. Сол жоруыңыз жору-ақ, есіткенде менің де ішім жаратпап еді.

Болыс. Оны көреміз, Құдайға тапсырдым, аруақ жар болсын. Шынтуайтқа келгенде, су бойындағы үш ауылнай ел ұрандасып кетуші еді ғой. Оған шейін тағы бір лажын табармыз. Екі ауылнай Көтекеңе Молдекең ие болса, Нұрғазыдан келген пәлені көріп алармыз.

Молда. Иншалла, бізді өзіңіздей көріңіз. Біз әрқашан дұғадағы кісі.

Болыс. Дұғаңыздан тастамасаңыз болғаны. Тақсыр, “дұғамен ер көгерер, жанбырмен жер көгерер” деген, енді сіздермен оңаша ақылдаспақшы сөздерімді айтайын.

Молда. Айтыңыз, құлағымыз сізде.

Болыс. Бұзаубақ, енді бұл үйге бөтен кісі кіргізбе!

Бұзаубақ. Адам түгіл, шайтанды да кіргізбеймін.

Болыс. Молдеке, Бике, Көпжасар! Өздеріңізге мәлім, “пәленшенің келіні кетті” деген атақ маған батып жүр. Қаңғырған қыпшақ мұғалімнің қорлығы өле-өлгенше есімнен кетер емес. Ат жалын тартып мінгелі мұндай кемшілікті көріп пе едім?! Атам Сандыбайдан бері мандайыма дақ тимей келе жатыр еді. Азуы алты қарыс Толысбайды да үш жыл алысып жүріп шоңқитып едім. Енді Жарасбайдың бұзылған қызының турасында аяғым қан түсіп тұр. Осында һәркімнің көңілімді жұбатқан болып: “Жарасбайды шауып алдыңыз, берген малыңыз екі есе қайтты. Үш тоғыз айыбы тағы бар. Бұзылған қыз қаңғырған біреумен кетті, кегіңіз бітті ғой”, — деседі. “Ерді намыс өлтіреді,

қоянды қамыс өлтіреді” деген, менің малмен көңілім тынатын емес, лажын тауып, Жарасбайдың сол қашқан қызын ат көтіне салып әкеліп босағамды бір аттатсам деймін, оның ар жағындағысын көріп алар едім. Бұған қылар не ақыл, не айла бар?

Б е к т ұ р с ы н. Қайдан білейін, сізге ақыл үйретеміз бе? Ақылын өзіңіз табыңыз, біздікі — артыңыздан қара болып ере беру ғой.

Б о л ы с. Молда, сіз не айтасыз?

М о л д а. Құдай біледі, мәслихатыңыздан шықпаспыз.

Көпжасар. Ол қыпшақ өзі қайда екен?

Б о л ы с. Әзір қалада жүр дейді. Ана бір Ахметжан, Құлтас деген қулар бар, бәрі қосылып қыздың басына ерік қағазын алыпты. Осы күні бір орыстың үйінде тұрады дейді.

Көпжасар. Бес-алты жігіт барып, тура тартып алса қайтер еді?

Т і л м а ш. Жоқ, тартып алуға болмайды, қалалы жерде ондай жұмыстың түбі насырға шауып кетуге мүмкін.

Б е к т ұ р с ы н. Мұның ақылын әлде болса да осы тілмаштың өзі табады-ақ деймін. Бір жағын заңөнге сүйеп істемесе, болыстың да аңдып жүрген дұшпаны көп. Ол өзі қазақтың қара тоқпайынан шығып кеткен жұмыс қой.

Б о л ы с. Я, біз өзіміз де солай деп ойлаймыз. Бірақ заңөнге сүйенгенде де дәлел керек болып тұр. Тілмаш екеуіміз бұл туралы сіздерден бұрын да кеңесіп, түнеугүні Жарасбайдікінде шоқыншық мұғаліммен сөйлесіпсіздер ғой. Сонда ол патшаға тіл тигізді дегенді естідік. Соның анығын біліп, сіздермен кеңесіп, реті келсе, өздеріңізді куә қылсақ па деп ойлап едік. “Сәті түсіп қыпшақты абақтыға жаптырсақ, қызды қолға түсіру қиын емес”, — деп отыр мына батыр (*тілмашқа қарап көрсетеді*). Соның жайын айтыңыздаршы, қалай еді?

Б е к т ұ р с ы н. Онда Молдекең екеуіміз бар едік. Көпжасар жоқ еді.

М о л д а. Қамбар бар...

Б е к т ұ р с ы н. Айтқандай, Қамбар да бар. Сонда әлгі бұзылған қыпшақ екі сөзінің бірінде молдекеңнің бетінен алып отырды. Молдаға зекет, ғұшыр, садақа бермеу керек деп отырып, жарықтық, патшаға да тіл тигізіп жібергені рас.

Т і л м а ш. Не деп тіл тигізді? Дәл айтқан сөзін айтыңызшы!

Б е к т ұ р с ы н. “Патшада әділдік жоқ, патшада уәде жоқ. — Қай жылы деп еді, Құдай-ау, — Берген жақсылықтарын қайырып алған патшаның көзін жоғалту керек” деген секілді сөздерді сөйледі.

М о л д а. Бикем түтел айтпады, ол лағынеттің айтқан

сөздері толып жатыр. “Қазаққа мектеп ашып бермеді, соның үшін халықтың зекетін молдаларға бергізбей, өзіміз жинап, үкіметке білдірмей усул жадит мектебін ашалық...” Тағы да сол секілді лағуа сөздері көп.

Б е к т ұ р с ы н. Молдекең жарықтық ұмытпапты. Ондай сөздердің көбі біздің бір құлағымыздан ағып кетеді.

Т і л м а ш. Енді мұның ақылы оңай, патшаға, үкіметке қарсы жұмыстарды қарайтын “жандарымски ахранный управление” деген мекеме бар. Соған білдіреміз...

Б е к т ұ р с ы н. Мынау тіпті туғалы естімеген мекемеміз ғой.

Т і л м а ш. Молдекеңді, Қамбарды куә қыламыз. Қалай білдіруін мен өзім табам. Ахран управление Қасымды сөзсіз абақтыға салады, оған мен кепіл...

Б о л ы с. А, Құдай аруақ!

М о л д а. Баракалла!

Т і л м а ш. Сіздер куәлік бересіздер ме?

Б е к т ұ р с ы н. Он жерден куәлік бер десең де берелік.

М о л д а. Ағузы биллә мин аш шайтан әл ражим бисмиллә иррахман иррахим. Атифолла — аллағ бойсән. Уа атифур расул һәм оның пайғамбарына бойсұн, уа Ұлы Әмірі мин кум патшаға бойсұн деген аят. Шарип бар. Алланың бірлігі, расулымыздың хақтығын білмеген, патша ағзам хазіретін хақаратлаған залымды аяушы ма едік, әлбетте, шаһадат береміз.

Т і л м а ш. Ендеше, Қасым ұсталды деңіз.

Б е к т ұ р с ы н. Аузыңа май.

Көпжасар. Қызды қалай қолға түсіреміз?

Бұзаубақ. Қасым ұсталып абақтыға түсетін болса, қызды мен жалғыз өзім-ақ алып келейін, мені жіберіндерші.

Т і л м а ш. Онысы рас, Қасым ұсталатын болса, қыздың келуі оңай. Қасым революционер болып ұсталатын болса, революционер деп патшаға қарсыларды айтады. Оған ешкімнің жаны ашымайды. Оның қатынына біреу зорлық қылып жатыр екен деп артық ескермейді. Сөйтсе де Жарасбайдың қызы өткір болса керек. Екі жылдан бері не сұмдықтың бәрін мұғалімнен үйреніп қалған ғой. Қолында алған ерік қағазы болса, оңайлықпен көне де қоймас. Сондықтан бұл жағын да законмен істеу керек.

К ө п ж а с а р. Мұның заңы не?

Т і л м а ш. Мұны былай қыламыз. Жарасбай болып біреу болысқа арыз жазады. “Қызым Балқия Қасыммен қашарда үйімнен пәлендей затымды, ақшамды ұрлап кетті, соны биге салып тексертсеңіз екен” деп. Закон бойынша, ұрлық, қарлық секілді істер қай жерде істелсе, сол жердің өзінде тексеріледі.

Жарасбайдың нәрселері Қызылсу болысында ұрланған болып тұр. Сол себепті, Балқияны Қызылсу елінің болысной соты тергеуге тиіс. Олай болса, болыс Балқияны шақыртып повеске жазуы керек. Пристап өзіміздің кісі, сонымен ақылдасып Қасым ұсталған жерде “болысной сотқа жауапқа шақырады” деп Балқияны Қызылсудан бір-ақ шығарамыз. Оның ар жағында не болар. Құдайға жылап кезінде көреміз. (*Шылым тартып, бүйірін таянып, шалқайып насаттанады.*)

Б о л ы с (*тілмашты аркадан қағып*). Өй, бейшара ұзын шөшім. Қысылған жерде ақыл табушы едің-ау!

Т і л м а ш (*бүйірін таянған күйінде күліп*). Асырауым келіспей жүр ғой.

Көпжасар. Біздің осы тілмаш атпекет болса қандай тамаша болар еді.

Б е к т ұ р с ы н. Дос аз, дұшпан көп, а, жасаған-ай, сәтін сала көр!

М о л д а. Я, Алла тағала, болысымыздың мерейін үстем қыла көр!

Бұзаубак (*алақанына жұдырығын қойып қалып*). Өкіртеміз бәлемді.

Б о л ы с (*бір қолымен бүйірін таянып, екінші қолымен тілмашқа нұсқап, шалқайыңқырап отырып, тістеніп, қабағын түйіп, қатты дауыспен*). Жаз, тілмаш, арызды жанын шығара жаз! Ақ патшаға қарсы болғыш найсапты абақтыда шірітелік! Сүйгеніне барғыш көззәпті күң етелік.

Ш ы м ы л д ы қ.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші көрініс

(*Қасымның бөлмесі, терезесі үшеу, орталықта — үстел, айнала бес-алты орындық. Үстел үстінде кітап, қағаз, қара сауыт. Бір жақта кереует, оның ар жағында вешалкада ілулі киімдер. Есікте, терезеде штор. Перде ашылғанда, бөлмеде ешкім жоқ. Бір терезе ашық. Оның алдында бір-екі газет, хат шашылып жатыр. Балқия кіреді. Басында тақия, оның үстінен жеңіл жібек шәлі жамылған. Үстінде қазақша пүліш беппент, аяғында бәтеңке. Қолында тұтқалы ременмен байлаған екі-үш кітап.*)

Б а л қ и я (*есіктен кіріп, үйдің ішін көзімен қарап тоқтап*

тұрып). Әлі келген жоқ екен ғой! (Күлімсіреп.) Ахметжан екеуі бастарын бір қосып алса, күннің батқанын, таңның атқанын білмейді. Екеуінің әңгімесін тыңдар ма еді?! Біздің Қасекең қандай қызынып соғып отыр екен. Сөйтіп отырғанда көзіне Мұңсызбай молданы керсетер ме еді, — жеп қояр еді. (Төрге қарай жүреді, терезенің алдында түсіп жатқан газет, хатты көріп, қолындағы кітаптарды үстел үстіне қойып барып алады, қарай бастайды.) Үйде кісі жоқ болған соң, пошталион терезеден тастап кеткен ғой. (Хаттың сыртынан қарап: “Қа-си-му Жақ-сы-лик-ову”, — деп буындап оқиды. Орындыққа отырады. Хатты үстел үстіне қойып, газетті ашып қарастырады.)

28 әпрелде шыққан екен. Бүгін — майдың жетісі. Әпрелдің екі күні жеті күн, жап-жақын екен ғой (газеттің екінші бетін ашып), сыртқы хабарлар, ішкі хабарлар. Токта ішкі хабарларды оқиян. Сыртқы хабардың көбіне түсінбеймін. Қаскен: “Тарих оқысаң, жағрапия оқысаң, сонда түсінесің, — дейді. — Жердің жайын, жержүзінде қандай патшалық бар, соны үйретем”, — дейді. Маған әзір ішкі хабарлар қызық. (Оқиды.) Зайсан 12 әпрелде. Жорға елінің жерінде Алексеевский деген мұжық қаласы бар. Осы мұжықтардан қыстыгүні он шақты мал жоғалады. Мұжықтар жоғалған малын қасындағы Бәжігіттерден көріп...

Екінші көрініс

(Қасым кіреді. Балқия Қасымға қарап, газетті үстел үстіне тастай беріп, Қасымға қарай жүреді.)

Б а л қ и я. Таңертең кеткеннен қайтқаның осы ма? Қайда болдың? Саған хат бар, газет те келді.

Қ а с ы м. Хат қайдан? Семейден емес пе?

Б а л қ и я. Білмеймін. (Екеуі қол ұстасып төрге қарай жүреді. Қасым орындыққа отырады. Конвертті жыртып, хатты қарай бастайды. Балқия түрегеліп тұрып бір қолымен Қасымның мойнынан құшақтап, бетіне бетін тигізіп, хатқа қарап тұрады.)

Қ а с ы м. Сағынтайдың хаты екен.

Б а л қ и я. Сағынтайың кім? А?

Қ а с ы м. Менің жолдасым. Уфада төрт жыл бірге оқып едік. Бөкей ордасының жігіті. Осы күні Орал облысында Темір уезінде Қалмаққырған деген жерде мұғалімдік етіп тұрады. Түнеугүні осында келген соң хат жазып едім. Оқиық не жазған екен.

“Қымбатты бауырым, Қасым! Хатынды алып қуанып қалдым. Сүйіп алған жарың құтты болсын. Ұзын ғұмырлы, үбірлі-шүбірлі болуларыңызды тілеймін”. (*Балқияға қарап күліп*) Естимісің. (*Балқия қарап Қасымның құлағын жұлқиды.*) Жұлып таста құлағымды. Сонан соң жұрт сені “шұнақ Қасымның қатыны” дейтін болсын.

Б а л қ и я. Солай ма екен! (*Құлағын қоя береді.*) Оқи ғой хатынды, оқы, енді тимеймін.

Қ а с ы м (*оқиды*). “Көрмесем де сәлем айт, “бірге жүріп, бірге өскен құтын-тайдай тебіскен құрбым еді” деп сырттан болса да менімен таныстыр. Мүмкін болса, екеуің сүгіретке түсіп жіберіңдер. Өзімнің де денім сау, надандықпен алысып жүрмін. Бұрын да жазып едім ғой. Бұ жақтың ишаны, хазіреті көп болады екен. Өңшең Бұқардан оқып шыққан, сәлделері кара қазандай жарықтық әулиелер. Төте оқу десе, төбе шаштары тік тұрады”.

Үшінші көрініс

(*Біреу есік қағады. Балқия сескеніп, екінші орындыққа барып отырады.*)

Қ а с ы м. Кіріңіз. (*Құлтас кіреді.*)

Қ ұ л т а с (*Сәлем беріп үйдегілермен қол ұстасып амандасады.*)

Б а л қ и я. Жоғары шығыңыз. (*Құлтас орындыққа отырады.*)

Қасым (*Құлтасқа қарап.*) Балқиямен әңгімелесе тұр. Мына хатты оқып бітірейін. (*Хатты оқып отырады.*)

Қ ұ л т а с (*Балқияға*). Оқуыңыз жақсы бар ма?

Балқия (*күліп*). Қайдан білейін, әйтеуір, оқыған болып жүрмін. Бәрінен орыстың тілі қиын болады екен. Учительницаның айтқанын мен түсінбеймін. Менің айтқаным ол түсінбей, алғашқы кезде тіпті қиын болып жүрді. Осы әзірде аз-аздап аңғаратын болдым.

Қ ұ л т а с. Мария Петровна, ол — жақсы учительница, менің кішкене қарындасымды былтыр гимназияға сол даярлап еді.

Қ а с ы м. Жә, Құлтас, сөйле, не әңгімен, не хабарын бар?

Қ ұ л т а с. Бөтен хабар жоқ. Оқудағы жастар тарамай тұрғанда бір спектакіл қойып қарасақ қайтеді деп едік, қалай ойлайсың?

Қ а с ы м. Білмеймін, пьесаларың бар ма?

Қ ұ л т а с. Басылған пьеса жоқ қой. Қарабековтің жаңада жазған бір перделі комедиясы бар екен, жастар соны қойып каралық деп жүр.

Қ а с ы м. Онысы бір-ақ перделі болса, спектакль демей, әдебиет кешін жасау керек қой. Комедия ойналар, өлең айтылар. Ән салынар, декламация секілді нәрселер болар. Сөйтіп, әрқайсысының басын құрап істемесе, бір перделі комедия не болады?

Қ ұ л т а с. Өзі де солай болар. Хош, әдебиет кеші болса, Балқия ханум сіз ойнайсыз ба?

Б а л қ и я (*күліп*). Мен білмеймін ғой, көрмеген нәрсем ғой.

Қ ұ л т а с. Көрген-көрмеген есеп емес. Қалада бұрыннан тұрғандарымызға да бұл жаңа нәрсе, бұл туралы бәріміз де... Бір өлең айтарсыз. Ән саларсыз, сіздің дауысыңыз жақсы деп мақтасып жүр осындағылар.

Б а л қ и я. Менің даусымның жақсы-жаманын қайдан білді мұндағылар, ә деп ауызымды ашып көргенім жоқ.

Қ ұ л т а с. Мұнда ашпасаңыз, елде ашқан шығарсыз.

Қ а с ы м (*Балқияға қарап*). Сағила екеуің қосылып, жер-көкті бастарыңа көтеретіндерің қайда?

Қ ұ л т а с. Ал айғақ керек болса. (*Біреу есік қағады.*)

Кім дейсің, Ахметжан шығар. Әйде, рұқсат, кіре бер.

Төртінші көрініс

А х м е т ж а н (*шіләпәсін қолына ұстап, басын изеп*). Армаңыз! (*Үйдегілермен амандасып отырады.*)

Қ ұ л т а с. Ой, “армаң” не?

А х м е т ж а н. Шырағым, мен Америка аштым, бұрын қазақ “Ар ма?” деп амандасады екен. Қобыландының өлеңінде де бар ғой. “Жетіп келдім ар ма деп, алдымда кісі бар ма деп”, сол ар масы осы екен.

Қ а с ы м. Армасаң, ар ма, не бітірдің? Манағының жөні болды ма?

А х м е т ж а н. Ордабаевқа тапсырдым. “Ертең даяр болады” дейді. Құлтасқа айтып па едің?

Қ а с ы м. Жоқ әлі.

А х м е т ж а н. Ендеше, осында бір саяси қашқын бар, соған паспорт керек болып тұр. Ақшасы да жоқ екен. Бүгін Қасым екеуіміз соған ақша жинадық.

Қ ұ л т а с. Жарайды, мен де ескерейін (*қалтасын ақтарып, ақша алып, Ахметжанға береді*). Әзір өзімдікі, алып қой.

А х м е т ж а н (*Құлтастың ақшасын алып, қалтасына салып*). Сен түгіл, бүгін Қасым екеуміз Бакировтен де ақша алып дәндеп отырмыз.

Қ ұ л т а с. Онан не деп сұрадыңдар?

А х м е т ж а н. Қоятыны жоқ, дұшпаннан түк тартсаң да олжа деген. Реті келіп қалған соң алдық. Қасым екеуміз көшеде келе жатсақ, қара арғымаққа паятон жеккен Бөкеннің баласы келе жатыр. Өте бергенде мен тоқтаттым. Амандасып тұрып: “Байбатша, бір сауапты іске ақша жинап жүрміз. Кәне, беретінінді бер”, — деп едім, ыржиып күлді де, бес сомдық суырып бергені. Біздің неміз кетіпті, алдық та жүре бердік.

Қ а с ы м. Екеуің бірдей жақсы кез келдіңдер. Енді менің жайымды сөйлесейік. Маған орын керек. Аз ғана ақшамызды ұстап жатырмыз. Табысы жоқ кісінің қалада тұруы оңай емес қой. Осы қалада қанша қазақ бар?

А х м е т ж а н (*Құлтасқа қарап*). Жүз елу бар шығар.

Қ ұ л т а с. Онан артық болмаса, кем емес.

Қ а с ы м. Олай болса, толық бір мектептік бала шығады екен ғой.

А х м е т ж а н. Сөз жоқ, 50-60 бала еркін шығады. Бірақ қазағының берекесі жоқ. Саудаға жұмылып кеткен, өнер-білімге өте ынтасыз. Біз былтырдан бері “мектеп ашыңдар” деп зарлап жүрміз, “әне-міне” деп біріне-бірі сілтеп, сәті түспей жүр. Мұндағы қазақ байларыңның бар тәуірі — манағы өзің көрген сақау Наурызбай. Ол байғұс (*күлін*): “Мешіт, медресе салатын болсандар, бір мың сом берем”, — деп жүр. Біз оған: “Мешіт салыңдар, бірақ алдымен мектеп ашыңдар”, — деп құлағын бұрап жүрміз.

Қ а с ы м. Балқия екеуміз біздің елге барып қайтсақ па дейміз. Бәрібір мұнда тұрғанда да расход, жолға да көп болса сондай ақша шығар. Мен өзім елге бармағаныма төрт-бес жыл болды. Бірақ осы күні тұратын орнымызды белгілеп алғым келеді. Семей жақта да шақырған біреу бар еді. Оған әлі жауап қайтарғаным жоқ. Егер мұнда қазақ мектебі ашылатын болса, осында қалғым келеді.

А х м е т ж а н. Сен енді оған былай қыласың. Еліңе баратын болсаң, бөгелме, сен мұнда тұрсаң да, тұрмасаң да, мектеп ашудың соңынан біз түсіп қарармыз. Бұл мәселе тез шешіле қоймайды, алдымен мұндағы жатақтарды көндіру керек, онан кейін рұқсат алу керек, ақша жинау керек. Мұның бәріне бірсыпыра уақыт кетеді. Бұл жаққа өзің келсең, келіп қалдың, келмесең, әдірісіңді қалдырып кет. Біз телеграмм соғармыз. Хат жазармыз. Әйтеуір мектеп ашу мәсе-

лесі немен біткенін білдіреміз. Мектеп ашыла қалса, сені сөзсіз алдырамыз.

Қ а с ы м. Менің қалада тұрсам деген мақсатым — бірінші, әйтеуір, қазақ баласын оқытқаным ғой, екінші — Балқия оқу оқысын, шаһар тұрмысымен біраз таныссын деп едім.

Қ ұ л т а с. Айтқандай, “Қазақ” газетасының соңғы нөмірінде Тұрысбек Маман балаларының “мұғалім керек” деген ағланы бар, оны көріп пе едің?

Қ а с ы м. Көргем жоқ. Бүгінгі келген нөмірінде ме екен?

Б а л қ и я (*газетті қарап*). Я, бар екен (*ішіне оқып қарап отырып*) Қапал үйезінде дейді. Бұл қай жақта?

Қ а с ы м. Қытаймен шектес жерде, Жетісу облысында.

Б а л қ и я. Түу, жердің түбі ғой.

Қ а с ы м. А, солай ма екен? Маған жолдас болсаң, ыстықты да, суықты да көрерсіз деп кешіргенім қайда?

Б а л қ и я. Жай айтам, алыстығын айтам, сенімен бірге жердің түбі түгіл, астына барсам да ризамын.

Қ а с ы м (*Ахметжан мен Құлтасқа*). Енді солай етелік. Мұнда мектеп ашыла қалса, хабарландыраарсыңдар. Келіп қалармыз.

А х м е т ж а н. Өзің қашан жүрмекшісің?

Қ а с ы м. Енді бір үш-төрт күннен кейін жүрсек керек деп тұрмыз.

Қ ұ л т а с. Жоқ, оның болмайды, біздің әдебиет кешімізді өткізіп жүріндер! Бәрібір, біз Балқияға ән салғызбай жібермейміз.

Б а л қ и я. Ойыныңыз қашан болады?

Қ ұ л т а с. Көп болса, он күн.

Қ а с ы м. Қой, он күнге қарай алмаймыз.

А х м е т ж а н. Мен араларыңа бітім айтайын. Төрт күнде емес, он күнде емес, болатын болса, бір жетіде болсын.

Қ ұ л т а с. Жарайды, төреңе құлдық.

Қ а с ы м. Құлтас қадалған жерден қан алмай қоймайды-ау, амал жоқ, бір жетіге шыдалық.

А х м е т ж а н (*тұрып*). Қайыр, қараңғы болып барады, енді мен қайттым. (*Қасымға*) Сені қашан көрем?

Қ а с ы м. Ертең өзім барамын. (*Құлтас һәм Ахметжан амандасып шығып кетеді.*)

Бесінші көрініс

Қ а с ы м. Қараңғы болды, қалқам. Балқия, шам жақшы. (*Балқия шам жағады.*)

Б а л қ и я. Бүгін учительницаға ақша бердім.

Қ а с ы м. Ай болды ма?

Б а л қ и я. Бүгін дәл бір ай. Уақыттың қалай тез өткенін білмеймін. Түнеугүні үйде жүргенде таң атса, күн батпаушы еді.

Қ а с ы м. Үйдегің мен әзіргі уақыт бірдей ме, ол кезде уайымды едің, істің не боларын білмеуші едің. Бұл уақытта тілегімізге жетіп, қосылып рақат өмір сүріп отырмыз.

Б а л қ и я. Әйтеуір енді қорқыныш жоқ па? Мен қорқа берем. Болыстан жауыз адам жоқ. Қолынан келсе аямайды, біздің үйді шауып алыпты ғой, қаны қара адам. Тым болмаса, көкемді аясайшы. Мені саған қолымен бермегенін біледі. Тәңірі жазасын бергір, жалмауыз.

Қ а с ы м. Тәуекел, енді еш нәрсе бола қоймас. Елде болсақ, бір нәрсе қылар еді. Қалада тұрған соң, бата алмайды ғой. Қолынан келетін болса, түнеугүннен бері аянып жүр деймісің, бір жұмадан соң өзіміз де жүріп кеткелі отырмыз. Ендігі күдер үзген де шығар.

Б а л қ и я. Сенің үйің біз барғанда қандай қуанар екен. Балаларға ондай-мұндай алу керек, әжеңе не берерімді білмеймін. Тіпті құралақан барғанымыз ұят қой.

Қ а с ы м. Сынар деймісің. Жасау-жабдықпен ұзатып алмағанымды барған соң білер.

Б а л қ и я. Сонда да... *(Есіктің сыртынан дүбір естіледі. Балқия есікке қарап тыңдап.)* Қаскен! Бұ немене дүбірлеп кеткен, әлгілер қайта келді ме?

Алтыншы көрініс

(Есіктен саулап алдымен пристав, онан кейін бір омырауында күміс медалі бар полицейский, жез қадаған Бузаубақ һәм Қамбар кіреді).

П р и с т а в. А, попались! *(Балқияның өңі қашып, біресе приставқа қарайды, біресе Қасымға қарайды. Пристав есік жақтағы орындыққа отырып, портфелін ашып, қағаз, қалам алып)* Қасым Жақсылықов сен бе?

Қ а с ы м. Иә, мен.

П р и с т а в. *(Балқияға қарап).* Мынау кім?

Қ а с ы м. Бұл — менің қатыным. “

П р и с т а в. Мен сізді тінтемін.

Қ а с ы м. Не үшін тінтесіз?

П р и с т а в. Ол сенің жұмысың емес. Нәрсеніз қайсы?

Қ а с ы м. Анау — шамаданым, мынау ілулі тұрған киімдерім, басқа нәрсеміз жоқ.

П р и с т а в. Аш шамаданыңды. (Қасым шамаданды ашады.) Евдокимов, ақтар шамаданды, қағаз, хат, кітап болса бері алып кел. (*Полицейский шамаданды ақтарып, ішінен он шақты кітап, бес-алты хат алып, приставтың алдына қояды. Пристав кітап, хаттарды қарап отырады. Полицейский үстел үстіндегі, газет, қағаздарды жинап, приставтың алдына барады.*) Қара, тағы басқа нәрсе жоқ па? (Өзі үйдің ішін көзімен айнала қарап отырады. Полицейский кереуеттің астына басын тығып қарап, нештің ішін үңіліп қарайды.)

П о л и ц е й с к и й (Приставка қарап шест беріп). Таксыр, енді еш нәрсе жоқ. Әбден қарадым.

П р и с т а в. (Жаза бастайды.) Қасым Жақсылықов, қай жерліксің, түгел айт!

Қ а с ы м. Торғай облысы, Қостанай уезі, Қарабалық болысы, 7-ауыл.

П р и с т а в. Нешедесің?

Қ а с ы м. 25-темін.

П р и с т а в. Бұрын сотты болдың ба?

Қ а с ы м. Жоқ.

П р и с т а в. Қатын-балаң бар ма?

Қ а с ы м. Қатыным бар, балам жоқ.

П р и с т а в. (*Екі минуттай жазып отырады.*) Қол қойыңыз. (*Қасым қол қояды. Пристав кітап, қағаздарын, 4-5 уақ кітап алып, бірнеше хат алып, портфеліне салады. Қасымға қарап.*) Закон бойынша сізді абақтыға жабам.

Балқия (*Қасымға қарай жыламсырап*). Япырым-ай, не дейді, жаным?!..

П р и с т а в. Сөйлеме, сен де баратын жеріңе барасың. (*Бұзаубаққа қарап.*) Повескең қайда?

Б ұ з а у б а қ (*сөмкесінен тез қағазын алып, лып етіп приставтың алдына келіп*). Міне, тақсыр!

П р и с т а в (*Балқияға*). Қорықта, абақтыға жабылмайсың, Қызылсу болысына жауапқа барасың. (*Қасым мен Балқияға*) Әйдә, киімдеріңді киініңдер. (*Портфеліне қағаздарын салып түрегеледі. Қасындағыларға қарайды, полицейский Қасымның қасына келіп тұра қалады. Бузаубақ пен Қамбар Балқияның жанына келіп тұрады.*)

Қасым (*Балқияға қарап дірілдеген дауыспен*). Жаным, Балқия, жауыз тағдыр шынымен екеуімізді айырғаны ма?

Балқия (*жылап*). Қаскен, қалқам, мені осы арада өз қолыңмен өлтіріп кет. Бұл дүние маған қараңғы көрмен тең.

П р и с т а в. Болар енді, болар...

Полицейский (*Қасымның иығынан тартып*). Айда, айда...

Қ а с ы м (*көзін сүртіп*). Қош, қалқам, сорлы Балқия!

Б а л қ и я (*жылап*). Қош, жаным, қош, сен аман бол!

(*Балқия мен Қасым жылап құшақтарын жайып біріне-бірі қарсы ұмтылады, екеуін құшақтастырмай, полицейский Қасымның қолынан ұстай алады. Бұзаубақ пен Қамбар Балқияның екі қолынан тартып жібермейді.*)

П р и с т а в (*ақырып*). Айда, жүр!

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

**КӨСЕМСӨЗДЕР
МЕН
СЫН-ЗЕРТТЕУ
МАҚАЛАЛАРЫ**

БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ

Қазағым менің, елім менің! Ең алдымен қазақ халқы — Россияға тәуелді халық. Оның ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кек тудырады. Халықтан жиналатын салық қаражатының көп бөлігі халыққа тіпті де керек емес нәрселерге жұмсалады.

Халық күйзелісін жан-тәнімен сезінген сандаған адам есепсіз қаражат шашып, Петерборға жол тартып, министрлердің табалдырығын тоздырады. Бірақ оған құлақ асқан министрлер болмады. Ал қазіргі жағдайымызға көз жіберсек, сол мәртебелі министрліктер тағайындаған түрлі шенеуніктер мен стражниктер, урядниктер солардың пиғылдарын жүзеге асыру үшін қазақ жерінің төріне аттанып жатқанын көреміз.

Өздеріңіз көз жазбай байқап отырғандай, шенеуніктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып алып, ойына не келсе соны істеді.

Енді шенеуніктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға, біздің молдаларға ғана тиісті неке мәселесіне де араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды.

Енді бұл шенеуніктер қазақ даласына мыңдаған мұжықтарды жер аударып, қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып өперуде. Шенеуніктерді арқаланған олар өздеріне жайлы қазақ жерін еркін иемденуде. Тұтас ауыл болып келіп, бұлар сорлы қазақтарды ұрып-соғып, бар мүлкін тартып алып кетуде.

Қазақ жеріне бұл мұжықтарды не үшін жер аударарды. Әлде Россияда жер аз ба? Шұрайлы жер аз емес, бірақ соның бәрі байлардың, дворяндардың, помещиктердің қолында, олар өз жерлерін ешқашан тегін бермек емес, ал аштан өлуге шақ жүрген мұжықтардың оны сатып алуға шамасы жоқ. Түрлі деңгейдегі министрлер, жоғарғы шенеуніктер мен генералдар Россияда көбейіп келе жатқан мұжықтардан құтылу үшін оларды біздің қазақтардың арасына жер аударуда және ең бай қазақтар бұрынғысынша өз жерінің қожасы болып қала береді. Оны өздеріңіз білесіздер.

Бірінші Думада депутаттар халықтың талап-тілегін білдіре отырып, бүкіл байлар мен қазына жеріне аштық пен жоқтыққа ұшыраған миллиондаған халықты қоныстандыру жөнінде заң шығарып, байлар мен қазына, шіркеу жерін көркейтуге күш

салатын адамдарға беру жөнінде айтты. Осы сөзден қорыққан олар Думаны қуып, таратып жіберді.

Бүкіл Россияны генералдарға бөліп берді. Соғыс жағдайын енгізіп, 87-статья бойынша әр жерлерде дала соттарын құрды. Бұл соттардың шешімдері бойынша жанымен, тәнімен туған халқына берілген азаматтар асылып, атылып кетті. Қазірдің өзінде мындаған ерлеріміз шалғай жерлерде жүр немесе түрмелерде отыр.

Арғын.

“Серке”, 1907 ж., N 84.

ИБРАҒИМ ИБН ҚҰНАНБАЕВ

“Уақыттың” 322-санында Россияның ең атақты ақындарының бірі Лермонтовтың М.М. әпендінің аударуымен “Жалғыздықта” деген өлеңі жарияланған еді. Осы өлеңді көрген соң, оқушыларымыздың құрметті Ибраһим Құнанбаевтың Лермонтовқа іңкәр болып, орыс әдебиетінің гүл шоқтарын өз тілінде сайратқаны екінші бір жағынан адамның ойына оралады.

Бұл адам — Семипалат облысы, қазақ, нәсілі тобықтыдан еді, Өскенбайдан тараған Құнанбайұлы Ибраһим мырза.

Ибраһим мырза, ұлы ақын аталып, бұдан төрт жыл бұрын дүниеден қайтты, 59 жаста еді. Ғылымсыз, қара халық арасында, сахара қазақтары ішінде жалғыз жұлдыздай болып жанып шығып, тілі оқушыларын оятатын өлеңдері оны бүкіл атырапқа машһүр етті. Шығармалары қазақша жазылды. Мейлінше мол еңбектенумен орыс тілін үйреніп, орыс әдебиетіне еркін жетіліп, достасып алды. Өлеңдері есіткеннің жүрегін жігерлендірерліктей табиғи болып, шығармаларының асыл негізі Лермонтовқа үндес. Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләззатты, араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымы ауқымды еді. Адамшылық ой-қиялы өте таза, ұлтжанды, елін-жерін сүйген кісі еді. Марқұмның өлеңдері көп болса да, басылғандары жоққа тән еді. Обалы шығармаларын біліп, жарыққа шығаруға қайрат етпеген кісілердің басында тұр. Марқұмның сөздерінің бірі:

Қуатты оттай бүрқырап,
Уәзінге салып тізілген.
Жанбырлы жайдай зырқырап,
Көк бұлттан үзілген.

Қайран тіл, қайран сөз —
Наданға қадірсіз,
Тәуекел мен батыр ой
Өткір тілді найза етіп,
Сайысып-ақ бақты ғой,
Неше түрлі айла етіп.
Оянбай, қайран жұрт,
Ұялмай, қал жым-жырт!
Ақылмен ойлап айтқан сөз,
Бойына жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар.
Ән салар, жатқа алар,
Түбінде құр қалар.

“Уақыт”, 1908 ж., N 383.

АПАТ ТӨНГЕЛІ ТҮР!..

Мал өсіруші қыр қазақтарының “Сібірдің оңтүстік-батыс өңіріне қуаңшылық қаупі төнгелі тұр” деп сескене жар салғаны шілде күндерінде-ақ естіле бастаған-ды. Қазақтар үлкенді-кішілі сансыз бастықтарына “Жұт төніп келеді” деген осы қорқынышын қайта-қайта қақсауынан танбай жүр.

Сібірде егін-шөп шықпай қалуының қандай сұрапыл зардабы болатынын білген адамға бұл сескеніс-үрейді түсіну қиын емес.

“Мал — адамның бауыр еті” дейді қазақ, өйткені мал — оның күнкөріс көзі. Оның барлық мүддесі мал төңірегінде, игілікті өмірге қолын жеткізетін иен дәулеті де — осы мал байлығы. Сондықтан малын аман сақтау қазақ үшін өмірдегі *(бірден-бір болмағанмен)* ең басты мақсат екені де түсінікті. Қазақтардың бір-бірімен кездескенде, дала салты бойынша: “Мал-жан, бала-шағаң аман ба?” деп сәлемдесуі де осы мақсатқа әбден сәйкес. Осыған орай, қазақтарда ауа райының әр түрлі көріністерін, сәл ғана да құбылыстарын танданарлықтай байқағыштық, сезімталдық аса дамыған. Бұл көріністердің әрдайым қайталанатынын, бірінің орнына екіншісі дәлме-дәл дерліктей ауысып келіп отыратынын, қысқасы, кейбір заңдылығын бақыламай, білмей отыра алмады ол. Қазақ даласына белгілі бір дәйектілікпен айналсоқтап қайта оралып отыратын ауа райының құбылысы қазақтардың жыл қайыруына да негіз болған. Бұл есеп бойынша, әр жыл

атауы 12 жылда қайталайтын дәуірге бөлінген. Осыдан ең соңғы “Қоян” жылында жаз қуаңшылық, қыс аязды-боранды болып, жұтқа ұшыратқан.

Қазақтардың есептеуінше, биылғы жыл шөптің өсуіне қолайсыз болатын түрі бар. Сондықтан көптеген ауылдар қамыс, қоғажай өсімдіктерін сақтау шараларын қолдана бастаған, қысқы тебіндерін көктемде мал жайылуынан қорғап, шілдеде азды-көпті пішен қорын жинап алуға қам жасаған. Өкінішке орай, соңғы, ең тиімді шараны жүзеге асыру мүмкін болмаған: бір жағынан, ұзаққа созылған қуаңшылық көктемде қар кетісімен қылтиып шыққан көк шөпті біржола күйдіріп жіберсе, екінші жағынан, мал өсіруші қазақтың қолында пішен жинауға қажетті машина-сайманның болмағандығы оны мүлдем дәрменсіз етті. Осының салдарынан, жекелеген және ресми деректер бойынша, оңтүстік-шығыс және Сібір далаларында болмашы ғана пішен жиналып, өрістерде ешқандай жайылым шөп болмады, себебі — шілдеде және күзде жаңбыр жаумады. Келімсектер тамыздан бастап малдарын, аттарын жапа-тармағай сатып, жұмыс көліктерінің тілті азғанасын алып қалды, ал қазақтар өздерінің арықтаған малдарын базарлар мен жәрменкелерге тоғытып, тегін дерліктей бағаға сатып жатты, өйткені малдарының қыста бәрібір жұтап, қырылып қалатынын өз тәжірибелерінен білетін.

Жан түршігерлік сезіммен тұйықтан шығар жол жоқтығын санасымен кәміл түсініп, қазақтар да, келімсектер де қыс қыспағына кірді. Айнала — шетсіз-шексіз байтақ дала, егін-шөп бітік шыққан жылы көз қуанатын, ал қуаңшылық жұт жылдарында — мейірімсіз қатал болатын қу медиен, бір түнде қысқы тебіндегі мыңдаған малды қырғынға ұшырататын буырқанған боран, жүздеген жануарларды сеспей қатыратын отыз градус үскірік аяз, кейде түтелге жуық төл қалдырмай, жаппай іш тастататын ылғалды қиыршық мұздақ — міне, жергілікті байырғы халық та, жаңа қоныстанған келімсек те душар болатын жалпы жағдай осындай. Бұрын ұлан-ғайыр дала кеңістігі мал өсірушілердің жүздеген, мыңдаған шақырым алыстағы өрістерге көшіп баруына мүмкіндік беретін кезде жұт соншалық қорқынышты емес еді: көшпелі мал өсіруші қазақ шөбі шүйгін жайылым танаптарын таба алатын. Қазір қыр, дала келімсектерге кесіліп берілді, ең арғысы ондаған шақырымдай-ақ өріс шеңбері белгіленді, соның салдарынан қазақтар табиғат апатымен солғындау болса да күресудің бірден-бір шарасынан жүрдай етілді, есесіне бастықтардан түк те ала алған жоқ.

Өзін-өзі кеңінен басқаруына ырық бермей, Сібірді сіресе тұқыртса да, hükümet қиырдағы шеткері аймақтарға қамқорлықты өз міндетіне алып отыр және, әділін айту керек, бұларға миллиондаған сом халық қаржысын жұмсап келеді. Бірақ қандай қажетке жұмсалып отыр? Шеткі аймақтардағы төресымақтардың, сақшылардың, өкілдіктердің, шенеуніктердің ішіп-жеміне, сауық-сайранына жұмсап отыр. Шеткері аймақтардағы халық үшін неғұрлым тиімді шаруашылық шараларына бір сом да жұмсалмайды, олардың тағдыры кей жерде кереметкер әулие Николайға, кей жерлерде — Аллаға тапсырылған. Рас, департаменттерде шеткергі аймақтардағы шаруашылықтарды “қолдау”, “көтеру” туралы, шеткергі аймақтарды “гүлденген бау-бақшаға”, “Эльдорадо” (“*Алтын тау*”) еліне айналдыру туралы алуан-алуан жобалар жүздеп жазылып жатыр, бірақ бұлардың бәрі — тентек қалам ұшының ермектері ғана. Шеткері аймақтардағы төресымақтар кей-кейде естен тандырырлық әулекі жобаларды ойлап тауып, Питердің “әумин” деген батасын алғаннан кейін Суворовша екпінді қысыммен сол жобаны жүзеге асырады. Атышулы пішен қоры делінген жобаның жайы осындай болды. Қаншама сия мен қағаз ысырап етілді, елге шығып, халықты дүрліктіруге қаншама шығын талап етілді, қазақтардың қандайлық ұшан-теңіз еңбегін сарп еткізді бұл шара!... Ал нәтижесі — мындап мыңғырған малдары бар аудандарда болмашы ғана жүздеген пұт нашар пішен қоры жасақталды және де осы сорлы қордың өзі қыс аяғында талан-таражға түсіп, быж-тыж болды, жазда қайтадан толықтырылған жоқ. Кейде қандай да бір әкімнің ойында “қазына пішенінің” қорын тексерту ниеті туады да, шенеуніктерін елге жібереді. Сол шақта орда өкімет орындарының қызу, қарбалас жұмысы басталады. Көбінесе тексерушінің көз алдында таяу маңдағы ауылдардан қоймаға көптеп пішен тасылады. Ол кеткен соң пішен бұрынғы иелеріне қайтарылып беріледі. Әдетте, жұт болатын жылы пішен қоры жиналмайды да, қыс аяқталарда бар пішен қан талапайға түсіп, таратып әкетіледі, ал жазғы қуаңшылықта егін-шөп шықпай, өспей қалады.

Жұтқа қарсы күрес мұндай күлдіргі ойын-сауық шаралары арқылы жүргізілмеуге тиіс. Мұнда басқа, анаұрлым тиімді, ынталы шаралар керек, ең алдымен жергілікті күштердің өз сана-сезімімен, өз іскерлігімен ұштастырылған, бірлескен белсенді қимылы, іс-әрекеті керек. Ал мұның өзі жергілікті орындарда өзін-өзі басқарудың кең көлемде

орнатылуы арқылы ғана мүмкін бола алады. Тек сонда ғана кейбір земстволарда апатқа қарсы ұйымдастырылып жатқан күрес жүзеге асырыла алады, тек сонда ғана қазақтар да, келімсектер де егін-шөптің шықпай, өнбей қалуын беті қайтпайтын, жеңістік бермейтін табиғат апаты деп санамайтын болады.

Миллиондаған адамдары бар халыққа қамқоршы болуды өз міндетіне алған, консул мырзалар, “Жұт төніп келе жатыр!”

Міржақып Дулатов
(аударма).

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ДУМА ҺӘМ ҚАЗАҚ

Россияға қараған халықтар, ескі низамға қанағаттанбай әрқайсысы өзінің керегін сұрап, әр түрлі партияға бөлініп, мемлекеттің әр шетінен қозғала бастаған соң, 1905 жылы 17 октябрьде патша ағзам хазіреттері манифест шығарып, халыққа хурия (*бостандық*) жария еткені мәлім. Манифестің қуатынша, Г. Дума ашуға рұқсат болып, қай дінде, қай мазхабдегі халық болса да, бәрі қалмастан, думаға депутат сайлауға болған. Сол себепті әуелгі екі думаға біздің қазақ халқынан да депутат барып, өмірінде түсіне кірмеген теңдікті өңінде көріп, патша халықтың низамын түзетуге ықтиярлы бола алған депутаттардан саналып, патша дәрежесіне жеткен еді. Жоқты бар етуші барды жоқ етуге шамасы келеді. Ілкімет әуелгі екі думаны таратып (*себептерін жазбаймын*), 3 мәртебеде Сібірден, Түркістаннан және басқа жерлерден депутаттардың санын кемітіп, кейбір халықтардан депутат сайлануды тоқтатуға 1907 жыл 3 июньде жаңа низам шығарды. Солардың арасында бақыты ашылмаған қазақ халқы да кетті. Күннің көзі жалқауға да, іскерге де, байға да, пақырға да бірдей түскені секілді, көпке бірдей болған жақсылықтан мақрұм қалу, оның үстіне қазақ халқы өзінің сыбағасын іздемей, сұрамай, қатты наразылық көрсетпей жатуы да кемшілік.

“Туғанына қуанбағанның өлгеніне жыламайды” деген қазақта мақал бар. Халықтың нендей тілегі беріліп, хан мен қара, бай мен пақыр бір дәрежеде болып, кеңшілік туып, халықтың өзіне пайдалы низам шығару үшін дума ашылып тұрған заманда біздің қазақ Алланың қосуыменен патшаның еткен мархаметі екен деп, ғанимет болып пайдаланудың орнына бұрынғы пітінәләр иығына арттырылды. Депутатты оқыған, өнерлі, білімді, халық үшін жанын пидә етерлік кісіден

сайлау керек екенін білмей, білсе де выборщик һәм депутаттыққа, бұрынғы болыстыққа таласқандай, халықты бұзып, ақша шашып, жұртқа қызмет ететұғын, топтан озған шешен білгіштерді сайлаудың орнына, өздерінің партиялас, дүниеден хабары жоқ надан болыстарын, мырзаларын сайламақшы болды. Заманымызда қазақ үшін өмірін, білімін жұмсап, ауыр жазаларға кіріптар болып, жанын қиып жүрген күллі қазақ халқына бірінші дерлік жол басшымыз — Әлихан Бөкейханов. Бірінші Дума сайлауында Қарқаралы үйезінің Токраунский болысының управителі выборщик болуға таласып, Бөкейхановтың үстінен жамандап, рапорттар бергендігі күллі қазақтың депутат сайлауына нендей көзбен қарағандығын көрсетуге жетеді деп білемін.

Енді бұл уақытта Думада қазақтан депутат жоқ. Ноғайлардан бары он ғана кісі бар. Бұлар, орны келгенде, еш уақыт қазақ үшін сөйлемей қалғандары жоқ, бірақ қазақтың тұрмысын, әдет-ғұрпын, мұқтажын, нендей закон пайдалы һәм қажет екенін арасында болып, көздері көрмеген соң, бұлардың да бізге пайда келтіре алулары қиын.

Халық үшін нендей закон түзелсе де, дума арқылы өтеді. Біздің қазақ халқының оңып тұрған бір ісі жоқ, солардың ішінде бірінші орын алып тұрғаны — жер мәселесі. Аз да болса Думада депутаттарымыз болса, сөздері ықтибарға алынбаса да, қазақ жері өз мүлкі екендігін, селдей ағып келе жатқан хохолдар жерді тартып, жұртты пақырлыққа айналтты, һүкіметтің бұл харекеті бізге ғәділсіздігін Дума мінбесінен сөйлеп, отчетында жазып қалар еді. Ақырында, сөйлеген ақиқат үстіне бір шықпай қалмас еді. Қазіргі депутаттар (*керек — мұсылман, керек — орыс болсын*) қазақ халқын қанша аяп, қорғайын десе де, қазақтардың хал-жайын білмейді деп жоғарыда айттық. Думада өзімізден депутаттар болмаған себепті онда не болып жатқанынан да қазақ халқы бейхабар екендігін көрсету үшін бір мысал жазайын. Г. Думаның 1910 жылы октябрьдегі жиылысында ғұмұм (*жалпы*) мемлекет үшін жаңа низам бойынша әбтеһи мектептер ашылу мәселесі қаралатұғыны мағлұм болып, ноғайлар әр тараптан жиылып кеңесіп, өздерінің мақсұттарын тиісті орынға алдын білдіріп қоймақшы болды. Бұл мәселе хақында көріп біліп тұрған адамдар қарап жатарлықта емес еді, себебі: бұл хусусты Думада қаралу үшін күн ілгері тізіліп қойған низамда мұсылмандарға дәурүрлі орындары көп еді. Бұл жаңа низам бойынша ашылатұғын әбтеһи мектептерде тағлым ғұмұмы һәм мәжбүрлі болашақ еді. (*“Әбтеһи тәлім” деген сөз — бұрын*

бір де оқымаған балаларды әуелі оқыту деген мағынада, “ғұмұм” – көпке бірдей, “мәжбүри” – міндетті деген). Егер мұндай болғанда, патшалықтағы халықтардың һәммесінің де балалары ұғыл-қыз демей, сегіз жасына келген соң мектепке барып, оқуға міндетті болып, балаларын апарып бермеген ата-аналары штраф төлейді.

Халықта оқымаған адам қалмаған жақсы, бірақ қазіргі сөзімізше сол оқудың тәртібі хақында жаңа низам бойынша әлгі жас балалар орыс кітаптарыменен орысша оқып кетсе, тез уақытта тілін ұмытып, діннен де айырылып қалу қаупі бар. Соның үшін мұны білген адамдар қайғырып әбтеһи мектептерде (3 – 4 жылдай) оқу баланың ана тілінде болып һәм діні де жақсы болса екен, онан кейін әркім сүйген ғылымын үйренуіне ешкім тоқтау етпес еді деп тіледі. Бұл мәселе хақында Дума ашылудың алдында Россиядағы ноғайлар әр шаһардан, тіпті ауылдардан да, халықтың тілегін білдіріп, телеграммалар соғып, кісілер жіберіп, жаңа низамның зарарлы орындарына риза болмай, газеттерге жазып, кітаптар шығарып, дауыстарын жаңғыртқанда жалғыз біздің қазақ халқының бір жерінде үні шыққан жоқ, тіпті қазақ ішіндегі молдалар, атқа мінген ақсақалдар, ел билеген ұлыс, билердің бұл мәселеден хабары барлығында шибһе¹ айтамын. Біздің қазақ бұл турада өздігінен болып еш нәрсе шығармаса да, Думадағы мұсылман депутаттарының һәм басқа мұсылмандардың тілегіне қосылғандығын білдіруге керек еді.

Мінеки, осы секілді керекті жұмысымыз хақында халқымыздың хабарсыздығы бір мәртебе болмай, мың мәртебе болуында шибһе жоқ. Қазақ халқына енді не қылуға керек? Жауап: Думаға депутаттар әр бес жылда бір сайланады. Қазіргі үшінші Думаның срогі бітіп, жаңа сайлау алдымыздағы 1912 жылда болады. Осы сайлауға шын алаш ұранды қазақ бірі қалмастан байлары жәрдем етіп, білгіштері басшылық қылып, ортасынан делегаттар сайлап, алты миллион қазақ халқы оқ атпай, қылыш тартпай Россияға жер-суыменен риза болып бағынғандығын, алым-шығын төлеп, еш уақытта нендей әмірінен бас тартпай қызмет етіп келе жатқандығын, басқа халықтардан депутаттар болғанда қазақ халқы өгей балаша шетке қағылып, депутаттықтан мақрұм қалып тұрғандығын, депутатсыз халықтың мұң-мұхтажын тиісті орынға жеткізе алмай, Россияның жаңа законы түзелген заманда жәбір-қиянат боларын сөйлеп, халықтың арызын жеткізіп, келер Думаға

¹ шибһе – шүбә

қазақ халқынан да депутаттар сайлануын сұрау керек. Әлбетте, бұл турада бірлі-жарым адамның тілегі тілек болмайды, күллі жұрт болып сұрауға керек. “Ойбай! Ана жылда думаға пәленше, түгеншелер барған, олар да түк бітірген жоқ” деген үмітсіздікті тастап, халқымыздың қатарға қосылуын ойлау керек.

Әрбір ақыл иесі адам қара қазан, сары баланың қамын ойламай, бұрынғыдай пайдасыз дүрмекпенен кете берсе, құдай алдында мойындарынан үлкен борыштары түспей, кейінгі нәсілінен де қарғыс алуында шибһе жоқ.

Міржақып Дулатов.
“Айқап”, 1911 ж., №5.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАС АДАМДАРЫНА

Біздің әрбір ісіміздің негізі бос, өмірі қысқа. Оқығандарымыз бар — қалтасы тесік, байларымыз бар — төбесі тесік. Екеуі бір жерге желімдесе де қосылмайды. Басқа білімді жұрттың адамдары майданға бір іс шығармақшы болса (*айталық газет, журнал хақында*), әуелі план түзейді. Газет шығару үшін баспахана керек, оған тиісті құрал һәм қызметкерлер керек, соларға лайықтап дәулеті бар ынталылар ақша шығаруға уәде етеді, ақша табылса жақсы жазушылар керек, оның үшін бірнеше тәуір оқыған, халықтың жайын білетұғын пайдалы кісілер әлгі шығармақшы болған газетке әрдайым сөз жазып тұруға уәде береді. Екі жағы бірдей болған соң, ойлаған істерін жарыққа шығарады. Мұндай істің пайдасы да, өмірі де берік болады. Біз әлі мұндай іске үйренгеніміз жоқ.

Троицкіде Мұхамеджан Сералин деген жігіт қазақ халқына қалай пайда келтіремін деп жүргендіктен болса керек, қашан жоғарыда айтқан секілді ойлағанымыз болғанша заман біздің жайымызды күтіп тұрмас деп, тәуекел етіп айына бір мәртебе “Айқап” журналын шығара бастады. Білімі де, байлығы да қатар жүрген жігіттерден артық емес шығар. Оның жалғыз амиді¹ жоқтан бар жақсы, керек қылып жүрген нәрсе ғой, бастап жіберейін, онан соң жұрт өзі көтеріп әкетер деп ойлаған шығар. Сол сенген жұрты жарты жылдың ішінде не қылды, мен соны жазғым келеді.

Жарты жылдың ішінде осы журналға сөз жазушылар —

¹ амиді — үміті (“Айқап” журналындағы түпнұсқа бойынша — Ред.).

медреседегі шәкірттер менен орысша біраз оқып нан тауып жеуге ғана жетіскен бірлі-жарым жігіттер. Жазған сөздері де бір-екі мәселе: жер һәм оқу хақында. Мұнан басқаларының бәрі де журналдың шығуына “Құтты болсын! Жырлы болсын! Өмірлі болсынның” айналасында. Қуанып болмаған жұрт көп көрінеді.

Журналдың асыл (*түпкі*) мақсаты қазақ халқының халін, жайын, ақылын, мұқтажын бір жерге жиып, танысу еді ғой. Осы мақсатқа жетпек түгіл жақындады ма? Жауап қысқа. Бір-екі кісінің жер хақындағы ойыменен яки арқандаулы ат секілді қазық айналып, сөздерінің орнын ауыстырып, оқу керек, оқыту керек, партияны жоғалту керек деген ертегі секілді болып кеткен құрғақ сөздерменен халықтың тілегі бір жерге жиылды деуге болмайды. Менімше, әлі қазақ пайдаланарлық һәм пайдаланған сөз көрінбейді.

Бұл зор кемшіліктің, пайдасыздықтың тамырын қайдан іздеп, кімге өкпелеуге керек?

Таудан үлкен, тастан ауыр секілді істі бастаған Сералинге, бес-алты ай журналға тоқтаусыз жазып келген шәкірттерге өкпелеуге орын жоқ. Бұлардың қайрат, қызметтеріне мын мәртебе шүкір!

Біздің жоғарыда кемшілігімізге салқын куә болып тұрған, ғали тахсил көрген (*университет, институт бітірген*) биік дәрежедегі жігіттеріміз бен қазақты билеп, жұрт ағасы болып келе жатқан ел ішіндегі жақсыларымызға өкпелеуді күнә деп білемін. Фаділ таразы құрылар күн туса, қазақ халқы да есеп беруші екенін сіздер ұмытпаңыздар!

Құрметті ел бастығы ағалар! Әлде сіздер бұл журналға кірісуге уақысынып, ілтифаттан төмен санап тұрған шығарсыздар? Рас, журналдың кісі көндірірлік жайы жоқ. Бірақ сөзі уақ сол зағиф журналды сіздер қолға алсаңыздар, үстіне көтеріліп, пайдалы, тірек мағыналы сөздер жазылып, ол сөздер сіздерден шыққандықтан, “өзі зордың ойы да зор” деген секілді, жұрт көзіне толымды, сенімді болып, ықтибары артып, шибһесіз халық пайдаланар еді. Ол уақытта журнал да екінші рең алып, керексіздің орны керектіменен толып, шын мақсұдына жетер еді. Жоқ, журнал шығарғыштардың өнерін байқалық деген секілді сынағандай болып тұра берсеңіздер, істің ақыры не болуына көз жетпейді.

“...Жалғызым да сен, жалмауызым да сен” депті ғой бір шеше. Бас адамдарға өкпемді айтып болдым, енді олардан халық ісіменен тілегім мынау: Қазақ халқына есімдері машһүр оқығандарымыз ғылым тәжірибелерінше халыққа керекті

сөздерді, атқа мінген ағалар әрқайсысы өз жұртында не болып жатқанын, не таршылық, не кемшілік бар, нендей ойлаған ғақылдары бар, соларын жазса екен. Сол уақытта күллі қазақ халқының нендей халде екені алақандағыдай көрініп, біреуінің тапқан ғақылыменен басқалары пайдаланып, бір жерде болған зарардан екіншілері алдан сақтанып, журналды алатын оқушылар көбейіп, қазіргі секілді айына бір ғана шығып зарықтырмай, айына екі мәртебе хәттө жұмасында бір шығып, шын шаттық сонда болар еді. Жүз айтсақ та бір тілек: надандық түнегінде адасқан бейшара қазақ халқын жетектеп жарық дүниеге шығарушы қаһармандарға мұқтажбыз. Тілесе кісі жоқ емес, уақыт та өткен жоқ. “Ештен кеш қайырлы” деген орыс халқының бір мақалын еске түсіріп, амид айтып тұрамыз.

Азамат Алашұғлы.
“Айқап”, 1911 ж., N7.

ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

Ішкі Россиядан бұлттай көшіп келе жатқан мұжық алдағыға көз салуды үйреніс қылмаған қазақ халқын да ойға қалдырды: “Бұрынғыдай көшіп жүру керек пе, он бес десятинадан ер басына жер кестіріп, қала болу керек пе?” мәселесі көптің көңілінде һәм тілінде ойнай бастады. Қазақ халқының келешектегі халін қайғырушы оқығандар һәм ноғай туғандарымыздың білімділері газеттерде жазып, мүмкін-қадар тезірек сұранып, жақсы жерге орнығып отыруды пайдалы көрді. Атақты қазақ адвокаты, II Дума шілені сұлтан Бақытжан мырза Қаратаев өзіне ерген ағайындарыменен тиісті жерін кестіріп алып, қала болды. Басқа жерлерден де мұндай хабарлар естіледі. Қала боламын деушілерді һүкімет те құшағын кең жайып, қарсы алып тұр. Енді жұрттың бәрі қала болуы мәслихат екен деп сөз байласа, іс біткен болар еді. Бірақ халықтың арасынан шыққан кейбір оқыған білімділерімізден қала болу фикріне жан-тәнімен қарсы тұрушылар бар. Бұлардың бір кемшілігі — әлгі фикрлерін әуелгілер секілді пайдалы болса алып, дәрурлі болса қалдырарлықтай газет-журналға жазып, көптің сынына салмай тұр.

Бір халықтың тұрмысын түп-тамырынан бұзып өзгерту (*көшпенділіктен — отырықшылыққа, отырықшылықтан — көшпенділікке шыққан секілді*) оңай іс емес. Қауіпті дертке ғалым тәуіп қанша керек болса, бұл мәселенің түйінін шешуге

де сонша білім керек. Өлгеннен тірілту мүмкін болмаған секілді, бұл туралы өзгеріс қате фикрменен болса, түзетуге болмайды. “Қата” деген нәрсе әр уақытта, әрбір іс туралы, әр адамда болады. Соның үшін жоғарыдағы фикрлерде бір жақтылық болмаса, екеуі де қатар салыстырылып тексерілуі тілеулі. Қазір алдымызда 4—5 айлық қыс тұр. Осындай еркін уақытта қазақ халқы журнал үстінде кеңесіп, жазға шейін иә қала болуға, иә бұрынғыдай көшпелілікте қалуға тізгінді мықтап қоярға керек. “Айқап” журналы жер сөзін мұнан бұрын да аз жазбаған болса да, бұл күнгі керегіміздің бірі һәм бірінші болғандықтан, төмендегі екі түрлі жобаны оқушылардың сынына қатар салып баян етуді артық деп білемін.

Қала болу керек деушілердің фикрі:

Рас, қазақ халқының жер-суға ие болып, жаз жайлау, күз күзеу, қыс қыстауда тарлық көрмей түлігі сай болып, тай құлындап, тоқты қоздап, қосты жылқы, желілі түйе, отарлы қой, қайғы жоқ, еріккеннен бірінің малын бірі қуып, кең далада құлан-киікше сайран етіп жүрген күні болған, ол күндер енді көздеріне ғана елестейді. Мұның себебі не? —Халықтың өсіп, жердің өспеуі һәм тозуы, қазақ жері патша мүлкі саналып, сол себепті миллиондап жерсіз мұжықты һүкіметтің қазақ жеріне қондыруы, бұл тілеусіз қонақтар келе бастағаннан бері жер тарылып, атамекеннен ірге қозғалып, қазақ шаруасының күйзелуі, 15—20 жылдан бері бұл көшпелі мұжықтардың келіп бітуінің ұшы көрінбеуі. Бұлай болғанда, енді аз жылда қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып, ақырында фақирлікке жетуі ықтимал. Жер көп-аз болса да, бұл заман өнер-білім заманы болған шақта, әр жерде жайылып жүргенде оқудан мақрұм қалармыз. Надан халық білімді халықтардың қасында өзінің дінін, хақын сақтай алмай, дүниемен ақыры есебін бітіруі ықтимал.

Жер жүзіндегі халықтардың һәммесі, біраз ғана болмаса, қала болып отыр. Мал бағып көшіп жүрмегендіктен қырылып қалғаны естілмейді. Қайта бұл күнде көзіміз көріп, ғақылымыз жетпей тұрған не түрлі тамаша нәрселерді (*отарба, телеграм*) шығарып тұрған солар. Олар бізден кедей емес, бізден өнерсіз емес, бізден көшсіз емес. Бұларды көре тұра, біз, қазақтар да қала болып, малдың санын кемітіп, бағасын көтеріп, егін салып, сауда қылып, оқу оқып, өнер тауып, өзімізден алдағы жұрттың істегенін істеп, солардың жолына түсейік, сол уақытта ғана қатардағы халықтардың бірі бола аламыз.

Көшіп жүру керек деушілердің фикрі:

Қазақ халқы көшейін деп көшіп жүрген жоқ, жерінің ауасына (*климатические условия*) қарап көшіп жүр. Адам — тұрған жерінің ауасының құлы. Қазақ отырған жер егіншілікке жарамсыз. 15—16 жыл егін салған жер тозып шаңы шығады, тағы да жаңа жерге салу керек болады. Әлгі тозған жер егіндікке жарауына 20—25 жыл тынығуы керек. Қазіргі қазақ жеріндегі хохолдар неге байып кетті десеніздер, бұлар қазақ жерінің ең тәуірін тандап алған, алған жері тозса, қазақтан жерді арендіге алып, өз жерлерін тың сақтап отыр. Жақсы деп орныққан жерлері нашар шығып, көшіп кеткен яки жаңа жер кестіріп алған мұжық көп. Самар губерниясында Новый өзен үйезінің жері мұнан 20—25 жыл бұрын мұжықтардың ұжмағы деуге болатын еді (*қазіргі Қостанай, Ақтөбе үйездері секілді*), осы күні Орал тауынан бел асып келіп жатқан көшпе мұжықтың жүзден тоқсаны Самар губерниясында тұр. Қазақ жері де сол секілді. Қазақ жерінің алабы кең болса да, пайдаға жарарлығы аз. Жалғыз Балқаш көлі менен Бетпақтың шөл даласы елу мың шаршы шақырым орын алып жатыр. Бұлардан басқа да таулар, тастар, шөлдер, көлдер, сорлар аз ба?

Қазақ көшпелілікті өзі тастамаса, hükümet еріксіз қала болғызбайды. Қазақ халқы егіншілікке айналмай, бұрынғыдай мал өсіру кәсібінде болғанда, бірінші — өзіне, екінші — мемлекетке зор пайда келтіреді. Россияның базарына жүн, жабағы, қыл, ет, тері, май жеткізіп тұрғанның көбі қазақ малы емес пе? Оның үстіне, ғаскерге арзан һәм көнбіс аттар қазақ жылқысынан шығарылғанын еске түсірсек, мал шаруасының патшалыққа келтіретұғын пайдасын санап бітірерлік емес. 1901 жылы 27 сентябрьде Петербургте болған “Антропологическое обществонын” бір мәжілісінде көшпелілік жайын жақсы білетұғын Клеменц деген ғалым айтқан: “Бұл күнгі егін салып, қала болған халықтар бұрынғы мал ұстау кәсібін басқалардың міндетті қылуыменен тастамаған һәм міндетті болудың жөні жоқ еді. Қазіргі Еуропада, мысалы, мәдени Швейцарияда сүттен май, ірімшік алу үшін мал асырап көшушілер бар. Жаңада ғана Нормандияда қой етінің бағасы көтерілу себепті егін салудан көшіп жүріп, қойды ащылы жерге бағып өсіру мәслихат көрілген”. Қазақ жері егінге жарамсыздығын, мал өсіруге ғана лайық екендігін профессор Винер қазақ тұрмысын ашына жазған һәм жазбақ та. Қазақ — мал баққан халық. Қазіргі бағып отырған малына лайық жер қалдырмай тастауын ақылға сыйдыруға болмайды. Халықтың ғұмыры 20—30 жылдығына емес, дүние тұрғанша тұрады. Соның үшін түбін ойлағанда,

казіргі тұрмыстың неше ғасырлардан бері бекіп қалған негізін бұзбасқа керек.

Ақырғы сөзім: қала болуды қуаттаушылар (*өзімді де солардың бірі деп санаймын*) фикрі де көптен халыққа жария еткен һәм етіп келеді. Ендігі менің бұл кеңесті жаңғырту-дағы мақсатым — өзіме мағлұм, қазірше көшпелілік тарафтарының фикрін халыққа паш етіп, өздерінен сүйенген дәлелдерінің бекітуін күтуде. Өзі қайда барарын біле алмай, адасып тұрған халықты бұрынғыдан жаман адастырып, басшыларымыз екі жаққа тартуына қайғырып, тезірек бір келісімге келуін тілейміз.

Азамат Алашұғыл.
“Айқап”, 1911 ж., N11.

АЙ АСТЫНДА ЕШ НӘРСЕ БАСҚАРЫЛМАЙ ТҰРМАҚ ЕМЕС

(Ничто не ново под луной)

Юлий Цезарьдің “Ай астында еш нәрсе жаңа емес” деген бір сөзі бар. Біз бұл сөзді теріс, ай астындағы істеліп жатқан нәрсенің бәрі жаңа, оның астында еш нәрсе басқарылмай тұрмақ емес дейміз. Біздің сөздің дұрыс екендігін әлдеқайдан іздемей-ақ, өнерлі Еуропа жұрттарына бір көз жүгірту жетеді. Осы күні білім-өнер арқасында адам нанбас істер істеп тұрған солар. Бұдан бұрын, күні кеше, олар да надан, жазу-сызу жоқ болған кезде де, теріге, жапыраққа жазып жүрген сөздерінен де, тілдері онша толық емес адамдар еді. Заман өтті, ақылдары асты, түрлі нәрселер ойлап шығара бастады. Жиылып патшалық құрып, елсіз жұртпенен соғысып, қолдарына алды.

Бірлікте тірлік бар деп бірігіп, зор-зор қалалар болып, өнерге жармасты. Сөйтіп жүргенде тасқа басушылық шықты. Оқу, оқыту ісі жеңілдеді. Білімділер неше түрлі кітаптар жазып, жұртты өнерге оңдады. Түрлі ғылымдар ойлап тапты. Сол өнер-білімдерінің арқасында жерді ақтарып, отты-суды қол қыла бастады. Бу күшімен қурайдан шойын жолдар, судан зор-зор кемелер жүре бастады, XIX ғасырда электрик (*электричество — ред.*) деген жат бір нәрсе білінді. Бұл электрик күшімен қандай алыс жерден сөйлесуге болады. Сағатына 70—80 шақырым жер жүретін отарбалар шықты. Еуропаның зор қалаларының көшелерінде осы электрик арбалар адамдарды алып жүреді. Мұны трамвай деп атайды.

Қысқасы, Еуропа жұрттарының мұндай жат істері санап бітіргісіз, осылар осы жат, жаңа істерді қалай істеген? Сөз жоқ, жалқауланбай, күн-түн өнер-білім артынан жүрумен.

Ал, енді, біздің қазақ жайына келсек, әуелі бұл заманның өнер-білім заманы екені ойында да жоқ! Құрығын таянып, қалғып, әлі малының артында. Салған егін жоқ, қылған кәсіп жоқ, жиылып салған тұрақ жоқ, құр мал айдағанына мәз болып жүр. Бұл қалпымен барса, жердің бәрі кеткен соң, мал салуға жер таба алмай, жұт жылы қазақ малынан айырылып, қарақасқа кедей болып қалуы анық. Басқа кедейлік түссе, көрші шет жұртқа жұмыскер болып, құрып кету — о да белгілі. Осы биыл өткен қыс-ақ Ақмола, Семей облыстарында жаңбыр жауып, мұз болған қатты борандарда әр үйезде талай байларымыз малынан айырылып, жүген ұстап қалған жоқ па?! Жанындай көріп, сатуға қимай жүрген жылқыларын бір қыста өлтіріп алған жоқ па?!

Енді біздің адам санына қосыла алуымыз үшін не керек?

Біздің ойымызша, бізге де осы өнерлі жұрт жүрген жолменен жүрмей болмас. Олар құрық таянып, мал артынан жүрмеген, аз ұйықтаған, аз күлген, мектеп-медресе салған, күні-түні оқыған. Жарық көрейік десек, біз де солай етелік.

Түрлі жұрттан қосылған бір патшалық адамның мүшесі сықылды. Мүшенің бәрі сау болса, адам да сау, арадан бір-деңе болса да, ауру болса, адамның саулығы түгел болмайды.

Біз, қазақ жұрты да — Россия патшалығының бір мүшесіміз. Бірақ біз надан, аурумыз. Қадірлі патшалық өз мүшесінің бұлай ауру болуын жаратпас. Біздің адам болып ілгері басуымыз үшін жәрдем қылар.

Қысқасы, менің айтатыным, кешеуілдемей, оқу-өнер артынан түсуден басқа шара жоқ. Қорқақтықты тастап, бел байлап, қала болып отырсақ, мектеп-медреселер салып, өнер-білімге жабыссақ, біздің көш те жүре-бара түзелер. Ай астында еш нәрсе басқарылмай тұрмақ емес.

Ветеринарный врач Арғын.
“Айқап”, 1912 ж., N 6.

ХАН АБЫЛАЙ

I

Атағы жер жарып шыққан хан Абылай XVIII ғасырда дүнияға келіп, Көкшетау деген жерде қазақ жұртына қырық сегіз жыл хан болып тұрыпты. Кеше Кенесарының заманында шыққан Тобылбай бидің баласы Арыстан ақынның айтқаны да бар.

Қылады Макаржада байлар сауда,
Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда.
Сұрасаң Абылайдың тұрған жері —
Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда.

Бұл күнге шейін қазақ жұртында Абылайдың анық аты-жөнін білуші кем. Себебі, һәр заманның оқиғасы өз тұсында жазыла келіп, жиналған тарихымыз жоқтықтан, тілден тілге сөйленіп келуінше, қариялар Абылайдың ата-тегі турасында былайша дейді:

Бір заманда Ақмаңғыт, Тоқмаңғыт деген ел келіп, қырық жылдай Бұқараны билеп тұрған Әбуәлпейіс¹ ханды өлтіріп, Бұқараны шауып алған соң, Сүйеніш² хан деген Әбуәлпейістің бір баласы басшы болып, туысқандары менен балаларын ертіп, Қарсығұзарға қашып барып, көп сарттың бірі болып, бөз тоқып, затын жасырып жүріпті. Сол Сүйеніш ханның бір баласы он екі жасар Абылай екен, шын аты Әбуәлмансұр³. Жас та болса саналы Абылай: “Өз қорлықтан сарт қорлық, сарт қорлықтан жат қорлық” деп, Қарсығұзардан жаяу қашып шығып, Түркістандағы тұқымдасы Әбумәмбет⁴ деген кісіге қызметкер болып тұрыпты. Онан қорланып, үйсін Төлебидің түйесін бағады. Мұнда да бой тоқтатып тұра алмай, Сарыарқаға келіп, атығай Дәулеткелді байдың жылқысын бағыпты. Төре баласымын деуге арланып, затым “сарт”, атым “Сабалақ” дейді екен. Бір жерге де тұрақтай алмай жүрген шағында Абылайдың жасы жиырмаға жетеді.

Сол кезде қазақтың жылқысын түп көтере қара қалмақ Қатай Сыбан⁵ деген жау алады. Қазақ “Алаш!” деп ұран шақырып, басшылары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақ ұғлы Жәнібек, Көкжарлы Көкжал Барақ, Шанышқылы Бердіқожа болып қалмаққа аттанады. Айталы қалмақ шеп құрып, айналасына қорған жасап, қақпасына түрлі жиһаз төгіп, жайнатып қыз-келіншек қойып, қызылға шапқан қазақтың батырларын ар жағында жасырынып жатып, атқылап, алдыртпайды. Неше күн жатып, сасық қамал болып, қалмақтан жылқысын айыра алмай салы суға кетіп, батырлар қайтпақшы болады. Сонда Абылай жылқының соңынан қуып келген жылқышылардың бірі екен. Қазақтың қайтарына көзі жетіп, топтан бөлініп

¹ “Айқаптағы” тпнұсқасында — Әбілпейіз деп жазылған. (Ред.).

² Бұл да сонда. Дұрысы — Сүйініш.

³ Бұл да сонда. Дұрысы — Әбілмансұр.

⁴ Бұл да сонда. Дұрысы — Әбілмәмбет.

⁵ Бұл да сонда. Дұрысы — Севан Рабтан.

оңаша шығып, атынан түсіп, шүберек белбеуін құрығынын басына байлап ту қылып, “Абылай! Абылай!” деп ұран шақырып, қалмақтың қамалына жалғыз өзі кірген де кеткен. Бақыт жұлдызы жанайын деп тұрған шағы! Атқан оқ, шапқан қылыштан Алла сақтап, кірген жерін есік, шыққан жерін тесік қылып, қалмақтың қамалын бұзып, жылқыны дүркіретіп қуа бастағанда, қазақтың батырлары да қайраттанып қосыла шауып, қалмақты қызыл ала қан қылып, шаш етектен олжаға батып қайтады. Жауды жеңіп, көңілдері тынған соң, ақиық найманның батырлары: “Кешеден бізде айтылмаған аруақ, шақырылмаған ұран қалған жоқ еді, соның бәрі де іске жарамай, мынау бір заты-тегі белгісіз бала бәрімізден бақыты үстін, аруағы күшті болып, жауымыздан кек әперді. Бұрынғының сөзі бар еді: “Қой асығы деме, қолайыңа жақса сақа қой” деген. Кел, осыны хан көтерелік” — деп, “Ау!” десіп, атығай Есенаман байдың іргесіне алып кетіп, ақ отау көтеріп, атығай, қарауылдан алты қатын алып беріп, хан көтерген екен. Арыстан ақынның Кене ханға бір сөздің ретінде тағы да бір айтқаны бар:

Кене хан! Жақсы көрсең карашыңмын,
Жек көрсең де өзіннің Алашыңмын.
Атаңа алты қатын алып берген
Атығай, қарауылдың баласымын.

Ол заманда бұл күнгідей емес, қазақтың тентегірек кезі. Орыс төрелері Абылай ханға сый жіберіп: “Жұртыңды бізге жау қылма” деп тұрады екен. Бұл туралы сол кезде бір ақынның айтқаны бар:

Абылайдың атасы Әбуәлпейіс,
Хан баласы төсенбес етке киіз.
Аузы түкті жау жұрттан алым алып,
Абылайға шықты ма екі мүйіз?

Темірсу, Жеменей, Алматы, Аягөзге саудагерлер шығару үшін һүкімет-патшалық жол сұрағанда, Абылай хан “Сарыарқаны бастырмаймын” деп, Иманқұстан шығып, Ертіс жағалап, Семейге шейін баратын жолды беріпті. Бұл күнгі Ертістің сол жағасындағы көлденең қара жолдың “Абылай жолы” деп аталу себебі сол. Қазақ пенен орыс керек-жарағын алысып, сауда қылып тарқайтын жәрменкеге жер сұрағанда, Есілдің бойынан Қызылжарды берген екен. Бұл Қызылжар атығай Дәулеткелді байдың қыстауы болған соң, “жерімді орысқа алып берді” деп Абылайға өкпелеп, Жиделі-Байсынға көшіп кетіпті. Қызылжарда “Абылайдың ақ үйі” деген сонан қалған белгі.

II

Хан Абылайдың оң жағынан ай, сол жағынан күн туып,
сүйегіне хандық әбден сіңіп, жұртты билеп тұрған шағында
заманындағы бір жыршының айтқаны:

Әй, Абылай! Сені мен көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет деген кісіге
Қызметкер болып тұр едің,
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан құл едің,
Сен жиырмаға жеткенде,
Ақ сұңқар құстай түледің,
Алыстан тоят тіледің,
Қылышыңды таска біледің.
Алмаған жау қоймадың,
Алсаң-дағы тоймадың.
Ақтан болды күніңіз,
Арсы менен күрсіге,
Тайталасты үніңіз,
Өзің болған күніңде,
Бір көшеге сыймайды
Азат еткен құлыңыз.

Абылай хан жасы ұлғайып келген шағында ата жұртым
Бұқараны аламын деп, Үш жүздің атақты батырларын жиып
аттанды. Ешкімнен беті қайтпай келіп, Түркістанға өзінің
бір баласын, Шымкентке Ғабдолрахман деген сартты һәм
Ташкентке Мырза Ахмет деген сартты хакім қойып,
Самарқантқа қарай жүреді. Абылай хан Самарқант шаһарының
бетіндегі Жұпар қорығына түсіп, алғаш қонған түні түс көріп,
ертеңіне қасындағы түс жоритын қариясына жорытады:

“Түсімде шатырымның алдына бір жолбарыс келіп шөгіп
жатып алды, бұл не қылған жолбарыс деп таң қалып қарап
едім, әлгі жолбарысым аю болып кетті. Жаңа жолбарыс еді
ғой, қалайша аю болып кетті деп екінші қарағанымда қасқыр
болып, онан соң түлкі, ақырында қоян болып кетті. Осы
көргендеріме таң қалып жатқанымда, оянып кеттім”, – деді.
Сонда қария: “Жолбарыс көрсен, басыңнан бақыт құсы
ұшқаны, баяғыдан бері бетің қайтпай жүріп, енді жасың
жеткен шағында, “Абылай хан сарттан өліпті” деген атқа
ұшырамай, қайта ғой. Жолбарыстың аю болғаны – сенен
соңғы балаларыңның заманы аю заманы болып, жұрт аюдай
алысып өтер. Қасқыр болғаны – немерелеріңнің заманында
қасқырдай жұлысып өтер. Түлкі болғаны – шөбереннің

заманында түлкіше жортып өтер. Қоян болғаны — онан кейінгі заманда қорқып өтер”, — деген екен.

Қарияның сөзіне құлақ қойып, Абылай хан Самарқант шаһарына елші жібереді: “Ұрыс-жанжалым жоқ, жұртқа амандасып, әулиелерді зиярат қылып қайтамын” — деп. Бұл хабарға Самарқант халқы да қуанып, Абылай ханды қарсы алады. Абылай хан қайтарында өзінің басына қойдыртуға Самарқанттың көк тасынан тас қаздыртқанда, шыққан тасты Самарқант жұрты: “Бұл тас сіздің бақытыңызға шыққан тас, мұндай тас Әмір Темірден соң ешкімге шығып көрген жоқ” — деп сүйінші сұраған екен. (*Сол тасқа “Абылай хан бин Сүйеніш хан” деп жазылып, опат болғаннан кейін басына қойылыпты*). Осы жолынан қайтып Ташкент келіп, Мырза Ахметтің қызын алады. “Өзім соңырақ қайтамын, әзір ұрыс-соғыс жоқ, есен күндерінде елдеріңе барыңдар”, — деп, қасындағы Орта жүз бен Кіші жүздің батырларына рұқсат беріп, қайтарып жібереді.

Ташкентте үш ай жатып, Арқаға қайтуға қасына біраз төлеңгіттері менен үйсін-дулаттың басты кісілерін ертіп шығады. Мұны Шымкенттегі Ғабдолрахман сарт естіп, Абылай ханға іштерінен кек сақтап жүрген көрші шаһарлардағы сарттарға хабар жіберіп жинап, Абылайды қамап алады. Дулат деген ел сартпен соғысуға жарытпапты. Ханның қасындағы төлеңгіттерінің көбін қырып, өзіне қол тигізуге, істің соңы неге соғарына көздері жете алмай, бата алмапты. Сонда Абылай хан Арыс деген жерде бір төбенің басына шығып: “Қайран Орта жүз бенен Кіші жүздің батырлары қасымда болса, бұл қорлықты көрмес едім-ау” — деп бармағын шайнаған екен. Сол күні Арыстың бойында ғаламат аты шыққан Абылай хан бір қорғанға түсіп, ауырмай-сырқамай 68¹ жасында опат болған. Найзадан тең жасап, сүйегін Түркістан шаһарына әкеліп қойыпты.

Абылай ханның он жеті қатыны, отыз ұлы болған. Солардың ішінде “Абылайлап” жауға шапқаны — қалмақтың ханы Қалдан Сереннен тартуға келген Топыш ханымнан туған Қасым төренің балалары — кешегі даңқты Кенесары хан мен ер Наурызбай. Бұлардан басқа хан қаны қайнап, өз еркіменен басқаларға қолдан тізгін бермеске қарысқан Абылайдың немересі Абайділда сұлтан Уәлихан ұғлы. Жанақ ақынның өлеңі бар:

Абайділда, Ғаббастың елін жайлап,
Бес жорғасын өлтірдім кісе байлап.

¹ Бұл да сонда. Дұрысы — 70 жас.

Ханнан алған сұлуым өліп қалып,
Қаракөкпен келемін сорым қайнап.

Сол Абайділда Көкшетауға дуан салдырмаймын, ешкімге
бағынбаймын деп, қарсылық қылғаны үшін ұсталып, сегіз
жыл Итжеккенге айдалып, қайтып келгенде, Орынбай ақын
айтқан екен:

Хан Абылай өтіп кетті-ау кеше жүрген!
Үш жүздің баласына олжа берген.
Сегіз жыл Итжеккеннен әрмен кетіп,
Ханымыз Абайділда қайта келген.

Биылғы қатты болды-ау қыстың жұты:
Бес теңге Қызылжарда ұнның пұты,
Орта жүз, ырысың бар ел екенсің,
Хан келді Абайділда — елдің құты.

Абылай ханның жоғарыдағы айтылған көп балаларының
һәм олардың тұқымдарының аттары белгілі болса да,
әрқайсысының Кенесары, Абайділда секілді қазақ үшін
жұмсаған күш-өнерлерін естімегендігімнен, құр аттарын
жазбаймын. Абылай ханның шөберелері — заманымыздағы
кешегі марқұм генерал Ғұбайдолла Шыңғысханов, марқұм
генерал Сұлтанғазы Уәлихановтар менен бұл күнде саламат
статский советник Ешмұхамет төре Абылайхановтар; бұларға
қазақ жұртының өкпелейтіні де, осы күнгі тар заманда білім
дәрежелері бола тұрып, баяғы аталары өрге сүйреген жұртына
басшылық қылып, пайдаларын тигізбеді дегеннен басқа
болмаса керек.

Алашұлы Азамат.
“Айқап”, 1912 ж., N 6, 7.

ЖАЗУ ТӘРТІБІ

“Айқаптың” 3—5 нөмірлерінде А. Байтұрсынұлы қазақша
жазуға тәртіп көрсетіп, оқушылардың сынына салған,
көпшілік ұнатса, сол тәртіппен әліппе бастырмақшы екен.
Жазуды тәртіпке салу деген оңай емес. “Оқушылар сынасын”
дегенге әркім басына келгенін жазатұғын болса, еш уақытта
ойды бір жерге қорытып болмайды. Бұл туралы сынаушылар
да байқап жазарға керек. Һәркімнің ізіне түсіп қуған,
үйренген бір ісі болады. Сол ісін ол басқалардан артығырақ
біледі. Егер оқу, оқытуды машықтап, ол оқытудың һәм
оқытқан нәрселерінің асыл тәртібін, түп негізін анық білетін

кісілер жазу хақында өз пікірлерін түсінікті етіп жазса, сынаушы деп соларды айтуға жарайды. Құр шала-шарпы есіткен яки өзінің көзі үйренгеннен басқаның бәрі де теріс деп білушілер сынайтын болса, біреу түгіл, тоқсан тоғыз тәртіпке де табан тоқтату қиын.

“Айқаптың” 6-нөмірінде Ш. Жияшев деген кісі Ахмет Байтұрсыновтың жазу тәртібін тіпті басқаша түсінген, дұрысын айтқанда, түсінбеген. Ол кісінің жазғаны 7-нөмірде тамам болмаса, сондағы жазғандарынан-ақ бұл мәселеге нешік қарауы байқалды. Бұл кісі Ахмет Байтұрсыновтың жазу тәртібінің дұрыс-терісін өз алдына тексеруден бұрын, ноғайлардың әліппе жазушыларынан басқа жол іздегені үшін қатты ренжіген. Ахмет Байтұрсыновтың ноғай жазушыларын жатырқағандықтан емес, қазақ тілінде қанша дыбыс болса сонша белгі көрсетіп, артық әріптерді кеміткен. Сонымен қазақша жазу-оқуды оңайлатқан. Сынаушы да осы арасын көздеуге керек еді. Ахмет Байтұрсыновтың бұл көрсеткенінде жаңа тәртіп, ноғайлардың “Ұсұл жәдид” деген де жаңа тәртіп деген сөз, екеуінің де көздеген мақсаты — бір. Қазақтың оқығандары қазақ балаларын өз тілінде үйрету үшін жеңілдікті басқа ретпенен тапса, ноғай жазушылары өкпелер ме екен?

Жияшевтің бұл күнгі қолданып тұрған ноғай әліппелерінің кемшілігі жоқ, соның үшін оған қарсы келген жан жоқ дейді де, хәтте — “Ұсұл жәдид”, яғни звуковой методпенен оқыту ноғайлар арасына кіргеніне көп заман өткен жоқ. Нәхв, сарф кітаптары соңғы бір-екі жылдың ішінде көріне бастады. Ноғай сөздерінде де бағзы дыбыстардың өзіне арнаған белгілері жоқ екені мағлұм. Біз өз ісімізді басқаралық. Қазіргі әліппелерін, оқу кітаптарын тәртіпсіз көрушілер ноғайлардың өз арасында жоқ емес. Бар. Мәселен, Қазанда учитель Абдулханов шығарған “Ұсұл жәдидке қарсы бірінші адым” деген рәсәлә секілді. Жияшев Ахмет Байтұрсыновтың әріптерді дауысты, дауыссызға бөлуін де қатеге санап, 28 әріптің бәрін де жарты дауысты дейді. Бұл ешуақытта естілмеген жаңа хабар. Керек мұсылманша, керек орысша оқығандарды құрметті Жияшев сол әріптердің бәрі де жарты дауысты, арасында дауысты һәм дауыссыздары жоқ екендігіне сиындырып болғанша, мен өзім сенбей тұрам. Ап-анық а, у, и-лардың дауыстары қалай қарлығып қалғанына қайран қаламын.

Ахмет Байтұрсыновтың тәртібінше, қазақ тіліндегі әрбір

дыбыстың өзіне арнаған әрпі бар. Ол әріптерменен не айтылса соны жазуға, не жазылса соны оқуға болады. Бір түрлі жазылған сөзді бұрынғыдай неше түрлі қылып оқуға болмайды. Бұл тәртіп бойынша 13 әріп кемітілген.

Ж, х, з, д, т, ф, ғ, у, ш, қазақ тіліндегі сөздерді бұл әріптерсіз анық жазуға мүмкін болғандықтан болар, оралғы болып әркімнің әр түрлі жазатұғын себебі де сол. Орыс жазуында **h** мен **x** дыбысы бір. Жазылатын орындары басқа болғандықтан, жалғыз әріп үшін емтихан уақытында қанша балалар ғазап шегеді. Бір әріптің орынсыз артық жүргендігінен мұндай қиыншылық болғанда, 13 әріп артық жүрген қазақ жазуында қалайша шатақ болмасын?

Жияшевтің: “Бірге қозғалалық ... түрік балалары...һади мақсұдының әліппесі Гаспринскийдің төте жолын Үндістан мұсылмандары да қабыл қылды” — деген сөздерінен (*“Айқаптың” N7 қалған сөзінің соңын оқып көрмесем де*) біздің қазақтар да түрік балаларының осы күнгі қолданып келе жатқан жазу тәртібінше болуын мәслихат көретіндігін түсінемін. Бұл секілді пікірлерменен бұрын да азырақ таныстығым бар. Дұрыс, түрік баласы екеніміз рас. Бірге, бірлікте екені де рас. Бірақ жеңілдік үшін әліппенің бірнеше әрпін өзгертумен, түрік қауымынан шығып қаламыз ба? Онан діни-дүнияға қарасымыз өзгере ме? Қайта, қалың түрік тұқымының бір тарауы болған қазақ жұрты өзінің тұқымдастарынан кейін қалмасқа тырысып, олармен аяғын тік басуға тағы да төтерек жол тауып, ілгері ұмтылғаны қуаныш емес пе? Бұрынғыдай кемшілігімізді көрмей, қатемізді түземей, құр “біз де түрік баласымыз” деп атаның аруағына сүйенумен қазіргі өнер-білімнің қызу заманында бәйгеге қосыла аламыз ба? Егер жазу тәртібі Ахмет Байтұрсыновтың көрсетуінше болса, түрік, татар, араб, парсы жазуларын оқуға болмай ма? Әбтеһи мектепте шет тілдер өзі де оқылмайды. Қазақша әріппен мектепті бітірген шәкірт ноғайлардың орта мектептеріне түспекші яки арабша, парсыша оқымақшы болса, қазақ әліппесіндегі жоқ 5—10 әріпті екі-үш сабақта үйреніп білуге болады. Және де үш-төрт жылдай белгілі тәртіппен қазақша оқып, жазып үйренген соң, әлгі соңынан таныс болған жаңа әріптерді қазақ тіліндегі сөздерге бұрынғыдай қатынастырмайды.

Ахмет Байтұрсыновтың жазу тәртібін ұнататынымнан басқа қосарым мынау: қазақ әліппесіне **ф** менен **х** да кірсе екен деймін. Таза қазақ сөзінде болмаса да, қазақ тіліне кірген араб, парсы сөздерінде *һәм Ахмед, Мұхаммеджан, Фазыл* деген

секілді қазақ аттарында бұл екі әріп көп ұшырайды. Ф мен х әліппеге кіргенменен жазу тәртібіне қиыншылық келтірмейді. Естілуінде де, жазылуында да бұлардан айырылмастай ұйқас әріптер жоқ. Жазу тәртібі хақында оқығандар (*әсіресе мұғалімдер*) шабандамай тезірек пікірлерін білдірсе екен. Ұнатпағандары себебін көрсетіп, ұнатқандары қосары болмаса да ашық хатпенен ұнатқандығын білдірсе, “Айқап” олардың кімдер екенін бағып тұрар еді.

Алашұлы Азамат.
“Айқап”, 1912 ж., N 8.

ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХЫ

(Сөз басы)

Тарих дейтін — бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын; бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретұғын бір ғылым. Қазақтың көбі оны “Шежіре” деп атайды. Бү заманның ғалымдары тарихты ең онды мағлұм деп түсінеді. Тарих — түзу жөнді үйретуші деп айтады. Тарих — халықты түзу жөнге сілтеуші болса, оған дүниеде түзушіліктің кітабы, тіршіліктің жолбасшысы деуге де болады. Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады.

Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өнге жұрттар қатарында кем, қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады. Қазақ ішінде әр үйдің отағасы, әр ауылдың ақсақалы — тұрған бір шежіре. Бұрынғы өткен-кеткеннен естіген-білгені болса, кейінгі жастарға соның бәрін айтып отырады. Бірақ ел ішінде жүрген шала молдалар, тарихтың не екенін білмеген надан қожалар тарих десе екі құлағы тік тұрады: “Тәйірі, тарих неге керек? Ол не айтады дейсін. Әншейін ертегі өтірік қой. Құдайдың бұйрығы емес, Мұхаммедтің сөзі емес, оны оқу-білу неге керек?” — деп, аңқау елге арамзалығын қылып, тарихтан жұрттың көңілін суытады.

Тарих не айтады десеңіз, оның айтатыны мынау: біздің

бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі, олардың дүниеде не істеп, не бітіретіндігі, қандай құты барлығы, ол құтты не орынға жұмсағандығы; істеп жүрген ісінің қайсысынан пайда, қайсысынан зарар көргендігі; бұрынғы бабаларымыздың досы-дұшпаны кім екендігі, не себептен бағы тайғандығы және соған ұқсас істердің барлығын тарих түсіндіріп тұрады. Бұрынғы бабаларымыздың басынан кешкен жақсы-жаман қандай уақиға бар болса, оның бәрі де өткендегі бір істің нәтижесінен туған болады. Со секілді келешекте біздің басымызға түсешек бір оқиға осы күнде қылып жүрген ісіміздің нәтижесі болмақшы. Тарих оқысақ, оның сөзін оқысақ, қандай істен қандай нәтиже туатынын анық білеміз. Жақсы істен — жақсылық, жаман істен — жамандық тумақшы. Бұрынғының “не ексең — соны орасың” деген сөзінің терең мағынасы осы. Құдай не жазса, соны көреміз деу — соқырлықтың белгісі. Тағдырдың жазғаны болар деу — ақымақтықтың белгісі. Адам не тілесе, құдай соны тағдыр қылмақшы. Тікен еккен жерге бидай шықпақшы емес. Ағаштың тамырына балтаның жүзі тисе қурамақшы.

Бұрынғының көбі күш-қуатты тиісті орнына жұмсамай, бірінің көзін бірі шұқудан уақыты артылмады. Істегенінің бәрі жәбір, залым болды. Қанеки, дүние ақыретте сонысынан не пайда көрмекші? Қиямет күніне дейін сауабы барып тұратын ісі қайсы? Бәрі де қабірде шіріп жатыр. Жанының көрген күні қандай екені құдайға ғана мәлім.

Егер тарих оқысақ, пайдасы бар істің қандай екенін біліп, соны істемекшіміз. Зарарлы істен қашпақшымыз. Бұрынғының оңды ісінен үлгі алмақшымыз.

Осы күнде істеп жүрген ісіміз, қылған жұмысымыз, мінез-құлқымыз, сөздің бәрі кейінгілерге тарих болып қалады. Бұрынғының тарихы жазылмай қалушы еді, ендігі тарих күні-күнімен жазылып тұрылады. Кейінгілер ғибрат аларлық үлгі тастап кетіп, алғыс, рақмет алармыз ба? Жоқ, далаға лағып, жөнсіз кетіп, қарғыс лағнет аламыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс. Тарих — түзу жөн үйретуші. Тарих — түзушіліктің кітабы. Тарих — тіршілікте жолбасшы дейтініміз осы.

Біз әзірге сөзді осыменен қысқарта тұрамыз. Мұнан соң “Қазақ” газетасында қазақтың анық шежіресін жазып тұрмақшымыз.

Түрік баласы.
“Қазақ”, 1913 ж., N 2.

ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХЫ

Күні бүгін дүниеде ешбір нәрсенің асылы білінбей қалған жоқ. Әр нәрсенің түбі тексерілді, асылы білінді. Білімі артық, көзі ашық жұрттар дүниедегі адам баласының асылын, нәсілін тексеріп болып, барлығын кітапқа шығарды. Бөтен жұрттар қатарында ала бөтен біздің қазақ халқының асылы тексеріліп, тарихы жазылған жоқ. Бүгін Азия картасының төрттен біріне ие болып тұрған қанша миллион қазақтың тарихы көмескі калып та тұрған жайы бар.

Тарих ғылымында қанша тарих жазушылар шығып, қаншама кітап жазып шығарды. Солардың арасында қазақтың асылын анық қып айтатыны жоқ. Арабша, түрікше, орысша біз көрген кітаптарда қазақ турасында жазылған сөздердің бәрі де хақиқатқа хараб, шіп-шикі өтірік. Қанағат табарлық ешбір сөз жазылған жоқ.

Тарих кітаптарындағы көп қатенің бірі — тарих жазушылардың ешбірі қазақ пен қырғызды айырмайды. Қазақ — қазақ! Қырғыз өз алдына қырғыз. Түрікмен мен башқұрт қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қырғыз да сондай басқа ел. Орыстардың, әсіресе һүкіметтің қазақты, қазақ демей қырғыз деп жүргені рас. Бірақ олар өзінің атты “Казачы” ғаскерінен айыру үшін жаңылыс болса-дағы қазақты қырғыз атап жүр. Өзіміздің түрік қауымдарының, әсіресе басшыларының, қазақ пен қырғызды айырмағаны қате, кешпестік ғайып. Қазақтың қырғыз атанбай қазақ атанғанын тәуір көруі — казак-орысқа ұқсау үшін деген ноғайлар да бар. Мұнысы бет алдына лаққан сөз. Тарихтың көрсетуі бұған ереуіл келеді. Орыста бұрын атқа міну қажеті болмаған. Осы күнгі хохолша сиыр жегіп, өгіз мініп күн көрген... Салт қызмет етіп, біздің қазаққа ұқсағаннан соң, “казачье” атанып кеткен. Орыстың атты ғаскері “казак” атанғандықтан, біздің қазақ өзінің атынан айырылып, “қырғыз” атанып жүрмекші емес. Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы ғылым жарығында қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарқ ғадетіне ыңғайлы қылып “қазақ мәдениетін” құрып, бір жағынан қазақ әдебиетін тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы.

Орысша оқыған қазақ жастарының мойнына алатын бір жұмысы — мекемеден шеткері болған әрбір істі орында “қырғыз” деген жаңылыс атты қойып, “казак” деген атты қолдануы тиіс. Бұл болмайтын іс, ағынға қарсы (*против*

течения) деген сөз емес, біз суды теріс ағызған атаның баласымыз.

Қазақтың тарихы турасында және екінші қате, осы күнгі қазақты ұлы Шыңғыс ханнан бұрынғы замандарда болған қырғыз қауымының нәсілінен деп түсіну. Олай түсінудің қате екенін аз ойлауменен білетін нәрсе. Осы күнгі қазақ ол қырғыздың нәсілінен емес екендігіне дәлел толып жатыр.

Осы күнде қазақта қыпшақ, арғын, керей, найман, қо-«ырат деген рулар толып жатыр. Бұл рулар анау қырғыздан басқа болып, оларменен қатар жүріп, қатар тұрған елдер еді. Енді қырғызбен қатар жүрген найманды қалай бұрынғы қырғыздың нәсілінен деп айтуға болады.

Қырғыз бен қазақ арасында қандай басқалық барлықты сөздің реті келген сайын баяндап тұрмақшымыз. Өзір ұғатынымыз мынау: қазақ пен қырғыз екі басқа қауым. Бұл қазақ хазірет Ғайсаның ар жақ, бер жағындағы нәсілінен емес, қазақ-қырғыздықты қойып, қазақтықты қуаттау тиіс. “Қазақ” газетінің екінші нөмірінен басталып “Қазақтың тарихы” жазылып тұрмақшы. Бұл жазатын тарихымыз онан-мұнан құралған тарихқа тиісті сөздер емес, нағыз шын және тарих дәрістері болады. “Қазақ” газетін үзбестен оқып тұрған адам қазақтың тарихын жете білуге болады. Қазақтың тарихына тиісті сөздер, материалдар жазып басқармаға жіберуші болса, қазақтың тарихын жазғанда пайдаланып тұрашақпыз. Һәм әркімнің естіген-білгені болса, жазып тұруын өтінеміз.

Ғалия шәкірттерінен Құлмұхамет әпенді Оразаев жәнәпләрі мәшһүр Асан Қайғы турасында естіп-білгендерін жазып, басқармаға жіберіпті. Мұның ішінде біз пайдаланар сөздер көп.

Түрік баласы.
“Қазақ”, 1913 ж., N 3.

ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХЫ

(жалғасы, басы бесінші нөмірде)

Қазақтың елі турасында жалпы жұрт арасында бірсыпыра ертегілер бар болса да, халық оған рас екен деп иланып жүрген жоқ. Қазақтың мектеп, медресе һәм школда оқып шыққан жастары қазақтың елін анық біліп жете алмаса да, әйтеуір, елі түрік нәсілінен екендігіне анық иланады, ғақылы

мол, зейіні толық кара шаруаның да бірсыпырасы осыны қостайды. Қазақ пен ноғайдың түбі бір деген сөзді һәр бір қарияның аузынан естуге болады. “Өзбек – өз ағам” деген мақалды һәр бір қазақ біледі. Бірақ қазақтың өзге түрік қауымдарынан қай заманда айырылып, қалайша бөлінгендігі турасында анық мағлұмат жазылған жоқ болғанға көрім, сол арасы кішкене көмескі болып тұр.

Қазақта бірсыпыра аңқау адамдарда “Әнес сахабаның нәсіліненбіз” деген, қырғызда “Әкеше сахабаның нәсіліненбіз” деген ... мықты дәлел келтіріп, Әнестен деген сөздің әсілсіз екендігін сипат етсек те оған илана қоймайды.

Әнеске жармасушылардың айтатын қара дәлелі мынау: бірінші, қазақтың ұраны “Алаш”... Алаш Анастан, Анас Әнестен өзгерген сөз дейді; екінші, Әріп көшпелі жұрт еді; Әнес баласы болғандықтан, қазақ көшіп-қонып тіршілік қылуды Әріптен алыпты дейді. Үшінші, қазақ мейманпаз, қонақ сыйға мырза жұрт; мейманпаздық Әріп халқының ғұрфы еді. Әнестің нәсілінен болмаса, қазаққа мырзалық қайдан келіпті дейді.

Мінеки, ғақылға да ұнамайтын, тарихқа да сыймайтын осындай дәлелдерді жастанып, адасып жүрген талай адам бар көрінеді.

Бұл дәлелдердің ғақылға да һәм тарихқа да сыймай тұрғаны мынау:

Қазақтың “Алаш” атанғаны хижреден (*Мұхаммед ғалейһ сәләмнің Меккеден көшіп Мединеге барып кірген күнінен*) алты жүз жыл өткен соң, Шыңғыс хан тұсында болды. Шыңғыс хан бүкіл мүліктен төрт баласына бөліп бергенде, Дешті Қыпшақты, Сібірдің күн батыс жағын, осы күнгі Сарыарқаны, Еділ-Жайық өлкесін үлкен баласы Жошыға беріп еді. Ол күнде Жошы ұлысына қараған алты рулы ел бар еді. Сол алты рудың һәр-қайсысына бөлек Шыңғыс алты ұран беріпті, һәр руға өзіне бөлек таңба, ағаш қос беріпті. Сол күнде бүкіл Жошы ұлысының ұраны “Алаш” болыпты. Жошы ұлысында алты ру болғандықтан “Алты Алаш” болады. “Алаш” деген сөздің алғаш мағынасы – Отан кісісі (*соотечественник*) деген сөз болады. Мұны бір ақынның Абылайға айтқан өлеңінен білеміз:

“Тақсыр-ау, ұнатсаңыз, қарашыңмын,
Ұнатпасан, жай жүрген алашыңмын” – дейді.

Сол өлеңде “Алаш” отан кісісі мағынасында. Және қазақта “Алаң келе ме, Алаш келе ме” деген бір мәтел сөз бар. Сондағы Алаң – шет елдің кісісі, Алаш – отан кісісі мағынасында болады.

Сол күнде Жошы ханға “Алаши” деп лақап қойылды. Алаши — алаштың басшысы (*глава отечества*) мағынасында болады. Қазақтың “алаш алаш болғанда, алаши хан болғанда” деген ескі сөзі сонан қалған.

Бұл турада сөздің ұзынын кейін жазбақшымыз. Бұл орында “Алаштың” Өнестен алынбағандығын көрсету үшін ғана қысқаша жазып, осыменен қоя тұрамыз.

Түрік баласы.

“Қазақ”, 22 март 1913 ж., N7.

ЖҰМЫС ХАЙУАНЫ

Құлдық заманында Африкадан Америкаға әкеліп сатқан негрлердің саны жеті миллион болған.

Бұл сорлы адамдардың көрген күнін адам баласының басына құдай салмасын!

Таң атқаннан ел жатқанша бұлар қызметте. Жерді күйдіріп тұрған ыстық күнде, жан шыдамастық ауада құл бишара басын көтерместен еккен егіндерін орып, жерін жыртып, дамылсыз жүрмекте. Азырақ отырып демалайын десе, артынан қарап тұрған күзетші аямай кез келген жеріне бас-көз демей сабап, ұрған нәрсесі терісін кесіп, етіне жеткен.

Егер де бұл құл әлі кетіп жығылса, оны өкпеге, ішке тепкілеп тұрғызған. Жас, көрі, ауру, сау деп ешкімді айырмаған. Бұл құлдарды ақшаға сатып алғандығы ғана есінде болып, қожалар сол ақшасын пайдасымен шығарып алу үшін бұл сорлылардың қанын, терін аямай жұмыс қылғызған. Бір ғана байлар, төрелер емес, тіпті законның да бұл құлдар жөнінде еш әділшілігі болмаған. Құлдарға жұмыс хайуаны секілді ғана қараған. Оларды жақсылап тамаққа тойғызып, дұрыстап киім кигізбеген. Тәрбиелеп оқыту жағынан тіпті қорыққан. Қожалар: “Егер бұларды оқыта бастасаң, көздері ашылып, бізге қарсылық көрсете бастар, онан да осы күйінде қалсын, өзінің кім екендігін біліп, еркіншілікті ойлаған адамдардан бір қора малды бағу оңай. Бізге бұлардың оқығаны, көздері ашылғаны, жүректері тазарғаны керек емес. Бізге керек күшті қызметкерлер. Негр халқы өзі де оқуға лайықты емес. Ауыр жұмысты істеу үшін жаралған бір хайуан” — дейтін еді.

Шіркеулерде қайсыбір ұятсыз поптар: “Тәңірі бізге (*ақ халыққа*) негрлерді құл қылу үшін жаратқан”,—деп үгіттер сөйлеген. Сондай уақыттар болған. Құлдар әлгідей ауыр

кызметке шыдай алмай қашып, Американың қалын тоғайларына жасырынып қалған. Сол уақытта бұл қашушыларды аң аулағандай аулап, бұларды иіскеп ізімен табатын иттерді үйретіп алып шығып, бұл иттер қандай қалың ағашта болса да тауып, үріп, дауысымен мергендерді шақырып, соңғылар келіп, бишара негрлерді аямай жандарын қинап, алып қайтады екен. Біздің бұл күнгі мал сататын базарларымыз секілді, үлкен қалаларда құл сататын базарлар болған. Алушылар негрлерді таңдап, мал секілді тісін карап, колдарын сипап көріп, жүгіртіп, секіртуіп, ұстатып байқайды екен.

Құлдарды жекелеп яки үй ішімен сатқан. Көнбесе бір үйдін адамдары бөлініп, шешесі біреуге, атасы екіншіге, балалары үшінші, төртінші кісілерге сатылып кетуші еді. Бұл істі көріп тұрған адамның жаны пара-пара боларлық еді.

Қандай жақындарынан, қымбат туыскандарынан қожалардың мейірімсіздігі себепті бірнеше жүз теңге үшін өмір бойына айырылып кетіп жүрді.

Бұл секілді мейірімсіздікке бірсыпыра тәуір кісілер де душар болған. Кей уақыттарда негр емес, тіпті оқыған, тұрмысы жақсы болған ақсүйектер де сатылып жүрген. Себебі сол, құлдар жөніндегі закон бек қатты болғандықтан, құлдар мен ақсүйектер арасында қыз алысуға дұрыс емес еді. Атасы ақ сүйек болса да, анасы құл болса, балалары құлға есеп болушы еді. Мұндай балалар негрге ұқсамай, беттері ақ, сұлу болушы еді. Бұларды “молат” деп атаған. Әрине, аталардың көбі әлгі “молат” балаларын еркін, ақ-сүйек балаларша асырап, өсірген.

Егер бұлардың аталары әлгі негр қызынан туған балаларын азаттыққа әбден шығармастан бұрын өліп кетсе, жақсы тәрбиеде рахаттанып өскен балалар тағы да жауыз қожаларға құл болып кетуші еді. Ауыр бейнет, күштен тыс жұмыстың астында, ыстық күнде белін жазбай жүрген құл-негрлер өздерінің адамшылығын жоғалтып, бір түрлі нашар мінезді аңға ұқсап кетіп еді.

Кейбіреулер қожаларының көңілін тауып жақсы көріну үшін, әрбір осалдық, жамандыққа даяр еді. Өздерінің жолдастарын ұстап беріп, қожалары не жамандық қыл десе соны істеген.

Құлдықтың ең жаман жері де сол еді (*Қожа болсын, құл болсын — адамды бұзу*). Қожалардың жанын тат басып, өздерін еркін бір жыртқыш аң қатарына жеткізу, құлдарды мал секілді, жалғыз-ақ тамағының тоқтығын уайымдатып, қорқынышта: “Мені тез өлтіріп тастамаса жарар еді” демекте.

Керек ақсүйек, керек құл болсын, бәрі де бір тәңірдің

алдында тең пенде екенін білген кісілердің осы құлдықты көріп тұрғанда жандары жараланып, ақылдарынан адасушы еді.

Мұндай адамдар кітаптар, хаттар жазып, жұртты үгіттеп, құлдар хақындағы заңды жұмсартуға ұмтылса да, пайдасы аз болды. Себебі, құл ұстаушылардың мойындары жуан—құлдардың құнымен семірген. Ойлағаны жалғыз-ақ пайда еді. Бұлардың құлақтарына құлдарды қорғап, қамқорлық еткен бірлі-жарым адамдардың сөздері кіріп те шыққан жоқ. Бұларды бұл қысымшылықтардан тоқтату үшін бүкіл халыққа, бүкіл христиан жұртына құлдықтың жалғандығы, жамандық, зорлық, зомбылықтың біріншісі екенін түсіндіріп, миларына кіргізіп, жүректерін ояту керек еді.

Бұл ауыр қызметті орнына келтіруді үстіне алып, түбінде құлдарды азат еткізген “Хижина дяди Тома” деген кітапты шығарған Гарриет Бичер-Стоу атты бір қатын еді.

М. Д.

“Қазақ”, 1913 ж., N 8.

“ЭСПЕРАНТО” ТІЛІ

(Международный язык “эсперанто”)

Дүние жүзіндегі халықтар әуелде бір адамның балалары болса да, көбейе келе әр дінге бөлініп, әр тілде сөйлеп кеткен. Қазіргі өнер-білімге толып тұрған заманда темір жолдар, телеграфтармен дүниенің төрт жағын біріне-бірін жақындатуға айла табылса да, әлгі халықтар бір-бірімен көміл хал-жайын танысып, білуге тілі сақау, құлағы саңырау еді. Себебі: жер жүзіндегі жұрттың тілдері сонша көп екен, соларды түгел білмек түгіл қанша ғұмыр, қанша ақша сарп еткен кісілер 2—3 тілден артық біле алмайды. 2—3 тіл білуменен дүниені аралай алмайсың.

Дүниедегі бар адам бір атадан тараған, бір үлкен үйдің балалары бола тұрып, біріменен-бірі атысып, шабысып, жауласулары тілдерінің басқалығы себепті, әрқайсысы әр түрлі тәрбие алып, мінез-құлықтары да өзгеріп кеткен. Адам балалары бұл халді көптен сезіп, әсіресе соңғы 200 жылдың ішінде ғылым иелері бұл туралы бір шара іздей бастаған. Ақырында, біздің заманымызда мәшһүр доктор Заменгоф деген жер жүзіндегі халықтарға бірдей ортақ “эсперанто” тілін ойлап шығарды. Бұл тілдің үйренуге оңайлығы сонша: егер бірнеше ай көңіл беріп, үйренген кісі өзінің ана тіліндей

болып шығады. Қазірде бұл тілді дүниенің биік ғалымдары, философтары қабыл етті. Шет патшалықтарда әр жылда неше мәрте “эсперантошылардың” жиылыстары болып, 20—30 түрлі тілде сөйлейтін жұрттардың адамдары келсе де, әрқайсысы өз тілінде сөйлегендей болады. Француздың француз екені, немістің неміс екені білінбейді. Қазір бұл тілде газета-журнал, кітаптар көп.

“Эсперанто” тілі көп мемлекеттерде, школдарда оқытылады. “Эсперантошылардың” қазір Россияда да жиылыстары, курстары бар. Бұл тілде енді аз жылдарда дүние жүзінде тегіс патшалық сүрсе керек. Бұл тілді білушілер миллиондарға жетеді.

Оқыған һәм жүрген білімге дарынды қазақ жастарының “эсперанто” тілі хақында хабарсыздарына түсіндіріп, бұл секілді керекті тілді үйренулеріне мәслихат беремін. Орысша білмей, мұсылманша оқығандар үйрене алмас. Бұл тілдің үйренуге жеңілдігіне кітаптарын оқып көрген соң, өздеріңіздің де көздеріңіз жетер. Кітаптары арзан 15, 20, 25, 30 тиын. Егер тұрған шаһарларыңызда “эсперанто” кітаптары табылмаса, өз адресі мынау: г. Варшава, ул. Дикая, N 9. Д-ру Л. Заменгофу.

Мир-Якуб Дулатов.
“Айқап”, 1913 ж., N 9.

ҒАБДОЛЛА ТОҚАЕВ

2 апрельде Қазан шаһарында ноғайдың атақты жас ақыны Ғабдолла Тоқаев опат болды.

Өткір, терең мағыналы өлеңімен ноғай ғылымына өзін жастай танытқан Ғабдолла өфәндінің өлімі жақындарының, өлеңдерінің қадірін танығандардың жүрегін өртеді. Оны білмейтін жазу таныған ноғай жоқ. Біздің қазақ халқына марқұм Ыбырай Құнанбаев қандай құрметті болса, Ғабдолла өфәнді ноғайларға да сондай еді.

Марқұм ата-анадан жастай жетім қалып, тәрбиелейтін жақын жоқтықтан бала күнінде, ашаршылық жылдарда бір қолдан бір қолға сатылып та жүрген. Жетімдіктің, дүние қысымшылығының ащы дәмін татқан, өскен соң да дүниеден артық рахат көре алмай өтті.

Бірақ дүниенің не түрлі тарлығынан, көлденең кертелерінен тауы шағылмай жас басынан атағын шығарып, өзіне жол ашты. Қандай ащы болса да, ақиқатты айтуда ешкімнен

қаймықпады. Қанша тарлықта жүрсе де, жүрегі (*тарықпады*) қайтпады. Қадірін білмеген надандар оны қанша жақтырмаса да, оның махаббаты ноғайына һәмәнда артып отырды. Бүл айтылғандардың растығына марқұмның бір өлені дәлел:

Жырлап тұрам, тұрған жерім тар болса да,
Қорықмим сүйгән халқым, бұ татар болса да.
Көкірәк киіп қаршы тұрам, миңа милләт,
Хазіргі күн мылтық, оқ атар болса да.

Оңға, солға аумим, әркіз алға барам,
Юлда маниғ көрсәм тибәмдә аударам.
Қаләм қолда бола тұрып яш шағиргә,
Мағлұмдүрки қорқу билән үрку һерам.

Шекләнбиміз дұшманларның күшіндөн біз,
Бүгінки күн Ғали Рустәмләргә тиубіз.
Шағир ғүмірі хасірәт, қайғы көрсә көрәр,
Долқынланми түрми еш соң үлкән тиңіз.

Яхшылыққа иріп китәм, бала өзимін,
Мақтап сөйлим изгі ішні бал аузимин.
Бір яманлық көрсәм сөгәм, мақти алмим,
Ол тоғырда бик яуыз, айрай яуымын!

Ғабдолла әфәнді 25—26 жасында ғана опат болды. Артында есімін жоғалтпастай татар әдебиетінде бас бәйге алған оннан артық өлең кітапшалары қалды. Рухына рахатлік берсін, Алла!

М. Д.

“Қазақ”, 1913 ж., N 9.

ҚАЗАҚ ЖАЙЛЫ

Ілгері нөмірлерде Еуропа, Азия патшаларының жайынан һәм Россияның ішкі-тысқы істерінің жайынан қысқа-қысқа сөйлеп, аз да болса мағлұмат бергеннен кейін, енді қазақ істері жайынан сөйлемекпіз. Қазақтың кемтігі, керегі көп. Кемтігін толтырып, керегін табуға істегені аз, тіпті жоқ. Біздің керегіміздің көбі — бұрынғы күйімізде болмаған, осы күнгі жайымызға қарай керек болып тұрған нәрселер. Бұрын бізге ғылым да, өнер де қажет емес еді. Кең далада еркін жүріп, еркін тұрып, мал бағып, бар керегіміз малдан табылып, басқа нәрселерді керек қыла қоймаушы едік. Заманында сол қалпымыз жайлы да, жақсы да еді. Заман қазір де сол қалыптты болса, қазаққа ғылым, өнер керек болмас еді. Адам ғылым

мен өнер үшін жаратылған емес, ғылым мен өнер — адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде ойлап тапқан нәрселер. Не нәрсені де болса, адам керегі болса іздеп жоқтайды, қажеті жоқ нәрсені кісі жоқтамайды.

Бұрынғыдай кең даланы қазақ жалғыз меншіктеп отырған жоқ, басқалар да келіп тығылды. Басқалармен араласу енді көбейді һәм жылдан жылға көбейіп барады. Олармен араласқан соң біздің бұрын керек қылмаған нәрселеріміз керек бола бастады һәм жылдан жылға керегі көбірек бола бастады һәм жылдан жылға керегі көбірек білінер. Өзгелерден кем болмай, тең боламын деген жұрт қатарынан қалмасқа тырысады. Тең болғанда адам болсын, жұрт болсын, білімі, өнерімен тең болады. Қалыспаймын дегенде осыларымен қалыспасқа тырысады.

Тіршілік — бәсеке, жарыс. Дүние — бәйге үйлестіруші. Озғанға қарай бәйге береді. Жарыстың алды боп келген бәйгенің алдын алады, ортасы боп келген ортасын алады, соңында қалған бәйгеден тіпті құр қалады. Дүниенің ісі осылай болған соң адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді. Озғанның ісі қай орында да болса, үстін түсіп, қалғанның ісін баспақшы. Ғылым, өнерімен асқандар білімсіз, өнерсіздерді білімімен жығып, аяғына баспақшы. Малымен асқандар байлығымен қамыттап, жұмысына жекпекші. Біз өзімізбен өзіміз болып, басылып бара жатқанымызды, батып бара жатқанымызды бір-ақ білетін көрінеміз. Бізде ғылым жоқ, өнер жоқ, кәсіп жоқ. Бұлардың бұрын жоқтығы керегі болмағаннан еді. Енді де керек емес пе? Бұларды енді керек қылмасақ, күні бұрын өзімізді құдайға атаған малдай, басқалардың есігіне арнап қою керек. Оқымаған, өнерсіз, кәсіпке ебі жоқ адам басқаларға жалданған малайлықтан басқа неге жарайды? Өзінде ғылым жоқ, өнер жоқ, кәсіп жоқ жұрттың да өзге ғылымды, өнерлі, кәсіпшіл жұртқа малайлыққа жалданғаннан басқа қолынан келері жоқ. Оның шет жағасын байқаған адамдар көріп те отыр. Неге басқалардан қазақ есігіне жүріп малай болушылар аз, басқалардың есігінде қазақтан жалшылықта жүрушілер көп. Бұл басқалардың ісінің үстемдігін көрсетеді. Осыған осы бастан көз салып, ойланарға керек. Бұл жеңіл-желпі қарап, көздің қырын салып қана өтетін емес, көп тоқтап қарап, мықтап ойланатын нәрсе. “Басыңның сауында бер садақасын, ұша алмас салсаң бүркіт томағасын” дегендей, пәледен басқа келмей тұрғанда сақтанбасақ, томаға киілген соң жөн тауып ұшу қиын болар.

Біз осы уақытта тайғақ кешу, тар жолда тұрмыз. Мұнан

аман өтсек жұрт болғанымыз. Алаштың азаматы көптеп, көлемдеп ақылын қосып, білімін біріктіріп, ұлтын кешуден аман өткізуге жол көрсететін жері осы. Білгенін айтып, қолдан келгенін істеп, жұртын сүйемелдеп, тар жерден аман өткізуге қайрат қылатын да кезі осы.

Бізде негізгі бір зор адасқандық — өз ісімізді өзіміз істемей, өзгеге сенгендік. Өзіміз жай жатып сұрай берелік дейміз де, сұрай береміз. Сұрағанын алмақ түгіл, қазақ әлі алдырумен келеді. “Жығылған күреске тоймас” деген, алмаса да қазақ сұрауын қоймайды. Сұрауда да парық бар екенін есіне де алмайды. Бір сұрау бар — ол есікте тұрып, еңкейіп бас ұрып, жыламсырап, аяныш түсіріп, көңілін жібіту жөнімен сұрау. Бұл қайыршылардың сұрауы. Оған ойланбай, қамданбай, осал, оңтай нәрсе, тиын-сиын бере салады. Бұл — елеусіз сұрау. Екінші түрлі сұрау бар — ол төрде отырып, төбесін тең ұстап, қадіріне сүйеніп сұрау. Бұл — елеулі сұрау. Бұлай сұрағанның қолқасы ескерусіз жерде қала қоймайды. Сұрағанын береді, бермесе де ойланып, қиналады.

Қазақтың сұрауы бұл екі сұраудың қай түрі екенін өздері біледі. Біздің айтатынымыз: қазақтың сұраудан арманы да жоқ, сұрағанын алғаны да жоқ. Сонда да әлі сұрасақ молығар едік деп қамданады. Сұрағаннан молықса, қайыршылар молығар еді. Қайыршылықтан байығандар бек сирек. Есіктен есікке жүріп, қайыршылықпен күнелткен тіршілік қандай, өз бетінен кәсіп қып, мал жиып, өз еңбегімен күн көрген тіршілік қандай? Қайыршылықпен күн көремін деген — оңбайтын адамның ісі, сұраумен молығамыз деген оңбайтын жұрттың ісі. Біз осы күнге шейін сұраумен келдік, берер деген үмітті бақтық. Сұрағанымыз көп, алғанымыз қанша, есепке салып байқау керек емес пе? Сұрауымыз көп болып, алғанымыз жоқ болса, сұрауда не мағына бар? Өзгеге сенбей, өлмес жағымызды өзіміз көздеп ойланып, қамдану керек емес пе? Жоқ, әлі де болса сұрауымыз жетпеген жері бар десек, толықтырып сұралық.

Сұрағанымыз қанша, сұрағаннан алғанымыз бар ма, сұрамай тағы қалғанымыз бар ма, білу үшін кейінгі нөмірлерде соның жайын жазып өтпекпіз. Сонан соң сұрамай қалған мынадай нәрсе бар екен десек, сұрау жағын ке«есерміз. Сұрамай қалғанымыз жоқ екен. Сұрасақ та бермейді екен. Сұрағаннан ешнәрсе өнбейді екен десек, өнбейтін істі қойып, өзге жолын қарастырып, ақылдасуымыз тиіс емес пе?

М. Д.

“Қазақ”, 1913 ж., N10.

ХАЗІРЕТ СҰЛТАН

Қай жердің қазағы болса да, хазірет Сұлтанды естумен біледі. “Хазірет Сұлтанға барамыз”, “Пәленше хазірет Сұлтанға кетіпті...” деген сөзді қазақ арасында көп естуте болады. Хазірет Сұлтанға барғыш тақуалар, софылар. Хазірет Сұлтанға барып қайтқандар қажыға барып қайтқаннан аз-ақ кем болады. Олар бастарына сәлде орап қайтып, жұрт Меккеден келгендей қолдарын алып, құрмет етеді. Қазақ осылай құрметтесе де, хазірет Сұлтанның бір жерде бар екенін естісе де, көбі ол хақында анық еш нәрсе білмейді. Осы майдың бірінде Ташкентке бара жатып, Түркістанға түсіп, хазірет Сұлтанды мен де зиярат еттім. Хазірет Сұлтан Түркістанда болғандықтан, әуелі Түркістан шаһары жайынан біраз жазу тиіс көрінді.

XV ғасырдың аяғына шейін Түркістанның аты “Йасы” екен. Кішкене ғана Йасы деген қышлақ XII ғасырда, сол жерге Қожа Ахмет Йасауи хазірет Сұлтан келген соң, даңқы шығып кетіпті. 1166 жылы Қожа Ахмет Йасауи опат болып, онан кейін оның бейітін түрік тұқымы, әсіресе қазақ халқы, әр уақыт зиярат ететін болыпты. Зияратқа әр жерден халық көп келетін болған соң, ол жерде сауда ашылып, кішкене қышлақ бірте-бірте зорайып, шаһарға айналады.

Қожа Ахмет Йасауи хазіреті хақында сөйлеген һәм халыққа тараған неше түрлі кереметтер жалғыз қара халық пен саудагерлерді ғана емес, заманындағы қаһармандарды да өзіне тартқан. Мысалы, 1397 жылы күзді күні атақты Әмір Темір Йасыға келіп, әулиенің басына зор мешіт салдырып, белгі орнатуға жарлық қылған. Осы күнгі мешіт-белгі сол.

Әмір Темір нәсілінен ең соңғы хан Махмұд 1495 жылы Түркістан шаһарын Махмұд Шайбаниға беріп, өзінің үлкен ағасы Ахмед сұлтан қойған Махмұд тарқанды тұтқын қылыпты.

1582 жылы Түркістанға Бұхараның ханы Ғабдолла келіп, халық оған бағынғандығын білдірген. Сонан былай қарай Түркістанды билеушілер Ғабдолла ханның әмірі бойынша сайланып һәм өзгеріліп тұрған.

XVII ғасырдан бастап Түркістанды қазақ билеп, Түркістан шаһары — қазақ хандарының астанасы болған. Түркістанды қазақтан ең әуелі билеген Есім хан.

Вельяминовтың кітабында жазылған:¹ “Есім хан Сығай ханның баласы, монғол һәм түрік тарихын жазған атақты Абулғазы Хиуаға хан болып тұрған ағасы Спандияр ханнан кетіп, 1625 жылы Түркістандағы Есім ханға барған. Абулғазы жазады: “Мен Түркістандағы қазаққа кетіп, Есім ханда үш ай қонақ болдым. Ол кезде Ташкентті билеп тұрған Тұрсын хан еді. Түркістанға о да келді. Есім хан Тұрсын ханға амандасуға жалғыз өзі барып, мені үйде тастап кетті. Қайтып келіп, мені ертіп, Тұрсын ханмен таныстырып отырып: “Мынау Абулғазы – белгілі Жәдігер ханның тұқымы, бұл күнге шейін бұлардан бізге қонаққа ешкім келген жоқ еді, бізден оларға барғандар көп болды. Абулғазыны сіз алмайсыз ба?” – деді. Сонан кейін мен Тұрсын ханның қолында тұратын болдым. Екі жылдан кейін Есім хан Тұрсын ханды өлтіріп, мал-мүлкін шауып алды. Сонда мен Есім ханға айттым: “Мен сен екеуіңнен бір пайда бола ма деген үмітпен келіп едім. Сендердің өз араларың мұндай болды. Енді маған Бұхарадағы Иманкүл ханға баруға рұқсат беріңіз. Есім хан: “Жарайды, бар”, – деді. Мен Иманкүл ханға кеттім”.

Түркістанда Есім ханнан соң хан болған өзінің баласы Жиһангер, онан соңғы Батыр хан, Батыр ханнан соң Жиһангердің баласы Тәуке хан, онан кейін Қайып хан, Қайыптан соң Тәуке ханның балалары Болат һәм Сәмеке (*Сәмеке 1732 жылы² опат болған*). Бұлардан кейінгі Ғабдолсамед хан 1764 жылы, ең соңғы хан Абылай – 1781 жылы опат болған. Абылайдың баласы Уәлі ханның Түркістанға дәуірі жүре алмаған.

1785 жылы Түркістанды қазақ хандарынан Бұқарадағы маңғыт нәсілінен болған Мір Шаһмұрад алған. Алса да көп билей алмай, 1799 жылы Ташкентті билеп тұрған Жүніс қожа алған. Жүніс қожа өлген соң, Түркістан тағы да Бұхараға қарап қалған.

1819 жылы жаз күні Түркістанды Қокан ханы Ғұмар алып, сонан 1864 жылы 12 июльге шейін Түркістанды Қокан биледі.

Ғұмар хан әулиелерді зиярат етемін деп шығып, алдымен Түркістанға әскер жібереді. Сол кезде Бұхара һүкіметінің сайлауы бойынша Түркістанды қазақ төресі Тоқай төре билеп тұр екен. Ғұмар ханның әскері таң алдында ұйықтап жатқан күзетшілерді шетінен бауыздап, Түркістан қорғанының

¹ Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о касимовских царях и царевичах. СПб, 1864. Ч. II. С. 372-373.

² Сәмеке 1734 ж. өлген. (*Қараңыз: ҚСЭ, 10 том, 78 бет. — Ред.*).

какпасын ашып, соғыссыз шаһарды алған. Шаһарға жау кіріп, жұрт азан-қазан болып жатқанда, Тоқай төре қатын-баласымен қашып Бұхараға барған. Мұнан кейін Ғұмар хан қалған әскерімен Түркістанға кіріп, Түркістанды маңайындағы қазақтарымен өзіне бағындырыпты. Ғұмар хан Түркістанда бірнеше күн болып, Қожа Ахмет Йасауи мешітінде болып, 70 қой құрбан шалып, Түркістанға һәм маңайындағы халыққа хакім қылып Шихалибдал деген кісіні сайлап, көңілі өсіп, Ташкент арқылы Қоканға қайтыпты. Хан Қокан шаһарына кіргенде, күміс теңгеден шашу шашып, келер күні сарайына Қоканның үлкен молдаларын жинап, өзін Әмір Әлмұсылман деп халыққа естіртті. Ғұмар хан тәж киіп, Әмір Әлмұсылман деген сөзді ойдырып мөр жасатып, Шыңғыс хан мен Әмір Темірге еліктеп маңызданыпты. Тоқай төре Бұхараға барып, Әмірден бірнеше жүз құрама әскер алып, Түркістанға қайта барса да, жолы болмай, тағы да қашып құтылыпты. Ақырында Бұхара ханы Нәсіралла Тоқай төренің басын алыпты¹.

1821 жылы қазақтан Тентек төре деген шығып, Түркістанды Қокан билеуінен құтқарамын деп, 12 мың адаммен Сайрамға барып жиналған екен. Мұны Ғұмар хан естіп қалып, Әбу Әлқасым Аталықты басшы қылып әскер жіберіп, Тентек төрені жуасытып, Қоканға бағындырыпты. Түркістан халқы 1864 жылы тағы да Қокан хандығынан бөлінуге талаптанып қараса да, ретін таба алмайды.

Ақырында, көптен бері ханның қол астында белгілеп орныға алмай тұрған Түркістанды 1864 жылы 12 июньде соғыспен орыс полковнигі Веревкин алыпты. Сол жылы Түркістанды орысқа бермеске хан Абылайдың шөбересі, Кенесары ханның баласы Садық төре де соғысқан екен.

Түркістанның мұнша атақты шаһар болып, заманындағы хандар көз тігіп, әрқайсысы өзіне қаратып алуға қан төгіп, тарих жүзінде белгілі орын алуға себепші болған Қожа Ахмет Йасауидің бейіті һәм оның үстіне орнатқан мешіт-белгі екені мағлұм болды.

Әмір Темір көрегеннің замандасы Шарафуддин Әлизаданың² “Таһирнаме”³ деген кітабында Қожа Ахмет Йасауи хазіретларының үстіндегі мешіттің салынуы хақында былай жазылған:

¹ *Наливкин В.* Краткая история Кокандского ханства. Казань. 1886. С. 110-113.

² Дұрысы – Шарафиддин Әли Яздий (*Ред.*).

³ Дұрысы – *Зафарнама* (Жеңіс кітабы – *Ред.*)

“Самарқандта Әділ бағының миуаларын егіп болған соң, Әмір Темір әскерін Ташкентке қарай жөнелтіп, Сырдариясынан өтіп, Ташкенттен елу шақырым жерде Шыназ деген қышлақтың қасына келіп түсіпті. Бұл арада қыстамақшы болып, әскерге жылы үйлер салдырыпты. Мұнан Әмір Темір өзі шейх Қожа Ахмет Йасауиді зиярат етіп, басына белгі орнаттыруға Йасыға жөнелді. Әмір Темір Йасыға келген соң, өзінің планы бойынша мешіт-белгі бір жылдың ішінде тәмам болыпты”.

Мешіттің биіктігі жүз кез шамасында, үш-төрт күмбезді. Күмбездердің сырты глазурьмен капталып, әр түрлі дұғалар жазылған. Мешіт күйдірген кірпіштен салынған. Үлкен дарбазадан бір зор бөлмеге кіресің, бұл бөлменің ортасында мыс (*бронза*) қазан бар. Қазанның алыбы бес қанат үйдің шаңырағындай, айналасында арабша сөздер жазылған һәм “Әмір Темірдің жарлығы бойынша бұл қазанды құйған шебер Абдулғазиз Шарафуддинұлы Термезден” — деген жазуы бар. Бұл үлкен бөлменің төріндегі есік хазіреттің өзі жатқан (*қабірі*) бөлмеге кіргізеді. Есігіндегі шынар ағашы ғажайып нақышталып, болат тұтқада жазылған жазуда “Газуддин Тәжуддинұғлы” деген шебердің аты бар. Қазандағы һәм есіктегі жазудың екеуінде мешіттің 1397 жылы салынғандығы көрінеді. Мешітте Әмір Темір сыйлаған ескі жазулы төрт құран һәм бронзадан құйылған алты шамдал бар, биіктігі бір кезден артық, ауырлығы екі-үш пұт шамасында, жазумен нақышталған. Бұл мешітті салған бас шебер 1387 жылы Әмір Темір тұтқын қылып алған шираздық қожа Хасен деген адам екен.

Қожа Ахмет Йасауи мешітінде бірнеше қазақ хандары қойылыпты. Мұндағы хандар: Орта жүздің ханы Абылай — 1781 жылы опат болған, Ұлы жүздің ханы Жолбарыс — 1740 жылы 5 апрельде Ташкентте мешіт ішінде сарттар өлтірген, Абулқайыр хан 1760 жыл шамасында опат болған һәм Арғынның атакты Жәнібек батыры мен Кенесары сұлтанның әкесі Қасым хан да осында қойылған. Есім хан бұл мешіттің ішінде болмаса да маңайына қойылған екен, үстіне орнатқан белгісі бұл күнде жоғалып кетіпті. Бұлардан басқа Әмір Темірдің шөбересі Бабыр хан һәм Ондан сұлтан мұнда қойылған деседі.

Тарих жүзінде біздің қазақ халқының һәм хандарының осындай қатынасы бар хазірет Сұлтан мешітінің осы күні әр жері жарылып, бұзылуға бет алып тұрғандай түрі бар. Қожа Ахмет Йасауидің нәсіліміз деп неше жүз жылдан бері жерлерін

пайдаланып, зиратқа келген аңқау қазақтарды жем қылып келген басындағы қожалар мешіттің мәңгіге қалуын тілеуден өз кеңірдектерін артығырақ қайғыратын секілді. 1910 жылы Түркістан шейхтары “мешітті түзетеміз” деп жұрттан есепсіз көп ақша жинайды. Көбін өз қалталарында қалдырып, “жиылған ақша осы-ақ” деп 12 мың сом көрсетіп, Козловский деген инженерді алдырып, мешіттің бұзылған жерлерін түзеттіре бастаған екен. Ісінің оңынан бітпей тұрғанында қожалар инженермен жанжалдасып, іс тоқталды да, жиылған ақшаның көбі қожаларда қалды. Бұлардан есеп алушы, тексеруші ешкім жоқ. Жиылған малдың, ақшаның бәрі қазақтікі деп айтарлық, қожалар әр облыстағы қазақтарға барып, хазірет Сұлтанның мешітін түзетуге мал жинайды. Ақмешіт үйезінде Хан деген жердегі диуана қожалардан бұрын болыс болған Ғұламқадір деген қожа һәм Мұзафар деген би екеуі 1910 жылы Атбасар үйезіне шығып, бағаналынын Қайдауыл деген ауылынан көп ақша жинап алып, өздері жеп қойыпты. Салық қожа деген үш жылдай жоқ болып кетіп, Ақмола, Семей һәм Жетісу облыстарында “Хазіретіміздің зиратын түзетеміз” деп мал жиып, Ходженттегі үйіне көп олжамен қайтыпты. Сол қожа осы күні Қашғар һәм Қытай жағына кетіпті. 1909 жылы Әулиеата үйезінің қазағы, Ботбай руынан Нұрмамбет Бәкі баласы деген бір бай хазіреттің зиратына ақша жинай барған Шахаб қожа дегенге таңдамастан жылқысының бір шетінен жүз жылқы берген екен. Қожалар бұл жылқының қымбаттарын сатып, Түркістанға тек тұяқ санын түгел қылып, әлгі арық-тұрақ көтеремнен жүз жылқы әкеліп тапсырыпты. Бұл қожаның мұнысына карағанда, басқа қожалардың ең ынсаптысы боларға керек. Жүз жылқыны түгел өзі пайдаланып кетсе, оның қолынан кім алар еді? Осы Шахаб қожа биыл тағы да ел аралап кетіпті.

Бишара момын қазақ әулиенің атын атап, мың түрлі сиқыр оқып барған тіленші қожаларға жем болып тұрған жайы бар. Түркістан қожаларының зиратты түзететін ойы жоқ. Зиратқа келгендерді ерікті-еріксіз талаудан басқа кәсібі жоқ. Түркістан хакімдері қол астындағы мұсылмандардың басқа істері туралы қырағы болса да, қожалардың жоғарыда айтылған қиянаттарын не себептен көрмей жүргенін біле алмадық.

Қожа Ахмет Йасауидің бірнеше бөлмелері бұзылып, құлағалы тұр деп қауіп айтып, һүкімет осы күні печаттап қойыпты. Абылай хан жатқан бөлме, ақ сарай деген бөлме,

зияратхана деген бөлме һәм мешіттің құдығы — бәрі де жабулы. Бұл мешітке қожалар ие болып тұрғанда, жұрттан жылында миллиондап ақша жиылса да, пайда жок. Мешіттің тарихи бір белгі болып мәңгіге қалуын тілеушілер болса, оны түзетуді археологический обществолардың біріне тапсырып, қайдан болса да жиылған ақшаның жарты тиыны артық болмайтын жолмен жиылып, инженерлерді сол общество өзі жалдап түзеттірсе ғана, мақсат қабыл болар еді. Болмаса енді біраз жылдарда бес-алты жүз жыл өмір сүрген Қожа Ахмет Йасауи мешітінің орнында үйіліп бір оба томпайып қалуы ғажап емес.

М. Д.

“Қазақ”, 1913 ж., N 16.

ҚАЙ ЖЕРДЕ ҚАЛАЙ?

“Қазақ” шыға бастағалы, жұрттың газетаға қарасы, қалай түсінуі байқарлық болды. Басқармадағы һәр облыстан алушылардың санына қарағанда да, басқа облыстарды аралап салыстырғанда да, күллі қазақтардан Семей облысының қазағының көзі ашық екендігі көрінеді. Ең көп алушы, көп оқушы Семей облысы болғанда, ең аз оқушы Сырдария облысында екен.

Он шақты облыстағы қазақтың Алашқа ортақ үлгілі іс бастар деп үміт етерлік Семей, Ақмола, Торғай һәм Орал облыстары болса керек. Сол үлгілі істің бірі, мысалы, газета делік, осы істі жөнге салып бастай алмауда, қазақта мұндай іске жомарттық қылатын байлардың жоқтығын, білімді басшылардың аздығын айтпай-ақ қоялық, мұнан басқа да себептер бар.

Жұртқа бірдей жақсылық таңы атқан 1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да басқалардың дүбіріне елеңдеп, солардың ісіне еліктеп, ұлт пайдасын қолға ала бастады. Сол бостандық жылдарында Семей облысының оқыған басшылары көзге көрініп іс қылып, жұртқа көсемдікпен жөн-жоба көрсеткені үшін алды абақтыға жабылып, арты айдалып, қалғандары сенімсіз болып қалды. Бұларды көріп тұрған Семей облысының қазағы олардың не үшін мұндай жазаға кіріптар болғанына түсінді, қазақтың ат-айғырын, орыстың мәстегін ұрлағаны үшін емес екенін білді де, себебін аңғарды. Сөйтіп оларды қысудан Семей қазағының

көзі ашылды. Мұндай басшы кісілеріне қысым болмаған иә мұндай басшылық қылушылардың жоқ болған жерлерінде “жұрт ісі, жұрт пайдасы” деген сөзді сөйлесек, түсінбейді, қалайша жұртқа пайда келтіруге болады дегендей ойға қалады. Ондайлар “жұрт үшін” деп қана, дінге сүйеніп барып түсінеді.

Міне, Семей облысының қазағы газетаның пайдалы екенін басқалардан артық түсініп көп алатын себебі осы. Өткен ғинуар жұлдызының ақырында, “Қазақ” шықпай тұрып, “шығады” деген хабары болған соң, Павлодар дуанында жатып, “Қазаққа” алушы қарастырдым. 4–5 күннен соң, бұл хабарды есіткен Павлодар қазақтары өздері келіп жаздыра бастап, аз күннің ішінде 150-дей алушы болды. Бұл Семей қазағының газетаның пайдасын түсінгендігі емес пе?

Жақсы-жаман болса да, жұрт бір нәрседен үлгі алады ғой. Бұл май айында Орынбор–Ташкент темір жолында Сырдария облысы, Қазалы үйезінің бір болысына кез келіп сөйлестім. Оған қазақша шығып тұрған газетаның барлығын сөйлегенімде, “Біздің өзімізге де жылына 4 жарым сомға газета келіп тұрады” деді. Алып тұрған газетасының атын білмейді. Сұрай келе, болыстың айтуынан аңғардым, Ташкентте атақты миссионер Остроумовтың һүкімет ақшасына шығарып тұрған сарт тіліндегі газетасы екен. Болыс ол газетаны оқымайтын, оқыса да тіліне түсінбейтін, түсінсе де ауыз тұшырлық керекті сөз жоқ екендігін, тек амалсыздан пристав, үйездің әмірімен алып тұрғандығын сөйледі. Осы болыстың жауабы Түркістан уәләйатында сан жерде алдымнан шықты. Һәм растығына көз жетті: Түркістан жағында бірнеше болыстар піргіуормен (*келісімімен – ред.*) һәкімдерінен өтінген екен: “Бізге бұл газетаның керегі жоқ, міндетті болып алмасақ екен” деп. Бұл күнге шейін ол тілек қабыл етілген жоқ.

Сырдария қазақтары “газета” деген сөзді естісе, ат-тонын ала қашады екен, ол туралы қазақта кінә жоқ. Ташкентте Остроумов газетасының 4–5 нөмірін алып оқып қарадым, тілінің жартысы сартша, жартысы фарсыша. Он жолынан он сөз түсінгенім жоқ, басқан сөзінің керекті-керексізі өз алдына тұрсын, мұны оқыған шикі қыр қазағы не пайда алар, қалай түсінер, газетадан көңілі неғып қайтпас?!..

Енді тыңнан біреу газета ал десе, қашан оқып көрсетіп, анық қазақ тілінде, қазақтың керегін білдіріп тұрғандығына көздерін жеткізгенше, арбадан шошыған аттай үркеді. Бұрын газетаның атын естімеген қазақтың тұңғыш көрген газетасы

әлгідей болған соң, шын пайдалы, ұғымды газетана тез үйір бола қою қиын ғой. Түркістан қазағын адастырған себеп те сол.

Ақмола, Торғай һәм Орал облыстары қазақтарының көзінде газетаның сенімі қалмаған, бірер кісінің пайдасы табылатын іс иә алдаушылардың көсібі секілді көрініп қалған. Себебі Ақмола облысынан әуелгі екі думаға депутат болып барған Шаһмардан молда Қосшығұлов “Серке” деген газета шығарамын деп, екі нөмірден артыққа бара алмай, “Серкесі” суға кетті. Торғай облысының Думаға депутат сайлауға жиылған сайлаушылары қазақша газета шығарамыз деп ақша жинап, ақырында, газета да жоқ, ақша да кімнің қолында кеткені белгісіз болып қалды. Орал облысында “Қазақстан” газетасы шығып, 4–5 нөмірлік ғұмыры болып қана тоқтады. Осыны көріп тұрған бұл үш облыстың қазағы газета деген сөзді жүре тындайды. Ақмола дуанында бір емес, қазақтың сан атқа мінер жақсы кісілері айтады: “мұнан бұрын да газета шығарамыз, қазақтың жерін өзіне қалдырамыз, Көкшетауда медресе салып береміз” деп депутатымыз Ш.Қосшығұлов елімізден мал, ақша, қазы-қарта жинап әкетіп еді. Һеш нәрсесін көргеніміз жоқ. Сәлім Көшімов деген Науан хазіреттің шәкірті “Думаға депутат жіберу үшін ақша жиып жүрмін” деп келіп, палитсадан (*полиция – ред.*) ығысып бір түнде кетті деседі. Осы секілді жұртты безер қылушылардың ісі “қас түзетемін деп, көз шығарудан” басқа емес қой.

Өткен июльдің 15-де Ақмолада тағы да қазақтың бір камқорын көрдім. Менің көзімше Ақмоланың Нұрлан, Спан деген болыстарына бір қажы келді. Бұл – Ақмола үйезінің Ақсирақ көл болысының қазағы Тәуекел Өзденбай баласы деген. Мұның жүрген жұмысы – Мединеде қазақ шәкірттері үшін бір үлкен медресе салуға ақша жимақ. “Қолында дакумент қағазың бар ма, ақша бергендерге беретін қуитанса (*квитанция – ред.*) дәфтерің бар ма?” десе, “дакумент не керек, Аллаһқа сенбейсіндер ме, қуитанса не керек, екі иықтағы екі фәріште жазып отырмай ма?” – деп жауап қайырады. Міне, құдайдың біздің бағымызға берген қажы, молдалары!

Енді мақсұтқа қайталық. Бұл кезде қазақша шығып тұрған бір газета, бір журналымыз бар. Мұның екеуі де байлықпен емес, талаппен шығып тұр. Бірақ жалаңаш талаппен алысқа баруға болмайды. Егер осы екеуі ғұмыр сүре алмай, тоқтап қалса, қай қазаққа болса да мұнан соңғы газета шығарамыз дегендердің сенімі қалмас. Соның үшін “алты ай баққан арықты бір күн ұрындырып алмай”, осындай тік тұяқ кезінде

күш алып көтеріліп кетуіне қам ойлау тиіс. Бұл арада “Қазақ” газетасы туралы бір-екі сөз айтпақшымыз.

Біз қай жердің қазағының болса да газета туралы тамырын ұстап байқадық. Бір қолдан жеткілікті пұл шығарып, жомарттық қылар бай көрінбейді. Алушылардың аяқ алысына қарасақ, осы күні-ақ қарқыны басылып қалған сияқты. Жұртқа газетаның шыққандығын тегіс білдіріп болғаннан кейін, жыл сайын сұранып жүруден қасиет жоқ. Ал сенер бай болмаса, жалғыз алушылардың (*подписчик — ред.*) ақшасымен жұмасында бірден артық шығаруға реті келмейтін болса, газетаның халықты керегінше қанағаттандыратындықтай жиі шығып, тоқтамауына бір ақыл қарастыру керек қой. Қазірге сөзді осы арада тоқтатып, бұл туралы келер нөмірлердің бірінде түтел жазармыз.

М. Д.
“Қазақ”, 30 август 1913 ж., N 28.

ОРЫНБОР, СЕНТЯБРЬ 14

Ішкі Россиядан ауып келген мұжық қазақ жеріне қара ағаштай қаптады. Бұларға неге келді деп өкпелеуге болмайды. Басы артық жерге ақсүйектер мен байлар ие болып, қатын-баланың күн көруі қиынға айналып, бұзауын арқандап бағатын болса, пәлен жерде жақсы жер бар деп қуса, мұжық сияқты қазақ та аумас па еді. Мұның шет жағасын Жиделі Байсынға көшіп жүрген қарауылдар көрсетіп жүр емес пе. Ал бұлай болса, қазақ жеріме көшіп келдің деп мұжықпен араз болмайды екен. Бірақ бұл кезде мұжықтың қазаққа қылып тұрған дұшпандық жері жылдан жылға артып бара жатыр. Қит етсе жанжал, төбелес, байлап тастау, кейде кісі өлтіру. Мұндай оқиғалар қазақ пен мұжық араласқан жерде тым-ақ көбейіп барады.

Міне, біздің басқармаға келген бір хатта Ақтөбе облысынан Досмұхамет Қожабай баласы жазады: “Өткен августың 28-і күні түс мезгілінде Жусалинский деген мұжық қаласының 5 орысы жоғалған екі атын іздеп, Аралтөбе ұлысына қараған Қазмұхаммет деген кісінің аулына келіп, атымызды сендер алдыңдар деп, екі кісісін ұстап алып кетті. Сол күні кешке екі жүздей орыс жиылып қару-жарағымен, манағы ұстап әкеткен екі қазақты арбаға отырғызып, күндізгі келген ауылға сау ете түседі. Сол арада арбадағы екі қазақтың бірін түсіріп, мылтықпен атып өлтіреді. Бірі қашып үйге кіріп кетеді. Мұны көріп, сол елдің ауылнайы Жүніс Қарабалаұлы

мойнына знагін салып, орыстарға қарсы шыққанда, орыстар ауылнайды да, ауылнайдың қасындағы інісін де мылтықпен атып салды. Екеуі де сол арада жан берді. Өлген үш кісіден басқа 7 кісіні атып, жаралап кетті. Төртеуі өлім халінде жатыр. Бұл іс туралы прокурор һәм доктырға хабар беріліп, осы күні тексеру болып жатыр”.

Бұл қалай арзан қан! Мұжықтың екі мәстегі жоғалады, кім ұрлағаны белгісіз. Оның үшін сен қазақсың, сенен басқа ешкім алмайды деп ел шауып, кісілерін шегірткедей қырады. “Қазақтың” өткен нөміріндегі Семей үйезі, Сейтен елінің қазағын мұжықтар қалай өлтіргенін оқушылар әлі ұмытпаған шығар. Сонда мұжықтар айтыпты ғой: “Қазақ өлтіргенге не жаза болушы еді!” — деп.

18-нөмір “Қазақта” Ақтөбе үйезі, Теректі болысында дәл осындай оқиға болғаны жазылып еді. Оның қысқа мағынасы мынау: Жәнібек деген елге көршілес Бозтобинский деген мұжық қаласының бір аты жоғалса, мұны сендер ұрладың деп, жүздей орыс ауылды қамап алып, жанжалдасып, жылқышыны алып кеткен. Орыстар қару-жарақ асынып, сайланып келген соң, ешкім қарсылық қыла алмаған. Бала-шаға, қатын-қалаш үрейі ұшып, далаға қашып, көп әбігер болған. Жоғалған ат сатып алған ат екен, аяғынан қашып бара жатқанда, қазына заводындағы полковниктің кісілері ұстап, мағлұм қылған соң ғана орыстар ашуын басыпты.

Ат аяғынан табылып қандай жақсы болған! Егер табылмаса, тоң мойын хохол Аралтөбе мен Сейтен елінің қазақтарына қылғанын қылмай ма?

Мұжықтың қазаққа істеп тұрған зорлықтарына қарағанда, патшаға бағынбаған, законге мойынсұнбаған жұрт секілді. Не нәрсенің бәрін қол іспен бітіреді. Қазақты ел екен демейді. Егер соңғы 5—6 жылда мұжықтың қазаққа заңсыз қылған зорлықтарын жинаушы болса, бір кітап болуында шүбә жоқ.

Көзім көрген оқиғалардан бір-екеуін жазайын. 1906 һәм 1907 жылдар Зайсаннан көшкен елмен Алтай тауына екі жыл жайлауға шықтым. Үш ұлыс ел (*Қара Ертіс, Қалжыр, Кендірлік*) Ертістен өтіп, Алтайдың тауына асады. Бұл екі арада үш мұжық қаласы бар. Ылдидан Алтайға асып шығатын Дирели дейтін жалғыз асу бар. Сондықтан көшкен ел амалсыз мұжық қалалары арқылы қара жолмен асады. Мұны біліп алған мұжық дәл жолдың үстін соқалап, шықпаса да егін салған болып, үш ұлыс елден егінімді басасың, пішенімді жапырасың деп сылтау қылып, мал басына, шаңырақ есебіне 30—40 тиыннан ақша алады. 1906 жылы жазды күні ел

әлгіндей жайлауға көшіп бара жатқанда, қазақ пен орыстың арасына тілмаш болып сөйлестім. Амал жоқ, қазақтар сұрағанын беріп көшті. Ертеңіне қалың елден малдары жоқ болып, 5—6 ауыл еру қалған. Түстен кейін үдере көшейін десе, мұжықтар тағы да ақша сұрайды, бермесең көшірмейміз деп. Өңкей тіл білмейтін қазақтар дағдарып, ілгергі елмен кеткен маған шауып келді. Кешегі ақша берген орыстарың пәле қылып бүгін де ақша сұрап жатыр деп. Мен бұлармен бірге орыстың қаласына келіп сөйлесем, мұжықтар шуылдап сөз бермейді. Қазақтарға қолдан берген қорлықтан, жолдан алған зорлығы артық. Көше беріндер дедім. Малды ауылдар еді, айғай-қиқу, ың-жың болып, қоралы қой, қосты жылқы көшпен араласып, тауға тырмысып асып жатыр. Орыс жоқ. Күн батты, қас қарайды. Бір кезде ағаштың арасынан мылтық, сойыл асынған 40—50 орыс шыға қаптады. Қазекенде үрей қалмай, атқа қамшы басып, тауға қарай жөнелді. Мұжықтар мені ұстап қаласына алып келіп, қазақтарға ақыл үйретіп ақша бергізбей көшірген сен деп каталашкасына жапты да тастады. Ертеңіне менен еш нәрсе өнбейтінін білген соң босатып қоя берді.

1907 май айында тағы да Алтай тауының ішіндегі Ақжайлау деген жайлауына Қара Ертіс елі көшіп келсе, 70—80 мұжық келіп ұлықтан алған рұқсаты жоқ, шатыр тігіп әр жерге егін салып тастайды. Қазақтар әдетінше жайлауына келіп қона бастайды. Мал кетеді бытырап. Мұжықтар егінге жақындаған малды шетінен мылтықпен атқылай бастайды. Мұның қалай деп алдынан қазақтар шықса, бір төртуыл жігітті атып өлтіреді.

Быттыр Қарқаралы үйезінен учитель Имам Әлімбаев маған жазған бір хатында айтады: Көрші мұжықтар жоғалған малымызды тауып бер деп ағайындарын ұстап әкетіп, қаласына апарып, неше түрлі ретпен қинаған. Табанына темір қыздырып басқан. Екі аяғынан жоғары көтеріп асқан. Үрпіне шөп жүгірткен.

Тағы да быттыр Павлодар үйезінің бір ұлысының үш қазағын (*мұның бірі Жұмағожа Әтиұлы деген ауылнай*) қасындағы көрші мұжықтар атымызды сендер ұрладындар, ұрласандар ұрладық деп айтындар деп ұрып- соғып, қорқытып өтірік мойындарына алғызған. Бұл үшеуін абақтыға әкеліп жапқызғаннан кейін мұжықтың қысымынан абақты кең көрініп, есін жинап, жараларын доктырға көрсетіп, арыз беріп, нахактығына көз жеткізіп, шығып кетті.

Осы нөмірде Зайсаннан жазған мұғалім Хаптасар Секеевтің хаты бойынша мұжықтар Қара Ертіс елінің тағы да бір қазағын қалай һәм не үшін өлтіргені басылып отыр.

Тере берсе, мұндай істер толып жатыр. Мұжықтың қазаққа қылып отырған қиянаттары көп. Бұларға тоқтау қылған кісі кем. Ретті жолмен олардың законсыз істерін көрсеткен қазақ та жоқ. Осы кезде орыстан мал жоғалса тек қазақтан көреді. Келеді де қол іс қылады.

1910 жылдан бері мал ұрлығының жазасын ауыр қылып (3—4 жылға дейін *арестантский рота*), үкіммен заң шығарды. Анық айғағы болса белгілеп, сол ұрының өзін сотқа берсін. Закон бойынша малын алсын, жазасын тартқызсын.

Мұжықтың қазақтан көбірек дәндеп тұрған бір ісі, егінімді жедің деп мал айдап алу. Бұл туралы да мұжықтың дегені болады. 5—6 сомдық егінге зиян келсе, 50—60 жылқы яки сиыр байлауда болады. Көп жерлерде жеріне түспей, жақын келген малдарды қаласына айдап алатын үйреніс бар. Қазақ барып малын сұрайды. Орыс бермейді. Сонан жанжал шығады. Қазақта орысқа қарсылық қылар шама жоқ. Егінге мал түскен болса, екі жағынан понятой барып достықпен сөйлесіп, егінді көріп кесім қылса, бермеймін деген қазақ тентек. Өлшеуден артық аламын деген орыстікі теріс емес пе? Екі жағы келісе алмаса, протокол жазып жоғары ұлыққа арыз беріп, законмен іздеу керек. Қолмен алу жол емес.

Әр жердің мұжықпен аралас қазақтары, егер көршілерімен тату бола алмай, жоғарыда айтылғандай, зорлық-зомбылық көретін болса, ұлықтарға білдіріп, қазақты мұжықтың жәбірінен құтқарып, тоқтау салуын тілеу керек. Мұжық орынсыз ақша төлетсе, қазақ үй басына 40—50 тиыннан бөліп салады да, көппен көрген ұлы той, бұл қанша шығын деп азсынып жүре береді. Мұның түбі үлкен шығын екенін қайдан білсін. Егер қазақ жылына үй басына балаларын оқытуға 40—50 тиын ақша жұмсаса, біраз жылдың ішінде қазақта оқымаған жан қалмас еді. Қазақ тегіс оқыған болса, қазіргідей басқаларға құл болып отырмас еді. 40—50 тиынның аз-көбін осыдан байқауға болады.

Орыс пен қазақ көрші жұрт болған заманда араларына мұндай дұшмандық кіруі жақсы емес. Көрші елдер тату болса, екі жағына да пайдалы.

Мұжықтар қазаққа қылып тұрған бұл қиянатын тоқтатпаса, екі халықтың арасы ашылып, қан дұшманы болып кетуі ықтимал. Қазақтың мұжықтан көріп отырған зорлығы, нахақтан төгілген қаны көпке шейін жүрегіне шер болып байланып, ұмытылар ма? Мұны hükümet те, жұрт та ескеретін жұмыс.

М. Д.
“Қазақ”, 1913 ж., N 30.

АДАМҒА ТІРШІЛІК НЕ ҮШІН КЕРЕК?

“Айқаптың” өткен жылғы үшінші нөмірінде Шәкәрім мырза бес ауыз сөз жазып жауап сұрады, сол бес ауыз сөзінің екіншісінде: “Адамға тіршілігінің керегі не үшін?” — деді.

Бұл сөздің шешуін тауып, лайықты дәлел келтіру оңай іс емес.

Адамзатқа тіршіліктің не үшін керегі бар деп білу керек? — деген сауалына әр заманда түрлі халықтың данышпан адамдары өз ойларынша түрліше жауап береді: “Құдайға құлшылық қылып, құдай жолын қуып, нәпсіні біржолата тыю керек, осыдан басқаға ғұмырды өткізбесе, сонда адамның жаны тыныш тауып, тәні мұңлықтан құтылады”, — деп бірталайлары айтты, басқалары айтты: “Жақынға, туысқанға, барша жан-жануарға жақсылық қылу керек, міне, адамға тіршілік бұл үшін керек”, — деп.

Әлбетте, адамға жан беріліп, дүние жүзінде жүруге ғұмыр берілген соң, ол ғұмыр жеп-ішіп, ұйықтап тұруға ғана болмауға керек, ол үшін ғана болған уақытында адам менен хайуан арасында ешбір айырма (*парық*) болмайды.

Адамға ойларға ақыл берілді, бір-бірімен сөйлесуге тіл берілді, олай болған соң адамзатқа тіршілік бекерге, босқа ғұмырды зая қылып өткізуге берген болмайды.

Не үшін бізге тіршілік керек деп білеміз?

Бұл турада қазақтың бұрынғы заманындағы қариялары, ойшылдарының айтып кеткен сөздерінің ішінде жауап табыла ма деп ойлаймын. Бұрынғыдан қалған сөздердің мағынасы көп, ойлары терең болушы еді, бұрынғылар: “Жақсылықты басыңа қыл, басыңнан асса досыңа қыл” деген екен. Осы сөзден Шәкәрім мырзаның жоғарыдағы сөзіне жауап табылады десек, қате болмас дейміз.

Тіршілік немен болу керек?

“Әуелі жақсылықты өз басыңа қыл, өзіңнен артылса досыңа қыл”. Міне, тіршілік осыменен табылады һәм соныменен көркем болады. Жақсылық деген сөзді әркім біледі, бірақ әр түрлі ұғады: “Егер біреу менің қатынымды алып кетсе, ол жамандық, мен біреудің қатынын алып, иеленсем ол жақсылық” — дейді екен. Аңның терісін киіп, жегені шикі ет болған даланың аңы сияқты өскен бір жұрт — “индеец” жақсылықты бұрын білген жоқ.

Ол сөздің мағынасы біреуге келген пайда, біреуге залал яки қиянат, зорлық болмау керек, мұнда жақсылық болады.

Болмаса біреуге деген жақсылық біреуге зорлық болған

уақытта ол жамандық болып табылады. Адам өз басынан асып басқаға пайда келтірерлік болса, сонда “досына қылсын” деген. Ал “дос” деген сөздің мағынасы не болмақ?

Құда, тамыр, ағайын-туған яки көңілдес кісіні айта ма, жоқ болмаса басқа адамдарды дос деуге бола ма? Бұл сөз “туған, туысқан, ру” деген сөздерден аулағырақ болып, дұшман болмаған кісілердің һәммесі дос болып табылады” деген мағынада болар деп ойлаймын.

Біздің қазақ ғұрпында қай заттан болса да ел ішіне келген адам, нәсіліне қарамай, бәрі бірдей құрметті болады, бәрі бірдей қонақ болып көрінеді. Бұл ғұрып, бұл қонақтылық “дос” деген сөзді жоғарыда айтылған мағынада ұғуға бір дәлел. Қазақтың қарияларының айтып кеткен сөзіне қарағанда, тіршіліктің қызығы адамзатқа жақсылық қылуменен болып көрінеді.

Осы айтылған сөздерменен Шөкәрім мырзаның үшінші сұраған сауалына жауап табыла ма деймін.

Қандай адам жақсы кісі болмақ керек?

Сондай адам жақсы, кімде-кім жетім-жесір, көріп-қасар, қысылған-қымтырылғандарға жақсылық қылып, оларды қуантып қойса.

Ал енді, бұл күнде жоғарыда айтылған қариялардың сөзі бойынша біздің халықта іс қылған кісі бар ма? Көз салып тұрсақ, бұл заманда досына жақсылық қылған адамдар кем көрінеді. Біздің қазақ арасында жақсыларымыздың бар ойлағаны ел билеп, хукім жүргізу. Ол ел билеу деген теріс болмас еді, елге пайда келтіретін болса, билеріміз қара қылды қақ жарған ғаділ болса, болыстарымыз жұрт қамын жеп, жұрт сөзін сөйлеп қорған болса, сонда болыстық, билік – жақсы бір дәреже деп масаттанар еді. Ел ішінде көреміз, жақсыларымыздың істеген көп жақсылықтары “индеецтің” жақсылығы секілді.

Мөз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың
Шенді шекпен жапқанға.
Күнде жақсы бола ма
Бір қылығы жаққанға?
Окалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?!
Күлмең қағып қасқайып
Салынып ап мақтанға,
Таң қаламын қампайып,
Жоқты-барды шатқанға.

Абай

Ел билеген жақсылардың ойлағаны ел қамы болмаса, әрқайсысы өзінің пайдасын ойлап, мұқатқаны ағайын-жұрты болса, билерде әділет болмаса, енді жақсылықты жұрт қайдан күтпек керек?!

М.
“Айқап”, 1913 ж., N14.

ЕКІНШІ ФЕВРАЛЬ

1913 жылы 2 февраль – “Қазақ” газетінің 1-нөмірі шыққан күні. Биылғы 2 февраль газеттің бірге толып, екіге аяқ басқан күні. Бұл күні Орынбордағы қазақ жастары баскармаға келіп, басқа жердегі жастар телеграммен құттықтап, газет өмірлі болып, халыққа пайда келтіруіне тілектес көңілдерін білдірді. Баршаларына тәңір жарылқасын айтамыз!

“Қазақ” газеті—әуелі тез ойланып, тез дүниеге шыққан істің бірі, екінші пұлмен емес, тәуекелмен бастаған істің бірі. Шығаруға бел байлағанда қолдағы пұлымыз небары 750 сом еді. Халықта баспасөзге аңсаған адамдардың барлығымен газет жүріп кетті. Әйтпесе 750 сом қаншаға шыдар еді? Дүниеге шығып көрінуі-ақ мұң екен, жұрт жабылып көтермелеп кетті. Сондықтан бастауға себепкер біздер болсақ та, жүргізуге себепкер болған, жұртқа кірген саңылау һәм сана, яғни жұрт ішіндегі саналы, саңылаулы адамдар. Жұрт азаматтарының бірсыпыралары пұл жағынан, бірсыпыралары қалам мен білім жағынан, бірсыпыралары екі жағынан да жәрдем етті. Баршаларына жұрттың тілі болып тұрған “Қазақ” атынан тәңір жарылқасын айтамыз.

Ел адамы түгіл егіздің сыңары бірдей болмайды. Ел ішінде не жан жоқ? Газетімізге қастық ойлап, һүкімет алдында қаралауға ойлаған бауырларымыз да болды. Бірақ “Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемес” деген, қатын-өсек сықылды пыш-пыштаған ұсақ күңкілдер көптің көмегіндегі жұмысты тоқтатып, елдің ілгері басқан аяғын кейін кетіре алмас. Газет, кітап сияқты нәрселер халықтың градуснигі (*тамыршысы*), халықтың ішкі сарайы, яғни сана, саңылауы қандай күйде тұрғанын газет һәм кітап сияқты нәрселерден байқауға болады. Қазақ жұртын аурулар жайлап, әлін кетірсе де, әрекет аралап, берекесін алса да, жұрт болмай жоғалады деген үшқыр философтардың пайғамбарлық дағуалары асығыс қой дейміз. Қазақ тамырын ұстаған газет һәм кітаптардың айтуынша, қазақтың тәні азғанмен, жан-жағы үмітсіз еместігі көрініп

түр. Рас, 6 миллион қазақтан 3 мың кісі газет алдыруы, яғни 2 мың кісіден бір-ақ кісі газет алдырғаны аз. Бірақ аз көбеймекші, кішкене үлкеймекші. Үміт үзіп, қол серпетін күйге қазақ жеткен жоқ, іс — алаштың азаматтарында. Азаматтар адал көңілмен жұрт жұмысына жабылса, ұлтын тура жолға бастаса, халық өз азаматтарын өз жұмысына керек қылып жұмсауды білсе, қазақ жұрт қатарына кірмей қалмас. Істей білсек, жұрт бізді жұмысына жұмсауды да үйретер. Жұрт жұмыскері болмақта ниеті бар азаматтарға газет пен кітаптардың таралуы анық тәжірибе. Ұнамды істен ұлтымыз қашпайтын сияқты. Жұрттың бұлай көрінгенін қолымызға қуат, белімізге сүйеу көріп, газеттің екінші жылғы жұмысына екі есе артық жігермен, екі есе жарық үміт сәулесімен қуаныш етіп кірісіп тұрмыз.

М. Д.
“Қазақ”, 1914 ж., N 49.

“АЙҚАП” ЖУРНАЛЫ

“Айқап” журналы шыққалы — 3 жыл. Бұл журнал қазаққа баспасөздің ең керекті кезінде шыққанға жұрттың бәрі тілектес һәм көмектес болып, жұрттың бәрі жылы шыраймен қарсы алып еді. Бірақ анда-санда ғана көлденең білімділердің тәуір сөздерімен біраз рең алғаны болмаса, басқарылуы тәртіпсіз. Тіпті бағыты тұрлаусыз болып, көбінесе ерсі сөздерге толып, журналдың түсін солғындата беруші еді. Сөйтсе де, жаңа басталған іс болған соң, ондай кемшіліктерін кешіп, түзелер деген үміттен жұрт алыстамаушы еді. Сөйтіп келе жатқанда, “Айқаптан” екі жылдан соң, “Қазақ” газеті шықты. “Қазақтың” шығуы толғағы жеткен баланың туылуындай еді. “Айқап” оған шейін айында бір-ақ шығып, оның өзі де артық толымды болмады. Екінші — ол жақсы болғанда да, журнал мен газеттің арасында айырма барлығы мағлұм(белгілі).

“Қазақ” шыға бастағаннан-ақ жұртқа өзін сүйкімді көрсетті. Қазақтың ілгері қатардағы оқығандары, білімділері қолдарынан келгенше көмегінде болып, үміт етерлік адамдар тегіс жазыса бастады. “Айқап” пәлен деп бір ауыз жаман сөз “Қазақта” жазылған жоқ, өз жолымен жүрді. Жамандау ниетінде де болған жоқ. Қайта, жазғы нөмірлерінің бірінде ақсақал Шәкәрімнің қаламымен жазылған мынау бір сөздерді “Қазақ” (18-нөмір) басып шығарды:

“Білімсіз ел жас бала секілді, бір жаңа нәрсе көрсе, бү-

рынғыны тастап, соған ұмтылмақшы. Біздің қазақ “Қазақ” газеті шыққан соң “Айқап” журналын тастап кете ме деп кәдік көремін. Тамам қырғыз бен қазаққа бір журнал, бір газет көптік қылмас. Екеуін де алу керек! Газетке сөз жазушы мырзалардан өтінеміз. “Қазаққа” да, “Айқапқа” да сөз жазып тұрсаңыздар екен. Себебі мынада пәленшенің сөзі жоқ деп жұрт сылтау қылып, ынтасыз болмасын. Осы бір газет, бір журналымызды үлкейтеміз, көбейтеміз демей, қолдағы бар екеуін көп алып оқуға тырыссак болады. Қазір осыдан артықты көтерер шамамыз жоқ қой деп ойлаймын. Оқушымен байлығымыз белгілі ғой”, — деп.

Егер “Қазаққа” жұрттың ықыласы “Айқаптан” гөрі артығырақ болса, біз мұны, Шәкәрім қарт айтқандай, жаңа шыққан нәрсеге жұрт таңсықтығынан жабылып, “Айқапқа” соның үшін салқын қарады деп ойламаймыз. Мұның дәлелі көз алдымызда. “Қазақтан” бұрын “Айқап” шығып тұрған кезде Оралда “Қазақстан” газеті шыққан. Егер жұрт асылын танымай, тек жаңалығына құмар болатын болса, “Қазақстанды” “Қазақ” секілді көтермелеп кетер еді, олай болмады.

“Қазақ” та, “Айқап” та өз бетімен жатқан кезде, сәтсіз күні басталған бас қосу мәселесі шыға келді. Ол туралы “Қазақ” та, “Айқап” та өз пікірлерін армансыз айтты. Жұрт қанша алаң болса да, ақырында қай пікірдің дұрыстығын көзі көргендей болды. Мұнда да ешкім айыпты емес. Әркім ойындағысын айтудың шамы жоқ.

Қазақтың бар мұны съезде тұрған жоқ. Неше тарау жұрт керегін жаза білсек, істей білсек, әлі де алдымызда уақыт бар. Бірақ не себептен екенін білмейміз, “Қазақ” газетін аузына алмаса, “Айқаптың” көңілі көншітін емес. “Қазақ” пәлен, “Қазақ” түген демесе, жазған сөзі ұйқаспайтындай көрініп тұр. “Айқаптың” күзден бергі нөмірлерінде “Қазақтың” иә “Қазаққа” жазылушылардың аты аталмаса, журнал мақсатына жете алмайтындай болып келеді. Бас қосу мәселесінде де “Қазақ” айыпты, жер мәселесінде де “Қазақ” айыпты, партия ісіне де себепші болып тұрған “Қазақ”. “Айқапта” түс көрген өлеңші де “Қазақты” жырлайды, циркке барып палуан көргендердің есінен де “Қазақ” қалмайды. Басқармадан біреуге жауап жазылса да баяғы “Қазақ”. Қазаққа алалық қайдан келгенін жазғанда да аяғы келіп “Қазаққа” соғады. Өлген кісілерді де тіршілігінде “Қазақтың” пікірін қуаттағаны үшін сөгеді. Бұл айтқанның бәрі аздай, “Айқаптың” соңғы шыққан 2-нөмірінде: “Қазаққа культура кіргіземіз, қазақты ағартып тура жолға бастаймыз деп ашылған

“Қазақ” газетінің әзірге пайдасы ілгері басуға бөгет болып, жұрттың бүліншілігіне көп себеп болып тұрған “Степное положение” қолдаушыларға тиіп тұр. “Қазақ” газетін шығарушы мырзалар шын ұлт пайдасын ойлайтуғын ілгері қадам жігіттер болған соң, олардан үмітіміз бұл емес еді. “Адасқанның алды жөн болғаны-дағы”—дейді.

“Қазақты” һәм “Қазақ” жазушыларын тынышына тастап, “Айқаптың” өз жөнімен боларлық мезгілі әлі де жеткен жоқ па?! “Қазаққа” не қыл дейді? “Қазақ” халыққа пайда орнына зиян келтіріп тұр десе, ешкімнің атын атамай-ақ, өз пікірін айтып жұртқа түсіндіруге болмай ма? “Қазақтың” пайдасыз болуы “Айқаптың” абыройлы болуына бөгет бола ма? Абыройлы боларлық, халыққа шын керекті нәрсені айнадай ашық көрсетсе, жұрт соқыр ма, танымай ма? “Қазақ” жақсы болса, “Айқапқа” да жақсы болуға орын қалмай ма? Қазаққа бір жақсы газет, бір жақсы журнал бірдей керек емес пе? “Айқап” бәсекеге мұнша неге құмар болды? “Айқаптың” айтуынша, “Қазақ” халықты адастырып тұр, ашып айтпайды деген мәселелер бұрын да жазылған. Мұнан кейін де өз ретімен жазылып тұрар. Онда да “Айқапты” қаралап жазылмас, дәлелімен жазылар.

“Айқап” әлі де “Қазақ” туралы жазатыным бар десе, қағазда тіл жоқ, не жазса да шыдайды. Тым асқынып бара жатқан соң “Айқапқа” берер жауабымыздың алды-арты осы. Құдайға шүкір, бір-бірімізді қажаудан басқа да ермегіміз бар ғой.

Үміт етеміз, “Айқап” жолдасымыз орынсыз аузынан көбігін шаша бермес, енді тоқталар деп.

М. Д.

“Қазақ”, 1914 ж., N 51.

МҰСЫЛМАН ІСТЕРІ ХАҚЫНДА

Петербург кеңесі

29 апрельде ішкі істер министрлігінде мұсылман істері жөнінде кеңес ашылатыны мағлұм болды. Бұл кеңесте күллі министрліктен өкілдер болмақшы. Мәжілісте председательлік етуші — ішкі істер министрлігінің серігі Золотарев.

Бұл кеңесте мұсылмандардың қандай істері қаратуы туралы hükümet істерінен хабардар “Мир ислама” журналы мен сенімді “Русская ведомость” газетінің жазуынша: 1) Бұл күнде мүфтилігі жоқ мұсылмандарға жаңадан мүфтилік ашуға жоба жасамақшы. 2) Бар мүфтиліктерді түзетіп, солардың

қызметіндегі адамдардың санын өзгерту жайынан кеңеспекші. Бұл кеңеске мұсылмандардан өкілдер шақырылуы белгісіз.

Соңғы кездерде билік, мұфтилік істерін hükümet қолға алып жатқандығы газетімізде сан жазылды. Бұған жұрт қанша құлақ қойғанын, не істегенін білмейміз. Жалғыз-ақ бізге мағлұм — қазағы аралас жерден Жетісу мұсылмандары тиісті орындарға, төменде жазып көрсеткенімізше, мұн-мүдделерін білгізді. Бұлар бұл тілектерін сұрауға 1906 жылы 31 мартта кеңесіп, қаулы қылынған екен. Сол жылы апрель жұлдызында бас министр граф Виттеге жіберіп, 1908 жылы 2 сентябрьде Түркістан уалаятын тексеруге барған. Сенатор граф Палинге де ұсынған екен.

Сонан бері оларға еш жауап болмаған. Енді жаңада мұсылман істері туралы Петербургте hükümet кеңес құрмақшы болған соң, Жетісу мұсылмандары бұрынғы тілектерін жанғыртып, бес кісі қол қойып, ішкі істер министріне, Г. Дума һәм мұсылман фракциясының председателдеріне жіберіпті. Бұлардың тілектері біздің қалың қазаққа да өрнек болуға жарарлықтай болған соң, бұл арада жазып өтуді лайық көрдік. Олар мынау:

“Түркістан уалаятында бір духовное собрание (*мұфтилік*) ашылсын. Бұл мұфтилік те қазіргі Россияда бар мұфтиліктерге беріліп отырған праволармен пайдалансын.

Түркістан мұфтилігінде уалаяттағы мұсылмандардың әр табынан (*қазақ, ноғай, сарт*) бір-бірден қажы болсын. Әр таптың ісі духовное собраниеде сол таптың өз қажысы ұсынуымен каралсын.

Егер Россия мұсылмандары үшін ортақ мұфтилік ашыла қалса, Түркістан мұфтилігі соның қол астында болсын.

Мұфтилер, шехисламдар, қажылар, имамдар, мәзіндер, басқа дін қызметіндегі адамдарды мұсылмандар өздері сайласын. Бұларды бекітуші hükümet төрелері болмай, духовное собрание болсын. Бұл қызметтерге шет патшалықтар да, оқыған адамдар да сайлануға жарасын.

Мешіт, мектеп, медреселер ашу, бұларды түзету рұқсаты духовное собраниеден болсын. hükümet жағынан бұған еш бөгет болмасын. Мұнан басқа да бұл туралы ішкі Россия мұсылмандарының мешіт, мектептері үшін лайықталған низамдарға бойсұнамыз.

Россия мұсылмандарының мектеп, медреселері жөнінде лайықталған жөн-жобаларын біз түгел қабыл етеміз.

Дін қызметіне лайықты адамдар даярлау үшін заманның рухына лайық қылып, медреселерді түзетуге һәм керекті орындарда жаңадан ашуға ерік берілсін.

Жетісу облысында бес тап мұсылман халқы бар: қазақ, қырғыз, ноғай, тараншы, сарт. Осы бес таптың әрқайсысынан бір-бірден Г. Думаға депутат сайлансын”.

Жетісу мұсылмандарының тілектері осы. Біздің қазақ бұған қосары иә кемітері бар ма? Иә осыны түгел мақұлдай ма? Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарының қазақтары 1905—1906 жылдары болмаса, бұл мәселе жөнінде соңғы кезде, әсіресе мүфтилік һәм билік істері Думада қаралуға бет алып тұрған кезде, елдігін көрсете алмай тұр.

Ішкі істер министрлігінде кеңес болу хабары таралмастан бұрын, 27 мартта депутат Құтлық Мұхамед мырза Тевкелев ішкі істер министрлігіне барып жолығып, мұсылмандардың рухани істері жөнінде өзара кеңесуге рұқсат сұраған екен. Министр үлкен съезд болмаса, кішкене кеңес-мәжіліске рұқсат беруге болады деп ұнатыпты. Бұл туралы тілегіңізді арызбен жазып беріңіз депті. Және айтыпты: “Мұсылмандардың дін істері жөнінде өз қол астымдағы кейбір төрелермен де кеңесіп өтермін” деп. 29 апрельде болатын кеңес осы боларға керек. Қалай да болса кішкене съезд жасауға өз тарапынан тоқтау болмастығын білдіріп, министр депутатқа арызыңызбен бірге съездің программасын, қанша кісі һәм кімдер съезге шақырылуы хақында мағлұмат беруге қосқан.

Тевкелев министрдің ынғайын байқаған соң, шет діндер мекемесінің директоры Минкинге де барып жолыққан. Бұл да съезге жақсы көзбен қарағандығын білдірген. Содан соң Тевкелев 31 мартта съезге емес, кеңес мәжілісін жасауға рұқсат сұрап, министрге арыз берген. Арызында көрсетілген мәжілістің программасы мынау:

1) Қазіргі мүфтиліктер жөніндегі закондарды тексеру.

2) Келешекте ашылатын мүфтиліктер жөнінде жаңа закон жобасын әзірлеу. Бұл мәжіліске шақырылады: Түркістан, Кавказ, Қырым, қазақ халықтарынан, ішкі Россиядан зиялылар, молдалар һәм мүфтиліктен бір-бір өкіл. Бәрі 35 кісі. Кеңес 6 майдан 20-сына дейін болмақшы.

Министрдің уағдасына қарағанда, бұл мәжіліске рұқсат қазір беріліп қоймаған болса, енді берілуінде шүбә болмаса керек.

Енді біздің қазаққа да құр от басында отырып, “дін, дін” демей тілегін, пікірін жарыққа шығарып, майданға салатын кезек келді. Қазақты жақтарлық депутаттарға да, Кеңеске шақырылған өкілдерге де “Қазақ тілегі, қазақ пікірі” деп отыратын таяныш, дәлел беретін ретіміз осы. Қалың қазақ

болып, әр жерден тезірек арыздарын, тілектерін поштамен, телеграфпен 6 майға дейін мына әдіріспен жіберерге керек.

Петербург, ул. Таврическая 31, кв. 19.

Председателю мусылманской фракции К. Тевкелеву.

Бұған жігіттік көрсете алмаған қазақтың бас адамдары, молдалары мұнан былай “елім-жұртым” деулері бекер.

М. Д.

“Қазақ”, 1914 ж., N 58.

АБАЙ

Опат. 23 июнь 1904 жыл.

Бүгін атақты қазақ ақыны марқұм Құнанбаев опатына дәл он жыл толды. Егер Абай қазақтан өзге оразды жұрттардың бірінің ақыны болса, сегіздегі баласынан сексендегі шалына дейін түтел атына қанық, сөзімен таныс болар еді, елі туғанына сүйініп, өлгеніне тегіс күйінер еді. Опатына он, жиырма бес, елу, жүз жыл толған сайын бүтін жұрт ескеріп, матбұғаты қайнап, есімін мәңгіге шейін қалдыруға өшпес белгілер орнатып, құрметіне неше түрлі ізгі жайлар ашар еді.

Не шара? Біздің жұрт әлі күнге шейін мәдениет басқышының ең төменіне аяқ баса алмай тұр. Қазақ әдебиетінің атасы хакімінде тарихта аты алтынмен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында алпыс жылдық өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді. Туғанын, жасағанын, өлгенін өз елі тобықтыдан басқа қалың қазақтың көп жері білмей де қалды. Осы заманда үш ауыз сөздің басын құрай білетіндердің жазулары тасқа басылып, халыққа таралып, сынға түсіп тұрғанда, Абай сөзі өзі өлгеннен кейін бес жыл өткенде басылды. Абай кітабы басылғаннан соң да елге көп тарай алмады. Былтырдан бері ғана “Қазақта” Абайдың кім екендігі жайынан жазылған соң, қазақтың әр жерінен сұраушылар бола бастады.

Абай сөзі өзінің тірі күнінде басылмау себебін, өлген соң да балалары неге тез бастырмағанын анық білмейміз.

1904 жылы июнь айының басында Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: “Естуімше, Абай өз өлеңінің басылып шығуын тілемейді һәм бастыруға ешкімге

рұқсат бермейді екен, күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып, Абайға сәлем беремін, танысамын һәм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесемін”, — деп. Ахметке Абайды көруге нәсіп болмады. Абай өмірі күзге жетпей, сол июннің 23-інде опат болды.

1905 жылы “Семипалатинский листок” газетасында һәм онан кейін Семейдегі Географический Обществоның шығарған бір кітабында¹ Әлихан Бөкейханов Абайдың тәржіма халін жазды һәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады. 1909 Абайдың балалары һәм інілерінің ризалығы һәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургте Бураганский баспаханасында басылып шықты. Бұл күні қолымыздағы кітап — сол бірінші баспасы.

Бүгін Абай секілді атасымен қазақ халқы мақтанарлық ақынымызды арамыздан жоғалтқанымызға 10 жыл толуын еске түсіріп, халқымыздың мұндай адамының қадірін білмеуін айтып қана өтеміз. Тәржіма халі өткен жылы “Қазақтың” 39, 41 һәм 43 нөмірлерінде, бұрын өз кітабында һәм Географический Общество кітабында жазылғандықтан, бұл жолы тарқап жазбаймыз.

Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі — қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы — тарихы, әдебиеті жоқтықтан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны — әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей.

Соның үшін жиырмасыншы ғасырдың таңында халқымыздың ұйқыдан азырақ бас көтеруі, жас әдебиетіміздің өсуі, белгілі кісілеріміздің тірлігінде һәм өлген соңында мәңгі ұмытылмастай болуы — біздің бірінші ескеретін борышымыз. Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш — Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлкі, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғары, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз — Абай.

Орыста бірінші жазушы Ломоносов, бір балықшының баласы еді. Онан кейін сан жүйріктер шығып жатыр, сонда да орыс әдебиетінің тарихында бірінші орын, бас бәйге Ломоносовқа арнаулы. Неше жүз жылдан бері Ломоносовтың атын орыс халқы көңілінде һәм тілінде сақтап келеді, мұнан соң мың жылдар өтсе де, оған көрсетілген қадір, құрметтері артпаса, кему жоқ. Біз де Абайға сол көзбен қарауға керек. Абайдың есімін, сөзін өте құрметтеп, ұмытпастай басына белгі орнатып, құрметіне ізге жайлар ашарға керек.

Бір-екі ай мұнан бұрын, Семей қаласында, білімді, жүрегінде жалыны бар бірнеше азаматтар Абай құрметіне қирағатхана ашады деп естіп, қуанып едік, сол хабардың жандануына тілектеспіз. Бұл туралы өрнекті басшылықты әуелі Семей халқынан күтеміз. Өткен 26 январьда Семей қаласында Географический Общество ондағы оқыған қазақ жастарының жәрдемімен, Абай құрметіне өткізген әдеби кешін жасағандығы Семей халқынан күткен үмітімізді күшейтуде зор дәлел болса керек. Ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған бірінші әдебиет кеші болып һәм бірінші қазақ әйелі (*Нәзифа ханым Құлжанова жамағатының*) майданға түсіп, берген өрнегі еді.

Біз бүгін ардақты ақынымыз, марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөзі атадан — балаға, немереден — шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз. Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, “Бірінші ақынымыз” деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...

М. Д.

“Қазақ”, 1914 ж., N 67.

ШОҚАН ШЫҢҒЫСҰҒЛЫ УӘЛИХАН

(1837¹ — 1865 жыл)

Былтыр 23 майда шыққан “Қазақтың” 15-нөмірінде Григорий Николаевич Потанин жайынан “Қыр баласы” хатының аяғында “Потанин оқуды Омбы корпусында Шо-

¹ Шоканның туған жылы 1837 деп ағат алынған, дұрысы — 1835 жыл (Ред.).

қан Уәлиханмен бірге оқыған...” “Орысша оқыған қазақтың ең есті, артына кітап қалдырғаны осы Шоқан”, – деп еді. Сол есті Шоқанды һәм оның шығарған кітабын жалпы қазақ түгіл, оқығандар арасында бітушілер өте сирек болса керек. Соның үшін “Қазақ” арқылы жұртты Шоқанның өзі һәм кітабымен таныстырғым келеді.

Шоқанның кім екенін көп қазақтың білмеу себебі – оның опатына биыл қырық тоғыз жыл өтті. Қазақ сияқты, өнер-білімнің асылын танымаған, қаламмен қызмет етушілердің қадірін білмеген жұртқа қырық тоғыз ұмытарлық көп заман. Қылышынан қан тамған батыр болмаса, Қарымбайдай ертегі болып қалған бай болмаса, оқушысы жоқ біздің қазақ ғылым жолында еңбек сіңірушілерді тез ұмытқыш келеді. Бірақ заман өткен сайын халықтың көзі ашылып, әдебиеті гүлденіп, матбұғаты жайыла бастаған кезде, естен шыққан Шоқандардың артында қалдырған сөзі қайта тіріліп, кім екендігін білдірмей қоймайды. Міне, қазақ үшін сол дәуір елу жыл дегенде туып отыр.

Шоқан 1837 жылы Ақмола облысы, Көкшетау үйезінде, Сырымбет деген жерде туған. Шоқанның кітапта шын аты Мұхаммед-Ханафия екен. Шоқан – бала күнінде еркелетіп қойылған ат.

Шоқанның ата-тегі. Шоқан Орта жүздің атақты ханы Абылайдың шөбересі, Уәли ханның немересі, Шыңғыс төренің үлкен ұлы. XIX ғасырдың 30-жылдарында һүкімет Уәлихановтарға Сырымбетте ағаштан мешіт һәм үй салып берген екен. Шоқан балалық дәуірін сонда өткізген. Шоқанның әкесі Шыңғыс Омскідегі казак-орыстар үшін ашылған школда оқыған (*бұл школа соңынан кадетский корпусқа айналған, осы корпусқа Шоқан оқыпты*), 40-жылдардың басында Шыңғыс төре Сырымбеттен көшіп, осы күнгі Қызылжар үйезінде Құсмын дейтін жерді мекен еткен. Сол кезде Шыңғыс төре Құсмұрын округіне аға сұлтан болып тұрған.

Уәлиханның үлкен баласы (*Шыңғыстың ағасы*) Ғабидолла төрені Орта жүз хан көтерген, Қытай һүкіметі бұл байлауды мақұлдап, Ғабидолла төреге хан дәрежесін беріп грамота жіберген екен, бірақ Россия һүкіметі Ғабидолланың хан болуын ұнатпай, Ғабидолла да Россияға бойсұнбай, ақырында Ғабидолланы жер аударыпты.

Шоқанмен бірге оқыған досы, атақты ғалым Потанин: “Ғабидолла Березов деген жерде айдауда жүргенде өлсе керек”, – дейді. Ал қазақ қарияларының айтуынша, Ғабидолла (*қазақ*

Абайділда деген) айдаудан аман қайтып, еліне қосылған. Бұл туралы Ғабидолланың айдаудан қайтқанына дәлел, осы күні қазақтың аузында Орынбай ақын айтқан екен деген өлең бар:

Хан Абылай өтіп кетті-ау кеше жүрген!
Үш жүздің баласына олжа берген.
Сегіз жыл Итжеккеннен әрмен кетіп,
Ханымыз Абайділда қайта келген.

Биылғы қатты болды-ау қыстың жұты:
Бес теңге Қызылжарда ұнның пұты.
Орта жүз, ырысың бар ел екенсің,
Хан келді Абайділда – елдің құты.

Ғабидолла төренің айдалуы һәм оның қайда өлгендігі жайынан Шәкәрім шежіресінен де ұшырата алмадым. Жоғарыдағы екі түрлі сөздің қайсысы дұрыс екендігін білушілер болса, анықтаса теріс болмас еді.

Шоқанның шеше тегі. Шоқанның шешесі Зейнеп ханым, тұқымы осы күні Баянауылды мекен етіп отырған қаржас Шорман бидің қызы. Зейнептің туған ағасы Мұса мырза заманында алашқа даңқы шыққан қадірлі би болып, һүкіметке де құрметті болып, полковник шенін алған һәм Баянауыл округіне аға сұлтан болған кісі. Мұса мырза өз тұсындағы қазақтан оқшау еуропаласқан адам екен. Көп уақыт Омбы қаласында тұратын болған, екі рет Петерборға да барып қайтқан. Мұса мырза 1887 жылы опат болыпты. Биылғы Петербордағы мұсылман съезіне Семей облысынан барған Садуақас Шорманов осы Мұса мырзаның баласы.

Шоқан – Шыңғыстың үлкен ұлы екен. Шоқаннан басқа Шыңғыс төренің Махмұд деген баласы, тағы да бір керең, мылқау ұлы һәм Нұрида деген қызы болыпты. Нұриданы Шоқанның нағашысы, әлгі айтылған Садуақас мырза Шорманов алған.

Шоқанның оқуы. Шоқан Омскі кадетский корпусқа 1847 жылы күздігүні он жасында түсіпті. Бір ауыз орысша тіл білмейтін бала оқуға тез жаттығып, зеректігін көрсете бастапты. Шоқан корпусқа түскенде, осы күнгі ғалым Потанин онан бір жыл бұрын оқып жүр екен. Шоқанды ауылынан алып келген пограничный начальниктің переводчигі В. И. Дабшинский қырдан келген жас қазақ баласы жатырқап, жалғызсырамасын деп Потанинге серіктікке қосып берген екен (*Потаниннің сол кезде-ақ естілігі білінгені ғой*). Шоқанның зеректігі әуелгі күннен-ақ біліне бастаған. Оның

зеректігіне қарай, сол кезде Омбы кадетский корпусында, Потаниннің жазуына қарағанда, оқу тәртібі өте жақсы қойылған екен. Бүтін Сібірдегі орта дәрежелі школдардың алды Омбы корпусы болып, хатта Иркут, Тобол һәм Томскі гимназияларының оқуы һәм оқытушылары ондағыдан төмен болған еді, — дейді Потанин. Шоқан түсерден бір жыл ғана бұрын кадетский корпусқа айналған бұрынғы казак-орыс школында оқытушылар надан урядниктер еді, Шоқан түскен жылы Петербордан тәуір учительдер алдырып, инспекторлыққа Кавказда қызмет етіп тұрған жас капитан Ждан-Пушкин келді. Бұл келісімен корпусқа жаңа рух кіргізді. Ждан-Пушкин төрт жағы тең оқымысты, білімді адам еді; ол француз, неміс һәм ағылшын тілдерін жете білетін, Еуропа әдебиетінің тарихымен жақсы таныс һәм тарихқа жүйрік еді. Ждан-Пушкиннің ашық, жақсы мінезі, түзу пікірі оқушыларға жақсы әсер беріп, кадеттер көп өрнек алып, дайым соған еліктейтін еді.

Ждан-Пушкин инспектор болған соң алдымен учительлердің көбін шығарып, жаңадан алдырып, ескілерден үшеуін ғана алып қалды. Үшеудің бірі Қазан университетінің восточный факультетін бітірген Костылецкий еді. Ол корпуста орыс тілін һәм әдебиетін оқытты. Костылецкий арабша, парсыша һәм ноғайша тілдерді жақсы білетін ориенталист (*күншығыс халқының тілін, тарихын, әдебиетін һәм рәсімін жақсы білуші*) еді, оның казак тілі һәм рәсімі жайынан жинаған нәрселері бар еді. Сондықтан Костылецкий Шоқанды жақын көріп кетті. Костылецкий білімді, өткір, ешкімнен жасқанбай туралықты сүйетін адам еді.

Ждан-Пушкиннің қалдырған үш учителінің екеуі Старков һәм Гонсевский дегендер де оқымысты, ақылды еді, бұлар оқушыларды оңға бастайтын адам болып шықты. Бұл үш учитель шәкірттердің кітап бетінен оқуынан басқа, фикрін ашып жүрді. Бұлардың білімінен кадеттер, әсіресе зерек Шоқан көп пайдаланды.

Балалар оқудан босаған мейрамдарда, Шоқанның зеректігін, аса ақылдылығын байқаған Омбының білімді адамдары Капустин һәм Гутковскийлер үйлеріне алдырып, өз балаларындай көруші еді. Гутковский оқымысты адам еді, оның үйіне Омбыдағы болсын, шеттен келген жиһанкездер болсын, соқпай кетпейтін еді. Сол кезде Омбы абақтысында писатель Достоевскиймен бірге отырып шыққан досы Дуров та жиі болатын еді. Осындай білімді адамдардың арасында жүрген Шоқанның пікірі тез ашылып кетті. Шоқанның

Гонсевскиймен үнемі сөйлескенде үйреніп алған саясат туралы пікірлерін серіктері, солардың ішінде мен де ұқпайтын едім. Шоқан біздің қасымызда, кіші болса да үлкен кісідей еді, біз оның қасында түк білмейтін ыштансыз бала секілді едік, — дейді Потанин.

Потанин айтады: мен Шоқанмен әуелгі кезде шын жақсы бола алмадым. Шоқан орысша, мен қазақша сөйлесе алмайтын едік. Соңынан Шоқан орысша тіл үйренгеннен кейін бірте-бірте үйір болды, әсіресе мен кітап оқуға әуестене бастап, көбінесе жиһанкездердің кітаптарын оқып, қазақ жайынан да білгім келген кезде, керексінген нәрселерімді Шоқаннан сұрап, дәптеріме жазып алатын болдым. Шоқан маған қазақ жайынан, қазақтың тұрмысынан көп нәрсе үйретті, менің жазып алғандарыма ол түс-тұсына суретін салып беретін болды. Сонан бұлай екеуміз дос болып кеттік, екеуміздің пікіріміз бір жерден шығатын болды.

Шоқан екеуміз кітап оқуға өте құмар едік, бірақ оқуымызға жақсы кітап аз табылатын еді. Біз екеуміз де саяхат ету, ел аралау, жер көру, Сібір халқының тұрмысын, рәсімін білуге құмарландық. Жиһанкездердің кітаптарын оқығанда, біз де осылардай болсақ деген қиял пайда болушы еді. Егер сол кезде бізден біреу сұраса, сібір халқын ғылымға, жағрафия, тарих һәм рәсімін үйренуге қызықтыру үшін не қылу керек деп, біз мәслихат берер едік, академиктердің жиһан кезгенін жазып шығарған кітаптарын Сібірдегі барлық школдарға тарату керек деп.

Шоқан 14—15-ке келгенде, кадетский корпус бастықтары оған болайын деп тұрған білгіш ғалымға қараған секілді қарай бастады. Шоқанның өз қиялы Орта Азияны саяхат ету еді. Шоқан сол кезде-ақ көп кітап оқыған, мағлұматын байытқан, әр нәрсеге жеңіл қарамай, сынмен түбін ойлап тексеретін еді. Серіктері бір мәселенің шешуін таба алмағанда, онан сұраушы еді: “Шоқан, шын жақсы адам мынадай іс туралы не қылар еді?”— деп. Біздің арамызда ондай қиын мәселеге Шоқаннан артық қатасыз жауап беруші болмаушы еді.

1852 жылы Потанин кадетский корпусы бітіріп, Жетісу облысына офицерлік қызметіне кетіпті, онан бір жыл кейін (1853) Шоқан да бітіріп, оны шығысымен генерал-губернаторға адъютант қылып сайлапты.

Биылғы февраль жұлдызында Петерборда опат болған государственный совет шілені құрметті академик П. П. Семенов 1857 жыл шамасында Сібірді аралауға Омскі арқылы Заилийский крайға өтіп, Ыстықкөл, Хан Тәңіріге барып,

Тянь-Шань тауының биік төбесіне шығып, жүрген-көрген жерін жазған. Семенов осы жолынан қайтып келе жатқанда Омскіге соғып, Шоқан мен Потанинге жолыққан. Шоканның аса зеректігін көріп, Семенов Петербор университетінің восточный факультетіне түсуге мәслихат беріп, соңынан түсуіне де себепші болған. Потанинді де университетке кіруге себепші осы Семенов екен.

Бұрын да, әсіресе Семеновпен танысқаннан кейін, Шоканның қиялында һәмән Күншығыс халқының тарихын үйрену мақсаты пайда болған. Бұл тарихта қазақ халқының үйсін, керей, найман секілді рулары ұшырағанға, қазақ қарияларының жинаған шежіресін әлгі тарихпен салыстырып, бәлки қатасын табар едім дегендей ойға да келген. Дәл осы кезде Семенов Карл Риттердің “Азия” деген кітабын тәржіме қылып жүр екен. Шоқанға жазбасын оқып көрсеткен.

Шоқан мен Потаниннің қиялы университет бітірген соң, Орта Азияны саяхат етіп, Қытайға шейін бармақ екен. Шоқан Омскіде қызмет етіп тұрған кездің өзінде саяси пікірі ашылып кеткен. Бұған себеп болған — Шоканның танысып араласқан білімді адамдары, ол кезде жаңа рухта шыққан журнал-кітаптар, Тургенев, Чернышевскийлердің жаңа дәуірлеп келе жатқан шағы. Сол кезде Омскі арқылы айдаудан қайтқан декабристермен Шоқан танысқан, Омскіде олармен мәжілісте болған. Атақты Бакуинді де сол кезде Омскі арқылы алып өткен. Кадетский корпусқа учитель болып Н. Г. Чернышевскийдің досы Лобадовский келген. Капустиндердің үйіне Қазаннан университетті бітіріп қайтқан студент С. Капустин келіп тұрған. Осылардың бәрімен Шоқан жақсы таныс болған.

Шоканның пікірін кеңейтуде бәрінен де артық себепші болған орыс писателі (*жазушысы*) Достоевскиймен бірге абақтыда жатып шыққан досы Дуров болған. Бұл туралы Потанин жазды: “Мен корпустаң шыққан соң бес жылдай Алматы жағында шетте қызмет етіп қайттым, Шоқан Омскіде әлгідей білімді ақжүрек адамдармен жолдас болып ысылған. Шоқан екеуміз бұрынғыдай емеспіз, екеуміздің пікіріміз екі жаққа кеткен. Мен һеш нәрсе көрмей қарайғанмын, Шоқан үлкен қалада тұрып, жақсы кісілермен араласып, менен озып кеткен. Бір нәрсе хақында сөйлессек, екеуміздің пікіріміз қабыспай, таласып айырылатын болдық. Мен Шоқаннан һәр уақыт жеңіліп қайтамын, сонда да жеңілгенімді мойындамаймын, мен ойлаушы едім, менің пікірім дұрыс, бірақ Шоқаннан білімім аз, Шоқан секілді, онымен айтысуға

шешендігім жоқ деп. Шоқан Дуровты маған һәмән мақтаушы еді, мұндай данышпан адам сирек, сені соған апарып таныстырамын деп. Бір күні айтқанындай, Шоқан мені Дуровқа ертіп апарды, мен Дуровтың пәтерінде бір кеш болдым. Маған Дуров күшті әсер берді, менің пікірім бір кештің ішінде өзгерді. Бұған шейін һешкім маған мұндай әсер еткен емес. Бір кеш Дуровпен мәжілістес болып пәтеріме қайтқанымда, Шоқанмен пікірім бірігіп қалыпты, сонан кейін екеуміздің таласымыз да келісті. Дуров мені бір кеште өзіндей жолға салып жібергенде, бір жылдан артық (*Дуров абактыдан шығып Омскіден кеткенше*) оның тәрбиесінде болған Шоқан қайтіп теріс пікірде болсын!

Сол кеште Дуров Шоқанның ақылын, мағлұматын өте мақтады. Семенов та Шоқан Омскіде тұрып мұнша білім үйренгеніне, қайдағы сирек табылатын кітаптарды қолына түсіріп оқығанына таң қалушы еді”.

1859 жылы Потанин Петербург университетіне келіп түскен, Шоқан сол жылы Қашғарға барып қайтқан.

Ол кездегі Сібір ұлықтары жаңа ғана Қытай билеуінен шыққан “Алтышар” хақында мағлұмат алмақшы болған. Оған барушы кісі астыртын бармаса болмайтын кез. Осы қызметті орындау Шоқанға тапсырылған. Бұған жәрдемші болған, Құлжада саудасы бар, Семейге келіп жатқан түркістандық Бұқаш деген саудагер екен. Бұқаштың тапқан айласы мынау: жиырма жыл сонан бұрын Семейге бір қашғарлық саудагер Ғалым деген жас баласымен келген екен. Семейден ол Саратовқа кеткен, онан кейін қайда жүргенін, хал-жайын һешкім білмейді екен, әйтеуір Қашғарға қайтпауы анық. Бұқаш керуенмен Қашғарға барайық, Шоқанды баяғы жас бала Ғалым делік деген. Бұқаштың бұл мәслихаты ұнап, Шоқан шашын ұстарамен қырдырып, қазақша киініп, керуенмен жөнелген.

Керуен Қашғарға жеткен. Қашғарлықтар Шоқанды Ғалым деп танып, той қылып, құрметтеп Алтышар рәсімінше қалыңдық берген. Немерең келді деп, Қоканда тұратын Ғалымның ұлы шешесіне хабар жіберілген. Ұлы шешесі “немересіне” алтынмен шеккен тақия жіберген. Қашғарда Шоқан қыстай Алтышар жайын, көрген-білгенін түгел жазып алып, Бұқашпен бірге кейін қайтқан. Қашғар ұлықтары артынан Ғалым болып келген орысқа қараған офицер екенін біліп қуғыншы жіберсе де, “Алтышар” хандығы өлкесінде керуенге жете алмай қайтыпты. “Алтышардан” қайтқан соң Шоқан көп кешікпей Петербургке барған. Петерборда главный штаб Шоқанға Азияның картасын істеп шығаруды тапсырды.

Петерборда Шоқан сол кездегі белгілі ориенталист Березин, Ғазимбек, Васильев һәм атақты орыс жазушыларынан Достоевский, Тургенев, Крестовскийлермен танысқан.

Шоқан восточный факультетте заманасына мәшһүр Костомаров һәм басқа профессорлардың лекциясын (*дәріс*) тыңдайтын болған. Бірақ денсаулығы нашар болып, Петербор тұрмысына, Петербор науасына шыдай алмай, Омбы корпусында білінген көкірек ауруын күшейтіп алған. Сондықтан доктырлар елге қайтуға мәслихат беріп, Шоқан Петерборда бір жыл ғана тұрған. Петербордан қайтарында қазақ мақалдарын жинамақшы болып кеткен, сол кезде атақты Радлов түрік мақалдарын жинап жүреді екен.

1864 жылы жазғытұры Ташкент шаһарын алуға Семей арқылы генерал Черняев өткен. Черняевқа көп инженер, ғалымдар, жазушылар ерген. Черняев Шоқанды адъютант һәм переводчик қытуға ертіп алған.

Әулиеата, Пішпекті аларда орыс әскерінің мұсылмандарға қылған залымдығына шыдамай ашуланып, Шоқан Черняевтан айырылған. Шоқан Алматы арқылы Қытай шегіндегі Ұлы жүздің албан руын билеп тұрған Тентек төренің ауылына кеткен. Шоқан сонда тұрып қалып, Тентек төренің қызын алған, бірақ көп дәурен сүре алмай, 1865 жылы жиырма сегіз¹ жасында көкірек ауруынан опат болған. Шоқанның зираты осы күнгі Қапал мен Алматы арасындағы қара жолға жақын, Алтынемелдің етегінде. Шоқанға мешітке ұқсас ағаштан там салынған. Соңынан генерал-губернатор Колпаковский мұсылманша жаздыртып, басына мрамордан белгі орнаттырған.

Потанин жазады: “Шоқан өз жұртын өте сүюші еді, қолынан келсе қазаққа жақсылық қылу, қазақ халқының кемшілігі үшін қызмет ету оның бар мақсаты еді”. “Мен ең әуелі қазағымды жақсы көремін, онан кейін Сібірді, онан кейін Россияны, онан кейін бүкіл адамзатты жақсы көремін. Орыс қазақты сабап жатса, мен қазаққа болысамын. Егер орысты француз сабап жатса, менің жүрегім орыс жағында”, – деуші еді Шоқан. Шоқан шешен, өткір тілді, өшіккен кісісін әзілмен, сықақпен кемітіп тастайтын еді. Шоқанның мінезінде Пушкин, Лермонтовтардың мінезін еске түсірерлік белгілер бар еді. Заманында қазақтан оқушы болса, Шоқан қазақ халқының данышпан жазушысы, қазақ әдебиетіне бірінші негіз

¹ Дұрысы – 30 жас (*Ред.*).

күрушы болмақ еді, бірақ заман һәм тағдыры опа қылмады, Шоқан арманда кетті...

Осы кезде жаңылыс істеулерінше, “Шоқан мұсылманның зиянына қызмет етіпті, мұсылман шаһарларын бастап алдыртыпты”, – деп теріс түсініп, өсектейтіндер бар көрінеді. Бұл өсектің Шоқанға жабылған жала екендігі, Шоқан һүкімет қолында құр жансыз құрал болмай, таза пікірлі, ақжүрек, ұттын сүюші жігіт болғандығы – орыс ғаскерінде патшаға ант берген офицер бола тұрып, мұсылмандарға орыс ғаскері қылған затымдыққа шыдамай қарсы келіп, Черняевтен айырылғандығы зор дәлел болса керек. Шоқанның бар талабы ғылымға ұмтылу, қазақ халқына пайда келтіру, қазақ халқының тұрмысын, рәсімін, тарихын анықтау жолында болған. Шоқанның ғұмыры ұзын болғанда артына қанша пайдалы нәрсе қалдыруында шек жоқ, қазақ жайынан жинаған қанша материалдары өзі өлгеннен кейін баспаға кірмей жоғалған.

Шоқанның жазып қалдырған сөздерін, қазақ жайынан жинаған материалдарын һәм өзінің тәржіме халін Петербордағы Императорский Географический Общество 1904 жылы басып шығарды. Бұл кітап зор көлемді, 531 бет¹.

Шоқан кітабында жазылған басты сөздер:

1. Потанин, Ядринцев һәм Ибраһимов жазған Шоқанның тәржіме халі;

2. Шоқанның өзі жазған мақалалары.

3. Абылай хан туралы.

4. Қазақтың ескі әдет-ғұрыптары.

5. Қазақтың бұрынғы жаугершілік заманындағы жайы.

6. Жоңғар жайынан.

7. 1858–1859 жылғы “Алтышар” жайынан түгел мағлұмат.

8. Сібір қазағындағы билік.

9. Көкетай төренің өлімі.

10. Қазақтың ертегі, өлеңдері, ақындары жайынан.

11. Қазақ шежіресі жайынан һәм басқалар.

Шоқан кітабын осы күнгі орысша оқи білетін талапкерлер оқып қараса, қазақтың бұрынғы жайынан мағлұмат алып пайдаланатын көп нәрсе бар. Екінші, Шоқан секілді азаматымызды Географический Общественның арқасында ұмытпай ескеруімізге тәуір болар.

М. Д.

“Қазақ”, 1914 ж., N 71, 73, 76, 77.

¹ Записки императорского Русского Географического общества по отделению тнографии. Т. XXIX. Сочинения Ч.Ч.Валиханова./Ред. Веселовский Н.Н. СПб, 1904.

ИСМАҒҰЛБЕК ГАСПРИНСКИЙ

(Опатынан соң)

Исмағұлбек мырза Гаспринскийдің опаты бүтін Россия мұсылмандарына жаман әсер етті. Бүгін жұрттың көктегі айы мен күні жоғалғаннан кейін болған жоқ. Естіген жан-ның бәрі қайғырды, оның рухына һәр жерде дұғалар оқылды. Дүниенің төрт бұрышынан Бақшасарайға көңіл айту телеграмдары жауды. Мұсылмандар қаламының ұшын көз жасына малып, газета басқармаларына хат жазып, телеграм беріп, қайырлы болсын айтысты. Россияда шығатын түрікше газеталардың бәрі де бірнеше күн Гаспринскийге толы болды. Оның кім екендігі, түрік жұртына қандай іс істеп кеткендігі жазылды. Оның негізгі пікірі, еткен қызметі, қалдырған өнегесі туралы ұзын-ұзын мақалалар басылды һәм қысқаша тәржіма халі жазылды.

“Һәркім өзі шыққан төбесі биік болғанын тілейді” дегендей, мәдени жұрттар өздерінің бас адамын көркейтіп, басқа халықтарға таныту үшін һәм өздері мәңгіге шейін ұмытпас үшін дәрежесін көтереді.

Гаспринский өзінің заманында жалғыз Россия мұсылмандарының ғана емес, бүтін мұсылман дүниясының ұлұғ адамы еді. Сөйтсе де, опат күніне шейін оның түгел тәржіма халі, түрік руына еткен қызметтері жазылған кітап жоқ еді. Бұл кемшілік, әрине, мұсылмандардың ғафилдігінен, мәдениетсіздігінен еді. “Алтынның қолда барда қадірі жоқ” деген. Енді жұрт қадірін білер, толық тәржіма халі кітап болып шығар деп үміт етеміз.

Қысқаша тәржіма халі

Исмағұл мырза Мұстафаұғлы Қырымда 1851 жылы “Гаспра” деген ауылда туған. Гаспринский деген фамилия содан қалған. Ата-анасы бұрынғы Қырым хандары нәсілінен келген ханзада балалары болған.

Исмағұл мырза алғашқы оқуын ауыл мектебінде оқып, онан кейін Мәскеу гимназиясына барып түскен. Надан жұрт баламыз орысша оқыса, орыс дәмін татса, ойбай, орыс болды, енді айырылды, елден-жұрттан безеді деп түсінеді. Орысша оқыған “овтар” шаш өсіреді, мүрт баспайды деп, надан қажылар орысша оқығандарды кемсіткісі келеді. Мінеки, түрік ұлтының шын баласы ғана түгіл, ноғай атасы дәрежесіне жеткен Исмағұл мырза кішкентай кезінде Мәскеуде Катков

деген орыстың үйінде пәтерде тұрған, неше жыл олармен дәмдес болып жүрген. Исмағұл мырза ұлтына басшы болу пікірін сол үйде тұрып тапқан. Иван Катков “М. ведомости” атты газетаның аса ұлтшыл жазушыларынан болып, ылғи түріктерге тиіп, түрікті қорлап жазады екен. “Атаңа кім тисе, дұшпаның сол” дегендей, һәркім өз ұлтын сүю, өз ұлтына қызмет ету керек екендігін Исмағұл мырза сол Катковтың үйінде жүргенде ұққан.

1870 жылдарда Түркия қолындағы Крит аралындағы гректер Түркия һүкіметіне қарсы соғыс шығарғанда, Исмағұл мырза Түркия ғаскеріне қосылып, дұшпанына қарсы тұруға гимназияны тастап, сонда кеткен. Ол кезде жасы 19-да екен.

Терең ойлы, кең пікірлі Исмағұл мырза түбінде жұртқа басшы болғандай, үлгі бергендей кісі болу үшін гимназияда алған біліміне қанағаттанбай, ой-пікірін толықтыру, мағлұматын молықтыру үшін Еуропаға сапар шеккен. Бірнеше жыл Францияның астанасы Париж шаһарында жатып оқыған. Онан шығып Африкада, Әл жазиреде (*Алжир*), Тунисте, Мысырда, Иранда һәм Түркияда кезіп жүрген. һәр жерде мұсылмандардың нашарлығын, надандық себепті кемдікте қалғанын, бүкіл мұсылман дүниясы тарихтан мақрұм жатқанын өз көзімен көрген. 1874 жылы Қырымға қайтып, Бақшасарай шаһарында мұғалім-ушитіл болып, балалар оқыта бастаған.

Түрік баласы.

“Қазақ”, 30 сентябрь 1914 ж., N80.

ИСМАҒҰЛБЕК ГАСПРИНСКИЙ

(*қысқаша тәржіма халі*)

Исмағұл мырза Россияға қайтқан соң, мұсылмандардың өзге жұрттан кейін, мәдениеттен төмен қалғанын көріп, сол ізбен барғанда тез заманда әлек болып, дүние жүзінен жоғалатынын біліп, мұның себебін іздеген. Оның пікірінен хабарсыздық һәм табиғат канундарымен пайдалана білмеуі болып шыққан. Мұсылмандарды қорқынышты пәлекеттен, дүние жүзінен жоғалудан құтқару үшін оларды оқыту, халық арасына Еуропа ғылымын, пікірін, назарын кіргізу тиіс екендігіне Исмағұл мырза иман келтірген. Халықты қалайша тарақи һәм мәдениет жолына салуға керек? — деген сауалға Исмағұл мырзаның тапқан шарасы мынау үш нәрсе болған:

1. Балаларды бастауыш мектепте оқыту, мектептерді заманға муафиқ тәртіпке салу, сол тәртіпті Россияда жалпы мұсылман мектептеріне жүргізу. 2. Россиядағы түрік қауымдарының ортасында бәріне ортақ түсінікті әдеби тіл тудыру, Еуропа өнер-білімін медреселерде сол ортақ тілмен оқыту. 3. Пақырлық себебінен оқусыз, білімсіз, өнерсіз қалуы мүмкін болған нашарларға қарасып, оларды да оқудан, өнер-білімнен мақрұм етпес үшін “жәмғияти хайриялар”, “жәрдем жәмғияттарын” аштыру.

Исмағұл мырзаның бірінші қызметі бала оқытумен басталған. Бірнеше жыл оқытқаннан кейін, өзіне оңаша мектеп ашып, Еуропада қабыл етілген тәртіппен сабақ оқыта бастаған. Алғашқы кезде халқы шошынып, мына мырза балаларымызды орыс қылайын деп жүр-ау деп, балаларын бермеген. Бірақ оған қарап Исмағұл мырза бастаған ізінен шегінбеген: төрт-бес пақыр адамның баласын жалдап алғандай алып, үш-төрт ай оқытқан соң, шаһардың бас адамдарын шақырып, емтихан жасаған. Емтиханда жап-жас балалар тәп-тәуір қағаз танып, жазып, иман, ыхтиқат мәселелерін біліп қалғанын көріп, жұрт істің нақиқатына түсініп, Исмағұл мырзаның тәртібін ұнатқан. Сонан кейін һәркім баласын жаңа тәртіппен оқытуға бере бастаған. Ал енді Исмағұл мырза өзінің ойындағы мақсатын қалың мұсылманға қалай түсіндірмек, көңіліндегі мүддесін қалай естіртпек? Оларды қалай жөнге көндірмек? Алғашқы кезде мұсылмандарды жөнге үндеп кітаптар шығармақ болған. 1881 жылы 8 майда “Тұңғыш” атты кітабы басылып шыққан. Исмағұл мырзаның түрік тілінде басылып шыққан алғашқы кітабы осы “Тұңғыш” болған. “Тұңғыштан” соң тағы бірнеше кітап шығарғаннан кейін “Тәржіман” газетасын шығаруға рұқсат алған. 1883 жылы 10 апрельде “Тәржіманың” бірінші нөмірі шыққан.

(тағы да бар)

Түрік баласы.
“Қазақ”, 8 октябрь 1914 ж., №81.

ИСМАҒҰЛБЕК ГАСПРИНСКИЙ

(қысқаша тәржіма халі)

Жапон соғысынан соң Россия һүкіметі біз Еуропа боламыз деп, Еуропа рәсімінше жұртқа бірқатар теңдік, ісіне еркіндік берді. Сол ретпен олқы да болса, жаңа закон шығарды.

Жаңа закон бойынша, Россияда кітап бастыруға, газет-журнал шығаруға жол ашылды. Осы күнде газета иә журнал шығарамын деген адамға һүкімет тарапынан онша қиыншылық жоқ. Бірақ мұнан отыз жыл бұрын мұндай емес еді. Ол күнде сайрағыш бұлбұлдар қамауда, қырағы сұңқарлар торда, жүйрік тұлпарлар матауда еді. Ол күнде һәркімнің қолы байлаулы, аузына құлып салулы еді. Ол күнде аяғын бір қарыс дұрыс басқан адам жазықты, бір ауыз дұрыс сөз айтқан адам жазалы еді. Ол күнде кітап жазған адам, кітабын баспас бұрын Петерборға цензураға жіберіп, қарату міндет еді.

Ғазиз ерлердің қаламынан аққан есіл сөздер цензурада айлар, жылдар жатып, қайта қайтып, қайтпаса сол бойымен жоғалып кете беруші еді. Ол күнде һүкімет адамдары Россиядағы мұсылмандарды шапшаң орыс қылудың камын ойлап жүруші еді. “М. ведомости” секілді қара жүз газеталар мұсылмандарды орыс қылудың пландарын жазып тұрушы еді.

Әне, сондай кезде Исмағұл мырза қайрат қылып, жолын, ебін тауып, “Тәржіман” газетасын шығарған. “Тәржіманға” рұқсат шыққанға шейін екі губернатор, үш министр төңірегінде Исмағұл мырза үш жыл әуре болып жүрген, 4—5 рет Петерборға барған. Исмағұл мырза бай баласы емес, өзінде де байлық жоқ, жарлы бір мұғалім еді, сол қалімен газетаға рұқсат алу үстіне, оған баспахана ашу, харіп сатып алу да оңай болмаған шығар.

Ол кезде бұл күндегідей түс-тұсынан сөз, хабар жазып тұратын тілшілер, жазушылар жоқ, Исмағұл мырза “Тәржіманды” өзі жазған, баспаханада харіпті өзі терген, машинада өзі басқан, газетаны өзі бүктеген, шаһардағы алушыларға өзі үлестірген. Сөйтіп, бейнеттеніп жүріп “Тәржіманның” бір жағын орысша, бір жағын түрікше толтырып, жеті сайын шығарып, таратып тұрған.

“Тәржіман” газетасы шыға салысымен жұрт бәрәкалла деп, көмегін беріп, газетаны алып, Исмағұл мырзаны мәз қылды дейсіз бе? Жоқ... Исмағұл мырза “Тәржіманды” шығарып, онда тәртіпті оқуды жұртқа көрсете бастаған соң, алдымен молдалар қарсы түсіп, өзі алмағанымен қоймай, газета оқу һәрам, тәртіппен оқу һәрам деп, жұртты азғырған, онымен қоймай неше түрлі шанышпа тілмен мырзаны сөккен.

Жігерлі Исмағұл мырза оның бәріне де шыдаған, күліп қараған. Исмағұл мырза өзінің керуен жұлдызы екенін

білген, жуырда таң атып, күн шығуына көзі жеткен. Сондықтан өзіне қарсы тұрушыларға үндемей жүре берген. Қай жерде “Тәржіманды” сүймеген, ұнатпаған адам болса, оған жібере берген. “Тәржіман” он жыл шыққан соң да алушысы бір мың-ақ болған екен. Әрине, табысы шығынға жетпеген. От басында күл сабап отырып, жұрт газета шығарған кісі ақша жию үшін шығарады-ау дейді. Кітап бастырудың, газет-журнал шығарудың талай бейнеті барын қайдан білсін.

Исмағұл мырза ғұрт етіп, отыз үш жыл “Тәржіман” басынан жылжымай, жұртқа көсемдік етті. Мұсылмандарды оқуға, жазуға үйретті. Мектеп ашып берді. Мұғалімдер шығарды, һәр түрлі жәмъияти хайриялар аштырды, тіл һәм әдәбиәт туғызды, мәңгі бітпес пікір, идея берді. Россия мұсылмандарын тілі бір ұлт халіне қойды, кейінгісін ойлағандай, ілгергісін болжағандай ой берді.

Сондықтан Исмағұл мырза түрік ұлтының зор тәрбие-шісі, үлұғ ұстазы, ардақты атасы болып дүниәдан қайтты.

Түрік баласы.

“Қазақ”, 16 октябрь 1914 ж., №82.

“МАНАП” ДРАМАСЫ

“Айқап” журналы биылғы 14-нөмірінде “Өтініш” деп жазылған бас мақаласында: “... баспасөз жұрттың тілін сақтауға һәм түзелуіне қызмет етеді. ...Мұнан былай мүмкін-қадар журналымызға әдеби мақалалар кіргізу талабымыз да бар... Қазір орысша жазылған “Манап” драмасының тәржімесін баса бастаймыз” деген еді. Сол 14-нөмірде “Манаптың” басы басылып та шықты.

Мұны оқып көргеннен кейін біз: “Айқап” көптен бір белгілі ізге түсе алмай жүр еді. Жолын жаңа тапты, енді дағдылы бір программаға сүйеніп, шын мағынасында журнал болып, әдебиет, ғылым һәм тіршілік жайын қолға алғысы келген ғой деп сүйсініп едік. Бірақ бұл жолдағы бірінші адымын “Манаптан” бастауы қолайлы көрінбеп еді.

“Айқаптың” сол 14-нөмірінен бері “Манап” әлі басылып келеді, біткен жоқ. Оқушылардың қаншасы ұнатқанын білмейміз. Бірақ “Айқаптың” өзіне қатты ұнаған сияқты. Өйткені соңғы шыққан 18-нөмірінде “Манапты” кітап қылып бастыру талабы да барлығын айтып, оқушылардан мәслихат сұраған.

“Айқапта” “Манап” әлі түгел басылып болмаса да, оның

орысшасы¹ менің қолымда бар. Соның үшін басынан аяғына дейін таныспын.

“Манап” драмасын тәржіме қылушы мырза һәм оны басушы “Айқап” журналы, жақсы-жаманына қарамай, тек қазақ жайынан жазылған нәрсе болғанға атына қызықты ма, болмаса шынымен қазақ әдебиетіне өрнек боларлық, нағыз қазақ тұрмысынан алынған ғибратты уақиға деп түсінді ме, бізге әуелі осы арасын айыраарға керек. Әуелгі ойымен басылған болса, текке уақытын бөліп тәржіме қытуда һәм оны басып журналды нөмір сайын пайдасыз нәрсемен толтыруда мағына жоқ болса керек. Егер екінші оймен басылған болса, тәржіме қылушы да, “Айқап” басқармасы да адасқан деп білемін.

Журналдың мақсаты қазақ әдебиетін байыту, гүлдендіру болса, сонымен қазақ тілін түзетіп сақтау болса, “Манап” драмасы үлгілі қазақ әдебиеті қатарына қосыларлық емес, екінші, тәржімесіне қарағанда, тілі де айқын қазақша емес. Тілінде кемшілік болу үстіне, тәржімесінің де көп жері қате.

“Манап” басынан аяғына шейін жеке сөздері болсын, айырым бөлімдері болсын һәм түгел мағынасы болсын, қазақ тұрмысына һәм ғұрып-әдетіне мыңнан бір нұсқасы жанаспайды. Шығарушы (*Алматы уездной начальнигі Лиханов*) қазақ жайынан хабарсыз адам болып, тек не түрлі жамандық, надандық, зорлық-зомбылықтың бәрі қазақта деп түсінуімен ғана “Манапты” жазғанға ұқсайды. Бір жұрттың жайынан мұндай нәрсе жазу үшін жазушы әуелі сол жұрттың өз баласы иә өзіндей болып сіңіскен, ол жұрттың жайын білуінде зәредей кемшілігі жоқ болуы шарт. Екінші — көргенін, білгенін һәм сезгенін оқушының дәл көз алдында елестегендей суреттеп жаза білерлік туа шебер, жүйрік (*талантты*) болуы шарт. Осы айтылған қасиет бір кісінің бойында түгел болмаса, ол кісі әдебиет майданына қалам ұстап шығып, жазушы бола алмайды. Ел ішінде не болып тұрғанды жұрттың бәрі көреді. Бірақ сол көргенін екінің бірі келістіріп, тұрмыс сәулесін бұлжытпай, қағаз бетіне түсіре алмайды. “Манапты” шығарушы Лихановта жазушылық қуысы қанша екендігін қоя тұрайық, бірақ қазақ жайынан еш нәрсе білмейтіндігін жаңылмай айтуға болады. Мұны байқаған кісіге “Манап” драмасы көрсетіп тұр.

“Манап” драмасының қысқаша мағынасы мынау:

Ұзақ атты қартайған манап ауырып жатып, арыздасып

¹ Өткен февральда шыққан “Сиб. ведомоста” фельетон басылған еді. (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

коштасуға ағайын-туғандарын шақырады. Туысқандары, дос-жарлары жиылады.

Манап: “Тіршілікте қылған күнә-сұмдығым көп еді, солардан арылмасам тозаққа кетемін”, — дейді.

Жиылған кісілер: “Біз сенің күнәңді көтеріп аламыз”, — дейді.

Ұзақ дүниеде қылған күнә-сұмдықтарын санайды. Ең әуелі кішкене күнінде қасқырға қой жегізгені үшін қойшыны бауыздап өлтіріпті. Бозбала күнінде зорлығына көнбеген бір қызды өлтіріпті. Опасыздық қылғаны үшін өзінің екі қатынын өлтіріпті. Жазықсыз жас балалардың қанын төгіпті. Бұлардан басқа да есепсіз көп залымшылық қылыпты... Міне, енді осы күнәларына өкініп, өлім жақындаған соң құдай алдында күнәсын көтеріп алушыға 100 жылқы бермекші болады. Сол арада жиылған кісілер Манаппен саудаға кіріседі.

Біреуі айтады: “Сіздің күнәңіз өте көп. Сөйтсе де, сізді аяғандығымнан бар күнәңізді 90 жылқыға аламын”.

Екіншісі айтады: “Ахмет, саған не болды, 90 жылқы сұрарлық тақсырдың сонша күнәсі бар ма еді. Мен 20 жылқыға да аламын”.

Үшіншісі: “Сендер сорлы шалды шабасыңдар ма, бұларын қымбат, мен 5 жылқыға да аламын”, — дейді.

Төртіншісі: “Құдық суымен ант етіп”, Манаптың бар күнәсін бір жорғаға көтеріп алуға келіседі.

Сөйтіп отырғанда қызы Гүлбаһрам жүгіріп келіп: “Әке! Әке! Сауданың сәті түсті, бар күнәң бойыңнан серпілді”, — деп сүйінші сұрайды. Манап маужырап ұйқыға кетеді. Үйдегілер қой сойып, бозбалалар домбыра тартып, өлең айтады.

Манап жазылады. Гүлбаһрамды Әлімбек деген шалға еріксіз бермекші болады. Әлімбек Гүлбаһрамды бұрын немересіне (*баласының баласына*) айттырған екен. Немересі өлген соң өзіне атастырып алмақшы болады екен.

Гүлбаһрам Әлімбекке баруға риза болмай, бір жігітпен қашып кетеді. Манап үйезге келіп, “Атамқұл деген жігіт қызымды тартып әкетті, жүз мың сомдық мүлкімді талап алды” деп арыз айтып тұрған үстіне, қыз бен жігіт үйезге келіп мәлім болады. Сол арада Манап қызын сүйген күйеуіне қолынан тойлап, ұзатуға уағда қылып алып қайтады.

Үйіне барған соң Манап Гүлбаһрамды баяғы шалға бермекші болады, қыз көнбейді. Сол арада Манап Гүлбаһрамды пышақпен жарып өлтіреді. Қызымен бірге өлемін деп шешесі өзін пышақпен жарып өлтіреді.

Міне, қазақша драма.

Бұл драмада қазақ тұрмысына ұйқасарлық орын бар ма?

Ұзақ өлімнен қорқып күнә-сұмдығын санағанда, өлтірмеген кісі қалмапты. Бұл қай заманның адамы? Әлде қырғыздың манаптары, қазақтың болыстары зорлықшыл болады дегендегі дәлелі ме?

Манап бар күнәсын 100 жылқыға сатпақшы болады. Жиылған жұрт теріге таласқандай саудаласады. Қай қазақ өлерінде күнәсын сатады, оны кім саудаласып алады?

Манаптың күнәсын саудаласып, бір жорғаға түсірген біреу “Құдық суымен” ант еткен. Бұл ғадет қай қазақта бар? “Манапты” шығарушы Лиханов мұны былай баяндайды: “Қазақ халқы көзіне не көрінсе, сонымен ант айтады”, — деп.

Өлейін деп жатқан манаптың көңілін сұрай келіп отырғандар ненің қуанышына домбыра тартып, өлең айтысты. Қазақ ғадетінде хал үстінде жатқан аурудың көңілін сұраушылар өлең айтып, домбыра тартушы ма еді?

“Манаптың” тағы бір жерінде “қыз, бозбала биледі (*танцевать етті*)” дейді. Қазақта билеу бар ма?

Бір орында Ұзақ қызынан сүйінші сұрайды: “Сүйіншім бар, қызым, әзірлен, қазір күйеу келеді”, — деп. Қазақ заңында қыздан мұндай орында сүйіншіні жеңгесі сұрамаса, әкесі сұрамаушы еді.

Әлімбек Гүлбаһрамды бұрын немересіне айттырып, ол өлген соң өзі алмақшы болыпты. Қазақта баласының иә немересінің қатынын иә қалыңдығын алу бар ма еді? Бұл да қазақ жайын білгендік пе?

Манап тіл алмағаны үшін, қызын жарып өлтірген. Қызымнан қалмаймын деп шешесі пышаққа түсіп өлген. Мұндай іс қазақ арасында ұшырай ма?

Міне, осы секілді ерсі, хұты жиреніш орындары көп, оның бәрі бастан-аяқ сынға алынса, газета жүзіне сыярлық емес.

Көрсеқызарлықпен мұндай нәрсені журналға басу, кітап қылып халыққа таратудың лайығы болмаса керек. Мұны халыққа үлгі қылып көрсетудің орнына, қазақта болмайтын ұятты, ерсі істерді бізге жапсырғаны үшін намыстанатын жөніміз бар емес пе?

Енді “Манаптың” тәржімесі хақында бір-екі сөз айту қажет.

“Манаптың” тәржімесі дұрыс һәм жатық болса, бар айып шығарушының мойнында ғана қалар еді, бірақ Ұзақтың күнәсын көтеріп алушылар секілді, тәржіме қылушы мырза Лихановтың біраз “күнәсына” ортақ болыпты.

Тәржіме көп орында қата етілген. Орысша сөздер қазақшаға тура тәржіме етілгенде түсініксіз келетіндіктен бұрды дейін десек, орысшасын өзгертпей тәржіме қыламын деп күлкіге айналдырған жері көп, мысалы, Гүлбаһрам әкесіне айтады: “Әке, әзірге өлімді есіне алма, ойнап-күліп тұрайық та”. Бұл әкесіне қызы айтарлық сөзі емес. “Ойнап-күліп тұрайық та” деп айту қандай екі кісінің арасында айтылатыны белгілі.

Тағы да Гүлбаһрам әкесіне: “Ә... менен тояйын деген екенсің”, — дейді. Бұл не деген сөз? Қазақ мұны қалай түсінеді? Егер бұл ноғайша болса, онда да қыз әкесіне мұндай сөз айтпаса керек.

Гүлбаһрамның : “Әй, неге тағдыр менен күледі” деген де сөзі бар. Қазақ “менен күледі” демейді.

Үйездный начальник, арыз айта келген кісіге: “рұқсат, кірсін” деп қызметкерін жұмсайды. Бұл орын былай тәржіме етілген: “жақсы, тезірек оны өтін” демейді.

Адвокат начальнику орысша “Вы очень педантичны” деген сөзді “сіз тым педанат екенсіз” деп тәржіме қылған. “Педант” деген сөз өз түрінен бұзылып, өзге сөзге ұйқаспай тірі жанға түсініксіз болып қалған.

Егер бұл сөздердің бәрі мұнша жосықсыз тәржіме қылыну себебі орысшасын өзгертпеу үшін шығар деп ойлауға, мынадай мағынасы алыс қата тәржіме етілген жерлері көп ұшырайды. Мысалы: “Заботы о твоём добре всегда, отец, живут во мне” деген жолдар былай тәржіме қылынған: “жарайды, әке, бәрін де істермін”.

Осылай орыс, қазақтан бірдей соққы жеген сорлы “Манап” драмасын “Айқап” журналы жазуы — басуымен қоймай, енді бүгін бөлек кітап қылып шығармақшы.

Біздің мәслихатымыз, аты қазақша екен деп мұндай мағынасыз нәрсені қазаққа өрнек үшін таратпау керек. Бұрынғыдай емес, құдайға шүкір, енді біздің аз да болса матбұғатымыз бар, соның жүзінде һәрбір жарыққа жаңа шыққан сөздерді сынға алып, тәуіріне жол ашу керек. “Айқап” журналының әдебиет жолында қызмет етуіне һәм қазақ тілін таза сақтау талабына біз де тілектеспіз.

“Манапты” шығарушыны да, тәржіме қылушыны да сөкпейміз, бірақ әдебиет өрнегі болғандай бір журнал “Манаптағы” орасан ерсілікті көрмеуіне таңырқаймыз.

М. Д.

“Қазақ”, 1914 ж., N 82.

ТІЛ ҚҰРАЛ
Қазақ тілінің сарфі
(Шығарушы Ахмет Байтұрсынов)

Жаңада ғана Ахмет Байтұрсынов шығарған қазақ тілінің сарфі “Тіл құралы” басылып шықты.

“Тіл құрал” туралы жазудан бұрын әуелі қазақ тілі жайынан біраз сөз айтып өтуді тиіс көреміз. Қазақ тілі жайынан газетамызда бұрын да сан жазылып еді. Қазақ тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз. Мұны інкәр қылатынымыз жоқ. Бірақ құр бай, таза деумен ғана тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете алар ма? Қай жұрттың тілі болса да түү басында біздікі секілді таза да, бай да болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық. Бұл күнде шаһар сайын ноғай медреселерінде қанша қазақ баласы оқиды, бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке-Медине, Стамбулда оқып қайтқандарымыз да бар. Солардың бәрі елге ноғайшылап, арабшылап, сартшылап қайтып жүр. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр. Бұлар елге келіп жас балаларды оқытады. Сөйтіп, шет тілдер елдегі жас балаларға жұғады. Жас балалар келешектегі бір буын халық. Өзімізде жергілікті оқытушы жоқтықтан, қазақ балаларын оқытып жүрген ноғай молдалар аз ба? Бір ауыз арабша білмейтіндердің көбі осы күнге шейін хатының басына “һу аллаһ әл бәри, әлхат саф әл ғаландарды...” тізіп қоймай ма? Бұрынғы қазақ арасына тарап жүрген қисса-хикаялардың бәрі ноғайша, арабша аралас тілмен жазылған. Орысша оқығандарымыздың көбі екі сөздің біріне орысша қатынастыруды үйреніс қылып алған. Осыдан топшылауға болады, таза деген қазақ тілі де, күн бұрын сақталуына қам қылмасақ, бірте-бірте бұзылып кететіні. Қазақ тілінің мұндай жолмен бұзылып кетуін көбіміз сезбей де қаламыз.

Олай болса сұралық, қазақ тілінің таза сақталуына бізде қам қылған кісі бар ма? Болса, ол кім?

Мен өзім медреседе оқымасам да, 1904 жылдан бастап ноғай әдебиетін үйренуге әуестендім. Сол жылдан бастап “Тәржіман” газетасын, онан кейін шыға бастаған өзге ноғай газеталарын һәм кітаптарын алып оқитын болдым. Лұғаттан қарап, кісіден сұрап, ноғай тілі, ноғай әдебиетімен таныстым,

бұлар маған сінді. Бала күнімде оқи-оқи, қызығы басылған ескі қиссалардан басқа қазақта дәмді, мағыналы кітап болмаған соң, орысшаны былай қойғанда, мен әлгі үйренген ноғай әдебиетінен әдет ала бастадым: ноғай газеті, кітаптарында көп ұшырайтын араб, парсыны шын әдеби тіл осы екен деп аңғардым. 1908 жылы “О. Қ.-ты” жазып жүргенімде әлгі “әдеби тілдерді” неғұрлым көбірек кіргізу жағын ескерусіз қалдырмадым. Сол жылдарда “Абай кітабы” һәм “Қырық мысал” шықты. “Қырық мысалды” көргенімде өзімнен-өзім ұялдым. Өзімнің һәм өзім секілділердің адасып жүргенін сонда байқадым да.

Екі жыл мұнан бұрын “Қазақ” газетасы шыға бастады. Шын қазақша жазылып, тіл мәселесін қолына ала туған осы “Қазақ” екенін ешкім бекер дей алмас. Бұл неден? Әрине, шығарушыдан дейміз. Төрт жылдан бері шығып тұрған “Айқап”, шығып тұрақтаған “Қазақстан” бұл жағын жете ескерген жоқ. Кім қалай жазып жіберсе, сол күйінде баса бергенге ұқсайды. Мұны да бекер деушілер көп болмас.

Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынов қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде “Қазақ” газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана “Қазақ” нөмірі тарады. Жаңа емлемен 15-тей кітап шықты. Бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені тосырқап, түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. “Қазақ” емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы “Қазақ” нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қана қызмет, иншаллаһ. Мұнан кейін артпаса, кемімес деген үміт зор.

Һәр істің бағыты оң болса ғана ерушісін адастырмайды. Өзі қайда бара жатқанын білмеген адамның етегінен ұстаушылар қайдан жол табады. Жақсыны — жақсы, жаманды — жаман деу, біреуді асырып мақтаған иә кемсітіп жамандаған болмайды. Олай болса, қазақ тілінің һәм жазуының таза сақталып, бір белгілі жолға түсуіне бірінші қам қылып, қызмет сіңірген, бұл жолда басшылық еткен кім деген сұрауға менің жауабым осы жазғандарымнан көрінсе керек. Енді түзу жолға бір түскен соң оқығандарымыздың әрқайсысы таза қазақша сөйлеуге, қазақша жазуға тырыса бастады. Мұның белгісі қазір көп.

Тіл мәселесін бірінші дәрежеге қойған “Қазақ” газетасын

өзіміз түгіл, ноғай бауырларымыздың газеталары да байқай бастады. Мысалы, жаңа арада “Тәржіман” газетасы (нөмір 260) “Қайда бара жатырмыз?” деген бір мақаласында: “Қазіргі Россияда шығып тұрған ұлт газеталарымыз, журналдарымыздың бірлі-жарымын қоспағанда, көбінің қолданып тұрған тілдері татарша ма, түрікше ме, орысша ма, татар эсперантосы ма, не екенін білу қиын. Татар-түрік тілінің қағидасына бойсұнбауының үстіне, түрікше, татарша айтуға болатын сөздердің өзін орысшамен айдап кетеді. Бұл қайғырарлық хал...” деп ноғай газеталарының һәрқайсысынан мысал келтіреді.

Бұл туралы “Құяш” газетасы (590 нөмір) бір мақала жазып, “Тәржіманның” бұл мақаласы біздің бір жаман жарамыздың аузын ашты, тіл туралы кешірілмес зор айыбымызды көрсетті” деп өз тұсынан мынаны жазады. “Егер орысқа қараған түрік рулары тілдерін орысшамен толтырса, Болгария, Сербиядағыларымыз — болгар-серб тілдерімен, Қытайдағыларымыз — қытайшамен, Германия, Англия, Франциядағыларымыз неміс, ағылшын, француз тілдерімен қатысып, бітсе, түбінде бұл түрік тілінен не шықпақшы!.. “Борышын жасырған төлер, ауруын жасырған өлер” деген мақалды келтіріп, бұл туралы өзінің пікірін айта келіп, “Құяш”: “Газеталарымыздың көбі таза түрікше жазамыз деп аузы айтса да, мұны істемей жүр, тіл туралы айтқанын орнына келтіруге жиһад қылып тұрған “Тәржіман” мен “Қазақ” газетасы” — дейді.

Енді “Тіл құралына” қайталық. Орысша грамматиканы, арабша наһв сарфті жақсы білетін қазақ баласы жете аңғарып, ақыл таразысына салып, бір-екі рет оқып шықса, бұл кітаптың құнын білер: үстін қарап, саулатып өте шықса, шытырман тоғайда адасқандай, асылына түсіне алмас деп шамалаймын.

“Тіл құралдың” артықшылығы: жалпы қағидаларға сүйеніп, белгілі тәртіппен тізіліп, шылғи қазақ тілімен жазылған. Орысша, арабша нәһв сарфті жақсы білетіндер тез түсінеді дейтініміз — мұнда сарфте кездесетін әр нәрсе қазақша аталып, қазақ тілінің табиғаты сақталып, тура мағынасы өзгерілмей, өз атымен аталған. Сөз таба алмай қиналып, мағынасы дөп келмейтін еш нәрсе алынбаған. Мұнда қолданылған сөздер алғашқы кезде біраз жат көрінуі мүмкін көрінер: әрбір жаңа нәрсе басында солай болуы белгілі. Бірақ түсіне, жаттыға, құлақ үйір бола келе, жаттығы болмаса керек.

Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша шыққан кітаптармен ұқтырамыз һәм әдебиетіміз шын қазақша болсын

деген, бұлардың бәрінің негізі “Тіл құралы” (*nəhə sarf*) екенін ұмытпасқа керек. Бұл біздің оқу құралдарымыздың ең қиын, ең керекті мүшесі еді. Міне, бұл да көңілдегідей болып шықты.

“Тіл құралды” қолданып іске асыратын көбінесе мұғалімдер. Олардың көбі мұны өздері шала түсінсе, иә балаларды үйретуге шорқақтық қылуы ғажап емес, бірақ бұған шығарушы айыпты емес: оқыту жолында қазақтан жөн-жосық көрген мұғалімдеріміздің кемдігінен. Бұл — екінші мәселе.

М. Д.

“Қазақ”, 1915 ж., N 93.

ГАЗЕТА “ШӨП ЖЕМЕС”

Қоқанда шығатын “Ферғана” деген сарт газетасы жазады:

Түркістан уалаятында сарт тілінде шығатын 4 газета, журнал бар. Түркістанға қарайтын неше миллион мұсылманнан осыларды оқушы 5 мыңға жетпейді. Оның да көбі — шаһар халқы. Соның үшін қышпақ халқының да көзі ашық болсын деп, біз Әндіжан үйезіне қарайтын қажы, болыстарға қол астындағы халыққа тегін таратуға газетамызды жіберіп едік. Өткен февральдың 20-сында бір болыс мөрін басып, басқармаға мынадай хат жазады: “Біз өзіміз “областной ведомосты” һәм Остроумов газетасын алып тұрамыз. Ал еліміз газета оқуға шаруадан қолы босамайды. Менің атыма жиі-жиі газета жібере көрмеңіз” деп.

Сарт болысының бұл жауабы менің есіме өзіміздің бір қазақ болысын түспді.

1913 жылы Ақмолада бір болыстың пәтеріне бардым. Астында терісіне симай, желпініп отырған ел иесі газета жайынан сөз шыққан соң мені тастай беріп, алдында отырған екі даугерге түсті. Жолаушылардан жуас кім бар? Болысты күттім. Біраздан кейін болыс-екең маған аз ілтифат бөлді. Сөз тиянағы болысқа газета алдыру еді.

— Газит-мәзитінді білмеймін, оқып та көргенім жоқ, оқымаймын да, — деп жиырылды.

— Енді оқып көріңіз, бәлкі, үнемі оқитын боларсыз. Балаларыңыз оқыр. Сізден елдегі талапты жігіттер өнеге алар.

— Керек болса, Хасеннің газетін қарармыз.

— Жалғыз Хасеннің газетасы кімге жетеді? Мен сізге ел басшысы — болыс деп айтып отырмын.

— Шырағым, өзіңе керекі ақша ма?— деп болыс қабағын шытып, бес сомдық қағаз суырып тастай берді.

— Мен сіздерден өзіме ақша сұрап отырғаным жоқ, алсаңыз газетаға жазыласыз, болмаса ақшаңызды жиып алыңыз.

— Қап! Қап! Болмас, қоймадың ғой, жазсаң жаз, газит шөп жемес, — деді данышпан болыс.

Осы екі болысты салыстырып, қайсысын аса мақтарымды білмей сасып отырмын. Қанша айтқанмен екеуі де ел баққан, ел қамын жегендер ғой. Сарт баласы газета оқитын елін шаруадан алаң қылмайын деп, тегін газетадан безді. Біздің болыстың сарт құрлы ақылы жоқ па: “газит шөп жемейтінін” білген соң ғана жазылып еді.

Бірақ осы болыс келер жылы газета алдыруын қойды деп естимін, тегі мені ұятты қылып, газетасы құрғыр болыстың шөбіне түспеді ме екен?..

М. Д.
“Қазақ”, 1915 ж., N 113.

“ОВ” ТУРАЛЫ

Газет, журналдарымызда көбінесе “ұлы”, “баласы”, “қызы” дегеннің орнына “ов”, “ова” жазылады. Бұл қазақ тілінде болмаған себепті, құлаққа тіпті ерсі естіледі, “ов”, “ев”, “ин”, “ова”-лар жалғыз-ақ орыс халқында бар деп айтуға болады, басқа Еуропа халықтарында да жоқ, бізден өзге патшалы мұсылмандарда да жоқ. Бұларды орыстан көріп еліктеуіміз орынсыз, басқа жұрттың сөздерінің құйрығын әкеліп өз сөзімізге тағудың қанша қажеті бар. “Ов”-тарды орысша жазғанда қолдансақ та, қазақша “ұлы”, “баласы”, “қызы” деп жазуымыз келіспей ме. Мұнан былайға жұртқа өнеге беретін газет-журналдарымыз мұны ескерсе, қандай жақсы болар еді, қиындығы да болмас еді.

Студент Ыдырыс Оразалыұлы.

Басқарма:

— Біз Ыдырыс мырзаның бұл пікірін мақұл көреміз, мұны елеусіз тастамасқа іжтихад етерміз. Бұл туралы айтарлық бірер сөз бар. Біздің қазақ фамилия орнына өз әкесін атаса, “ов”, “ин”, “ова”, “на” орнына “ұлы”, “қызы” деп жазуда ыңғайсыздық жоқ. “Ыдырыс Оразалыұлы” деген секілді. Ал жұрттың көбі фамилия орнына үлкен әкесінің иә бабасының атын жазады, мысалы: “Әлихан Нұрмұхамбетұлы Бөкейханов” деген секілді. Мұндайда “Нұрмұхамбетұлы” деу ыңғайлы болса да, “Бөкейханұлы” деп атасының ұлы қылып жазудың реті келмесе керек. “Әлихан Бөкейхан” десе ретке келінкірер еді.

“Бөкейхан” деген руын атағандай болар еді. Атығай, Қарауыл, Айдабол, Қаракесек деген секілді. Қазақтың руының өзі орыстың фамилиясына тура келеді ғой. Енді бір әйел атын алайық: “Нәзифа Сағызбайқызы Құлжанова” дегенде, “Құлжан” деуіміз һәм “Нұрғали Құлжанов” дегенде де “Құлжан” деуіміз, яғни әйелдің де, еркектің де фамилиясын бір қалыпта атауымыздың ыңғайсыздығы болмас па? Және де мұндайда “ұлы”, “қызы” делінбей, әкесінің атын қалдырып “Нұрғали Құлжан”, иә “Нәзифа Құлжан” деп жазсақ, жай екі кісі ат алып тұрған секілді болады һәм ілгері-кейін тұрғаннан білінбесе, араласқанда қайсысы өз аты, қайсысы фамилиясы екендігі білінбей қалса керек.

Фамилияны жоғарыда айтқандай қылып қалдырамыз ба, жоқ, басқа бір ыңғайлысын табуға болар ма, оқушылар, не айтасыздар?

Міржақып Дулатов.
“Қазақ”, 1915 ж., N 121.

“ҰЛЫ” МА, “ОВ” ПА?

Біздің қазақ хат жазып қол қойса, кісі атын жазса, орысшалап кетеді: “Жаманбай Аманбайов” деп жазады. Жаманбай хат жазып, қол қойса, өзі де “Аманбайов” деп қол қояды. Бұл — Иван Ивановичтің тәржімесі.

Бұл — бізге орысқа қараған соң жұққан мінездің ноғай қотыры. “Ов”, “ов” деп жазып отырған жігіттердің өздері сөйлегенде, Жаманбайдың өзін ғана атайды.

Біздің түрік тілінің салты, заңы осы: бұрынғы атақты билер бізге белгілі өздерінің ғана аттарымен: Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Едіге, Мамай, Ноғай, Жәнібек, Әйтеке... Бұлардың кімнің баласы екенін өз елі ғана біледі. Бізге жақын билердің әкелері ғана бізге белгілі: Жәнібек әкесі Қошқар, Қазыбек әкесі Келдібек, Ноғайды Береке ханның інісінің баласы дейді тарих жазушылар. Ноғайдың әкесін тарих та білмей қалған.

Бұрынғы батырлар да өз аттарымен аталған, не пәленнің ұлы деп аталған: Шора батыр, Алпамыс батыр, Орақ батыр, Қара қыпшақ Қобыланды, Ақбалтырұлы Уақ, Мәнжүрұлы Шуақ, Кеңесұлы Кенжебай.

Бізбен жақын түрік. Стамбұлдағы түрік. Тарих бұларды біздің Қанлы дейді. Қазақ ішінде Қанлы руының көбі Жетісуда. Түріктің тіл салты дәл біздікі сияқты, бұлардың атақты азаматтары өз аттарымен аталады: Әнуарбек, Талғатбек,

Мұстафа Камал, Ризабек. Бұлардың әкесін түрікте болмаса, өзге жерде ешкім білмейді.

Орыста тарих жазған Карамзин, ақын Пушкин хатты анық орыс жұртының тілімен жазған. Газет, кітап жазған, жұртын ағартам дегендерге Пушкин жолы қасқа жол болып шыққан.

Бізге де газет те, журнал да, кітап та, кеңсе де қазақ жұртының тіл салтына түскен оң. Біз өз жұртымыздың тіл салтына, заңына түссек, елге жылдам жақындасамыз, елге жанасқан сайын, ел ағартқан іс гүлдейді.

Сөйтіп, біздің айтайық дегеніміз, “ов”-ты орысқа қайырып, қазақтың таза тілінің салтын қолдану керек дейміз. Бұдан былай қол қойғанда, не сөз арасында біреуді атағанда “Байтұрсынұлы Ахмет”, “Дулатов Міржақып”, “Ходжанұлы Сұлтанбек” деп жазу дұрыс дейміз. Мақалаға қол қойғанда, хат жазғанда... Ахмет, Міржақып, Қойшыбай, Жаманбай деп қана жазса да болады.

Бір-екі ауыз сөз: “ов”-ты етегіне намаз оқыған мешандарға¹ берейік. Еш нәрсені тесе қарап тексермей, тоқ қарынға мәз болып жүре беретін, не дінді, не білімді, не тұрмысты, не төрені сынамаған, байға, төреге еліктеген, өмірін малша өткізген адамды А. И. Герцен “мещанин” деп атаған.

М. Д.

“Қазақ”, 1915 ж., N 121.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТ КЕШІ

13 февральда Семейдегі саудагерлер клубында қазақтың жас талапкерлерінің ыждаһатымен, мұсылман атынан жаралыларға деп ашылған науқасхананың һәм қазақ мұқтаж оқушыларының пайдасына болған қазақша әдебиет кешінде болғандарды жазбақшымын. Кеш басталарда сағат 8 жарымда Райымжан мырза Марсеков шығып, қазақ әдебиеті турасында біраз сөз сөйледі.

Онан соң Нұрғали мырза Құлжанов шығып, ақсақалдардан, қажылардан ғафу өтінді: “Алдыңызға келіп өлен

¹ Оқушыларымызға ескертеміз. Мешан дегеннен “ов” деп жазғанның бәрін айтады деген сөз ұғылмасын. Бұл күнге дейін қазақ азаматтарының көбі “ов”-пен жазып, қол қойып келеді. Бірақ бұл мешандық емес. Көңіл қоймағандық, әдет қылып кеткендік. Сондықтан бұлар туралы сөз жоқ, біз мұнда мешандығы бар “ов”-пен тағы осы сықылды оп-онай жұмыспен білімді кісі бола қалам деген “сабаздарды” айтамыз, ішінен көз салмай, сыртын бояп, “білгіш” болам дегендерді айтамыз (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

айтатын келіндеріңізді айыпқа бұйырмассыздар, игі жұмыс үшін істелген кеш қой”, — деп және де Сара қыз бен Біржан салдың жөнін айтты. Біраздан соң перде ашылды. Ойын болатын алаңда тігулі тұрған шатыр көрінді. Сырты неше түрлі қызыл-жасыл оюлы, маңайы ағаш, дәл қасында жайып тастаған кілем, алаңның оң жақ, сол жағында отыратын биік орындар тұрды: үстінің оюлысы да бар, масаты кілем жапқаны да бар.

Перде ашылысымен-ақ алаңның оң жағынан басында шоқпардай таққан үкілі құндыз бөрік, үстінде жібек шапан, белде күдері белбеу, қолда домбыра, қасында 4—5 бозбала-сымен әсемденіп, ән салып Біржан сал шыға келді. Тігулі тұрған шатырдың қасына келіп: “Осы үйде Сара бар ма?” деп сырттан айғай салды. Әрі-беріден соң шатырдан қасында он шақты қыздарымен жарқ етіп Сара қыз шыға келді, басында кәмшат бөрік, үстінде оқалы тон. Біржанға біраз қарсы тұрып, “Кел, шырағым, амандасайық” деген Біржанның сөзіне ілтипат етпестен, сол жақтағы биік орынға барып, шалқая түсіп отыра кетті. Көпке шейін көзіне ілмегенсіп, сәнденіп, маңызданып отырды. Біржан сал оң жаққа отырып, сонан соң екеуі айтысты. Сара қыз болған Тұрар ханым Қозыбағаров жәмағаты еді. Бұл кісі өлеңді анық айтып, сөзін салмақпен сөйлеп, сөз аяғында бір түрлі әнмен баяулатып, ақырындатып келіп, соңғы жағында көтеріп салғанда, жиылған халық сүйінгеннің белгісін үсті-үстіне қол шапалақтап білгізді. Біржан болған семинарияда оқитын шәкірт Жүсіпбек мырза Аймауытов Біржанның өлеңін өзіндей болып-ақ айтты. Бұлардың шыққан түр-тұрпаты, отырып өлең айтқаны әлгі жиылған жұртқа да Біржан сал мен Сараның өздері отырып айтысқандай-ақ көрінді.

Кештің бұдан соңғы бөлімдерінде ән салынып, домбыра шертіліп, Абайдың “Қыс”, “Бұлбұл мен есек”, Ыбырай Алтынсариннің “Жаз”, “Әсиет сөз”, “Түлкі”, “Балқожа бидің оқудағы баласына жазған хаты” оқылды. Әншілер “Ырғақты”, “Толқыма”, “Гаяһар тас”, “Әридаш”, “Ғалия” деген әндерге салды.

Ән салушылар: Жүсіпбек, Әли, Қайықбай бала, Әлмұхаммет. Бұлардың қай-қайсысы болса да, әнді келістіріп, жұрттың көңілін көтеріп, ырза боларлық етіп салды. Әсіресе, Әли ән салғанда әні де, үні де басқасынан гөрі көтеріңкі болып, жиылған халық бір түрлі ырзалық көрсетіп, қайта-қайта шақырып, қол шапалақтады. Мұны

естігенде атақты Потанин ақсақалдың сөзі еске түседі: “Енді бір 50 жылда қазақ әдебиетшілері патша театрында ән саларлық дәрежеге жетеді” – деген.

Қайықбай – 13-14 жасар бала “Әридаш” деген әнге салғанда, мұның дауысына кісі танданарлық болды. Жүсіпбек пен Әлмұхаммет те әндерін жақсы-ақ салды. Әсіресе Жүсіпбектің “Ғалия” деген әнге салғанына жұрт қатты сүйсінді.

Екінші бөлімде екі домбыра мен бір мандолинашы қосылып, қазақ күйлерін тартты. Бұл ойыншылар да күйдің жақсысын салып, бірдей келтіріп, сондай ұста ойнады. Ойынға келген халық бір түрлі құмарланып, үсті-үстіне шақырып күй тартқызды.

Үшінші бөлімде Жанақ пен баланың айтысы болды. Бұлар жерге малдасын құрып отырып, қарама-қарсы айтысты. Жұртқа Жанақ пен баланың өздері айтысқандай-ақ көрінді.

Төртінші бөлімде қазақтың бұрынғы заманындағы батыры соғысқа шыққанда үстіне киетін сауыт, басында темір дулыға, бір қолында найза, бір қолында айбалтасымен көрінді. Онан соң Орал, Торғай, Жетісу, Семей облыстарының жас келіншектері өз киімдерімен көрсетілді. Ең, ақырында қыз-келіншек, бозбалалар айнала отырып өлең айтысып, әдебиет кеші осымен сағат он екі жарымда тарқады. Бұл әдебиет кешін бас болып істеуші Назифа ханым мен Нұрғали Құлжановтар еді. Бұларға қазақтың жас талапкерлері қосылып һәм құрметті қажыларымыз, ақсақалдар бәйбішелерімен ойынға келіп, бар ықыластарымен жаһұтдас болып, әдебиет кеші көркем де, қызықты болып өтті.

Бұл кеш жалғыз қазақтарға емес, барша келген адамдарға, бір түрлі көңілді көрінген. Орыстар болсын, ноғай бауырларымыз болсын, біз әдебиет кешінің мұндай қызықты болып шыққанын білмейміз десті. Жұрттың көпке дейін сөйлеген әңгімесі осы ойын болды. Бармай қалғандары қатты өкініште болып, енді осындай ойын қашан болар екен дегендері де көп.

Ойыннан жиылған ақша 817 сом болды (*шығын 277 сом*). Мұның үстіне, қадірменді ақсақалымыз Жақия қажы Бейсекеев жастарымыздың алғашқы талап еткен жолы еді ғой, біз көтермегенде кім көтереді деп, 100 сом сый қылды. Барлығы 917 сом болды. Есеп пайдасы 640 сом.

Бұл ойын істелгенде кішкене ғана бір кеш бола ма деп

ойлап істелсе де, қазақтың жақсылары, ақсақалдары, қажылары — бәрі жастармен ынтымағын біріктіріп, қызметтерін аямай, жұрттың жиылуы ойлағаннан артық болып, отыратын орын жетпей, клубтың іші түрегеліп тұрған халыққа сыймай кетті. Билет сатуға қатты жаһүд етіп, керекті нәрселерді тапқызып беру турасында һәм ойынға құрметті ханымдардың келуіне себепші болып көп қызмет көрсеткен Қаражанбай болды. Бұған шейін жақсыларымыз бен қарияларымыз бір бөлек, жастарымыз бір бөлек болып, жіктеніп жүруші еді. Енді бұлардың ынтымағы бірігуінің басы осы болар деп үміт етіп, қуаныш қыламыз һәм ұлтына қызмет етерлік Жақия қажыдай ақсалдарымыз, Қаражанбайдай мырзалардың көбеюіне тілеулеспіз.

М.

“Қазақ”, 28 март, 1915 ж., N 114.

ГРИГОРИЙ НИКОЛАЕВИЧ ПОТАНИН

Бүгін 21 сентябрьде атақты Сібір ғалымы Г. Н. Потанин 80-ге толды. Жасынан ғылымға құмар, барлық ғұмырын туған Отанының табиғат һәм тұрмысын үйренуге жұмсаған, ғылым жолында есепсіз көп қызмет еткен Г. Н. Потанин — Сібірдің санаулы ұлының бірі һәм біріншісі. Жалғыз Сібір емес, оның аты Россияның оқымысты әулетіне таныс. Атақты жиһанкез, кең ойлы ғалым, кемеңгер әлеумет көсемі Г. Н. Потаниннің 80-ге толған күнін бүгін бүкіл Сібір мейрам етіп отыр. Сібірде неше түрлі халық болса, Г. Н. Потанин бәріне бірдей қадірлі, бәрінің бірдей қамқоры, оның пайдалы қызметі бәріне де ортақ. Сондықтан бұл күнгі жалпы қуанышқа біз де қосылып, ардақты қартқа құтты болсын айтамыз!

Г. Н. Потанин 21 сентябрьде 1835 жылы Семей облысы, Ямышевский станицада (*Тұз қалада*) туған. Бала күнінде Омбы кадетский корпусына түсіп, 1852 жылы хорунжи болып шыққан. Омбыдан шыққан соң Жетісу облысында офицер болып қызмет еткен. Жетісудың бай табиғаты жас Потаниннің ғылымға әуестігін бұрынғыдан артық молайтқан. Ол білімін арттыруға 1858 жылы Петроград университетіне барып оқыған. Петроградта мәшһүр Костомаровтың һәр облыс өз алдына ілгері басып, өз алдына көркейіп ағаруы тиіс деген уағыздары һәм ол кездегі саясат һауасы

кешікпей өзгеруі ықтимал, өзі болайын деп тұрған Потанинді шын Сібір ұлы, Сібір қамқоры етіп тәрбиелеген. Григорий Николаевич Петроградта тұрған жылдарында (1858–1862) ғылым молайту мақсаты өз алдында болып, онан басқа тағы бір зор мақсұт көздеген. Онысы алған ғылымын елге қайтқан соң іске асыру, пайдасын қараңғылықта жатқан бүкіл Сібір халқына тигізу. Сол оймен өзінің досы сібірлік атақты Н. М. Ядринцевпен бірге Петроградтағы жастардың басын құрап, тұңғыш “Сібір қауымын” жасаған. Потаниннің бастауымен Сібір жастары һәмән жиылып, келешекте Сібірге қызмет ету, Сібірмен танысу жайын кеңесетін болған. Сібір жастары арасында Г. Н. Потаниннің қадірі артқандық сонша, “Потанин партиясы” деген партия шыққан. Бұл партияның мақсаты — елге қайтқан соң халқына қызмет ету.

Петроградтан қайтып Григорий Николаевич өз жолында қызмет ете бастайды. Бірақ көп ұзамай, 1866 жылы сотқа беріледі. Сібірді Россиядан бөлем деушінің бірі деп, сот Потанинді каторжный работаға айдаған. Григорий Николаевич ғылым жолындағы қызметін айдауда жүрсе де үдетіп, көзге көрінген соң, Петроградтағы Императорский Географический Общество ізденіп, 1874 жылы Потанинді босатып алған.

Міне, сол жылдан бастап Григорий Николаевичтің қызметі үзілместен келеді. 1875 жылы ол профессор Иностранцевтің жер һәм жан-жануар өсуі тарихын тексеретін экспедициясымен Қырымға барып қайтқан. 1876 жылы Сібір һәм Азия уалаяттарын үйренуге бел байлап кіріскен. Зайсан көлінің алабына, Тарбағатай, Монғолия, ішкі Қытай, күншығыс Тибетке саяхат еткен. Бұл жолдарында есепсіз көп ғылым қызметтері Г. Н. Потаниннің даңқын тіпті көтеріп жіберген. Григорий Николаевичтің кітаптарын Императорский Географический Общество бастырған.

Григорий Николаевичтің халық әдебиетіне еткен қызметі зор. 1913 жылы жаз күні Қарқаралы үйезі, Тоқырауынға барып, қазақ ертегілерін жиып қайтып, Омбыдағы гимназияда доклад оқығаны қазақ оқушыларына белгілі. Григорий Николаевич адам баласы ескі тұрмысынын тарихи белгісін ізденуші ғана емес, ол Сібірдің әлеумет басшысы, ақ жүрек азаматы, білгір саясатшысы. Әлеуметтік мәселелері туралы Сібір матбұғатында оның жазған жобалы мақалалары көп.

Г. Н. Потанин шабысынан әлі танған жоқ. Жасы ұлғайса да, бағыты, жігері, тілегі әлі жас. Сібірге келген шаттық — оның шаттығы. Сібірге келген қайғы — оның қайғысы. Ел қамын ойлаған ер осындай-ақ болар.

Тойың тойға ұлассын, Сібірдің ардақты ақсақалы!

М. Д.

“Қазақ”, 21 сентябрь, 1915 ж., N 150.

САНА ҚАЙДА!

Бір кездегі өткен түс секілді, көрген күнің көр секілді еді. “Баяғыны” сағынушы едің, “қазіргіге” қамығушы едің. “Әттең Төңірімен” күнің өтті. Тілің шықса, үнің шықпады. Үнің шықса, күнің шықпады. Дүниені қараңғы тұман басты. Сен бір еріксіз күл едің. Талансыз туған сорлы едің. Көп зарықтың, көп сарғайдың.

Көзіңнің жасына Құдай иіді.

— Көзіңнің жасын!

— Өйткені жылаудан басқаны білмеуші едің.

— Қабылы Алладан, қамы кімнен? — десе,

— Пендеден, — дер едің.

— Қам қылып пе едің? — десе,

— Жоқ, дер едің.

— Жоқ екенін білемін, қамдануға уақытың болды ма?

Қазақ деген халық едің. Еділ—Жайық, Есіл, Нұра, Арқа, Сыр, Ертіс, Орал, Алатау, Алтай мекенің еді.

— Осылардай ұжмаққа меңзес жерлерің бар еді.

— Айдын шалқар көлдерің бар еді.

— Ту ұстап, тұлпар мінген ерлерің бар еді.

— Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін билерің бар еді.

— Дұшпан күндерлік күйлерің бар еді.

— Ел бастайтын көсемің бар еді.

— Сөз бастайтын шешенің бар еді.

— Ақ киізге көтерген хандарың бар еді.

— Ізгі қария шалдарың бар еді.

— Сауық-сайран жиының бар еді.

— Бақ-береке ұйымың бар еді.

— Кедейің жоқ, бай едің,

— Төрт түлікке сай едің.

— Сол күндерде арманың бар ма еді?

— Жоқ секілді еді. Сонан да қазақ айырылды!

— Онан қымбат нең бар еді?
— Мойныңа бұғалық түсті, бұлқынбадың.
— Құрық көтеріп еді, қолға тұрдың.
— Арғымақ едің, жабы болдың.
— Жүгенсіз мінді, қақпалап жүрді. Ерқашты қылды, көне бердің. Баяғы дәурен көзіңнен бір-бір ұшты. Қамықтың, жабықтың.

— Көзіңнің жасына Құдай иіді! Қам қылған жоқсың. Қам қылуға уақытың болған жоқ. Уақытың талас-тартысқа кетті. Өзді-өзіңнің таласыңа кетті.

— Елдің көркі ер еді.

Біздің қазақтың басшылары тана, моншаққа қызығып, жер жүзінде еш халық дәреже көрмеген болыстықты зор абырой, бақыт көріп адасты. Талас қанына сіңді. Атадан балаға мирас болып қалды.

— Ер адасса, ел адасушы еді.

Ерлеріміз адасып еді, еліміз де адасты. Сол адасудан әлі беті оңға бұрылған жоқ. Көздің жасын Құдай иіген кезде де жөнге түскен жоқ.

Болыстық қалып еді, жақсыларымыз болыстың тонын комитетке кигізді. Комитетке председатель, ағза болу бұрынғыдай болыс, би болып “ел билеу”, момынға тізе көрсету екен деп адасты. Комитет ашу бостандықты күшейту жолында халыққа қызмет ету екенін ойламады. Ойласа да дерт кернеп шыдатпады. Ауру қалса да, әдет қалмады. Бостандық болғалы төрт айдан асты. Қазақ арасында комитеттен де өзге зор істер бар екенінен хабары жоқ.

— Енді біз қашан жұрт боламыз?

— Адасуды әлі де қоймасақ, істің түбі неге соғар? Алаштың азаматы, осыны ойлайық!

Қазақтың қазақ заманы бастан кешкеннен кейін біздің атқа мінген жақсыларымыз алаштың ары үшін, асыл істің қамы үшін өзара алалығын тастап, дұшманға қарсы жол қарап, әдіс іздеген болса, бұл күнде көңіліміз жетігірек, көзіміз ашығырақ болар еді.

— Бостандық туды.

Бұл бостандық көктен түсті. Енді өзіміздің ұйымсыздығымыздан тегін бостандық жемісінен пайдалана алмасақ, “аспаннан шұға жауғанда ұлтарак тимеген құл” біз болмаймыз ба?

— Күні ертең земство ашылғалы тұр.

1917 жылы сентябрьде учредительное собраниең сайлауы.

Ауылнай комитеттерге таласып, төрт айда жұмыстың төрттен бірін бітіре алмағанда, бір күннің ішінде бітуге тиіс учредительное собраниең сайлауы қалай болмақ?

— Бүкіл дүниені қанға бояған соғыстың түрі мынау. Басымыздан кешіріп тұрған заманымыздың қалпы бұл.

— Мынау әлі бұғанасы бекімеген, буыны қатпаған бостандық.

Мұның бәрін ойлаған адам ішкен асын жерге қояды. Шырт ұйқыдан шошып оянады. Жалғыз-ақ қара суға семірген қайғысыз — біздің қазақ.

— Бұл бостандықты әперген ерлерге ат салдырмасақ, бізді олар кім дер?

— Бұл бостандықтан айырылсақ, көрген күніміз не болар? Сана қайда?

Ардақты ақсақалдар, атқа мінген ағалар, ел билеген жақсылар!

— Талас-тартысты енді қойыңдар!

— Мынау болғалы тұрған зор істерге қамданыңдар!

— Ынтымаққа қайтыңдар!

— Құдайдан қорқыңдар!

— Жұртты ойлаңдар!

— Нәсіл-несіптің көз жасына қалып жүрмендер!

Мадияр.

“Қазақ”, 1917 ж., N 236.

УЧРЕДИТЕЛЬНОЕ СОБРАНИЕ

Учредительное собрание сайлауы үш айға кешіктірілді.

Үш ай көп уақыт емес, әсіресе біздің қазақ халқына. Үш айдың бер жағында земствомызды дұрыстап сайлап алсақ, құдайға мың мәртебе шүкірлік етуіміз лайық. Учредительное собрание сайлауы кешіктірілмегенде, қазақ депутаттан құр алақан қалу қаупі бар еді. Сайлаудың кешігуі себебін де hükімет земствосы жоқ елдер қамтамасыз болсын деп көрсетіп отыр. Земство сайлауын ең ұзатқанда бір жарым айдан кешіктірсек, учредительное собраниеге депутат жібереміз деп текке тамақ ісірмеу керек.

Қазақтан өзге жұрттың көбі осы күні учредительное собраниеге қамданып, жіберетін кісілерін атап, жұртқа жариялай бастады. Бұл іске біздің де кірісе бастауымыз керек. Қазақтан болатын депутаттар біздің тұңғыш атауымыз анаукүнгі жалпы қазақ съезінде болды. Жұрт ол

съездің қаулысын қабылдай ма, жоқ па, ерік өзінде. Бірақ “қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса” дегендей, әйтеуір билік өзімізде екен ғой деп, орынсыз қаулы бұзу болса, жұрттың адасқаны. Оған қылар лаж жоқ. Жалпы қазақ съезі лайықтаған депутаттарды халық ұната ма, жоқ па, ол екінші сөз. Учредительное собраниеге сайланатын депутат қандай болу керек, жалпы жұрттың құлағына соны салғымыз келеді.

Осы күні Россия халқының бір аяғы жерде, бір аяғы көрде. Бір жағынан мынау қанды соғыс немен бітері, екінші жақтан мынау бостандық ісінің ақыры неге соғатыны белгісіз. Келешек қараңғы.

Мәнісі, сол қараңғыда жол табу үшін, алдымыздағы қыл көпірден сүрінбей-жығылмай аман өту үшін, саналы жұрттың бәрі жанталасып жатыр. Ертең ашылатын зор мәжілісі—учредительное собрание әлгі жұмбақты шешеді. Мемлекеттің бақытына жол ашатын — сол учредительное собрание яки көз жасына қалатын — сол учредительное собрание.

Учредительное собраниеінің қаулысын ешкім бұза алмайды. Міне, сол учредительное собраниеінің қаулысы халықтың пайдасына муафиқ шығу үшін оған жіберетін депутаттар халыққа шын пайдалы адамдар болу керек. Пайдалы адамдар қандай болады?

Ақ жүрек таза болса. Жұртты иә сатып, иә алдап кетпейтін болса. Халық үшін ерінбей қызмет етерлік, екі талай жерде жанын қиярлық ер жүректі болса. Өз пайдасынан жұрт пайдасын артық көретін болса. Саясат ісіне жетік болса. Білімді, шешен, көсем, оқыған болса. Халықтың қалпына, салтына, тұрмысына жете таныс болса. Міне, депутат болуға осындай адамдар лайық. Бұл сыпатты адамдар біздің қазақта қанша, көп пе?

Жоқ кісіні біреуден қарызға алуға болмайды. Қазақ осы өлшеуге салып, өзіндегі барын депутат сайлау керек. Бұл сыпаттарға қарамай қазақшылыққа салып, әркім жақынына, ұранына, облысына, үйезіне тартса, қазақ халқы келешектегі жұртшылығын ойламаған болады.

Қазақтан болатын депутаттың ешкімге жаттығы жоқ. Ұран бір, тілек бір. Атақ үшін баратын жол бұл емес. Жолым кетті, қысыр қалдым дейтін жол бұл емес. Ертең учредительное собраниеде Россиядағы халықтардың бәрінен 800 депутат жиналғанда, сенің арғын екенің, найман екенің ешкімге керек емес. Үш жүздің баласы

бәрің де қазақсың. Алған бәйгең қазақтікі болады, алдырсаң да қазақты алдырасың.

Атақ үшін баратын жол бұл емес дедік. Өткен екі Думаға да қазақтан депутат барған. Баяғыда депутат бұл еді деп, солардың бәрің де жұрт осы күні алақанына салып әлпештеп отыр ма? Оларға атақ қанша жолдас болды? Олардың уақытша алған атағынан жұртқа қанша пайда келді? Ол қатесін енді халық істемес.

Ұранға қызатын орын бұл емес дедік. Сол екі Думада көрші екі облыстағы керей, уақтан екі депутат барған жоқ па еді? Сонда керей, уақ атымыз бәйгеден келді деп үйде отырып кеудесін көтермеп пе еді? Осы күні керей, уақ сол екі депутаттарын төбесіне көтеріп отыр ма? Олардың бұл күнде халқына пайдасы, қадірі қанша екенін біз білеміз. Жақсы болу үшін депутат болу шарт емес. Депутат болу үшін жақсы болу шарт. Депутат болған кісі абыройлы, жақсы болатын болса, жұрттың алдына Алла бергендер түсетін еді. Бірақ Алланың берген пенделерінің бәрі бірдей депутат болуға жарамайтындығын бірінші Г. Дума көрсеткен.

Жұртты иә сатып, иә алдап кететін кісі депутат болмасын дедік. Екінші Г. Дума бүкіл қазаққа аты шыққан бір адамды бір облыс сайлаған жоқ па еді? Сол адамның сырын білмей, сынын түймей, құр дауысы үшін сайлап, ақырында еліне опа келтірмеген соң, сол кісінің құны осы кезде қандай? Мұны да жұрттың көбі енді білсе керек.

1905 жылдан бері халықтың көзі ашылғандай. Жұрттың адамы сыналғандай болды. Бұл учредительное собрание бұрынғы Г. Думалармен салыстыруға болмайды. Бұл мәжіліс елді де, ерді де сынайтын ұлы дүбір, үлкен той. Бұған әр жұрт ығай мен сығайын қосады. Ауылдастың тайы онда шаңға ілесе алмай қалады. Сондықтан біздің қазақ алаштан шыққан жүйрікке үкі тағу керек. Соның тілегін тілеу керек. Садақаны сауда бермей, соңынан өкінуден пайда жоқ.

Бұл айтқанды істемей, қазақ өзара қисынсыз таласатын болсаң, депутаттың кемиді — бір, барған депутаттың нашар болса, біреудің қанжығасында кетесің — екі. Сөйтіп баяғы таз қалпыңа қайта түсесің. Ойлан, жұрт!

Мадияр.
“Қазақ”, 1917 ж., N240.

БІЗДІҢ ІСТЕР

Ауруын жасырған өледі,
Борышын жасырған төлейді.

Мақал

Бүкіл жұрттың яки жеке адамдардың істеп жүрген істерінің бәрі дұрыс бола бермейді. Біреудің ісі Құдайға теріс. Біреудікі жұртқа тентек. Біреудікі адамшылыққа қарсы. Міне, осылардың теріс істерін, жаман мінездерін айтсаң мойындаушы мыңнан біреу, сирек табылады. Бұл мінез әр жұртта бар. Бірақ біздің қазақ халқында қуаттырақ. Біреуге нақақ жала жапсаң, Алла алдында кінәлісің. Халық алдында ұяттысың, хакім алдында жазалысың. Ондай нақақ қараланған адамдар намыстанса өкпелеме. Жөні бар. Ал айыпты болса да, айыбымды неге айтады деушілердің өкпесі жеңіл.

Біреудің көрінеу жауыздығын айтпаудың өзі жауыздық. Біреудің ұрлығын біле тұрып айтпасаң, сен өзің ұрысың. Бір жұрттың тұтынып келе жатқан қалпы-салты теріс болса, оны көрсету – сол жұрттың өз пайдасы. Бір адамның істеп жүрген ісі ағайынға, аймаққа зиянды болса, оны көрсету де әлгі жұрттың өз пайдасы. Бір адам бүкіл жұртқа жақсылық қылып жарылқай алмаса да, жауыздық қылып қарғай алмаса да, сондай иә жақсы, иә жаман мінезді адамдар ел ішінде көп болғандықтан һәм ел дегеннің өзі сондай жеке адамнан құралғандықтан, жақсылығы да, жамандығы да елге ортақ болады. Соның үшін біреуді жұртқа пайдалы деп көтергенде яки зиянды деп кеміткенде, солардай пайдалы адамдардың көбеюі арқылы жұрт ілгері басады. Зиянды адамдардың көбеюі арқылы жұрт азады деген көзбен қарау керек.

“Қазақ” газеті шыққалы бес жыл болады. Бұл газетті шығарудағы мақсат мынау еді:

– Жұртшылыққа көз-құлақ болу, жақсылықты көркейту, жауыздықты жоғалту, үлгілі зат қайда бар, соған қарай сілтеу, надандықтан құтқару, өнер-білімге телу, күштілердің зорлығынан қорғап, елдің қолын теңдікке жеткізу, қазақ халқының бақытты, баянды болуына баянды қызмет ету еді.

“Қазақтың” мақсаты, бағыты осы болғаннан кейін, теңізде сапар шеккен кемешідей, дария жүзін тұман басса да, кеменді толқын соғып мың ұрса да, тәуекелге бел байлап, жарым жолдан қайтпай, иә су түбіне кетуге, иә көздеген кемерге жетуге серт айтып шыққан еді.

“Қазақ” су түбіне кеткен де жоқ, көздеген сертіне жеткен де жоқ. Сондықтан мақсатына жеткенше түскен жолынан қайтпайды. Шамасы жеткенше, қайығын Аллалап есе бермекші.

Біздің қазақта теріс түсіну мен жалған намыс бар. Оны біз сеземіз, естиміз.

Мысалы, “Қазақ” газеті біреудің соңына түссе қалмайды, мұқатпай тоқтамайды. Сәрсенбайды солай қылды, Бейсенбайды былай қылды дейді.

Сәрсенбай мен Бейсенбайдың ісі халыққа зиянды болса, жұртты адастыратын болса, “Қазақ” олардың соңынан неге қалсын! Жұрт ғайыптау керек, егер газет Сәрсенбай мен Бейсенбайға өтірік жала жапса, “Қазақ” бес жылдық ғұмырында ешкімге жала жапқан жоқ. “Әкесі өлгенді де естіртеді” дегендей, ешкімнің айыбын жасырған жоқ. “Басалқа” айтушылар осы арасын ойлау керек.

Бір адамға болсын, бүкіл жұртқа болсын, ешкім жаманатты болуды тәуір көрмейді. Бірақ жаманатты болмайын деп, жұртқа зиянды адамдардың айыбын жарияламай, халықты одан сақтандырмай отыру — газетке күнә. Тұтқан жолына, иманына қарсы ел ішінде Сәрсенбай, Бейсенбайлар көп те шығар, бірақ қара бұқарадан, момын шаруалардан олар көп емес. Газет кімнің көңіліне қарау керек, қай жағына шығу керек: жәбір берушінің бе, жәбір көрушінің бе?

Егер жұрт Сәрсенбай, Бейсенбайлардың айыбын ашқаны үшін газетті жек көретін болса, ұрыдан мал сұрауын қойсын. Биге түсіп, абақтыға жаптырмасын. Біреуден біреу хақы сұрамасын. Неге? Олардың айыбы ашылады, ұят болады. Егер мұны ешкім істемейтін болса, бір тоқтысын ұрлаған ұрыға кешпейтін болса, иә бүкіл жұртқа кеселін тигізген, жүздеп, мыңдап пара жеген, елді сатқан, момынды жылатқан қара жүректердің айыбын ашасың деп газетке кінә қою керек емес.

Ел ішіндегі зорлық, зомбылық, ұрлық, паракорлық — халықтың надандығынан. Бұрын біздің екі мықты жауымыз бар еді: бірі надан да, бірі — ескі хукімдік ескі заң. Енді бостандық туғаннан бері екі жаудың бірі кеміді. Ендігі күшті жауымыз — надандық. Бұл надандықты жеңбей, одан құтылмай тұрып, тоқсан тоғыз бостандық болса да, жұрттың ілгері басуы қиын.

Бостандық болып еді, өз тізгініміз өз қолымызға тиіп еді, не істедік? Бұрынғыдан артық қанша алысқа ұзадық? Жұрттың “Әттеннен ойбайым тыныш екен” демей

жүргенін қайдан білеміз? Бостандық қайда? Құрдастық қайда? Зорлық-зомбылық жоғалып кеткені қайда? Қой үстіне бозторғай жұмыртқалағаны қайда?

Біз мұның әлі ешбірін көргеніміз жоқ. Біздің көріп жүргеніміз:

Құйрық сорып борсық жүр,
Түлкі мырза жортып жүр.
Құдай аман сақта деп,
Қой мен тауық қорқып жүр.

Тышқан аңдып мысық жүр,
Алдап көзін қысып жүр.
Ін таба алмай саршұнақ,
Сорлы сасып-пысып жүр.

Кей мырзалар серейіп жүр,
Қарны шығып шіреніп жүр.
Мінін айтқан кісіге
Ашуланып тебініп жүр.

Мадияр.

“Қазақ”, 1917 ж., N 246.

АЛАШҚА

Алты алашқа аян, 1916 жылғы 25 июнь жарлығы өлегінен Жетісу облысындағы қырғыз-қазақтың басына қиямет-қайым күндер туды. Жігіт бермейміз деп қарсылық қылғаны үшін оққа ұшып, қаншасы өз жерінде бір қырғын көрді. Басшы адамдары дарға асылды. Рақымсыз һүкіметтің қарулы ғаскеріне қарсы тұра алмай, көбі Қытай жеріне басты. Мал-мүліктің көбі орыс ғаскерінің қолына олжаға түсті. Көрші мүжықтар жау болып, тал түсте талады, өлтірді, адамын байлап, малын айдап алды. Босқанда айдап көшкен мал-мүліктен жолшыбай айырылды. Жаяу-жалпы, үйсіз-күйсіз Қытай жеріне жеткенде қар жауды, қыс түсті. Онда жанашыр жақын таба алмай, бара таласты. Аштан өліп бара жатқан соң қалмақ, қытайға бала-шағаларын сата бастады. Адам базары ашылып, баланың құны бір шелек бидайға шықты. Бойжеткен қыздарын, жас келіншектерін қаны қара қалмақтар қатынданып кетті. Аш-жалаңаш, аузына не түссе соны жеп, қайда болса сонда жатып, неше түрлі дертке ұшырап, тағы қырылды. Бақытсыз сорлылардың мұң-зарын, көз жасын естір құлақ, көрер көз

болмады. Туған жер, өскен ел, кешегі бастан кешкен қызық дәурен көздерінен бір-бір ұшты. Мыңды айдап, жүзді сапырып, шалқыған байлар бір үзім нанға зар болды. Әлпештеп өсірген балалары телміріп, көрінгеннің көзіне карап, мойнына дорба салып, қайыршы болып кетті. Бай-кедей, жас-кәрі, жақсы-жаман айырмасы бітіп, бәрі бірдей сорлы болды. Атадан ұл, анадан қыз, жардан жар айырылды. Жүрек қанға, көз жасқа толды.

Жетім-жесір ботадай боздады...

Жұрттықтан, тіршіліктен күдер үзіп, бұл опасыз дүниеге қош айтысуға таянып тұрғанда, бостандық туды. Бұл хабарды естігенде, жүректері жарылғандай қуанып, аң-дүние, тым болмаса елге жетіп, алаштың ортасында өлсек арман бар ма деп, қайта шұбыра бастады.

Тағы аштық, тағы жалаңаштық, тағы өлім... Әлі жоқ, дымы құрыған сорлылар жаяулап, қозы көш жерге жүруге жарамай, кез келген жерде жығылды, жығылғаны тұрған жоқ, өлгені тірілген жоқ...

Басы-қасында болмаған, көздеріңмен көрмеген алаштың балалары, бір минут көздерінді жұмып, қиялға салып қараңдар, сонда көргендей боласындар: біреу тәлтіректеп аяғын баса алмай жығылып жатқан, біреу аштықтан ісініп, қандай күнә-сұмдығымыздан мұндай күйге ұшыраттың, Құдай! — дегендей, қимылдауға шамасы келмей, көлге карап жатқанын, жолдың бір шетінде өліп, өлгеніне рақаттанғандай, мәңгілік ұйқыға кеткен шалды көресің. Жас баласын бауырына қысып, құшақтаған күйінде өлген жас қатынды көресің. Бұлардың мұндай халіне қайғырар һешкім жоқ, тек қуанышпен ас пен тойға жиналғандай, топ-топ қарға-құзғын, ит-күс өлгендердің көзін шоқып, етін жеп, сүйегін кеміріп жатқанын көресің. Бұл өліктер Құдайдың кең даласын сасытқан. Ық жағынан жан жүрерлік емес, мұның иісін өзің иіскегендей боласың...

Мұның бәрі ертегі емес, болған іс! Кеудеде шыбын жаны қалғандары еліне жетті. Бұлар не көрді? Қора-қопсы ойран болған, қоймалары таланған, малдан адал қара қалмаған, жеріне егін салар жан қалмаған. Аяқ жетер жерде азық жоқ, азықты жерге жетер көлік жоқ, көлік болса азық жоқ, қалың алаш алыста, қаны басқадан қайыр жоқ.

Тағы дағдарыс, ашаршылық, тағы өлім...

Бостандық туды, жадырап жаз шықты, күркіреп күн шықты, бірақ ол бишаралардың басынан қара тұман серпілмеді, әзірейіл қылышын қынабына салмады. Басы

аман, малы түгел ағайын жеткілікті жәрдем бере алмады, әрі-беріден соң жұрт олардың халін ұмытуға айналды.

Қазақ-қырғыз қырылып жатыр екен деп табиғат өзгермеді: тағы да қыс туды. Бишаралардың халі бұрынғыдан мың есе жаманға айналды. Бір жылдың ішінде өлгені жүз мыңнан асты. Енді бұл қыс талайын өлтірген шығар. Қанша өлгенін ақ кебіндей қар жасырып жатқан шығар.

Міне, қар кетіп, жаз шығуға айналды. Күзғын, қарға той қылар, ауа сасыр... бірақ адам баласы жансебіл екен, әлі өліп біткен жоқ көрінеді, тірілеріне тамақ та табылып қалды дегенді естіп отырмыз: тірілері өлгендерінің етін жеп жатыр дейді. Бұған алаш, иә қуанарсың, иә жыларсың, өзін біл. Жыласаң — ағайындығың. Бірақ сенің көз жасың ашқа тамақ, жалаңашқа киім болмайды. Көз жасы көмекке жарайтын болса, өзгеден кенде болса да, олар көздің жасынан, көңілдің қайғысынан кенде емес еді. Ағайынға, алаш, шын жаның ашыса, шын жыласаң, көмегіңді көрсет, жылуыңды бер. Жайшылықтағы қайыршыға беретін тиыныңды берме, рулы елің өлімнен қалғандай жылуыңды бер.

Жоғарыда айтылған оқиға Жетісу қазақ-қырғызының басынан кешіп отыр. Енді бұл күнде Жетісуға көрші Сырдария облысының қазағы ашаршылыққа, қырғынға ұшырай бастады. Бұл елде өткен жаз егін, шөп шықпай, қысқа қарсы малдары жұтап, шеттен астық келмей, келтіруге шамасы жетпей, Жетісудай болмаса да, бастарына қараңғы күн туды. Шет жағасы бөтен елдерге ауып, бұлардың да адамдары сатылып, берекесі, елдігі кетуге айналды.

Осы екі облыстағы аш, жалаңаш қазақ-қырғыз бауырларға жұрттан жеткілікті жылу жинап, рулы елімізді өлімнен аман сақтап қалу мақсатымен Семей облысының Алаш қаласында қазақ комитеті һәм жастардың “Жанар” атты ұйымы басшылық етіп, қауым жасады. 5-мартта қауым ортасынан іс басқаратын бес кісілік комитет сайлап шығарды. Қауымның бастығы — Әлихан Бөкейханов, жай бастығы — көмекшісі Мұқаш Поштайұлы болды.

Комитет төрағасы — Міржақып Дулатов, орынбасары — Жүсіпбек Аймауытұлы, хатшысы — Мұхтар Әуезов, қазынашы — Абдолла Есіркепұлы, тағы бір мүшесі Абдолла Қоскейұлы. Мәжілісте 7 мың сомдай жылу жиналды. Комитет қазір іске кірісті.

Саналы, алаш!

Мына екі облыстағы бауырларымыздың жайы жоғарыда айтылды, біз жұрт боламыз, тізгінімізді өзіміз аламыз деп отырмыз, жұртымыздың бір жағы мынадай жоғалғалы тұрғанда, кіммен жұрт боламыз. Кеше бір облысымыз ойран болса, бүгін екінші облысымыз мынадай апатқа ұшырап тұрса, ертең үшінші, арғы күні төртінші облысымыздың басына, сүйте-сүйте бәріміздің басымызға мұндай халдің келмесіне қайдан көзіміз жетеді?! Тұтанған өртті мезгілінде сөндірмесек, ол өртке ертең бәріміз де шалынбаймыз ба? Шарпылмаймыз ба? Сонда бізді кім жұрт қылады! Онда біз жұрт болмаймыз, жоғаламыз.

Мейірімді, алаш!

Рулы елің қан жұтып тұрғанда, сен май жұтпа!

Ата-аналар! Сендер балаларыңды еркелетіп, мандайынан сыйпап, күнге, желге қақтырмай отырғанда, өздеріндей адамдардың балалары сатылып, көздеріне шыбын үймелеп, жетімдікте жүргенін, бір түйір тамаққа, бір жұтым сусынға зар болып, жылап отырғанын ойландар! Сендердің қатын-қыздарың алтын-күміске малынып, бойларын түзеп, жылы үй, жайлы төсекте отырғанда, олардың қатын-қыздары күндікте, аш-жалаңаш, абұйырын жаба алмай отырғанын ойландар.

Атқа мінген, азамат! Сендерге ел керек, жұрт керек болса, басшылық қылып, алашты аман сақтау қамына кірісіндер!

- Намыстан, Алаш!
- Жігерлен, Алаш!
- Тас бауыр болма, Алаш!

Мадияр.

“Абай” журналы, 1918 ж., №3.

ОРДА ГЕРБІ (таңбасы)

Алаш Ордасының һәм комитеттерінің мөр, штемпель, бланкаларын жасату туралы сөз болғанда, Алаш Ордасының мемлекеттік гербі (*таңбасы*) қандай болу мәселесі қозғалды. Бірақ шешілмей қалды. Һәр мемлекет, һәр губерния, һәм облыстың өзіне арнаулы гербі бар. Таңбасына қарап, қай елдің аты екенін тануға болады. Гербіне қарап қай мемлекеттің нәрсесі екендігін білуге болады. Елдің ру таңбасында қандай мағына болса, гербте де сондай мағына бар. Алаш автономиясына Алашұлы болып кіріп отырғанда

Алаш Ордасының гербі болуға ру таңбалары да, облыс гербтері де жарамайды. Алаш Ордасының гербі ру таңбаларынан да, облыс гербтерінен де басқа болуға тиіс.

Алаш мемлекетіне “Орда” деп ат қойған соң, гербінде “Орда” сүгіреті болуы лайықтығында дау болмаса керек. Орда мемлекетіне “Орда” сүгіретін қою ұнамсыз болады деп неш кім айта алмас. Солай болған соң, герб мәселесінің негізі шешілгенге есеп. Шешусіз тұрған мәселенің негізі емес, бұтағы, яғни Алаш Ордасының гербіне құр Орданың ғана сүгіретін салу ма, болмаса, басқа мағына да кіргізу ме?

“Басқа мағына кіргізу ме” деген сөзді мысалмен түсіндіріп өтейік. “Қазақ” газетінің басына үй сүгіретін орнатуда мынадай мағыналар бар еді: Киіз үй – киіз туырлықты қазақ халқы. Үйдің түндігі ашық, есігі жабық болуындағы мағына: түндік жарық беретін жол, есік түрлі заттар кіретін жол дегендік. Жарық жолы ашық, еркін болсын, түрлі заттар кіретін жол есігі еркін болмасын делінген еді. Түндіктен түсетін жарыққа өнер-ғылым енгізілген еді. Түндік күнбатыс жағынан ашылуы өнер-ғылым Еуропа жағында күшті болған себепті қазақ ішінде Еуропа ғылым-өнері тарасын деген мағына еді. Үйдің есігі қазақ деген сөзден жасалған. Ондағы мағына “Қазақ” газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі болсын, әрі сырт жұрт жағынан күзетші болсын делінген еді.

Қазаққа деген игілік нәрсені енгізу жолында газет қызмет етсін, сырттан келер қазаққа жамандық болса, күзетші орнында газет қызмет қылсын делінген еді.

Сөйтіп, “Қазақ” газетінің тұтқан жолын басындағы эмблемасымен (*ишарат*) көрсету үшін газет басына үй сүгіреті қойылған еді. Алаш гербіне де осы сияқты Ордадан бөтен де мағына кіргізуге болмас па? Құр Орданың сүгіреті салынғаннан, қисыны келіссе, басқа мағына да қатыстырған абзал болар еді. Ойы, қолы шебер азаматтар Алаш гербінің қалай еткенде ұнамды болу жағын ойланып, герб жобасын жасап, көптің яки айрықша комиссияның сынына салса екен. Әрі мағыналы жағынан ең ұнамдысы таңдалып алынар еді.

Бұл туралы жоба жасаушылар болса, жасаған жобасын иә “Қазақ” басқармасына, иә Алаш Ордасына жіберсін.

“Қазақ” газеті, 1918 ж., N258.

ҰЛТ МАТБҰҒАТЫ

Матбұғаты, әдебиеті, тарихи жоқ елді саналы елдердің бірі деуге болмайды. Құдайға шүкір, бізде жоғарғы елдің белгілері соңғы жылдарда көріне бастады. Матбұғатымыз, әдебиетіміз, тарихымыз мұнан соң өспесе, өшпейтініне көзіміз жетті. Бұл мақалада матбұғат туралы ғана бір-екі сөз айтып өтпекпін.

Өзіміз қандай жас халық болсақ, матбұғатымыз да сондай жас. Он жыл мұнан бұрын газет деген сөзді құлағымыз естімеген жұрт едік, бұл күнде қай ауылға келсек те, газеттің өзін көресің яки газетте не бар, газет не айтады деген сөзді естисің.

Биылғы жылдың ішінде газет, журнал алып отырмыз. Бұл күнде олардың бірдей шығып тұрмау себебі: ... ісінің жаңалығы, жәрдем ... кісіндегі оқушының аздығы, оқушының санаулылығы. Құр көңілмен, талаппен іс ілгері баса алмайды. Әр істің өзіне хас құрал-сайманы түгел болуы керек. Бүгінге шейін көзге көрінген газет-журналымыздың саны 12—13 болған еді. Осылардың қаншасы өмір сүріп ... оқушыларға белгілі. Бұлардың бәрі қайда кетті? Бұларды біреу итеріп тастаған жоқ. Бәрі де жоғарыда айтылған кемшіліктер себепті аз күн ғана өмір сүрген. Осы күні шығып тұрғандарына қарасақ, әлі негізденіп кеткен жоқ. Газеттеріміз жұмасына бірден артық шыға алмай жүр. Бірлі-жарым баспаханалы болсақ, оларымыз отау үйдің қазанындай. Бұл күнге шейін газет шығаруға мол ақша салып көрген бай жоқ. Былтыр шыққан газеттер биыл жоқ, биыл шыққандарының көбі ендігі жылға дейін жүруіне сенім жоқ...

Матбұғатымыз негізді, дуалды болуы туралы өз пікірімді баяндағым келеді. Бір ауыз тізгінімізді өзіміз алғалы біріміз, ... автономиялы болмақпыз. ... ісі матбұғат. Сондықтан бүкіл қазақ-қырғызға ортақ күнде шығатын газетіміз болуы керек. Бұл газет шығаруда пайда болса, сонда шыққан. Алаш болып көркейтуіміз керек. Автономия жаңа нәрсе. Автономиялы бізге земство жаңа. Земствоның бір кішкентай бөлігі автономия. Земство істерін жүргізе білуіміз автономияны іске асыруымызбен байлаулы. Сондықтан әр облыстың областной, земский газет шығаруы керек. Мұның баспаханасы болсын. Баспаханада газеттен басқа халыққа пайдалы кітаптар, оқу құралдар болатын болсын.

Біз секілді жұртқа газеттен журналдың пайдасы

артығырақ. Соның үшін мұны негізді қыту керек. Әр жерде әр түрлі мәселе туралы шала-жансар журнал шығарғанша, бір жерде толық саяси, әдеби, ғылыми бір жақсы журнал шығару керек.

Міне, біз жоғарыда айтылған күндік бір газет, толық бір журнал һәм облыс сайын земский газет шығаратын болсақ, матбұғатымыз негізді бір жолға түскен болады. Бар күшімізді осыған жұмсауымыз керек. Бұлар ... газет-журнал шығуға жол ашық. Судың ағынын, бұлақтың көзін ешкім тоқтата алмайды. Өзі тесіп шығады. Біз осы күні инемен құдық қазғандай, газет-журналды зорланып шығарып жүрміз. Сондықтан матбұғатымыз артық ілгері баса алмай жүр. Ілгері бастырып жіберу үшін, біздің ойымызша, жоғарыда ұсынған жобаны орындау керек.

М. Дулатов.

“Қазақ”, 10 сентябрь 1918 ж., N 264.

ҚАЙТСЕК ЖҰРТ БОЛАМЫЗ?

Дүние жаратылғалы болмаған оқиғаларды төрт жылдан бері көзіміз көріп отыр. Төрт жылдан бері жердің жүзі қанға боялды. Көздің жасы сел боп ақты. Дүние ойран болды. Даңқы жер жарған зор мемлекеттер жоғалуға айналды. Ат төбеліндей аз елдерге есе тиді. Мұндай зор өзгерістер болған емес. Мұнан соң да бола бермейді. Әркім қалай жұрт боламыз деп жанталасып жатқаны осы.

Алаш, Башқұрт, Түркістан сияқты халықтар Автономия боламын, мемлекет боламын десе, бұрын көзі көрмей ме? Автономияны ауызға алмақ түгіл, стражниктің алдында қалтырап тұратын елдер бүгін ту көтеріп, ұран шақырып, өзін-өзі билеудің қамына кірісіп жатыр.

Патша түсіп, ескі тәртіп жеміріліп, бостандық туғанына жыл жарым болды. Сонан бері дүние жайланып, халық рақат ғұмыр сүре алмай, саясат күнде өзгеріп, жұрттың мазасы кетіп тұрғаны рас. Бостандық, теңдік деген сөздің жеңсігі басылғандай. Бүгін бір билеуші шықса, ертең оны жоқ қылып, арғы күні тағы кім шығатынына жұрттың көзі жетпей, дағдарыста тұрғаны рас. Күнде жиылыс, күнде сайлау шығып, жұрттың мезі болғаны рас. Большевик деген бір пәле шығып, Николайды сағындырғаны да рас. Мұнан соң қандай жамандық боларына қара халықтың көзі жетпей, бостандықтан көңілі суынып тұрғаны да рас. Бірақ халық

ойлау керек. Мұншалық дүние өзгергенде, Россия сияқты зор мемлекет асты-үстіне келіп ойран болғанда, ондағы халықтардың тұрмысы, салты, діні, тілі, шаруасы, тілегі басқа-басқа болғанда, аз уақытта тып-тыныш бола қоймайды деп асығуға бола ма? Бір кісінің саудасы бұзылса, соны тез түзетіп ала қою оңай ма? Бір ұлыс елге әрекет кірсе, ағайын арасына от түссе, соның өзі оңай тыныштала қоя ма? Ал қазір бүліншілік, күйзеліс бір ауылда, бір ұлыста емес, бүкіл мемлекет, асса жер жүзі ойран болып, соны ретке салуға әркім қам қылып жатыр. Осындай қара құрық заманда біз секілді аз халықтар ұйымдасып, бірлік-береке қылып, жұрт қатарына қосылып қалудың ылажын қарап жатыр. Жұрт елдігі бүгінгі күнгі тірі жүрген адам баласына ғана хас емес, кейінгі нәсіл, үрім-бұтақтың қор болмауы үшін керек зат. Біз басымызға түскен таршылықты бұрынғы бабаларымыздан көретін едік. Солар біздің қамымызды жеген болса, біз мұндай қорлықта, тарлықта жүрмес едік деуші едік. Кейінгі буынның ата-бабасы – бүгінгі тірі жүрген біздер. Біз келешекті ойламасақ, кейінгі нәсіліміз бізді қарғамай ма? Алла хұзырында, тарих алдында біз жауапкер емеспіз бе? Олай болса, бір-екі жылда рақат ғұмыр бола қоймады деп, бостандықтан, теңдіктен күдер үзіп қол сілтесек, өзіміз не күйге ұшыраймыз? Кейінгі жас буынның көргені не болады? Біздің жұрт осыны ойлауы керек.

Заман бұл қалыппен тұра бермейді. Өлі-ақ толқын басылады. Су сабасына түседі. Заман бір жайлы болады. Сондықтан осындайда әр ел өз дегеніне жетіп, өз билігін өзі алып қалмаса, ертең әркім буынын бекітіп, күшін жинап алған соң, өзі шыққан тауы биік болғанын артық көреді. Қолдан теңдік бермейді. Жұрттың жолында біз қанша бейнет шектік? Жанымызға батарлық қанша қырғын шығардық? Өзгелерге қарағанда, біз еңбек те сіңіргеніміз жоқ, бейнет те тартқанымыз жоқ. Құрбан да шалғанымыз жоқ. “Құдай өзі сактар” деп құрғақ тілекпен отыра бердік. Құр тілек мұратқа жеткізе ме? Жұрт боламын деген жұрттар не қылып жатыр? Соған ой жіберу керек. Біз мұсылман екенбіз, Құдайдан тілейді екенбіз, дұрыс-ақ. Бірақ бізден басқа мұсылмандар құр тілекпен отыра ма? Жер жүзінде 300 миллионнан астам мұсылман бар. Солардың ішіндегі зор мемлекет – Түркия. Осы Түркияға аң терісін бөліп алатындай түс-тұстан анталаған елдер жоқ па еді? Солар түрікті торығанына неше жүз жыл болды. Осы соғыстың

тұсында Стамбулды алмақ болып, ая-Софияның басына кіресін де даярлап қойды. Сонда түрік мұсылманның бір күшті мемлекеті емес пе еді? Мұсылмандығы бізден кем бе еді, “құдай сақта” деп қарап отырды ма? Жұрттығын сақтау үшін неше ғасырдан бері қан төгіп, арпалысып келе жатыр емес пе? Төрт жылдан бері қызыл қанға белшесінен батып, миллиондаған ер азаматын құрбан қылып, дүниесін ойран қылып отыр емес пе? Жалғыз түрік емес, жер жүзіндегі жұрттардың бәрі не үшін қанға боялып жатыр?

Соның бәрі жұрттығын сақтау үшін қырғын көріп, бейнет шегіп жатыр. Біз не қылып отырмыз? Біз “жан-жақты Жасағанға күзеттіріп қойып отырмыз”.

— Қазір дегеніне жететін кім? Кімнің мерейі үстем болады? Кім біреудің қанжығасында кетпейді?

— Кімнің білегі жуан болса, сол жұрт болады. Кім күшті болса, сол дегеніне жетеді.

— Күш не?

— Күш — әскер.

Бұл заманда әскері жоқ жұрт жұрт емес, құл. Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз. Қайсысына түсетін болсақ та ерік өзімізде.

Бір жол — құлдық жолы. Әскер деген сөзден бұрынғыдай ат-тонымызды ала қашатын болсақ, осындайда жігімізді ашып, жер-суымызды қорғап, билігімізді өзіміз алып қалмасақ, күні ертең бізді алдына салып айдап жүруге ие табылады. Сонда біреуге әскер бермей көне аламыз ба, шығын төлерден құтыла аламыз ба? Ошақтың үш бұтынан тілеп отырған күніміз де болған. Сонда бізді алдыға салып айдап кетпеп пе еді? Құлдық жолы дегеніміз осы.

Екінші жол — жұрттық жолы. Осы бастан автономия алу жолына кіріссек, милициямызды жасап алып, қарамызды көрсетсек, алаш hükіметіміз деп тырысып тұрсақ, бізді ешкім басынбайды. hükіметі бар, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі.

Алашқа жаны ашымайтын қара жүректер, жұрт болғанымызды көре алмайтын қаскүнемдер, ертең не болатынына көзі жетпейтін надандар ізгі ниет, ілгергі тілегімізге қарсы болып, жұрттың көңіліне қорқыныш салатын да шығар.

Автономия болуымызға, милиция құруымызға, қазына жинауымызға халықты қарсы құтыртушылар да табылар. Бірақ халық ойлану керек. Бүгінгісін емес, ілгерідегі күнін ойлау керек.

Біздің арамызда алаш легіне қарсы болатын кімдер екені белгілі. Бұлар екі түрлі. Бірі қаны қарайған, ұлт намысы дегеннен бейхабар, жамандықты кәсіп қылып алған антұрғандар. Бұлар аузы қисық болғанын айнадан көріп, жамандығымды неге қостамайды, терісті неге дұрыстамайды деп, жұрттың бәрімен қас. Бұларға елдің ынтымағынан бүлінгені керек. Жұрт тыныш болса, мұндайларға тыным жоқ. Осыны олар жақсы біледі.

Екінші — ел ішіндегі партияқұмарлар. Бұлар істеп жүрген істері жұртқа зиян екенін ойламай, партия қуғанын “баққа таласып жүрмін” деп, адасып жүрген надандар. Егер жұрт жұрттықты ойласа, партиясын уақытша қоя тұрып, бірлік, береке қылатын болса, алаш аты бәйгеден келмей қалмас еді. Жоқ, жұрттық деген құр сөз болып қалып, әркім бетімен жайылып, “баққа таласып”, баяғы Иванға шауып баратын болса, алаш тілегіне қарсы деген, міне, осы. Алаш болып шашау шықпай, алашордадан басқаны білмейтін болса, “жауымды мұқатам” деп біреуге тұра шаппайтын болса, өздігінен келіп бізді билеп кететін ешкім жоқ. Әркім өз басымен қайғы болып жүр. Біз біреуге өзіміз шауып барып, өзіміз шақырып әкеліп, төбемізге ойнатып жүрміз. Бұл мінезіміз бұрын да белгілі еді. Әсіресе кешегі большевик заманында да көрінді. Енді мұнан былай жұрттықты ойлап, бірлік қылатын болсақ, алаш тілегінен басқаға алаң болмай, жұртқа ең пайдалы нәрсе милицияның керектігіне көзін жеткізсек, жолымыздың болғаны.

Милиция неге керек?

Атасы басқа елдермен көрші болып отырмыз. Солардың бұзақылары бізге тимеу үшін керек. Ел ішінде жүгенсіздік шыға қалса, солардан елді қорғау үшін керек.

Ішкі губерниялардан күні ертең аш-жалаңаш босқындар келеді, солардың аяғының астында қалмау үшін керек.

Ана жылғыдай оп-оңай алдыға салып айдап кетушілер болмау үшін керек.

Қазақ-қырғыз жерін оңай олжа қылғысы келгендерге шаңыраққа қара деу үшін керек.

Автономиялы жұрт екенімізді жат елдерге көрсету үшін керек.

Бізбен туысқан мынау башқұрт халқы біздің үш бөлігіміздің біріндей-ақ. Осы күні осылардың әскері бар. Сондықтан басқалар башқұртты елеулі ел көріп отыр. Әйтпесе әскер жинап, башқұрт ешкіммен соғысып отырған жоқ. Біз де соғыспаймыз.

Сөз байлауы сол, әскеріміз болмаса, қазынамыз болмаса, біз автономия ала алмаймыз. Автономия алмасақ, жұрт бола алмаймыз. Қайтсек жұрт боламыз дегенді ойласақ жауап біреу-ақ:

— Әскеріміз болса ғана жұрт боламыз.

Мадияр.

“Қазақ”, 1918 ж., N 264.

АЛАШОРДА

Быттыр Орынборда 21—26 июльде бірінші жалпы қазақ-қырғыз съезі мемлекет билеу түрін тексергенде, қазақ-қырғыз облыстары автономиялы болсын деп қаулы шығарды. Бірақ автономияны қашан жариялау жайы сөз болған жоқ. Өйткені ол кезде мемлекет құрылтайы тез болады деген жұрттың сенімі күшті еді. Автономия боламыз деген жұрттар еншісін құрылтайдан алмақ болды.

5—13 декабрьде екінші жалпы қазақ-қырғыз съезі болды. Бұл съездің кезінде Россияда екінші өзгеріс болып, Уақытша hükümet жоғалып, Құрылтай құрылатыны анықталып, большевик дәуірі басталған еді. Бірінші съез уақытындағыдай емес, ол кезде әр жұрт өз бетімен жайылып, бас амандап, Россиядан біржола айырылып кеткендер де болды. Құрылтайды күткенше тағы да қандай толқынға ұшырауына жұрттың көзі жетпей, дағдарған шақ еді. Сондықтан бұрынғыдай Құрылтайға қарамай, өзін-өзі билемек болған жұрттар автономиясын жариялап жіберуді мақсат көрді. Түркістан, Башқұртстан автономияларын жариялап жіберді. Біз автономия болуға қаулы қылсақ та, сол сағатында жарияламадық. Арамыздағы анасы басқа жұрттармен келіселік, милициямызды жасап, ұлт қазынасын жинап, қамданған соң жариялайық деп қаулы қылдық. Ондағы автономияны тез жариялап жібермеудің үлкен себебі, жұртқа большевизм дерті жайылып келе жатқанда, сөйлеспей жариялап жіберсек, көршілерімізбен арамыз қандай болып кететініне көзіміз жетпеді. Бұл сақтық орынды екеніне жұрттың көзі енді жетіп отыр.

Декабрь съезінде, автономия ресми жарияланғанша, уақытша қазақ-қырғыз істерін билеуге Алашорда сайланды. Алашорданың уақытша тұратын орны Семей болды. Бірақ большевик кесірінен Алашорда іске кірісе алмады.

Семей һәм Акмола облыстары большевиктен тазарған соң, 11 июньде Алашорда іске кірісті һәм, съезд қаулысы бойынша, автономия жарияланғанша, қазақ-қырғыз мәдени-ұлт жұмыстарын өзі билейді деп жарлық шығарды. Мұның мәнісі автономияны жариялауды кейінге қалдыра тұрып, мәдени-ұлт автономиясын жарыққа шығарған еді.

Газетіміздің осы нөмірдегі Құрылтай мүшелерінің комитеті Россиядағы түрік, татар қауымына таратып отырған жарнамасындағы: “Бұл күннен бастап түрік-татар қауымдары жергілікті мекемелерде, соттарда ана тілін қолдануға, түрлі мектептер ашуға, діни жұмыстарын дегенінше басқаруға ерікті болуының үстіне, мәдени-ұлт істерін басқаратын ұйымдар, мекемелер ашуға, өз дегендерінше үкім жүргізуге, халқын өз һүкіметінің күшімен билеуге, жұрттан алым-шығын өндіруге, халықты ағарту, шаруасын түзеу жолында барлық билік өздерінде” дегені Алашорданың: “қазақ-қырғыз мәдени-ұлт жұмыстарын өзі билейді” дегеніне дәл келеді. “Мәдени-ұлт автономия мәселесі Құрылтайды күтпей-ақ осы күні шешіледі” дегеніне қарағанда қазіргі Алашорданы Құрылтай мүшелерінің комитеті танығандығы, яғни һүкімет деп білгендігі көрінеді.

Ендігі мәселе жалғыз-ақ жергілікті автономия туралы.

Комитет жергілікті автономияның ережесін бекітуші мемлекет Құрылтайы деп отыр. Сондықтан автономия боламын деген біздің Алаш, Башқұрт, Түркістан һәм өзге халықтар Құрылтайды күтпек.

8 сентябрьде Уфада мемлекет кеңесі ашылды. Бұл кеңес Россияға ортақ һүкімет жасамақ. Сыртқы һәм ішкі жаудан Россияны құтқару шарасын қарамақ һәм Құрылтайды қайткенде тез жинау жайын кеңеспек.

Мемлекет Құрылтайы тез жиналып, Россиядағы халықтардың тілегін орындап, тіршілігін тәртіпке салуға тілектеспіз. Біз Құрылтай билігінен ешуақыт қашқан емеспіз. Құрылтайдан басқа Россияның тағдырын шешетін қожаның жоғын да білеміз. Құрылтайға шейін автономия болары жолында еткен қызметімізге ешкім көлденең келмесіне, мәдени-ұлт автономиясы шегінде қазақ-қырғыз һүкіметі Алашорда екендігіне ешкім шүбә қылмасына сенеміз.

Мадияр.

“Қазақ”, 1918 ж., N 265.

ҰРПАҚҚА ХАТ

(немесе абақты қабырғасынан жеткен аманат)

Қазақ халқы. Қазақ халқының жай-күйі. Кім жеріне жетіп тексереді, қан жылап жүрген қайғылы халін жүрекпен сезіп, кім ескереді? Губернаторлар мен ояз бастықтарын былай қойғанда, қазақтың қара шекпендісі ең кіші урядниктің алдында қалтыраумен күн өткізді, түкке тұрғысыз тілмаш шенеуніктері, болыс өміршілері қолдарымен от көсеп, одан сайын үрей шақырып, ұлтты адам төзгісіз қорлауға көндіріп келді; дүрелеу, зорлық, пара алу, өтірік ақпар беру үйреншікті мінезге айналды; қазақ әйелдері күн есебінде кісі есігінде жүрді, ең тәуір жер жосқындап келіп жатқан отырықшыларға тартып әперілді, ал жергілікті қазақтар тұруға жарамсыз, сусыз, шөбі тықыр құмға қуылып тасталды. Ақ патша үкіметі осы халықтың көзі ашылсын-ау, ойы оянсын-ау деп мектеп ашудың орнына, керісінше, өз қаражатымен мектеп ашуға ұмтылған (*мысалға Қосшығұлов, Науан хазірет*) адамдарды айыптап, тыйып отырды; оларды Якутияның ақ қар, көк мұз елсізіне жер аударды. Дәрігерлік көмектің не екенін жергілікті жұрт үш ұйықтаса түсінде көрмеді.

Айтуы жоқ алым-салық, зіл батпан жылу жинау онсыз да сорлап жүрген кедей сорлылардың айналып келіп мойнына ілінді. Бірнеше жүз бас малы бар әлділер 5—10 тұяқтың ізіне қараған мүсәпірмен тең бірдей салық төледі. Әділетсіздік қадам басқан сайын кездесті. Тіпті заң, әділет деген сөзді ұлтымыз ұмытып үлгерді.

Қазақ халқы тап осындай күнгірт өмірде өлместің қамымен жүріп жатқан кез. Ақ патшаның отарлау өмірі бұ халықты қаратабан етіп, жерге қаратып, жұтып бітсе, сарайдағыларды алтынға малып, аруағын зау биікке көтере түсті. Осылардың бәрін көріп, біліп, сезініп өскен байғұс басым өзімнің тақыл-тұқыл білімімді осынау қорланған, намысы тапталған, мүсәпір болған халқыма бағыштап, қол ұшымды беруді перзенттік парызым деп санадым. Ол жылдарда бізде жазба әдебиет жоққа тән еді, ал мерзімді басылым болмады. Не істеу керек? Ойлана келе, баспасөзде үн көтеруді жөн санадым. 1910 жылы “Оян, қазақ!” деген атпен өлең кітапшам жарық көрді. Аз уақыттың ішінде бұл кітапша екі мәрте қайта басылып үлгерді. Мұнымен бірге “Бақытсыз Жамал” деген повесім басылып, халыққа

тарады. Бұл кітаптар, өзімізде баспахана болмағандықтан, татар баспаханасында басылды.

Осының өзін көп көрді ме, қазақ кедейлерінің арасында төңкерісшіл әдебиет пайда болды деп, жандарм басқармасына ұзынқұлақ жеткізген үндеместер табылды. Ұстап, 1911 жылы абақтыға жапты. Төрт қабырғаға телміріп, екі жылым зая кетті. Сонымен, бұдан кейін-ақ, қазақтар арасында атым кең жайылып кетті. Маңайдағы болып жатқан не сұмдықты көріп жүріп, біліп жүріп, қорғаушысы, панасы, қол берушісі жоқ жұртқа жанымыз ашып, біздер сол кезеңде үкіметке қарсы әрекеттің қажет еместігін түсіндіруге, көтерілген жағдайда қанның көп төгілетінін, екі жақтың күші тең еместігін халыққа айтып ұғындыру жолын ақылдастық.

Кейінше барып, “жау кеткен соң қылышыңды бокка шап” дегеннің керін жасап, бәзбір жолдастар бізді, кезеңі келгенде халық қозғалысын басқара алмады, ақ патшаның құйыршығына айналып кетті деп кінәлай бастады. Мұндай сөзді сол кезеңнің нағыз шын жағдайы мен жай-жапсарын көз жеткізіп білмеген адамдар ғана айтады. Білген болса, – айтпас еді. Шындығында, біздер халықтың басын бәске тіккіміз келмеді. Халық тағдыры карта ойыны емес. Қолымыздан келгені, – “Қазақ” газетінің редакциясы болып майдандағы окоп қазуға, тыл жұмысына жөнелтіліп жатқан қазақтарға көмек көрсетуді ойластырдық, осы мақсатпен бүкіл қазақ оқығандарына қаратып үндеу көтердік. Көп ұзамай, қазақ интеллигенциясы – халық мұғалімдері үн қосып, Минск қаласы земство одағының жанынан өзге ұлт бөлімін құрған едік. Өзім болып Минскіге жол алдым. Қазан күндері келіп жетті.

Қазан төңкерісі партиясына кереғар көзқарастағы көп партиялардың үлгісінде, қазақ ұлтшыл ұйымының “Алаш” партиясын құрдық, партияның бір мүшесі – өзіммін. Езілген, тоналған, сіңірі шыққан ұлтымыздың қамынан асып, өзгедей әрекетке барған емеспін. Саяси мәселелерді алдын ала болжауда, қазақ ұлтшылдары арасында, өз басым оншалық қырағылық, көріпкелдік таныттым дей алмаймын. Совет үкіметіне қарсы күрес деп шуласып жүргендері – қазақ ұлтын өз бетінше өмір сүрсін деген мүддеден туған ниет қана. Өз отауымыз өзімізге бұйырсыншы дегеніміз. Желтоқсанның басында Бүкілқазақ съезінде “Алашорда” деген атпен автономия жарияладық, құрамы 15 адамнан басшылық сайланды, басқару үкіметіне өзім енбей қалдым.

Басшылықтың ең әуелде әрекеті — халық жасағы милиция құру, әрі ашыққан, сіңірі шыққан тұрғындарға жәрдем жинау болды, осы мақсатта Алашорданың облыстық бөлімшелері құрылды, кейінше бұл бөлімшелер “Әскери кеңес” деп аталды. Мұғалімдер курсы мен губерниялық педагогтік училищеге лекция оқи жүріп, жұрттың сауатын ашуға күш салдым. “Еңбекші қазақ” газетінде төрт жыл істедім, өзімді әлі күнге сол редакцияның мүшесі санаймын. 1922 жылдан бастап қазақшаға ұзын саны жиырмадай кітап, кітапшалар тәржімаладым. Зиновьевтің “ВКП(б) тарихын” аударуым — осы партияның жарғақ құлағы жастыққа тимес жаршысы болғанымның куәсі деп білемін.

Өткенім мен бүгінім осы ғана. Өзім өскен ортадан шыққан, өзім алған білімді сіңірген бір адам үшін бұл аз шаруа деп санамаймын. Көп те емес болар. Әйтсе де, бар міндетімді осымен біттіге санап қол қусырар жайым жоқ. Ғұмыр болса, дәм жазса — ұлтымның келешегі үшін күш-жігерімді аямай еңбектене беруге борыштымын. Адассам — халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам — ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын.

Міржақып Дулатов.

Қаңтар, 1929 ж.

(Сот құжаттарының 98–99-беттері, 2-том.)

ЖАСТАР СЪЕЗІ

Бүгін — бүкіл Түркістан Республикасындағы ортақшыл жастар ұйымының II съезі ашылған күн.

Бүгін — Түркістан жастары түгел бас қосып, бір жыл бойы істеген істерінен есеп көрсетіп, қорытындысын ортаға салатын күн.

Бүгін — жастар өткен істерінің кемшілігін тексеріп, мұнан былай он есе, жүз есе жігермен қызмет қылуға жол-жобасын толықтырып, ашылмаған тәжірибесіздері бағдарын түзеп, сабақ алып қайтатын күн.

Бүгінгі Түркістан жастарының ұлы тобыр, үлкен мәжілісіне құтты болсын айтамыз. Қызметтері жемісті болуына тілектестігімізді білдіреміз.

Түркістан Республикасындағы халықтардың көпшілігі болған қазақ-қырғыз жұртының жастарынан бұл съезге қанша өкіл келері, жер-жерде қаншалық ұйымдары барлығы, олардың істерінің жайы осы съезде белгілі болар.

Сөйтсе де, бұл туралы күн бұрын бірнеше сөз айтсақ, сәуегейлік болмаса керек.

Қазақ-қырғыз арасында, басқа халықтардікіне қарағанда, жастар ұйымы өте аз, санаулы болуға керек. Бұған екі түрлі себеп бар:

1) Қазақ-қырғыздың тұрмысы, салты, тараулығы қай істерде болса да ұйымдасуға зор бөгет.

2) Жастарды ұйымдастыру үшін қапелімде оларға жол көрсетіп, рухын көтеріп, пікірін ашып, саяси, ғылыми тәрбиелеу үшін шын жолбасшылар керек. Мағлұматы мол, пікірі түзу, ортақшылық қазанда қайнаған көсем басшыларымыз бізде аз.

Бұл екі түрлі себептен тез арада құтылуға болмайды, сондықтан:

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға...—

деген нақылды еске алып, “өзге жұрттардай салған жерден дүркіретіп жібере қоймадық” деп назырмамай, шама келгенше тырысып, алдымен оқушылардың басы құралған қалаларда жастар ұйымын гүлдендіру керек. Елде ұйым ашу жұмысына сонан кейін кірісу керек. Мұның шаралары бүгінгі ашылатын съезде қаралар һәм съезден кейін де талапты жастар қам қылар.

Россияда басталған ұлы төңкеріс алдымен орыс жастарын қызыл тудың астына жинаса, оған тете күншығыс жастары да оянып, дүниені жаңғырықтырған ұранына дала балаларын да қосып алып отыр. Енді біздің қазақ-қырғыз жастары жемірік ескі дүниені жеміріп, жаңа тұрмысқа аяқ басатын мезгіл жетті.

Оян, қазақ-қырғыз жастары!
Ұйымдас, жаңа өспірім азамат!
Ұрандас, күншығыстың жас қаһармандары!

Азамат.

“Ақ жол”, 29 декабрь, 1920 ж.

ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Бұрын патшалық дәуірінде тіл мәселесі қазақ, қырғыз, ноғай, башқұрт, өзбек, түрікпен секілді “бұратана” жұрттар

үшін зор саяси мәселелердің бірі еді. Ол кезде мемлекет тілі — орыс тілі. Заң-заңдар орыс тілінде, оқу-оқыту да орысша болатын.

Ескі hükümet орыс тілі тек мемлекет тілі болумен де көңілі көншімей, “бұратаналардың” тілін, дінін, азаттығын жоғалту саясатын бірте-бірте жүргізе бастаған еді.

Миссиялар ашты. Миссионерлер шығарды. Түрік қауымдары қолданып келе жатқан ғараб алфавитін жоғалтып, оның орнына орыс жазуымен Інжіл, Богослов, Псалтыр секілді христиан дінінің кітаптарын қазақша, ноғайша һәм басқа тілдерде басып шығарып, халық арасына тарататын болды. Жас күнімізде “кодай тағала Аураам пайғамбарға қорбандыққа кошкар жберды...” деп оқитын едік.

Орыстан басқа жұрттар мекемелерге өз тілінде арыз жазуға, ауызекі мұңын шағуға болмайтын еді. Мәселен, судьяның өзі де һәм жауапкердің бәрі де қазақ болса да, “закон бойынша” қазақ судья қазақтардан переводчик арқылы орысша жауап алатын еді.

1909 жылы Дала уалайатының генерал-губернаторы Шмидт Ақмола, Семей облыстарында орыстың тілін білмеген, хатын танымаған қазақ болыс бола алмайды деген жарлық шығарып еді. 1913 жылы Ташкент семинариясының директоры, миссионер Остроумов бір учителге “қазақша әліппе жазасың, бірақ ішінде “Алла” деген сөз болмасын, “Құдай, патшаны сақта” деген өлең қалмасын” деп бұйырған еді.

Орыс тілінің базары көтерілді, күннен-күнге қадірі артты. Азғантай оқыған шөлдіріктер кәдеге асып, төре болды, түйме тақты, көкке қарады. Переводчиктердің араны жүре бастады қазақ арасында, әсіресе Түркістанда. Переводчик деген өз алдына бір тап болды, қазақ-қырғыз орыстан бір есе қорлық көрсе, өзінен шыққан переводчиктеріне, төрешіктеріне екі есе жем болды. Түркістанда бұрын айына 15—20 сом жалование алып тұратын переводчиктердің көбі 50000—100000 сомдық пұлға, үй-мүлік, бау-бақшаға ие болды. Қазақ ішінде болыстарға пәсір болғандар екі-үш жылдың ішінде еріксіз байыды. “Ел билеген”, бір-екі ауыз орысша былдырлап оттай білген атқа мінгендердің алды полковник, арты хорунжи шенін алды, омыраулары медальға толды. Надан халықтың көзінде “Құдай тілегін берген, аруақ орнап, нар шөккен орын” болды.

Сөйтіп, жұрттың көбі орыс тілін, орыс оқуын білімді, өнерлі болу мақсұтымен үйренбей, дәреже алу, төре болу үшін оқитын болды.

Қалада оқып жүрген балалардан елге келгенде: “Шырағым, қашан төре боласың?” деушілер, қалжыңы жоқ, шынымен сұраушы еді. Мұның түбі неге соғатынын жұрттың көбі қапелімде сезген де жоқ. Көңілінде “елде жоқ” шkolда оқып жүрген жас балалар, һәттә үлкендер де, біріне-бірі орысша хат жазысатын болды, өзара орысша сөйлесетін болды.

Көрген өнегесі, алған тәрбиесі осылай болған соң, орысша оқығандар халықтан алыстап, өз елін өздері менсінбейтін кеселге ұшырай бастады.

Ұлтшылдықты біз осы күні ғана жек көріп отырмыз. Күні кеше — мұнан үш-төрт жыл ғана бұрын — коммунизм, интернационализмнің мұрнымызға иісі келмей тұрғанда, қазіргі шіреніп отырған ұлтшылдардың өзіне зар едік. Ол уақытта бізді ұлтшыл қылған, ұлтшылдарға зар қылған жоғарыда отырған патша һүкіметінің саясаты еді. Ол саясат пәлесі Россиядағы бұратаналардың бәрінің басына бірдей келгендіктен, “айлас қатын — мұндас” дегендей, діні бір, қаны бір, тіл негізі бір түрік қауымдары көңілдесіп, “шын орыс саясатынан” құтылу үшін “жалпы түрік тілін біріктіру” деген пікірге келе бастады. Бұл жолды бастаушы марқұм Исмағұлбек Гаспринский еді. “Түрікшілдердің” ойы — “жеке-жеке жұтылып кетуіміз оңай болар, бәріміз қосылсақ, тамағынан өтуіміз қиын соғар” дегендік еді. Бұл пікірдің басқа жағы да бар шығар. Бірақ біз өзіміз осылай түсінуші едік. Әйтпесе, бәрі бірдей түріктің баласы болғанмен, Қырым ноғайын — қазандық, Қазан ноғайын — өзбек, башқұртты — қазақ, түрікменді — башқұрт анық түсінбейтін. Бұлардың бәрі ортақ бір тілмен оп-оңай сөйлесіп кете алмайтынын білетін едік.

Енді бұл күнде жаһангерлік саясатынан құтылды. Әр халық өз тілінде сөйлеуге, оқуға, жазуға ерікті. “Мынау — мемлекет тілі, бұл — міндетті тіл” деп зорлайтын һүкімет — Кеңес һүкіметі емес. Ол һүкімет өлген. Бұрынғыдай енді тіл үшін алысу, арбасудың қажеті жоқ.

Енді әр халық өз тілінде оқуға, өз тілінде жазуға, өз тілінде тергеуге тиіс. Мемлекет законінен бастап, ауылный комитеттердің ісіне шейін, жазу әр халықтың өз тілінде болу керек. Бұған енді дау-дамай жоқ. Тек жүзеге шығару ғана қалды. Сүйекке сіңген ескі дерттен құтыла алмай,

бұл күнге шейін орыстан хатшы алып отырған болыстар бар, мұның атын өшіріп, енді “орысшалауды” ұмыту керек. Кеңес hükümeti қазір сауатсыздықты жоғалтпақ болып отыр. Олай болса, өзінше хат танымайтын бір азамат қалмай, мекемелерде, соттарда жауап беру түгіл, заң-законды өз көзімен, өз тілімен оқи білмейтін біреу де болмасқа тиіс.

Ортақшыл партияның һәм оның жолымен жүрген Кеңес hükümetiнің негізгі мақсұтының бірі — жер жүзінің еңбекшілеріне ортақшылық пікірін тарату, миына сіңіру, сол рухта тәрбиелеу. Бұл мақсұтқа жетудің бірден-бір шарасы — һәм халықты осы шараға үндеу. Түсінікті тілде үндеу.

Жер жүзіндегі езілген жұрттардың бірі біздің қазақ-қырғыз екені рас болса, бұл жұртты теңгеру үшін көзін ашып, өнер-білім үйретіп, үгіт-насихат тарату қажет болса, қазақ-қырғыз тіліне тоқтаусыз жол ашып, бүгіннен бастап “тілмаш жоқ, мінеки, тақсыр, тілмаш жоқ” дегізіп, қазақ-қырғызды енді сандалтпау керек.

Азамат.

“Ақ жол”, 4 январь, 1921 ж., N10.

ШАРУАШЫЛЫҚТЫ ҚАЛАЙ ТҮЗЕТЕМІЗ?

1914 жыл. Еуропа соғысы басталды. Бұл сұрапыл соғыстың ұшқыны жер жүзіне тегіс жайылып, ұлылы-кішілі мемлекеттер бірінің артынан бірі қан майданға қойдай тоғыды. Ақырында соғысқа қатысы болмаған ел қалмады.

Халқының көбі қара шекпен, кәсібінің зоры егіншілік болған Россияда қара шекпеннің өңшең жұмыс қылатын қайратты азаматтары соғысқа еніп, егілмей қалған жер көбейіп, астық кеми бастады. Күнбатыстағы губерниялардың көбін соғыс майданы бөліп, егіншілікті көбейтпек түгіл, тұрған егіндерінің өзі орылмай аяқ астында қалып, бейберекет болды. Жұрттың өткен жылдардан сақталып келе жатқан артық астығы әскер үшін алынып және кеміді. Оның үстіне Күнбатыстан келген миллиондаған босқындар жергілікті елдерге тағы масыл болды. Сөйтіп, ескі астық таусылуға, жаңа астық кем салынуға айналды.

Россияға қараған жерлердің шаруашылығы, кәсібі түрлі-түрлі. Кейбір губернияларда астық мол шығады. Кейбір губернияларда мал көп. Қайсыларында орман, қайсыларында зауыт-фабрика көп. Бұрын бейбітшілік заманда

осылардың бәрі бірінде жоғын бірінен алатын. Россияның өзінде жоқ заттар шеткі мемлекеттерден келтіріліп, айырбасына мұнан оларға керекті заттар жіберілетін. Соғыс басалғаннан кейін, темір жолдар үнемі әскер, соғыс құралдарын, әскердің азық-түлік, киім-кешегін тасумен болды. Шеткі мемлекеттермен қатынас үзілді. Зауыт-фабриктер соғысқа керекті заттарды ғана істеп, шаруаға керек нәрселерді жасау доғарылды. Бұрынғыдай өзінде жоқ заттарды басқа жерлерден алу жолы тоқталды. Бар нәрселер тозды. Азайды. Таусылды. Сөйтіп, жоқшылық, қымбатшылық күннен-күнге өсіп, шаруашылық күйзеліп, ашаршылық, жалаңаштық күшейді.

Еуропа соғысы үзілместен үш жылға созылып, бұл соғыстың ауырмалдығы өзге мемлекеттерден гөрі Россияға қатты батты. 1917 жылы Ақпан, Қазан төңкерістері болды. Қазан төңкерісінен кейін Кеңесшіл Россия Еуропа соғысынан құтылғанмен, соғыс майданы өз арасына көшіп, ел соғысы, тап соғысы тұтанды. Мемлекет қырыққа бөлініп, бүгін біреу билесе, ертең екіншісі қожайын болды. Сібірден Колчак шықса, Оңтүстікте Деникин атқа мінді. Түркістанда Кеңес hükümeti отырса, Орынбордан Дутов шықты. Мәскеуде Совнарком болса, Самарда КОМУЧ үкім құрды. Бұлардың әрқайсысы өз бетімен саясат жүргізіп, заң шығарып, қолына түскенін иеленіп, тоздырып, жаңадан ешнәрсе жасап шығармады, қайда барсаң, зеңбірек дүңкілін, пулеметтің сатырын еститін болдық. Қайда барсаң көретінің — еркеккіндіктің бәрі солдат, жылаған жетім, шулаған жесір, күйзелген шаруа...

Жоғарыда айтылған ішкі-сыртқы жаулармен Кеңес hükümeti үш жылдай арпалысып, мемлекет шаруашылығын ілгері бастыруға, кемшілігін түзетуге шамасы келмей, әуресарсаң болды. Ақырында, жауларын жеңгеннен кейін, кешегі Мәскеуде болған VIII съез “енді еңбек майданына жортуыл жасаймыз, жоғын табамыз” деп қарар шығарып тарқасты.

Мемлекет шаруасын түзетеміз, бар күшті еңбек майданына саламыз дегенді біздің қазақ-қырғыз қалай түсінеді екен? Белсеніп, алақанына түкіріп отырған қазақ-қырғыз еңбекшілері бар ма екен? Бар болса, бұлардың қолынан келетін жұмыстары қандай екен? Бәлки, жұмыс жоқ шығар? Бәлки, қазақ-қырғыздың шаруасы бүтін, төрт жағы құбыла шығар? Өзгелер не болса, о болсын, ешкімге жалыншты емес, не керегінің бәрі өзінен табылатын шығар?

Біздің “ананы орыс, мынаны орман демей, жалпы жұрттың — адам баласының игілігі үшін еңбек қыл” дегеніміз өтірік қамқорсығандық шығар?..

Бұлай ойлайтындар болса, ондайларға түсінікті тілмен біз мынаны айтамыз:

— Ешкімді есіркеп істеме, өзін үшін істе. Бірақ өзіңнің тіршілігің көппен байласулы екенін ұмытпа. Жалпы Россияда молшылық, рахат болмай тұрып, саған ала бөтен бір жақтан жақсылық орнай қалады деп ойлама. Бұған көзін жетсе, қазіргі “шаруашылық түзету, еңбек майданына жұмылу” деген ұранды жалғыз орысқа ғана айтылған деп білме. Жалпыға міндет, бәрімізге ортақ борыш деп түсін, ортақ екенін мынадан байқа:

— Осы күні тырдай жалаңашсың, терлеп шай іше алмай құмартып, “қор болып” отырсың. Егін салайын десең, соқа-сайманың жоқ. Шөп шабайын десең, машинаң, бел орағың жоқ, үй салайын десең, ағаш-тас, есік-терезең жоқ. Жұмыс қылайын десең, арба-шанаң жоқ. Жарық қылайын десең, жермайың жоқ. Тамақ пісірейін десең, қазан-ошағың жоқ. Ас ішейін десең, ыдыс-аяғың жоқ. Бала оқытайын десең, қағаз-қарындаш, кітап-құралың жоқ. Тағы ұшы-қиыры жоқ толып жатқан “жоқ” бар.

Мұның бәрін өзін істеп алу қолыңнан келмейді. Мұның бәрі зауыт-фабриктерде істеледі. Жоғарыда айттық, зауыт-фабриктер жабылған, жолдар бұзылған деп, енді бұлардың ашылуы, түзелуі саған керек пе, жоқ па? “Керек емес” деп айта алмайсың. Ол белгілі.

Ал қазақ-қырғыздың қолында да басқаларға керекті заттар бар. Мәселен, малының күші, сүті, еті, майы, жүні, жабағысы, қылы, терісі... Саған біреу кездеме, былғары, қант, шай, ыдыс-аяқ, соқа-сайман берсе, есіркеп бермейді. Сен біреуге малыңды, жүн-жұрқа, тері-терсегінді бересің. Сен де ешкімді есіркеп бермейсің, жоғарыда айтқанымыз секілді, біреуге біреу қарасып, бірінің жоғын бірінен ауысып пайдаланады. Тіршілік негізі, бірінші, еңбекке құрылса, екінші, айырбасқа тіреледі. Бұлай болғанда, мынау менікі, анау сенікі деп ен салысып, енші бөлісіп отыруға болмайды. Табиғат байлығы болсын, адам баласының еңбегімен табылған заттар болсын, бәрі көпке ортақ. Коммунизмнің мағынасы — ортақшылық болып отырған себебі осы, сондықтан мемлекет шаруасы — сенің шаруаң, сенің шаруаң — мемлекет шаруасы. “Ортақшылық жолында сенікі-менікі жоқ” деудің мәнісі осы.

Мемлекет шаруасын түзету керек. VIII съезд осылай қарар шығарды дегенде, біз құр дақпыртпен большевик-сініп, халыққа жайлы-жайсыз, түсінікті-түсініксіз болса да, ортақшылықтың шашбауын көтеріп айтып отырғанымыз жоқ. Халыққа шын керекті жұмыс болғандықтан, жалпы мемлекет шаруашылығы түзелмей, қазақ-қырғыз секілді жеке ұлттардың да тіршілігі, шаруасы ілгері баспайтынына көзіміз жетіп айтып отырмыз. Жоғарыда келтірілген мысалдар соқырға таяқ ұстатқандай әркімге түсінікті болған шығар деп ойлаймыз.

Мемлекет шаруасы — біздің шаруамыз, біздің шаруа — мемлекет шаруасы екеніне көзіміз жетсе, қазіргі күйзеліп тұрған ортақ шаруашылықты қалай түзетеміз? Қазақ-қырғыз қай жағынан, неден бастауы керек? Соған келейік.

Біздің қазақ-қырғыздың қалың елі қалалы, темір жолды, зауыт-фабрикті жерлерден қашық тұрады. Сондықтан біздің жұрт алдымен өз шаруашылығын түзетуге кірісіп, өз даласынан еңбек майданын ашу керек. Бұл жұмыстардан артылғандары ғана шеттегі еңбек майдандарына аттануы керек.

Біздің білуімізше, қазақ-қырғыздың еңбек майданында істелетін жұмыстары төменгілер:

1. Күрек ашу;
2. Су бөгеу;
3. Тоған қазу;
4. Шығыр орнату;
5. Құдық қазу;
6. Құбыр салу;
7. Жол түзету;
8. Жер жырту, егін салу;
9. Пішен шабу;
10. Отын кесу;
11. Мектеп, аурухана, кеңес үйлерін салу. Бұларға керекті ағаш, тас даярлау, кірпіш құю;
12. Қала болып отырғысы келген кедейлерге үй, қора-копсы салысу.

Біздің есімізге түспеген бұлардан басқа да біздің қырда әлеумет жұмыстары бар шығар. Біз айтып өткендердің бәрі де әуремен істейтін көптің жұмысы.

Бұл жұмыстарды қалай басқару, құрал-саймандарды қайдан, қалай алу керек?

— Бір ауылнай ел болып па, бір болыс ел болып па,

еңбекшілер ұйымын ашып, бұл ұйымдар одақтасып бас мекеме сайлау керек. Соқа-сайман, машина, орақ, кетпен, балта, тесе, шот секілді саймандарды hükümetтен еңбекшілер ұйымы арқылы алмаса, мұнан былай жеке кісіге берілмейді, іздеген кісіге бәрібір табылмайды.

Қырдағы елдің жұмысының көбі қар кете басталады. Ол уақытқа да көп қалған жоқ. Енді осы бастан қам қылып, еңбекшілер ұйымын ашып, керек-жарағын күн ілгері даярлап, іске кірісе бастамаса болмайды. Бұл туралы басшылық ету — көзі ашық азаматтардың борышы. Бұл жұмыстарды басқарып, қазірден бастап жүзеге шығарудың шарасына кірісу — комитеттердің міндеті.

Мұнда бөтен адам жоқ. Біздің қырғыз-қазақ халқы — жалқау халық, бірақ бұрынғыдай “ішкен мас, жеген тоқтың” заманы өткенін білу керек. Жалқаулықпен қош айтысатын күн туды: “сал к... «ді керсенге, сыйса да бер бес теңге, сыймаса да бес теңге”...

Енді істесең де істейсің, істемесең де істейсің, онан да жақсы атпен шаруашылығыңды түзетіп ал. Онан артылған күшінді жалпы мемлекет жұмысына сал.

Шаруашылық сонда түзеледі. Сонда жұрт боласың. Қатарға сонда кіресің.

Азамат.

“Ақ жол”, 16 январь, 1921 ж., N15.

ӘЙЕЛ ТЕНДІГІ

Ескі hükümet біздің қазақ-қырғызды жүгенсіз етіп, арқасын жауыр, құйрығын шолақ, ерқашты қылса да, hükümet жаласынан аулақ, өзіміздің сүйекке сіңген ескілікті әдет-ғұрпымыздан болған үлкен кемшіліктеріміз толып жатыр. Солардың бірі — әйелді кемдікте ұстау.

Қазақ-қырғыздың әйелге көзқарасы белгілі. Бірақ жалпы жұрт “осым теріс екен-ау” деп, бұл күнге шейін мойындап тұрған жоқ. Сондықтан әйел мәселесін қолға алып, әйел теңдігін іске асырамыз деген соң, бұл туралы халықтың теріс назарын өзіне баяндап отыру қажет деп білеміз.

Қазақ әйелдері мал есебінде көрінуінде шәк жоқ. Мәселен, қызды қазақ бала демейді. Біреудің үш қызы, бір ұлы болса, пәленшенің баласы нешеу деп сұраған кісіге “біреу” деп жауап береді. Үш қызды айтпайды.

Біреудің он қызы болып, бір ұлы да болмаса, “пәленшенің баласы жоқ, қу бас” дейді. Он қыз — бала емес.

Біреудің қатыны босанса, “не туды?” деп сұрайды. Сонда білгісі келетіні: бала ма екен, мал ма екен? Қыз тапқан болса, “қырық жеті” деген жауап алады.

Қазаққа біреу қызынды оқыт десе, қызым молда болмай-ақ қойсын, “байтал шауып бөйге алмас” дейді.

Қызы өлген қазақтың балам өлді деп қайғыратыны сирек болады, күйеуге беріп қойған болса, қалың малы қайтыс болу, бермеген болса, қалың мал ала алмау жағынан ғана, мал шығындаған есебінен уайым қылады. Ұлы өлсе, азалы болып, жұрт көңіл айтып, қамкөңілді болып қалады.

Қызын берген жері кедей болса да, қолынан келсе, бір қарасы қалғанша алудан қазақ тайынбайды. “Ертең өз балам баратын үй ғой, жақсы тұрсын, мұқтаждық көрмесін” дегенді ойлайтын қазақ мыңнан біреу-ақ табылады. Уәделі малынан кем берсе дауласып, айтысып, мал үшін құдасымен араздасып, құдасымен араздасқан соң, қызымен де көріспей кететін соғылғандар көп болады.

Мал үшін қызын көрінеу кемге, өте жасқа, өте кәріге иә тоқалдыққа беру екінің бірінде бар!

Байы өлген қатын әмеңгеріне тиюге міндетті. Қалыңдығы өлген күйеуге балдызын атастыру да рәсім болып кеткен.

Мұның бәрі аздай, тумаған, тумак түгіл, жан болып жаратылмаған қызына мал алып, “бел құда” болушылар да қазақ арасында көріне бастады.

Әйелді кем ұстау жағы тағы да толып жатыр, бірақ жұрттың әйелге көзқарасын көрсету үшін осы айтқандарымыз да жетсе керек. Қазақ арасында бірлі-жарым көзі ашық оқығандарды шығарып тастағанда, қызынан: “Шырағым, мынаны қалай көресің?” — деп ризалығын сұрайтын емге бір адам табу қиын.

Халықтың түсінігі осылай болған соң, әйел — біреудің анасы, біреудің баласы, біреудің апасы, біреудің қарындасы екенінде жұмыс жоқ. Әйелдің бұл күнге шейін қорлықта, күндікте өмір сүргенінің себебі осындай.

Қазақ-қырғызды алты миллион халық десек, үш миллион күннің тәрбиесі қандай демек керек? Жауап қысқа: күнде тәрбие бола ма? Тәрбие болса, күң бола ма?

Бүкіл халықтың тәрбиесі — әйелдің қолында. Әйел —

халықтың анасы. Тәрбиесіз ананың өсірген баласы қандай болмақ? Күннен ер көңілді, ақ пейілді азамат қалай туады? Күннен құл тұмақшы емес пе?

Қазақ-қырғыз әйелінде теңдік, адамгершілік, сүйіспеншілік болмаған соң, ол кімді жақсылап тәрбиелесін. Қазақ әйелі намысын сақтауды біле ме? Табиғат заңы жағынан қарағанда, мүмкін бе? Әділдік көзімен қарасак, әйелді айыптай аламыз ба?

Қазақ қызының “оң жақта ойнап-күліп қалайық” дейтіні неліктен? Оң жақта көрінеу “ойнап-күлсе”, көріге қатын үстілікке, көңілі сүймеген адамына барған соң, не қылатыны өзгеге жұмбақ болғанмен, өзіне аян шығар. Бұған кім айыпты? Бұған қазақтың әдет-ғұрпы, бұл ғұрыпты қолданушы ел айыпты емес пе?

Ар-намыс, махаббат болмаған жерде адамшылық тұра ма? Бұл сипаттардың болуы үшін адам баласы азат, тәрбиелі болуы керек емес пе?

Бұл ақиқатты алдыңғы қатарлы зиялы азаматтар көптен аңғарып, халыққа үгіт-насихат айтып, газетке жазып, кітап шығарып жүрсе де, көп наданға түсіндіре алмай, сүйекке сіңген дертті құрта алмай, қара күшті жеңе алмай, жігері жасып жүруші еді. Енді мына бостандық заманында қолға тізгін тиіп, өз алдына hükімет болған соң, бұл туралы Алаш азаматтары қам қылып, әйел табын күндіктен құтқарып, теңгеру үшін, бір қолына закон күшін, екінші қолына түсіндіру құралын ұстап, майданға шығып отыр. Закон күші дегеніміз — “Ақ жолдың” осы санында Қазақстан hükіметінің қалың малды қалдырған декрет низамы басылып отыр. Қазақ-қырғыз халқының бір бөлімі қол астында болған Түркістан Республикасының hükіметі де бұл туралы шабандық қылмай, қазақ-қырғыз әйелінің теңгерілуіне қам қылып низам шығарар, ағарту шарасын көздеп, іске кірісер деген үмітіміз зор. Әйел мәселесіне келгенде, Түркістанды мекен еткен халықтардың арасында бізден сорақылары бар: ол жағына біз ақыл айта алмаймыз. Мұның лажын халқының жайына жетік hükіметтің өзі табар. Бірақ қазақ-қырғыз әйелдері туралы закон күшін жүргізу мүмкін екендігіне көзіміз жетеді.

Қалың малды жоғалту туралы Қазақстан hükіметі низам шығарды. Түркістан hükіметі де шығарар дедік. Бірақ низам шыққан екен деп, қазақ әйелі оп-оңай теңеліп кетпейді. Қалың мал да аз күннің ішінде жоғалып бітпейді. Өйткені

тұрмыс жолына қайшы келген законның өздігінен саулап жүріп кетуі оңай емес, сондықтан, закон шықты, жұмыс бітті деп отырмай, законның орындалуына күш жұмсау керек. Бұл — бір жылдық жұмыс емес. Көп жылдарға созылатын, көп жігер керек қылатын жұмыс.

Төңкерісшіл азаматтар! Ортақшыл жастар! Әйел теңдігін қорғау, әйел тәрбиесін қолға алу — бәріне бірдей борыш. Мұны ұмытпаңдар.

Қазақ-қырғыз әйелі! Мұнан былай біреу мал берген екен, ата-анам ренжиді екен деп, сүймеген адамға барудан тоқтал! Қызғылықты өміріңді қайғы-қасіретке айырбастама! Азаттығыңа өзін талпынсаң, сені ешкім енді зорлай алмайды, бұрынғыдай қара күш жеңе алмайды. Сенің енді қорғаушың бар. Қорғаушың — hükімет. “Риза емеспін” деген бір ауыз сөзді айтуға жарасаң болғаны, сүйгеніңе барасың, өзін үндемесең, өзін күндікке құмар болсаң, өз обалың өзіңе. Бірақ күндікке, құлдыққа ешкім құмар болмаса керек. Үндемесең — надандығыңнан, жамандығыңнан, жасықтығыңнан үндемейсің.

Көзі ашық, оқымысты әйелдер! Қараңғы надан, малға сатылып жүрген бейшара апа-сінділеріңді қорғау, көзін ашу, ояту — өзгелерден де артығырақ сендерге міндет.

“Ақ жолдың” осы санынан бастап, “Әйел теңдігі” деген айрықша бөлім ашылады. Мұнан былай жарияланған низамға қарсы қалың мал алу, әйелді сүймеген адамына еріксіз беру яки өжет әйелдер ескі әдетке бойсұнбай, сүйгеніңе кету секілді оқиғалар болса, ғибрат үшін атын атап, түсін түстеп жазып тұрушыларға газет беті ашық. Газетте атын шығарғысы келіп, жалған хабар жазушылар жауапты болады. Сотқа тартылады.

Россияда төңкеріс болғанына үш жыл өтіп, төртіншіге айналса да, қазақ-қырғыз әйеліне теңдік күні туған жоқ еді. Қазақстан hükіметінің бүгінгі низамын қуанышпен қарсы аламыз. Бұл низам қағаз жүзінде қалмай, ескі ғұрыпты жеңіп, әйел теңдігін шын мағынасында іске асыруына тілектеспіз.

Бітсін күндік!

Көркейсін әйел теңдігі!

Азамат.

“Ақ жол”, 19 январь, 1921 ж., N16.

ХАЛЫҚ СОТЫ

Сот түзелмей, халық түзелмейді. Сот халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмесе, сот емес, ол – сор.

Алаш ұранды қазақ-қырғыз бұрын орыс патшаларына бағынбай, заманасы тарылмай, Сарыарқаны ен жайлап, төрт түлікті мал айдап, өз салтымен дәурен сүріп жүрген заманда өз арасынан нелер данышпан, нелер шешен, нелер тапқыр билер шыққан. Олардың айтқан билігі жерде қалған емес. Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін билер болып, олардың билігі айтқанынан да оңай орындалады екен. Бұлай болудың бірнеше себептері болған. Мәселен:

- 1) ол кездегі билер ешкім сайлап қойған емес, жүйрік, жорға секілді жаратылысынан би болып туған желаяктар;
- 2) табиғи билігінің үстіне, халықпен бірге өсіп, біте қайнасып, тұрмысына, әдет-ғұрпына жетік болғандар;
- 3) билікті кәсіп етпей, әділ би атануды мақсұт көргендер;
- 4) атақты билердің көбі зеректігінің үстіне, жуан, күшті рудан шыққандар.

Бұл ескі билердің билігі теп-тегіс қазіргі заманға лайық, шын әділдік таразысына тартқанда, мінсіз демесек те, заманына қарай, іздесе таптырмайтын билік еді.

Заман өзгеріп, қазақ халқы орыс патшаларына бағынғаннан кейін, сайлау шығып, бұрынғы кемеңгер билер бірте-бірте жоғалып, олардың орнына аузын буған өгіздей, тобан аяқ топыршылдар би болды. Бұлар халықтың ескі сарын жолынан адасып, ақшаға сатылып, биліктің қадірін кетірді. Бұл – надан билер.

“Жаманнан жасауыл қойсаң,
Елінді жауға алдырар.
Наданнан би қойсаң,
Елінді дауға қалдырар” –

деген қазақтың ескі мақалын еске түсіре бастады. Ел ішінде дау-жанжал көбейді. Жан жүрмейтін ісіне жан жүргізді, мал бермейтін жеріне мал бергізді. Ақ қараға, қара аққа айналды. Халық бұрынғы ескі билерін сағына бастады.

Қазақ-қырғыздың күні өзінің әлгідей жаман билеріне қарап қалған жоқ. Кісі өлімі, ұрлық-зорлық, барымта, атыс-шабыс секілді істердің көбі орыс сотына қарады. Орыс сотының қолданғаны орыс патшаларының заңоны болып, ол заңонның он екіден бір нұсқасы халықтың тұрмысына тура келмеуші еді. Орыс судьялары да

халықтың тілінен, әдет-ғұрпынан емге білері жоқ, көбінесе алдындағы шалағай, жемқор тілмаштардың жетегімен адасып кетуші еді. Сондықтан талай айран ішкендер құтылып, талай шелек жалағандар тұтылып, халық зар жылады.

Законның мағынасы — әдет-ғұрып, рәсім деген сөз. Закон әдет-ғұрыпқа қайшы келсе, үлкен аяққа тар етік кигізгенмен бірдей. “Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда” деген мақал осыған келеді. Әркімнің өз аяғының қалпымен етік тігілуі дұрыстығына ешкімнің дауы болмаса, закон әр жұрттың өз тұрмысына лайық болмағанда, ол закон халықтың аяғын қысып, кең дүниені тар қылуы да талассыз болса керек. Біздің жұрт “Алла ... Құдай ... шарифат ...” дегенде көкірегі қарс айырылса да, шарифат үкімінің теп-тегіс іске аспауы бұған зор дәлел еді.

Енді жаңа дәуір басталды. Бұрынғы ескі закондер жыл асырылып, жалпы жұртқа ерік беріліп, Кеңес үкіметі халық соты туралы да закон шығарып отыр (*“Ақ жол”, 21, 22, 23-сандар*).

Кеңес үкіметінің жолында ақшамен, парамен би болу болмайды. Болса, желкесін қияды. Кеңес үкіметі еңбекшіл халықтың тұрмыс ағымына ереуіл келмейді. Ешкімнің тіліне зорлық қылмайды. Тың билік Кеңес үкіметінің нizamдарына һәм езілген ұлттардың тілегіне қайшы келмесе, халықтың әдет-ғұрпымен һәттә шарифат қағидаларымен де билік айтуға ерікті деп отыр (*сот низамының 22-бабын қара*).

Сот низамының кемшілігі болса, сынау, мінеу — заң біліміне, халық билігіне жетіктердің міндеті. Дәлелі келсе, Кеңес үкіметі халықтың тұрмыс жолына қайшы келген баптарын өзгертеді. Бұл өз алдына бір алуан мәселе.

Бұл күнге шейін қазақ-қырғыз арасында даудан көп нәрсе жоқ. Бұл даулар төңкеріс заманында тіпті күшейіп кетті. Билік тезін құрып, тентекті тыюға бұл күнге шейін Кеңес үкіметінің қолы, жаумен жағаласып жүріп, босаған жоқ. Енді жауын жеңіп, бір жайлы болып, үкімет халықтың шаруасын, тұрмысын, түзеуге кірісіп отыр.

Ел ішіндегі арам ойлы бұзақыларға төрт жылдан бері бостандық болып, ұрлық-зорлық, барымтаның базары ашылды. Халық күйзелгеннің үстіне күйзеліп, момындар мал мен басқа ие болудан қалды. Мазасы әбден кетті.

Енді не қылу керек?

Енді сот жұмысын құруға белсеніп кірісу керек. Жалпы

қазақ-қырғызды алғанда, бұл күнге шейін соты құрылмай отырған жерлер бар. Мәселен, Ақмола облысы секілділер.

Сотқа шын еңбекшілер қамын ойлайтыш, ақшаға, ажарға сатылмайтын, халықтың әдет-ғұрпына жетік ақ жүрек адал адамдарды сайлау керек.

Заң комиссариаты еңбекшіл езілген таптың тұрмысына һәм Кеңес һүкіметінің нұзамдарына қайшы емес, халықтың қалпынан, салтынан шыққан түзу биліктерді жинап, билердің қолдануына закон қылып шығарудың шарасына кірісуі керек.

Осылай еткенде ғана сот халықтың аяғын қыспайды, тентек сонда тыйылады. Қой үстіне бозторғай сонда жұмыртқалайды.

Азамат.

“Ақ жол”, 9 февраль, 1921 ж., N24.

ЕЛ КҮЙЗЕЛДІ

Тарих жүзінде Алаш ұранды қазақ-қырғыздың басынан кешкен апаттың зоры — баяғы “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” болса керек. Оған енді екі жүз жыл өтті. Сонда қалмақ пен қазақ соғысып, қалмақ жеңіп, қазақ қырғын тауып, кір жуып кіндік кескен мекенінен ауып, ботадай боздап, босқан екен. Сол апатты басынан кешірген жандардың мұнды-зарын бұл күнге шейін жұрт ұмытпаған.

Мына заман қай заман, қысқан заман?
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қантардағы қар жауған қыстан жаман.

Мына заман қай заман, бағы заман?
Баяғыдай болар ма тағы заман.
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын...

Осы “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан” кейін де қазақ-қырғыз қайта құралып, ірге теуіп, ел болып кетіп еді. Онан кейін талай жұттар: “қара тышқан”, “көк тышқандар”, “ұлы қоян, кіші қояндар”, кешегі аты шулы “до-«ыздар” өтті. Бұл жұттар да қазақ-қырғызға тұқымдық мал қалдырып, бес-он жылдан кейін елеусіз болып ұмытылып еді.

1916 жыл бүкіл қазақтың басына қорқыныш болып, айрықша, Жетісу қазақ-қырғызы қырғын тауып, жаннан, малдан түңіліп, туып-өскен жеріне, Арқа менен Сырдағы ағайын-туған еліне қош айтысып, азып-тозып, қашыппысып кетіп еді. Бұл сорлылардың бағына қарай бостандық туып, өлгені өліп, тірілері мекендеріне қайтып, бұл күнде қыбырлап ел қатарына қосылған болып отыр. Жетісу қазақ-қырғызының мал-мүлкінен айырылғаны бір сәрі, адамының жүзден отыз бесі қырғын тауып еді.

16–17-жылдарда Түркістанда ашаршылық болып, жұрт малынан айырылып, адамы босып, Сырдария қазақтары шыбындай қырылды. Бала-шағаларын, қатын-қыздарын кәсіпке сатты. Бірақ келер жыл егіс, шөп шығымды болып, жалпы жұртқа тоқшылық кіріп, Сырдария қазағының дені қырғыннан аман қалып еді.

Жоғары айтылғандардан көрінеді — қазақ-қырғыз талай тайғақ кешу, тар көпірден өткендігі. Енді Кеңес hükіметінің заманында әзер деп демімізді алып, төңкеріс жемісіне ортақ болып, саяси теңдікке жетісіп, тіршілігімізді түзетіп, ел қатарына қосыламыз ба деп едік. Әлі де сорымыз арылмаған екен, Арқадағы алаш жұтқа ұшырап, ашаршылық азабын жекжаттық етіп отырмыз.

“Ақ жол” жүзінде Арқа елінің күйзеулігі бұрын да жазылып келіп еді. Соңғы күндерде алынған хаттардың анық хабарына қарасақ, көзге жас, көңілге қайғы толып отыр: жұтаған мал, ашыққан жан, қалың ауру, қаптаған өлім... Керек болса, міне, мысалдар.

Торғай үйезінде мал қырылып жатыр. Жазға салым ашаршылық күтіп тұрмыз. Алыстан азық таситын көлік қалған жоқ.

Қарқаралы үйезінде шаруа күйзелді. Мал өліп жатыр. Жұрт жаяу, аш, жалаңаш...

Омбы үйезінде мал қалатын емес. Жұрт арықты, өлім күшті.

Темір үйезінде жұт. Ауру қалың, күнде жаназа ...

Бөкей ордасының қазақтары томаршық деген шөптің дәнін қағып жеп жатыр. Он ырасы бар үй бүкіл Бөкейлікте “үлкен бай” саналады. Томаршық қазаққа кесек ет, тілімсек нан болып тұр.

Ырғыз үйезінің қазақтары саршұнақ тышқанды жеп жатыр. Күздігүнгі өлген малдардың өлексесін қар астынан қазып алып жеп жатыр. Өлексесі әрі ас болмай, бейшаралар қырылып жатыр.

Міне, Арқадағы бес облыстың (*Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Бөкейлік*) жайы!

“Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” қазақтың есінен екі жүз жылдан кейін де шықпаған болса, биылғы жұт, ашаршылық өткен замандағы апаттардан он есе ауыр тисе керек. Бұрын бір ел күйзелсе, өзге сыбайлас жұрттар аман болып, адам баласы орасан ашаршылыққа ұшырамайтын еді. Қазір басымыздан ауыр заманды өткізіп тұрмыз: бүкіл мемлекет күйзеу. Біреудің біреуге ауысары кем. Ақтабан шұбырындыда қазақ-қырғыз қоныс аударып аман қалған болса, қазіргі заманда барар жер, басар тауымыз белгілі.

Бұл апатқа... не шара?

Үміт аз. Өйткені ел осындай күйзеліп, ашығып, қырылып жатқанда, қара суға семірген қайғысыздар, атқа мінген антұрғандар қылдай жұртқа жәрдем етудің орнына, бүлінген елден бүлдіргі алып, байлық молайтып жатқандарын естиміз. Оларға елдің зарыққаны, өлгені, тірілгені қанша керек?! “Дүниені топан қаптасын, өзім аман болайын”.

Қазақстан Республикасының hükіметі қайда? Не шара, не дауа қарастырып жатыр?

— Біз ешнәрсе білмейміз. Ойлаймыз, қарап отырмаған шығар, қам қылып жатқан шығар деп.

Қатын ерге қарайды, ер жерге қарайды. Ел билеген hükімет, елін сүйген азамат, өзгені ұмыт, мынау апаттан елінді аман алып қалудың шарасына кіріс!

— Ел күйзелді...

Мадияр.

“Ақ жол”, 9 апрель, 1921 ж., N45.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ

Газетке қай нәрсе жазғысы келіп, не туралы жазсам екен деп ойланғанда, қалам ұстаушының қиялына түрлі мәселелер тізіледі. Солардың қатарында “қазақ зиялылары” да келіп елестей қалады. Мұнан кейін жазушы ақ қағаздың бетіне қара бояумен ойына келген қошқар мүйізін салады. Орынды-орынсыз сөздер жазылады. Дәлелді-дәлелсіз жалалар жабылады. Біреулерді жатқанынан тұрғысыз қылады. Біреулерді өз дәрежесінен артық жоғары көтереді. Қайсыбір жазушылар қазақ-қырғыз зиялыларын бірлікке шақырады.

Бірігудің жолдарын көрсетеді. Бірікпей жүрулерінің себептерін тексереді. Әрине, мұнан шығатын пайда көп: сөзден сөз шығады, ойдан ой туады. Бірақ қазақ зиялыларының бұрын-соңды қалпы олардың әлеумет ісінде, саясат жүзінде қолданған пікірлерін тексергенде, мәселені тігінен қарап, әділдік таразысына салып өлшемесе, битараптық қылмаса, бірбеткейлік бола бермек. Қайсыбір ортақшыл жолдастар партияға кірмей жүргендер туралы оларды “ұлтшыл, бұрынғы көсемдердің соңына ерушілер... соларды пір тұтқан... коммунист болуға қоянша қорқып, жүрексініп жүргендер...” деп алдын ала “шарбақ” қойып қояды.

Ұлтшылдық бір кесел болса, бұрынғы “көсемдер” кесірлі болса, партияға кірмей жүргендер қоян жүрек қорқақ болса, бұлардан коммунист болғанда не шықпақшы? Бұларды коммунист тобына шақырудың не керегі бар? Қайта, мұндай адамдар партияға байқаусызда кіріп кеткен болса, шақырудың орнына қуу керек емес пе? “Партияны тазарту” дегеннің мақсаты – партияда шын коммунистер болсын, игі жүзді алдамшы, жеп кетерлер болмасын деген емес пе? Содыр, сотқарларды, қоян жүрек қорқақтарды бүгін шақырып алып, ертең құтыла алмай жүруде не мағына бар? Мұның түбі – бір теңге беріп жырлатып, мың теңге беріп қойдыра алмаған болмай ма?

Біздің қазақ-қырғыздың оқығандары санаулы. Партияда бары да, жоғы да бәрімізге белгілі. Бізден коммунистер шыға бастағанына әлі екі-үш жылдан асқан жоқ. Өзге жұрттағылар секілді, біздің қазақта да өтірік коммунистер, партияны ластап жүргендер арасында шын жұртшыл, еңбекшіл тапқа шын жаны ашитын, Кеңес үкіметіне ынта, көңілімен қызмет етіп жүргендер де жоқ емес. Олай болса, қазақ-қырғыз зиялыларын сөз қылғанда, бұларды партияда бар, жоқ демей, жамыратып жіберіп тексеру керек. Шынын айтқанда, күні кеше бәріміз де ұлтшыл емес пе едік? Қазақ оқығандарының ең әуелгі тобы ұлтшылдар емес пе еді? Февраль төңкерісіне шейін Еуропаның саяси партиясына кірген қазақ болса, қане, айтсыншы! “Мен әлімсақтан бері коммунист едім... мен 1905 жылдан бері партияда едім...” деушілердің ертегісі біздің құлағымызға кіріп те шықпайды. Ит сыры иесіне мәлім. Біз білмейтін қазақтың сыры жоқ!

Ал ұлтшылдарымыз қанша еді?

Шын ұлтшылдың өзі аз еді. Ұлтшыл еместердің көбі өзімшіл, дәрежеқұмар, парашыл, шағымшыл, зорлықшыл еді. Ол заманда қазақ оқығандары неге ұлтшыл болды,

неге өзге, онды-солды, Еуропаның саяси партияларына кірмеді, оның себептері талай сөйленіп, талай жазылған. Бұл арада тағы да Қаратаудың басын ауыртпалық.

Енді бүгін Кеңес үкіметі дәуірлеп, коммунист партиясы жолбасшылық қылып отыр екен; қазақ-қырғыз секілді езілген елдерге бостандық, теңдік күні туған екен; коммунист партиясынан жағымды партия жоқ екен, бұрын өзгелердің соңында жүргендер адасып жүрген екен, соның үшін бізге коммунист болу керек екен — бұған түсіндік, көзіміз жетті. Партияға кіргендеріміз де бар. Партияға кіргендер кіргендерді шақырып та отыр. Бірақ бізге енді шешетін мәселе қайсы? Біздің қазір ортақшыл болып отырғандарымыз кімдер? Мұнан кейін де болса бола алатындар кімдер? Бұл сұрауларға берілетін жауап әркімге-ақ анық-ау деймін: бізден қазір шын коммунист болдым деп отырғандар (*өтірік коммунистерді айтпаймын*) — кешегі ұлтшылдар. Мұнан кейін де шын коммунист болуға жарайтындар — тағы да сол бұрынғы ұлтшылдар. Үшінші — қазіргі жаңа талап жас буын. Әйтпесе, күні кеше ұлтшыл болуға жарамай, өз басының қамын ойлап, жылтыр түйме таққанына мәз болып, переводчик болып пара алып, пристав болып халықтың қанын сорып, болыс болып ел бүлдіріп, тыңшы болып шағым жүргізіп жүрген соғылғандар бүгін қолына қызыл ту алып, “коммунист” бола қалды екен деп кімнің іші елжірей қалады. Мұндайлар жоқ емес, Құдайына шүкір — бар. Әсіресе біздің Қазақстанда толып жатыр.

Партияға кірмей жүргендерді партияға шақырушы, бірлікке үндеуші жолдастарға айтатынымыз: мұныңыз дұрыс-ақ, аталы сөзді арсыз қайырады, бірақ әуелі партияға кірушілердің көбеюін мақсат көруден бұрын, аз да болса, тазалық жағына көз салсаңыздар екен дейміз. Шын таза, шын еңбекшіл, шын жұртшыл азаматтар партияға кірсе, олардың соңынан жұрт та ереді. Олармен жолдас болудан кешегі ұлтшылдар да, бүгінгі жаңа талап жастар да қашпайды. Ішінде бірлі-жарымды таза жігіттер болғанменен, көбі бұзақылар болып, адал-арамды талғамай: “Келіндер, жолдастар, бірігелік, қорықпандар, біздің тобымызға кіріңдер...” деп қол бұлғағанға сондарыңнан жөңкіле жөнелетін адамдар аз табылар деп ойлаймын. Табылар, көп те табылар. Бірақ, бұл табылушылар, жоғарыда айтқандай, “қой суретті, қасқыр жүректілер” де болып шығар.

Біздің оқығандардың көбін орыс жолдастар білмейді. Бірақ өзімізге аян емес пе? Түркістанда, жоғарыда айтқанымыздай, қалтасына қызыл билет салып алған қара жүзділер алғашқы кезде көп болған. Соңғы кездерде өкімет басына қазақтан таза адамдар отырып еді. Мәскеуден комиссия келіп еді, бұлар бір-бірімен жақсы түсінісіп, оқығандардың — билеті қызыл, пейілі қара мырзалардың ініне су құйды. Содан кейін партияға кіруші таза адамдар көбейіп келеді. Партияға кірмесе де, кеше ұлтшыл екендігі белгілі болса да, Кеңес өкіметінің жолында шынымен қызмет етушілер де табылып отыр. Түркістан өкіметі, мұндағы саясатшылар жоғарғылардың бірін де шетке қағып отырған жоқ. Ешкімге партияға кір деп қолқа салмай-ақ, партияның жолы дұрыс екендігін істерімен көрсетіп отыр. Халықты құр тәтті сөзбен асырамай, түзу саясат, жемісті жұмыстарымен соңына ертіп отыр. Жуан жұдырықтылардың төбесін тесіп, отаршы обырлардың тірсегін қиып отыр. Міне, біздің Қазақстандағы өкімет тізгінін қолына алып, ел билеп отырған ортақшыл азаматтарымыз осы Түркістан саясатын қолданса, ел де солардың соңында, партияға кірмей жүрген, кіре алмай жүрген ұлтшылдар ма, ұлтсыздар ма — бәрі де бір тілек, бір тудың астына жиналуына біздің көзіміз жетеді.

Адамның алдымен адам сипаты болуы шарт. Өзінен басқаның тілегін тілей алмаған, арын, иманын қара басының пайдасы үшін қысқа күнде қырық сататын соғылғандардан қаны тамып тұрған ұлтшыл артық. Бірақ біздің қазақтың ұлтшылдары өзге жуан елдердің ұлтшылдарындай емес екені бәрімізге белгілі. Бізді ұлтшыл қылған нәрсе — біздің кемдікте, қорлықта жүргендігіміз, көрінгеннен соққы жегендігіміз еді егер теңгеруші табылады екен, ұлтшылдықты ортақшылдыққа айырбастауымыз қиын емес.

Ұзын сөздің қысқасы, партиядағы жолдастар араларындағы арамзаларды аластап шығарсын. Түзу саясат жүргізіп, “қазақшылықты” тастап, шын ортақшылдық жолындағы әуелгі өрнегімен жұрттың ықыласын өздеріне аударып алсын, қолынан іс келетін, Кеңес өкіметінің кейбір саясатына қарсы, шын таза азаматтарға “ұлтшылдық” таңбасын басудан бұрын, оларды іске кірістіріп, сендіріп, соңынан ертсін. Бірте-бірте шын ортақшыл болуға жарайтындары риясыз, ешкімді алдамай-арбамай, түсініп, сеніп, өздері кіретін болсын, шын ортақшылдар тобы сонда көбейеді, шын бірлік сонда табылады.

Көбейсін ортакшылдар!
Көркейсін Алаш армандарының бірлігі!

Мадияр.
“Ақ жол”, 5 мамыр, 1921 ж., N55.

АХМЕТ БАЙТУРСУНОВИЧ БАЙТУРСУНОВ (Биографический очерк)

Ахмет Байтурсунович родился 28 (15) января 1873 года в ур. Сартюбек Тургайского уезда Тосынской волости, происходил из Аргынского рода киргиз Средней Орды. В раннем детстве он кое-как научился мусульманской грамоте у аульного муллы. Этим закончилось бы его образование, и он остался бы на всю жизнь полуграмотным киргизом-скотоводом, если бы, по поговорке, “не помогло несчастье”.

Если родина Ахмета Байтурсунова — Тургайский уезд, населенный исключительно киргизами-скотоводами, и в наши дни является одним из темных, изолированных от культурных влияний захолустных уголков, то, естественно, 50 лет тому назад картина, безусловно, была еще печальнее. Поэтому в те времена только редким счастливым из киргиз удавалось поступать в русские школы. Одним из этих счастливых является А. Байтурсунов, поступивший в школу случайно, благодаря постигшему его родителей несчастью.

Как всякая среда, киргизская степь столетиями рождает своих сынов, но с присущими степной природе особенностями. Если разнообразная и красивая природа Европы рождала таких великих людей, людей науки и искусства, как Ньютон, Маркс, Толстой, Рафаэль и др., то степная природа Азии рождала таких своеобразных великих героев, как Темучин, Темирлан, Кенесары, Срым и др. Если не к числу великих, то, по крайней мере, сильных людей относится отец Почтенного Ахмета — Байтурсун Шошаков. Будучи сильным и энергичным от природы, Байтурсун отличался свободолюбием и никакой власти над собой не признавал. Поэтому он в степи являлся беспокойным элементом и часто устраивал эксцессы то с султаном-правителем, то с сардарами. Впоследствии начальство ради успокоения Байтурсуна, его самого назначает сардаром. Но это средство оказывается недейственным, и Байтурсун Шошаков вступает в борьбу с

уездным начальником Яковлевым и влиятельным сардаром Беремжаном¹.

В борьбе против врагов своих с Байтурсуном солидарно действует родной брат его Актас, человек весьма умный и решительный.

В одно прекрасное время с небольшим отрядом казахов выезжает в степь уездный начальник Яковлев для поимки Байтурсуна и Актаса. 12 октября 1885 года у брода реки Тургая — Джингилды — Яковлев внезапно появляется в ауле Шошаковых, где застает самого Байтурсуна. Яковлев, требуя выдачи отсутствующего Актаса, терроризирует киргизов, избив нагайками и шашками поголовно всех, не исключая даже женщин и детей. Озлобленный таким зверским поступком Яковлева, Байтурсун бросается на Яковлева и наносит ему удары нагайкой, вследствие чего окровавленный Яковлев без памяти падает с лошади. После этого происходят перестрелка и нагаечный бой, в результате чего отряд, оставив несколько человек раненых, пускается в беспорядочное бегство, из киргизов оказывается убитым один и несколько раненых. Вскоре после этих событий при помощи высланных из Иргиза и Тургая карательных отрядов Шошаковых задерживают со всеми родственниками и заключают в Тургайскую военную гауптвахту, а скот и имущество у них конфискуют. Через год прибывает из Казани сессия Военно-Окружного суда; Байтурсун и Актас с несколькими братьями и товарищами приговариваются к каторжным работам на 15 лет, а второстепенные участники в деле Шошаковых — на разные малые сроки. Остаются на свободе одни женщины и малолетние дети, в том числе и будущий поэт и общественный деятель Ахмет Байтурсунов, без всякого попечения и средств к существованию. Ахмету Байтурсуновичу тогда было 13 лет. “В письме к матери”, написанном в 1909 году из Семипалатинской тюрьмы, поэт об этих событиях вспоминает в следующих стихах:

“Сердце мое, сраженное в 13 лет,

Сохранило неизлечимую рану и глубокий след”.

Один из братьев Шошаковых Ергазы, приговоренный к 4-летнему заключению, по отбытии срока наказания задается счастливою мыслью отдать в школу единственного

¹ Беремжан — потомок известного в истории киргизов Джанибек батыра (*Прим. автора — Ред.*).

сына Актаса — Спандияра, объяснив это тем, что он убедился во время судебного процесса в необходимости знания русского языка, так как переводчики, боясь уездного начальника, непдробно и неточно передавали показания подсудимых. Умный от природы мальчик Ахмет изъявляет свое желание тоже поступить в школу, что и исполняется: он поступает в 1886 году в Тургайское р.к. двухклассное училище.

Вскоре отец А. Байтурсунова с братьями отправляется в Сибирь, а единственный его дядя Ергазы, на попечение коего оставались овдовевшие жены и осиротевшие дети сосланных, умирает.

А. Байтурсунов, с большими трудностями и лишениями окончив курс Тургайского училища, в 1891 году задумывает попасть в Оренбург для продолжения образования. Как Ломоносов, А. Байтурсунов со случайными попутчиками добирается до Оренбурга и поступает в киргизскую учительскую школу. Четырехлетнее пребывание в Оренбурге и ежегодное возвращение на каникулы в Тургайский уезд и обратная езда в Оренбург проходят для него в крайне затруднительных обстоятельствах, сопряженных с большой материальной нуждой. Однако настойчивая натура А. Байтурсунова переносит лишения и, перебиваясь “с хлеба на воду”, в 1895 году он кончает курс учительской школы.

Этим заканчивается у А. Байтурсунова школьное образование. В дальнейшем он, изучая европейскую литературу, занимается самообразованием.

Педагогическая деятельность А. Б.¹ начинается с 1895 года. В период с 1895 по 1909 год он учительствует в аульных, волостных и двухклассных училищах в Актюбинском, Кустанайском и Каркаралинском уездах.

В начале XX века, живя в Каркаралах А. Б. принимает участие в революционных движениях: работая первое время нелегально, а затем, после обнародования Манифеста 17 октября 1905 года, являясь одним из видных и активных Руководителей киргизской массы. Вскоре наступает реакция, революция уходит в подполье, а А. Байтурсунов продолжает работу в национальных организациях. Однако подходит расплата: среди товарищей оказывается провокатор (Т. Чингисов), который выдает А. Байтурсунова и других.

¹ А. Б. — Ахмет Байтурынов — (Ред.).

Первого июля 1909 года жандармы производят обыск у А. Б. и арестовывают его. До 1 февраля 1910 г. А. Б. сидит в Семипалатинской тюрьме, затем ему объявляют постановление о высылке его на два года из пределов киргизских областей. Последние годы до Октябрьской революции А. Байтурсунов жил в Оренбурге.

Ахмет Байтурсунов — народный поэт. Поэтическая деятельность его начинается с перевода басен Крылова на киргизский язык. Как у человека, посвятившего всю свою жизнь просвещению темной киргизской массы, основная идея его высказывается и тут: как поэт-протестант, А. Б. поэзию превращает в оружие борьбы с политикой монархической России, угнетавшей киргизов. Принимаясь перевести басни Крылова, он прежде всего имеет в виду великую возможность басен для воспитания детей и взрослых. Он выбирает для перевода из Крылова такие басни, которые понятны и соответствуют киргизскому духу. Если Белинский про Крылова говорил: “Хотя он брал содержания некоторых своих басен из Лафонтена, но переводчиком его назвать нельзя, его исключительно русская натура все перерабатывала в русские формы и все проводила через русский дух”, — то же самое мы можем сказать и в отношении А. Байтурсунова. Как у Крылова, так и у Ахмета Байтурсунова, о естественности, простоте и разговорной легкости языка тоже не приходится говорить. Ахметом Б. переведено 40 басен Крылова, и под названием “Сорок басен” сборник выдержал уже несколько изданий.

В своих стихотворениях А. Б. не поет о любви, о женщине, о природе, у него нет ни высокопарных слов, ни крылатых фраз. Он простым и понятным киргизским языком поет о свободе, о нации — об угнетенной и отсталой киргизской нации, призывая ее к просвещению, к труду и к освобождению от вековой спячки и пробуждая в каждом киргизе чувства гражданства. Стихотворения А. Байтурсунова по внешней своей простоте, по внутреннему содержанию, легкости и равномерности занимают первое место в киргизской литературе. У А. Байтурсунова, кроме “Сорока басен”, имеется еще небольшой сборник оригинальных и переводных стихотворений под названием “Маса” и несколько не напечатанных стихов лирического характера.

Через всю литературную деятельность А. Б. красной

нитью проходят беспощадная критика и строгий анализ царской политики и протест против нее.

А.Б. — публицист и творец школы киргизской художественной словесности. Как публицист А.Б., не имея почти никаких материальных средств, в начале 1913 года основал в Оренбурге первую, в полном смысле этого слова, киргизскую газету “Казах”, на страницах которой смело выдвигал нужды киргизского народа.

В программной статье, помещенной в первом номере “Казаха”, А.Б., пояснив пользу и значение периодических изданий и, между прочим, намекая на колониальную политику царского правительства, пишет:

“...Народ киргизский, с давних пор занимавший определенную территорию, жил обособленною жизнью, теперь мы видим наплыв переселенцев в киргизской степи. Какова будет судьба наша в будущем? Судя по историческому ходу вещей, нетрудно предугадать, что, если пришлый элемент окажется в культурном отношении сильнее коренного населения, то со временем последнее должно быть поглощено первым. И наоборот: если оба окажутся в разной мере культурными, тогда только они смогут развиваться самостоятельно, существуя на одинаковых правах, и сохранить национальный облик свой. Теперь перелом в экономической жизни киргиз неизбежен. На удобные для хлебопашества земли насаждаются земледельцы, скотоводческие участки отрезаются для скотоводов пришельцев, а также отчуждаются и рыбные промыслы. Словом, всевозможными путями проникают в нашу среду чужие народности. Поэтому перед нами во всем своем величии вырастает вопрос, вопрос о самостоятельном существовании киргизского народа. Для того чтобы сохранить свою самостоятельность, нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре; для этого мы обязаны первым делом заняться развитием литературы на родном языке. Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою литературу. В этом отношении у нас дело обстоит далеко не благополучно. Современная киргизская интеллигенция, получившая образование в русских школах и татарских медресах, уже начинает пренебрегать киргизским языком, разговаривать и переписываться между собой на русском

и татарском языках. Это уже плохой признак. Если это будет продолжаться и в дальнейшем, и если наши отцы и матери вопреки закону природы не проживут сотни, тысячи лет, то нам придется навсегда проститься с киргизским языком, а вместе с тем и с киргизским народом, как с особой нацией. Если этого мы не хотим, то необходимо разрешить этот вопрос в корне и отныне приступить к усовершенствованию киргизского языка и литературы”.

От этой идеи А.Б. никогда и ни на шаг не отступал. По этому поводу были на него нападки со стороны татарской печати, но А.Байтурсунов всегда давал должный отпор. Благодаря А.Байтурсунову, хотя бессознательно, но на самом деле поддававшаяся обрусению и отатариванию часть киргизской интеллигенции, живо опомнилась и стала осознавать и исправлять свои ошибки. Даже бывали такие курьезные случаи: учащаяся молодежь в некоторых русских учебных заведениях в целях сохранения чистоты киргизского языка обуславливалась разговаривать между собой обязательно по киргизски, в случае нарушения кем-либо этого правила виновный за каждое случайно вылетевшее некиргизское слово платил 35 коп. штрафа в пользу ученических кружков.

Вскоре газета “Казах”, как единственный орган, отвечающий культурным и общественным запросам киргизской жизни, завоевала общую симпатию и стала популярною в широких массах. Тогда как выходящие в то время газета “Казахстан” и журнал “Айкап”, не находя среди читающей киргизской публики даже несколько сот человек, вскоре прекратили свое существование, “Казах” к концу первого года издания имел уже 3000 подписчиков. Насколько газета “Казах” была дорога молодежи, можно судить из того, что: ежегодно, в день выхода первого номера в свет, из всех университетских и других городов, от учащихся киргиз получались в редакции приветственные телеграммы и письма.

Но зато “Казах” нажил немало врагов. За все время своего существования “Казах” вел систематическую борьбу с развивающимися в степи злоупотреблениями, разоблачая грязные поступки обирателей, взяточников и аферистов разных мастей. Они-то, зорко следя за каждым шагом и за каждой строкой “Казаха”, занялись доносами, они переводили резко написанные и осуждающие действия в политике правительства статьи с комментариями от себя

и представляли начальству. Поэтому то и дело производились в редакции обыски, то и дело А. Байтурсунова таскали к губернатору или жандармскому начальнику на допросы. В 1914 году за помещенную в №80 “Казах” передовицу, где А. Б. критиковал только что выработанный М. В. Д. проект положения об управлении Киргизским краем, оренбургский губернатор Сухомлинов оштрафовал А. Б. как редактора на 1500 руб. и в случае его несостоятельности постановил заменить штраф арестом А. Б. на 8 месяцев. Утрата 1500 рублей была бы равносильна закрытию газеты, поэтому А. Б. несмотря на слабость своего здоровья, заявил полиции, что он согласен сидеть, но платить штрафа не может. 20 октября А. Б. посадили в тюрьму. Пишущий эти строки подал телеграммы в разные города, известив друзей А. Б. о случившемся. В адрес редакции посылались переводы по телеграфу, и А. Б., не просидев и 45 дней, по внесении штрафа был освобожден. “Казах” и после этого подвергался штрафам на разные суммы, доходившие иногда до 3000 руб. (в 1916 г.), и всегда отзывчивые читатели аккуратно вносили штрафы, не доводя дела до ареста А. Байтурсунова или закрытия газеты. “Казах” просуществовал до октября 1918 года. Созданная почти из ничего и просуществовавшая в тяжелых условиях царско-полицейского режима, благодаря умелому руководству и самоотверженному труду А. Байтурсунова, газета перед закрытием имела свою собственную типографию, большой запас бумаги, небольшую библиотеку, тираж превышал 8000.

Таким образом, возглавляемая Ахметом Байтурсуновым газета “Казах” в истории молодой киргизской прессы заняла первое и почетное место. После февральской революции Ахмет Байтурсунов втянулся в водоворот общественно-политической жизни. На всех съездах, краевых и областных, он является одним из активных руководителей. После свержения царизма он занимал разные выборные должности и затем был избран в члены Всероссийского учредительного собрания от Тургайской области по списку националистической партии “Алаш”. До 1919 г., находясь в рядах автономистов-националистов, а марте того же года Ахмет Байтурсунов, убедившись в пагубности для своего народа националистической политики правых партий, перешел на сторону Советской власти.

При Советской власти Ахмет Байтурсунов занимал разные ответственные должности и в то же время не прекращал учительско-педагогическую деятельность. В настоящее время состоит преподавателем Киргизского института и представителем Научно-литературной комиссии при Наркомпросе и почетным председателем Общества изучения Киргизского края.

В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтурсунова мы имеем киргизскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию киргизского языка, теорию словесности и историю культуры. Этим кропотливым трудом Ахмет Байтурсунов поднял киргизскую словесность на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и родной литературы.

Стесняясь размером краткой биографической статьи, посвященной 50-летию со дня рождения Ахмета Байтурсунова, подробно останавливаться на литературно-научных его заслугах, к сожалению, не приходится, поэтому заканчиваем настоящую статью искренним пожеланием дорогому Ахмету Байтурсуновичу плодотворной работы на долгие годы на благо родного киргизского народа.

М. Дулатов.

Биографический очерк.

“Труды Общества изучения Киргизского края”.

Вып. III. Оренбург, 1922 г.

ТҮРМЫС, САЛТ-САНА, ОҚУ

Адам баласының не бар көрген-білгені ақылына тоқылып, миына суреттеліп, тізіле береді — мұны сана дейміз.

Малшылық, көшпелі дәуірінде күнелткен қазақ баласының көретін, білетіні:

Мал семіз болу үшін жайлаудың оты, суы бірдей жағымды болуы керек; қымыздан артық сусын жоқ; шайнаманың сүйкімдісі жылқы еті; үй ішінің қожасы — еркек, әйел еркектің ыңғайымен жүріп, айтқанын істейді; баланың билігі әкесінде, әкесінің сөзін тыңдамаған бала — бейбастақ, көргенсіз аталады. Ауылдың билігі ақсақалда, ақсақалға бағынбаған ауыл бетімен жайылған, бассыз, берекесіз аталады; бірнеше ауылға қожа болып, айтқанын істету үшін ауылнай, болыс болу керек, орысша оқып, заң-закондерді жақсы білетін кісі онан да артық дәрежеге жетеді. Елті жігіт әкімге, байға жақын болып, бұқараға қадірлі,

айбынды бола келе, түбінде өзі де әкім болып иә байып шығады. Бейнетсіз күнелту үшін бай болу керек. Жердің қыртысын аударып, егін еккеннен де мал өсіріп кәсіп қылған оңай да, сыпайы да; епті жігіт болып, мал тапқан онан да жеңіл, онан да сыпайы; әкім болып алып, басқаларды олжа қылған онан да артық сыпайы; ештеме түсінбейтін анайы бұқараның көзін уқалап, алдап алу — жебірлік, қорқытып алған — күштілік; жебірлік пен күштілік бір кісіден табылса, ол бай болмай қоймайды; жебірлік, күштілік, байлық — үшеуіне бірдей ие болған кісі — Құдайдың артық жаратқан ардақтысы.

Және де осы сықылды қазақ тұрмысының толып жатқан тараулары, осындай тұрмыста туып, осындай тұрмыста өскен Сәңкібайдың да, Жылқыбайдың да көрген-білгені осы сықылды қалыптар; бұлар екеуінің де миына сіңіп суреттелген; бұл суреттерден Сәңкібайлардың санасы құралған.

“Адам мен адамның арасы жер мен көктей” деген қазақтың ескі мақалы бар. Адам мен адамның арасы дәл сондай болмаса да, бірі мен бірі бірдей екі кісіні бүтін дүниеден іздеп табуға болмайды; бір кісінің екінші біреуден, сыртқы пішініне қарағанда, айырмашылығы қандай болса, екеуінің санасы да сондай екі түрлі деуге болады. Жылқыбайдың санасына салғанда: мезгілсіз қонақтың үй ішін бимазалағаннан басқа түк қасиеті жоқ десек, ондай үй Сәңкібайдың санасына үйлеспей шығуы да мүмкін. Сәңкібайша: қонақ — үйдің ырысы, қонақсыз үй — сорлы үй деген қисындырақ болып шықса да ғажап емес. Бірақ Сәңкібайдың да, Жылқыбайдың да тәрбиелеген тұрмыстары бір-біріне ұқсас; екеуінің тұрмыстары біріне-бірі қанша жақын болса — екеуінің санасы да біріне-бірі жақын болмақ. Екеуінің санасы дәл бірдей емес. Сәңкібайдың санасында өзіне ғана меншікті ұғымдар бар; Жылқыбайдың санасында Сәңкібайда жоқ сипаттар бар — екеуі екі түрлі екені рас. Сөйтсе де, Сәңкібайдың санасындағы ұғымдардың көбі Жылқыбайда да бар; Жылқыбайдың миына сіңген суреттердің көбі Сәңкібайда да бар. Бұлар — екеуінің ортақ ұғымдары, екеуінің басына бірдей орналған ортақ суреттер. Жылқыбай да, Сәңкібай да — бір басты, екі аяқты адам; екеуі де ойындағысын тілімен жеткізіп айта алады; бұл һәм басқа осы сықылды екеуіне бірдей сыртқы сипаттардан бұларды басқа жануарлардан айырып тани аламыз. Мұның үстіне: Сәңкібай да қазақ, Жылқыбай да қазақ; екеуінің де

шашы, сакалы, мұрттары кара, екеуінің де бет сүйектері шығыңқы, екеуі де қазақша сөйлейді; мұндай сыртқы сипаттарына қарап, екеуін орыс, ноғай сықылды басқа ұлттардың адамынан айырып тануға болады.

Жалпы қазақтың басқа ұлттардан айырылатын, өзара бәріне ортақ сыртқы сипаттары қандай болса, жалпы қазақтың бәріне бірдей ортақ, орыс, ноғайлардан өзгеше, тек қазаққа ғана меншікті ұғымдары бар, тек қазақтың ғана миына сіңіп орнаған, жалпы қазаққа бірдей суреттер бар. Барлық Жылқыбайлардың, Сәңкібайлардың бәрінің санасын жиып алып, талдап тексергенде, бәріне бірдей ортақ ұғымдар, ортақ суреттер шығады; бұл — бүкіл қазақтың бәріне бірдей ортақ санасы, мұны қазақтың салт-санасы дейміз.

Жоғарыда айтқан, жылқыны қыс тебінге салып баққан дұрыс; бейнеттеніп кәсіп қылғаннан да, ептілік, күштілікпен мал тапқан “сыпайы”; һәм басқа сондай ұғымдар, суреттер қазақ баласының бәрінің де миына сіңген десек, бұлардан құралған сана бүкіл қазақ халқының салт-санасы болады.

Әр елдің қолданған салт-санасы сол елдің кәсібімен байлаулы. Салт-сананың негізі — елдің қолданған кәсібінде. Ортақшылдар партиясының айнымайтын иманы, ұстаған жолының түбірі — салт-сананы туғызатын тұрмыс деп білу. Мұны анықтап айтқанда, “тұрмыс” деген сөздің орнына “кәсіпті” қойып, “салт-сананың әкесі — кәсіп” дейді. Мұның растығына жалғыз ортақшылдар партиясы ғана емес, тұрмыстың жайын талдап тексерген ғалымдардың да көбі иман келтіреді.

Жалпы қазақтың тұрмысы, қолданған кәсібі жұрттың бәріне мәлім; қазақтың салт-санасы сол қолданған кәсібіне сәйкес. Ұлы төңкеріс болып, Кеңестер һүкімет түзгелі 5 жылдан асып бара жатыр. һүкіметтің мақсаты — елдің тұрмысын түзеп, кәсібін алға бастыру; салт-санасын ескіліктен орнап қалған теріс ұғымдардан тазартып, ағартып шығару.

Салт-сананың әкесі — кәсіп деп сенсек, бұл айтылған екі мақсаттың алғашқысы орындалмай тұрып, соңғысы да іс болып шықпайды деп білуіміз керек.

Бірақ әкенің де әкесі болады, баланың да баласы болады. Жерге көмген тарының дәнінен сабағы өсіп шығады; тарының сабағы өсе келе гүлденіп, басына дән бітеді; бұл жаңа дәнді тағы да жерге көмсек, онан тағы да тарының сабағы шығатын. Тарының сабағын туғызған — дән; бірақ өсе

келе сабақ өзінен де дән шығара алады. Елдің салт-санасын туғызатын — елдің кәсібі; кәсіп өзгеріп алға басса, онан елдің салт-санасы да өзгереді. Салт-сана өзгеріп ілгері басқанда, тарының сабағы сықылды, өзін туғызған кәсіптің өзгеріп ілгері басуына да себеп болады. Кәсіп салт-сананың себебі, салт-сана кәсіптің салдары екені рас, бірақ өсе келе, солардың өзі қайта соғып, бұрынғы себепке себеп болып та шығады.

1917 жылғы Ұлы төңкерістен бері қарай Кеңестер hükіметінің қолданған саясаты — сол Ұлы төңкерістің салдары деуге болады; бірақ дұрысы: саясат — сананың өз ісі; саясаттың тұрмысты қандайлық өзгерте алатынын, Кеңестер hükіметінің саясаты елдің тұрмысына қаншалық себеп бола алғанын — елдің 17 жылдан бергі тұрмысы көрсетіп отыр. Онан бергі саясат пен тұрмыс елдің салт-санасын да бұрынғы күйінде қойған жоқ; саясаттан өзгерген тұрмыстың салдары атам заманнан бергі дерлік бір күйден айнымай жатқан қазақ халқының салт-санасына да тиді: патшасыз мемлекет болу, адам баласының бәрі бірдей hükімет алдында тең болу, бай кедейге айтқанын істете алмау, елдің өз билігі өзінде болу сықылды ұғымдар бұрын қазақ халқының салт-санасына жылқыны үйірлеп, үйір басына бір-бір айғыр салмай өсіру, қасқыр мен қойды бір қораға қамап бағу, қошқарға мезгілімен күйек байламау сықылды, үлеспейтін еді. Қазақтың миына сіңіп тоқылған ұғымдар, суреттер: “А, Құдайым ханды алмағай, қара қазақ ханды алып сандалмағай”; “Бай — жарлының азығы, жарлы — байдың қазығы”; “Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді” деген сықылды бата-тілек болып, мақал болып шиеленген еді. 1917 жылдан бергі саясат пен тұрмыс қазақтың салт-санасынан осы сықылды теріс ұғымдарды мүлде жоғалтып жібермегенмен, шиеленген түйіндерін бірсыпыра босатып, “бұл қалай?” деген ойға қалдырғаны жұртқа мәлім. Бірақ қазақтың салт-санасындағы ескі ұғымдардың бұл күнге шейін бұрынғы күйінен айнымай келе жатқандары да аз емес. Ондай ұғымдардың бірі — “кәсіп қылып әуре болғаннан да, ептілікпен тапқан артық; бейнеттеніп кәсіп қылу, ептілікпен салыстырғанда, кемшілік, бишаралық; ептілік онан көш ілгері сыпайы; күштілік онан да сыпайы; мұның бәрінен де, әкім болған артық” деген сықылды ұғымдар. Тұрмыстың негізі — кәсіп. Кәсіпке себеп болуға жарайтын салт-сананың ең күшті ұғымдары — кәсіп тақырыпты ұғымдар. Қазақтың кәсіп тақырыпты ұғымдары

осы күнге шейін былқ етпей, Құдай ұрған күйінде тынып жатыр.

Қазақтың тұрмысын түзеп, салт-санасын ағарту үшін алдымен осы ұғымдарды жөнге салу керек.

Салт-сана — тұрмыстың салдары, салдар қайта соғып, себепке себеп те бола алады; салт-сананың салдарынан тұрмыстың өзгерілуі де мүмкін деп едік. Тұрмыс пен салт-сана бірі — себеп, бірі — салдар болып, алғы біріне-бірі тете тиіп, жалғаса бермейді. Себеп пен салдардың арасында түрлі буындары болады. Орыс мемлекетінің 1917 жылдан бұрынғы тұрмысы, кәсібі, саясаты сол кездегі салт-сананы туғызған. Соғыс уақытындағы саясат төңкерісті туғызады. Ақпан төңкерісі, онан кейінгі саясат Қазан төңкерісіне себеп болды; онан бергі саясат елдің тұрмысын, салт-санасын өзгертті. Мұнан: тұрмыс пен салт-сана бірі — себеп, бірі — салдар болғанда, біріне-бірі төте келіп жалғасуы да мүмкін, арасына басқа түрлі себеп, салдарлар кірісіп, буындалып жалғасуы да мүмкін екенін көреміз.

Тұрмыс пен салт-сана біріне-бірі буындалып жалғасқанда, арасындағы буындарының бірі — оқу болады.

Оқу — елдің тұрмысының, кәсібінің салдары болған салт-сананың ісі.

Қазақтың салт-санасында оқу тақырыпты ұғымдардың ең күштісі, жаңағы айтылған: “бейнеттен жирену”; тегін олжаға қомағайлық; ептілік, күштілік, әкімшілікті сүю сықылды кері кеткен ұғымдар. Бұл уақытқа шейін қазақ балаларын оқуға ұмтылтқан ұғымдар да осылар; оқу жұмысына кесірі тиіп жүрген ұғымдар да осылар.

Қазақ баласын оқытқанда, бейнеттеніп кәсіп қылмай, оңай олжа түсіретін епті болсын деген мақсатпен оқытатын. Бірақ патша заманында қазақ баласы оқимын деп қанша талаптанса да, үлкен төрелікке қолы жетпейтін, оқып шыққан қазақ жігіттерінің көбі учительдік, мұғалімдік дәрежесінен асып кете алмайтын, тек ілуде бір ептірегі тілмаш, хатшы сықылды елге көрнектірек лауазымға ие болатын.

Қара жұмысқа айналып бейнеттенгеннен, бала оқытып учитель, мұғалім болу да елдің көзінде едәуір қадірлі болған себепті, оқып шыққан қазақ жігіттерінің көбі учитель, мұғалім болуға да қанағаттанбайтын. 1917 жылғы төңкерістен бері қарай хат жаза білетін қазақ азаматтарының учитель, мұғалімдіктерден жоғары лауазымдарға да қолы жетті, бұрын учитель, мұғалім болып жүрген азаматтар атқару комитеттеріне мүше болып, комиссар болып, түрлі

әкімшіліктің де дәмін татып көрді. Бұрын амалсыз ала-қоңыр орындарға қанағаттанып жүрген азаматтар даңқы зор, ел көзінде салмақты орындарға ие болып, өзінен төменгілерге айтқанын істетудің, алдына келгендердің қалтырап, тітіреп, түсі қашып, қорқып тұрғанының, жалпы жұртқа қадірлі, дұшпанға айбынды болудың қаншалық қызық, рахат, көңілді болатынын жете түсініп, біліп алды.

Енді ол азаматтарды бұрынғы күйіне түсіріп, қазақтың кеше балаларына өңешін создырып, “а” – “та” дегізіп, сөзді буынға, буынды дыбысқа бөлдіріп, әуре қылу – ешкімнің қолынан келмейтін жұмыс. Бала оқытатын мұғалім, учитель бұқараның көзінде қандай қадірлі екені бұқараға да, оқығандарға да мәлім. Оларды сыйласа, сыйлайтын тек оқып жүрген балалардың әке-шешелері ғана; былайғы жұрт оларды көзбе-көз құрметтегенде де немқұрайды қылып құрметтейді, ішінен “қолынан дәнеме келмейтін болған соң, бала оқытып жүргені ғой” дейді. Бала оқытушыларға мұндай көзқарасы елдің салт-санасына шиеленіп байланған, бала оқытушылар оқыған азаматтарымыздың да, бала оқытушылардың өздерінің түсінуінше – солай.

Елдің – надан, бұқараның да, оқыған азаматтарымыздың да *(олардың ішінде оқытушылардың өздері де бар)* салт-санасынан мұндай пікірлер шығып, “бала оқытушылар бишара емес” деген ой орнағанда ғана бұрынғы учитель, мұғалімдер бұрынғы орындарынан жиренбей, қайтадан мұғалім, учитель бола алады. “Учитель, мұғалім – бишара” деген ұғым осы күнгі күйінде елдің салт-санасынан шықпай, орнығып тұра беретін болса, учитель, мұғалімдерді бұрынғы орнына ешкім айдап апара алмайды. Учитель, мұғалімдер бала оқыту жұмысына кіріспесе, оқу жұмысы тақырыпты газет-журналдардың бетінде жазылған әдемі сөздердің бәрі де амалсыз құр сөз болып қала береді.

Оқу – салт-сананың өзгеруіне себеп бола алатыны рас, бірақ мұны тұрмыстың *(кәсіптің)* күшімен салыстырғанда, жоқтың қасында болып шығады. Оқымаған қазақтың санасы мен оқыған қазақ азаматының санасын салыстырып тексерсек, екеуінің арасы тым алыс емес екенін көреміз.

Бұрын орта дәрежелі школдарда оқып жүретін қазақ азаматтары елінен бір епті, пысықтау *(момын бұқараны біріне-бірін соғып, оңай мал тауып үйренген)* туысқаны келсе, оны школдағы жолдастарына көрсетіп, өзінің сондай жақсы кісінің жақыны екеніне ішінен мақтанып, мәз болып қалатын. Басқа бір жамандау киім киген *(ешкімнің*

ақысын жемеген, момын, шаруа) туысқаны иә әкесі кездесе қалса, оны былайғы жолдастарына өзінің туысқаны екенін де білдіргісі келмей, “Сені сұрап келе беретін бұл кім?” деп сұраған кісіге жөнін айтпай, айтса: “Біздің елдегі бір бишара көршіміз еді” дей салатын.

Университетте оқып жүрген белгілі бір азаматымыздың Еуропа соғысы уақытында елінде тұрып, әскердің азық-түлік жұмысын басқаратын бөліміне ат, сұлы сатқанда, орыс офицерлерін қалай алдап, соғып кеткенін айтып, мақтанғанын жазушы өз құлағымен естіген. Біреуді алдап өтін алатын қулар қазақтан басқа елдердің оқығандарында да болмайды емес. Бірақ ондай іс – басқа жұрттардың салт-санасынша мақтанарлық жақсы іс емес, басқаға айтуға ұялатын бұзықтық.

Қазақтың жалпы бұқарасының салт-санасына сіңген теріс ұғымдардан біздің оқыған азаматтарымыз да құтыла алмаған.

Ешкімге қиянат қылмайтын момыннан ептілікпен басқаларды олжа қылып жүрген қуларды артық деп білу – жалпы бұқараның да, көзі ашық оқығандарымыздың да салт-санасында бар, учитель, мұғалімдерді басқалардан төмен деп түсіну де қазақ баласының салт-санасына (*“сен оқымағансың, сен оқыған екенсің” деп талғамай*) тегіс сіңген.

Салт-сананың әкесі – жоғарыда айтылған тұрмыс, кәсіп. Елдің салт-санасы сол елдің қолындағы кәсібімен шиеленіп байланған. Көшпелі, мал баққан елдің салт-санасы өзіне басқа; егіншінікі – өзінше, фабрик, зауыт иесі байлардың салт-санасы бір түрлі. Сол фабрик, зауыттарда қызмет қылатын жалшылардың салт-санасы екінші түрлі. Егіншілердің арасында тұрып тәрбиеленген бала егіншілердің салт-санасына ортақтасады; фабрик, зауыттарда қызмет қылатын жалшылардың ортасында өскен баланың миына сол жалшылардың салт-санасындағы ұғымдар сіңген.

Орыстың қаласында көп жылдар күтуші болып тұрған қазақ пен қырдағы қазақты салыстырсақ: орыс ішінде тұрған қазақтың, қырдағы қазаққа қарағанда, тұйық, алыс-беріске жоқ, өз керегі өзінде, жоғын кісіден сұрамайтынын, қара жұмыстан жиренбейтінін көреміз. Орыстың оқыған сыпайы кісілерінің арасында өскен қазақ азаматын басқа қазақпен салыстырсақ: артықша сыпайы, қыз мінез, сөгіс сөзге аузы бармайтын; елге шыққанда аңқаулау бір шал: “Осы үйдің қатыны қайда кеткен, баласының боғын тазарт-

пай не қылып жүр” дегенде, сол сықылды әдепсіз сөзді естігенінен ұяты қызарып, бетіне шығатынын; қазақтың бірсыпыра әдетін біле тұрып, ұмытып кеткенситінін; үлкен әкімшілікке қолы жетпей жүргенін ешкімге сездірмеу үшін ондай орындарды өзінің жаратпайтынын айта отырмаса, көңілі көншімейтінін және сол сықылды бұқарадан артық қалыптарын көреміз.

Оқыған азаматтарымыздың салт-санасы оқымаған бұқараныкінен соншама басқаланып шығуына анық қолданған кәсібінің басқалығы себеп болған. Сөйтіп, салт-сананың өзгеруіне оқудың қаншалық себеп бола алатынын тұрмыстың, үйренген кәсіптің күшімен салыстырсақ, оқудың әсері жоқтың қасында болып шығады.

Сөйтсе де, оқу керек; оқуды пайдасыз деп ешкім айта алмайды. Оқудың салт-сананы ағартуға тіпті септігі жоқ емес, аз да болса, оған да пайдасы тиеді. Оқудың салт-санаға әсері, тұрмыспен салыстырғанда, өте нашар болып отырғаны — асыр емес; осы күні оқудың өзіне кесірі тиіп отырған елдің бейнеттен жиренетін, оңай олжа, ептілік, күштілік, шенқұмарлық мінездерін түзей алмағаны — оқудың тәртібінен.

Төңкерістен бұрынғы оқу — құрғақ сабақ болатын; ол кездегі оқудың ең жақсысы: ғылымның түрлі заңдарын, ережелерін оқытушы балалардың миына қонарлық дәлелдермен ыспаттап, түсінікті қылып айтып беру еді; балалар тұрмысқа пайдалы ғылым заңдарын қанша жақсы білгенмен де, оны өз қолымен іске асырып пайдалана алмайтын еді; миына тоқылған өнерді қолымен істеп үйренбейтін еді. Сондықтан оқудың істейтін іске, қолданған кәсіпке, тұрмысқа жөнді әсері болмайтын еді; сондықтан оқу салт-сананы да теріс ұғымдардан тазартып, өзгерте алмайтын еді; оқыған азаматтарымыздың салт-санасы да оқымаған бұқараныкінен тым артылып кете алмайтын еді.

Елдің салт-санасын ағартып, тұрмысын түзету үшін Кеңестер hükіметі оқуға жаңа жол шығарған. Оқудың бұл жаңа жолы Қазан төңкерісі болысымен-ақ декрет болып жарияланғанмен, бұл уақытқа шейін Қазақстан Республикасында көзге көрінерлік болып жүзеге шыққан жоқ, түрлі себептермен бұл уақытқа шейін hükімет оқу жұмысын көңілдегідей реттей алған жоқ. Оқуға кесірі тиген түрлі апаттарды жеңіп, оқу жұмысына hükімет енді белсеніп кіріскелі отыр. Кеңестер hükіметі шығарған жаңа оқудың тұрмысқа, салт-санаға қанша әсері болатынын мұнан

былай, осы жаңа оқуды оқып жүрген балалар азамат болып шыққанда ғана көзбен көруге болады; әзірге оны, тұрмыстың түрлі заңдарымен салыстырып, тек ақылмен ғана жорып шамалай аламыз.

Кеңес hükümetiнiң бала оқытатын мектептерiн баулу мектебi дейдi, мұның мәнісi: балалардың ақылына тоқылған бiлiмiн, құрғақ бiлiм күйiнде қалдырмай, iске асырып, баланың ойымен түсiнiп, бiлгенiн қолымен iстетiп, баулып үйрететiн мектеп деген сөз. Баулу мектептерiнде оқыған бала, ғылымның түрлi заңдарын ақылына тоқып, жаттап алғанның үстiне, ол заңдарды iске асырып, өз қолымен iстеп үйренедi. Мұнан: бала жасынан еңбекке үйренiп, бейнеттен жиренбей, бейнеттiң адамгершiлiкке зияны жоқ екенiн, тұрмысқа аса пайдалы екенiн жаны-төнімен бiрдей түсiнiп шығуға тиiс; жасынан еңбек қылып, еңбектi сүйiп үйренген баланың санасында еңбектен жиренетiн терiс ұғым қалмасқа тиiс.

Сананы тәрбиелейтiн – кәсiп пен оқу; санаға оқудан да кәсiптiң әсерi артық дегенбiз. Бұрынғы оқу кәсiпсiз құрғақ оқу болғандықтан, сананы кәсiптей тәрбиелей алмайтынын көргенбiз.

Жаңа оқу – бұрынғыдай құрғақ оқу емес, кәсiпке, бейнетке баулып үйрететiн оқу. Сондықтан жаңа оқудың салт-санаға тиетiн әсерi тұрмыстың, кәсiптiң әсерiнен артық болмаса, кем болмасқа тиiс.

Таймiнер.

“Қызыл Қазақстан” журналы, 1923 ж., N15.

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗДЫҢ АТЫ, ТЕГІ ТУРАЛЫ

Қазақ, қырғыздың тарихын жазуға кiрiскенде: “қазақ”, “қырғыз”, “алаш”, “үш жүз” деген аттар қайдан шыққан, қазақ пен қырғыздың тегi кiм, бұлар қашаннан берi өз алдына жұрт болған” – бiлiмiмiз жеткенше алдымен шешетiн жұмбақтың бiрi осы. Бiз бұл туралы тапқан-таянғанымызды оқушылардың алдына салып, кiтап басылмастан бұрын бiлгiштердiң сынынан өткiзiп алуды лайық көрдiк. Қара халықтың ұғымынша, “атамыз Адам пайғамбар...” деп, бәрi де жаттап алған құрғақ шежiренi саулата берумен, қазақ пен қырғыздың тегiн ерiксiз “пәлен әулие, түген сахабаға” апарып телумен нағыз тарих шықпайтыны оқымысты, бiлiмдi азаматтарға аян. Тарих

кітабы ғылым, білім арқасында ғана дұрыс иә орасан қатесіз шығуға мүмкін.

Бұл күнге шейін қазақ, қырғыз тарихы туралы толық мағлұматтар кемдіктен, қазақ, қырғыздың өз арасынан шыққан зерттеушілер ерте күннен болмағандықтан, соңғы кезде тарихымызды жарыққа шығаруға талаптанған азаматтар әр ағаштың басын бір шалып, құрап-сұрап, өзге жұрттың жазғандарын тексеріп, қараңғыны қармалағандай болып жүр. Сөйткенмен, шын кіріссек, үздіксіз ізденсек, жоқты ойлап шығармағанмен, көмескіні ашуға, барды табуға болар деп сенеміз. Сондықтан, тарихи әдебиеттен болсын, халық аузында ертеден сақталып келген қисынды сөздерден болсын, біздің төменгі жазғанымыздың кемін толтырарлық, қатесін көрсетерлік білгендері бар қазақ-қырғыз азаматтары, осы мақаланы оқығаннан кейін, кешіктірмей жазуларын өтінеміз.

I

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗДЫҢ АТЫ, ТЕГІН ТЕРІС ҰҒЫНУ

Қазақ-қырғыздың атын, тегін, қандай жұрт екенін зерттеп, алдымен жаза бастаған — басқа жұрттың тарихшылары. Бірақ олар әріден ескеріп, көптен жазып келе жатқан жоқ. Кейбіреулері кезі келгенде белгілі бір мақсұтпен жазған, бір парасы ғылымға әуестікпен, шынымен зерттеген. Бұлардың бәрі де өте кеш кірісіп, бергі екі-үш ғасырлық дәуірлерді ғана болмаса, қазақ-қырғыздың арғы кездегі атын, тегін, өткен өмірін жақсы біле алмай, өлі күнге шейін жорамалдап келеді. Қазақ жайын білуге еуропалықтар, айрықша орыс білімпаздары, XVIII ғасырдың ортасында, яғни 1730 жылдар, Әбілқайыр хан тұсында Кіші жүз орысқа карағаннан бері ғана кірісе бастаған. XVIII ғасырдың орта кезінде қазақ жайынан жазған Г.Ф.Миллер, П.С.Паллас, И.Г.Георгий, Н.П.Рычков, Ф.Б.Фишер дегендердің кітаптары шыққан. Бұлар қазақ-қырғыз жайын жете біліп, иә зерттеді деуге болмайды. Біреулері қазақ пен қырғызды екі түрлі жұрт деп, біреулері бір тұқымнан деп, бұл екі пікірдегілердің екі жағы да қазақ пен қырғыздың иә тектестігін, иә басқалығын сипаттай алмаған. XIX ғасырдың басында қазақ-қырғыз жайын зерттеген Г.Ю.Клапрот, К.Риттер

секілді білімпаздардың да мағлұматтары өте ұшқары, орасан қате болғандығы көрінеді. Мәселен, Клапрот қазақтығында талас жоқ найманды бұрынғы Обь, Енисей өзендері бойындағы қырғыз тұқымы дейді. Риттер түркі нәсілінен екендігіне ешкімнің дауы жоқ қазақ пен қырғызды индо-герман затынан болуға тиіс, Енисейге ауып келіп, көп жұртпен қаны араласып, “түркі” болып кетсе керек деп жориды.

Өстіп, қазақтың, қырғыздың тегін әркім әр түрлі жорып, бірінің адасқан ізін бірі басып, көрінеу жалған, болымсыз дәлелдер көрсетумен келген. Қазақ жайын өзгелерден гөрі жете зерттеген — А.И.Левшин. Мұның кітабы 1832 жылы басылып шыққан.

Бұл күнге шейін қазақ, қырғыз тарихы туралы жазушылар Левшинді аттап өткен емес. Қайсылары Левшиннің кейбір пікіріне қарсы болса да, көбінесе оны негіз қылып алып жүргені белгілі.

Қазақ-қырғыздың аты, тегі һәм қашаннан бері тарих жүзінде белгілі жұрт болғаны туралы бұрын-соңды тарихи мағлұматтармен таныса келе, біз төменгі қорытындыға келдік.

Қазақ пен қырғызды бөтен жұрттар бұл күнге шейін дұрыс атамайды. Мәселен, орыс халқы қазақты “киргиз-кайсак” деп бір сөз орнында атайды. Қырғыздың өзін де жоғарыда айтқандай, “киргиз-кайсак” деп, кейде “тағы қырғыз”, “қара қырғыз” дейді. Қырғызды қытайлар юрвут дейді. Дұрысында, қазақ пен қырғыз еш уақытта өздерін жоғары айтқандай, бөтен жұрттар таққан атпен атаған емес. Қазақ өзін қашаннан “қазақ” деп, қырғыз өзін “қырғыз” деп келеді. Қырғыз бен қазақ арғы тегі бір болғанмен, екі атаның баласы, біріне-бірі туыс, жақын, түркінің екі руы екені мәлім. Орыстардың “казак”, “кайсак”, қытайлардың “хасах” деп жүргендері — “қазақ” деген сөзді бұзғаны. Қайсыбір күншығыс жазушылары, қазақ Айсадан бұрын өз алдына жұрт болған деулері қаншалық дәлелді екендігін сипаттау қиын болса да, “қазақ” аты қазақтың өз алдына жұрт болғаннан бері өзгерілмей келе жатқандығы, еш уақытта қазақ өзін өзге атпен атап көрмегендігі анық. Қазақтың “қазақ” аты Парсы, Бұхар, Хиуа һәм өзге Азия жұрттарының көбіне мәлім. Ерте заманда қазақпен аралас болған ескі жұрттардың бірі қытайлар да қазақты “хасах” деп атайтындығы жоғарыда айтылды.

II

ҚЫРҒЫЗДЫҢ АТЫ, ТЕГІ ҺӘМ ҚАШАННАН БЕРІ ЖҰРТ БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ

Қырғыздың арғы тегі түркі тарихының ертедегі бұлдыр кездеріне барып жоғалады. Мұнан 200 жыл шамасы бұрын түркі шежіресін жазған атақты Әбілғазы Бахадүр ханның айтуынша, Оғыз хан немерелерінің бірінің аты Қырғыз екен, сондықтан осы күнгі қырғыз елі соның тұқымы дейді. Бірақ қырғыздар арғы замандарда әр жұрттан шабыншылық, қырғыншылық көп көріп, тұқымы азайып қалған дейді. Оғыз ханның заманы Айсадан екі-үш ғасыр әрмән жатыр. Әбілғазының қырғызды Оғыз ханнан таратуы тарихи дәлел-дермен бекітілмеген болса да, әйтеуір, қырғыз Азияны мекен еткен жұрттардың арыдағы бір тарауы екені анық. 569 жылы II Император Юстин Стамбулдан Земарк деген елшісін Азияның солтүстік-күншығыс аралығындағы көшіп-қонып жүретін түркілердің ұлы ханы Кезауылға жібергенде, хан елшіге қайтарында қырғыз текті бір құл сыйлаған. Әбілғазының айтуынша, қырғыз Шыңғыс хан заманынан көп бұрын күшті жұрт болып тұрып, қырғыз ханы Орыс хан елімен өздері тіленіп, Шыңғыс ханға бағынған. Ол кездегі қырғыздың мекені Селенгі, Ойғыр-Муран өзендерінің арасы дейді. Кейінгі тарихшылар да Әбілғазының бұл сөзін растайды: Ойғыр-Муран — осы күнгі Енисей өзені. Сібірді орыс алғанда қырғыздар сол арада болған. Шыңғыс заманындағы мекені де сол еді деседі. Қырғыз елін Шыңғыс хан (*мұнан 700 жыл бұрын*) кіші баласы Толиға тапсырғандығын ескі тарихшылардың бәрі бекітеді. Қытай тарихшылары да қырғыздың ескі жұрт екендігін көрсетіп, қырғыз бен қазақ екеуі де түркі нәсілінен тарағандығын сыпаттайды.

Қырғыздың XIV ғасырдан XVI ғасыр аяғына шейін қандай күйде болғаны тарихта анық айтылмайды. Бірақ XVII ғасыр бойы үздіксіз қырғыз атағы Сібір шежірелерінен шығып отырады. Том, Енисей аралығындағы өзендердің бойында, Саян тауларының маңында мекен етіп жүріп қырғыздар XVII ғасыр бойы Сібірдегі жаңа орныққан көршілес орыс қалаларын мазалап, шауып ала беретін болған. Ол кезде тұрғылас елдердің бәрі қырғызға жау болып, қырғыз орыспен де, монғолмен де, жоңғармен де

дамылсыз соғысып, кейде жеңіп, көбінесе жеңіліп отырған.

Ақырында, қырғыздан әбден мазасы кеткен соң XVII–XVIII ғасырлардың өліарасында жоңғардың қонтайшысы орыс өкіметімен бірігіп, қырғызды тықсырып, осы күнгі мекені – Алатауға шығарып жіберген.

III

ҚАЗАҚ ҚАЛАЙ ҚЫРҒЫЗ АТАНДЫ

Бұрын қырғыз елі Сібірді мекен етіп тұрғанда, Сібірдегі орыстың қалаларын, ауылдарын дамылсыз шауып мазасын кетіре бергендігі мәлім. Ол кездерде орыстар “өне, қырғыз шауып кетеді, міне, қырғыз келіп қалады” деген күйге ұшыраған. “Қырғыз келеді” десе, орыстың жылаған баласы уанатын болған. Сондықтан орыстың ұғымында “қырғыз” деген сөздің өзі “жау, шабарыншыл” мағынасында орнап қалған. Ал қырғыздан кейін әрі көп, әрі орысқа бағынбай, өз алдына отырған қазақ жұрты орысты қырғыздан жаман жәбірлеп, әсіресе Сібірдің оң тұсындағы облыстарына үлкен зиян келтіре берген соң, қазақты да қырғыздай жек көріп, сөгіс орнына қырғыз (*киргиз*) деп атаған. Қазақ секілді, Сібірде ол кезде орыспен сыбайлас отырған татар, монғол елдері, өздерінің аздығынан болса да, жуастығынан болса да, орыспен жауласпай, ұрыс-қағыссыз тату тұрған.

Қазақты орыстың “қырғыз” деуінің жаңағы айтқаннан басқа тағы бір себебі болған. Алғаш Сібірді мекен еткен орыстар, Сібірді алушының бастығы Ермак, оған ергендері, оның тұқымы – бәрі казак (*казак-орыстар*) еді. Сондықтан оларға өздерін де казак, казақты да казак деу қапелімде ыңғайсыздық келтіретін болған. Үнемі “қай қазақ” деп айырып отыру қажет бола берген. Міне, сонан бері казақты қырғызбен шатастыру, қырғызды да “қырғыз”, казақты да “қырғыз” деп атау басталады. Сонан бері бұл екі елдің шежіресін білмегенде, кейбір тарихшылардан бастап, қазақ-қырғызбен қатынасы кем жұрттардың көбі екеуін де “қырғыз” дейтін болған. Қазақты орыс “қырғыз” деп атайтын болған соң, қазақ орысқа бағынып, жазу-сызу, заң-законның бәрі орыс тілінде жазылғаннан кейін, күні бүгінге шейін қазақтың орысша оқығандарының өзі

орысша жазғанда, сөйлескенде қазақты “киргиз” деп әдеттенген.

IV

ҚАЗАҚТЫҢ АТЫ, ТЕГІ ҢӘМ ҚАЗАННАН БЕРІ ЖҰРТ БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ

Қазақ пәлен уақыттан, пәлен ғасырдан бері жұрт болыпты деп кесіп айтуға болмайды. Орыс шежірелерінде қазақтың мәлім болуы XV ғасырдың ішінде ғана, бұған қарап қазақтың өз алдына жұрт болуы сонан бері ғана деуге келмейді. Орыс жазушыларының көбі ең алғашқы қазақ татар арасынан шыққан, қазақ деген аттың өзі сонда аталған, бұрынғы Һәм қазіргі қазақтың аты сонан келеді деп сипаттайды. Бұл пікірді күншығыс тарихшыларының бәрі де бекер дейді. Олардың жазуынша, қазақ ескі жұрт, арғы замандарда өзін-өзі билеген, ешкімге бағынбаған деседі. Қайсыбіреулері қазақтың қазақ аталып дәурен сүруі Айсдан арғы заманда болған дейді. Бірақ мұны бекітетін толымды дәлелдер тарихта ұшырамайды.

1020 жылдарда өмір сүрген атақты Фирдоуси өзінің тарихында қазақ жұрты Һәм қазақ хандары туралы жазады. Бұған қарағанда, қазақ Фирдоусиден бұрын мемлекетті жұрт болғандығы көрінеді. Фирдоусидің айтуынша, қазақ ескі жұрт, өзінің жауынгерлігімен, ел шабуымен заманда атақ алған. Соғысқа шыққанда қазақтың тұтынатын құралының көрнектісі найза болған.

Кейін Азияда қолына найза ұстап жорыққа аттанғандарды, нағыз қазақтың әдетінше, көрші елдеріне шабуыл жасай бергендерді жұрт “қазақ” деп атай беретін болған.

Кейбіреулердің “қазақ ноғайдан шыққан” деп жүру себебі, ноғай арасынан әлгідей қазақ сияқты жорыққа аттанушылар қимылы, өнері шын қазақтікіне ұқсас болған соң, олар да “қазақ” атанған. Нағыз қазақтың жоғарыда айтылғандай салтына, жауынгерлігіне, қару-жарағына ұқсас жағын алып, өздерін де “қазақ” деп атау әдет болған.

Шынында, “қазақ” деген сөзге өзге бір айрықша мағына беруге, басқа бір тілге аударуға келмейді. “Қазақ” деген сөз пәлен жұрттың тілі; оны түген жұрттың тіліне аударса сондай мағына шығады деп ешкім айта алмайды.

Ориенталист О.Ю.Сенковский бұл туралы былай дейді:

“Белгілі Бабыр мырзаның шағатай тілінде жазған кітабында қазақ деген сөз ұшырайды. Бабыр қазақты бетімен жайылушы, өз еркімен жүруші мағынада түсініп, осыдан “қазақ”, “қазақламақ” деп өзгертеді. Мұнан анық көрініп отыр: бұл мағына “қазақ” атанған жұрттың тұрмыс-салтынан алынғандығы. Россияны татар билеп тұрған заманда крестьян табынан бөлек еркін болып, өздері тілегенше бір жерден екінші жерге көшіп жүрген орыс текті азат адамдар “қазақ” (казак) атанған. Соңынан осылардың аты Запорож, Дон казактарына тағылған. Орыс жерінен қашып, Днепр, Дон жағаларын жайлағандардың бәрі казак атанған, яғни өздерін қазақ сияқты азат адамдармыз деп санайтын һәм атайтын болған”.

Орыс тарихшыларының көбі қазақ түрік-монғол жұртының әр руынан құралып, беріде ғана жұрт болған, қазақ деген сөздің мағынасы — бетімен өскен, еркін жүрген, қазақ әр елде де болған деулері дәлелсіз, әсіресе қазақты XV ғасырда жұрт болды һәм қазақ құрама мағынасында, мұндай ат әр жұртта бар деулері қисынсыз. Қазақтың ескі жұрт екендігі туралы Фирдоусидің қазақ дәлелін бекерге шығарған ешкім жоқ. Фирдоусидің қазақ жұрты һәм қазақ хандары жайынан жазғанына 900 жыл өтіп отыр. Әлбетте, қазақ Фирдоуси жазған жылы ғана жұрт бола қоюы мүмкін емес. Сол жылы қазақ деген жұрт, қазақ жұртының хандары болғаны рас болса, ол жұрт болуға керек. Фирдоусидің жазғаны осы күнгі біздің қазақ болмай, өзге жұрт болса, ол жұрттың қайда кеткенін бір тарихшы айтпайды. Екінші, қазақ жұртының құрамалығына аты дәлел, қазақ әр жұртта болған, әр жұрттан наразылықпен бөлініп шыққандардың бәрі қазақ атала берген, сондықтан қазақ жұртын да түрік, монғолдан бөлініп шыққан тұқымдардан құралған деуді дәлелсіз көретініміздің мәнісі — қазақ бөлінуші, бетімен жайылушы, еркіндікті сүюші мағынада екендігі рас болғанда да, жұрт біткеннің бәрі бұл мағынаны “қазақ” деген бір сөзбен атауының қисыны жоқ. Өйткені жұрт біткеннің бәрінің тілі бір емес. Қазақ деген сөз бір жұрттың ғана тілі болып, өзге жұрттар өздерінің “қазағын” өз тілімен атауға керек емес пе? Сондықтан біз өзге жұрттардан бөлініп шығып, өз бетімен кетіп, қазақ жұртының тұрмыс-салтына еліктеп айтылған деген ориенталист Сенковскийдің пікірін дәлелді көреміз.

Орыс тарихшылары айтқандай, қазақ беріде ғана құралған жұрт емес екендігі жоғарыда сөйлегендерден де көрінсе керек. Қазақ анық құрама ел деп, болмаса бір

тұқымнан деп таласуға болғанмен, дәл қайсысы екенін кесіп айту қиын. Қазіргі тарихи дәлелдердің күштірегі — қазақ түрік тұқымдарынан біріккен құрама жұрт екендігін қуаттайды. Әрине, қазақ түркінің бір ғана руы, өзге рулардан қатынас тіпті жоқ деп айтуға болмайды. Бірақ құрама болғанда да негізгі қазақ Х ғасырдың ар жағынан келіп, өзге түрік қауымдары кейіннен бірте-бірте қосылып отырған. Қазақтың осы күнгі кей рулары, мәселен, қаңлы, қыпшақ, керей, найман Айсадан бұрын дәурен сүрген елдер екенін тарихшылардың бәрі де ақиқаттайды. Бірақ көбі, жоғарғы айтқанымыздай, қазақтың өз алдына жұрт болуы беріде болған, қазақ көбінесе қаңлы, қыпшақ, дулат, арғын, найман, керей руларынан құралған, бұлардың арасында керей, найман, дулат монғол тұқымынан, қазақтың ұйытқысы таза түрік нәсілді қаңлы мен қыпшақ дейді. Тарихшылардың көбі қазақтың құрамалығына дәлел қылып, қазіргі қазақ руларымен аттас қаңлы, керей, қыпшақ, тама сияқты рулар қазақтан басқа түрік жұрттарының, мәселен, Стамбул түріктерінің, башқұрт, өзбектердің арасында барлығын келтіреді.

Қазақ тарихын жазған Чулочников қазақ ескі жұрт емес, XV ғасырда әр түрлі түрік-монғол тұқымдарынан құралған деген пікірлерді қуаттайды. Мәселен, Шоқан Уәлиханұлы, өзі қазақ, қазақтың құрама жұрт екенін, XIV—XV ғасырларда ғана жұрт болғанын айтады, — дейді Чулочников. Мұның “Шоқан өзі қазақ” дегені болмаса, Шоканның пікірі де “Қазақ құрама, беріде жұрт болған” деушілерге қосылғаннан басқа, өз дегенімен жаңадан тапқан дәлелдері жоқ. Чулочников Шоканнан басқа В.В.Григорьев, В.В.Вельяминов-Зернов, Э.Мейр, Красовский, В.В.Радлов, Л.Ибрагимов, Н.И.Веселовскийлердің пікірін қуаттайды. Бұлардың көбі бірінің пікіріне бірі қосылып отырған, көбі Вельяминов-Зерновтың бағытымен кеткен.

Чулочников антропологтардан Иванский, Харузин, Чугуновтың: “қазақ” құрама, себебі: қазақтың бәрінің түрі бірдей емес, — деген пікір дәлелдерін көрсетеді.

Қазақты антропология жолымен зерттеушілердің бәрі де XIX ғасырдың аяқ кезінде кіріскен. Қазақтың түрі бірдей еместігі құрамалығына дәлел болғанымен, қашан құралғанына һәм ескі жұрт еместігіне дәлел бола алмайды. Өйткені қазақ затында бір-ақ тұқымнан болса да, қазіргі түрінде түрлілік болмай қоймас еді. Арғы атасы түріктен бөлінбей тұрған заманда да, соңынан өз алдына жұрт болып жүрген

заманда да, қазақ жауынгер ел болып, кез келген жұрттын бәрімен соғыса бергені анық. Соғыста жеңген елдерін шауып алып, жетім-жесірді олжа қылып, ұлын құл, қызын күн етіп жүргені де мәлім.

Қазақтың бұрынғы хандары, батырлары, билері жеңген елдерінен қатын алмағаны кемде-кем. Жаугершілік басылып, бейбітшілік заман орнағаннан бері де қазақ көршілес ноғайдан, башқұрттан қыз алып, құда болуы, аса көп болмаса да, бірсыпыра бар. Мәселен, мұндайдың көбірек жері – Жетісу, Семей облыстарында. Бұл облыстарда “шала қазақ” атанып жүргендердің бәрі ноғаймен қан араласқаннан болған. Түркістан қазағы арасында, көп болмаса да, сарттан, өзбектен қыз алып, араласқандық бар. Өткен бір-екі ғасырдың ішінде солдаттан қашып, қазақ арасына келген, саудамен жүріп қазақ арасында тұрып қалып, қазақ болып кеткен ноғай, башқұрттар, Түркістан, Бұхарадан шығып, қазақ арасына сіңісіп кеткен қожа-молдалар болған. Осы айтқандардың бәрін қорытқанда, қазақ қаны өзгелердікімен араласып, аз да болса, түріне өзгешелік кіргізгені анық болса керек. Әлгі айтқандардың бәрі қазақтың бір аймағында иә бір руында ғана болмай, әр елінде, әр жерінде болғандықтан қазақты антропология жағынан сынаушыларға мұндай түрлері кез келе беруі мүмкін. Қазақтың түріндегі осындай түрлілікті тауып, олар қазақ құрама жұрт деген пікірге келуі де ықтимал. Бірақ бұған қарап, қазақты XV ғасырда ғана құралып, жұрт болған деуге келмейді. Қазақтың құрамалығы ескі жұрт екендігіне қарсы дәлел бола алмайды, қайта құрама бола тұрып, бұл күнде тілі, әдет-ғұрып, салт-санасы бір кісінің баласындайлығына қарағанның өзінен қазақтың ескі жұрт екендігі, кейіннен қосылғандардың ұйытқысы қазақ екендігі ыспатталады.

Қазақ ескі жұрт екендігіне дәлел қылып Левшин Фирдоуси пікірін қуаттаса, Орта Азияны зерттеуші атақты ориенталист Герман Вамбери, Фирдоусиді де айтып, бұған қосымша X ғасырда “қазақ” жайынан жазған Константин Парпиродный сөзін де ортаға салады. Қазақтың ескі, һәттә бір тұқымнан өрбіген жұрт екендігіне осыларды көрсетіп, оның үстіне өз пікірін де баяндайды. Вамбери “Каспий теңізінен Алтайға Оралдан Тянь-Шаньға шейін жайылып жатқан қазақ даласындағы қазақ руларының тілінде, мінезінде, құлқында, әдетінде, ғұрпында ешбір айырма жоқтық, бәрінікі бірдейлік қазақ жұрты бірыңғай, бір тұқымды жұрт екендігінің дәлелі” дейді.

Қазақ ескі жұрт, XV ғасырдан бері ғана құралып ел болғаны туралы тарихшылар арасында талас көп болса да қазақ Алтын Ордадан бөлініп шығып, осы күнгі қазақ атанған түрлі түрік руларынан құралғандығына көбі даусыз бірігеді.

Шыңғыс хан дәуірлеп, ешкімнен беті қайтпай, соғысқан елдерінің бәрін жеңіп, қылышынан қан тамып тұрған заманында үлкен баласы Жошыға ол кезде Еділ-Жайық арасын мекен ететін қыпшақ елін берген. Сонан кейін қыпшақ “Жошы елі, Жошы ұлысы” атанған, “Дешті-қыпшақ” деп те аталатын болған. Жошы өлген соң, Шыңғысхан Жошы елі — Дешті-Қыпшаққа бір баласы Батуды хан қойған. Қыпшаққа жүргізерде Батуға Шыңғыс алтындаған ақ отау көтеріп беріп, билеген елің — Дешті-Қыпшақ — “Алтын Орда” аталсын деген екен. Тарихта Қыпшақ мемлекетінің “Алтын Орда” аталатын себебі сол.

Үш ғасыр бойы дәурен сүріп дүркіреген, бүкіл Россияны өзіне қаратқан, Орта Азияның көп жерлерін иеленген Алтын Орда XV ғасырдың аяқ шенінде құлауға айналып, берекесі кете бастағаннан кейін, қол астындағы елдер тозып, бытырап, солардың бір тайпасы — қазақ бөлініп шыққан.

Қазақты ескі жұрт дейтін тарихшылардың бірі Левшин былай деп жазады: “Қазақ Азияда ежелден белгілі жұрт, толып жатқан түрік руларының бірі. Ескілігі найманға да, қырғызға да, өзге өзімен тектес елдердің біріне де беріспейді. Қазақ Шыңғыс ханның қол астына қарап, расында, ішінара кейде өзінің де хандары тұрды. Алтын Ордадан бөлініп шыққаннан кейін, XV ғасырда қазақ өз алдына жеке жұрт болды. Ол кезде қазақтың Арыстан деген ханы болыпты. Арыстан заманында қазақ хандығының күштілігі сондай, соғысқа бірден 400 мың әскер аттандыруға шамасы келеді екен. “Осылай деп Индияда белгілі монғол мемлекетін құрған Бабыр патша жазады. Бабыр патша қарындастарының біреуін Арыстан ханға берген, Арыстанның күшейіп тұрған шағын Бабыр өз көзімен көрген дейді. Міне, сол кезде Алтын Ордадан тараған елдердің көбі өз еркімен қазаққа қосылған иә қазақ олардың бірсыпырасын күшпен қосып алған. Осы күнгі қазақ рулары аталып жүрген қыпшақ, найман, қоңырат, жалайыр, қаңлы сол кезде келіп қазаққа қосылған”.

Қай тарихшы болса да, қазақтың осы күнгі руларына

қаңлы, қыпшақ, арғын, найман, керей, дулат секілділердің қазақтың аты шықпастан бұрын мәлім болғандығын ыспаттайды. Ескіден, һәттә, Айсадан бұрын һәм кейін, түркінің түркі болып, кемеліне жетіп тұрған замандарында да өз алдына ел аталып жүрген әлгі рулар қалайша соңғы төрт-бес ғасырдың ішінде ғана өздерін қазақпыз, қазақтың руларымыз деп кетті? Мұның мәнісін ақыл қанағаттанарлық қылып, бұл күнге шейін тарих анықтаған жоқ.

V

ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ ЖҮЗГЕ БӨЛІНУІ ҺӘМ АЛАШ АТАНУЫ

Қазақтың үш жүзге қалай бөлінгені, не себептен алаш атанғаны туралы халық аузындағы ертегі секілді сөздерден алып, тарихшылар мынаны жазады: дәл қай заманда екені белгісіз, бұрынғы қазақ хандарының біреуі елін үш баласына бөліп беріп, үлкеніне тигенін — Ұлы жүз, ортаншысына тигенін — Орта жүз, кішісіне тигенін — Кіші жүз атаған екен дейді.

Тағы бір ертегі, қазақ Алтын Ордадан бөлініп шыққаннан кейінгі хандары — Жәнібек, Керейден соң болған хандардың біреуі — Ахмет хан әскерін Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп үшке бөліп, қалмақпен соғысқан. Сонда Ахмет ханның әскері қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахмет ханға “алашы” деп ат қойыпты. “Алашы” деген сөз қалмақша мейірімсіз, қанішер деген мағынада болса керек. Ахмет хан: “Қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда “алашы” деп шабындар деген соң, қазақтар “алашы” деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты. “Алаш алаш болғанда, алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмадық”, — деп қазақтың мақтануы сол дейді шежіреші Шәкәрім.

“Қазақ” газетінің 13-санында Шәкәрім шежіресіне сын жазған “Қыр баласы”: “Алашы” қалмақша не деген сөз екен? Мұны қалмақпен араласы бар елдердің азаматы сұрап білсе жарар еді”, — дегеннен кейін, Халел Досмұхаметұлы “Қазақтың” сол жылғы 15-санында мынаны жазған: “Орал облысында Уральское казачье войскаға қараған қалмақтар бар. Қыр баласының өтініші бойынша “алаш” деген қалмақ тілінде сөз бар ма, болса мағынасы қазақша не болады” дегенімде, қалмақтар айтты:

“қалмақ тілінде “алашы” деген сөз бар, қазақша мағынасы “өлтіргіш, аямаушы, жауынгер” деп. “Алашы” деп қалмақтар жақтырмаған орында айтады. Жаны ашымай хайуанаттарды көп өлтіре беретін аңшыларды да қалмақтар “алашы” деп атайды”.

Қазақтың не себептен алаш, не себептен қазақ, үш жүз атанғанын баяндайтын бұлардан басқа да ертегілер бар, оларды жазуды қажет көрмедік. Бұл туралы ертегілердің көбінің мағынасы біріне-бірі қайшы, бәрін қорытқанда да, әзір анық дәлел болып шыққандай емес. Бірақ мұндай ертегілер қазақтың аты, тегін зерттеушілерді ойға қалдырарлық жері бар. Мәселен, қазақ иә алаш, қалай да болса, бір кісі — ру басы емес екені рас-ау, әйтпесе, біріне-бірі қайшы келе берсе де, көптен халық аузында сөйленіп, ертегі болып жүргеніне карағанда, “қазақ”, “алаш” сөздерінің түбінде бір көмескілік бар ғой дегізетін. Тарихшылар мұндай ертегі сөздерді де ескерусіз қалдырмай, түбінде салыстыра, қорыта келе, бір дәлелді мағына шығаруға болар деген үмітпен жинап, жазады, бірақ әлі күнге шейін ондай сөздерді қолданып, бір нәтиже шығарған жоқ.

Жоғарыда айтылғандай: “алаш” қазаққа ұран болып қалған мәнісі ақылға қонып тұр. Қазақ “алаш” яки “алашы” деген атты хандарының біреуіне қалмақ қойған екен деп жүрген болса, оның үстіне қалмақ тілінде “алашы” деген сөздің мағынасы қазақтың бұрыннан ұғынып жүргеніне дәл келуі — бұл ертегінің қисыны барлығын көрсетеді. Үш жүз — қазақтың ру басылары болмай, қоныс ретіне қарай ма, халықтың санына қарай ма, әскерді үшке бөлгенінен бе, иә бір ханның қазақты үш баласына бөліп бергенінен бе, әйтеуір үш топқа айырылғандықтан “үш жүз” аталғандығы анық болса керек.

Қырғыз қазақпен туыс, тіл, тұрмыс жағынан өзге түркі руларынан жақын екендігін тарихшылардың көбі ыспаттайды. Бірақ қазақ пен қырғыздың арасында аз да болса айырма бола тұрып, не себептен екені белгісіз, қырғыздар да өздерін “алашпыз” дейді¹. “Алаш” қазақ ұраны болып кеткен сөз болса, бұл ұранға қырғыздар қалайша һәм қашаннан бері ортақ болғаны белгісіз.

¹ Жаңылмасам, қырғыздар өздерін “алашпыз” дейтіндігі, қырғыздың белгілі азаматы Ишанғали Арабайұлынан естіген секілді едім. Бұл туралы анық мағлұматты әлі де болса қырғыз азаматтары берсе дұрыс болар еді (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ-қырғыздың аты, тегі һәм қашаннан бері өз алдына жұрт болғаны туралы жоғарыда жазылғандарды қорытқанда шығарған нәтижеміз мынау:

Қырғыз – ежелден қырғыз атанып, Айсадан бұрын неше ғасыр өз алдына жұрт болған, қазақпен туысы, діні, тілі, қонысы, әдет-ғұрпы, салт-санасы бірдей жауынгер түркі қауымдарының бірі. Қазақ пен қырғыздың арасында, тіліндегі болмашы айырма болмаса, еш бөтендік жоқ.

Қазақ – X ғасырдың ар жағында көп заман бұрын өзінің хандары болып, өзін-өзі билеген, ежелден қазақ атанған түрік жұртының бір тарауы. Қазақ – XII ғасырдың аяғында әр түрлі түркі руларымен қосылып, көбейіп, тағы да бөлек жұрт болып, сыбайлас жұрттардың көбімен соғысып, бірде жеңе, бірде жеңіле келіп, XVIII–XIX ғасырларда Россияға бағынғаннан кейін еркінен айырылған жұрт.

Міржақып.

“Шолпан”, 1923 ж., N3–5.

“Қызыл Қазақстан”, 1923 ж., N17–18.

БАСПАСӨЗІМІЗ НЕ КҮЙДЕ?

I

Төңкерістен бұрынғы қазақ халқының өмірі, басынан кешірген кемшілік, мұңшылықтары қысқа күнде қырық сөйленіп, шайырдай шайналып, бұл күнде сегіздегі бала, сексендегі шалға шейін таныс болды. Енді ол заманды жаман десек, ол заманның қайта айналуын көксемесек, таз кебімізді қайта киюді тілемесек, сол заманда істетпеген, істелмеген, бірақ істелуге тиіс болған жұмыстарды шама келгенше жүзеге асыруымыз керек. Патша һүкіметін жерден алып жерден салудан, ертеден қара кешке шейін сөгуден бір тиындық пайда жоқ, егер осындай теңдікке жетіп тұрған заманымызда бұрынғы кем-кетігімізді толтырмасақ. Елді ел қылатын игілікті істерді істеп, көзге көрсетсек, жемісін жегізсек, бұрынғы қалыптардың қолайсыздығы, патшашыл һүкіметтің жауыздығы өзінен-өзі-ақ көрінеді.

Қай һүкімет болсын, халықты есіркеп, “мә, жұртым, мейліңше кенел, игілігіңе жұмса” деп қалтасынан суырып

беретін қазынасы жоқ. Бәрінің де “қазына” деп жүргені әкесінің малы емес, халық пайдасына жұмсалу үшін халықтың өзінен жиналған қазына. Айырма жалғыз-ақ мынада: ескі hükімет халықтың өз байлығын өз керегіне жұмсауға ерік бермейтін еді. Онысы зорлық еді. Онысы тал түсте талау еді. Енді, шүкір, Кеңес hükіметі надан елдердің көзін ашатын, езілген таптарды теңгеретін болды, халықтың өз дәулетін өз керегіне жұмсауға ерік беріп отыр.

Неше ғасырдан бері басымызда ерік, малымызда билік болмаудың себебі надандығымыздан екенін білсек, енді ерікке де, билікке де жеткен шағымызда, надандықтан құтылып, шын жарыққа шығудың шарасын көздеуіміз керек. Үнемі біреуге масыл болып, жетімдік көрсек жетекшіміз бар деп телміре бермей, өз теңдігімізді, өз елдігімізді өзіміз қорғайтын, енді қайтып өзгеге құл болмайтын қам қылуымыз керек. Бұл мақсұттарға жеткізетін өнер-білім екені даусыз болса, бұған керекті құралдарды сай қылу — бірінші міндетіміз. Өнер-білім құралы, алдымен, мектептерде оқылатын кітаптар, жалпының жанына азық беретін кестелі әдебиет, заман жайынан мағлұмат беретін газет-журнал, бәрін қысқартып айтқанда — баспасөз.

1917 жылдан бастап талай жиылыстарда, талай мәжілістерде бұл мәселе сөз болмай жүрген жоқ. Газет жүзінде ме, екі кісі бас қосқан жерде ме, ел мұңы сөйлене қалса, алдымен ауызға алынатын әңгіменің бірі де, бірегейі де осы болатын. Бірақ әлі күнге шейін “жүк орнынан қозғалмай тұр”. Мен бұл мақаланы “Баспасөзіміз не күйде” деп бастағанда, жұрт естімеген шыт жаңа бір мәселені қозғадым деп отырғаным жоқ яки бұл туралы тоқсан тоғыз сөйленген сөздің санын жүзге толтырмақ та емеспін. Менің мақсұтым — баспасөзімізді ілгері бастыру жолында не істегенімізді көрсетіп, енді онан былай не істеу керектігін айтқым келеді.

II

Баспасөз жұмысы екіге бөлінеді: бірі — кітап жазу. Екіншісі — жазылған кітапты басып шығару. Осы туралы кешегі өткен марқұм 1922 жылы біз не істедік? Сол жағын еске түсіріп өткім келеді.

Қазақстанның Оқу-ағарту комиссариаты кітап жазу

мәселесін қолға алғанына, бірінші һәм екінші басқыш мектептер үшін керекті кітаптарды топшылап, белгілі қалам қайраткерлеріне тапсырғанына табаны күректтей екі жыл толды. Бұл кітаптар 1922 жылы жазылып болып, басылып та шықпақ еді. Сонан бері жазылып тапсырылған, басуға да берілген кітап — жалғыз-ақ Мағжанның “Педагогикасы”¹. Қазір жазылып біткен, бірақ баспаға берілмеген — Ахметтің 3 жылдық “Тіл құралы”², Елдестің “Физикасы”³. Көзге көрініп отырған бар-жоғы осы үш-ақ кітап! Бұл үш кітаптың да қалай жазылғанын білеміз. Мағжанның “Педагогикасы” тез жазылып отырғаны (*“тез” деп өзгелермен салыстырғандықтан айтып отырмын*), ол өткен жылдар курстарда педагогика ғылымын оқытып, сол туралы мағлұматтар жинап, оқытқан сабақтарын жазып отырып, соңынан тек тәртіптеп кітап қылып шығарған көрінеді. Елдес “Физикасын”, әлдеқалай қызметтен босанып, елде жатып тоғыз айда жазып бітірген.

Ахаң болса, мекеме қызметінде жүріп, тынығу, бой жазу дегенді ұмытып, кешкі, түнгі сағаттарда жұмыс қылып, “Тіл құралының” 3 жылдығын әрең бітірген.

Бұл аяқ алысымызбен біздің баспасөзіміз ілгері басар ма? Бұлай болудың себебі не? Әлде жоғарыда кітап жазуға тапсырылған азаматтар жалқаулық, салақтық қылып, халық ағарту жұмысын керексіз көргеннен деуге бола ма? Жок, олай деуге болмайды. Олай десек, жала жапқан боламыз. Олардың міндеттенген жұмыстарын атқара алмау себебі, бәрі бірдей мекеме қызметіне жегіліп, “шенеунік” есебінде кеңсе қағазын тықырлатып отыр. Уақыттарының көбін, күштерінің бәрін соған сарп қылып отыр. Кеңсе қызметі, ел билеу жұмысы керексіз демейміз, мемлекет машинасын дұрыс жүргізу үшін де қызметкерлер керек. Бірақ “қалам қайраткерлері” деп танылып жүрген азаматтардың саны орасан көп емес. Олардың істеп отырған кеңсе қызметтері мен кітап жазушылықты салмақтасақ, таразының соңғы табағы неше есе ауыр тартатыны анық. Және де біздің қалам қайраткерлерінің бәрі дерлік партияда жоқ. Сондықтан олардың атқарып отырғаны соншалық жауапты ірі

¹ Педагогика — 120 бет шамасында (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

² Тіл туралы — 64 бет шамасында (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

³ Физика — 140 бет шамасында (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

қызметтер деуге болмайды, сол себепті олардың орындары артық ойсырап қалмайды. Сондықтан шын қалам қайраткерлері кеңсе қызметінен босап, бірыңғай кітап жазу жұмысына кірісуі керек. Бұған ешкім бөгет салмау керек. Қайта тамағын тоқ, орнын жайлы қылып баптау керек. Мысал үшін қалам қайраткерлерін бөйге атына ұқсатсақ, оларды еріктіріп, мәпелеп ұстап, жазу бөйгесіне қосу керек. Бөйге атын қысы-жазы арба-шанаға жегіп, қара жұмысқа салсаң, жүк тасысаң қандай болады? Ондай атты қазақ бөйгеге қоса ма? Ондай ат бөйгеден келе бере ме? Сол сияқты, қалам қайраткерлері де кеңсе қамыты мойнынан түспей, жазу бөйгесіне қосыла алмайды, қосылып та бөйге әпере алмайды.

Біз бір пайдалы нәрсені сөз қыла қалсақ, жерден жеті қоян тапқандай қуанамыз, “керек, керек” деп шу ете түсеміз, не керек екенін білгенімізге мәз боламыз, бірақ соңынан орындауға келгенде “керектердің” бәрін ұмытып, бетімізбен кетеміз. Тағы бірде әлгі “керекті” тағы есімізге түсіріп, тағы “аттан” саламыз, тағы дүниені жаңғырықтырамыз, тағы ұмытамыз... Өміріміздің көбі осымен өтіп келеді.

III

Қалам қайраткерлері кеңсе қызметінен алынып, кітап жазуға кіріссе, аз уақыттың ішінде қанша жұмыс бітіретінін шамалайық.

Бүкіл Қазақстанда кеңсе қызметін істеп жүрген азаматтардан қалам қайраткерлері деп он-ақ кісі алалық. Осылар бірбеткей жазу жұмысына кірісетін болса, келтіретін пайдасы мынадай деп шамалауға болады: мәселен, бір жазушы бір күнде орта есеппен баспа кітаптың 2 бетін жазсын, сонда бір кісі бір айда $2 \times 30 = 60$ бет, бір жылда $12 \times 60 = 720$ бет жазады екен. Он жазушы болса, бір жылда $720 \times 10 = 7200$ бет жазбақ. Егер бір кітапты, орта есеппен, 300 беттік десек, он кісі бір жылда 24 кітап жазып шығармақ. Егер кітап бетін айнала есептегенде, 240 десек, он кісі бір жылда 30 кітап жазып шығарады екен.

Мұны бос қиял, іске аспайтын тәтті тілек деп ешкім айта алмаса керек. Бұл — қолдан келетін жұмыс.

IV

Қазақстан Мемлекет баспасы (*Госиздат*) өткен 1922 жылы не істеді, алдағы үмітті 1923 жыл не істей алатындығын көрсетейін. Баспа жұмысымен артық таныс еместерге мемлекет баспасының қысқаша жайын, күшін баяндау қажет болар.

Мемлекет баспасының қарауында үлкен баспахана бар. Баспаханада 5 кітап табағын (*кітап табағы — басылған 16 бет*) тізуге жететін орысша харіп, $3^{1/2}$ — 4 кітап табағына жететін әртүрлі қазақ харпі бар¹ Орыс харпін тізушілер 6 кісі, қазақ харпін тізушілер 17 кісі. Бір харіп тізуші күніне, орта есеппен, 7000 харіп тізуге тиіс. Сонда орыстың 6 тізушісі күніне $1^{1/20}$ кітап табағын, қазақтың 17 тізушісі толық 3 кітап табағын тізуге лайық. Баспаханада алты машина бар: екеуі альбомный деп аталады. Бұл екі машинаның әрқайсысына біржола екі кітап табағын, яғни 32 бетті бір-ақ жіберуге болады. Үшінші машина жарым альбомный, бұған бірден 16 бет жіберуге болады. Бұл үш машина электр қуатымен айналады. Тағы да қолмен айналатын жарым альбомный машина бар. Бұ да 16 бет шығарады. Қалған екеуі “Бостонка” һәм “Американка” деп аталады. Бұл соңғы екеуі де қолмен айналдырылады, әрқайсысы жарты табақтық. Осы алты машинамен бір күнде $6^{1/4}$ табак тізген харіпті бірден басуға болады. Қолмен айналдыратын үш кішкене машинаны өзге уақ-түйек жұмыстарға арнап, электрмен айналатын үш үлкен машинаны кітап басуға шығарсақ, бұл үшеуі бір күнде 5 кітап табағын айналдырып, көбейткенде, 15 мың табак шығарып береді. Екінші сөзбен айтқанда, 16 беттік бір кітап 1,5 мың кітап болып шығады; кітап 32 беттік болса, $7^{1/2}$ мың, 48 беттік болса, 5 мың болып басылады... Бұл алты машинаның көбі орысша, қазақшаға ортақ.

V

Жаңағы айтқандарымыздан Қазақстан Мемлекет баспасының қандайлық күші барлығы белгілі болады. Енді өткен 1922 жылы Мемлекет баспасы қазақ үшін не істеді, орыс үшін не істеді, соны айтып көрсетейін. 1922 жылы қазақша

¹ Жакын арада 147 пұт харіп келмекші (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

басылған кітап 61 табақ¹, көбейтіп басылғаны 336 мың 990. Орысша басылған кітап 191 табақ. Көбейтіп басылғаны 1 миллион 635 мың 650.

Бұл есептен біз не көреміз? — Біздің көретініміз: қазақша кітаптардың жай табақ саны орысшадан үш есе кем, көбейтіп басылғаны бес есе кем.

Қазақстан Республикасында орыс пен қазақ саны шамалас деп есептесек, қазақша басылған кітаптардың да саны қарайлас болу керек еді. Екінші, қазақтың баспасөзге аса мұқтаждығын ескергенде, қазақ кітаптары артығырақ басылса керек еді; артық болмағанда да, кем болмауға тиіс еді. Үшінші, баспаханадағы қазақ харпін тізушілерінің саны орыстардан үш есе көптігіне һәм орыс харпін тізушілер күніне $1\frac{1}{20}$ табақ, қазақ харпін тізушілер 3 табақ тізіп шығара алуына қарағанда, қазақ кітаптары үш есе артық басылуға лайық еді. Төртінші, орысша, қазақша деп бөлуге болмайтын, екеуіне ортақ машиналардың күші орысшаны 5 есе артық басудың орнына бірдей шығаруы дұрыс еді. Цифрдан күшті дәлел болмайды. Бұл туралы біздің кемшілігімізді цифр апайкын көрсетіп отыр.

Бұл кемшіліктердің себебі неден? Мұны орыстың қазаққа қылып отырған озбырлығы дейміз бе? — Қапелімде осылай көрінуге мүмкін. Бірақ, дұрысында олай емес: бар айып өзімізден, өзіміздің шалағайлығымыздан, күшіміздің аздығынан, аз күшті пайдалана алмай отырған олақтығымыздан. Бұл күнге шейін Мемлекет баспасында бір қазақ қызметкері болмаған. Орыс жолдастардың қазақ жұмысын өзінікіндей басқару қолдарынан келмеген, бір жағынан, басуға даярланған кітаптар болып, екінші жағынан, қадағалап бастырып отыратын қазақ қызметкерлері болса, жұмыстың реті дәл мұндай болмас еді. Біз басуға даярлаған кітабымыз жоқ деп зарланғанмен, басатын нәрсе таба алмай алақанына түкіріп отырған Мемлекет баспасы да жоқ. Бұған дәлел: уақ-түйек кітаптардың, һәттә бірен-саран оқу құралдарының әлі күнге шейін басылмай жатқандары бар көрінеді.

Өзіміздің Мемлекет баспасының жеткілікті күші бар бола тұрып, не үшін екенін білмеймін, қанша шығын шығарып, Абай, Мағжан, Сұлтанмахмұт өлеңдері, тағы

¹ Табақ есебімен санағаным болмаса, мұның бәрі кітап емес, бірсыпырасы қаулы, жарнама секілді уақ-түйек нәрселер (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

қайсыбір бұрынғы оқу құралдары Қазанға басуға жіберілген.

VI

Енді газет-журналдарымыз не күйде, бұған да бір көз салып өтелік.

Қазақстан Республикасының астанасы Орынборды есептемегенде, губерниялық қалалардың бәрінде де орысша газеттер, журналдар шығып тұрады. Орынбор қаласының өзінде ғана орыс тілінде күн сайын шығатын екі газет, он бес күнде шығатын екі журнал, ай сайын шығатын үш журнал бар екен.

Біздің бүкіл Қазақстанда қазақша шығып тұратын газет-журналдары: 1) “Еңбекші қазақ”, 2) “Қызыл Қазақстан”, 3) “Өртен”, 4) “Бостандық туы”, 5) “Қазақ тілі”, 6) “Қызыл ту”. Бұлардың көбі аяғын ақсай басып, өзінің дүниеде барлығын ұмыттыра беріп, анда-санда бір шығып қояды. Орынбордың өзінде шығатын һүкімет тілі — “Еңбекші қазақ” күн сайын шықпаса да, тым болмаса жетіде үш рет дұрыс шығып тұруы керек еді. Бүкіл Қазақстан Республикасына бір жақсы журналдың да көптігі болмас еді. Баспасөзіміздің бұ жағы да көңіл көншірлік ешнәрсе бермей тұр.

Өзімізден мәдениеті жоғары орыс халқындай бола қалу бізге әлі ертерек екенін жақсы білеміз, бірақ бар күшімізді жұмсап, “бар әзір, жоқ мәзір” деп отырғанымыз жоқ.

VII

Баспасөзіміздің күйі осы. Айта берсек, кемшілік толып жатыр, бұл мақалада мен тым орасандарын ғана санап өттім. Бұл кемшіліктерді толықтыруды қолдарынан келетін азаматтар ескерусіз қалдырмас деп сенемін. Бұл кемшіліктерді мойынға алмайтын азамат табылар деп және де ойламаймын. Мұның бәрі бүгін көрініп, бүгін сезіліп отырған кемшіліктер емес. Мен де бүгін Америкадан келіп отырғаным жоқ. Бірақ “Құдай өзі кешіреді” деген бір намаздың үмітіндей, “Көш жүре түзеледі” деген мақалға сүйене берудің керегі жоқ, көштің түзелетін кезі болады. Көшті түзеу керек, көшті оңға бастау керек.

Жоғарыда көрсеткен шараларымды қорытқанда айтатыным:

1) Қалам қайраткерлерін осы жылдың басынан бастап

кеңсе қызметінен босатып, тамағын тоқ, орнын жайлы, көңілін алаңсыз қылып, кітап жазуға қосу керек.

2) Газет-журналдарымыздың басына лайықты адамдарды жеткілікті қылып отырғызып, халық тұрмысын айнаға түсіргендей көрсететін, адасқанға жөн сілтейтін, партия бағыты, hükімет заңымен таныстыратын, дүниеден хабардар қылатын газет-журналдарды жиілетіп мезгілінде шығару керек.

3) Жазылған кітап, газет-журналдарды бастыратын Мемлекет баспасына айрықша назар салып, баспахана жұмыстарын бақылап отыратын, берекелендіретін қызметкерлер қою керек.

Баспасөзімізді көркейту, гүлдендіру үшін менің ұсына-тын жобаларым осылар. 1923 жылдың баспасөз туралы жұмыс жоспары да осы болуға тиіс. Бұл айтқандарды орындай алсақ, төңкеріс дәуірінде шын теңдікке жеткендігіміздің ең күшті іспеті болса керек. Жоқ, ананы бір, мынаны бір сылтау қылып, бұл жұмыстарды кешеулете берсек, “Ерте оңбаған кеш оңбас, кеш оңбаған еш оңбас” деген мақалдың дәл бізге арналғаны.

Мадияр.

“Еңбекші қазақ”, 11 январь, 1923 ж., №60.

СОТ ОСЫНДАЙ БОЛСЫН!

“Еңбекші қазақты” оқып келе жатқандарға белгілі, Орынборда және де Қазақстан Республикасы құрылғалы болмаған бір үлкен іс қаралды. Мұны тарихи іс десек те жарайды.

Патша hükіметінің қазақтың миына, тамырына шейін уытын жайып кеткен кеселді мирастарының үлкені партия-қорлық, жалақорлық, паракорлық, баққұмарлық, таққұмарлық еді. Қазақ арасындағы не пәленің бәрі осылардан өрбуші еді. Төңкеріс болған екен, саясат өзгерген екен деп, жүз жылдар бойы сүйекке сіңген дерт оп-оңай қала қойсын ба! Осы жолғы соттың қарағаны да Ырғыз үйезінде болған сондай істердің бірі еді. Алды абақтыда отырғанына жылға таяған он шақты Ырғыз азаматтары бұл күйге түсуінің түп-кі себебін қысқаша айтып өтелік.

1920 жылы Ырғыз үйезінің тағдыры қайдағы оңбаған, жөргекте қаққандардың қолында болды. ...Бұлардың өздеріне сәйкес жарандары, атарман-шабарманы аз болмады. Қазақшылықпен, табына, қанына тартып

жолдастасқан бұлардың арасында бірен-саран таза жігіттер де болса керек. Осыларға дес тигеннен кейін Ырғыз үйезіне дегенін істей бастады. Сол жылы қара жұмысқа жігіт алатын “укомтруд” дейтін шыға қалып, сол арқылы әлгі азулылар елді қан қақсатты: өздері ашығып қырылғалы отырған кедейлерді жұмысқа айдап, өздеріне тән елдерді аман алып қалып, бір үйезден бір байдың, бір “жақсының” баласына тимеді. Бұлардың бұл қиянатына шыдай алмай, нашар таптан шыққан бірсыпыра оқыған жігіттер партияға кіріп, зорлықшылармен алыса бастады. Бұл әңгіме сол 1920 жылы “Ақ жол” газетінің 30 нөмірінде басылған еді.

Кешікпей зорлықшылдар тағынан тайып, әлгі жігіттер ел билігін қолына алды. Біреуі исполкомға, біреуі ана мекемеге, біреуі мына мекемеге бастық болды. Бұлар бұрынғылардың ішкен-жегенін мұрындарынан шығара бастады, от алып соңдарынан түсті. Жауыздың жазасын тартқызамыз деп бұлардың ызамен асыра сілтеп жіберген істері де болған. Бір жағынан осыны кек тұтып, екінші — баққұмарлық шыдатпай, күні кеше босағасынан қарай алмайтын кедейдің балалары ел билеп кеткеніне тарылып, Тұрмұхамедтер өткен 1922 жылы 4 гинуарда КирЦИК-ке арыз береді. Көздеп берген азаматтары: исполком бастығы Әбіш Тойбазарұлы, өзге орындардағы Мұса Дайрабайұлы, Ұзақбай Құлымбетұлы, Әбдірахман Құлыбекұлы, Оспан Сарбатырұлы, Абдолла Тойбазарұлы, Петр Кузнецов, Роман Щербаков, Елеусіз Есназарұлы, Әлмағамбет Науқанұлы, тағы-тағылар. Бұларға жапқан жаласы: пара алды, аштарға жинаған малды жеді, өшіккен кісілерін жолсыз тұтқын қылды, бірінің айыбын бірі қымтады дейді. Әрине, бұл жігіттердің де бәрін бірдей періштеден пәк деп, таза еді деуге болмайды: жә, кемшілік деген нәрсе ердің ері болмаса, адам баласын бұзбай қоймайды. Ар алдында “алтын көріп жолдан тайғандары” да болса керек.

Осы істі тексеруге КирЦИК Орынбордан бір комиссия шығарады. Бұл комиссияның бастығы болып, қазақтың елін, жерін білмейтін, жүрегі қандай екенін өзі білсін, Бахров деген орыс шығады. Бахров Ырғызға барған соң, Тойбазаровтардың қарсы жағында қонақтап жатып, солардың айтқанына нанып, тергеуді айыпкерлерге өте қолайсыз түрде бірбеткей істейді (*бұл сотта анықталды*). Тойбазаровтар абақтыға түседі. Бұлар бергі жердің тергеу-

тексеруіне қанағаттанбай, мұндарын Мәскеуге шейін шағадды. Ақырында Мәскеуден Бүкіл россиялық жоғарғы соттың сессиясы келіп, осы істі Орынборда февральдің 5-нен 11-не шейін ұдайымен алты күн армансыз қарады. Соттың төбе биі Кронберг, мүшелері Крумин һәм Нығмет Нұрмақұлы болды.

Соттың басталған алғашқы күндерінде айыпкерлердің бәрі болмаса да, біразы атылуға бұйырылар деп ойлағандар көп еді. Орынборда шығатын орыс газеттері күн сайын айыпкерлердің аттарын таяқтай хәріптермен басып, біздің “Еңбекші қазақ” та бейшараларға қаһарын тігіп, “жатқандарыңнан тұрмандар, жазаларыңды сот берсін” деп жазып еді. Баспасөздің назары ел бүлдірген сотқарларға осылай болуы айып емес те шығар, бірақ сот дәлелсіз қорғаудан, алдаудан алыс болып, басында айыпкерлерге шүкшия қараса да, армансыз тексере келіп, ақырында үлгілі әділ билік айтты. Соттың билігіне сүйсінбеген жан болған жоқ. Адвокаттардың арасынан Сергеевтің сөзі өте күшті, өте дәлелді болып шықты. Айыпкер Әбіш Тойбазарұлы үш сағаттан артық соңғы сөйлеген сөзінде оқиғаны бастан-аяқ баяндап, мұндай халге қалайша душар болғандығын, өзінің нахақтан күйіп отырғандығын аянышты күймен суреттегенде, сотты тындауға жиналған көп халықтың ішіндегі әйелдерден талып қалғандары болды, көңілі елжіремеген, көзіне жас алмаған еркек аз болды.

Тергеу-тексеруді бітіріп, айыпкерлердің соңғы сөздерін тындап болып, сот оңаша бөлмеге шығып, билігін алты сағат ақылдасып, әбден ойланып-толғанып келіп естіртті. Ырғыз үйезінде судья болып жүріп паралауда айыпталған Оспан Сарбатырұлы, оның хатшысы Әлмағамбет Науқанұлы, Щербаков деген орыс үшеуіне үш жылдан жаза кесіп, бастығы Әбіш Тойбазарұлы қылып өзгелерін сол арада тұтқыннан азат қылды. Және де Ырғыз үйезіндегі партияшыл, жалақор, зорлықшыл жуандардың қылмыстары тексерілсін деп қаулы шығарды.

Бұл іс армансыз қаралды. Сот асықпай отырып алты күн тексеріп, ұшығына жетті, өзінің шын үлгілі, шын адал сот екендігін көрсетті. Бұл соттың бір мүшесі Нығмет жолдас, қазақ жайына жетік, өзі қазақ болуы істің ақ-қарасын айыруға үлкен себепкер болғандығы сезілді. Жалғыз Ырғыз азаматтарының бұл ісі емес, әр елде мұндай

оқиғалар көп, “айран ішкен құтылып, шелек жалағандар тұтылып” жүргендер де толып жатыр. Соның бәрін жергілікті соттар осындай таза тексерсе, біреудің малына, біреудің ажарына сатылмайтын болса, тез қасында қисық ағаш жатпас еді, тентекке тыю салынып, елге тыныштық сонда орнар еді.

Жергілікті соттар, мына соттан үлгі алыңдар, сот болсаңдар, осындай болыңдар!

Мадияр.

“Еңбекші қазақ”, 19 февраль, 1923 ж., N67.

Басқармадан:

Мұндай екі таптың күресінен шыққан жауыздық жасырынған ауыр істерді жалғыз-ақ еңбекшіл таптың соты жете тексеріп, билік қыла алады.

ҚОШ КЕЛДІҢ, НАУРЫЗ!

Жер жүзіндегі жұрттардың бәрінің де түрлі-түрлі мейрамдары болады. Мәселен, дін мейрамы, ұлт мейрамы, мемлекет мейрамы секілді. Өзгелерді былай қоя тұрып, өзіміздің сыбайласымыз — орыс жұртын алсақ, бұл туралы қазақтың мақалы да бар: “Орыста мейрам көп, қазақта айран көп”.

Біздің қазақ айранға бай болғанымен, мейрамға жарлы екендігі осыдан да көрінеді. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, біздің қазақ-қырғызда жалғыз-ақ мейрам бар, ол — Наурыз.

Наурыз — қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа Күншығыс жұрттарының көбі, мәселен, Үндістан, Иран, Ауған, Бұхар, Кавказ, Түркістандықтар да мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда, Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеніз, марттың ескіше 9-нда, жаңаша 22-інде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі. Қыс бойы ақ кебінін жамылып, өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге сыяды.

Тіршіліктің арқауы — алдыменен тамақ. Дүние жаратқаннан бері жанды-жансыздың бәрінің талас-тартысы,

шынын айтқанда, тамақ үшін, күн көруі — алдындағы айдап өсіріп жүрген малының амандық, жамандығымен байлаулы. Өнері, кәсібі, зауыты, фабрикасы бар, табиғатты қолданған мәдениетті елдер қыстың қысымын қазақтай көрмейді. Болмашы боранға, жауын-шашынға, топтанған бұлтқа, ауысқан желге, керек десе, жаңа айдың қалай туғанына шейін, қазақтың зор мағына беруі — әшейін еріккеннен тапқан ермегі емес, қыстың ауыр иә жеңіл өтуінен тіршілігі өзгертін, жеңіл болса құт, ауыр болса жұт болатындығын байқаған тәжірибеден шыққан нәрсе.

Дұрысында, қазақтың тамағы да, киімі де, үйі де, күйі де, көлігі де, отарбасы да, телеграфы да, телефоны да мал емес пе? Малсыз қазақтың күні бар ма? Сол малын аман сақтау үшін қысқы аязда, ызғырық боранда бейнет шегіп, еңбек сіңіріп, малымен бірге жатып, бірге тұрып, бірге жүріп, бірге ығып, қыс қандай қысылса, жаз сондай жазылатын, жадырайтын шаруашыл, еңбекшіл қазақ қыстың өткеніне, жаздың жеткеніне қалайша өзгелерден артық қуанбасын, жаздың басы жаңа күн — Наурызды қалайша мейрам етпесін!

Соңғы жылдар қазақтың шаруасын күйзелтіп, байтақ елі ашаршылыққа ұшырап, ойын ойнап, тойын тойламақ түгіл, барар жер, басар тау таба алмай дағдарған еді. Енді шүкір, аздап заман түзеліп, шаруасы оңалуға айналғаннан кейін, оның үстіне биылғы қыс әр жерде жеңіл болып, жұрт алдырмай-шалдырмай аман-есен жазға жетіп отыр. Сондықтан бұл Наурыз ел-елде қуанышпен қарсы алынып, шаруаның бір малы екеу болып, көңілі өсіп, жасы үлкендер құшақтасып көрісіп, жаңа өспірім жас буын қуанысып-күлісіп, жанның бәрі дүниеге жаңа келгендей мәз-мейрам болса керек.

Мұнан былай да, бүгінгі күнді жыл сайын осындай қуанышпен қарсы алып, ойнап-күліп өткізу үшін қазақ елі ерінбей еңбек сіңіріп, мезгілін өткізбей егін егіп, пішен шауып, күн ілгері қамынды же. Сонда ғана былтырғы, бұрнағы жылдардай қан жыламай, алдағы Наурыздарды да шын мейрам, шын шаттықпен өткізесін.

Қуанышты күнің — Жаңа Жылың құтты болсын, қазақ!

Дүниеге көрік берген, шырайы жылы жыл басы — Наурыз, қош келдің!

Мадияр.

“Еңбекші қазақ”, 1923 ж., N75.

БАСПАСӨЗ ҮМЕСІ

Қазір Қазақстан баспасөз үмесі жарияланып отыр. Екінші сөзбен айтқанда, баспасөзді күшейту, көркейту жолында істелетін шаралар қандай болу керек, соларды жобалап, ұйғарған шараларды тезінен жүзеге асыру үшін жарияланып отырған үме бұл. Бұ туралы қандай шаралар ұсынудан бұрын, қазақ баспасөзі жайынан аз сөз айтып өтсек орынсыз болмас.

Біздің баспасөзіміз күшті болса, көңілдегідей көрікті болса, қазір “Баспасөз көркейту” ұраны шақырылмас еді, баспасөз үмесі жарияланбас еді. Сондықтан баспасөзіміздің нашарлығы өзінің қысқаша тарихымен сабақтас. Бұл ұранда, баспасөз дегенде, біз газет-журналдар тақырыпты ғана сөйлеуді лайық көреміз.

Мерзімді баспасөз бізде қашан туғаны белгілі. Әр жұрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатесіз бір өлшеуіші баспасөз болады. Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді яки қай жұрт өнерлі болса, оның шексіз баспасөзі күшті болатындығы айдай анық, бұған еш нәрсе білмейтін надандар, соқырлар болмаса, көзі ашық, көңілі тетіктер көптен иман келтірген. Сондықтан Еуропа жұрты баспасөзге “алтыншы мемлекет” деп ат қойған.

Баспасөздің қадірін білген жұрттың адамдары онсыз тұра алмайды: орнынан тұрған соң, беті-қолын жумастан бұрын есіне шай ішу түспейді, алдымен жабысатыны, қолына алатыны газет-журнал, олардың көзі алдымен соған қадалады; пәлен жүз, пәлен мың шақырым жердегі кешегі күні болған оқиғаны бүгін таңертең оқып көрмесе, көңілдері көншімейді; дүниеде не болып жатқанды біліп отырмаса, бәрібір өзін соқыр, саңырау сияқты бақытсыз адам есебінде санайды: неге десеңіз, баспасөзді жалғыз қызық, таңсық үшін ғана оқымайды, баспасөз жүзінде саясат, тіршілік, ғылым, шаруа, сауда, соғыс, бітім, төңкеріс, ізгілік, жауыздық, елдің күнбе-күнгі жай-күйі табылады: күнбе-күн өзгеріп, құбылып отыратын тұрмыс ағымымен танысып, әркім өзіне керегін біліп, хабарланып, сақтанып, қамданып отырмағы керек.

Міне, бір мысал. Швейцарияның Лозанна деген шаһарында осы күні жиылыс болып жатыр. Еуропаның жиһангерлері Түркияны дуана талағандай қамап, арбап, алдап,

бір жағынан қорқытып, қайткенде онай жем қылу, бұрынғысындай құлдану, езу шарасын кеңесіп жатыр еді. Осы жиылысқа Россиядан Кеңес hükіметінің толық хұқықты уәкілі Воровский жолдас барып, қыр көрсетіп, “Түркия жалғыз емес, бұған да ара түсетін мемлекет бар, езілген ұлттардың досы — Кеңес hükіметі сендердің зорлығына көнбейді, тал түсте талатып қоймайды” деп салғыласып жатыр еді.

Сол Воровский жолдасты фашистер партиясы атып өлтірген телеграм хабары келіп отыр. Бұл хабар Еуропадағы, Россиядағы газет біткеннің бәрінде екі-үш күннің ішінде басылып, халыққа таралып отыр. Осының бәрі — Лозаннада болып жатқан жиылыс, онда қай мемлекеттің уәкілдері болғандығы, олардың арам ниетінде сөйлеп, Түркияға қандай тор құрып жатқаны, Россия уәкілі барғанда не сөйлеп, не қойғаны, оған дұшпандар не жауап қайтарғаны, ақырында, оны өлтіргені, бұл өлімнің хабары — бәрі екі-үш күннің ішінде дүние жүзіне жайылып, баспасөз жүзіне шығып отыр. Енді бұған қарсы Кеңес hükіметі не қылады өкілді қалай жоқтайды, фашистердің бұ қылығын дүние жүзінің еңбекшілеріне қалай таратады, осының бәрі дүние жүзіне тағы да екі-үш күн ішінде мәлім болады.

Ал бізде қалай? Біз қазір Орынборда отырып, Орынбордың іргесіндегі Бөрте болысында не болып жатқанын білмейміз, ол елде алдын ала сақтанарлық ауру бар ма, апат бар ма, жоқ, жан сүйсінерлік жақсылық болып жатыр ма, қырық-отыз шақырым жерде отырып, біз білмейміз. Білсек те 10—15 күннен кейін, ұзын құлақтан, иә болмаса өгіз жегіп базарға келген Құлбайдан біз де мұның шет жағасын шала-пұла естиміз.

Орынбордың хабарын Бөрте елі тағы Құлбайдан естиді. Лозаннада не болып жатқанын, Воровскийдің өлімін Құлбай елге айтып бара алар ма, айтып баратын болса, “талчоктан” алып барған “мағлұматы” қандай болар?! Ана жылдар “большевик” деген маңдайында тостағандай жалғыз көзі бар бір пәле екен” деп елге хабар тарататын осы Құлбай емес пе еді? Өнерлі жұрттардың хабар жиысы Құлбай болмайды, баспасөз болады.

Төңкерістің алдында Россияда екі жарым мың шамалы газет-журнал шығатын еді. Орыстан өнерлірек жұрттардың газет-журналы мұнан да көп еді. Егер газет-журнал халықтың санына қарай шығатын болса, төңкерістің алдында

біздің қазақтың 80-нен артық газет-журналы болуға керек еді. Бұл болды ма? Неге болсын! Сексен түгіл, сегіз газетіміз болмаушылық біздің мәдениет сатысының ең төменгі басқышында тұрғандығымызды көрсетеді.

Қазағы, қырғызы бар, Қазақстан, Түркістанды қоса санағанда, бұл күнге шейін шығып тоқтаған һәм шығып тұрған газет-журналдар мыналар: 1. “Дала уалаятының газеті”, 2. “Серке”, 3. “Айқап”, 4. “Қазақстан”, 5. “Қазақ”, 6. “Қазақ газеті”, 7. “Сарыарқа”, 8. “Алаш”, 9. “Жас азамат”, 10. “Абай”, 11. “Бірлік туы”, 12. “Үш жүз”, 13. “Қазақ мұңы”, 14. “Заман тілі”, 15. “Қазақ тілі”, 16. “Тіршілік”, 17. “Кедей сөзі”, 18. “Бостандық туы”, 19. “Ұран”, 20. “Мұғалім”, 21. “Еркін”, 22. “Ерік”, 23. “Қызыл ту”, 24. “Еңбек туы”, 25. “Ақжол”, 26. “Жас алаш”, 27. “Кедей еркі”, 28. “Ұшқын” (*Орынборда*), 29. “Ұшқын” (*Алматыда шыққан*), 30. “Сахара таңы”, 31. “Жаңа өріс”, 32. “Көмек”, 33. “Жас қайрат”, 34. “Тілші”, 36. “Шолпан”, 36. “Сана”, 37. “Еңбекші қазақ”, 38. “Қызыл Қазақстан”, 39. “Темір қазық”, 40. “Өрнек”, 41. “Қазақ кедейі”, 42. “Мұғалім” (*Орынборда шыққалы тұрған*).

Бұлардың 32-сі марқұм, 10 шамалысы ғана шығып тұр. Тоқтағандардың ең көп жасағаны – “Қазақ” газеті, мұның да өмірі жеті жылға толған жоқ, ең өмірсіз бірі күндік. Шығып тұрған газеттеріміздің бәрін біріктірсек, осы күнгі Мәскеуде шығатын жалғыз “Правда” газетіндей құнары жоқ, журналдарымыздың берекесі де сондай.

Бұл кемшіліктің себебі неден? Өнерсіздігімізден, білімсіз-дігімізден дегенді айтпаймыз. Біз өзімізден мәдениеті жоғары елдермен бәсекелескелі отырғанымыз жоқ. Жоғары басқышқа бір-ақ секіріп шығуға болмайды, бірте-бірте аттамалап шықсақ та бізге аз емес. Біздің күйінетініміз, қолымыздан келетін шаралардың бәрін істеп болып, жалғыз надандығымызға кейіп, бармағымызды шайнап отырғанымыз жоқ. Біз қолдан келетін істердің өзіне қарсылық қылып отырмыз.

Әркім қолдан келгенін істемей жүргеніне мысал келтіремін. Осы күні Семейде шығып тұрған “Қазақ тілі” газетінің 1923 жыл 27 апрельде шыққан 33 санында “Қарғайын десем жалғызым, қарғамайын десем жалмауызым” деген мақаланы оқып қараңыздар. Сондағы жазылған сөзді оқысаңыздар, ойларсыздар. Керекудің үйездік исполком бастығы Әзімбай Лекерұлына,

Қарқаралының үйездік исполком бастығы Ғарифолла Ысқақұлына, Қарқаралының үйездік хакімшілік бөлімін басқарушы Жанәбіл Найманқожаұлына, Өскеменнің үйездік хакімшілік бөлім бастығы Нұрғали Қадылбекұлына (*Қадаленко емес*) “Қазақ тілінің” басқармасы жазу дәптерін жіберген екен. Мұның төртеуі де — азуы алты қарыс коммунистер, ортақшыл партияның Кеңес hükümetінің газеттерін таратуға өзгелерден артық жанын сала қимылдауға лайық ортақшылдар, надан қара халықтың көзін ашуды өздеріне борыш деп санауға лайық азаматтар... Осы төртеуі ойламастан, уәделесіп қойғандай, “ерегескен соң газеттің бір нөмірін де таратпайық” дегендей, басқармаға бәрі бір ауыздан жауап қайырып отыр: “Ешкім газет алмайды, қайтейік”, — деп. Міне, біздің ісіміздің ілгері баспайтыны осындайдан болады. Жоғарыдағы төрт азамат, күнде тобымен келіп, мекеменің есігін тоздыратын, пәтеріне қайтса, сондарынан қуа баратын қазақтарға айтса, ешкім алмағанын төртеуі төрт жерден ... берсе де тануға бола ма? Семей губерниясы, басқа жерлерге қарағанда шаруасы күйлі, оқығаны, көзі ашығы көбірек ел, биыл түгіл 10 жыл бұрын жұрттың қазіргіден гөрі наданырақ, қазіргіден гөрі газет-журналдың керегін білмейтінірек кезінде, “Қазақ” газеті алғаш шыққан жылы Семейден 612 кісі алдырған еді. Биылғысына жол болсын!

Енді не істейміз? Сөйлеп-сөйлеп, бөсіп-бөсіп қоямыз ба, жоқ, баспасөздің күшеюіне шынымен қам қыламыз ба? Шын қам қылатын болсақ, мыналарды істеуіміз керек:

1) газет-журнал шығаруға лайық һәм басқарманың контор қара жұмысын атқаратын жеткілікті қызметкерлер дайындау;

2) басқарманың үйін, сайманын түгендеу;

3) әуелгі кезде аяқтандырып жіберу үшін мемлекет қазынасынан молырақ көмек беру;

4) мемлекет баспасына қазақтан қызметкерлер кіргізу;

5) осы бастан Қазан секілді қалалардан губерниялар үшін хәріп алдыру шарасына кірісу;

6) баспахана, қағаз, бояу секілді заттарды молайту;

7) поштаханалар салақтық қылмай, газет-журналдарды дұрыс жеткізетін қылу;

8) жер-жерде өтірік айтпайтын, инабатты азаматтардан тілші көбейту, мекемелерде отырған қазақ жігіттерін хабар

жазып тұруға, не істеп жатқандары туралы мағлұмат беріп тұруға міндетті қылу;

9) сенімді, дұрыс азаматтарға жазылу дәптерін жіберу;

10) қазақтан харіп тізушілер даярлайтын курс ашу;

11) болыстық, ауылдық исполком бастықтарын, қазақтан болған милиция бастықтарын, билерді, тергеушілерді, қала-қалада отырған қызметтегі азаматтарды, мүмкін болса, газет-журнал алып тұруға міндетті қылу, болмағанда ұсыну;

12) Әзімбай, Ғарифолла, Жанәбіл, Нұрғали секілді “баспасөзге айрықша еңбек сіңірген” азаматтарды “Қызыл тақтайға” жазып отыру.

Осы айтқандарды hükümet басында отырғандар, қаламының өнері барлар, елдің ағаруына тілектес азаматтар орындауға тырысса, баспасөзді көркейтуге, күшейтуге шын үме жасағанымыз болады. Егер Семейдің анау төрт азаматындай “қайтейік, төбелесейік пе” деп мәлиіп отыратын болсақ, “ата-бабамыз баспасөзсіз де күн көрген” деп, “Құдайға тапсырып” жүре тұралық.

Міржақып.

“Еңбекші қазақ”, 17 мамыр, 1923 ж., №88.

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ

(*Өтініш хат*)

Қазақстан Республикасы Халық Ағарту Комиссариатының тапсыруы бойынша орта дәрежелі мектептерде оқытуға лайықтап қазақ-қырғыз тарихын жазып жүрмін. Сол себепті тарихқа керекті кейбір мағлұматтарды елдегі көрікұлақ қариялардан, білімді азаматтардан сұрауға тура келіп отыр. Маған керегі — қазақтың, қырғыздың анық шежіресі.

Ел-елдің (*әр үйездің, әр рудың*) адамдары өз аталарын жазып бермесе, бүкіл қазақ-қырғыздың шежіресін қанша жүйрік дегенмен, бір кісі анық біле алмайды. Қатесі бола береді. Мәселен, Шәкәрім шежіресінде қазақтың рулары туралы бірсыпыра қателер бар көрінеді. Мұны кез келген әр елдің, әр жүздің адамдары айтып жүр.

Міне, мен өзім Торғай үйезіне қараған Арғын боламын. Шәкәрім ақсақал шежіресінде Торғай үйезіндегі тоқал Арғын туралы: “Кіші жүз ішінде тоқал Арғын (*Саржетім-Шақшак*) бар... Кіші жүздегі Шекті деген ру Шақшак бола ма деп ойлаймын”, — дейді.

Шекті — Кіші жүздің іргелі бір табы, 30 болыстан артық

ел. Мекені Ырғыз, Қазалы үйезінде. Шәкәрім ақсақал бұл Кіші жүздің Шектісін Арғынның Шақшағына жорып отырған себебі – аты ұйқас болғандығынан. Торғайдағы тоқал Арғын өз арасында Жоғары Шекті, төменгі Шекті аталады. Бірақ Шек бұлардың атасы емес, таңбасы. Ел арасы шалғай болғандықтан, мұны Шәкәрім ақсақал жаңылыс естіген болса керек. Шекті сияқты ұйқас – аттас рулар толып жатыр. Мәселен, Арғынның Төртуыл деген руы бар (*Атбасар үйезінде*), Найманның Төртуыл деген руы бар (*Зайсан үйезінде*), Кіші жүздің Қаракесек деген руы бар (*Ырғыз үйезінде*), Орта жүздің Қаракесегі бар (*Қарқаралы үйезінде*), Қыпшақта Мадияр бар (*Кереку үйезінде*), Арғынның Мадияры бар (*Торғай үйезінде*). Осындай аттас руларды шежірелерде жаңылыстыра беруге мүмкін. Сондықтан, ең дұрысы, әр үйездің, әр рудың адамдары өз табының шежіресін жазып берсе, соның бәрі бір қолға жиылып, салыстырылса, сонда ғана қазақ-қырғыздың бергі шежіресін анықтауға болады. Сол себепті өтінемін:

1) Сіздің үйезде қазақтың иә қырғыздың қандай руы бар? Соларды таратып жазыңыз.

2) Араларыңызда қандай кірме елдер бар? Аз-көбіне қарамай, олардың да санын көрсетіңіз.

3) Сіздің үйезде (*қай болыста*) төре бар ма? Олар қанша, қай төренің, қай ханның тұқымдары? Қалайша пайда болған?

4) Сіздің үйезде қазақ, қырғыз неше болыс? Ата-ата ретімен осы күні қай болысқа қарайтынын, жерін, суын, мекенін айтыңыз. Араларыңыздағы кірмелер қай рудың, қай болыстың ішінде екенін көрсетіңіз.

5) Сіздің елдер осы күнгі мекендерінде қай заманнан бері отыр? Олар бұрын қайдан келген? Не себептен бұл араға келген? Сіздің елден бұрын бұл жерді кім мекен қылған, бұл күнде олар қайда кеткен? Араларыңыздағы кірмелер қашан келген, қайдан келген, қалайша келген?

6) Сіздің үйезде бұрынғы замандарда қандай атакты би-лер, шешендер, ақындар, батырлар, төрелер болған? Атақтары немен шыққан? Олардан қалған үлгілі сөздер бар ма? Бұрынғы соғыстар, жұттар себепті елдің қонысы ауғанда айтылған жырлар, өлеңдер бар ма?

7) Қытайға қарайтын қазақтардың шежіресін жазыңыз. Ол елге газет бармайды. Сондықтан олар туралы шектес

Зайсан, Шұбарағаш үйездерінің адамдары мағлұмат бергені дұрыс болар еді. Қазақстанға кірмей, Сібірде (*Алтай, Омбы губернияларында*) бөлініп қалған қазақтар жайынан, иә өздері, иә жапсарлас елдердің азаматтары білдірсе екен.

8) Бұхар, Хиуа қол астына қарайтын қазақ-қырғыз жайынан Түркістан азаматтары мағлұмат береді деп сенемін.

9) Мүмкін болса, әр үйездің жер-су планы сызылып, болса — болысқа бөлініп, мекен еткен рулары көрсетілсе, бір үйезде қазақ-қырғыздардан басқа көршілес бөтен затты елдер, мәселен, мұжық, қазақ-орыс, неміс, тәжік, тараншы, дүнген, қарақалпақ, өзбек секілділердің қанша екендігі көрсетілсе жарар еді. Мұндай мағлұматтарды статистика һәм жер мекемелерінен алып, үйез-үйездегі оқыған азаматтар беруге қолдарынан келер еді.

10) Әркім өз елдерінің шежіресін жазғанда, әр жағын Ұлы жүзге, Орта жүзге, Кіші жүзге апарып тірегені дұрыс болар еді. Бірақ, бұлай ету шарт емес. Әркім білгенін “аз” деп қомсынбай, “қате болар” деп қорынбай жіберуі шарт.

Қалада тұратын оқыған азаматтарға тапсыратын бір сөз.

Қырға газет-журнал дұрыс тарамайды. Сондықтан газеттің осы хат басылған нөмірлерін жоғарыдағы сұрауларға жауап берер-ақ деген елдегі адамдарға жіберсеңіздер екен.

Бұл мағлұматтар бір кісіге әншейін таңсық үшін ғана сұралмай, көпке керекті жұмыс екенін білетін, қазақ-қырғыз тарихы қолдан келгенше қатесіз толық болуы бәрімізге бірдей борыш деп санайтын тілектес азаматтар, ақсақалдар бұған салақтық қылмас деп сенемін.

Бұл хатты қазақ-қырғыз тілінде шығып тұрған өзге газеттер, журналдар көшіріп басуын өтінемін. Бұл хат басылған газет-журнал қолымызға кеш тиді, енді жіберсек үлгермейді деп ойламай, әркім жоғарыда сұраған мағлұматтар туралы ең кешіккенде күзге дейін жетісерлік қылып жіберсе де болады. Бірақ ең дұрысы — тез жіберген.

Адресі: Оренбург, Неплюевская, 42. М. Дулатову.

Міржақып Дулатов.
“Тілші”, 7 июнь, 1923 ж.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ 1924 ЖЫЛЫ ОРЫНБОРДА ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ТҮҢҒЫШ СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қазақ жұрты өнерлі, мәдениетті болуына біз қарсы емеспіз. Жаңалыққа да, өзгеріске де қарсы емеспіз. Бірақ өзгерістің де өзгерісі бар. Күндердің күнінде латын әрпін қолданатын болармыз. Латын түгіл, жұрт біткеннің бәрі шапшаң жазуға (*стенография*) түсуіне де сенеміз. Бірақ айтатынымыз — латынды шабылып, шығынданып ала қоятындай, пайдасы көрініп тұрған жоқ. Қайта зияны бар дейміз.

Қазақтікінен латын әрпінің артықшылығын көрсету үшін, латыншылдар қит етсе аэроплан, автомобильмен қазақтың екі аяқты арбасын салыстырады. Автомобиль екі аяқты арбадан артық екенін кім білмейді, сонымен біз қай аулымызға автомобиль орнатып отырмыз?

Латынды оңай, қазақ (араб) әрпін қиын қылып көрсету үшін латыншылдар қисынсыз мысалдар алады. Мәселен, Әбдірахман өткен жолғы баяндамасында өзінің қазақша жазуды 10 жыл оқып үйренгенін айтып өтті. Бұрынғы кезде солай болғаны рас та шығар. Бірақ оған қазіргі әліпби жазықты емес, сол кездегі ескі оқудың әдісі кінәлі ғой. Қазір орысшаны да, қазақшаны да 8—9-дағы балалар 2—3 айда жазып, оқып кетеді. Үйренуге орысша да, латынша да бірдей. Бұлай болса, “10 жыл” деген сөз қазіргі әліпбиімізге жала ғой.

Әбдірахман араб профессоры Жузе дегеннің сөзін дәлелге келтіреді. “Арабшаны 10 жыл оқыған адам дұрыс оқи алмайды” депті Жузе” — дейді. Әбдірахман 10 жыл оқып қазақ жазуын әрең үйренгені сықылды нәрсе (*Міржақып бұл арада арабтың ескі емлесімен жазылған Әзірбайжанда шығатын “Коммунист” газетінен сөздер келтіріп, ондай сөздерді дұрыс оқу қиын екенін көрсетті. Жузенің айтып отырғаны сол, — деді*).

Латынды қолдаушылар қазақ әріптері жазуға да қиын деседі. Бұл бекер (*Міржақып қазақ сөздерін латынша, қазақша жазып салыстырды*).

Латыншылдар физика, алгебра сықылды ілім кітаптарында ұшырайтын белгілер латынша жазылады, соның үшін де латынды алу керек дейді. Солай екені рас, бірақ орта және жоғары дәрежелі мектептерде оқушылар әлгідей

ұшырайтын латын белгілерін арнап оқымай-ақ, өзінен-өзі үйреніп кететін нәрсе, оның мысалын орыстың бұрынғы-соңғы орта дәрежелі мектептерінен көріп жүрміз.

Телжан баяндамасында, араб әріптерін өзгерткенде, 14-і ғана өзінің бұрынғы түрінде іске жарайды, өзгесінің бәрін (тең жартысын) арабшылар жанынан шығарып отыр. Латын әрпін алсақ, мұның 4-тен бірі ғана өзгертіледі, қалғаны бұрынғы күйінде іске асады дейді. Араб әріптерінің өзгеріп отырғаны рас. Бірақ қалай өзгертілген, әңгіме сонда болу керек қой. Араб әріптерінің 14-і ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болуы керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше бұл өзгертушілердің шеберлігі деп біліңдер. Бұлар өзгерткенде, әр әріптің бұрынғы тұлғасын жоймай, өзгерткенін сездірмей, хат танитын адам бөгелместен оқып кетерлік қылып өзгерткен. Сондықтан, мұны өзгертушілер жанынан қосты деуге болмайды, енді латынға келсек, оның төрттен бірін өзгерту керек екен.

Бұл арада біз санына таласып әуре болмай-ақ қоялық. Бірақ латын әріптері, мейлі өзгерсін, мейлі өзгермесін, біздің қазақша хат танитындарымызға шетінен жат емес пе? Телжан Қазақстанда жаңа жобаның әріптері жоқ дейді. Біздің баспаханаларымызда латын әрпі бар ма екен? Бұл әншейін айта салған сөз.

Латыншылардың (Әбдірахман мен Телжанның баяндамасында) мықты дәлелдерінің бірі — араб әрпі қымбатқа түседі, онымен басқан кітап, газеттеріміз қымбат болады дейді. Мысалға Қызылордада шығып тұрған “Еңбекші қазақ” пен орыс газетінің бағасын, әрпін салыстырады да, “Еңбекші қазақты” қымбатқа шығарады. Баспаханаларда араб әрпінің ұялары көп болады, араб әрпінің бір-біреуі 3—4 түрлі болады дейді. Әріп тізушілердің еңбегі, уақыты артық жұмсалады дейді. Қысқасы, латын әрпін алуға жұмсалатын қаражат қазақ әріптерін өзгерткеннен 10 есе арзанға түседі дейді.

Арзан, қымбат жағына келсек, араб әрпін өзгертіп алу-дың шығыны жоқтың қасы екені, латынды алу үшін есепсіз көп қазына керектігі анық нәрсе.

Әбдірахман мен Телжан араб әріптерін қымбатқа түсіргенде, оның 3—4 түрін алып қымбаттатып отыр. Кітап, газет қымбаттығы да содан, әріп тізушілердің жұмысы ауырлауы да содан болып отыр. Қазіргі Татарстанда

алынып отырған, Бурнаш жобасымен жасалып, іске асырылып отырған, оқушыға түк жаттығы болмай отырған әріптің дара түрін біздің латыншылар ауызға алмай отыр. Өзгертілген араб әрпінің дара түрі мен латын әрпін және оның орнына орыс әрпін салыстырып қарасаңыз, қымбатшылық жағынан, екеуінің де қалыбы даярланған соң, қорғасыннан құйылып шығуы бірдей, орыс әрпінен қазақ әрпі бұрын қымбат болса, оның себебі — қазақ әрпінің қалыбы көптіктен, бір әрпінің қалыбы 3–4 түрлі болғандықтан еді. Енді олай болмайды. Араб әрпі дараланса да жоламаймыз десендер, ол бір басқа, бірақ оны керексіз дерлік дәлелді біз көргеніміз жоқ.

Сөзді қорыта келгенде, қаражат жағынан латын мен араб әрпінің бізге қайсысы қолдануға лайықты, соны айталық.

Араб әрпін соңғы өзгертілген жоба бойынша (дара түрін) алуымыздан келер шығын жоқ, өзгертілген әріптің, жоғарыда айтқанымыздай, оқушыға жаттығы жоқ, мынау мынадай әріп деп ешкімге үйретіп жатпаймыз. Ал енді латын әрпін қолдануға келсек, бұған шығатын ақша есепсіз көп болмақ керек. Латын әрпін өзгертеді екеміз, корректорларды латынша үйретеді екеміз, латын әрпімен оқытатын мұғалімдер даярлайды екеміз, ел-елде мектеп ашады екеміз, қызметкерлерді үйретеді екеміз, тағы да толып жатқан шығындары болады екен. Осының бәрін есептесек, бұған миллиондаған ақша кетуінде сөз жоқ. Қазір латыншаның бұрынғы әрпімізден іс жүзінде артықтығы жоқтығын көре тұра, қаншалық қаражатты, толып жатқан кемшіліктерімізді түзетудің орнына аса ділгерлігі жоқ латынды кіргізу үшін жұмсауымыздың түк қисыны жоқ.

**Гүлнар Міржақыпқызының
жеке архивінен алынды.**

СҮЙІНШІ ХАБАР

Бірақ, бұған кім сүйінеді, кім сүйінуге тиіс?

Бұл хабарға алдымен саналы азамат, саңылаулы ел адамдары ғана сүйінеді. Ұлт әскері — ұлт қорғаны екенін түсінетіндер ғана сүйінулі. Дұрысында, бұған неше ғасыр бойы ұлы орыстың отаршылығынан, қара жүзді өкіметтің зұлымдығынан, дүние жиһангерлерінің тепкісінен қорлық

көрген езілген ұлттар, езілген ұлт азаматтары түтел сүйінуге керек еді. Біз қазір бұл хабар шығысымен қазақ-қырғыздың бірі қалмай, қуанышы қойнына сыймастай болады деп айта алмаймыз. Өйткені қазақ-қырғыз еңбекшілері, бұрынғыға қарағанда, көп ашылғаны, ұлт сезімі — тап сезімі күшейгені рас болса да, әлі надандықтан құтылып жетпеуі себепті көпшілікке ондай сана тегіс кіріп жеткен жоқ. Сондықтан әскерлік мәселесін жүзеге асырмақ болғанда, күн ілгері соқырға таяқ ұстатқандай қылып жалпыға түсіндіру, әскер құру ережесін шеберлікпен қолдану қажет. Ұлт әскері құрылғанда, халық баласын заңға — құл болғандықтан ғана бермесін, ұлт әскерінің мәнісіне, пайдасына түсініп, шын ықыласымен беретін болсын. Закон бойынша бұрын патша өкіметінің әскеріне орыстың қара шаруасы баласын берген. Бірақ амалсыздан, қорыққанынан берген. Ол заманның солдаты, бастықтары біреуді “ат!” десе ататын болған, “жап!” десе жабатын болған. Бұл “қадағаны мықты болса, киіз қазық жерге кіреді” дегеннің дәл өзі еді. Ол кезде законның ызғарынан, тәртіптің қаталдығынан, надандықтың салдарынан айтқанға көніп, айдағанына жүре берген. Қазірде де өкімет бар, өкіметтің заңы бар. Бұл заңға бағынбай болмайды деп, ұлт әскерлігінің керегіне түсінбестен, жұрт баласын шарасыздан беретін болса, ол уақытта мұндай жолмен құрылған ұлт әскері ұлт қорғаны, еңбекшіл тап күзетшісі бола алмайды. Еңбекшіл таптың, езілген ұлттың мүддесін көздеп, әскер құруға ерік беріп отырған Кеңес өкіметінің заңын орындау міндет екені рас, сөзсіз орындау керек.

Бұрын патша өкіметі қазақ-қырғыз, өзбек секілді “бұратана” жұрттардан неге әскер алмады? Аяды ма? Иә, өзге бір себеп болды ма? Алдымен осыны білу керек. Қазір Кеңес өкіметі ұлт әскері құрылсын деп отыр. Мұның мәнісі не? Осыны айыру керек.

Патша өкіметі бұрын қазақтан, қазақ сияқты шеткі жұрттардан солдат алмауының саяси астары бар еді. Бағынған, шарасыздан бағынған. Орысшылдық, обырлық саясатымызға риза емес деп, егер бұл жұрттар әскерлік өнеріне үйренсе, қолына қару-жарақ алса, жауынгер болып кетіп, өткен еркіншілігін көксеп, бізге бас изеп, құлдық ұрмайтын болады. Халі кеше сыбайлас Россияға жау жұрттармен күш біріктіріп, шеңгелімізден шығып кетеді, арбауымызға көнбейді, айдауымызға жүрмейді деп, патша өкіметі әдейі солдат алмайтын болған.

1918 жыл февраль төңкерісінде, патша өкіметі құлағаннан кейін, өкімет істері қолға алынып тексерілген. Сонда әскерлік министрі істері арасында патша өкіметінің әскерлік мәселесі туралы құпия қарары шығып, сол кезде жарияланған.

Патша өкіметінің әскерлік туралы құпия қарары мынау:

“...Қазақ халқы Россияға 1730 жылдан бермен қарай бағына бастады; бұл бағынулары жүз жылға созылды: Алғашқы кезде орыс елшілерін өлтіре жаздады. Тұтқын қылып ұстап тұрды. Онан кейін неше жылдай қазақтың сұлтандары, қара халқы Россияға неше рет сырт көрсетіп, дұшпандығын білдіріп, орыс жеріне шабуыл жасап, барымта алып, мазаны кетірді. 1847 жылы ғана үлкен Кенесары Қасым ұлы XIX ғасырдың 40-жылдарында қазақ халқын бөліп, өз алдына жұрт қылу үшін әскер жинап қарсылық қылып, қазақ даласын толқындырды. Бірақ қазақ халқы қолынан келмегендіктен ғана Россияға бағынып қалды. Қазақ халқының Россияға тыныш бағынғаны — XIX ғасырдың 2-жартысында һәм 90-жылдары Самарқан, Қоқан, Бұхара, Хиуа хандары алынғаннан кейін, бағынбаймын деген қазақтың орыс өкіметінен шығып кететін жері жоқ болды. Сондықтан амалсыз бағынды...”

Сондықтан қазақ солдат боп әскер арасына кірсе, біздің дұшпандарымыз көбейеді. Қазақ жігіттері 3—4 жыл әскерлік қызметте болғанымен, Россияға таза ниетімен бола қоймайды. Тек қару-жарақ ұстап үйренеді. Сол үшін қазақ сияқты бұратаналармен әскерімізді былғамағанымыз артық. Қазақты әскерлік қызметіне алсақ, саясат жағынан өте сенімсіздеу болады. Сондықтан Орта Азиядағы жұрттардың шын отан ұлы болатындығына күмәндіміз, көзіміз жетпей тұрып, оларды әскер қызметіне алуымыздың жөні жоқ. Қазақ бүкіл Россиядағы жұрттарға қарағанда көп болмаса да, Орта Азиядағы Хиуа, Бұхара мемлекеттерімен һәм Қытай мұсылмандарымен көрші болғандықтан да, үйрету, сенуге болмайды.

Сөздің қыскасы, Орта Азиядағы мұсылмандар осы күнгі күйде тұрғанда, көшпелі бұратана мұсылмандардан жыл сайын аздап болса да әскер алып, қару-жарақ ұстауға үйрету саяси жағынан лайық емес.

Ал, Түркістан уалайатындағы қазақтарға келсек, жергілікті әкімдер оларды тәуір атайды. Соғыс қызметіне де

жарамды болар дейді. Әсіресе түрікмендерді мақтайды. Сөйтсе де, Түркістан әкімдері, Орта Азияда панисламизм пікірі жайылғандықтан және де Түркістан халқының саяси жағдайы айрықша болғандықтан, қазақ һәм өзбек мұсылмандардан әскер алу мәселесіне өте сақтық қылу керек дейді.

Жоғарыдағы дәлелдердің бәрін еске алып һәм Уставты жаңадан қарағандағы басқа мекемелердің пікіріне муафик, соғыс министрлігі сақтық жүзінен һәм мемлекеттің пайдасы үшін ынғайлы уақыт келгенше Орал, Торғай, Ақмола, Семей һәм Түркістан уалаятындағы бес облыстың қазағын әскерлік қызметіне алуды кешіктіре тұруға қаулы қабылдады.

Міне, патша өкіметінің бұрын казактардан әскер алмай келуінің себебі осы тарихи документтен анық көрінсе керек. Еуропа соғысы кезінде неміс әскері патша өкіметін жан алқымға алып састырғанда, қазақ-қырғыздан солдат алмай, оларға қару-жарак беруден қорқып, қара жұмысқа малша айдау себебі, осыдан көрініп тұр. Айдағаныма жүрмедің деп патша өкіметі 1916 жылы не қылғаны — асқаны, атқаны, қан жылатқаны, бостырғаны өзгенің есінен кетсе де, қазақ-қырғыз әлі ұмытпаған болар.

Енді Кеңес өкіметі Түркістанда ұлт әскерін құруға неге рұқсат беріп отыр?

Кеңес өкіметінің мақсаты — езілген ұлттарды теңгеру, өз тізгінін өзіне беріп, өзін-өзі қорғауға жол ашу. Сондықтан ұлт әскерін құруға ерік беріп отыр.

Шынында бостандық, теңдік, жұртшылық деген не нәрсе?

Қағаз жүзінде ғана теңдік дегенмен, өкіметіміз бар: өз еркіміз өзімізде дегенмен шын бостандық, шын теңдік, жұртшылық табыла ма? — Жоқ, онымен болмайды. Сол бостандығынды, теңдігіңді, жұртшылығыңды өзің қорғай алатын, өзің сақтай алатын болсаң, тағы біреуге құл болмау үшін қорғаның — ұлт әскерің болса, сонда ғана теңелдім, жетілдім деуге болады.

Қазақ-қырғыз өзін-өзі қорғайтын әскері жоқ кезде қандай кемшілік көргені, ақ келсе аққа бас ұрғанын, кек келсе кекке табынғанын, өткен-кеткеннің атының аяғы астында жаншылғанын еске түсіру керек, ұмытпау керек.

Енді мынадай күшеюімізге ерік беріліп тұрғанда, жұртшылықты ойлап, еңбекшіл қазақ-қырғыздың еңсесін көтеретін, елдігін сақтайтын, теңдігін қорғайтын ұлт әскерін құруға кірісуіміз керек.

Ұлт әскері — кеңес қорғаны екенін есімізден шығармай, ендігі ұранымыздың бірі осы болу керек.

Мадияр.

“Ақ жол”, 4 январь, 1924 ж., N388.

ҒЫЛЫМ ТӨҢКЕРІСІ

Салт-сананың төңкеріс жолымен өзгере алатынын Кеңес үкіметінің 7 жылдық тәжірибесі айқын көрсетіп отыр. Октябрь төңкерісі жалпы төңкеріс болған соң, оның салдары тимеген тұрмыстың тарауы қалған жоқ. Октябрь төңкерісінің салдары салт-сананың тетігі — оқу ісіне де тиді, — жалпы төңкерістің салдарымен ғылым төңкерісі де болды.

Ғылым төңкерісі деген — ғылымның бір негізгі заңының ашылуы сықылды өзгерістер. Мәселен, электр ағынынан болатын жылудың мөлшері тақырыпты “Джоуль мен Ленц заңы”, кен жүйесі тақырыпты “Менделеев заңы” сықылды заңдардың ашылуын ғылым жөнінде болған төңкеріс деуге болады. Жалпы төңкерістің салдарымен ғылым төңкерісі де болды деген сөзді: жалпы төңкеріс болған соң, ғылымның бұрын ешкім білмейтін негізгі заңдары ашылды деп түсінуге де болады. Бұл сөзді солай түсініп, “төңкерістің арқасында ашылған ғылымның қандай негізгі заңдары бар?” деушілердің болуы мүмкін. Біздің оларға айтатынымыз: жаңа айтылған — салт-сананың төңкеріс жолымен өзгере алатыны — ғылымның негізгі заңы, бұрын бұл заңға шөк келтірушілер болғанмен, салт-сананың төңкеріске түсе алатынын көзбе-көз көрген соң, оған енді шөк келтіруге болмайды. Бұл заңның растығын сипаттап отырған Октябрь төңкерісі. Бірақ біздің “ғылым төңкерісі” деп отырғанымыз: ғылымның ондай жаңа заңдарының ашылуы емес, ғылым жолында, оқу, оқыту істері тақырыпты Кеңес үкіметінің қолданып отырған жаңа саясаттары.

“Салт-сананың тетігі — оқу, ғылым” деп едік. Ғылымның салт-санаға әсері болмай қалмайды, бірақ бұрын ғылым салт-санаға тетік бола аларлық әсер берген емес. Салт-сананың нағыз тетігі — ғылым емес, кәсіп жасау. Елдің қолданған кәсібі, кәсібінің түрі өзгермей, құрғақ ғылым салт-сананың өзгеруіне артық себеп бола алмайды. Капиталшының қолданған кәсібі — жалшылардың еңбегін

олжа қылу, сондықтан капиталшы сол көсібінен қол үзбей, қандай ғалым болса да, кісі ақысын жеуді теріс деп түсіне алмайды.

Өмір бойы бір зауытта іс істеп жолдас болған, бірімен-бірінің мұны бір, жоғы бір, тетігі бір, тілегі бір жалшылар, қанша надан болғанмен де, біріне-бірі мейірімді келеді, малжандылық, озбырлық мінездері болмайды. Салт-санаға ғылымның әсерінен де кәсіптің әсері күшті. Сондықтан салт-сананы тәрбиелеу үшін құрғақ ғылымның пайдасы аз болған соң, Кеңес үкіметі ғылымды құрғақ күйінен өзгертіп, кәсіппен, іспен үйлестіріп отыр.

Кеңес үкіметінің бірінші басқыш мектептерінің бәрі де баулу мектебі аталады. Баулудың мәнісі: балаларға ғылымды, құрғақ күйінде үйретпей, сол ғылымын пайдалана алатын қылып, іс істетіп үйрету. Октябрьден бұрын, ғылым басқа, іс басқа болатын. Ғылым үйренген кісі өз қолымен іс істемей, істен, қара жұмыстан жиренетін болып тәрбиеленетін, сондықтан ескі мектептерде оқығандардың түсінуінше, өздері — төре, қара жұмыс істейтіндер — құл, мал есебінде болатын; сондықтан ескі мектепте оқығандар жалшы бұқараға шын ынтасымен тілектес бола алмайтын; сондықтан бұрын қара шаруаның балалары да ескі мектептен оқып шыққан соң, әке-шешесінен айырылып, басқа таптың (оқығандар табының) адамы болып, қара шаруаға бөтен кісі болып кететін.

Бұл күнде Кеңес үкіметінің баулу мектебінде оқыған балалар қара жұмыстан жиренбейтін болып тәрбиеленеді, бірігіп, одақтасып іс істейтін болып үйренеді. Салт-санасы жасынан-ақ жалшылардікіндей болып тәрбиеленеді. Ескі мектепте оқыған шаруаның баласы, әкесі мектепке жыртық күпісімен келгенде, оны басқа жолдастарына көрсетуге ұялатын еді, әкесінің қара шаруа екенін жолдастарына білдіргісі келмейтін еді. Баулу мектебінде оқыған кедейдің баласы кедей екеніне арланбайды, жасынан өзі іс істеп, кедейді, қара жұмыс істейтін жалшыларды сыйлап үйренеді. Кеңес үкіметінің екінші басқыш мектептері де, жоғары мектептері де солай; ешқайсысында ғылым мен іс бірінен-бірі айырылмайды. Сондықтан кеңес мектебінен оқып шыққан жастар қара жұмыстан жиренбейтін болып, қара жұмыс істейтін шаруаларға, жалшыларға шын көңілімен жаны ашитын болып, салт-санасы коммуна дәуіріне дәл келіп шығады.

Октябрь төңкерісінің арқасында болған ғылым төңкерісінің бір түрі осы: мектептеріміздің, бұрынғыдай құрғақ ғылым үйретудің орнына, үйренген ғылымымен пайдаланып іс істеп үйрететін баулу мектептері болғаны.

Ай мен күндей, әммеге бірдей атанған, әммеге бірдей болуға тиіс ғылым: Октябрьден бұрын әммеге бірдей емес еді. Әммеге бірдей жер мен суды өзінікі қылып алып, еңбекші бұқараға жалдап, майын ғана беретін байлар ғылымды да өзінікі қылып алып еді; жалшыларға, еңбекші бұқараға, әсіресе, қазақ сықылды бұратана ұлттарға капиталшылар ғылымның майын да бермейтін еді. Жалпы төңкерістен бұрын ғылым үйренемін деген қазақ баласы тоқсан тоғыз тосудан өтіп барып үйренетін; кедейдің ол тосудан өтуге әлі келмей, жолда қалатын. Үкімет қазақ баласын оқытқанда, тек өзінің сойылын соғатын қылып шығару үшін ғана, қазақты орыс дініне айналдыру ниетімен ғана оқытатын. Оқу орыс тілінде ғана болатын. Қазақ тілінде оқу түгіл, оқитын кітап, газет, журналдардың болуына да қарсы айлалар құратын. Қазақ тілінде жазылатын кітап болса, оның орыс әрпімен жазылуын қарастыратын еді. Өз бетімен оқығандар болса, олар да қазақ тілінде оқи алмайтын, татарша, сартша иә арабша ғана оқитын. Жалпы төңкеріс ғылымды да жалпыландырып, ғылым үйренуге қарсы құрылған бөгеулердің бәрін де жойды. Кеңес үкіметі, ең алдымен, бұрын ғылымға қолы жетпей жүрген жалшылардың, бұқараның, қазақ сықылды бұратаналардың балаларын оқытуға кірісті. Езілген тап, езілген ұлт басқалармен заң алдында тең болса да, тұрмыста тең болуы қиын болмақшы, шынымен теңелу үшін оның өнері, білімі де тең болуы керек. Сондықтан, Кеңес үкіметі, ең алдымен, езілген ұлттың өнерін, білімін арттыруға кірісті. Оқу жат тілде болса, жұғымды болмайды, әсіресе, жас балаларға түсінікті болмайды. Сондықтан Кеңес үкіметі оқудың ана тілінде болуын шарт қылып, қазақ сықылды өз тілінде жазулы кітаптары жоқ ұлттардың әдебиетін күшейтуге кірісті, әр ұлттың өз тілінде ғылым кітаптарын шығаруы, кестелі әдебиетін күшейту қамына кірісті. Сонымен Октябрьдің арқасында қазақтың да оқуға қолы жетті. Орынбор, Семей, Ташкент сықылды ірі қалаларда бұл күнде оқып жатқан қазақ балаларының саны бұрынғыдан 100 есе

артық деуге болады. Мұның саны қандай берекелі болса, сапасы да сондай болуға тиіс. Бұрын оқыған жастарымыз бұқараға бөтен кісі болып шығатын еді. Енді кеңес мектебінде оқығандар бұқараның өз кісісі болып шығады. Қазақ балалары көбіне өз тілінде — қазақ тілінде оқып жүр. Қазақ тілінде жаңадан ғылым кітаптары басылып шығып жатыр, кестелі әдебиеттер күшейіп жатыр.

Оқу, ғылым жағынан Октябрьдің қазаққа тартқан сыйы осындай. Мұны көзі бар кісі көреді, жүрегі бар сезеді, сүйінеді. Езілген ұлтына жаны ашып, “дертіне ем таба алмай”, “жүрегі өртенген”, қазақтың қам көңілді қайғылы халықшыл ақыны оқуға жиылған қазақ балаларына мына өлеңді Октябрьдің осы сыйларына шын көңілімен ырза болып, сүйінген соң айтқан:

“Шар тараптан жиналсын,
Жаңа талап жас ұлан.
Ғылым туын қолға алсын,
Құттықтаймын, бас ұрам.
Көңіл қойшы, көз нұрысын
Қазақ-қырғыз халқының,
Жарық жұлдыз, ай-күнісің,
Сәуленді шаш, жарқыным...”

Жалпы төңкерістің салдарымен болған ғылым төңкерісінің толқыны езілген халықтың дертіне ем болатынын халық сезуге тиіс, — халық ақыны халық сезімін жырлайды; ғылым төңкерісіне ақынның сүйінгені — халықтың сүйінгені!

Тайбағар.
“Енбекші қазақ”, 7 ноябрь, 1924 ж., N258.

Жаңа кітап

АЖАЛДАН ҚҰТҚАРҒАН ҚЫЗЫЛ ТІЛ

(1916 жыл әңгімелерінен)

Қазақ ішіндегі 1916 жыл қозғалысы патша үкіметіне қарсы тап қозғалысы емес, ұлт қозғалысы патша үкіметіне белгілі. Ол кезде көтеріліске басшылық етіп, әр елден шыққандардың бәрі де ру басы, пәленшенің тұқымы аталған белгілі адамдар болуы да, бұларға ерушілер бай-

кедейге айырылмай, қозғалысқа жалпағынан қатысуы да — бұғын ділел.

Мұның үстіне, діншілдік, ислам ұраны да қосылды. Үкімет әскерімен айқасқан сарбаздар салауат айтып шабысқан, сол кезде қыпшақ ханы Әбдіғапардың мөр басып жазған жарлығынан көргеніміз: мөрдегі жазуы “Әміріл Мүкминин” болатын. Мұндай хандар кей жерлерде болыс басы біреуден болған. 1916 жылы Ырғыз үйезіндегі Әлімнің Төртқара дейтін руы да қарсылық қылып, Бақсайыс болысынан Жұмағазы деген кісі хан сайлаған. Үкіметке қарсы көтерілгендер қазақтың орысша оқығандарына да қарсы болған. Сонда хан сарбаздары Бақсайыстың әрі оқығаны, әрі болыс Пірғалиді өлтірген. Бұдан кейін қолға түскен оқығандары Ырғызға қашып кеткен. 1916 жылы сол елді түбі Орал облысының азаматы Бабашұлы Досқайыр деген жігіт орысша бала оқытып тұрған. Міне, сол Жұмағазы ханның қолына түскен сарбаздар оны өлтірмек болған. Сонда Досқайыр Жұмағазы ханға мынадай хат жазды:

Ассалаумағалайкүм!
Алдияр сұлтан, бегіміз!
Кәпірге қарсы аттанып,
Халықтың қамын жедіңіз.
Сіз аттанар мезгілде,
Әуелі қорқып орыстан,
Жүрексіндік көбіміз.
“Жалғыз да болсам жасқанбай,
Мұсаханды қорғауға
Тәуекел еттім”, — дедіңіз.
Аллалап атқа мінген соң,
Бәріміз түгел тебірендік,
Көрдегі аруак, өліміз.
Жарлығыңды екі етпей
Буулы тұр беліміз,
Киюлі тұр жеңіміз.
Сізден бұйрық болған соң,
Үйда қалып бас қорғап,
Бітіреліп нені біз.
Тілегінді халық тілейді,
Бақытқа шыққан еріміз.
Тізгінінді Алла оңғарсын,
Алашың үшін арыстаным,
Қайрат етіп көріңіз!

* * *

Тақсыр, сізге айтайын,
Тындасаң, сөзім шамалап.
Аспанменен тіресіп,
Заулап тұрар бәйтерек.
Орманды көрсең аралап,
Жүгірген аң, ұшқан құс,
Баласын тастап бас қорғар,
Бәйтерекке келіп паналап.
Мысал етіп қарасам,
Сіз бәйтерек, мен торғай,
Қорғалап тұрған саялап.
Тақсыр хан, мені көрлеме
Көп ішінде жалғыз сеп,
Ойыма түсер әрнеме.
Жазығым болса өзіме айт,
Көп ішінде зәрлеме,
Кінәмді қойшы мойныма
Дарыңа сонсоң аса бер,
“Жазығың сенің бар” деде.

* * *

Жазықсыз болсам нетесің,
Дұшпанның шаққан тілімен.
Қаттылық бекер етесің,
Өлмейтұғын пенде жоқ.
Ақбез ерді жылатсаң,
Обалын жүктеп кетесің.
Ақыретті ойласаң,
Ұзындығы үш мың жыл
Сираттан бір күн өтерсің

* * *

Абайласаң, тақсыр хан,
Қандай болар заманың?
Жаттығы жоқ білгенге
Алашқа сіздей ағаның.
Талап еттік ақ іске,
Қайырлы болсын қадамың.
Жатсақ, тұрсақ тілейміз
Мұсылманның амамын.
Көңілде не бар, білмеймін,
Туысқан жаман-жақыннан
Артық көрер өз басым,
Алаштың сіздей адамын.

Қасыңа кеше барғанда,
Мазамды алды түрткімен
Қисық найза жаманың.
Қосыңнан қайтып барғалы
Тайғанақ болды табаным.
Өмір етсең тақсыр хан,
Бұйырған жерге барамын!
Тәуекел деп әр істі,
Төңірден күткен боламын.
Қарабұтақ барып тұрайын,
Орысына кетті демесең,
Нанын жеген қаланың
Амантайдан кет десең,
“Бар”, — деп өзің сілтеші
Бір түбегін даланың.
Не десең де, ханым ием,
Есіңе мұны саламын.
Арызымды жолдап поштамен
Тәртібінді күтіп қаламын.

* * *

Міне, осы хатты оқыған соң хан масаттанып, Досқайырды босатады. Сөйтіп, қызыл тілдің арқасында Досқайыр ажалдан құтылды. Досқайыр азамат осы кезде аман-есен, астанамыз Қызылордада жоғарғы соттың тергеушісі болып қызмет етіп жүр.

Мадияр.
“Ауыл тілі”, 4 август 1926 ж., N2.

НАРИМАНҰЛЫ НАРИМАН

Өткен март айының ортасында, арасына бір жеті салмастан Күншығыс жұрттары екі бірдей кемеңгер көсемінен айырылды.

Қараңғы қалың қытайды азаттыққа бастаған Сунь Ятсен ердің топырағы да құрғаған жоқ еді, телеграм:

“Марттың 19-ы күні кешкі 8 сағат 30 минутте Одақтас Республикалардың Орталық комитет ағасы Нариманұлы Нариман жүрегі жарылып, кенеттен опат болды” деген қайғылы хабарды естіртті.

Нариман марқұмның өлерінен бір-ақ ай бұрын оның

30 жылдық әдеби, саяси-әлеуметтік қызметіне Мәскеудегі Күншығыс жайын зерттеуші білімпаздар ұйымының бастауымен той істелген. Сол мерекені құттықтаушылардың бірі Төреқұлұлы Нәзір жолдас (*Одақтас Республикалардың Орталық баспасы атынан*):

“Бұл той бүкіл Күншығыс мұсылмандары үшін ортақ қуаныш, ортақ мейрам” деген еді.

Олай болса, Нариман жолдастың өлімі туралы қайғыға да бүкіл Күншығыс елдері ортақ екендігі шексіз.

Осындай ардақты, осындай үздік көсемдердің өмірімен, өмірінде атқарған қызметімен танысу көпке міндет. Сондықтан біз осындай қаралы күнде Нариман марқұмның өмірбаянымен оқушыларымызды таныстырып өтуді лайық көреміз.

Нариман жолдас 1870 жылы Тифлис қаласында туған. Кішкене күнінде ол анасының тәрбиесінде болған. Анасы оқымаған кедей, надан бір түріктің әйелі болса да, жас Нариманын оқуға беруден тартынбаған, оны 12 жасында Тифлис губерниясының Гори деген қаласындағы учительдікке даярлайтын шkolға (*семинарияға*) береді.

Нариман семинарияда оқып жүргенде-ақ орыс әдебиетіне құмарлана бастайды. Оның сүйіп оқитыны Гоголь, Достоевский, Толстой, Лермонтов болады.

Бұл жазушылар жас Нариманды оятады, оның көкейіне орыс мәдениетінің негізін салады. Кейін саяси, әлеумет қызметтеріне кіріскенде де, патша өкіметінің зорлық-зомбылығына қарсы күрес ашқанда да, әлгі атақты орыс жазушыларының Нариманға әсері күшті болады.

Нариманның алғаш саясат тартысына көзі ашылуына себепкер болған нәрсенің бірі – II Александр патшаны төңкерісшілердің өлтіруі. Қылышынан қан тамған, бетіне жан қарамаған, жұрттың бәрін бір өзі билеген, дүние жүзіндегі үлкен мемлекеттің бірі Ресей халқын бір шыбықпен айдап, құл орнында меңгерген патшаның атылуы Нариманның пікірінде төңкеріс жасайды. Содан кейін ол төңкеріс қозғалысына түсіне бастап, сонымен әуестенуге айналады.

Енді Нариманның ойына қараңғы халықты надандықтан құтқару, құлдықтан босату шараларын қарастыру түседі. Семинарияда оқып жүрген кезінде-ақ “Надандық” деген драмасының екі пердесін жазады.

Нариман семинарияны бітіргеннен кейін Тифлис губер-

ниясындағы “Қызыл ажан” деген ауыл мектебіне оқытушы болады. Семинарияда жүргенде бастаған “Надандық” пьесасын енді ол осы ауылда бітіреді. Бұл пьеса түрік елінің мәдениет жарысында артта қалғанын суреттейді. Нариманның жанына батқан нәрсе жалғыз түрік елінің надандығы ғана болып қалмайды, енді патша өкіметінің, патша шенеуніктерінің зұлымдығы, паракорлығы да оның жанын кейіте бастайды. Нариман оқытушы болып жүрген кезінде Гогольдің “Ревизорын” түрікшеге аударады. Кавказда 80-жылдар, 90-жылдардың бас кезінде саясат әуесі қандай екенін білген адамға “Ревизордың” түрік тілінде шығуының мәнісі қандай екендігі белгілі. Аударма әдебиет түгіл, өздерінше жазылған еш нәрсесі жоқ Кавказ сыртындағы елдер арасына “Ревизордың” тарауы үлкен әсер береді. Нариманның мұнысы тарихи бір қызмет болады. Ел көзіне Нариман бостандық, теңдік үшін еңбек сіңіруші ер болып көрінеді.

Нариман енді саяси, мәдени істермен шұғылданады. Ол Түркия, Үндістанның халықшыл газеттеріне сөз жаза бастайды.

90-жылдардың басында Нариман Баку қаласындағы гимназияның біріне бала оқытуға шақырылады. Мұнда тұрғанда ол Баку мұсылмандары үшін тұңғыш оқухана ашады. Ол кезде түрік тілінде кітаптар болмайтын. Нариман оқуханаға Түркиядан, Үндістаннан Күншығыс елдерінің тілінде жазылған кітаптар алдырады. Өмірінің осы дәуірінде Нариманның әлеумет, халық ағарту жолындағы қызметтері қайнай бастайды. Оның Бакуде ашқан оқуханасы бүкіл Кавказ сыртындағы елдер үшін бір мәдениет кеніндей болуға айналады. Халық ағарту жолында Нариман күн-түн демей қызмет етеді. Түрік тілінде оқу құралдары, драма, газетке мақалалар, әңгімелер жазумен болады.

Бұдан 25-30 жыл бұрын әзірбайжан түріктерінің емлесі ескіше еді, олардың жазуында дауысты әріп болмайтын, дыбыс әдісін қолданбайтын. Оқушы жас буынға, жалпы елге жеңілдік келтіру үшін Нариман тіл құралын жазып, 1899 жылы бастырып таратты. Сонымен әзірбайжан елінің тіліне бірінші жеңілдік келтіруші, олардың жазуын алдымен ретке салу жолына тұңғыш кіріскен Нариман еді.

Әдеби еңбектерінен сол кезде Нариманның жарыққа

шығарғаны: “Надандық”, “Тілдің пәлесі”, “Нәдірше” (*парсы патшаларының өмірінен алынып жазылған тарихи драма, бұл кітапты көпке шейін патша цензура басуға рұқсат етпей жүрген*), “Баһадүр мен Сұуна” (*роман*), “Ревизор”, тағы басқалар.

Осы шамада Нариман Әзірбайжанда ұлт театрын тудыруға еңбек сіңірді. Және де Бақшасарайда атақты Исмағұл Гаспринский шығарып тұрған “Төржіман” газетіне жазысып тұрды.

Әлеумет жұмысына белсеніп кіріскен Нариман 10 жыл өткеннен кейін білімін толықтыру үшін жасы 30-ға жетіп қалған кезде (1902 жылы) Одесса университетінің дәрігерлік факультетіне түседі.

Нариманның дәрігерлік ғылымын таңдауы да әлдеқалай емес еді. Надандық салдарынан бақсы-балгерден, қожа-молладан емденіп, үшкіру-түшкірулерге иланып, тазалық, денсаулық жайын білмейтін, неше түрлі қауіпті жұқпалы аурулар жайлап бара жатқан еліне осы жағынан қызмет ету ниетімен қалаған еді.

Нариман университетте оқып жүрген кезде, 1905 жылы төңкеріс басталады. Нариман студенттер көсемі болады, студент ереуілдерін басқарады. Төңкеріс салдарынан университетте оқу тоқталған кезде, ол Бакуге келеді. Ол мұнда “Иршат”, “Қайанат”¹ газеттерінде жазысады.

Нариман Бакуге осы жолы келгенде (1906 жылы), мұсылман оқытушыларының съезі болады. Нариман съезге екінші басқарушы болып сайланады, алдағы мәжілістің бірінде қаралғалы тұрған мәселе — әр ұлттың өз тізгіні өзінде болу жайында еді. Осы мәжілісті Нариман басқарады. Съезд Нариманның ұсынысы бойынша әлгі мәселені қабылдайды. Осыны есітіп, ертеңіне съезге атақты миллионшы З.Тағип келеді.

Нариман университетте өз күшімен оқуға шамасы келмей, Тағип стипендиясымен (*қаражатымен*) оқиды екен.

Съезге келген соң Тағип:

“Сендердің кешегі шығарған қарарларың съезге Нариман сықылды алысты болжай алмайтын адамның басшылық еткендігін көрсетеді. Сендер Нариманның кім екенін білесіңдер ме? Ол қалтасында бір тиыны жоқ қу кедейдің баласы, өзі менің ақшаммен оқып жүр. Сөйте тұра, мұнда

¹ Мақаладағы газет аттары анық оқылмады — (Ред.).

төңкерісшіл сөз сөйлеген, сендерді адастырып отыр. Кешегі қарарды өзгертулеріңді етінемін, өйткені ондай қарар өкімет кезінде біздің ұлтымызға нұқсан келтіреді” деп қалшылдайды.

Съезд тым-тырыс болады. Енді бұған Нариман не дер екен деп, жұрттың бәрі соған көзін тігеді.

Бір уақытта Нариман орнынан түрегеліп: “Мен, тағы бірсыпыра студенттер, Тағиптың ақшасымен оқып жүргеніміз рас. Бірақ оның бізден өз жолымыздан, өз пікірімізден қайтуымызды талап ететінін біз білмеуші едік. Олай болса, менің осы топтың алдында айтқаным, бұдан былай Тағиптың ақшасымен оқуды тоқтатам, сөз бостандығы лағынет алтынына сатылуын тілемеймін”, — деген. Осыдан кейін съезд өкілдері бір адамдай бәрі орындарынан тұрып: “Нариманның сөзі мақұл!” — десіп шу ете түскен. Зейналғабиден масқара болып, съезден шыға жөнелген.

Нариманның сөзі ісіне қайшы келмейтініне жұрттың сол жолы-ақ көзі жеткен. Бұдан соң Нариман ешкімге күнін салмай, өз еңбегімен университетті бітіреді. Сол кезде Нариман Персияда социал-демократ партиясын құрады. Нариман университетті бітіріп, 1908 жылы Бакуге қайтады, Тағиптер мұның келер қарсаңына жандармдарды қайрап қойған еді. Ол келісімен көп тұра алмай, абақтыға түседі, содан кейін сол 1908 жылы патша үкіметі оны Астраханьға 5 жылға жер аударады. Нариман Астраханьға келген соң әлеумет, баспасөз қызметтеріне араласады. Денсаулық, жұқпалы аурулар жайынан, әйел теңдігі туралы қара халыққа ұғымды тілде бірқатар кітапшалар жазып таратады. Түрікше “Буркан тараққин”, орысша “Астрахань уалаяты” — деген газеттерге жазысады. Астраханьда тұрғанда Нариман атакты Шаумянмен¹ танысып, істес болады. Бұл екеуі астыртын төңкеріс үгіттерін таратады. Астраханьда ашылған халық университетін ілгері бастыру жолында Нариман көп еңбек сіңіреді. Тұрғын халықтың сенімін Нариман аз уақыттың ішінде өзіне аударып алады. Губернатордың қарсылығына қарамай, оны қала думасына гласный (*мүше*) қылып сайлайды.

¹ Шаумян — Коммунист партиясының Орталық Комитет мүшесі, Кавказ төтенше комиссары болған, 1918 жылы күздің күні 26 Баку комиссарларының ішінде бірге болып, Кавказ эмерлерінің қолынан өлім тапқан. Шаумян 26 комиссардың арасындағы озығы еді (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

Нариман айдаудан Кавказға 1913 жылы қайтады.

Бұрынғы бұл жақтағы тоқталып қалған жұмыстарын тағы жүргізе бастайды. Оның осы шамаларда жазған кітаптары: “Той”, “Қасиетті ошақ”, “Аға” (*мұнда ол Тағипты суреттеген*). Кейін “Дарын” түрікшеге аударған, көз ауру, көкірек аурулары жайын жазған. Айдаудан қайтқаннан 1917 жылға дейін ол Бакудегі социал-демократ ұйымында астыртын қызмет етеді. Бұл ұйым 1917 жылы Нариманның басшылығымен коммунист партиясына қосылады.

1917 жылы Нариман Әзірбайжан республикасының халық ағарту комиссары, Кавказда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін төңкеріс комитет бастығы, одан кейін Комиссарлар кеңесінің ағасы болады. Сол кезде Кавказда Нариман коммунист жолы дамуына көп еңбек сіңіреді, төңкеріс жауларын жою істеріне күш салады. Сонда “26 Баку комиссарларының” басына туған күн бұған да туатын еді, тек әлдеқалай аман қалған.

Нариманның қызметі іріленуге айналуы 1919 жылдан басталады. Сол жылы Мәскеуге шақырылып, оны Сыртқы істер комиссариатының Күншығыс бөлімін басқарушылыққа, одан кейін ұлт істерін басқаратын комиссардың орынбасарлығына сайлайды.

1920 жылы Нариман Әзірбайжан Комиссарлар кеңесінің бастығы болады. Осы орында тұрған кезінде, 1922 жылы, ол белгілі Генуя конференциясына кеңестер өкіметі атынан жіберілген өкілдердің бірі болып барады.

Генуядан қайтқан соң, Нариман Кавказ сыртындағы республикалар Орталық Комитетінің ағасы болды. Өлер күніне шейін осы қызметтерде еді.

Октябрь төңкерісі басталғаннан кейін 1923 жылға шейін Нариман баспасөз қызметіне қатынаса алған жоқ. “Известия”, “Рабочий” газеттерінде анда-санда ғана кеңес құрылысы туралы мақалалар жазған болды. Бірақ 1923 жылдан бастап ол тағы да қаламын қолына алған еді. Содан бері оның жазғандары: “Ленин мен Күншығыс”, “Коммунизмге бастайтын жол”, “Ұлт мәселесі”. Бұлар кешікпей басылып шықпақшы. Бұлардан басқа газеттерде оның күнбе-күнгі мәселелер туралы бірқатар мақалалары басылған.

Мәскеудегі Күншығыс жайын зерттеуші білімпаздар ұйымы Нариманның “Той” деген кітабы мен парсы

патшаларының дәуірінен алынып жазылған “Нәдірше” драмасын орыс тіліне аударып, жазушының толық өмірбаянымен бірге бастырмақ. Тез арада бұлар да шықса керек. Міне, Нариман жолдас осындай сегіз қырлы, бар өнерін өз жұртының еңбекшілеріне жұмсаған, сөзімен де, ісімен де қызмет сіңірген ірі төңкерісші еді. Өмірінің соңғы жылдарында ол 30 жылдық қызметінің жемістерін көріп кетті. Мұндай адамдар армансыз, өзі өлсе де ісі өлмейді, салып кеткен жолы өлмейді.

Мадияр.

“Қызыл Қазақстан”, 1925 ж., N3, 5.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МҰҢЫ

(*Мыңбайұлы Жалау жолдасқа*)

Мен заманымда қандай едім? Мен акын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөддір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.

Енді қандаймын?

Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мүқалдым.

Мен не көрмедім?

Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Әліде үшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет (*Байтұрсынұлы. — Ред.*) деген кісіден ғана естідім.

Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса, бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім.

Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаны жәндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмаштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ не керегі бар, босқа қуанған екенмін...

Жанның бәрі теңдік алып жатқан Кеңес үкіметінің тұсында менің бұтымды бұт, санымды сан қылып, кім көрінген созғылай бастады. Өзгені не қылайын, отаршыл-

дық саясатын қолданбас-ау дейтін Білім кеңесі екеш Білім кеңесі де мені аямады. “Етістік”, “сәрсендеме” деген жалаларды әкеп жапты маған. Бұйырмасын, біздің арамызда мұндай атты соғылғандар туғалы болып көрген емес. Не амалың бар? Құдай басқа салған соң көніп отырмыз. Кітаптарында, газеттерінде маған көрсетпеген қорлығы тағы жоқ.

“Қазақыландыру” деген бір пәлесі шықты да, көрген күнім бұрынғыдан да қараң болды. Бірдемені бұтып-шатып жазады да, міне, сені қазақыландырдық дейді. Жақын арада Қазалы дейтін қалада “кәператив күні” деген бір күн болып, жұрттың бәрі желігіп көшеге шықты. Ұялғаным-ай, кірерге тесік таба алмадым. Қолдарындағы қызыл туына сондағы жазғаны мынау: “Арзан тауара де дебенге һәм ауылдарға арзан астыт жұмыскерлер кетубі жақсу. Назыққанда амал би лелдік жеккуле-к пл! Жоғарлатуна керек канун есамкддің арзандауыға тауарлерде өсемен жегере уктабр іңқлаб”.

Міне, жұртым, мені Қазалының “қазақыландырғандағысы” осы! Жасаған-ай, мұндай да қазақыландыру болады екен!

Енді қайтемін? Бұл мұңымды кімге айтамын, кімге шағамын!...

Менің ойлап-ойлап тапқаным — Жалау жолдас, сен болдың. Сен өкімет басындағы ақсақалымыз едің. Сен нағыз қазақтың бел баласы едің. Сен адырайған адай едің. Мұңымды мен жалғыз-ақ саған шағамын. Өзге комиссиялардың көбіне сенбеймін. Олардан да жақсылық көріп жүргенім жоқ. Газетке арнаған сөздерін сусылдатып орысша жазады да, шала-шарпы тілмаштарына аудартып, жанымды шығара жаздайды. “Тасты жапалаққа ұрса да жапалақ өледі, жапалақты тасқа ұрса да жапалақ өледі” дегендей, бәз-баяғы менің сорым.

Жалаужан, мен саған жалынам, “Ауыл тілін” шығарамын, газетім нағыз ауыл тілімен, таза қазақ тілімен жазылады дегенде, ішім елжіреп кетеді. Мұныға тілектеспін. Жортқанда жолың болсын, жолдасың Маркс, Ленин болсын, сенің не керегіңе мен дайынмын. Бірақ мені қорға, таза сақта, көрінген тілмәштарыңа тағы да қор қылма. Әсіресе, Қазалы сықылдылардың “қазақыландырғанынан” қорға. Азар коменес болып кетсең де, ата-бабаң қазақ еді ғой, мен солардың тілі едім ғой, не жазығым бар, ая мені!

Мадияр.

“Ауыл тілі”, 27 июль, 1926 ж. №1.

ЦИФР ЖАЗУЫ

Біздің осы күні қолданып жүрген цифрларымыз араб цифры аталады. Бұл цифрларды Еуропа арабтан үйренген, бірақ мұның асыл түбі араб емес, үнді, бұл цифраларды араб үнділерден алған, арабтан Еуропаға тараған. Күншығыс халықтарының бұл күнге шейін қолданып келген цифралы үнді цифры аталады. Үнді цифралары мынау: १, २, ३, ४, ५, ६, ७, ८, ९, १०. Әуелдегі үнді цифры осы. Қазіргі араб цифрлары (1, 2, 3) үнді цифрларынан тұрпаты басқа ғана болғаны болмаса, екеуінің жазылу реті бірдей: цифрдың дәрежесі оңнан солға қарай арта береді, оң жақ шеткі орындағы цифр бірлік санын көрсетеді, сол жақ жанындағы цифр ондық санын көрсетеді, оған жалғас сол жақтағы цифр жүздік санын көрсетеді, сөйтіп солға қарай ірілене береді. Мәселен: мың тоғыз жүз жырма бес былай жазылады: 1925, мұндағы бес (5) бірлік саны, екі (2) ондық саны, 9 жүздік, 1 мындық. Бұлай жазылған цифрды біз солдан оңғай қарай оқимыз: әуелі сол жақ шеткі 1 мындықты, сонан соң оған жалғас 9 жүздікті, сонан соң екі ондықты, ақырында 5 бірлікті оқимыз.

Цифрдың бұлай оқылуын сылтау қылып, бірқатар білімпаздарымыз сан жүзінің амалдарын орысша солдан оңға қарай жазуға ұйғарды: мәселен “24-ке 48 қоссақ 72 болады” деген сөз “ $24+48=72$ ” болып жазылсын дейді. Қазақ тілінде басылып шыққан кітаптардың көбінде-ақ мұндай амалдар осылай солдан оңға қарай жазылған. Оқытушыларымыздың да көбі балаларға амалды солай теріс жазғызып үйретті. Айтатын дәлелдері әлгі: жазылған цифралардың қазақшы оқытылуы солдан оңға қарай болғаны.

Шынында жазушыларымыздың да, оқытушыларымыздың да есеп амалдарын олай теріс қарай жазатыны — цифрдың теріс қарай оқылатынын ойлағаннан емес, өздерінің дағдышылығынан. Біздің бұл кездегі жазушыларымыздың да, оқытушыларымыздың да көбі — орысша оқығандар. Бұлардың бәрі де төрт амалды теріс жазып дағдыланған. Сондықтан бұлар кітап жазғанда да, бала оқытқанда да өзінің ескі дағдысынан шыға алмайды. Есеп амалдарын оңнан солға қарай да оқуға болатынын ойламайды да, білмейді де; есеп амалының олай жазылғанын көрсе (мәселен: “ $24+48=72$ ”

деп есеп жазылғанды көрсе), оны аяғын көкке көтеріп, төбесімен жүрген сықылды, ерсі көреді, шегі қатып күледі. Жазылған цифрдың қазақша солдан оңға қарай оқылуы дәлел емес, тек сылтау. Жазылған цифрда қазақша оқығанда солдан оңға қарай оқитынымыз рас, бірақ оны өту үшін әуелі сол жақ цифрды оң жақтан санағанда нөнінші орында екенін біліп алуымыз керек, мәселен, “1925”-ті сол жақ шеткі “1”-ден бастап оқитынымыз рас, бірақ оны “бір мың” деп оқу үшін, әуелі оның оң жағындағы үш цифрды көріп, оның үш бөлек екенін, “1”-дің өзі төртінші орында екенін біліп алуымыз керек. “1”-дің өзін ғана көрсетсек, оқушы оны “бір мың” демейді, “бір” деп оқиды. Жазылған цифрды оқуымыз теріс болғанымен тануымыз оңнан солға қарай. Есеп амалының жазылу ретіне цифрдың оқылуы дәлел болуға жараса, оны танып білуіміз онан да артық дәлел болуға керек. Цифрды тану үшін оңнан солға қарай тексереміз, бұл цифрмен жазылған сөздің де оңнан солға қарай жазылуын тілейді.

Біздің цифрларымыз әуелден үндіден шыққан. Үнді халқының жазуы да біздің жазуымыз сықылды оңнан солға қарай. Сондықтан үнді цифрды өз жазуының ыңғайынша, дәрежесі оңнан солға қарай артатын қылып шығарған. Цифрды Еуропа шығарса, оның дәрежелерін солдан оңға қарай артатын қылып шығарар еді, мәселен, “1925”-ті “5291” деп жазатын қылар еді. Еуропа цифрдың жазылу артық баға бермеген, цифр жүйесін өз жазуына икемдеп өзгертпей-ақ, даяр күйінде ала салған. Цифр жүйесі үнді мен арабтың жазуына, солардың тіліне лайықтап жасалған. Тұрмыста көбіне кездесетін сан 20-дан арта бермейді. Үндіше 20-ның ішіндегі сан (*орысша сықылды*) бірлігінен басталып айтылады, мәселен 12-“дибазде” делінеді. Бұл “екі мен он” деген мағынада. Арабша жүзге шейін де солай саналады, мәселен “саба’а уа тисғуна” дейді. Бұл “жеті мен тоқсан” деген сөз. Сондықтан үндіше де, арабша да 12, 14, 18 сықылды цифрлардың оқылуы да оңнан солға қарай, оны танып білу үшін де солай оңнан солға қарай тексеру керек. Еуропа тілдерінде де сан үндіше, арабша айтылады; орыс, француздардың саны үндінікі сықылды 20-ға шейін әуелі бірлігін, содан соң ондығын айтады; немістің саны арабтікі сықылды 100-ге шейінгі санның бәрі де бірліктен басталып саналады (*мәселен, немісте*

84-ті “фийрундахциг” дейді, “төртеу мен сексен” дейді). Еуропаның бастауыш мектептерінде де сан жүйесін бастап оқытқанда, әуелі 20-ның ішіндегі санды, сонан соң 100-дің ішіндегі сандарды, оқытады. Еуропаның жазуы солдан оңға қарай, сөйтсе де цифрды оңнан солға қарай оқытады, цифрдың оқылуы да, оны оқу үшін тексеру жолы да оңнан солға қарай болғанымен, цифр жазуын (*есеп амалдарын*) өз жазуының ыңғайынша келтіріп, солдан оңға қарай жазады. Арабша (*үндіше*) цифр жүйесі Еуропаның тіліне де, жазуына да ыңғайсыз, бірақ Еуропа араб цифрының жүйесін бұзбай-ақ, есеп амалдарын өзінше жазып отыр. Біздің жазушыларымыз бен оқытушыларымыз әуелден оңнан солға қарай жазылу үшін жүйеленген цифрлардың олай жазылуын ерсі көріп, қарашылдық қылып келеді. Қарашылдықты қою керек. Еуропаға еліктеген жақсы. Бірақ Еуропа қарашыл емес. Еуропаға еліктеген, онан ең алдымен қарашыл болмауды үйрену керек.

Тайбағар.

Б а с қ а р м а: *Тайбағар жолдас көтерген мәселе шешу тілейді. Бұл туралы әдебиетіміз бір жүйеге түсу керек. Басқарма өз ойын ілгеріде айтпақшы.*

(1997 жылғы басылымнан алынды.)

ОРЫСШАЛАҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ

Біздің жазушыларымыздың көбі — орысша оқығандар. Олар көбіне қазақшадан да орысшаға жетік. Жетік болмаса да, жетікке ұқсайды, жетік болып көрінгісі келеді.

Сондықтан олардың қазақша жазғаны да орысшаға ұқсап тұрады. Оны жазушының өзі секілді орысша оқығандар ғана болмаса, қара қазақ түсіне алмайды.

Осы кезде бұрынғыға қарағанда, әдебиет жағынан едәуір алға кеттік: басылып шыққан кітаптарымыздың саны бұрынғыдан мың есе артық, газет, журналдарымыздың саны онан да көп. Бірақ дұрысында біздің әдебиетіміз тек сан жағынан ғана алға басқан; сапасына қалғанда... мақтанарлық түгіміз де жоқ деуге болады. Жазушыларымыздың көбі орысша оқығандар болған соң, олардың қазақша жазғаны орысшаға

ұқсаған соң, басылып шығып жатқан кітаптарымыздың да, газет-журналдарымыздың да тілі қазақша болмай, орысшылаған қазақ тілі болып отыр. Таза қазақ тілінде басылып шыққан сөз өте аз: олардың да көбі өлеңмен жазылған көркем әдебиет. Оны орысша қазақ тіліндегі көп сөзбен салыстырсақ, жоқтың аз-ақ алды болады. Сондықтан сан жағынан сұрапыл алға кеткен әдебиетіміздің сапасы аз емес, мүлде жоқ, — дұрысында, жоқ та емес, қолындағы малы борышынан анағұрлым кем сорлының борышы сықылды болады. 10 кітаптың біреуінің ғана тілі қазақша да, тоғызынікі орысша қазақ тілі болған соң, бір қазақша кітап пен орысша қазақ тіліндегі бір кітап екеуінің біреуінің пайдасы екіншісінің зиянын өтейді де, қалған сегіз кітап таза зиян болып шығады.

Қазақ тілін іске асыратын болсақ, қазақ әдебиетін күшейтеміз десек, ең алдымен, істің санын салмақтамай, сапасын ескеруіміз керек. Ол үшін қазақша деп жазылған сөздердің әлгі кемшілігін құрту керек. Оны құрту үшін әуелі сол кемшіліктің қандай екенін білу керек.

Ол кемшіліктің бірі — дыбыс жүйесі жағынан болатын кемшілік. Жазушыларымыздың көбі қазақ тілінің дыбыс жүйесін елемейді: орысшадан алынған сөздерді бұлжытпай, дәл Мәскеу орысының айтуынша жазады: мәселен, “Мәскеу” демей, “Москва” деп жазады, “коменес” демей, “коммунизм” иә “коммунист”* дейді. Осы сықылды сөздердің көбі-ақ ілім кеңесінде тексеріліп, қазақ тілінің дыбыс жүйесінше қабыл алынған; қазақ білімпаздарының сиезінде ондай сөздердің жалпы негізі де ашылып, тиісінше қаулы да шығарылған. Сондықтан қазақша деп жазылған сөздерді қазақша жазып, қазақша айтып үйренгісі келген кісі оны оп-оңай-ақ үйрене алса керек.

Екінші кемшілік — сөз жүйесі жағынан болатын кемшілік, қазақша жалғау, жұрнақтарды елемегеннен болатын кемшілік. Жазушыларымыздың қазақша деп жазған сөзіне басқа тілдердің жұрнағын жалғап жібереді. Мәселен, “социализм” деген сөз қазақша “сатсиал” деп қабылданған, сондықтан “сатсиал” деп, “сатсиал” жолын

* Біз коменес деген сөзді қабыл алсақ, олай деп алмасқа болмайды, ол сөз қазақтың өз сөзіне ұқсап кетті. Жалпы қазақтың аузында бар сөз, коммунизм — “коменес жолы” мен “коменесшілік” болады. “Коммунизм” деген сөзде екі мағына бар, бұл екі сөз сол екі мағынаға дәл келеді. Қазақ тіліне “изм” деген жұрнақты кіргізуде тіл бұзудан басқа мағына жоқ (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

жақтайтын кісі “сатсиалшыл” болуы керек еді. Бірақ біздің жазушыларымыз олай демейді, — “сатсиалист” иә “сотсиалист” деп жазады, — қазақ тілінде “ист” деген жұрнақ жоқ екенін елең қылмайды. “Техника” қазақша “технике” болса, “техникті” қазақша “техникеші” деу керек қой, бірақ біздің жазушыларымыз “техникешіні” де орысшалап “техник” деп жазады. Әдебиет тілі жалпы халықтың аузындағы тілге де әсер береді, әдебиет бүтін халықтың тілін тәрбиелейді. Біздің жазушыларымыз техникешіні “техник” десе, қазақтың тілін, “шы” жұрнағын жоғалтып “жылқышыны” “жылқ” деп айтқызатын болып тәрбиелейді ғой.

Үшінші кемшілік — сөйлем жүйесі жағынан болатын кемшілік. Біздің жазушыларымыз сөйлем ішіндегі сөздердің алдында айтылатынын артына, артындағысын алдына әкеліп, сөздерін орысша тізеді. “Таймінер жолдас” деудің орнына “жолдас Таймінер” деу де сол кемшілікке келеді. Бұл туралы “Қызыл Қазақстанға” айрықша мақала жазып едім, сондықтан мұның ережелерін қайта айырудың керегі де жоқ болар.

Төртінші кемшілік — жалпы кемшілік. Бұл кемшілік жазушының орысшаны да жете білмегенінен болады иә орысшаға жетіктігі асқынып кетіп, білім буынына түсіп кеткеннен болады. Мәселен, “сорпаны ішемін” демей, “сорпаны жеймін” деушілер бар; “бөркім жарасады” деудің орнына “бөркім жүреді” дейтіндер де жоқ емес; “өзеннен өту” дегенді “өзен арқылы өту” дейтіндер де бар. Сол сықылды “сұрады”, “ұсынды”, “түсіндірді” сықылды қазақша сөздердің орнына орысшалап (иә басқа бір тілмен болса да өзі біледі) “сұрау қойды”, “ұсыныс қылды” (“ұсыныс кіргізді”), “түсініс берді” дейді. “Сиездің қаулысынша” деудің орнына, “сиездің қаулысы бойынша” дейді. Мұндай кемшіліктердің әрқайсысын өз алдына тексермесе, барлығын бір жалпы ережеге сыйғызуға болмайды. Бет-бетімен кеткен былық сөздерде ереже қайдан болсын. Дұрысында, мұндай кемшіліктерден құтылу үшін дыбыс жүйесі, сөз жүйесіндегі ережелердің де керегі жоқ, тек қана жазушының жазуын қазақша қылып шығаруға ниеті дұрыс болса болады: “түсініс беру” сықылды ерсі сөздердің ерсі екені орысшаға жетік жазушының өзіне де бірден сезіледі ғой. Сондықтан жазушы сөзін шынымен қазақша жазғысы келсе, орысшаға жетік те, қазақшаға шорқақ екенін көрсетіп қалу сықылды

айрықша ниеті болмаса, “сұрау қою”, “өзен арқылы өту”. “ұсыныс кіргізу” сықылды сорақылық білмегеннен болмайды, — ондай сөздердің қазақша ерсі болатынын білмейтін қазақ болмайды. Сондықтан ондай сорақылықты тілдің заңы жағынан тексерудің қажеті де жоқ.

Тайбағар.

“Еңбекші қазақ”, 4 июль, 1926 ж., N 141.

ОН АЛТЫНЫҢ ОЙРАНЫ

(1916 жыл)

1916 жылғы июнь жарлығы шыққан кезде Орынборда едім. Ахмет Байтұрсынұлы сол жаз Торғай үйезіндегі санақ қызметіне кетіп, “Қазақ” газетін мен басқарып тұрдым. Ол жылдары Орынборда қазақ жоқтың қасында, аз болатын; оқып жүрген жастар елге тарап, қалада саны онға толмайтын кеңсе қызметкерлері ғана (шенеунік, тілмаштар) қалатын.

Бір күні төбеден түскен жайдың оғындай июнь жарлығы сарт ете түсті. Бұл жарлықтың бізге жайдың оғындай көрінуі — қалың қазақ еліне оның әсері қандай болатындығын сезгендігімізден еді. Бұл жарлықтың қазақ арасына қалай тарайтыны, қазақ елі не күйге ұшырайтыны көз алдымызға елестей қалды.

Өз өмірімізде басымызға тумаған ұлы дағдарысқа ұшырадық. Қайтпек керек? Не істейміз? Елге не айтамыз? Біздің басшылығымыз қандай болмақ керек? Елдің ризалықпен көнгісі келмейтіні, балаларын бергісі келмейтіні, “соғыс”, “солдат” деген сөздерден өлердей қорқатыны, патша өкіметіне сенімі жоқтығы белгілі. “Көнбе, берме” дейміз бе? Оның түбі не болады? Немізге сеніп “көнбе” дейміз? Көнбейтін күшіміз қайда? Біздің ұйымда күш жоқ. Барар жер, басар тауымыз белгілі. Ел бастап жүргендеріміздің күні кімде? Олардың бәріне бірдей сенуге бола ма? Қиын-қыстау жерлерде жан қиысуға шыдай ма? “Балапан басына, тұрымтай тұсына”. Жұрттың көбі бас амалдап кетпей ме? Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен қалқақтап келе жатқан надан қазақ, орыс өкіметінің табанында езіліп келе жатқан бейшара қазақ көнбеймін десе, қор болмай ма? Көнгені дұрыс па екен? Екеуінде де зиян бар екен. Екі зиянның қайсысы жеңіл болар екен?

Міне, біздің басымызды даң қылған, миымызды ашытқан, ұлы дағдарысқа қалдырған сұраулар осылар еді. Қайткенде бізге бұл жолдың біріне түспеске болмады. Ол кезде 1916 жыл еді. Жиһан соғысының қызып тұрған шағы еді. Ресейдің таяқ жеп, халқының шаруашылығы күйзеліп, патша өкіметіне наразылығы күннен-күнге күшейіп, орыс жұмыскерлері әр жерде ереуіл жасап, фабрик-зауыт, өнеркәсіп жұмыстары нашарлап, қымбатшылық өсіп, саяси партиялардың төңкерісінен үміт етіп те тұрған шағы еді. Бірақ ондай төңкеріс қашан болады? Қалай болады? Ондай төңкеріс бола қалғанда қазақ жұрты көнбей қарысып отырып, соған аман-есен жете ала ма? Бұған біздің көзіміз жетпеді. Төңкеріс жолында қазақ жұрты құрбан болып-ақ кетсін деуге дәтіміз шыдамады. Сондықтан біз екінші жолды қаладық – көну керек дедік. Осыған бел байлағаннан кейін, елге көзіне айтатын сөзіміз де, басшылығымыз да осы бетте болды. Тек неше түрлі сылтаумен соза беру жағын ғана ескеріп отырдық: пішен шабатын кез, егін оратын кез бірінің артынан бірі келе жатыр, мәулет сұрандар дедік, халық әлі түсінген жоқ, әбден түсінсін, осыған пұрсат сұрау керек дедік. Патшаның жарлығына қарсы емеспіз, бірақ қазақтың жай-күйі осындай, өгей баланың өксігіндей сөздерге ғана ие болуға жарадық.

Ол кезде қазақта жалғыз-ақ “Қазақ” газеті бар еді. Ол заманның жуан ортасында болмаған, ащы-тұщысын татпаған бүтінгі бақытты жастар ол “Қазақ” газетін енді оқыса: “Бишара, қалай жасқаншақ, қалай қорқақ, былай жазса болмас па еді, олай жазса болмас па еді?” – дер еді. Ол кездегі газеттердің бет-аузын алапес қылып шығаратын цензураны бүтінгі жастар көрген жоқ қой. Өз ойынды, өз бойынды өзің ұрлап, “осылай жазсам, жұрт бірдеме қып түсінер-ау” деп ишаралап, жасқанып, жалтақтап отыруды бүтінгі жастар көрген емес.

Міне, осындай күйде тұрғанда июнь жарлығы шыққан. Көну керекке бел байлағаннан кейін, сонда “Қазақ” газетіне (N188) біз алғашқы мақаламызда мынаны жазғамыз: “25 июньде патша жарлық қылды, Ресейдегі әскерлік қызметінен азат бұратаналарды, олардың ішінде біздің қазақ халқын, соғыс майданында әскер артында ор қазып, жол салатын қара жұмыстарды өтеуге міндетті қылып алуға. Патшаның бұл бұйрығын ішкі министр губернаторлар арқылы халыққа мәлім қылды... Мемлекет

керегі үшін мал шығынынан тартынбай, қайта, әскерлікке алам десе, ақылдасып, барудан тайынбастай болып жүрген қазақ халқын бүгін қара жұмысқа алатын жарлық шыққанға дағдарып, таңырқап қалдық. Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді. Қатарда жоқ қара жұмысқа байлануды кемшілік санаймыз. Бірақ патша жарлығы хақ, оған қарсы айтар сөз жоқ. Әмір қатты, жан тәтті дегендей, әмірін екі қыла алмаймыз.

Қашатын жігіт болса, бүліншілік болады, бұл күнде соғыс уақыты, тәртіп қатты, қашқандардың артынан қуғыншы жасақ шығып, елді, артында қалған әке-шешесін, қатын-баласын шулатқаннан, шаруасын күйзелткеннен өнер еш нәрсе жоқ”.

Міне, “Қазақ” газеті, оның маңайындағы, жолындағы азаматтар, жалпы қазақ оқығандары осы бағдармен отырды. Мына жоғарыдағы мақала елге тарап та біткен жоқ еді. “Қазақ” басқармасына қазақ жерінің түс-тұсынан телеграмдар, хаттар жауа бастады. Ол кезде “Қазақ” газетін, қазақ елінің көбі өз көз-құлағындай көретін. Сондықтан құр телеграм беру, хат жазумен ғана қойған жоқ, жан-жақтан саулап ел адамдары Орынборға ағыла бастады. Елде не болып жатқанын, хатқа, телеграмда жазуға болмайтын сөздерді солар әкеліп отырады.

Қазақ даласы күңіренді.

“Ел арасына қысқа күнде қырық түрлі хабар тарады. Қорқыныш күннен-күнге ұлғайды. Әулиеге ат айтты, қорасанға қой айтты. Сауысқан, қарға тойынды. “Солдат алмайтын болыпты” деп өтірік сүйінші сұрағандар олжаға батты. “Сенің балаң алынады” дегенді естіген шал-кемпірдің жүрегі жарылып өлгендер болды. Жұрт сендей соғылды. Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды. “Әне келді, міне келді” деп, өлім жазасына бұйырылған үкімнің орнына келуін күткен тұтқындай болып тұрды” (“Қазақ”, N212).

Елден осындай түрлі хабарлар келе бастады. Қозғалыс күшеюге бет алды. Пәлен елге әскер шығарылайын деп жатыр, түген елге губернатордың өзі кетті деген хабарлар дүңкілдеді. Қостанайда ел жігіттері Сайым болысты өлтіріп жіберген, Атбасарда Есет болыстың ішін жарған, Торғай желігуге айналды, Ақтөбе үйезінде қырдағы орыс тілмаштарды (*песірлерді*) өлтірген, екі қаланың арасындағы поштаны талаған...

Торғай губернаторы Қостанайға бір барып қайтып еді,

енді Ақтөбеге бармақшы еді, Сайым болыс өліп қалған соң, ол Қостанайға тағы кетіп, оның орнына вице-губернатор Обухов баратыны мәлім болды.

Ақтөбе қаласына мың-мыңдаған қазақ жиналыпты, әр жағындағы Ырғыз үйезінен де, мына жақтағы Орал облысының сыбайлас үйездерінен де халық көп келіпті дегенді естідік. Солардың үстіне вице-губернатор барғалы жатыр. Осыны білгеннен кейін, Орынбордан Сейдәзім (*Қадірбайұлы*) екеуміз әдейі Ақтөбеге жүрдік.

Ақтөбеге мың-мыңдаған қазақ жиналған: аттысы — атты, жаяуы — жаяу. Бұрын жиылыстарда ел атынан ақсақал атқамінерлер жүретін болса, бұл жолы тайлы-таяғы қалмастан, жұрт көтеріле келген, ақсақалдарға, болыстарға сенбейді. Не болып жатқанды жұрт өз көзімен көрмекші, өз құлағымен естімекші.

Ертең вице-губернатор келетін күн. Біз шілденің 16-күні Ақтөбеге жиналған жұртпен қаладан 15—20 шақырым жерде оңаша кеңеспек болдық. Бір төбенің басына жұрт жиналды, қалаға жиналған халықтың қалғаны болмады. Бұл топта болыстар да, молдалар да, қазақтың ол кездегі төрелері де, жай оқығандары да бар. Жұрт жиналып болған соң, тым-тырыс, бір-біріне қарайды. Ешкім сөз бастамайды. Болыстар, атқамінерлер сөйлеуге қорқады. Анталаған аламан. Кім не айтар екен деп аңдып тұр. Бір мезгілде бір молда түрегеліп, басына ұстаған қол шатырын сермеп, бізге (орысша оқығандарға) қарап тепсіне сөйледі. “Біз баяғыда түрікке қарап кететін ел едік, осы сендер орысқа бағындырып қойған, қазақты шен-шекпенге сатқан — мына болыстар. Әлі де болса кетеміз, босаймыз, Қытайға ауамыз, Қырымға барамыз, орыстың құлдығында тұра алмаймыз, қырыламыз, өлеміз, солай ма, жұрт?! — деп айғай салды. “Солай, солай!” — деп жұрт шу ете түсті. Болыстар төмен қарап, жерге кіріп бара жатыр: үн де жоқ, түн де жоқ. Елдерінде партия болып, жеңіліп, болыстығынан айырылып қалған бірен-сарандары сол кездегі болыстарына қарап: “Болыс, сіз сөйлеңіз, сөйлесеңізші”, — деп қояды. Болыс онан жаман жерге кіреді. Қостанайда Сайым болыс өлгені бұл топқа естіліп қалған екен. Бұл топтың ортасында бір болыс жақ ашса да, жұрт дүрсе қоя бергелі тұр.

Қысқасы, көну керек деген сөзді тыңдайтын халық көрінбейді, ол сөзді айту да қиын болды. Содан кейін біз, жұрттың бас қосқан жеріне көңілдегі сөзімізді

айтамыз деп сонау Орынборда әдейі келген соң, өз ойымызша, қарсылық қылудан үлкен зиян бар деп білгендіктен, жұрт жаратпаса да, үндемей кетуді жөн көрмедік. Мен сөз сөйлеуге кірістім. Сөздің беті көрінгенде-ақ жұрттың түсі бұзылды, бірақ сөзді бөлген жок, тыңдады. Бір сөздің ретінде бір топ жігітке қарап: “Сендер жап-жас жігітсіңдер, жан тәттілік қылып қарсы шықсандар иә қашсандар, ел бүлінеді, әскер шығады”... дегенімде, екі-үш жігіт ілгері ұмтылып, көздері қанталап: “Біздің жасымызды тексеретін доқтыр ма едің” деп төніп-төніп қойды...

Менен кейін басында шошақ төбе шөмекей тымағы бар, киімінің бәрі нағыз қазақы, алқам-салқам, көйлегінің жағасы иығын жапқан бурыл сақалды шал тұрып сөйледі. Бұл шалды басында елеген кісі жок, бұл топта оны танушы да көрінбеді. Бұл Ырғыз үйезінен келген адамдардың біреуі екен. Шал сөзді былай бастады: “Уа, жұрт, бір шетте, құм сахарадан құлан-киікше жосып жүрген көшпелі шөмекей, шекті деген ел боламыз. Ел басына, ер басына күн туды, бұл жақтағы ағайындарды өзімізден гөрі көзі-қаракты санап, білелікші, не қылып жатыр екен деп келдік. Біз елімізден үзеңгіге аяқ салып аттанғанда, “көне қоямыз, бала бере қоямыз” деп шыққан жок едім, еліміз “өлсеңдер де көнбе” деп жіберіп еді, бірақ бұл жақтың түрін көріп, бұл жақтағы әңгімені естіп отырсақ, көнбеске шарамыз жок көрінеді...” — деп, көну жағына өзінше көп дәлел айтып, тындаушы көпті ұйытқандай сөздер сөйледі. Оның сөзіне жұрт құлақ асқандай, амалсыздықтың жайына түскендей болып, тілге келді. Манадан бері бұғып отырғандар да жандана бастап, иә, сөйлеселік, ақылдасайық дегенге жарады. Содан кейін жұрт ертең вице-губернаторға айтатын сөздерін саптады. Көбінің ұйғарғаны — соза беру, егін, пішен, шаруа жайын айтып, кеңшілік сұрау, жалқы жігіт қалсын, пәлен алынбасын деген сықылды жобалар болды. Ол күні жұрт сонымен тарады.

Ертеңіне, шілденің 17-күні, Ақтөбе қаласының бір кең көшесінде вице-губернатор жиналған жұртқа сөз сөйледі. Вице-губернатордың сондағы сөйлеген сөзі, артық-кемі жок, мынау еді:

“Губернатор сіздерге рұқсат беріп еді. Осында жиналып, патша жарлығын тез орындау, кеңесуге, кеңеске өзі де келмек еді, бірақ бір тығыз қызметі болып, басқа үйезге шығып кетті. Орнына мені жіберді. Біз, Торғай

облысының әкімдері, мақтанушы едік — қол астымыздағы қазақтарымыз бұл соғыста мал-жанын аямай, құрбан қылуға даяр, орыс халқы патшаның қандай шын қарашасы болса, қазақтар да осындай деп, өздері де осындайлығын көрсетуші еді. Әттеген-ай! Оның бәрі құр сөз екен. Естіп тұрмыз, қазақ арасында тәртіпсіздік, бүліншілік басталып жатыр дейді, тіпті, патшаның поштасын тоқтатуға де батылдары барыпты. Біз мұны жаман ниеттілердің ғана ісі деп ұйғарамыз, әйтпесе мұны қазақ деп танығымыз келмейді. Естерінде болсын, мұндай қылмыстыларды военный сот тергейді, ал военный соттың үкімі қысқа: айыпкерді өлім жазасына бұйырады. Губернатор өзі-ақ сіздерге жеңілдік алып беру ыждиятында, бірақ қазақ өзіне-өзі зиян келтірді. Біліп қойыңдар, әлгідей тәртіпсіздік шығаратын болса, әскер шығарылады, құр шыққанымен қоймай, атқылайды, мұндай ойынды қойыңдар. Бұл — жаман ойын. Сөздің қысқасы, жалғыз қазақ қалмау да, патша жарлығы сөзсіз, тоқтаусыз орнына келуі хақ. Мен үміт етемін, ақсақалдар елді-еліне тарап, жастарды үгіттер, мұнан кейін бұл секілді, оқиғаның болмауына ыждият етер. Ақсақалдар болсын, болыстар болсын, патша жарлығын орнына келтіру ісінде жәрдемдес болуға міндеткер. Бұл туралы үйге кіріп кеңеселік, болыстар және басқа бірнеше ақсақалдар жүріңдер” деп вице-губернатор үйге кіріп кетті. (“Қазақ”, N190).

Губернатордың мұндай сөздерімен де қазақ арасындағы толқын басыла қойған жоқ. Ел хан көтерісіп, сарбаз жинауға кірісті. Сол жаздың өзінде-ақ, әсіресе күзге қарсы, ел-елге әскер шыға бастады. “Соғыс ерлер туғызады” деген орыс мақалынша әр жерден, әр елден ерлер шықты, ондай ерлерін ақын, халық жырлады, мақтады, өліп кеткендерін жоқтады. Кенесары, Наурызбайдың көтерілісін Нысанбайлар жыр қылған болса, 16-жылдың жыраулары да қазақ даласын мынадай өлеңдермен күңіретті:

Айранбай, Алпыс, Байқадам,
Қылышпенен жайқаған,
Өлтірді дейді он бесін,
Сырттан көріп байқаған.
Найзамен түйреп сағақтан,
Түсіріпті шалқадан.
Өзгесін айтып қайтейін?
Әмірбек пен Мырзабек
Тірілмейді қайтадан.

Әмірбек пен Мырзабек,
Жағыпардай асылдай,
Шынжыр қатар нәсілдей
Көрсеткен күші, мысалы,
Кенесары – Қасымдай.
Қараған заман соңында
Александр патшаға
Кім күш қылды осындай!
Сайланған сары әскермен
Жағаласты шошынбай.

Міне, осылайша, “сайланған сары әскер” қарсылық қылған елдерге лек-легімен аттанып, қазақ-қырғыз даласын қызыл қанға бояуға кірісіп еді. Он айға жетпей патша өкіметі құламаса, Ресейдегі ұлы төңкеріс болмаса, не болар еді?!

Міржақып Дулатов.
“Еңбекші қазақ”, 1926 ж., N145.

ӘЗІРЕТ СҰЛТАН МЕШІТІ

“Еңбекші қазақтың” бұрынырақ шыққан сандарында Түркістандағы Әзірет Сұлтан (*Қожа Ахмет Йасауи*) мешіті жайында біраз сөздер жазылып өтті. Бұл мешіттің қысқаша тарихымен оқушыларды таныстырғымыз келеді. XV ғасырдың аяғына шейін осы күнгі Түркістан шәрінің аты Йасы екен. Кішкене ғана Жасы деген қышлақ (*қыстау*) XII ғасырда сол жерге Қожа Ахмет (*Әзірет Сұлтан*) деген “Әулие” келген соң, даңқы шығып кетіпті.

Қожа Ахмет Йасауи 1166 жылы қайтыс болды. Содан кейін оның бейітін түрік елдері, әсіресе біздің қазақ зиярат ететін болады. Мұнда әр жерден халық көп келетін болғандықтан, ол жерде сауда ашылып, кішкене қыстақ бірте-бірте шәріге айналды. Қожа Ахмет Йасауи туралы сөйленген, халық арасында тараған неше түрлі “кереметтер” жалғыз қара халық пен саудагерлерді ғана емес, заманындағы данышпан-ерлерді де өзіне қаратқан.

1397 жыл күзді күні атақты Әмір Темір (*Ақсақ Темір*) Йасыға келіп, әулиенің басына зор мешіт салдырып, белгі орнатуға жарлық қылды. Қазіргі мешіт Қожа Ахметтің “Әзірет Сұлтан” деп жүргені сол белгі.

XVII ғасырдан бастап Түркістанды қазақ билеп, Түркістан шәрі қазақ хандарының астанасы болған.

Түркістан үшін, Түркістандағы Әзірет Сұлтан мешітін өзінікі қылу үшін ол замандарда да талай соғыстар болған.

Әмір Темір көрегеннің заманындағы (*салынғанына 530 жыл болған*) Шарафуддин Әлизаданың “Зафарнама” деген кітабында Қожа Ахмет Йасауи мешітінің салынуы туралы мынадай сөздер жазылған: “Самарқанда Дел қошы бағының миюаларын егіп болған соң, Әмір Темір әскерін Ташкенге қарай жөнелтіп, Сырдариядан өтіп, Ташкеннен 50 шақырым жерде Шейназ деген қыстақтың қасына келіп түсіпті. Бұл арада қыстамақшы болып, әскерге жылы үйлер салдырыпты. Мұнан Әмір Темір өзі шейх Қожа Ахмет Йасауиді зиярат етіп, басына белгі орнаттыруға Жасыға жөнеліпті. Әмір Темір келген соң өзінің жоспары бойынша мешіт-белгі салынып, бір жылдың ішінде тамам болыпты”. Міне, осы мешіттің биіктігі 100 кез шамасында, 3–4 күмбезді. Күмбездерінің сырты глазумен қапталып, әр түрлі дұғалар жазылған. Мешіт күйдірген кірпіштен салынған. Үлкен дарбазадан бір зор бөлмеге (*залға*) кіресің. Бұл бөлменің ортасында мыс (*бронзы*) қазан бар, қазанның алабы бес қанат үйдің шаңырағындай, айналасында арабша сөздер жазылған: “Әмір Темірдің жарлығы бойынша бұл қазанды құйған шебер Ғабдулғазиз Саруаретдинұлы, Термезден” деген жазуы бар.

Бұл үлкен бөлменің төріндегі есік Әзірет Сұлтанның өзі жатқан бөлмеге (*қабіріне*) кіргізеді. Есігіндегі шынар ағашы жазумен нақышталған. Болат тұтқада “Ғазеттен Тажеттен ұлы” деген шебердің аты бар. Қазандағы, есіктегі жазудан, екеуіндегі жазудан да мешіт бұдан 530 жыл бұрын, яғни 97 жылы салынғандығы көрінеді. Мешітте Әмір Темір сыйлаған ескі жазулы төрт құран, бронзыдан құйылған алты шам бар. Бұлардың биіктігі бір кезден артық, ауырлығы 2–3 пұт шамасында, бәрі де жазумен нақыштанған. Бұл мешітті салушы бас шебер 1387 жылы Әмір Темір тұтқын қылып алған Шираздық Қожа Құсейін деген адам екен.

Қожа Ахмет Йасауи мешітінде қазақ хандарының біразы қойылған. Мұндағы хандар: Орта жүздің ханы Абылай, Ұлы жүздің ханы Жолбарыс. Арғынның атақты

Жаныбек батыры да осында қойылған. Бұдан 13 жыл бұрын көргенімде мешіттің әр жері жарылып, бұзылуға бет алып тұрған еді. Қожа Ахмет Йасауидің нәсітіміз деп неше жүз жылдан бері уақыт жерлерін пайдаланып, зияратқа келген аңқау елді жем қылып келген басындағы қожалар 1910 жылы мешітті түзетеміз деп елден көп ақша, мал жинап алған екен. Көбін өздері пайдаланып, жинағанымыз осы-ақ деп, 12 мың сом көрсеткен. Ташкеннен Козловский деген инженер келіп түзетуге кіріскен екен, қожалар инженермен жанжалдасып, жұмыстың оннан бірі бітпей, инженер қайтып кеткенде, ақша қожалардың қалтасында қала берген. Ол жылдар ақшаның, малдың бәрі дерлік қазақтан жиналған. Әулиеата үйезінің қазағы Бәкі ұлы Нұрмамбет деген бай 100 жылқы берген. Соның бәрі қожалардың пайдасында кеткен. Әзірет Сұлтан мешітінің қысқаша тарихы, міне, осындай. “Еңбекші қазақ” жүзінде жазып жүрген хабарларға қарағанда, осы кезде бұл мешітті аман сақтап қалу шарасы сөз болып жүрсе керек. Мұны, әрине, мешіт қана деп түзеу керек емес, тарихи белгі деп аман сақтап қалу керек екендігінде талас болмауға тиіс.

Таймінер.

“Еңбекші қазақ”, 10 декабрь, 1926 ж., N275.

1916 ЖЫЛЫ ТОРҒАЙ ҚАЗАҒЫНЫҢ КӨТЕРІЛІСІ

Соғыс майданындағы қара жұмысты атқаруға бұратана халықтардың 19-бен 31-дің арасынан жұмысшы алынсын деп Николай патша шығарған жарлығы Торғай қаласында телеграмма арқылы жарияланды.

Торғайдағы крестьянский нашандігі, үйез нашандігі, солдат бастығы болыс-болысқа адамдарын әкелетін сөзін кесіп айтып, тығыз бұйрық таратты. Ең алдымен, Торғай қаласына жақын тұсы, Шұбалаң болыстарынан алмақ болып, болыстарын қалаға шақыртып, тізімдерін жасатып, “Июльдің 20-нан қалдырмай адамдарынды тапсырыңдар”, – деп елдеріне жіберді. Соғыс майданына адам алынатын болыпты деген лақап дүңк етісімен, есін біліп, етегін жапқан еркек-әйел, көрілерге дейін ширатыла бастады.

Әскердің тамағына деп, елге санат салып, сойыстық сиыр

малын жинап, ояздың помощнигі Ткаченко сол кезде Қараторғай болысында Батпаққара деген (*Торғай қаласынан 150 шақырым*) жерде жатыр еді. Елден есеп алуға қоныстандыру мекемесінен шыққан Ахмет те (*Байтұрсынұлы*) бар еді. Мал алып жатқан кір басындағы Ткаченкоға келіп, қазақтар арыз айтады:

— Тақсыр! Сендерге оқ атып, қылыш суырып бағынған жоқ едік қой, ата-бабамыз бағынғанда жер-суыңа, дініңе тимейміз, солдат алмаймыз деген екен. Ол уәде қайда қалған? Патшаға осы уәдені ескертіп, арыз беруге жол бар ма? — дейді. Ткаченко ашуланып:

— Сендер құтырдыңдар ма, патшаның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болатынын білмейсіңдер ме? Орыс жұрты қанын судай ағызып, жаумен соғысып жатқанда, соғыс майданына барып, қара жұмысты атқармаймыз дегендерің қарсылық. Қарсылық қылушыларды атамыз, қырамыз, — дейді.

Мына сөзді естіген соң иіліп, елбіреп, малын беріп тұрған жұрт “ду” етіп аттарына мініп, малдарын қуа жөнеледі. Бірсыпыралары Ткаченконы сөгіп, ұрарманға келгенде, сол жердегі басты адамдар жұртқа тоқтау айтып қорғап алған. Ызаланып, ашуланған бозбалалар Батпаққарадағы 2 орыс, бір ноғай дүкеніне барып, тауарларын бет-бетімен талап алып кеткен. Помощник Ткаченко қашып отырып, Торғай қаласына келіп, жұрттың көтеріліс жасайтын түрінен толық мағлұмат береді.

Шұбалаң хабары: “Торғайдан қайтып келе жатқан болысын қамап, өлтірмек болады. Үстіне Төке дейтін қарт кездесіп, бозбалаларға: “Болыстарыңды өлтіргенмен не пайда табасыңдар, өзара араз болғаннан басқа өнері жоқ. Аяғы бүлініп кетсе, жүзің бір солдатқа қарсы тұра алмайсыңдар. Солдатта қару қандай, бесатар, бердеңке, оқшашар, зеңбірек... бәрі де бар. Асықпай-саспай іс етулерің керек. Болыстар әкімнің жарлығын орындағансып, қағаздарын тапсыра берсін. Сендер Торғай үйезіндегі арғын, қыпшақ боп бірлесіп, біреудің аузына қараңдар. Шектес Қостанай, Ырғыз, Атбасар, Қазалы елдерімен сөйлесіп, уәдені бір жерден шығарып, патша үкіметіне қарсы тұру керек. Қарсы тұру екі түрлі: Бірі — әскер жинап, қару көтеріп соғысу — ол қазақтың қолынан келмейді. Бірі — бетпепет соғыспай, қаша ұрыс салып отыру. Кең далада көшіп-қонып, жылжып отырса, бытыраңқы елді бағындырып,

айтқанын істету патша үкіметіне оңай болмас. Басымнан неше түрліні атқардым. Заманның өзгеруі қиын емес. Қаша ұрыс салып отыр-саңдар, соғыстың ақыры жақсылық болып кетуі мүмкін” деп тоқтау айтып, болысты өлімнен айырып алып қалады.

Тосын болысының хаттары: “60-тай адам қаладан келіп отырған болыс Дәуренбекұлы Жақыпты қамап: “Тізімді бер, тапсырма” — дейді. Болыс: “Тапсырмасқа амалым жоқ. Бір күн түзететін жері бар. Соны түзеген соң тапсырамын”. “Олай болса тізімді қолымызға бер” — дейді.

Стол үстінде тұрған тізімді алып шығуға ешкімнің батылы бармай, біраз ұйлығып тұрады. Сол кезде көп ішінен жасы 50-ден асқан Шолақұлы Оспан деген кісі: “Жастар үшін жанымды қидым” деп, аттан қарғып түсіп үйдегі стол үстінде жатқан тізімді алып, үстіндегі шекпенін төсеп жіберіп орап, далаға алып шығады да:

— Міне, мен алдым. Тараңдар! — деп айқай салады. Жұрт тарайды.

Қыпшақтар, басы Әбдіғапар боп: “Қолымыздан адам бермейміз. Әскер келсе, бір орыннан бір орынға көшіп, қаша ұрыс салып отырамыз” деп, ауыр жүктерін тастап, уықтан шанышпа қос істеп алып, жиналып жатқан үстіне арғын елшілері де барып түседі. Бұлар барған соң, мың жарымдай адам жиналып, зор жиылыс жасайды. Арғын елшілері: “Біз ханымызды сайладық. Көп ұзамай Торғайды шауып, патша сілімтіктерін жоқ қылмақпыз. Соған жиналып келесіздер. Егер келмесеңіздер, патшаға қарсы тұру пәтуасында сіздерді жоқ деп санаймыз”, — дейді.

Әбдіғапар: “Торғайды жоғалтамыз деп, оққа қарсы шабуда мән жоқ. Елді-елімізде сайланып отыра берейік. Күштеп аламыз деп әскер шықса, жылжып көше береміз. Соның өзімен біраз уақытты аламыз. Сөйтіп жүріп жақсылыққа кездесерміз. Жақсылық біздің күшімізбен болмайды. Іштегі патшаларға қарсы партиялардың күшімен болады... Жапон соғысы мен осы күнгі соғысты салыстырсақ, 20 рет артық. Бұл соғыста патшаның тізгінін қолдарына түсірсе, патшаны мөрбасар қылып қояды. Немесе патшаны түсіріп (*төңкеріс жасап*), мемлекетті өкілдері басқаратын қылады. Екеуінің бірі болады. Қайсысы болса да, “патшаға қарсы болдыңдар” деп бізді жазғырмайды” — деген.

Бұл әңгіме болып жатқан кезде, Орынбордағы съезге

кеткендер де қайтып келді. Олардың жиылыста айтқаны: “Қазақтар қара жұмысқа бармас, онан да атты әскер қызметіне барар. Патшадан сұрап, әскерлік қызметіне алдырыңыз...” — деген.

Губернатор: “Бірінші сентябрьде Торғайда болам, соған болыс қол астынан халық сыйлайтын 10–15 ақсақалдар дайын тұрсын” — деп, тізімін жіберген. Айтылған күні, сентябрьдің біріне халық жиналып, күтіп тұрады. Губернатор Эверсман, советник Огарев келіп, жиналған жұртқа уағыз айтты:

— Ноябрьге дейін приемныйды тоқтаттырамын. 300 қойға бір малшы қалдырып, кеңшілік бергіземін, — дейді. Жиналғандар: “Жастарымыз желіккен. Тілімізді алдыра алатын емеспіз. Қызметке алма деп патшадан сұранамыз. Соған жол беріңіз?” — дейді.

Губернатор: “Мен сұрауларыңызға қарсылық қылмаймын”, — дейді. Бұл сөзді естіген соң, арғын-қыпшақ ойға қалып, 40 мың сом ақша мен басы Тоқмағамбетұлы Ысмайыл, Текеұлы Ысмағұл, Қабақұлы Сейіт, Тоққожаұлы Бижан қылып, ізденуге кісі жібереді.

Прием жарлығы шықпай тұрған кезде, Торғайда 50, 100 атты әскер бар еді. Ел ширатыла бастаған соң, Орынбор мен Қостанайдан 300-дей атты әскер келді. Губернатор бірер күн жатып кетісімен, Ткаченко 150-дей атты әскермен ел аралауға шықты. Әскердің азық, құралдарын тасуға Торғай орыстарын арба басы 200 сомнан жалдап алып, беретін ақшасын жүрген жеріндегі казактардан өндірді.

Қазақтар: “Жүретін жеріңіздің шамасын беріңіз. Үй тігіп, мал байлап, көлік сайлап қояйық” — деп еді, оны тыңдамады. Сол бетімен әскері жанында, Қарақоға, Қараторғай, онан Сарыкопа, Наурызым, Майқарауды аралап қайтты. Жүрген жеріне зорлық-зомбылық етіп, әйелдерге дейін жөбірлеген. Елге жел берушілер деп, 60-тан аса адамды тұтқынға алып, неше түрлі қорлық көрсеткен. Кемшілігіне ызаланып Аққұм, Тосын, Шұбалаң болыстарынан мың қаралы адам Ткаченконың Торғай қайтқан жолын тосып, октябрьдің 21 күні Торғайдан 50 шақырым “Татыр” деген көлде кездеседі. Ткаченко тоқтай қалып, қазақты атқыза бастайды. Бірақ қазақтар алыстан қоршап тұрып, сәскеден бесінге дейін арбасып тұрады. Бір мезгілде қазақтың кейінгілері

қашқан қоянды қуғанын білмей, кейінгі жакта шапқыншы көбейіп кеткендіктен, алдыңғы қатардағылар да кейін қарай шаба жөнеледі.

Бұлардың шаба жөнелгенін көріп, әскер де аттана шауып, мылтықтың астына алып, қуып жеткендерін қылыштайды. Осы бетте “Сарыру” деген жерде қыстауда отырған ауылдың 30-дан артық қатын-бала, кемпір-шалын қырып, үйлерін өртеп кетеді. Топқа араласқан жерде қазақтар әскердің үшеуін найзамен түйреп, екеуін қатты жаралайды. Үш солдат өлген соң әскерлер ұрысты тоқтатып, әбден күтініп, түнімен жүріп, таң ата Торғай келеді. Келісімен болған оқиғаны губернаторға білдіреді. Октябрьдің 23, 24-інде Ырғыз бен Торғай арасындағы қазақтар телеграфтың сымын үзіп, стансаны бұзып, Ақшығанақ стансасындағы жаңа салынған қазыналық мектепті өртеп жібереді.

Торғай қазағының шашылған хабарымен Ырғыз үйезіндегі қазақтар да хан сайлап, сарбаз жинайды. Ырғыз, Шалқарды алып қойдық деп лақап шашады. Мәскеуден келе жатқан Жанкелдіұлы Әлібиді Ырғыз қазақтары ұстап алып, жансыз деп өлтірмекші болады. Әліби “Әбдіғапардың туысы едім” деген соң тимей, түйеге мінгізіп, Әбдіғапарға жеткізіп тастайды. Сол мезгілде (октябрьдің 25-і шамасында) сарбаз жинап, Торғай түбінде жиналып жатқан арғын адамдарына Әбдіғапар да келіп қосылып, “Ақмырза”, “Сұрша” деген жерде 10 күндей жатады. Қаланы айналдыра баған қағып, Торғай әкімдері де қазақты қарсы алуға дайындалып жатады. Стансада ұсталған тұтқындар Торғай әкімдеріне қатынасқан адамнан қағаз береді. Қағаздағы сөздері: “Ткаченконың ел арасындағы берген жәбірі тексерілсін. Ткаченконың ұстап әкелген 60 адамы босатылсын, қалаға басқа жерде тұтқынға алынған болыс, ауылнай, былай жабайы қазақтарды да босатып, адамын алсын. Адамдарын жинап әкеп отырмыз” — дейді.

Арғын, қыпшақ сарбазының ішіндегі бас адамдар кеңескенде, Әбдіғапар тұрып: “Қалаға шауып, оққа қарсы тұруда мән жоқ. Адамдарыңды алып келдік. Ортамызға келіп, адамдарыңды ал — дегенге әкімдер келмейді. Сондықтан қала түбінде бір жеті кідіріп, елімізге тарайық. Түбінде жеңіліс табатын болсақ, кінәны қаладағы әкімдерге аударар сөйлерміз” — дейді. Жиналғандар шуылдап, сенімсіздік

көрсеткен соң, Әбдіғапар жөнге көшіп, шабуыл жасауға ырза болады.

Ноябрьдің 5-і күні түнде 8 мыңдай сарбаз Торғай өзенінің жоғары жағынан көпір салып, қала тұрған жаққа өтеді. Сағат 2 шамасында адам жіберіп, қаланың екі жағындағы 10 мың шөмеледей шөпке өрт салдырады. Қалаға шабуыл жасаудың планы мынау:

Күн батысынан Оспанхан, күн шығысынан Әбдіғапар, Амангелді, әскер тұрған солтүстігінен Кенесары заманында аты шыққан Жәукенің баласы Орманбек тимек. Бұл планға Әбдіғапар, Амангелді, Жәуке ұлдары қарсы болады. Олардың планы: “Қаланың екі жағындағы шөпке атымызды жайлап, айналдыра қамау жасайық, өзен жағасын алып, бекініп, су алдырмайық. Бәрібір сусыз тұра алмай, әскер қаруын тастап, қолға түседі” дейді. Мұны көп тыңдамайды. Оспанхан мойнына алған планын орындап, таң ата күн батыстан шабуыл жасап, жеткен жеріндегі үйлерге от салады. Қару асынып үйретілген қала адамдары тасада тұрып, атыс жасап, қазақтарды көпке дейін жібермейді. Күн түске таянған кезде күн батыстан қатты дауыл соғып, шаңнан көз көрінбей кетеді. Сол кезде қазақтар қаланың ішіне кіріп кетіп, шүберекті жер майға батырып алып, найзаның ұшымен үйлердің қамыс төбесіне от тұтатады. Қаланың күн батыс жағындағы үйлер де өртене бастайды. Күншығыс жағындағы Әбдіғапар, Амангелділер қаланы өртемейді (*Торғай қаласы кілең кірпіштен салынған, үйлерінің төбесіне қамыс жауып, үстін лайлап тастаған. Өртке жануы қиын болған*). Аттарынан түсіп, шеттегі үйлерді тасалап, атыс жасайды. Атыс жасаған мергеншілердің бастығы Амангелді, Кейкі дегендер болған.

Амангелді мен Кейкі өз қолдарынан үш адамды өлтіреді. Оның бірі — әскер бастығы, жоғары басқыш мектеп инспекторы Горбатов деген (*Амангелдінің ағасы Бектепберген ескі шиті, білтелі мылтықтан кесіп, бытыралы бердеңкенің артын орнатып, бір атар бердеңке жасаған екен. Атысқанда қару көрсеткен мылтықтары сол еді*). Амангелді, Кейкі көп оқ шығармай, бір атармен дәлдеп қана атып тұрған. Қазақтардың атысы күшті болған соң, қала адамдары шегініп, әскер бастығынан жәрдем сұрайды. Жәрдемге 24 солдат келіп, ішке қарай келе жатқан

қазақтарды оқ астына алып, екеуін өлтіреді. Қазақтар кейін шегініп тасалайды.

Жауке батыр баласы Орманбек әскердің қазармасына таяна беріп, “Алатын болса қаланы бізсіз де алар” деп, мойнына алған міндетін атқармай, ешкімге хабар салмай, еліне қашып кетеді. Орманбектің қашып кеткенін әскер сезген соң, күнбатыс, күншығыс жағынан шабуыл жасаушыларға еркін тиісе бастайды. Мылтық даусы көбейіп, оның үстіне сенгеннің бірі Орманбектің қашып кеткенін білген соң, қазақтар да дүркірей қашады. Әскер де қашып бара атқандарға оқты жаудырады.

Орыстар Торғайдың көпірінің 2 саржандай жерін күні бұрын алып қойған екен, сарбаздар үстімен қаша жөнелгенде ат-матымен көпірден құлап, қазақтан 40 адам өледі. Қаладан шыққан соң тоқтап ақылдасады. Бірсыпырасы ертең тағы шабуыл жасауды қолдайды, сөз сөйлеуші Оспан қожа деген болады.

Әкімдер қаладағы отырықшы қазақтарды, оқушы, оқытушыларды, кеңсе қызметіндегілерді, елден қашып келген болыс-ақсақалдарды, қалаға қазақ шабуыл жасамастан бұрын абақтыға жауып қойған.

Торғайлық.

“Ауыл” газеті, 1926 ж., N277, 278.

ГАЗЕТ ТІЛІ ОҢДЫ БОЛСЫН

Бөтен жұрттармен араласқан, Бөтен жұрттардың оқуын оқыған адамның тілі бұзылмасқа амал жоқ. Осы кезде қазақ тілін тексере бастасақ, сіңісіп кеткен жат сөздер толып жатыр ғой, жұрттың тілі де солай шығар. Ол еш нәрсе емес. Бірақ амалсыз алған сөздерден басқа да тілімізге жамау-жасқау кіріп барады. Қисынсыз қыстырылған жат сөздерді бір жағынан қуып жатсақ, екінші жағынан кіріп жатады.

Осыны байқап, тіл тазартудың неше түрлі шаралары істеліп келеді. Бұл жөнінде үлгі көрсететін орынның бірі — газеттеріміз. Кітаптан да газет жағына мықты болуымыз керек. Өйткені кітап жазушы кісі тегінде көп болмайды. Газеттер болса, күн сайын пәлен мыңнан шығып, тарап тұрады. Газетке неше түрлі адам жазады. Газеттің бір номерін алып қарасақ та, онда кемінен 20-

30 адамның жазған хат-хабары басылып отырады. Оның бәрі тілге шебер адамдар бола бермейді, бір өзі бұтып-шатып үйренген әдебімен, иә өзгеге електеуімен тілдің басын жарып, көзін шығарып жазады. Газеттер ондай адамдардың сөзін тілі үшін емес, хабар үшін басады. Бірақ газеттер басқармаларының көбі ондай теріс, ерсі сөздерді түзетпей, тезіне салмай, шикі күйінде жіберіп қояды.

Газетке жұрт аса еліктегіш келеді. Әсіресе жазушы болудан дәмесі бар талапкер жастар еліктегіш болады. Олар газетте жазылған сөзден үлгі алып, оң-терісін айырмай, еліктеп кетеді. Мәселен, газетте біреу бір рет “түсініс беремін” деп жазса, содан кейін жұрттың көбі “түсініс береді” деп отырады. Тегінде “түсініс беремін” деу қате екенін тексермегендіктен солай жазады. Біреу “Некең заманы” деп бір рет жазған болса, кейінгілер “Николай” деп жазуға атасының аты кететіндей, “Некең заманы”, “Кешегі Некең тұсында” деп отырғаны. Бұдан келер-кетер шамалы шығар, тек еліктеудің күштілігін айтамын.

Газет тіліне еліктеу осындай күшті болғандықтан, басқармалар газетте басылған сөздерді шашау шығармай, бір сөзін де тексермей, түзетпей жібермеуге тиіс. Байқап отырсақ, басқармалар бұл міндетін толық атқармайды, көбінесе басылған мақалалардың иә хабардың маңызын мағына жағынан тексереді де, тілінің кемшілігін байқамай, ескермей, жібере береді.

Бірнеше газеттен мысал келтірейік: 1) “ұмыскер тілінің” 37-санында “Қазақ тілі кеңейіп келеді” деген сөз басылды. 2) “Қазақ тілінің” 58-санында “губернелік соттың шығыс билігі” деген сөз басылыпты. “Шығыс билігі” дегені выездная сессия. 3) “Кедей тілінің” 122-санында “ол айтылғандары ғамал жүзінде беркітіп алып қалу” дейді. 4) “Қызыл тудың” 124-санында “мінекей қайда жинақсыздық”, 126-санында “жыртендынды ызалы ғып ұстаудың амалын жаса” деген сөздер басылған. 5) “Кедейдің” 42-санында “қызыл тәртіпкер” деген сөзге кездестім. 6) “Ебекші қазақтың” 233-санында “туған баласының қағытуға еркі жоқ” деген сөз бар. 7) “Жас қайрат” газетінің 54-санында “Онда ғайра емес ед бойға енген” деген сөз Мәжиттің өлеңінен көрініп отыр.

Міне, мұндай ерсі сөздер қай газеттен болса да кездесе береді. Сондықтан бұдан былай газеттеріміз тіл жағына көңіл бөліңкіресе екен.

Тілмен қатар бір ескеретін нәрсе — емле. Жұрттың көбі емлеге шорқақ қой. Және де ол шорқақтардың бәрі де емелені мектептен үйренуге “буындары қатыңқырап” кеткен. Тек газет, кітаптардан ғана көздері үйренумен біле алады. Сондықтан газеттің емелесінде қалу болмасқа тиіс. Осы кезде газеттің бір нөміріндегі бір сөздің өз 2-3 түрлі жазылады. Мұны оқыған шала сауаттылар адасып қалып, қайсысы дұрыс екенін білмейді. Бұл жағы да ескерілсін. Өте-мөте газеттің тілі оңды болсын.

Таймінер.

“Еңбекші қазақ”, 28 январь 1927 ж., N 22.

ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫ

Қызылордада январьдың 18-де болып өткен театр тойындағы көпшілікті көрген қыр қазағы “той десе қубас домалайды деген рас-ау” дер еді. Шынында осылай деуге сыярлықты болды. Халық аса көп жиналды. Тойға жұрт қандай көңілді болып жиналса, тарқауы да сондай көңілді болды. “Тойдың болғанынан болады дегені қызық-ау” деп тарасқан жоқ, “Тойдың өзі қызық болды-ау” деп қайтысты.

Бұл тойдан жұрт жалғыз қызық көріп қана қайтқан жоқ. Жаңа гүлденіп келе жатқан жас театрымызға баға беріп тарады. Оқумен, тәжірибемен емес, мәйегіне біткен зеректігімен өнер майданына түскен әртістеріміз әлеумет алдында сүрінбей, жылдық емтиханын жақсы беріп өтті.

Мәжіліс ашылғанда сөз бастаған оқу комиссары Смағұл жолдас театр туралы мынаны айтты:

— Қазақ театры оңайлықпен туған жоқ. Бұл жолда қанша күш, қанша қаражат жұмсалды, аянып қалған еш нәрсеміз жоқ. Бірақ театр жұмысын шын көңілдегідей қылып жіберуге әлі де талай істер бар. Былтырдан бері, театр ашылар кезде, жұрттың көзқарасы әр түрлі еді. Бұдан не шығар дейсің деген сықылды үмітсіздер де болмай қалған жоқ. Театрдың жылдық қызметі мұндай ойдың қателігін анық көрсетті. Біз қазақтың ұлт театрын сынағанда, орнымен сынауымыз керек. Өзіне лайықты баға беруіміз керек. Бір жасқа бүгін ғана толып отырған қазақ театрын не

заманнан бері төселіп келе жатқан орыс театрымен салыстыруға болмайды. Сөйтсе де, әртістеріміздің арасында Әміре, Қалыбек, Серке, Елубай сықылды жігіттеріміз орыс әртістерінің қандайымен де салыстыруға жарайтынын көріп жүрміз. Театрда ұялмай қоюға жарайтын пьесаларымыз да күннен-күнге көбейіп келеді. Өткен бір жыл қазақ театры өмірлі-баянды болуына үмітімізді бұрынғыдан да күшейтіп отыр. Бір жылдың ішінде недәуір ілгері басып қалған әртістеріміз енді бұрынғыдан да артық ілгерілер деп сенеміз. Бұдан былай да өкімет болып, жұрт болып, қолдан келер күш-көмегін аямайтынына, сонымен театрымыз көңілдегідей көркеюіне шүбәсіз сенеміз.

Смағұлдан кейін театр туын Қызылордадағы мәдениет істеріне қатысы бар ұйымдар құттықтап сөз сөйледі.

Мәскеу театрының әртісі Пружанов жолдас тойды құттықтап, мынадай сөздер айтты:

— Соңғы кезде қазақ әртістерінің ойындарын көріп, көңілім тасып жүр. Қазақ театрының қазіргі аяқ алысына қарағанда, бір жылдық қана өмір сүрген дерлік емес, мұнда жаратылысы әртіс болып туған азаматтар бар екен. Октябрь төңкерісі арқасында патша өкіметінің темір торынан азат болған қараңғы қазақ еңбекшілері арасынан шыққан мынау өнерпаздар қазақ театрын көркейтетініне сенеміз. Естеріңізге болсын, жолдастар, тегінде театрды құр оқумен ғана болған әртістер көркейте алмайды, театрды қалың қара бұқараның арасынан жарып шыққан өздеріндей азаматтар көркейтеді. Мұны біз осы кезде орыс театрының өмірінен көріп жүреміз. Октябрьден кейін орыс театрына көрік беріп отырған нақ сендердей туысы әртістер бар. Солар капиталшылар театрының оқымысты әртістерінен бір де кем емес. Жолдастарым, жолдарың болсын, тойларың тойға ұлассын! Қазақ театры көп жасасын! Қазақ театрына жол ашқан қазақ өкіметі көп жасасын!...

Бұдан кейін театр бастығы Жұмат жолдас құттықтаушыларға алғыс айтып, бұдан былай да өздерінің міндетін шамасынша аянбай атқаруға барлық әртістер атынан уәде берді.

Сауық басталды. Әуелі “Малқамбай” атты үш перделі күлдіргі ойналды.

“Малқамбай” атақты жазушының кітабы емес, өзі де соншалық мақтаулы емес, шамалы нәрсе. Бірақ мұндай “шамалы” нәрсенің бүгін “ынтыққан” күні қойылғаны бір есептен табылған ақыл сықылды көрінеді. Өйткені аса жақсы жазбаған көркем пьеса белгілі жазушының кітабы, әртістер жаман ойнаса да, кім біледі, “ата даңқымен қыз өтеді” дегендей болар ма еді, қайтер еді. Мақтаулы жазушының мақтаулы пьесасы қойылса, әртістердің абыройын кітап алып кеткендей болар еді. Әртістердің шеберлігі жұрт көзінде екінші дәрежеде қалып қояр еді. Бұл жолы әртістер “қулығын” асырып кетті. Шамалы пьесаны қойып-ақ, жақсы ойнап, жұртты ырза қылып жіберді. “Малқамбай” әртістердің шеберлігі арқасында ғана ауызға еленерлік болып қалды. Қазақтың “ат шаппайды, бап шабады” дегеніндей болды. Бұл жолы “Малқамбай” шапқан жоқ, бабына келген әртістер шауып кетті. Жиналған жұртты осымен бір желпініп алды. “Малқамбайдан” кейін ән-күй, өлең-жыр бөлімі болды. Мұнда да әртістеріміз — “атаңның асында шаппағанда, қайын атаңның басына шабамысың” дегендей болып шыққаны көрінеді.

Қазақ арасы түгіл Мәскеу, Парижде де жүлде алған атақты әншіміз Әміре шықты. Анау әніңді айт, мынау әніңді айт деп, жұрт Әміренің есін тандырып жіберді. Қырық қабат естіп жүрсе де, тындаушыға қызығы бір басылмай-ақ қойған, “Ағаш аяқты” айт деп жұрт шулады. Әміре бәрін де ырза қылды. Бір әнді бір әнге қосып, дауысын қырық құбылтып, тамылжытты.

Бүгінгі тойға арнап өзі шығарған күлдіргі сөзімен, қазақтың қалаға келген аңқау шалы болып, бір уақытта Қалыбек шыға келді. Жұрттың шек-сілесін қатырып, ол кетті.

Күлдіргі сөзі, қызғылықты жаңа әндерімен Елубай, Серкелер көрінді. Домбырамен ән шырқап, бүгінгі сауыққа Далила да көрік берді. Барлық әртістің қосылып салған әндері де көркем болды.

Бір мезгілде домбырасын көлденеңдетіп, арқасы қозып, көзі оттай жайнап, сахнаға Иса ақын шыға келді. Жұрт қол шапалақтап, театрды күңіrentті. Иса соғып жіберді. Сөз пулеметтің оғындай ағытылды. Ағызып Иса олай да кетті, бұлай да кетті. Иса бұрынғы Иса емес,

бүгін бұрынғысынан да артық, ақындық дарып кеткен сықылды көрінеді. Топ ішінде отырған, қырдан келген бір шал шыдай алмай: “Беу, шіркін!” деп айқайлап жіберді. Иса айқай шыққан сайын үдетті. Қыза-қыза жұлдыздай ақты...

Жиналған жұрт уақыттың қалай өткенін де сезбей қалды. Қазақ театрын көріп, расы ғана сықылды танданып, қазақ театрына үміті, иманы бекіп, “Жарайды! Жарайдыдан!” басқа көбі мактауға сөз таба алмай тарқады.

Бәріміз де “жарайды, бір жылдың ішінде мұнан артық не болсын” деп көтеріңкі көңілмен қайттық.

Мадияр.

“Еңбекші қазақ”, 18 январь, 1927 ж., N14.

Аушылық жайынан

СӘКЕН АҒАЙ ӘБДЕННЕН КЕМ СОҒАР МА ЕКЕН?

“Сов. степь” газетінің өткен бір нөмірінде құс ұстаушы Атабайұлы Әбденнің өнері жазылғанын оқыдым.

Әбден Шымкент үйезінің бір шалы көрінеді, жасы 50 шамасында. Мұның несібі — түз құсын (*бүркіт, қаршыға сықылдыларды*) ұстау, соларды қайырып аңға, құсқа салу екен. Мұны Шымкенттен Тыймаев деген жолдас аузының суы құрып мактап жазады. Солай-ақ шығар. Бұ да бір өнер ғой. Әбденнің өнерін айта келе, жазушы: “Әбдендер өліп кетпей тұрғанда, Қазақстанды зерттеуші қоғам солардың білетін мағлұматтарын жинап, басып шығару керек” — дейді. Бұл дұрыс ақыл.

* * *

Енді бұл туралы өз білгенімді айтайын. Біз білгенде қазақ арасында аушылық жайына жетік адам Шорманның Сәдуақасы (*ел Сәдуақасты “Сәкен ағай” дейді*). Сәкен ағай Семей губернесі, Кереку үйезі, Аккелін болысының азаматы, жасы биыл 80-де. Сәкен ағай өмір бойы аушылық қызығын көрген адам: иттің, құстың, аттың тіліне одан жетік қазақты ұшырата беру қиын.

1922 жыл жаздықүні Сәкен ағайдың ауылында болған

едім. Әртүрлі әңгімеге кірісіп отырып, ақырында итке, құсқа түстік. Босағада үлкендігі тайыншадай сұлу ақ қасқа тазы жатыр еді (*кейін білдім, мұның аты да “Аққасқа” екен. Сол “Аққасқа” осы күні Қалелде, үйіне жетпегені күшіктеріне шейін қасқыр алатын болған*). Қасқыр алатын итті сөз қылып отырып, сонда Сәкен ағай айтады:

— Шіркін, ит деп соны айтсайшы, ізімен қуған қасқырды өзін барып жеткенше жайратып тастаған болсын да. Мына “Аққасқа” да алады. Бірақ әлгідей емес... Менде баяғыда бір ит болды... — деп Абайдың жүйрік атты сипаттағанындай, әлгі иттің өнерін, он екі мүшесін, сынын сөйлеп кетті...

Әңгіме құсқа көшті. Бүркітті біраз сөз қылып алдық. Қаршығаның қызығын айтып отырып, Сәкен ағай:

— Қаршығаға неғұрлым қаз аспандай берсе, Құдайдың бергені. Қазды жоғарылатудың әдісі бар: ұшқыр атпен 10—15 адам дабыл қағып, айқайлап, ұшып келе жатқан топ қазды қамай шапса, қаз аспандай береді. Сол кезде қаршығаны жіберсек, оқтай шаншылып астынан бір-ақ барып қалғанын көресің. Сонда, шіркін, топырлата бастайды-ау, — деп, қаршығаға әлгі қазды сол мүйізінде алдырып отырғандай, Сәкен ағайдың көзі оттай жанды. Сүйдеп отырып, Сәкен ағай: — Кішкене құс тіпті қызық қой, тұрымтайдың торғай алғаны қандай... — деп оны бір сөре әңгіме қылды. Қымыз ішіп, осындай қысыр әңгімемен отыр едік. Сәкен ағайдың 7 жасар бір кішкене жиені бар екен, оның тұрымтайы бар екен. Маған тұрымтайдың қызығын көрсетпек болып, алып шықты. 10—15 адам аттандық. Жетідегі кішкене бала, астында өзіне лайық кішкене тайы бар, жалаңаш жұдырығына тұрымтайын қондырып о да шықты. Баланың жұдырығы жем-жем болып қалған. Бір мезгілде алдымыздан торғай ұшып еді, бала тұрымтайын қоя берді. Тұрымтай қуа жөнелді, торғай жанын қайда қоярын білмей қашумен болды. Қашып ат-аттың бауырына кірді. Тұрымтай қалмады: ілезде торғайды іліп түсті. Тұрымтай анадай жерге барып отырып еді, бала кішкене жұдырығын шошайтып “па, па” деп шақырғанда, тұрымтай ұшып, көп адамның арасындағы кішкентай иесінің қолына келіп қонды. Сәкен ағай рахаттанып сылқ-сылқ күліп тұрды.

Сәкен ағайдың аушылық жөніндегі білімі өзімен бірге кететін кісі емес. Тыймаев жолдас Әбденнің білгенін жинап бастыру керек деп биыл айтып отырса, Сәкен ағай өз білгенін бұдан 20 жыл бұрын жинаған. Сәкен ағайдың “Аушы” деген кітапшасы Қазанда 1917 жылы басылып шыққан. Кітапшасының сөз басында Сәкен ағай: “Көп уақыт, бәлкі, өмірімнің көбі саятшылық, аушылықпен өткендіктен, осы туралы өз білгенімді кітап қылып шығаруға кірістім” — деп жазады.

Кітабының “Ау құстары” деген бөлімінде Сәкен ағай бүркіт, түйғын, қаршыға, лашын, ителгі, қырғи, тұрымтай, жағалтай сықылды құстардың жайын жазып, әрқайсысының тұқымын, түсін қалай айыруға болатын белгісін, бұлардың не алатынын толық баяндаған. Бұдан кейін Сәкен ағай әлгі құстар қандай жерді мекен ететінін, оларды қалай ұстайтынын, қалай үйрететінін, жуасығаннан кейін не қылу керектігін, қандай жем берілетінін, қандай жерде, қандай аңға жіберілетінін, салып жүрген кезде қандай тамақ беру керектігін, бұл құстардың қайсысы артықтығын, салынбай жай тұрғанда қалай бағылатынын жақсы түсіндірген.

Кітаптың бір бөлімі ит туралы жазылған. “Жеті қазынаның бірі — ит” деген қазақтың мақалын келтіріп Сәкен ағай иттің пайдалылығын, қазақ арасындағы иттің тұқымдарын, олардың қызметін, өнерін сөйлейді. Қасқыр, түлкі алатын иттерді қалай баптау жайын үйретеді.

Кітаптың соңғы бөлімінде ат жайы жазылған. Аушының аты қандай болады, атпен қандай аң аулайды, қалай аулайды, соның бәрін көзбен көргендей қылып суреттеген.

Бұл кітап басылғалы көп заман болған, ел арасына қанша тарағаны да белгісіз. Бұл күнде қолға түсуі де қиын, жоқ болып кеткен. Әйтпесе, қазіргі күннің өзінде керекті кітаптың бірі. Мұның ғылым жағынан да, аушыларға жолбасшылық жағынан да керектігі үлкен. Оның үстіне бұл кітаптың сөзі (*аушылық жайы*) оқу кітаптарына — хрестоматияларға кіруі керек. Бұ да ескерілетін нәрсе. Сондықтан бұл кітап қайтадан бастырылса, жақсы болар еді.

Кітаптың кемшілігі — тілі көбінесе ноғайшылау жазыл-

ған. Мұны Сәкен ағай қолына алып, түзесе, толықтырса, басуға жүдә оңды болар еді. Бұ жағы Сәкен ағайдың өзіне аманат.

Сөз Әбденнен шығып кетті-ау, біздің ойымызша, аушылық жағынан Сәкен ағай Әбденнен кем соқпаса керек.

Мадияр.

“Еңбекші қазақ”, 19 октябрь, 1927 ж., N241.

МӘДЕНИЕТ ТӨҢКЕРІСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ОҚЫТУШЫ

Өлкелік партия комитетінің соңғы пленумында көрнекті орын алған мәселенің бірі мәдениет еді. Орындардан келген хабарларға карап отырсақ, мәдениет құрылысының пленум көрсеткен негізгі жолдары орындарда талқыға салынып, оны орындауға оқытушылар көпшілігі іс жүзінде қатынаса бастағандығы байқалады. Бұл – мәдениет төңкерісінде бар, саяси маңызы күрделі жұмыстың бірінші аяқ алысы.

Қазақстанда мәдениет төңкерісі жұмыстары қолға уақыт-ынан кеш алынды деген сыбыс бар. Бұл, негізінде, дұрыс емес. Қазақстан – мәдениет жағынан артта қалған елдің бірі, бірақ мәдени құрылысы жөніндегі істеп отырған жұмыстарымыз әлі де нашар екендігі кімге де болса мәлім. Қазақ еңбекшілерінің көпшілігі көп заманнан бермен қарай қараңғылықтың құрсауынан шыға алмай келеді. Шаруашылық, мәдениет жағынан артта болды. Сөйткен қалың еңбекшілерді лезде басқа мәдениетті елдің қатарына түсіп, бір-екі жылдың ішінде мәдениеттендіріп жіберу оңай жұмыс емес.

Қалың еңбекшілерді жалпағынан мәдениеттендіріп жіберу үшін алдыменен мәдени күш керек, көп қарекет керек. Төңкерістің алғашқы жылдары түгіл осы бір-екі жылдың аржағында да бұл күштер біздің қолымызда жеткілікті түрде бола қойған жоқ. Қазіргі уақытта біз бұл қалыптан шығып келеміз, жалпы шаруашылық ілгері басып, оның өндіріс күші артып келеді. Осымен қатар ауылдарда мектеп саны көбейіп, еңбекшілердің оқу жұмысына ықыласы артып отыр. Жыл санап оқытушылар көбейіп келеді. Еңбекшілер жұртшылығының осы екпінін еске алып, партия, үкімет мәдениет төңкерісін жариялап отыр.

Өлкелік партия комитетінің қолданып отырған тапшылдық саясаты Қазақстандағы қай ұлттың еңбекшілерінің болса да таптық сезімін оятып, саяси саңылауын көтеріп, соның арқасында еңбекшілер мәдениет төңкерісінің де маңызын түсініп отыр. Мысалы, жер саясаты, өте-мөте егістік бөлу жұмысы таптық жолымен жүргізілді. Қазіргі уақытта ірі байлардың, ақсүйек, шонжарлардың мал-мүлкі конфескеленіп жатыр. Міне, бұл жұмыстардың қайсысы болса да қалың еңбекшілердің тілегімен жүргізіліп отыр.

Еңбекшілер жұртшылығының таптық сезімін оятып, саяси саңылауы қаншама өскендігіне мықты дәлелдер — осылар. Сөйткен еңбекшілердің мәдениетін көтеру күрделі жұмыстың бірі болып саналады. Қазіргі дәуір — ауылдың ескілікті тұрмысына балта шауып, қалың еңбекшілердің игілікті жұмыстарына кесірін тигізіп келген ірі байлардың, тоңмойын шонжарлардың тамырын қиюға іс жүзінде кіріскен дәуір. Бұл жұмыстарды Қазақстан еңбекшілері коммунист партиясы басшылығымен жүзеге асырып отыр.

Қазақстан сияқты бұрын алпауыт байларының отары болған, шаруашылық, мәдениет жағынан артта қалған аудандарда да жалшылар үстемшілігінің арқасында капиталдық дәуірді аттап өтіп, социалдық тұрмысқа аяқ басуға мүмкін екендігіне мықты дәлел. Қалың еңбекшілердің оқу жұмысына ынтасы күшейіп, тілегі өсіп отыр. Оқығысы келгендер көбейіп, оларға мектеп жетпей жатыр. Саяси тұрмысқа аяқ басқан еңбекшілердің партияның ауылда жүргізіп отырған таптық саясатына ықыласы ауып, бұны орындауды өз қолына алып отыр. Еңбекшілердің жұртшылығы мәдениет жөніндегі біздің қазіргі істеп отырған ісімізге қанағаттанып отырған жоқ.

Қанағаттандыра алмай отырғанымызға негізгі кедергі — мәдени күштердің аздығы, ағарту жұмысын ілгері бастыруда түрлі кедергілердің көптігі. Оның үстіне, көпшіліктің мәдениет жөніндегі тілегін біздің қазіргі қолда бар оқытушыларымыз да дұрыстап орындай алмай келеді. Оқытушылардың саны аздығы былай тұрсын, сапасы да өте кем. Мектептерде оқу программасы қалай орындалып жатыр? Оқу программалары дұрыс орындалып жатқан жоқ. Неге десек, оқытушылардың көбінің білімі таяз, дайындығы кем. Оқытушылар өзі біліп білімін толықтыруға тырыспайды.

Сондықтан оқу программасын жөнді басқара алмайды, кейде өзінің білімінің таяздығына үйлестіріп, програмды қысқартып тастайды. Осыдан барып оқудың жалпы маңызы түседі, сапасы кемиді. Бірсыпыра мектептерде оқушылар оқытушыларының білімін басып озды. Оқытушылардың онан әрі оқытуға білімі жетпей қалады. Бұл — болып отырған іс.

Мәдениет төңкерісінің мәселесін іске асыру қазіргі дәуірде біздің қолымыздан келеді. Аз болса да қаражат та табылады. Сондықтан біздің алдымызда тұрған бірінші міндет — қолда бар мәдени күшті, қаражатты орнына дұрыстап пайдалана білу. Әрине, күш, қаржы мол екен деп, қолды қусыруға болмайды, мәдени күшті, қаражатты көбейту үстіне көбейту — бүгінгі таңдағы кезекті міндет. Өлкелік партия комитетінің соңғы пленумында Голощекин жолдас: “Мәдениетшіл, қаражатты жұмсауда да мәдениетті бол”, — деген. Бұл — өте керекті ұран, бұны іске асыру керек. Мәдениет жұмысына арналған қаражатты дұрыс жұмсау ісіне оқытушылар көпшілігін қатынастырып, ағарту мекемелеріне жәрдемдестіру керек.

Мәдениетшілер тобын көбейту ауыр жұмыс болғанмен, өте керекті жұмыс. Оқытушылардың білімін толықтыру, олардың жұмысына жәрдем беру — партия, кеңес жұртшылығының қашан да болса естен шығармайтын жұмысы. Ауыл мұғалімдеріне көбірек назар салыну керек. Қалалы жердегі мұғалімдерден гөрі ауыл мұғалімдерінің халі нашар, неге десең, қалалы жерде білім толықтырарлық, өнеге аларлық түрлі орындар бар, ауылдарда бұлардың бірі жоқ. Сондықтан ауылдағы оқытушыларға айрықша назар салынуы жөн. Ағартушылар одағы осы мәселелерге айрықша көңіл бөліп, тиісті шаралар қолдансын.

Мектеп саны көбейіп келеді. Мектеп саны көбеюімен қатар оқудың сапасын арттыру керек, мектепті іс жүзінде кеңес мектебі қылу керек. Оқытушылармен қатынасымыз нашар, бұл жөнінде кемшіліктер бастан асады. Бірсыпыра жерлерде оқытушыларға әкімшілік жүргізу әдеті бар. Оқытушыларды аты-жөні жоқ өсектеп, шағу бар. Бұл турасында жақында “Правда” газетінде басылған Коростылев жолдастың мақаласында да бірсыпыра айтылған. “Оқытушылармен қатынас жақсы болсын,

социалдық тұрмысты құрудағы құралдың бірі — мәдениетшіл күштер”, — деп Ленин жолдас та айтқан. Бұны естен шығару керек емес.

Рас, оқытушылардың өз арасында кемшіліктер жоқ деп кесіп айтуға менің аузым бармайды, бір. Бұл кемшіліктерді жою үшін олардың арасында тәрбие жұмысын күшейту керек, тиісінше мәдениеттендіру керек. Мәдениетті оқытушылар дайындау жеңіл-желпі жұмыс емес. Сонда да бұл жұмысқа партия, кеңес жұртшылығы болып ат салысу тиіс.

Оқытушылар арасындағы кемшіліктерді жойсақ, оқу жөніндегі кедергілер өзінен-өзі жойылмақ. Негізгі міндет — қоғамшыл оқытушы, мәдениет майданында басшы боларлық оқытушы дайындап шығару. Оқытушыларға әкімшілік көрсету тамырымен жойылу керек. Оқытушыларды алмастыратын, кезегесін кері жіберетін мықты қырсықтың бірі осы. Оқытушылар арасында өзді-өзімізді мінеу жұмысын күшейту керек. Бұл жұмыс күшейсе, оқытушылардың өз арасындағы кемшілік былай тұрсын, басқа қызметкерлер, халық ағарту орындарының кемшіліктері, түрлі міндері қалқып жүзеге шықпақшы. Міне, сонда ғана ағарту жөніндегі кедергілерден қол үзбекшіміз.

Ағарту қызметкерлері одағының мәдениет майданындағы жұмысын жеткілікті екен деп айтуға болмайды. Мәдениет қызметкерлерінің мәдениет жұмысында әлеуметшілдігін көтеру жөнінде одақтың істеп отырған жұмысы мүлде нашар. Халық ағарту жөніндегі кемшіліктерді жою жұмысына оқытушылар көпшілігі жөнді тартылмаған.

Жергілікті ағарту қызметкерлері одағының ел еңбекшілері алдында көбінің беделі шамалы, бұл қалыпты тамырымен жою керек.

Ауылдағы мектеп, оқу үйі, қызыл отаулардың жұмысы ойдағыдай жақсы емес: бұл орындарды басқарып жүрген мәдени қызметкерлеріміз ауылдың қоғам жұмыстарына қатынасып, басшылық қыла алмай, өз беттерімен жүр. Солтүстік Қазақстанды аралап жүргенімде кейбір жерлерде оқытушылардың конференцияларына, ауылдық кеңестердің жиылыстарына кез болдым. Қарап отырсам, оқытушылар халық ағарту мәселесіне белсенді қатынаспайтын көрінеді. Мынадай

кемшілік бар, мынадай нәрселер жетіспей жатыр. — деп тіс жарып, мұңын шағып, тақылдап тұрған оқытушыларын көре алмадым.

Ауыл арасындағы бірсыпыра оқу үйлерін бұзықтар қамайтын абақтыға айналдырып қойыпты. кітап қағаздары шаң басып, шашылып жатыр. Мектептердің де саны шамалы. Бұл кемшіліктерді жоюға оқытушылардың ықыласы жөнді емес. Халық ағарту қызметкерлері одағы осы кемшіліктерге айрықша назар салғаны жөн.

Ауылдағы оқытушылар ауылды мәдениеттендіріп, жаңа тұрмысқа бастайтын басшы бола білсін. Қалың еңбекшілерге үлгі көрсетсін. Күнделік жұмысында еңбекшілермен хат-хабарласып, араласып жатсын. Қараңғылыққа, надандыққа басшы бола келген үлкен қырсықтың бірі — дін шырмағы. Сөйткен діннің салдары әлі күнге дейін біте қойған жоқ. Жас жеткіншектерге жасырын түрде дін сабағын оқыту жоқ екен деуге ауыз бармайды. Ауылдағы оқытушылар, басқа мәдениетшіл қызметкерлер дінге қарсы күресті күшейтулері керек. Мектептерде, оқу үйлерінде, қызыл отауларда дін туралы лекциялар оқытылып, еңбекшілерге затшылдық қисын жағынан түсініктер берілуі керек. Міне, осы айтылған жұмыстарды дұрыс жолға салып, ретінше жүзеге асыра алсақ, мәдениет төңкерісінің негізгі міндеттерін орындаған болып шығамыз.

М.

“Еңбекші қазақ”, 7 октябрь, 1928 ж., N231(258)

МАЗМҰНЫ

<i>С. Негимов. МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВТЫҢ ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ</i>	5
---	---

БІРІНШІ БӨЛІМ

ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАР

“ОЯН, ҚАЗАҚ!” жинағынан
(1902-1911)

СӨЗ БАСЫ	18
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ ҺӘМ БҮГІНГІ ХАЛІ	20
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ МАҒИШАТЫ	23
ҺҮНЕРМЕННЕН ХАСЫЛ БОЛҒАН НӨРСЕЛЕР	25
САЙЛАУЛАР ХАҚЫНДА	27
ҚАЗАҚ ЖЕРЛЕРІ	30
МӘСЖІД – МЕДРЕСЕ ХАҚЫНДА	31
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ДІНИ БІР УАҒЫЗ	34
ҺҮНЕРІН ХАЛЫҚ ФАЙДАСЫНА ЖҰМСАП ЖҮРГЕН ОҚЫҒАНДАРЫМЫЗҒА... ..	36
ТАРШЫЛЫҚ ХАЛІМІЗ ХАҚЫНДА АЗ МІНАЖАТ	37
МҮДӘРРИС 3... ӘФӘНДІГЕ ЖАЗҒАН БІР МӘКТҮБІМ.....	44
ЖЕСІР ДАҒУАЛАРЫ ХАҚЫНДА	45
ЖІГІТТЕР	51
ЖҰМБАҚ	53
НАСИХАТ ҒҰМУМИЯ	56
ИСМАФИЛ ГАСПРИНСКИЙДІҢ АЙТҚАН СӨЗІ	74
СӨЗ АҚЫРЫ	76

“АЗАМАТ” жинағынан (1912-1914)

АЙТЫС (<i>Лермонтовтан</i>)	78
ТАЗА БҰЛАҚ	80
ЖҮТ	82
ШЕШЕНІҢ БАЛАЛАРЫН СҮЮІ	84
АЯҢЫЗДАР ЖЕТІМДІ (<i>Ғ. Тоқай</i> <i>ізімен</i>).....	84
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ	85
“АЙҚАПҚА”	86
Я, АЛЛА!	87
ГҮЛ (<i>Пушкиннен</i>)	89
ЖОҒАЛҒАН ҚЫЗ	90
“ӘРҚАШАН БОЛМАҚ СОЛАЙ, БОЛҒАН ЖАНА...” (<i>Пушкиннен</i>)	90
“БАҚЫТТЫ БАЛА...” (<i>Шиллер — Лермонтовтан</i>).....	90
КӨҢІІМЕ	91
ШАҒЫМ	91
МҰҢ	92
АЛТЫНХАННЫҢ ХАТЫ	92
АБАҚТЫДА АЙТ КҮНІ	94
ҚИЯЛ	95
ҚАЙТЕР ЕДІҢ?	96
ХИБСТАҒЫ ҰРЫНЫҢ МІНАЖАТЫ	97
СҰЛУ ҚЫЗҒА	98
АРМАНЫМ	99
ҚАЖЫҒАН КӨҢІЛ	100
СЫРЫМ	101
ТАҢ	101
МҰҢ	102
АЙЫРЫЛУ	102

“ТЕРМЕ” ЖИНАҒЫНАН (1913-1915)

ТЕРМЕ	104
ЖАС ҚАЗАҚТАР, ҚАЙДАСЫҢ?	105
“ТАҒДЫРДАН СҰРА ҚАСКҮНЕМ” (<i>Абу Фирастан</i>)	105
ШӘКІРТ	106
САҒЫНУ	107

ЕЛІМ-АЙ	108
АЛАШҚА	109

ЕКІНШІ БӨЛІМ.
ӘҢГІМЕЛЕР (1911-1924).
“БАЛҚИЯ” пьеса (1922)

АҚЫЛ МЕН ЫРЫС	112
ЕКІ ҚЫЗДЫҢ МҰҢЫ	114
ҚЫМБАТ ТАЙ	116
ҚЫЗЫЛ ҚАШАР	118
КӨКЕҢ, СӨКЕҢ	120
“ЧИТАЮ, ПИСАЮ”	122
ҮШ ҚҰЛАҚ	127
ҚУАНЫШТЫ КҮН	128
ТІК БАҚАЙЛАР	131
БІЗДІҢ БОЛЫС ЖАРАЙДЫ	134
ІШІК ҚАЙЫРЛЫ БОЛСЫН!	136
СОЛ ҚЫЗДЫҢ АТЫН ҰМЫТТЫМ	137
“БАЛҚИЯ” ПЬЕСА (1922) 4 перделік драма	141

ҮШІНШІ БӨЛІМ.
КӨЗСЕМСӨЗДЕР МЕН СЫН-
ЗЕРТТЕУ МАҚАЛАЛАРЫ

БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ	170
ИБРАҒИМ ИБН ҚҰНАНБАЕВ	171
АПАТ ТӨНГЕЛІ ТҮР!	172
ГОСУДАРСТВЕННАЯ ДУМА ҺӘМ ҚАЗАҚ	175
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАС АДАМДАРЫНА	178
ЖЕР МӘСЕЛЕСІ	180
АЙ АСТЫНДА ЕШ НӨРСЕ БАСҚАРЫЛМАЙ ТҮРМАҚ ЕМЕС	183
ХАН АБЫЛАЙ	184
ЖАЗУ ТӘРТІБІ	189
ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХЫ (Сөз басы)	192
ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХЫ	194

ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХЫ	195
ЖҰМЫС ХАЙУАНЫ	197
“ЭСПЕРАНТО” ТІЛІ	199
ҒАБДОЛЛА ТОҚАЕВ	200
ҚАЗАҚ ЖАЙЛЫ	201
ХАЗІРЕТ СҮЛТАН	204
ҚАЙ ЖЕРДЕ ҚАЛАЙ?	209
ОРЫНБОР, СЕНТЯБРЬ 14	212
АДАМҒА ТІРШЛІК НЕ ҮШІН КЕРЕК?	216
ЕКІНШІ ФЕВРАЛЬ	218
“АЙҚАП” ЖУРНАЛЫ	219
МҰСЫЛМАН ІСТЕРІ ХАҚЫНДА	221
АБАЙ	224
ШОҚАН ШЫҢҒЫСҰҒЛЫ УӘЛИХАН	226
ИСМАҒҰЛБЕК ГАСПРИНСКИЙ	235
ИСМАҒҰЛБЕК ГАСПРИНСКИЙ	236
ИСМАҒҰЛБЕК ГАСПРИНСКИЙ	237
“МАНАП” ДРАМАСЫ	239
ТІЛ ҚҰРАЛ	244
ГАЗЕТА “ШӨП ЖЕМЕС”	247
“ОВ” ТУРАЛЫ	248
“ҰЛЫ” МА, “ОВ” ПА?	249
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТ КЕШІ	250
ГРИГОРИЙ НИКОЛАЕВИЧ ПОТАНИН	253
САНА ҚАЙДА!	255
УЧРЕДИТЕЛЬНОЕ СОБРАНИЕ	257
БІЗДІҢ ІСТЕР	260
АЛАШҚА	262
ОРДА ГЕРБІ (танбасы)	265
ҰЛТ МАТБҰҒАТЫ	267
ҚАЙТСЕК ЖҰРТ БОЛАМЫЗ?	269
АЛАШОРДА	272
ҰРПАҚҚА ХАТ	274
ЖАСТАР СЪЕЗІ	276
ТІЛ МӘСЕЛЕСІ	277
ШАРУАШЫЛЫҚТЫ ҚАЛАЙ ТҮЗЕТЕМІЗ?	280
ӘЙЕЛ ТЕНДІГІ	284
ХАЛЫҚ СОТЫ	285
ЕЛ КҮЙЗЕЛДІ	290
ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ	292

АХМЕТ БАЙТУРСУНОВИЧ БАЙТУРСУНОВ	296
ТҰРМЫС, САЛТ-САНА, ОҚУ	303
ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗДЫҢ АТЫ, ТЕГІ ТУРАЛЫ	311
БАСПАСӨЗІМІЗ НЕ КҮЙДЕ?	323
СОТ ОСЫНДАЙ БОЛСЫН!	330
ҚОШ КЕЛДІҢ, НАУРЫЗ!	333
БАСПАСӨЗ ҮМЕСІ	335
ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ	339
МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ 1924 ЖЫЛЫ	
ОРЫНБОРДА ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ	
ТҰҢҒЫШ СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ	342
СҮЙІНІШІ ХАБАР	344
ҒЫЛЫМ ТӨҢКЕРІСІ	348
АЖАЛДАН ҚҰТҚАРҒАН ҚЫЗЫЛ ТІЛ	351
НАРИМАНҰЛЫ НАРИМАН	354
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МҰҢЫ	360
ЦИФР ЖАЗУЫ	362
ОРЫСШАЛАҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ	364
ОН АЛТЫНЫҢ ОЙРАНЫ	367
ӘЗІРЕТ СҰЛТАН МЕШІТІ	373
1916 ЖЫЛЫ ТОРҒАЙ ҚАЗАҒЫНЫҢ КӨТЕРІЛІСІ	375
ГАЗЕТ ТІЛІ ОҢДЫ БОЛСЫН	381
ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНЫҚ ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫ	383
СӘКЕН АҒАЙ ӘБДЕННЕН КЕМ СОҒАР МА ЕКЕН?	386
МӘДЕНИЕТ ТӨҢКЕРІСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ОҚЫТУШЫ....	389

МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ
ШЫҒАРМАЛАРЫ

Құрастырып және алғы сөзін жазған
Серік НЕГИМОВ.

Редакторы *Ш. Рақымбекова*
Суретшісі *Е. Қожабаев*
Компьютерде беттеген және
техникалық редакторы *Қ. Қошамбаева*

ИБ № 939

Басуға 05.09.2010 ж. қол қойылды. Пішімі 84х108 1/32. Офсеттік басылыс. Көлемі 25,0 б.т. Шартты баспа табағы 21,5. Есептік баспа табағы 23,22. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 886.

**“Ана тілі” баспасы ЖШС, 050009,
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
тел.: 8 (727) 394-38-20, 394-42-78.**



**ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 394-39-22, 394-39-34, 394-39-42,
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru**